

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Қ.А. ЯСАУИ атындағы ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ
ЕУРАЗИЯ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ
ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
«БІЛІМ TIMES» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖУРНАЛЫ

Белгілі түрколог ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Әбжан Құрышжанұлының мол рухани мұрасы жас ұрпақтың санасында мәңгілікке қалдыру үшін және ғылым жолындағы қажырлы еңбегін үлгі ретінде көрсету үшін дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан «Құрышжанов оқулары»

ХІ ҚҰРЫШЖАНОВ ОҚУЛАРЫ:
ҰЛЫ ДАЛА ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ –
ТҮРКІ ӘЛЕМІ ЖАСТАРЫН БІРІКТІРУШІ ФАКТОР»
атты халықаралық ғылыми-практикалық
конференцияның жинағы

Жинақты «Білім times» журналының арнайы саны ретінде
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті
Қазақ филологиясы және әлем тілдері факультеті
Қазақ тіл білімінің теориясы мен әдістемесі кафедрасы шығарды.

«Білім times» журналы
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

Алматы, 2019



**XI ҚҰРЫШЖАНОВ ОҚУЛАРЫ:
ҰЛЫ ДАЛА ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ –
ТҮРКІ ӘЛЕМІ ЖАСТАРЫН БІРІКТІРУШІ ФАКТОР»**
атты халықаралық ғылыми-практикалық
конференция материалдары

Жалпы редакцияны басқарған:

Гаухар Төремұратқызы Алдамбергенова
*Қазақ ұлттық қыздар университетінің ректоры,
педагогика ғылымдарының докторы, профессор*

Жауапты редакторлар:

Ж.К. Қиынова
филология ғылымдарының докторы, профессор
Қазақ филологиясы және әлем тілдері факультетінің деканы

Т.Н. Ермакова
филология ғылымдарының докторы, профессор

Абдирасилова Г.Қ.
филология ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.

Шойбекова Ғ.Б.
филология ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.

Ж.Н.Сүлейменова,
педагогика ғылымдарының докторы, профессор

Еркінбек Серікбай,
«Білім times» журналының бас редакторы

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті
Қазақ филологиясы және әлем тілдері факультеті
Қазақ тіл білімінің теориясы мен әдістемесі кафедрасы

Жинақ ОНОН баспаханасында басылды.

Одно из серьезных направлений в тюркологических исследованиях последних лет образует кипчакско-тюркский язык. Эта область, имеющая большое значение для изучения древнего и средневекового тюркского языка, все сильнее привлекает внимание исследователей в Турции, Советской России, Польши и всей Европы. Опубликованный казахским ученым уважаемым Абжаном Курышжановым «Китаб-и меджму-у терджуман тюрки ве аджеми ве моголи ве фарси» отнесется к числу произведений такой категории. Автор вложил много труда и с одобрения туркестанского ученого Э.Н.Наджиба издал словарь...

А. ДЖАФЕРОГЛУ

Новый импульс этой области исследования дало появление несколько десятилетий тому назад целого ряда тюркологов, принадлежащих к современным кумано-кипчакоязычным народам, наследникам языка Кодекса Куманикуса, т.е. средневекового кумано-кипчакского языка. Наиболее известен среди них видный специалист по истории казахского языка А.К. Курышжанов, посвятивший две диссертации: кандидатскую на тему «Формы и значения падежей в языке «Кодекс Куманикус» (1956) и докторскую на тему «Язык старокыпчакских письменных памятников XIII-XIV вв.» (1973).

МАНДОКИ ҚОҢЫР ИШТВАН

Түркологиялық зерттеулерге түрен салған, ... белгілі түркітанушы ғалым, «Парасат» орденінің иегері, ұлағатты ұстаз Әбжан Құрышжанұлының еңбегін ерекше атауға тиіспіз... Көне жазба ескерткіштердің тарихын, ана тіліміздің тарихи мәселелерін зерттеудегі, қыпшақтану ғылымын дамытудағы, түркі халықтарының көрнекті ғалымдары мен ақындарының шығармаларын тәржімалаудағы ғалым Әбекеңнің ерен еңбектерін айрықша құрметтеп, есімін зор мақтанышпен айта аламыз.

Қоғам қайраткері Ш. БЕРКІМБАЕВА

Ә. Құрышжанұлы, бір жағынан, жалпы түркологияның, екінші жағынан, қазақ тіл білімінің «қыпшақтану» деген жаңа саласын қалыптастырып, «халық санатына қосу» үшін енді қыпшақ тілінің басқа да дереккөздерін қазақ филологиясының ғылым аясына тартты... Ә.Құрышжанұлы қазақ филологтары арасында көне түркі жазба ескерткіштерінің тілін зерттеп, әлем түркітанушыларының назарына ілініп, көзге түскен зерттеуші бола білді.

Профессор Е. ЖАНПЕЙІСОВ

...Ә. Құрышжанов – бұл күндері қолданудан шығып, өмірі жазба ескерткіштер тілінде қалған бірсыпыра өлі тілдер (Орхон-Енисей жазбалары тілі, қыпшақ тілі, т.б.) мен қазіргі заманда түркітекті қауымдастыққа қызмет етіп келе жатқан отыздан аса тіл арасында ғылыми зерттеулерімен алтын көпір салған Қоңыраттан шыққан қазіргі заманғы қаламы қайратты жаралған бірегей тұлға.

Профессор Б. ХАСАНОВ

ПРОФЕССОР ӘБЖАН ҚҰРЫШЖАНҰЛЫ – ҚАЗАҚ ҚЫПШАҚТАНУШЫ ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ КӨШБАСШЫСЫ

Профессор Әбжан Құрышжанұлы - белгілі түрколог, орта түркі және қыпшақ тілдерінің білгір маманы ретінде бүкіл түркі халықтары дүниесіне мәшһүр ғалым десек еш қателеспейміз. Ол өзінің түркітануға қатысты тырнақалды еңбегін университет қабырғасында-ақ бастаған болатын. Қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің 1953 жылғы түлегі «Склонение в языке Орхоно-Енисейских и древнеуйгурских письменных памятников V-IX вв.» атты тақырыптағы диплом жұмысын сәтті қорғап, оқуын үздік дипломға бітірген соң Қазақ КСР ҰҒА-ның аспирантурасына қабылданып, Н.Т.Сауранбаевтың жетекшілігімен 1956 жылы «Формы значения падежей в языке Kodex Cumanicus» деген тақырыпта жазылған кандидаттық диссертациясын, 1973 жылы «XIII-XIV ғасырлардағы көне қыпшақ ескерткіштерінің тілі» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады. Әбжан Құрышжанұлының көне түркі және қыпшақ ескерткіштері туралы «Қуман тіліндегі араб-парсы тілдерінің элементтері» (1962), «Көне қыпшақ тілінің ескерткіштері» (1962), «XIII ғасырдағы көне қыпшақ жазба ескерткіші», «Түрік-араб сөздігінің лексикасы бойынша зерттеулер» (1970), «Сөз атасы» (1986), «Ескі түркі жазба ескерткіштері» (2001), «Тіл тарихы жайында ойлар» (2006, 2008) «Ескі қыпшақ тілі» (2007, 2009) т.б. атты ғылыми еңбектері жарық көрген. «Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінің зерттелу тарихы мен грамматикалық очерктері» (1964), «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі» (Ғ.Айдаров, М.Томановтармен авторлық бірлестікте жазылған, 1971), «Ескі қыпшақ тілі» (Б.Көмеков, С.Дүйсендермен авторлық бірлестікте жарық көрген, 2007, 2009) атты оқу құралдарының авторы. Ғалымның әсіресе ден қойып зерттегені – ХҮІ ғасырда Алтын Орда мен оның одақтасы болған мәмлүктер билігіндегі Мысыр территориясында жазылған «Китаб ад-дурра әл-мудиа фи-л-лұғат ит-туркийя әл ат-тамам», «Китаб әл-идрак ли-л-исан әл-атрак», «Әл-қауанийна-әл-куллия ли-дабт әл-лұғат-ти-түркийя», «Нахдж-ал-фарадисс», «Қиссас-ул-анбия», «Хұсрау мен Шырын», «Гүлистан», «Мұхаббат-наме», «Сераж ал-Кулуб», т.б. туындылар. Сондай-ақ ғалымның «Дүниежүзілік әдебиеттер кітапханасына» енген жалпы



түркі халықтарының көрнекті ғалымдары мен ақындары – Ж.Баласағұни, М.Қашқари, А.Йүгінеки, Қ.А.Йассауи шығармаларын қазақ тіліне аударып, ана тілінің тарихи мәселелерімен шұғылданғандығы да белгілі. 1970 жылы «Исследования по лексике старокыпчакского письменного памятника XIII в. тюрко-арабского словаря» атты монографиясын, 1978 жылы А.Жұбанов, А. Белботаевтармен авторлық бірлестікте «Куманша-қазақша жиілік сөздігін» жазды, 1985 жылы түркітанушы ғалым Б.Сағындықовпен бірлесе отырып, орта ғасырлық түркі шайыры Ахмет Йүгінекидің «Ақиқат сыйы» («Хибаг-ул Хаққайық») атты шығармасын қазақшалап, транскрипциясы мен фотофаксимилиясын қоса жарыққа шығарды. 2001 жылы профессор Ә.Құрышжанұлының авторлығымен «Ескі түркі тілі жазба ескерткіштері», 2004 жылы «Құдатғу білік» (Жүсіп Баласағұн дастанының ғылыми басылымы) сияқты екі бірдей құнды кітап жарық көрді.

Ғылыми-педагогтік кадрларды дайындаудағы жетістігі мен ерен еңбегі үшін ҚР Үкіметі тарапынан «Парасат» орденімен марапатталып, Мемлекеттік стипендияның иегері атанды.

Сөз зергері, қыпшақтану ілімінің хас шебері Ә.Құрышжанұлының ерен еңбегі ескерткішке, абыройы алтын күмбезге айналып, тіл қадірін білетін халқымен, шәкірттерімен бірге жасай берері сөзсіз.

І С Е К Ц И Я

ТҮРКІТАНУ ҒЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ТҮРКІ ТІЛДЕРІНІҢ ӨМІРШЕНДІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

ПРОФЕССОР Ә.ҚҰРЫШЖАНҰЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ
ҰЛЫ ДАЛАДАҒЫ ТҮРКІЛІК МҰРА

Т.Н. Ермекова

филология ғылымдарының докторы, профессор

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

Аннотация: В ученом мире имя А. Курьшжанулы популярно как знаток истории древнетюркских памятников кыпчакского периода. В статье рассмотрены научно-творческие работы профессора внесшего весомый вклад в решение актуальных проблем кыпчаковедения.

In scholarly world, the name A. Kuryshzhanuly popular as a connoisseur of the history of the Ancient Monuments Kipchak period. The article deals with scientific and creative work professor who has made a significant contribution to solving the urgent problems kypchakovedeniya.


Әбжан Құрышжанұлы...

Берісі қазаққа, арысы әлем түркітанушыларына таныс есім. Саналы ғұмырын ғылымға, шәкірт тәрбиелеуге арнаған ғалым-ұстаз. Еңбек жолын А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтынан бастап, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті секілді іргелі оқу орындарына түркология мен тіл тарихынан дәріс оқып, шәкірт дайындаған ұлағатты ұстаз. Көрнекті ғалымдарға тағайындалатын стипендия иегері, “Парасат” орденімен марапатталу мәртебесіне ие болған санаулы тілші ғалымның бірі. “Кодекс Куманикустан” бастап, бірқатар түркі жұртына ортақ мұраларды түгендеуші, ғылым тезіне салып, зерттеуші, оларды қазақ тіліне аударушы... Осылайша санамалап айтсақ кете беретін үлкен ғалымның өмірдегі санаулы мұраттарының бастысы – түркология.

Тәңірлік дүниетанымы мен төл жазуы, өзіндік күнтізбесі мен әскери құрылымы болған, ғажайып сәулет өнері мен ауыз әдебиеті, дала демократиясы мен моралі бар түркілер өркениетін танытатын үлкен ғылыми сала түркологияны кеңестік жүйе тек тілдік дерек ретінде қарастыруға мүмкіндік берді. Бұл мәселе туралы Елбасы Н.Назарбаев «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласында былай дейді: «Біріншіден, қосқан үлестері кейінірек сөз болатын протомемлекеттік бірлесіктіктердің дені қазіргі Қазақстан аумағында құрылып, қазақ ұлты этногенезінің негізгі

элементтерін құрап отыр. Екіншіден, біз айтқалы отырған зор мәдени жетістіктер шоғыры даламызға сырттан келген жоқ, керісінше, көпшілігі осы кең байтақ өлкеде пайда болып, содан кейін Батыс пен Шығысқа, Күнгей мен Теріскейге таралды. Үшіншіден, кейінгі жылдары табылған тарихи жәдігерлер біздің бабаларымыздың өз заманындағы ең озық, ең үздік технологиялық жаңалықтарға тікелей қатысы бар екенін айғақтайды. Бұл жәдігерлер Ұлы даланың жаһандық тарихтағы орнына тың көзқараспен қарауға мүмкіндік береді. Тіпті, қазақтың кейбір ру тайпаларының атаулары «қазақ» этнонимінен талай ғасыр бұрын белгілі болған. Осының өзі біздің ұлттық тарихымыздың көкжиегі бұған дейін айтылып жүрген кезеңнен тым әріде жатқанын айғақтайды. Еуропацентристік көзқарас сақтар мен ғұндар және басқа да бүгінгі түркі халықтарының арғы бабалары саналатын этностық топтар біздің ұлтымыздың тарихи этногенезінің ажырамас бөлшегі болғаны туралы бұлтартпас фактілерді көруге мүмкіндік берген жоқ [1].

Қай кезеңде де ғылымның артықшылығы – оның ұлт, нәсіл, саясаттан гөрі нақты дерекке сүйенетіндігінде. Көне түркі жазба ескерткіштері мен жазба мұраларды зерттеуде өлшеусіз үлес қосқан еуропалық ғалымдар В.Томсен, В.В.Радлов, П.М.Мелиоранский, А.Н. Самойлович, С.Е.Малов, М.Насилов, К.К.Юдахин, т.б. еңбектері бүгінге дейін маңызын жойған жоқ. Бұл түркологиялық зерттеулер кейінгі толқын ғалымдар еңбектерімен толықтырылды. Өткен ғасырда



негізінен еуропалық ғалымдар еншісінде болып келген түркітану ғылымында қаны да түркі, жаны да түркі ғалымдар шоғыры бой көтерді. Сол шоғырдың ішінде орта ғасыр жазба ескерткіштерін зерттеуші белгілі түркітанушы ғалым Ә. Құрышжанұлының есімі ерекше аталады. Құнды зерттеулерінің арқасында әлем түркітанушылары арасында қыпшақ жазба ескерткіштері бойынша ең білгір мамандар санатындағы ғалым еңбектеріне Англия, Түркия, Чехия, Венгрия, Ресей, Қазақстан, Өзбекстан ғалымдары оң баға беріп, ғалым еңбектерінің АҚШ-тың Индиана университеті кітапханасынан бастап бірқатар шетел кітапханаларынан орын алуы Ә. Құрышжанұлының ғылыми өресінің «оқшау» саясат ұстанған кеңестік жүйенің кемерінен асып, әлемдік ғылыми ортада ойып алар орны бар ғалым екендігін айғақтаса керек.

Ә. Құрышжанұлы ғылымда орта ғасырдағы қыпшақ ескерткіштерінің сүбелісі «Кодекс Куманикусты» зерттеумен таныла бастады. Осы жазба мұраның лексикалық құрылымы, грамматикалық түзілісі мен олардың семантикалық ерекшеліктеріне байыпты талдау жасау арқылы оның қазақ тіліне жақын келетін табиғатын бұлтартпас дәлелдермен дәйектеп, «Кодекс Куманикусты» қазақ тілінде ғана емес, түркологияда алғаш зерттеушілердің бірі ретінде ғылымда өз орнын алды. Бұл жөнінде профессор С. Омарбекұлы былай дейді: «Орта ғасырлық түркі ескерткіштерінің бәрі дерлік араб, армян әрпімен жазылған, олардың ішінде латын әліппесінде хатқа түскені – осы «Кодекс». Өткен ғасырдың алғашқы ширегінен бастап Парижде (1828), Будапештте (1880), Копенгагенде (1936, 1942) үш Европа тілінде, Иранда (1972) парсы тілінде жарық көрген қыпшақ тілінің осыншалық бай нұсқасының Әбжан қолға алғанға дейін ғалымдар назарынан тыс боп келгені – талассыз шындық. Бұл кісінің ескерткіш тілінің ішкі жүйесі, оның тарихы туралы 1957 жылдан бастап қазақ, орыс тілдерінде үзбестен жариялап келе жатқан кітаптары, ғылыми мақалалары тамаша ескерткіштің тілін зерттеуді шын мәнінде профессионал деңгейге көтерген бірден-бір еңбектер десек, асыра айтқандық болмайды» [2, 43 б.]. Расында да, түркі тілдерінің қыпшақ тобындағы тілдерінің шежіресі іспетті бұл еңбекті Кеңес Одағы тұсында алғаш орыс тіліне аударып, ғылыми айналымға салушы да Әбжан Құрышжанұлы еді.

Ғалымның түркологияға қосқан тағы бір елеулі үлесі – XIII ғасырда Мысырда жазылған «Түркі-араб сөздігі» жөнінде жазылған еңбектері. Кеңестік ғылымға белгісіз жатқан бұл сөздікті де тұңғыш орысша тәржімалаған, қазіргі қазақ жазуына түсіріп, оған ғылыми талдау жасаған да өзі. Сол кезеңнің өзге де жазба нұсқаларымен, қазіргі түркі тілдерімен салыстыра зерттеу нәтижесінде компаративистикалық лингвистиканың қалыптасуына да көп еңбек сіңірді. Және орта ғасырдағы қыпшақ ескерткіштері тілі мен түркология тақырыбы оның өмірлік зерттеу тақырыбына айналды. Ғалымның 2003 жылы жазылған

«К изучению языка старокыпчакских письменных памятников XIII-XIV вв.» атты мақаласында ескі қыпшақ тілін зерттеудің бағыт-бағдары ғана көрсетілмейді, оның бүгінгі күн тұрғысынан қарастырудың қаншалықты маңызды екендігіне, сондай-ақ оның тек түркология үшін емес, жалпы шығыстану іліміне, жалпы ориенталистика мәселелері мен орыс тарихына қатысты тұстарының мол екендігіне ғылыми қауым назарын аударады.

Ғалымның орта ғасыр қыпшақтары тілінің халықаралық мәртебесі туралы жазған мақаласы да тіл тарихын зерттеушілер үшін ғана емес, қазіргі түркі тілдерін зерттеушілер, сол сияқты тілдің әлеуметтік мәселелерін зерттеушілер үшін де тосын жаңалық ретінде қабылданды. Нақты ғылыми дәйектемелер арқылы қыпшақ тілінің Батыс пен Шығысты, Таяу Шығыс пен Кіші Азияны, Монғолия мен Қытай жұртшылығын, Кавказ халықтары мен Қырым далаларын өзара байланыстырып тұратын «алтын көпір» болғандығын көрсетеді. Одан әрі «Мамлюк қыпшақтарының тілінде жазылған ескерткіштер» атты еңбегінде арабтардың да қыпшақ тілін меңгергендігі туралы былай деп жазады: «XII-XIV ғасырларда Сирия мен Египет аймақтарын мекендеген қыпшақтар – мамлюктер мен оғыздардың жергілікті халықтарды барынша билеп-төстеуі де ол өңірдегі саяси әлеуметтік және ғылыми-мәдениеттік әрқилы ағымдарға, әрине әсерін тигізбей қалған жоқ. Түрік сұлтандарының үкіметі айбынды еді. Олар аз ана тілінде сөйлейтін. Басқару биліктерін де осы тілде жүргізетін Түркі тілі туған тілге лайықты құрметте болатын.

Мемлекет басшылары мен түркі халықтарының ұйтқысы негізінен қыпшақтар болғандықтан, сұлтан сарайының маңындағылар қыпшақ тілінде жазып, қыпшақ тілінде сөйлейтін. Қыпшақ тілі мамлюктер мемлекетінде түркі тайпаларының ауызекі сөйлеу тілі, жазба тілі – іс қағаздары, ғылыми еңбектер, әдеби шығармалар жазылатын тіл болып тұрды. Ол әдеби тіл есебінде, әсіресе поэзия әлемінде шырқау биікке көтеріліп, кең шарықтады. Көптеген туындылар осы тілге аударылып та жатты.

Араб тіл білімпаздары өз жұртшылығының мақсаты үшін қыпшақ тілін оқып үйрену мақсатымен алуан түрлі сөздіктер, грамматикалық оқулықтар, үлкенді-кішілі анықтамалар (справочники) және талдаулар жазды. Бұл, әрине сол кездегі өмір талабымен қабысып жатқан қадірменді іс еді [3, 66 б.]. Мәселені одан әрі індете зерттеу – бүгінгі түркітанушылар үшін абыройлы іс болары сөзсіз.

Ғалым бұндай зерттеулерінде қазіргі қазақ елінің түп тамыры болып табылатын қыпшақ халқының тек қана тілі туралы емес, өзіне дейінгі араб, орыс ғалымдарының келтірген мағлұматтарын пайдалана отырып, олардың тарих сахнасындағы алар орны, мәдениеті мен әдебиеті туралы да құнды мәліметтер келтіреді. Қазақ әдеби тілінің тарихи кезеңдерін сөз еткенде де өз тарапынан тың пікір білдіре оты-



рып, әдеби тілімізді дәуірлеуде өзіндік көзқарас ұстанады. Жалпы қай бір мақаласын алып қарасаңыз да, ғалымның айтар ойы терең; бір ойы екіншісіне кереғар келмейді, керісінше бір-бірін толықтырып, бір ғана мақсатқа бағытталғаны байқалады. Ол мақсат – ғалымның қазіргі қазақ тілінің тарихи түп-тамырын танудан, соны ұлықтаудан, сондай-ақ қазіргі тілімізді мемлекеттік деңгей былай тұрсын, кезінде ата-бабаларымыз жеткізген халықаралық дәрежеге көтеруге ұмтылдырудан тұратын ұлы мұраты.

Ғалым мұраларының ішінде тек тілшілер қауымы емес, бүкіл қазақтілді оқырманға жасаған ең тамаша тартуы – орта ғасыр ғұламалары М.Қашқари, А. Йүгінеки, Ю. Баласағұни, А. Иассауи еңбектерін ғылыми-поэтикалық тұрғыда тәржімалап ұсынуы. Бұл еңбектердің қазақ, орыс тіліндегі өзге авторлар аудармаларын да үзбей қадағалап, бұл аудармалардың сапасы жөнінде басылым беттерінде сын мақалалар да жазып жүрді. Аудармалардың ұтымды тұстары мен түпнұсқадан ауытқи аударылған тұстарын да көзі қарықты оқырманға нақты дәлелдемелермен ұсынады. Бұл еңбектердегі әр сөз қолданыс пен тіркесімге мемлекет шекарасын күзеткен сақшыдай қырағылықпен қарауы, бір жағынан, ғалымның сол кезеңдегі тілдік ерекшеліктерді терең меңгеруіне байланысты болса, екінші жағынан, нағыз ғалымға тән дәлдік пен нақтылыққа, адалдық пен ақиқатқа құштар табиғатынан болса керек.

Ғалымның жоғарыда айтылған еңбектерінен басқа, Қарахан дәуірінің құнды мұралары, Орта Азия түріктерінің жазба ескерткіштері, көне қыпшақ тілінің грамматикасы, армян қыпшақтары мұраларының тілі, шағатай тілінде жазылған еңбектер т.б. көптеген көне ескерткіш мұралары туралы мағлұматтар беріліп, олардың тілі зерттеуге түскен. Махмуд Қашқаридың қыпшақ тілі туралы ғылыми-зерттеулері, Замахшаридің «Мухаддимат ал-адаб» сөздігі, «Кодекс Куманикус», Абу-Хайианның қыпшақ тілі туралы жазған еңбектерін нысанға ала отырып, куман қыпшақтары тіліндегі араб-парсы сөздерін, кейбір мағынасы күңгірттенген қазақ сөздерінің сыры мен қырын жақсы танытқан.

Тіпті тілді синхронды тұрғыда зерттеушілер үшін де тіл тарихын білуді міндетті деп есептейтін. «Өзі зерттейін деп отырған тілдің тарихын білмейтін адамнан қандай ғалым шығуы мүмкін? Көтеріп отырған проблемасының түркологиядағы жай-күйін қарастырмаған зерттеуші толыққанды зерттеуші емес. Әлемдік кеңістікке жалғыз тілмен шығу мүмкін емес, түркологияның болашағы - алда», - деп санайтын ғалым ұлағатының растығын өмірдің өзі дәлелдеп отыр.

Өткен ғасырдың 80 жылдарының аяғында ғалым қазақ қыздарының парасат мектебіне айналған Алматыдағы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде келіп, содан өмірінің соңына дейін аталған университетте қызмет етті. Ғалымның қатар

қызмет еткен әріптестері мен шәкірттері жыл сайын «Профессор Ә. Құрышжанұлы оқуларын» өткізіп, әр бес жыл сайын ғалымға арналған халықаралық түркологиялық конференция өткізуді дәстүрге айналдырды. Соңғы 2011 жылы 17-18 мамырында А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтымен бірлесе өткізген «Қазіргі заманғы түркітану: даму бағыттары мен көкейкесті мәселелері» атты халықаралық конференцияда «Қиматсыз пеша орасы» атты баяндама жасадым. Тақырыптың осылай таңдалуына профессор Ә.Құрышжанұлының «Кодекс Куманикус» тіліне қатысты зерттеулері себеп болды. Ғалым «Кодекс» тіліндегі әрбір сөз бен тіркеске, олардың этимологиясына жан-жақты лингвистикалық, бірқатарына глоттохронологиялық талдау жасайды. Тіл дамуы барысында түпнұсқа қалпын сақтаған сөздер мен әртүрлі тілдік, фонетикалық өзгеріске ұшыраған үш мыңнан астам сөзге мұқият жасалған талдауға қайран қалып, кезінде ата-бабаларымыздың қоданысында болған, бүгінгі ұрпақтың жадында жоқ, бірақ ата-бабасының жадында бар сол сөздерді жаңғыртайын деп осындай тақырып ұсындым. Алғаш тыңдағанда түсініксіздеу қабылданатын бұл тақырыптың мәнін профессор Ә.Құрышжанұлы еңбегінен іздеп табуға болады. Аудармасы: қиматсыз – қымбат, бағасы жоқ; пеша - тұрақты кәсіп, мамандық, іс; орас - мұғалім, ұстаз, маман, шебер. Сонда тақырыптың аудармасы – Қымбат істің шебері болып шықты.

Ғалымның Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті Ғылыми кеңесінің ұйғарымымен сол конференция аясында жарық көрген «Тіл тарихы жөніндегі зерттеулер» атты жинағына енген, кезінде жарияланбаған қолжазба күйінде қалдырған еңбектерінің ішінде «Көне қыпшақ тілінің грамматикасы» атты маңызды еңбегі бар. Қазіргі жоғары оқу орындарында оқытылатын «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы» пәнін оқытуда таптырмас құрал болып саналатын бұл еңбек ғылыми қауымнан әлі өз бағасын алады деп есептейміз. Сарабал ғалым бұл еңбегінде шетелдік көрнекті ғалымдар Анна-Мария Фон Габэн, Омелян Притцак пен В.В. Радлов еңбектеріндегі қыпшақ тіліндегі ескерткіштер тіліне қатысты тұжырымдарының маңызды тұстарын атай отырып, аталған тілді тікелей тұтынушы әрі зерттеуші ретінде өзіне дейінгі ғалымдар жасаған жаңсақ пікірлерге түзету енгізеді. Қыпшақ тілінің фонетикасы, фонологиялық құбылыстары, лексикасындағы ерекшеліктер, кірме сөздер мен кәсіби сөздер, морфологиялық құрылымы сияқты мәселелер жалаң баяндалмай, оның қыпшақ тілінде осылай болуының себебі, тілдің динамикалық сипаты тарихи-мәдени құбылыстармен байланыстырыла қарастырылады. Қазіргі зерттеулерде үрдіске айналған көпәспекттілі зерттеу дегенімізді Ә. Құрышжанұлы бұрынырақта бастағаны анық аңғарылады. Ғалымның өз сөзімен айтсақ: Ұлттық мәдениетіміздің ұлттық бітімін қалыптастыруда елеулі орны бар түркі жаз-

ба мұраларының ғасырлар бойғы даму барысында эпитафиялық (құлпытастық) сипаттан шын мәніндегі түрлі ғылым салаларына жеке-жеке сараланған (тіл білімі, әдебиет, эпистолярлық жазба, астрономия, математика, т.б.) классикалық мәдениет деңгейіне, сол кезеңдерде эталондық сапада барынша қарқынды дамыған көршілес шығыс халықтарымен мәдени байланысы арқылы қол жеткені талас тудырмайтын тарихи шындық. Мұндай диалектикалық бірлікте дамыған халықтардың мәдениетіндегі өзара әсер-ықпалдың түп-төркіні, сонау, көне дәуірлерде жатқандығын көненің көзі – ескі жазба жәдігерліктерден, жіті ден қойсақ, анық байқай аламыз[3].

Анатоль Франстың «Сөздік деген – алфавит бойынша рет-ретімен орналасқан дүнияуи әлем» деген сөзін басшылыққа алған ғалым ортағасырлық сөздіктер – түркі халықтарының, оның ішінде қазақ мәдениеті тарихының айнасы, сарқылмас бұлағы, қайнар көзі ретінде танылуы қажет деп есептейді. Төл тарихымыз бен қолтума мәдениетімізге қатысты жазба ескерткіштері, ондағы орта азиялық ғалымдардың туындылары айрықша орын алады десек, Өз-Замахшаридің «Мухаддимат ал-адаб» (Ғылымға (тіл біліміне) кіріспе) сөздігі дәл сондай туынды деп санаған ғалымның Орта Азияның ортағасырлық Қайта өрлеу кезеңінде дүниеге келген бұл сөздікті ескіден жеткен мұрағаттар әлемінде өзіндік орны, тума тіліміздің қалыптасу тарихына қатысы бар бірегей жазба ескерткіш екендігін, дәуір жағынан – орта (ескі) түркілік, жазылған жері жағынан – Орта Азиялық, уақыты жағынан – ортағасырлық (XI-XII ғ.ғ) екендігін дәлелдеп, еңбектің дүниеге келуіне түрткі болған тарихи себептер мен алғы шарттарды, отандық ғылымда бұрын-соңды кеңінен сөз болып талданбаған ғұлама ғалым Өз-Замахшаридің өмірі мен шығармашылығына, сөздіктің қолжазбасы мен көшірмелерінің жазылу, сақталу деңгейіне, зерттелу тарихына тоқталып, диалектілік жазылу ерекшелігі жағынан «Мукаддимат ал-адабтың» - өтпелі кезеңнің жемісі, яғни XII-XIV ғасырлардағы бәріне бірдей

ортақ әдеби тілдің дәстүрлі ережесіне лайықталып жазылған, белгілі бір норманы мұқият сақтап отырған оғыз-қыпшақтық-хорезмдік кезеңдегі жазба ескерткіш мұра» деп анықтайды. Мұндай тұжырымды жай ғана айта салмай, Махмуд Қашқаридің «Диуани лұғат ит-турк сөздігі мен әйгілі ақын Ф.Петрарка Әулие Марк кітапханасына тапсырған қыпшақ тіліндегі «Кодекс Куманикуспен» (Куманша)-қыпшақша сөздік), ХҮ ғасырдың туындысы, қыпшақ тілі негізінде жазылған, авторы белгісіз «Кітаб аттуһфауз Закийа фил-луғат-ит туркийа» (Түркі тілі туралы жазылған ерекше сыйлық) жазба ескерткішімен де салыстыра-салғастыра зерттеу нәтижесінде ұсынады. Сөздіктегі сөздердің лексика-семантикалық топтары, грамматикалық құрылымына жан-жақты талдау жасалынған бұл еңбек, өкінішке орай, аяқталмай қалған. Бірақ ғылымда қалдырған мұрасын түркологиямен айналысатын ғалымдар іздеп жүріп оқитын түркі нәсілді жұрты барда, өзі тікелей тәрбиелеп, қалыптастырған мектебіндегі ізбасар шәкірттері барда ғалым еңбектерінің халқына әлі де ұзақ заманалар бойы қызмет ететініне кәміл сенеміз. Бұл сынды зерттеулердің түркітану іліміне, оның ішінде қыпшақтану саласына қосар үлесі мол, түрколог мамандар мен осы салаға барар болашақ ғалымдар үшін таптырмас құнды мәліметтер екендігі даусыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н. Ұлы даланың жемі қыры // <https://aikyn.kz/2018/11/21/73794.html>

2. Түймебаев Ж. Түркология және Қазақстан. http://www.edu.gov.kz/fileadmin/user_upload/images/files/Turkologiya_zhane_Kazakistan.doc

3. Омарбекұлы С. *Дешті қыпшақтың өзіндей болмаса да, көзіндей // Түркітану мәселелері: бүгінгі мен болашағы. Алматы, 2001. 42-46 бб.*

4. Құрышжанұлы Ә. *Тіл тарихы жөніндегі зерттеулер. Алматы, 2011 ж.*

КӨРКЕМ АУДАРМАДАҒЫ ТАРИХИ-МӘДЕНИ АҚПАРАТ

Ж.К. Қиынова – ф.ғ.д., профессор

*Қазақ филологиясы және әлем тілдері факультетінің деканы
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті*

Аннотация: Статя посвящена семантико-стилистическим проблемам перевода, в ней анализируются различные способы перевода стилистически маркированных архаизмов с русского на казахский язык. Особое внимание уделяется функционально-эквивалентному переводу как одному из способов экспликации семантики языковых единиц.

Abstract: The article is devoted to the semantic-stylistic problems of translation, explores various ways to transfer stylistically marked archaisms from Russian into Kazakh language. The particular attention is paid to the functional-equivalent translation as one of explication ways of linguistic units' semantics.



Аударма – адамның рухани әрекетінің түрі болып көне заманнан қалыптасқан, жеке халықтардың мәдени тарихында және жалпы әлемдік мәдениетінің тарихында да маңызды қызмет атқарады. XX ғасырдың ортасынан аударматану, яғни теоретикалық ғылым жеке сала болып қалыптаса бастады, дәл осы уақытта көптеген ғалымдар аударманың лингвистикалық мәселелеріне көңіл аудара бастады. Қазіргі уақытта, глобализация және интеграция жағдайында, халықаралық байланыстардың кеңеюіне, ақпаратпен алмасуына байланысты бір тілден екінші тілге аудару үрдісі ғалымдардың назарында. Аударматану өзінің теоретикалық негізі, концептуалды аппараты және терминжүйесі қалыптасқан дербес ғылым саласы. Жалпы аударманың мәселелерін алсақ, оның лингвистикалық теориясы қарқынды дамыған деп күмәнсіз айтуға болады. Ресейлік аударматану ғылымының негізін қалаушысы Я.И.Рецкер, аудармашылардың алдында тұратын міндеттер туралы былай дейді: «Задача переводчика – передать средствами другого языка целостно и точно содержание подлинника, сохранив его стилистические и экспрессивные особенности» [1, 158б.]. Ол, тәржімашыға қиындықтар туғызатын «аударма бірліктері» және аудармалық трансформация мәселелерін талқылай отырып, баламасыз лексиканың негізгі теоретикалық тұжырымдарын ұсынады. Аудармада кездесетін қиындықтар, оларды шешу жолдары А.В.Федоров, Л.С.Бархударов, В.Н.Комиссаров т.б. еңбектерінде арықарай жалғасын табады. Қазақстандық аударматану XX ғасырдың ортасына дейін көбінесе әдебиеттану ғалымымен ұштасады, сол кездегі кеңестік идеология бойынша ұлттық ақындардың шығармаларын орыс тіліне аудару арнайы тапсырыс бойынша іске асқан. Сондықтан да мақалалардың көбісі аударманың әдеби аспектісін қамтитын. Оған Құсайынов А., Сарыбаев Ш. құрастырған «Аударма мәселесі» атты библиографиялық көрсеткіш дәлел. Ал осы кезеңдегі аударма саласындағы көптеген ғалымдардың еңбектерінде аударманың лингвистикалық аспектісі қарастырылады.

Лингвистикалық аударматанудың ең күрделі мәселесінің бірі – ол баламасыз лексиканың құрамын айқындау және сол сөздердің семантика-стилистикалық ерекшеліктерін жоғалтып алмай, басқа тілдерге аударудың амал-тәсілдерін талдау. Негізі баламасыз лексика – тілдердің ұлттық-мәдени, тарихи-әлеуметтік айырмашылықтары, сондықтан да аудару үрдісінде көптеген қиындықтар туғызатын, сөз топтамасы. Оларға ұлттық реалиялар – лингвокультурама-лар, окказионализм, экзотизм, историзм және архаизмдер жатады. Осы мақаланың нысаны – қазіргі уақытта көңерген сөздердің құрамындағы стилистикалық маркіленген архаизмдер, яғни славянизмдер – жалпы славян халықтарына ортақ көнеславян, шіркеу славян (X ғасырда христиан дінін қабылдау мақсатында грек тілінен Библияны аудару үшін Кирилл және Ме-

фодий ағайындылардың құрастырған қасиетті тілі) және көнеорыс тілдерінен енген сөздер мен тіркестер. Көнеславян тілінен енген лексика славян тілдерінің, әсіресе орыс тілінің лексикалық қорын толтыруда, сол халықтардың тарихы мен мәдениетінде алатын орны зор: біріншіден, орта ғасырдағы менталитеттің көрсеткіші және көнеорыс дәуірінің санасын, оның тілдік бейнесін стилизациялау; екіншіден, олардың семантикасында тарихи-мәдени ақпараттың сақталуы; үшіншіден, әртүрлі тарихи-мәдени мазмұны бар мәтіндерде (діндік, философиялық, көркемдік, соның ішінде поэтикалық) қолдану белсенділігі. Бұл лексиканың бірталайы діни мазмұны бар болу себебінен Ұлы Октябрь революциясынан кейін, бүкіл кеңес дәуірінде қолдану аясынан шығып кетіп еді, посткеңестік кезеңде қайтажаңғыру, немесе реабилитация үрдісіне ұшырады.

Бұл сөздер орыс әдебиетінің XIX ғасырындағы А.С. Пушкин, Л.Ю. Лермонтов, И.С. Тургенев т.б. шығармаларында көтеріңкі, поэтикалық стиль белгілері болып табылады: очи, уста, лик, десница, чресла, ланиты, перси, персты, чело, взор, владыка, дева, внимать, злата, брег, град, хлад, врата т.б. Әрине бұл сөздердің әрқайсысында қазіргі орыс тілінде синонимдері бар: глаза, губы (рот), правая рука, поясница, щеки, грудь, пальцы, лоб, взгляд, слушать, золото, брег, город, глас, холод, ворота и др., сондықтан да аудару үрдісінде лакуна болмай, қазақ тілінде баламалары бар екені мәлім: көз, ауыз (ерін), оң қол, бел, бет, төс (кеуде), саусақтар, маңдай, көз қарас, тындау, алтын, жағалау, қала, дауыс, суық, қаша т.б. Баламалары бар сөздерді біз, бір жағынан, баламасыз деп айталмаймыз, екінші жағынан, жоғарыда келтірілген қазақ тіліндегі сәйкестіктер аталмыш славянизмдердің семантика-стилистикалық ерекшеліктерін, сол сөздердегі мәдени-тарихи ақпаратты толығымен жеткізе алмайды. Осындай эквивалентті аударма славянизмдердің (стилистикалық архаизмдердің) экспрессивтік мағынасының бейтараптануына (нейтрализация) әкеледі. Осы сөздердің қазақ тіліне аудару мәселесін М.Джангалин өткен ғасырда жарық көрген «О некоторых вопросах перевода с русского на казахский язык» атты монографиясында қарастырған: «... несколько иной характер носит трудность перевода славянизмов, архаизмов. Если в какой-то степени можно сохранить стилистический оттенок в слове россияне, переводя его россияныдыктар, то, это совершенно невозможно в словах днесь, деяние, сей, сия, сие и т.д. Поэтому единственная возможность – это передать логическое значение гладкой, нейтральной лексикой, хотя при этом оригинал теряет свою эмоциональную окраску» [2,37б.]. Айтылған пікірмен біз мүлдем келіспейміз, себебі үлкен фактілік материал негізінде, бір ғасыр бойы әртүрлі аудармашылар, ақындар, жазушылар тәржімалаған орыс әдебиетінің классигі, А.С.Пушкиннің шығармаларының қазақ тіліне аударылуы дәлел. Славянизмдердің тек жай мағынаны

ғана емес, сонымен қатар тарихи-мәдени және стилистикалық маңызы бар екенін түсінген аудармашылар аудару барысында функционалды-баламалы аударманың әртүрлі тәсілдерін, қазақ тілінің мағына берудегі лексикалық байлығын қолдана отырып, сол сөздерге контекстуалды баламалар іздеп тапқан. Мысалы, қазіргі орыс тілінде очи және уста жұптығы, соматизм болып табылатын басқа славянизмдермен салыстырғанда әртүрлі мәтіндерде жиі кездеседі. Олар қазақ тіліне тек көз (көздер), ауыз (ерін) деп аударылса, осы сөздердің коннотативті семантикасындағы ғажап, өте әдемі, әсемі, сұлу мағыналары берілмей қалады. Шынымен де очи дегеніміз тек көру мүшесі емес, сонымен қатар үлкен, сондайақ әсерлі, әдемі көз деген мағына береді, тіпті келбеттің эстетикалық эквиваленті десек те болады. Мысалы, А.С.Пушкиннің «Кавказский пленник» поэмасынан алынған келесі үзіндісінде:

... Люби меня, никто доньне,
Не целовал моих очей.
К моей постеле одинокой
Черкес молодой и черноокой,
Не крался в тишине ночной...

Қазақ тіліне аударылуы келесідей:

...Сүй мені, қыз болғалы бұл өмірімде,
... Көзімнен жан сүйген жоқ нәркес, қара
Черкестің солқылдаған бозбаласы,
Кұйылған нәркес көзді, қара қасты,-
Жаныма көрпемді ашып енген емес
(ауд. Қ.Бекхожин)

Очи сөзінің баламасы аударманың сипаттау тәсілі, яғни нәркес, қара сөз тіркестері арқылы берілген. Аталмыш тәсіл, әрине, осындай сөздердің мағынасын толықтай бере алады, бірақ поэзияны аударуда үнемі қолданылмайды, рифмаға сыймауы мүмкін. Орыс классиктерінің шығармаларын қазақ тіліне аударылған мәтіндерін талқылау барысында очи және уста жұптығының келесідей контекстуалды баламалары табылды: қара көз, әдемі көз, нәркес көз, нұрлы көз, көз жанары, мұңлы көз; әдемі ауыз т.б.

Аудармашының шеберлігі – ол оның коммуникативтік құзыреттігінің толық қалыптасуының көрсеткіші, оған тілді жақсы меңгерумен қатар фондық ақпаратты, яғни көркем шығармадағы сипатталып жатқан дәуірдің реалияларын, белгілерін білу және де сол тарихи-мәдени ақпаратты толық жеткізу үшін функционалды-баламалы аударманың ментализациялану тәсілі қолданылады. Тіл иеленушілердің санасында сөздің ұғымдық ақпаратымен қатар, сол ұғымға қатысы жоқ семантикалық бөлшектер жиынтығы лексикалық фонды құрайды. Аудармашының ұғымдық деңгейден, оданда күрделі, көп тармақты фондық деңгейге көшуі – оның шығармашылық ізденісінің көрінісі. Сөздің өзін емес, оның фондыдағы семантикалық бөлшектерін аудару, көнеславян тілінен еңген сөздерді тәржімалауда қолданылуы қажет. Мысалы, град – стилистикалық архаизм, оның орыс тіліндегі толықдауысты синонимі

город, қазақ тіліне оны қала деген сөзбен-ақ аударды. Алайда, ол сөздің тек қана тура ұғымын береді, сондықтанда город – қала деп аударылуы тепетең. Град – ол тек қана қала емес, ол көне шаһар, көнеорыс сөйлеудің тілдік стилизация элементі, сондықтан да ол байырғылық, ұлылық қамтылған «жоғары» контекстілерде кездеседі, орталық және де саяси тұрғыдан маңызы бар, көрнекті тарихи қайраткерлердің есімдерімен байланысты: Петроград, Ленинград, Сталинград, Целиноград т.б. Көне орыс тіліндеде осы сөздердің мағыналары сараланған: град – «бекініс, қабырға-қорған», ал город – адамдар өмір сүретін елді мекен. Град деген архаизмді аударғанда ментализациялану тәсілін қолдану – сөздің тарихи-мәдени ақпаратын толық бере алады, бірақ өлең шеңберінде оны жеткізіп айту мүмкін емес. «Медный всадник» поэмасынан үзіндіде:

... Прошло сто лет, и юный град,
Полночных стран краса и диво,
Из тьмы лесов, из топи блат
Вознесся пышно, горделиво..

Осы үзіндінің аударылуының екі варианттын қарастырайық:

... Өтті жүз жыл. Балғын қала ...
Жүз жылдай уақыт өтті,

Солтүстіктің сән-сәулеті,
Жап-жас «град»

Түнек нулы сол арадан,

Түн жақ елдің еркесі,

Бойлап шығып, ірге тепті...

әсем, сымбат... (ауд. Ф.Орманов)

град – шаһар, қала деген сөз

(ауд.М.Даулетбаев)

Ф.Орманов град лексемасын қала – город деген, сөздік баламасымен берсе, екінші аудармашы – М.Даулетбаев аударманың екі тәсілін бірдей қолданып отыр: транслитерация және түсінік беру (комментарий). Екі жағдайда да шаһар деп аударылса – сол тәржімаланып отырған сөздің фондық семантикасының бір де бір бөлшегі көрініс табады, себебі шаһар – қазақ тілінде «көне қала» деген мағына береді. Ал осындай тарихи-мәдени маңызы бар сөздерге түсінік берілу қажет, бірақ поэтикалық шығарма шеңберінде, мәтін ішінде берілсе ол көлемді және оқырманға қолайсыз болады, сондықтанда ол кітаптың соңында, немесе әр беттің астында орын алуы тиіс.

Сөздік баламалары бар, бірақ толық сол сөздің ұлттық, мәдени, тарихи және функционалды-стилистикалық ерекшеліктерін жеткізе алмаса, оларды абсолютті баламалар емес, біршама баламалар (относительные эквиваленты) деп атаймыз Біршама баламалар екітілді сөздіктерде тіркеледі. Көп жағдайда, осындай фондық ақпараты мол сөздерді аударуда, баламаларын сөздіктен ғана іздемей, аудармашы өз шеберлігін, фондық білімін іске асырады, осының нәтижесінде контекстуалды баламалар пайда болады. Біз орыс классиктерінің қазақ тіліне аударылған



материалдары бойынша осындай контекстуалды баламалар жиынтығы бойынша қосымшалар жасадық, олар тәржімашылардың тек механикалық, яғни транслитерация, транскрипция, транспозиция, трансформация, калькілеу, лексика-семантикалық алмастыру тәсілдерінен тұрмайды, көбінесе шығармашылық ізденіс нәтижесінде, яғни ментализациялану тәсіл арқылы пайда болған, баламалар, сондықтан екітілді сөздіктерде кездеспейді.

Славянизмдердің (старославянизм, церковнославянизм) басқа тілдерге, әсіресе генеалогиялық және типологиялық жағынан, ешқандай жақындығы жоқ, аударылуы көп қиындықтар туғызады. Мысалы, М.Н.Шмелева «Архаизмы и церковнославянизмы в произведениях А.С.Пушкина и проблема их перевода на английский язык» атты кандидаттық диссертациясында, түпнұсқа мен тәржімаланған мәтінді салыстыра отырып, осы сөздердің ағылшын тіліне аударылу мәселесіне тоқталады: «... в качестве стилистических средств архаизмы и церковнославянизмы стали употребляться в начале XIXв. именно в произведениях А.С. Пушкина. На протяжении XIX-XX вв. они выполняли различные стилистические функции, их перевод представляет большие трудности при переводе на другие языки, в особенности лексические архаизмы. [3, 10 б.].

Өткен ғасырларда жазылған шығармаларды тәржімалау барысында аса назарды семантикалық архаизмдерге аудару қажет. Егер де славянизмдер

стилистикалық архаизмдер қатарына жатса, семантикалық архаизмдерде сөздің өзі емес, тек қана оның мағынасы өзгереді. Осы орайда взор сөзінің семантикалық тарихы аса қызуғушылық танытады, XVIII - XIX басында глаза (көз) деген зат есімнің синонимы болатын, кейін оның семантикалық өзгеріске ұшырау нәтижесінде, яғни қазіргі орыс тілінде, ол взгляд (қарау, көз қарасы) сөзінің синонимы болып табылады. Демек, осы семантикалық архаизмді аударғанда, контекстіге аса назар аудару қажет

Қорыта айтқанда, бір тілден екінші тілге аудару үрдісінің негізін ұлттық-тарихи, мәдени-тұрмыстық факторлардың тепе-тең берілуі құрайды. Аудармашыға қойылатын талаптар өте көп: сол ұлттың тарихын, әдеп-ғұрпын, тілін, ұлттық нақыштарын жан-жақты білуі тиіс, оның бәрін фондық ақпарат деп атайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Реуцкер Я.И. *О закономерных соответствиях при переводе на родной язык// Тетради переводчика. – Вып. 5. –М.: Международные отношения, 1986. – С.156-178.*

2.Джангалин М. *О некоторых вопросах перевода с русского на казахский язык. - Алма-Ата: Казгосиздат, 1958. - 116 с.*

3.Шмелева М.Н. *Архаизмы и церковнославянизмы в произведениях А.С.Пушкина и проблема их перевода на английский язык. Дисс... канд.филол.наук. – Москва, 2004. – 185с.*

LATYN ÁLIPBII – ULT PSIHOLOGIASYN JAŃǴYRTÝDYŇ BIR SHARTY

**Abdirasilova Gulmira Kalybaiqyzy,
Shoibekova Gaziza Beisenbekqyzy,
Súleimenova Gulbaqyt Jumashqyzy**

Qazaq ulttyq qyzdar pedagogikalыq ýniversiteti

Túindeme: Latyn grafikasyna kóshýdñn taza lıngvıstıkalyq sıpattaǵy bırqatar sebepteri de bar. Latyn qarpine kóshý qazaq tilin damytýǵa jańa serpin beredi. Ótkeni bul proses tildñn grammatıkalyq, ásirese fonetıkalyq júesi úlestirýge járdemesedi. Galymdar latyn grafıkasy pıdalanýǵa óte qolailı ári qazaq tilinñ fonetıkalyq júesin dál beredi degen pikirde. Qazirgi qazaq álipbiinde 42 árip bar, onyñ 33-i orys tilinñ jáne toǵyzy – qazaq tilinñ tól áripteri. Al qazaq tilinñ fonetıkalyq júesindegi dybys sany – bar-joǵy 28. Lıngvıstıka zańdaryna sáikes, dybystarǵa qaraǵanda áripter sany az bolýy kerek. Al qazaq tilinde kerisinshe bolyp otyr, ótkeni biz orystyñ barlyq áriptetine qazaq tiline tán dybystardy bildiretin áripterdi qostyq. Sonymen qazirgi álipbide 32 tańba bar. Qazaq tilin latyn jazýyna kóshirý týraly usynys, jańa álipbi daıyndaý jáne qujat analymy men kitap basyp shyǵarýdy latyn grafikasyna aýystyrý qazaqstandyqtar úshin kenetten týyndaǵan másele emes. Bul – memlekettiñ maqsatty túrde jáne kezeñ-kezeñmen bet alǵan burynnan málimdelgen maqsaty. Sondai-aq bul bastama «syrttan» kelgen joq, ony bastama etip kótergen – Qazaqstan azamattary.

Tirek sózder: latyn álipbii, Qazaqstan, ult, psihologiasy, jańǵyrtý,

Elbasy N. Á. Nazarbaev «Bolashaqqa baǵdar: rýhani jańǵyrtý» atty maqalasynda ulttyq álipbigе reforma jasaýdy qolǵa alyp, kezeñ-kezeñmen satylap ótý qajettigin aitqan bolatyn. Latyn álipbiine kóshýde, bir jaǵynan, tereñ tarihi

logika, al ekinshi jaǵynan, Qazaqstan damýynyñ qazirgi kezeñinñ ereksheлиgi, qazirgi XXI ǵasyrdaǵy ǵylym-bilim berý prosesini úshin mańyzy zor álemdеgi tehnologialyq orta jáne kommýnikasia ereksheликтери jatyr [1].

Halyqtyñ órkenietti tabystarynyñ biri – jazýdy igerý. Qoǵamnyñ jinap-túgen tájiribesiniñ bárin bir jerge shoǵyrlandyryp, ony urpaqtan-urpaqqa mura retinde berýge jazý múmkindik beredi. Jazý ulttyq kodtardy qalyptastyryp, qarym-qatynas jasaýdyñ yaqyttyq jáne keñistiklik shekteýlerin joady.

Óziniñ damýy barysynda qazaq tili naqty tarıhı kezeñniñ talaptaryna beıimdele otyryp, jazýyn birneshe ret ózgeretti. Jazý retin ózgerıydiñ satylary týraly qazaq tili tarıhynda jazylıp jú.

VI–VII ǵasyrlarda kóne túrki halqy, ata-babalarymyz, onyñ ishinde qazirgi qazaqtardyñ ata-babalary ǵylymda Orhon-Eniseı jazýy degen ataýmen belgili kóne túrki rýna jazýyn pıdalanǵan. Bul – áriptik jazýdyñ kóne túrininiñ biri. Mundaı kóne jazý nusqalarynyñ biri 1896-1897 jıldary Qazaqstanda Áylheata (qazirgi Taraz qalasy) mañynda anyqtaldy. Ol jerden kóne túrki jazýy tañbalanǵan 5 tas tabylǵan. 1940 jly Shyǵys Túrkistanda VIII ǵasyrdyñ ortasyndaǵy jaqsy saqtalǵan 4 kóne túrki jazýy anyqtaldy. XV ǵasyrǵa deın túrki tili Eýrazıanyñ basym bóliginde ultaralyq qarym-qatynas tili bolǵan. Mysaly, moñǵoldyñ Batý jáne Mõnke handary basqarǵan kezde Altyn Ordadaǵy resmı qujattardyñ bári, halyqaralyq kelissózder moñǵol tilinen bólek, túrki tilinde de júrgizilgen.

Qazirgi Qazaqstan aýmaǵyna islám dini kelgennen bastap, iaǵnı X ǵasyrdan bastap arab jazýyna kóshken, bul jazý XX ǵasyrdyñ basyna deın qoldanylǵan. Qazaq tiliniñ arab jazýyna kóshýdegi mañyzdy faktor – ol tildiñ halyqaralyq deñgeide keñinen qoldanylýy boldy. Arab jazýy Qazaqstanda rýhanı jáne aqsúrektek mektebinde, sondar-aq resmı kelissózderde qoldanylǵan, ótkeni arab tili halyqaralyq qarym-qatynas tili bolǵan. Arab jazýynyñ ásem oıo-órnekterimen ǵımarattardy bezendirgen, ǵalymdar men aqyndar eñbekterin arab tilinde jazyp, olardyñ betterin joǵary kórkemdik deñgeide salynǵan sýrettermen órnektegen.

XX ǵasyr basynda Ahmet Baitursynuly arab jazýyna negizdelgen qazaq jazýyn sol zamannyñ talaptaryna beıimdeý maqsatynda oǵan reforma jasap, bul jazýdy shetelde turatyn miliondaǵan qazaqtardyñ pıdalanýyna múmkindik berdi. «Jaña emle» dep atalatyñ jaña álipbidi Qytaı, Aýǵanstan jáne Iranda turatyn qazaqtar áli künge deın pıdalanyp keledi. Sondar-aq sol dáyirdiñ zertteýshileri men qoǵam qairatkerleriniñ pikirinshe, qazaq tiliniñ damýynda mañyzdy ról atqarǵan arab jazýy (halyq arasynda «tóte jazý» dep atalady) óziniñ áleyetin tómendetti [3].

1929 jıldan bastap Qazaqstan aýmaǵynda jaña, latynǵa beıimdelgen álipbi –«Biryñǵai túrki álipbii» paida boldy. Latyn jazýyna negizdelgen bul jazý 1939 jylǵa deın qoldanylyp, 11 jıldan keın latyn jazýynyñ ornyna kiril álipbii keldi. 1940 jly «Latyn jazýyna beıimdelgen qazaq jazýyn orys jazýynyñ negizindegi jaña álipbige kóshirý týraly» Zañ qabyldandy. Qazaqstan saıasatynyñ erekshe belgisi – belgili bir bastamalar men reformalardy iske asyrý tásilderiniñ oılastyrylǵandyǵy bolyp tabylady.

Latyn jazýyna kóshýdiñ qajettigi týraly máseleni

Qazaqstannyñ qoǵam qairatkerleri men til bilimi salasyndaǵy mamandar táyelsizdiktiñ algashqy jıldary-aq usynǵan bolatyn. Qazaq tiliniñ jazýyn ózgerıydiñ oryndylyǵy týraly másele algash ret 1992 jly buryñǵy KSRO aýmaǵynda turatyn túrkitildes halyqtardyñ ókilderi qatysqan Túrkıada ótken Túrkologıalyq Kongres aıasynda aıtylǵan bolatyn. Kongresten keın Til bilimi instıtútynyñ sol kezdegi direktory akademik Ábdýalı Qaidar Prezident N.Á. Nazarbaevqa hat joldady, hatta kóptegen túrkitildes elder Keñes Odaǵy qulaǵannan keın latyn álipbiin ıgergenin, sondyqtan Qazaqstan da sol elderdiñ izimen júryı kerek ekendigin atap jazǵan bolatyn. Hatqa Til bilimi instıtúty ázirlegen latyn jazýyna kóshýdiñ tujyrymy jáne latyn jazýyna negizdelgen qazaq álipbiiniñ algashqy jobasy tirkeldi. Usynys muqıat qarastıryldy. Alaida saraptamalyq baǵalar qoǵamnyñ mundaı kúrt ózgeristerge daıyn emestigin kórsetti.

Bul másele 2006 jly taǵy da kún tártibine qoılydy, Qazaqstan halyqtar assambleasynda Elbasymyz álemdik kommúnıkasıalyq keñistikte latyn jazýynyñ basym ekenin aıtyp, mamandardy latyn jazýyna kóshý múmkindigi týraly máseleni talqylaýǵa shaqırdy.

Latyn jazýyna kezeñ-kezeñmen kóshý týraly máseleniñ jaña «Qazaqstan – 2050» strategiasynda» kóterilýi qısyndy. Prezidenttiñ 2012 jylǵy «Qazaqstan – 2050» strategiasy: qalyptasqan memlekettiñ jaña saıası baǵyty» atty Joldaýynda qazaq tiline jañǵırtý júrgizetin kez keldi delingen. Qazaq tili «Qazaqstan halqyn biriktirýshi bolýǵa tiis».«Qazaq tili – bizdiñ rýhanı negizimiz. Bizdiñ mindetimiz – ony barlyq salada belsendi pıdalana otyryp damytý. Biz urpaqtarymyzǵa babalarymyzdyñ sandaǵan býynynyñ tájiribesinen ótip, bizdiñ de úlesimdi úlesimizben tolyǵa túsetin qazirgi tildi muraǵa qaldırýǵa tiispiz... Osylaısha, táyelsizdigimiz búkil ultty uıystyratyn eñ basty qundylyǵymyz – týǵan tilimizdiñ mereiin ústem ete túseı. Qazaqstannyñ bolashaǵy – qazaq tilinde», – dedi Prezident. Sol kezde qazaq jazýynyñ latyn jazýyna kóshýiniñ naqty datası 2025 jyl dep kórsetilgen.

N.Á. Nazarbaev «Bolashaqqa baǵdar: rýhanı jañǵıry» atty maqalasynda qazaq jazýyn latyn grafikasyna kóshirý taqırybyñ naqtylai kele, mamandar men Úkimettiñ aldına mynadaı mindetter qoıdy:

2017 jlydyñ soñyna deın jaña grafikadaǵy qazaq álipbiiniñ biryñǵai stan-dartty nusqasyn qabyldaý [2].

Qazaq jazýyn latyn grafikasyna kóshirý qajettiligi týraly aıta kele, Ult kóshbasshysy qazaq tilin latyn qarpine kóshirý prosesi jaqsy daıyndyqpen jáne barypty túrde júrgizilýge tiis dep atap kórsetti. Bul bizdiñ álemdik órkenietpen yqpaldasýymyzǵa, aǵylshyn tilin jáne internet tilin úrenimizge jaǵdaı jasaidy.

Latyn grafikasyna kóshýge bailyasty jii qoıylatyn suraqtardyñ biri: «Ne úshin kiril qarpinen bas tartýymyz kerek jáne ne úshin qazaqtar 900 jyl boıy pıdalanǵan arabtyñ órme jazýyn emes, latyn qarpin tañdaımyz?»

Máseleniñ basty sebebi – álemniñ jahandaný prosesine umtılyynda. Latyn qarpi qazirgi kezde jahandanýdyñ grafikasyna amaldy. Latyn qarpi jaña tehnologiamen,



kompiútermen, sapalyq jetistiktermen bailanystyrylady. Tipti japon tilinde atalaty japon firmalarynyñ ózderi ataylaryn latyn qarpimen jazǵandy durys sanaidy. Tipti, Qytaida ekonomikanyñ birneshe sektorlarynda álemdik naryqqa shyǵy úshin, álemdik deñgeidegi tutynýshyǵa túsinikti bolý úshin latyn qarpi qoldanylatyndyǵy belgili. Latyn qarpi brendtik grafikaǵa ainalyp otyr. Latyn qarpine kóshý ýaqyt talabynan qalmaý úshin, álemdik keñistikke tabysty integrasialaný úshin, bir qyzyǵy, integrasialanyp qana qoımai, óziniñ keskin-kelbetin saqtap qalý úshin mañyzdy bolyp otyr.

Kırıl qarpin, kerisinshe, álemnñ kóp eli bile bermeidi. Resei, Ýkraina, Belorýsıa, Qazaqstan, Qyrǵyzstan, Bolgaria, Serbiia jáne Makedonia sıaqty elderdi qospaǵanda, ony tipti eshkim qoldanbaıdy dese de bolady. Keibir slavıan memleketteri, mysaly, Polsha, Chehia kırıl qarpin emes, latyn qarpin qoldanady jáne burynǵy keñestik elder, mysaly, túrkitildes memleketterdi aıtpaǵanda, Moldavia birden latyn qarpine kóship, jalpyálemdik aqparattyq keñistikke enip otyr.

Shet elderde turatyn qazaqtar óz qandastarymen ana tilinde sóleskende, latyn qarpine negizdelgen zamanýı aqparattyq jelilerdi pıdalanýdy barǵan saıyn arttyryp otyr. Qazaqstan jastarynyñ shet tilderin meñgerýge degen umtylysy, qoǵamdy kompiúterlerdirý, internetti pıdalaný, shyǵys mádenietiniñ televidenie, kino arqyly yqpal etýi, eýropalyq sapaǵa umtyly – osynyn barlyǵy bizdiñ qoǵamdy «latyn qarpiñiñ qushaǵyna» eriksiz ári birtindep tartyp keledi. Qazaqstan qazirgi kezde álemdik ekonomikalıyq prosesterdiñ belsendi qatysýshysy bolyp tabylatyndyqtan, latyn grafikasyna kóshýdiñ de myltıplikativti áseri bolady. Qazaqstan júrgizip otyrǵan saıasattyñ turaqtylyǵy men boljalymdylyǵy, Sheteldik azamattardyñ Qazaqstanǵa degen qyzyǵyshylyǵynyñ artýy olardyñ qazaq tilin bilýge degen múddesin de yntalandyrady. Qazaqstanmen ekonomikalıyq bailanystaryn keñeytýdi josparlai otyryp, kóptegen sheteldik kompanialar óz qyzmetkerleriniñ qazaq tilin úrenýine jaǵdai jasaýda. Osy rette sheteldikterdiñ qazaq tilin latyn qarpi arqyly úrenýi oñai ekendigi daýsyz. Sonymen qatar qazaq jazýynyñ latyn grafikasyna kóshýi Qazaqstannyñ týrizm salasyna da qolailı jaǵdai týǵyzady.

Keibir adamdarda latyn qarpine kóshý máselesi qandai da bir basqa múddelerge, mysaly, geosaıı máselelerge qatysty jasalyp otyr degen pikir qalyptasqan. Qazaqstan latyn qarpine kóshse, Reseiden irgesin aýlaq salady degen sózderdi de estip qalamyz. Bul syn kótermeitin tuıyrym dep eseptemiz. Qazaqstannyñ Reseimen qurlyq shekarasy – álemdegi eñ uzyn she-kara, orta q tarihı, mádeni, ekonomikalıyq, túystyq bailanystar – munyn bári eki eldiñ bir-birinen alshaqtaýyna múmkindik bermeidi. «Órkenietti tañdaý» degen uǵymdy «geosaıı tañdaý» degen túsiniktiñ sinonimi retinde qabyldaýǵa bolmaıdy. Qazaqstan Prezidenti birneshe dúrkin atap ótkenindei, biz orys tiline baıyppen qaramyz, orys tilin bilý mádenietimizdiñ deñgeiiniñ kórsetkishi bolyp tabylady.

Sonymen, tildik grafika reformasyn qazaq tilin jañǵyrtý turǵysynan ǵana qarastırý kerek. Bul – grafikaǵa ǵana

qatysty júrgiziletin reforma. Biz qandai da bir ózge tilge kóship ketpeimiz, grafikany ǵana jañǵyrtamyz. Qazaqstandıyq sarapshylardyñ pikirinshe, túrkitildes memleketterdiñ barlyǵy derlik (Ázirbaijan, Túrkimenstan, Ózbekstan) latyn álipbiine ótip bolǵandyǵy latyn grafikasynyñ túrki tilderiniñ fonetikalıyq qurylymyn dál beıneleitindigin rastaidy. Osy rette latyn grafikasyna kóshý – bul elderdiñ syrtqy saıası baǵyt-baǵdarına áser etpegendigin atap aıtýymyz qajet.

Eger máseleге сезимге берилмеі, pragmatikalıyq turǵydan keletin bolsaq, onda bul tildiñ qyzmet etýi men praktikalıyq qoldanysynyñ máselesi bolyp tabylady.

Pıdalanılǵan ádebietter:

1 Nazarbaev N.Á, *Bolashaqqa baǵdar: rýhani jañǵyrtý// Egemen Qazaqstan. 26.04.2017 jyl.*

2 *Aqparattyq-túsindirý jumysy boıynsha ádistemelik qural // Bolashaqqa baǵdar: Rýhani jañǵyrtý. Astana, 2017. 106 b.*

3 *Baitursynuly A. Til taǵylymy, Almaty, Ana tili, 1992, 414 b.*

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ САН КОМПОНЕНТТІ ТҰРАҚТЫ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІН САЛЫСТЫРА ЗЕРТТЕУДІҢ МӘНІ

Қалыбаева Қаламқас Сейдуллаевна
Қыдырмолдина Эльмира Төлеубекқызы
Қайрақбаева Гульназ Солтангазиевна
Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті

Түйіндеме:Еліміз тәуелсіздік алған жылдардан бері тілімізді таным деңгейінде зерттеп, мүлдем алшақ, құрылымы мен құрылысы мүлдем бөлек өзге тілдермен салыстыра зерттеу басты назарда келе жатқан ұстанымдардың бірі.Қазақ тілі мен ағылшын фразеологизмдер ақпаратында зерттеу қазақ лингвистикасының маңызды мәселелерінің бірі.

Тірек сөздер: фразеологизм, сан компоненттер, лингво-мәдени аспект, этнолингвистика

Аннотация:Актуальность исследования фразеологизмов с числовыми компонентами в материале казахского и английского языков - одна из основных проблем сегодняшней лингвистики. Лингвокультурологический аспект основан на когнитивной лингвистике.

Ключевые слова: фразеологизмы, числовые компоненты, лингвокультурологический аспект, этнолингвистика.

Abstract:The relevance of the study of idioms with numerical components in the material of the Kazakh and English languages is one of the main problems of today's linguistics. The linguocultural aspect is based on cognitive linguistics.

Key words: idioms, numerical components, linguocultural aspect, ethno-linguistics.

Бір-бірінен алшақ, құрылымы мен құрылысы мүлдем сәйкес келмейтін тілдерді салыстыра зерттеудің маңызы аса зор екенін алғаш айтқан Н.Март: «Нам нужны черты не только но и разъединящие, нам нужен анализ парнослоговых языков и в их расхождении» [1,410 б.] болатын. Соңғы жылдары фразеология саласындағы зерттеулерде ерекше назар аудартып отырған мәселе- тілдер арасындағы тұрақты тіркестерді салыстыра зерттеу. Герман тілдері мен қазақ тілін әр түрлі қырынан көрсете отырып қарастыру өзектілігі күннен- күнге артып келеді.

Еліміз егемен ел ретінде өз бетінше өркендеп, дамыған елдер қатарына ұмтылып, ғылымы мен білімі бір ізге түсіп, ешкімге жалтақтамай, дербестік алды десек, қарт құрлықта беделді де әулетті, әлемнің миллиондаған тұрғыны тұтынатын ағылшын тілімен салыстыра зерттеудің маңызы аса зор. Тұрақты сөз тіркестерін қарастырғанда этнолингвистика ғылымын айналып өту мүмкін емес. Осы жайлы М.Копыленко «Предмет этнолингвистики нередко суждается до так называемой этнокультурной лексики и фразеологии, с чем нельзя согласиться. В нашем представлении предмет этнолингвистики гораздо шире, он включает все то, в чем находит отражение идиоэтничность. Тем не менее, наибольшее число этнолингвистических исследований касается именно лексики и фразеологии как такого яруса языка, в котором этнос находит наиболее яркое выражение» [2,176 б.]. Әр ұлттың ұлттық нақышы мен менталитеті айқан аңғарылатын тіл білімінің тұрақты тіркестер саласын этнолингвистика саласымен байланыстыра зерттеу үлкен жетістікке жол сілтейді. Бұл саланың өзі бірнеше бағытты басшылыққа алады: коммуникативті, құрылымдық, универсалды, тарихи т.б.

Тұрақты сөз тіркестерін этнолингвистика сала

сымен байланыстыра зерттеумен қатар, тіл арқылы мәдениетті тану негізінде- лингвомәдениеттану, тіл арқылы елді тану негізінде - лингвоелтану салалары пайда болды. Осының негізінде тілді этностың танымын арқау ете зерттеу басты назарға шықты.

Тіл мен мәдениетті бір-бірінен алшақтатау мүмкін емес дейтін болсақ, әр ұлттың тілі мен мәдениеті ойымен ұштасып, бүтін бір ұштұғырлы байланысты құрайды. Тіл әр ұлттың мөп -мөлдiр айнасы. Бұл айнада кез-келген ұлттың дәстүрi салт-санасы, өзiндiк даралығы, ұлттық менталитетi, ұлттық құндылығы, жалпы, өткенi мен бүгiнгiсi, болмысы мен табиғаты, танымы мен түсiнiгi көрiнiс табады. Айна бетiндегi сақталған бейне ұрпақтан-ұрпаққа жетiп отырады. Әрбiр жас сәби ана құрсағында жатып-ақ ана тiлiнiң дәстүрiн, тәжiрибесiн, бiлiмiн, ұстанымын, тарихын бойына сiңiрiп өседi. Лингвомәдени сипат бағыты тіл біліміндегі жаңа бағыттардың бірі. Лингвистикада тілді тек қатынас құралы емес, әрбір ұлттың мәдени қоры жиналған код деп танытын бағыт болып бекіді. Тіл біліміндегі жаңа бағыттардың негізін салушы В.Гумбольдт “Менің ұлттық тілімнің шегі-менің көзқарасымның шегі” [3,232 б.] -деді.

В.Гумбольдт тіл мен мәдениеттің арақатынасы туралы:

1) материалдық және рухани мәдениет тілде көрінеді; 2) кез-келген мәдениет ұлттық, оның ұлттық сипаты тілде көрінеді; 3) ұлттық рухтың көрінуі оның мәдениетінде; 4) тіл-адам мен қоршаған дүниені жалғастырушы аралық.

Адамзаттың дүниетанымы, кез келген құбылыспен болмысқа деген көзқарасы сол адамның тілінде көрініс табады. Яғни, сол адам қандай да бір ұлтқа жататын болса, сол ұлттың басынан өткерген мәдениеті, тарихы, өткені мен бүгінi, ұлттық ерекшелiгi танымы,



дүниеге көзқарасы, ішкі, сыртқы айырмашылықтары сол халықтың тілінде көрініс табады [4,198 б.].

Лингмәдени аспект тұрғысынан зерттеу мәдениет пен тіл білімі салаларының тоғысында пайда болды,әр ұлттың тілдік ерекшелігі мен мәдениетін танып білуде сол ұлттың фразеологизмерін зерттеу өте маңызды мәселелердің бірі. Ұлт мәдениетін тілді басты назарға алып тану, оның ішінде рухани мәдениет – тұрақты сөз тіркестері арқылы тану аса өзекті мәселе болып табылады.

Мағына мен таным өте тығыз байланысты.Қазақ халқының өте жоғары талғамы мен танымын,рухани құндылығын атадан балаға мирас етіп жетелеп келе жатқан рулар мен тайпалар тіліндегі сан компонентті фразеологизмдер ерекше назар аудартарлық мәселе. Қазақ даласында өмір сүретін әр рудың өзінік ерекшеліктерін сипаттайтын тұрақты сөз тіркестері қалыптасқан. Соның ішінде,әсіресе, сан компоненті арқылы жасалған фразеологизмдер аса қызықты. Қазақ даласындағы рулар арасында төмендегідей сан компонентті тұрақты сөз тіркестері қалыптасқан:отыз ұлды Қожан; тоғыз тума; Әдептің алты қасқыры; үш Тілеуберді, тоғыз үй Токтанбет; бес бәйтен, жеті самай,үш көпші; жеті Жолымбет; Құлыншақтың бес қасқасы. "Құлыншақтың, бес қасқа" деп аталған, бес мықты ұлы болатын.Олардан қазір Манас қана үйде отыр.Бұл “қасқа”десе дегендей, еңзередей екен.[М.Ә. “Абай жолы”].Бұл жолдардан түйетініміз Құлыншақ деген кісінің бес ұлы биік те батыл тұлғалы, ел есімде қалған азаматтар болғанын байқаймыз.Осы негізінде Құлыншақтың бес қасқасы деген тұрақты тіркес жағымды концепт болып қалыптасқан.

Кез-келген ұлтта «береке,татулық» концептісі басты назарда ұсталынатын жайт.Қазақ халқы «татулық, береке,ынтымақ» мәселесін ерекше қадір,құрмет тұтқан.Мысалы, алтау ала болса ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді деп ғибадат еткен. Яғни алтау деп отырғаны – әр шаңырақ үш-үш жұрттан құралған “алты” жұрттан тұрады дегені:отағасының да “өз жұрты”, нағашы жұрты “қайып жұрты дегені, ол ” “төртеу”дегені: төрт төңірегі көрші қолаңы мен туыстары дегені.

Сан бөлігі қатысқан фразеологизмдерді зерттеудің бастамасы тіл білімі саласының морфология бөлімінде сан есім категориясын ажыратудан пайда болды.Ал сан есім категориясы түркі тілдері саласында Н.И.Ильминский,П.Мелиоранский, В.Радлов, Н.Ястремский жазбаларында көрініс тапты. Одан ары сан есім құрылымдық жағынан В.М. Наджип, Н. Дмитриев, А.Юлдашев, А.Кононов еңбектерінде зерттелді. Бұдан бергі жылдары, 20 ғ. 50-80 жылдары І.Кеңесбаев, А.Ысқаков, М.Балақаев, К,Аханов сияқты ғалымдардың, Т.Сайрамбаев, Ә.Хасенов, Н.Оралбаева сынды зерттеушілердің еңбектеріне арқау болып, сөз табы деңгейінде, құрылысы, сөз жасам жүйесіндегі орны, сөйлемдегі қызметі, өзге сөз таптарыны айналып кетуі сынды елеулі мәселелерді көтерді.

«Әдетте, тілдік жүйедегі тұрақты бейнелі оралымдарды (фразеологизмдер, мақал-мәтелдер) заттық-тақырыптық тұрыдан топтастыруда негізінен мынадай екі ұстаным басшылыққа алынды: 1.«Ұйытқы» немесе «өзек» сөздердің , яғни компонент-доминанттардың лексикалық мағынасын ескеру; 2.Тұрақты оралымның белгілі бір ұғымдар мен құбылыстарды білдіретін жалпы мағынасын ескеру.Бірінші ұстаным бойынша тұрақты бейнелі оралымдарды топтастыру барысында олардың материалдық негізі , өзара ассоциацияға түсетін түсініктердің және жеке образдың қайнар көздері анықталатын болса,екінші ұстаным негізінде осы түсініктердің ауыспалы мағынада басқа ұғым – түсініктерге телінуінің нақты қырлары,яғни мазмұн мен меже айқындалады»[5,304 б].Ғалым еңбегінде көрсетілген «ұйытқы» тұрақты сөз тіркестері-зоонимдер, фитонимдер, нумеративтер, соматизмдер,лингвокультура болып табылады.

Ағылшын тілінің маңызы күнен күнге артып, жаһандандудың көзі болып, күн санап қажеттілігі артып отыр. Тіл үйренудің маңыздылығынан бастасақ, әрбір тілде қалыптасқан көркем оралымдар- тұрақты тіркестерді орағытып өту мүмкін емес.

Тіл біліміндегі фразеология бөлімі – өте күрделі сала болып есептеледі де, әр түрлі аспектіде,әр қырынан зерттеуді қажет етеді. Ағылшын тілінің фразеологизмдерін зерттеуде А.В.Кунин біршама еңбектер қалдырды.Ағылшын тілі табиғатын зерттеген ғалымның еңбектері салыстырмалы, салғастырмалы бағыттағы зерттеулерге негіз болып,тың идеяларға шақырды.

Халықтар арасындағы мәдени байланысқа деген мұқтаждық, бір тілден екінші тілге деген аударманы, баламаны қажет етеді.В.Телия:”Мәдениет халықтың өзіндік ерекшелігі бар тарихи естелігі.Тіл өзінің кумулятивтік қызметінің арқасында оны сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа мұра етіп қалдырып отырады”[6,56]-деген екен.Тілдер арасын салыстыра, салғастыра зерттеу барысында ғана сол тілдің өз басын жеке алып қарағанда көзге түсе бермейтін ерекшеліктері, айырмашылықтары, өзіне тән белгілер айқындалады. Төмендегі мысалдардан қазақ тілі мен ағылшын тілдерінде қолданылатын сан компонентті тұрақты сөз тіркестері арасындағы жақындықты, кейбірінен, тіпті сөзбе-сөз сәйкес келетін ұқсастықтарды айтуға болады:

1) to kill two birds with one stone-бір оқпен екі қоянды ату 2) two dogs over one bone seldom agree-двум собакам;3) one bone one feeh-екі қошқардың басы бір қазанға сыймайды;4)in at one ear and out the other-бір құлақтан кіріп, екінші құлақтан шықты; екі:1)between two fire-екі оттың ортасы2)be in two minds-екі ойлы болу;3) as like as two peas-егіз қозыдай ұқсас (көз жасындай ұқсас);төрт: the four corners of the earth – әлемнің төрт бұршы;within these four walls- төрт қабырада;Know stb as one knows his ten fingers- біреуді он саусақтай білу;One lie needs lies to wait upon it- қырық өтірік;

Жегі саны ағылшын тұрақты сөз тіркестерін де көптік мағынада қолданылады. Dance to one's tune-Біреудің аузына қарай; Hold one's tongue-Тіліңді тый! All bread is not baked in one oven-Бес саусақ бірдей емес; Look like a million dollars; not have two cents to rub together, not a red cent деген тұрақты тіркестеріндегі "dollar", "bucks", "cent" лексемалары АҚШ ақша атауларына тән.

Ағылшын тілінің британдық нұсқасы тілдік норманың дұрыс қалпы, классикалық үлгісі болғанымен, американдық ағылшын тілінің үстемдігі басым. Осыған орай, американдық фразеологизмдердің де көпшілігі британдық нұсқаға әбден сіңісіп кеткен.

Horse stumbles that has four legs – екі аяқты адам түгілі төрт аяқты мал да сүрінеді;

Ағылшын тіліндегі тұрақты сөз тіркесінде мол ұшырасатын dozen сан компоненті өте күрделі лексика болып есептеледі.

"dozen" компоненті әр сөз тіркесінде әр түрлі to the dozen – тоқтамай сөйлеу мағынасында қолданылса, a baker's dozen қолданысында мүлдем өзгеше мағынаға ұласады.

Bunch of fives – бес саусақ, жұдырық мағынасында қолданылады.

Ағылшын тілінде "қырық" сан есімі тұрақты тіркестерде көп ұшыраса бермейді. Дегенмен, talk forty to the dozen – тоқталмай сөйлеу, бір сөздің орнына 40 сөз айту мағынасын береді. "Twenty" компоненті өте көп, аса мол мағынасында жұмсалуды мүмкін. Мысалы, be in twenty minds – шешімін таппау, қипақтау мағынасын білдіріп, қазақ тіліндегі санам санға ойым онға бөлінді деген фразеологизммен сәйкестендіруге болады.

Осы сияқты тұрақты сөз тіркестерін салыстыра отырып, ұлттар арасындағы таным дүниесінің соншалықты ұқсастығын, дүние мен болмысқа деген көзқарастың сәйкестігін аңару қиын емес.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Н. Марр. *Избранные работы.* - Ленинград: Государственная социология – Экономическое издательство, 1936. Т. 2. - 410 с.

2. Копыленко М. М. *Основы этнолингвистики.* - А, 1995. - 176 с.

3. Гумбольдт В. *Избранные труды по языкознанию.* М.: Прогресс, 1984. - 398 б.

4. Гумбольдт В. *Избранные труды по языкознанию.* М.: Прогресс, 1984. - 398 б.

5. Ә. Қайдар *Принципы классификации фразеологизмов и их классификационные группы в*

современном казахском языке // Қазақ тілінің өзекті мәселелері. - А., 1998 - 304 б.

6. Телия В. Н. *Что такое фразеология? М.: Наука, 1966. - 86 с.*

СӨЗ БАСЫНДАҒЫ ДЫБЫС СӘЙКЕСТІГІ ТУРАЛЫ ҒЫЛЫМИ КӨЗҚАРАСТАР

Хасенов Болат Рашидович

Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың PhD докторанты

Түйіндеме: Түркітану ғылымында өзекті мәселелердің бірі – сөз басындағы дыбыс сәйкестігі, осы сәйкестіктердің архетипі. Архетип термині тіл ғылымына психоаналитика арқылы енгені белгілі. Бұл терминді ғылыми айналымға енгізген К.Г.Юнг. Автор мақаласында тіл ғылымындағы (фонетикадағы) архетиптерге қатысты ғылыми тұжырымдарға тоқталады.

Тірек сөздер: архетип, дыбыс, түркі тілдері, дыбыс алмасулары, дыбыс сәйкестіктері.

Түркі тіл білімінде дыбыстардың акустикасы, артикуляциясы, алмасулары, сәйкестіктері, т.б. жайлы пікірлер айтылды. Бізге қызығы – ғалымдардың дыбыс архетипі жайлы көзқарастары. Архетип дегеніміз – адамзаттың барлығына қатысты ортақ бейнелер. Кез келген мифте, ертегіде бір-біріне ұқсас сюжеттер кездесіп жатады. Мысалы, Қорқыт, Апполон, Ертөстік, Алпамыс, Гильгамеш, Одиссея, т.б. аңыз-ертегілерде көптеген ұқсастықтар бар. Юнг бұлардың барлығын ортақ схемаға құрылған адам жанының архетиптері деп санайды. Оның практикасында мынадай да жағдайлар болған: ол африкаға саяхаттап барған кезінде әр түрлі психикалық аурумен ауыратын адамдардың түстерінен өздеріне мүлде таныс емес бейнелерді байқаған. Олардың түстердегі кейбір элементтер Грек, Рим мифологиясындағы мифологемалармен ұқсас болған. Юнгтің ойынша, адам жаны кез келген жерде, аймағына, ұлтына қарамай түп бейнені жаңғырта алады. Юнг көрсеткен архетиптер мыналар: Сәби, Абыз, Ұлы ана, Дева (Бикеш), Самость (Тұтастық), Тень (Көлеңке).

Біз архетип терминін дыбысқа қарата қолданғанда, түп дыбыс, алғашқы дыбыс қайсы деген мәселеге көңіл аударамыз. Себебі дыбыс – сөздің алғашқы элементі. Дыбысты танымай, сөзді түсіндіру мүмкін емес. Сол себепті біздің осы тараудағы міндетіміз – барлық дыбыстық сәйкестіктерге негіз болған түп дыбыс жайлы айтқан ғалымдар пікірін саралау және түп дыбысты анықтау болып табылады.

Түркітануда алғашқы дыбыс жайлы айтқан – В.Радлов. Сөз басындағы й~дж~ж~т~д~ч~ш~с~з... дыбыс сәйкестігі ғалымның назарына іліккен. Ол осы тізбектің басында й фонемасы алғашқы деп есептеген. 19 ғасырдың 80 –жылдарында й архетипінің өзгеруін және дамуын былайша көрсеткен: $j > z(\text{дж}), j > \check{c}, \check{c} > z, z > c, s > s'$. 1908 жылы шыққан еңбегінде жоғарыдағы тізбек өзгерген: $j > z(\text{дж}), j > \check{c}, \check{c} > z > s$ [1,256]. В.Радловтың бұл идеясын профессор В.А.Богородицкий әрі қарай дамытты. Оның ойынша, көне түркі тілі, половец тілі және көптеген «тірі» түркі тілдері й фонемасымен сөйлеген. Қырғыз және қырым татар тілдерінде й фонемасы дж ұяң аффрикатына өтеді. Ал қазақ тіліндегі ұяң ж дыбысы дж аффрикаты негізінде пайда болған [2,106]. Ғалым й дыбысынан не себепті дж және ж дыбыстарының пайда болатын түсіндірмеген, тек басқа жүйедегі тілдердегі дыбыс сәйкестіктері арқылы ғана ой айтып шектелген: «Можно принять, что дж – и ж' - представляют дальнейшее развитие j-, подобное изменению, например, народно-латинского j- в итал. дж и фр. ж, ср.итал. giuno, фр. juin «июнь» (по имени богини Юноны, лат. Juno) [2,106] б.

В.А.Богородицкий дж аффрикатының дамуына байланысты өз ойын әрі қарай былайша өрбітеді: тува, қарағас, хақас, шор тілдерінде қатаңға айналады (й дж ч), якут тілінде ч спирант с дыбысына ауысады, чуваш тілінде жіңішке с дыбысы пайда болады. Бұндай дыбыстық сәйкестіктердің ізі мадьяр-бұлғар тілдері кезеңінен бастап сақталған (8-9ғ.ғ.).

Радлов-Богородицкийдің сөз басындағы дыбыстардың архетипі й фонемасы деген пікірін Б.А.Серебренников, Н.З.Гаджиева, Е.Д.Поливанов, И.Г. Добродомов, т.б. ғалымдар қолдаған. Осы ғалымдардың ішінде Б.А.Серебренников пен Н.З.Гаджиеваның орны ерекше. Олар В.Радлов пен В.Богородицкийдің пікірін қолдап қана қоймай, бұл тұжырымға қарсы пікір айтқандарға жаңа дәлелдер тауып, оларды барынша қорғаштады. Ғалымдардың дәлелдері төмендегідей:

1). Закономерность перехода й в дж перед гласными звуками имеет место в истории ряда языков. В испанском, португальском языках латинский й в начале слова перешел в аффрикату дж перед гласными звуками. В некоторых новоиндийских языках аффриката дж соответствует й в начале слова в древнеиндийском языке. Переход й в дж имел место и в иранских языках. Следовательно, все это не случайное фонетическое явление, а следствие определенной системы изменения звуков в данной позиции. Данный постулат должен служить основой предположения о первичности й в начале слова в тюркских языках.

2). Ғалымдар сөз басында й дыбысының дж аффрикатынан бұрын пайда болуына жанама фактілерді алға тартады. Кейбір түркі тілдерінде (мысалы, қырғыз, алтай тілдерінде) қысаң дауыстылардан кейін дж-ның түсіп қалады. Ыр – жыр, ырақ – жырақ.

3). 17-18 ғасырлардағы ұйғыр әдеби тілінде й дыбысынан басталатын сөздер өте көп болған, ал сөз басында дж, ж дыбыстары сирек кездескен [3,107].

Сөз басындағы й~дж~ж~т~д~ч~ш~с~з... сәйкестігінің дамуы туралы зерттеушілердің ойларын Э.Р.Тенишев былайша жинақтаған:

1.«Первичный *j наиболее полно сохранился в языках рунических, древнеуйгурских, караханидско-уйгурских, чагатайских, кипчакских и куманских памятников в силу традиционного момента в развитии древних литературных тюркских языков. Из современных языков *j удержали больше всего огузские, в меньшей степени кипчакские и карлукские языки».

2.«Ближайший этап развития j – это превращение его в дж (j>дж)». Дж аффрикаты сөз басында қыпшақ тобындағы тілдерде және қыпшақ тілдерінің әсеріне ұшыраған тілдерде (қырым-татар, салар, сарыұйғыр,

өзбек, кыргыз тілдері) кездеседі.

3. «Путем ослабления и утраты смычки аффриката дж развивалась в щелевой звонкий \hat{z} ». Ж дыбысы кыпшақ тілдеріне тән.

4. «В результате оглушения \hat{z} возник глухой смягченный ξ , ($\hat{z} > \xi$), в чулымском, хакасском и сарыуйгурском языках, что составляет их единство вместе с другими признаками».

5. «Утрата щелевого элемента аффрикатой дж привела к образованию палатализованного переднеязычного d' в алтайском языке с его глухой парой t' (z (дж) $> d' > t'$).

6. Аффриката z (дж) в некоторых диалектах алтайских языков, развиваясь в дальнейшем, превратилась в глухие и звонкие заднеязычные согласные [$t' > k' > k$ и $d' > g' > g$].

7. Дж аффрикатының қатандануы арқылы ч (тш) аффрикаты пайда болған. Бұл алтай, шұлым, тува, тофа, сарыуйғыр тілдерінде көрініс береді.

8. Ызын ұян z дыбысының шығуы д дыбысымен байланысты. Мысалы, татар, башқұрт, қарашай-балқар тілдерімен қатар, кейбір оғыз тілдерінде (эзерб.) ұшырасады.

9. z дыбысының қатандауы арқылы s қатаң дыбысы туындаған. S дыбысы хакас, якут және оның жіңішке түрі чуваш тілдерінде кездеседі. [1,275-277].

Айтылғандардың барлығын Б.Сағындықлы төмендегі үлгі бойынша былай көрсетеді:

й (ен.-орх., ұйғ., код. кум., эзер түр., түркм., гаг)

дж (кырг., кар. бал., өзб., тат. диал.)

дж – ж (каз., ноғ., қ. қалп., тат., баш.)

дж – ж – ш, (шұлым, хакас, сарыуйғыр.)

дж – д, – т, (алтай)

й

дж-д – т – к, –к (алтай тілд. диал.)

дж- д – г – ғ (алтай тілд. диал.)

дж – ч (алтай, тофа, тува, хакас,

шор. т. б.)

дж-д – з, – з (баш., тат., эзер., кар.-

бал.)

дж – ч – ш – с (хакас, якут)

дж – ж' з' – с' (чуваш)

дж – д – дз – з – з' (түркмен)

Бұл тұжырымдармен, яғни й дыбысын архетип деп есептейтін ғалымдардың пікірімен, біраз ғалымдар келіспейді. Г.Рамстедтің пікірінше, алтай дәуірінде дж аффрикаты й фонемасына ауысқан. Ғалым дж аффрикаты мен тіл ортасы й дыбысы көне дәуірлерде ұзақ уақыт қатар қолданылғанын айтады [4].

С.Малов болса, дыбыстардың көнелері ретінде дж, ч, ш дыбыстарын көрсеткен, ал й дыбысы жазуда өте сирек пайдаланылғанын алға тартқан.

Қарашай-балқар тілінің маманы Ш.Ақбаев «Фонетика диалектов карачаево-балкарского языка» еңбегінде сөз басындағы й~дж~ж~т~д~ч~ш~с~з... сәйкестігіне ерекше көңіл бөледі. «Согласно вышеприведенным рассуждениям, рассмотренные современные начальные согласные, какие мы имеем по языкам и диалектам, исторически сходятся в одном фокусе в звуке дж, который в течение длительного времени реализовался по языкам и диалектам различным образом, проходя особый путь развития в каждом языке, дал все

современные соответствия... Однако вся система вышеприведенных аргументов, говорящих о том, что дж – самый древний звук из которого развились все другие звуковые виды, нарушается одним известным положением «о постоянном увеличении в составе тюркских согласных элементов звонкости», следовательно, об озвончении глухих. «Если для орхонского периода, – пишет А.М.Щербак, – характерно всеобщее употребление в указанной позиции только глухих заднеязычных и зубных (т, к и кь), то в отношении более отдаленного времени можно допустить и существование единого начального н». Число начальных глухих для еще более отдаленного времени можно пополнить еще одним звуком – глухим ч, который и дал в конечном счете современные начальные соответствия. Таким образом, самым древним из рассмотренных согласных вернее всего признать ч, и тогда наш пучок несколько видоизменяется [5, 87-88].

Ш.К.Ақбаевтің үлгісі

Өзбек ғалымы Ф.А.Абдуллаев Ш.К.Ақбаевтің бұл пікірін толық қолдайды. Оның ойынша, көне кезеңдегі түркі тілдерінің басым көпшілігінде сөз басында ч аффрикаты қолданылған. «Мы считаем тувинский, шорский, хакасский языки и северные диалекты алтайского языка, как и язык желтых уйгуров, самыми древними, сохранившими до наших дней, наряду с другими особенностями, основные фонетические признаки, характерные для тюркских языков еще задолго до появления письменности.

Джеканые для некоторых современных тюркских языков надо считать закономерным историческим процессом развития чеканья, а йоканья и выпадение начального согласного – дальнейшим развитием этого процесса. «Расщепление» аффрикаты (ч) на соответствующие согласные с, ш, т, дж, й и т.д. неадекватно объяснить лишь причинами фонетического характера, а следует рассматривать и как результат все более осложнявшейся формы общения, потребности дифференциации значений слов и грамматических элементов» [5, 201].

Қазақ тіл білімі ғылымында дыбыстық сәйкестіктердегі архетиптерді арнайы қарастырған – Б.Сағындықұлы. Ғалымның «Фонетические закономерности развития лексики тюркских языков» атты еңбегінде былай деп жазады: «установить архетипы соответствий, которые в течение длительного времени порождали дискуссии в тюркологии. А именно главные из них: й ~дж ~ж ~т ~д ~ч ~ш ~с ~з в начале слова, л ~ ш, р ~ з и й ~дж ~д ~т ~г ~з ~д'з' ~р в середине и конце слова. Оз зерттеу еңбегінде ғалым архетип дыбысқа катысты ойын білдіріп, жалғыз ғана фонеманы архетип деп атау қате екендігін айтады. Оның пікірінше, дауыссыз дыбыстар сәйкестігі тізбегінде аффрикаттар немесе дыбыстар тіркесі негізгі формалар болған. Мәселен, оғыз тілдерінің архетипі – тй, дй дыбыс тіркесі, кыпшақ тілдерінде дж аффрикаты, қарлұқ-ұйғыр тілдерінде тй, дй және дж, чуваш, якут, хакас, алтай тілдерінде тс (ц), тш (ч), тс (тьсь), дз (дьзь), қарашай-балқар тілінде дз, тс, тш, т.б. Және осы дыбыс тізбектерінің барлығы бір арнаға тоғысып, ең көне архетип т (с/ш) аффрикаттарының негізінде пайда болған



деп есептейді. Сонымен қатар, Бағыс Ғұн тармағында тс (ц), ал Шығыс Ғұн тармағында тш (ч) аффрикаталары ең көне екендігін және бұлардың барлығы тілдік фактілермен нақтыланатындығын көрсетеді [4,7].

Түркітану ғылымында дыбыс алмасу, дыбыс сәйкестігі туралы пікірталастар өте көп. Біздің ойымызша, соңғы кездегі зерттеулердің ішінде Б.Сағындықұлының гипотезалары дыбыстық сәйкестіктер туралы айтылған бірден-бір дұрыс көзқарас. Оның еңбегі – түркітануда ғылымындағы дыбыс архетипіне қатысты жазылған сүбелі зерттеу болып табылады. Ғалым математикалық формулалар негізінде ерін, көмей, мұрын жолды, т.б. дыбыстарының пайда болу табиғатын ашады. Өкінішке орай, баяндама талаптарына сәйкес бұл жерде ғалымның ой-болжамдарын толық келтіруге мүмкіндік болмады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Фонетика. – М. – 1984. – 602 с.
2. Богородицкий В.А. Введение в татарское языкознание в связи с другими тюркскими языками. – кахань, 1953. – 453 с.
3. Серебренников Б.А., Гаджиева Н.З. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. – Баку, 1979. – 354 с.
4. Сағындықұлы Б. Фонологические закономерности развития лексики тюркских языков. – Алматы: Арыс, 2009. – 308 с.
5. Акбаев Ш.Х. Фонетика диалектов карачаево-балкарского языка: Опыт сравнительно-исторического изучения. – Черкасск, 1963. – 203 с.

TÜRKÇE SÖZLÜKTEKİ AKRABALIK ADLARININ TASNİFİ

Onur ÖZDEMİR

Niğde Ömer Halisdemir Üniversitesi

Çağdaş Türk Lehçeleri Ve Edebiyatları bölümü

Danışmanı: Prof. Dr. Abdirasilova.Gulmira Kalıbaikyzy

Kazak Ulusal Kızlar Pedagoji Üniversitesi

Түйіндеме: Түрік тіліндегі сөздіктер бойынша туыстық атаулар жүйесінің лексика-семантикалық құрамы мен құрылымы туралы зерттемелер барысында елтанымдық, мәдениеттанымдық құндылық тұрғысынан қарастырып, және түрік тілдеріндегі туыстық атаулардың өз ішіндегі жас ерекшелігі, жыныс ерекшелігі, жолы бойынша бөлінген жеке атаулар, аталас туыстық (өз жұрты) және шеше туыскандары (нағашы жұрты) бойынша туыстық атаулар бойынша жіктеу жасалынды.

Giriş

Сөз varlığı üzerine yapılan çalışmalar söz konusu dilin olduğu kadar o dili konuşan insanların özellikleri hakkında da önemli ipuçları ortaya koyar. Bir dilin yalnızca söz varlığının incelenmesiyle, o dili konuşan ulusun yaşadığı, o toplumdaki kültür hareketleri ve başka uluslarla ilişkileri hakkında büyük ölçüde bilgi edinilebileceği (Aksan, 1998: 139) dilbilimcilerin ortak görüşüdür. Söz varlığı çalışmaları içerisinde akrabalık adlarının özel bir yeri vardır çünkü akrabalık adları bir anlamda dilin mirası olup yaşamasını ve geleceğe uzanmasını sağlar. Soydan bunu şöyle belirtir:

Temel sözvarlığı içinde önemli bir grup da insanın en yakın çevresi olan aile topluluğunu oluşturan bireyler arasındaki akrabalık bağlarını tanımlayan terimlerdir. Bu terimler, bireyin aile içindeki konumunu ve mensubu olduğu topluluktaki statüsünü belirtirler. Bu tür terimleri incelemekle bir ölçüde o dilin kalıt ya da temel sözcüklerinin hangi dillerden oluştuğunu, hangi kültürlerin bu oluşuma etki ettiğini görme olanağı sağlanmış olur, (Soydan, 2003: 43-56)

Türkçe Sözlük'te akraba; 1. huk. Kan bağıyla birbirine bağlı olan kimseler. 2. Oluşma yönünden aynı kaynağa dayanan şeyler. 3. mec. Biri, diğerinin doğurduğu sonuç veya olgular olarak belirtilir. Akraba sözü Arapçadan ödünçleme olup “yakınlar” anlamındadır. Aslında bu sözcük karib (yakın) sözcüğünün çoğulu olup aslı akriba'dır. Ancak Türkçede tekil bir anlamda kullanılmış

ve akraba olarak yaygınlaşmıştır.

1. Eş Anlamlılık Bakımından Akrabalık Adları

Tespit edilen akrabalık adları eş anlamlılık bakımından aşağıda sıralanmıştır: En çok bilinen ve kullanılan akrabalık adına, eş anlamlılarını temsilen başta yer verilmiştir. Parantez içindeyse ilgili akrabalık adının sözlükteki eş anlamlıları belirtilmiştir.

Abla Abi (Ağa, Ağabey, Ede, Efe) Baba (Peder) Amca Kızı (Böle, Emmi Kızı, Kuzin, Yeğen) Amca Oğlu (Amcazade, Böle, Emmi Oğlu, Kuzen, Yeğen) Amca (Emmi) Analık (Üvey Anne) Anne (Valide) Anneanne (Ebe) Babaanne Bacanak Baldız Besleme (Besleme Kız, Beslemelik, Beslek) Büyükanne (Kadımnine, Nine) Çocuk (Bala, Çağa, Etfal, Evlat, Kerime, Kız, Kızan, Mahdum, Oğul, Oğlan, Sabi, Sübyan, Tifil, Uğak, Velet) Damat (Güveyi, Gç Güveyisi) Dayı Dayı Kızı (Böle, Kuzin, Yeğen) Dayı Oğlu (Dayı Zade, Böle, Kuzen, Yeğen) Dede (Büyükbaba, Büyükpeder) Dünür Ebeveyn Elti EniÇte Evlatlık (Oğulluk) Görümce Hala Kızı (Böle, Kuzin, Yeğen) Hala Oğlu (Böle, Halazade, Kuzen, Yeğen) Hala (Bibi) Haminne Türkçe Sözlükteki Akrabalık Adlarının Tasnifi 1697 Turkish Studies International Periodical For the Languages, Literature and History of Turkish or Turkic Volume 7/4, Fall, 2012 Hemşirezade (Yeğen) Kardeş (Ahi, Birader, Dadaş) Karı (Avrat, Ayal, Eş, Ehil, Gelin, Refika, Hanım, Harem, Hatun, Zevce) Kayın (Gni, Kayınbirader) Kayınbaba (Babalık, Kayınpeder, Kaynata) Kayınvalide (Hanımanne, Kaynana) Kız Kardeş (Bacı, Hemşire) Kirve Koca (Ağa, Ehil, Eş, Refik, Zevç) Kuma (Ortak) Sağdıç

Süt Baba Süt Kardeşi Süt Kız Süt Oğul Sütanne, Sütüne Teyze Teyzezade (Böle, Kuzen, Yeğen) Torun (Ahfat, Döl Döş, Oğul Uşak) Üvey Baba (Babalık) Üvey Kardeş (Taygeldi) Yenge (Bula, Gelin Abla) Türkçe, akrabalık adlarının sadece sayıca fazlalığı olarak değil, eş anlamlıları bakımından da zengin bir dildir. Türkçe kökenli veya yabancı dillerden dilimize geçmiş akrabalık durumunu karşılayan birçok eş anlamlı sözcük bulunur

2.Yaşa Bağlı Büyüklük-Küçüklük Bakımından Akrabalık Adları

Bazı akrabalık adları yaş olarak büyüklük-küçüklük anlamı verir. Bu sözcükler şunlardır:

Büyüklük: Abi (Ağa, Ede, Efe, Ağabey), Abla, Anneanne (Ebe), Babaanne, Büyükanne (Nine, Kadinnine), Dede (Büyükbaba, Büyükpeder), Haminne (anneannenin annesi), Kayınbaba (Kaympeder, Kaynata), Kayınvalide (Kaynana, Hanımanne).

Küçüklük: Çocuk (Kız, Kızan, Bala, Çağa, Mahdum, Oğlan, Etfal, Sabi, Sübyan, Tıfıl, Uşak, Velet) ve Torun (Oğul Uşak, Ahfat, Döl Döş) ile Kız Kardeş (Bacı, Hemşire, Şvester).

Sözlükte madde başı olarak erkek kardeşin olmayıp kız kardeşin bulunduğu görülür. Bu durum, halk arasında kardeş denilince önce erkeğin anlaşılmasından kaynaklanır. Kardeş kelimesi tek başına kullanıldığında ise yaş olarak büyüklük-küçüklük ya da cinsiyet durumu 1698 Selim EMİROĞLU Turkish Studies International Periodical For the Languages, Literature and History of Turkish or Turkic Volume 7/4, Fall, 2012 belirtmemektedir. Kişi, kendisinden büyük veya küçük (abla, abi) kardeşlerini yeri geldiğinde sadece kardeş olarak belirtebilir.

Diğer akrabalık adlarında yaşa bağlı bir anlam çıkarmak mümkün olmamaktadır. Örneğin dayı sözcüğü ele alındığında, dayı olacak bireyin yaşını belirlemek mümkün değildir. Bir kimsenin birden fazla dayısı varsa bunları küçük dayı, ortanca dayı, büyük dayı biçiminde ya da isimleriyle birlikte kullanarak (Ahmet Dayı, Oğuz Dayı vs.) ifade etmesi gerekir.

3.Cinsiyet Bakımından Akrabalık Adları

Cinsiyet bakımından akrabalık adlarını kadın, erkek ve nötr (yansız) biçiminde ayırmak gerekir. Sözlükte geçen ve cinsiyet olarak kadını belirten akrabalık adları şunlardır:

Kadın: Abla, Amca Kızı (Emmi Kızı, Kuzin) Analık (Üvey Anne), Anne (Valide), Anneanne (Ebe), Babaanne, Baldız, Besleme (Besleme Kız, Beslemelik, Beslek), Büyükanne (Nine, Kadinnine), Dayı Kızı (Kuzin), Elti, Görümce, Hala (Bibi), Hala Kızı (Kuzin), Haminne, Karı (Avrat, Gelin, Refika, Hanım, Harem, Hatun, Zevce, Ayal), Kayınvalide (Kaynana, Hanımanne), Kerime (Kız), Kız Kardeş (Bacı, Hemşire, Şvester), Kuma (Ortak), Süt Kız, Sütanne (Sütüne), Teyze, Yenge (Bula, Gelin Abla).

Sözlükte geçen ve cinsiyet olarak erkeği belirten akrabalık adları şunlardır:

Erkek: Abi (Ağa, Ede, Efe, Ağabey, Birader, Dadaş), Ahfat, Amca (Emmi), Amca Oğlu (Amcazade, Emmi Oğlu, Kuzen), Baba (Peder), Babalık (Üvey Baba), Bacanak, Dayı Oğlu (Dayı Zade, Kuzen), Dede (Büyükbaba, Büyükpeder), Enişte, Hala Oğlu (Halazade, Kuzen), Kayın (Kayınbirader, İni), Kayınbaba (Kaympeder, Kaynata), Koca (Ağa, Refik, Zevç, Damat, Güveyi, İç Güveyisi), Kızan, Mahdum, Oğlan, Oğul, Süt Baba, Süt

Oğul, Teyzezade.

Oğul ve zade sözcüklerinin özellikle geçmiş dönemlerde cinsiyet ayrımı belirtmeden, hem kız hem de erkek çocuk için kullanıldığı düşünülürse teyzezade her iki akrabalık adını da karşılar ancak sözlük anlamı bakımından teyzezadenin günümüzde teyze oğlu kullanımını yani erkek cinsiyetini belirttiği anlaşılmaktadır. Çünkü hala oğlu, hala kızı; amca oğlu, amca kızı gibi 4. Derece akrabaları birbirinden ayırmak ve akrabalık ilişkisinin adını koymak için oğlu ve kızı sözcüklerinden yararlanılır. Oysa sözlükte teyze oğlu ve teyze kızı bulunmamaktadır. Sözlükte geçen ve cinsiyet olarak nötr (yansız) olan yani cinsiyet olarak bellibir netlik taşımayan akrabalık adları şunlardır:

Nötr (Yansız): Böle, Çocuk (Bala, Çağa, Etfal, Velet, Sabi, Sübyan, Tıfıl, Uşak, Evlat), Eş (Ehil), Evlatlık (Oğulluk), Hemşirezade, Kardeş (Ahi), Sağdıç, Süt Kardeşi, Torun (Döl Döş, Oğul Uşak), Üvey Kardeş (Taygeldi), Yeğen.

Sonuç

Akrabalık adları bir dilin özgünlüğünü, zenginliğini, büyüklüğünü, tarihi tecrübelerini, geleneklerini ve kültürünü ortaya koyan önemli bir ölçüttür. Türklerde hem kan yoluyla hem de toplumsal ilişkiler nedeniyle akrabalık adları görülür. Türk toplumunda akrabalığa büyük önem verildiğinden kan yoluyla veya evlilik yoluyla kurulan akrabalıklar dışında oluşturulan yakınlık ve akrabalıklarla da akrabalık kavramı genişletilmiştir. Böyle bir yaklaşımla dayanışma, sosyallik, yakınlık ve ihtiyaçların karşılanması hedeflenmiştir. Türk toplumu kolektif bir yapıya sahiptir. Bundan dolayı akrabalık ilişkileri gelişmiştir. Sorunların çözülmesinde, yardımlaşma ve dayanışmada akrabalar birbirlerine destek çıkarlar. Türk atasözleri ve deyimlerinde et tırnaktan ayrılmaz misali akrabalığın vazgeçilmezliği belirtilir. Teyzenin ana yarısı, amcanın baba yarısı sayıldığı bir toplumda akrabalık ilişkilerinde sorunlar yaşansa da bu birlikteliğin kalıcılığı ortaya konulur. Çalışmada Türkçe sözlükteki akrabalık adları çeşitli ölçütler doğrultusunda sınıflandırılmıştır. Sözlükte akrabalık adları kapsamında sevgi ifadeleri, argo kullanımlar, ses değişimine uğramış biçimler, çeşitli yakıştırmalar, saygı bildiren kalıp ifadeler, cinsiyeti belirten sözcükler, modern kullanımlar ve akrabalığa dönüşmeyen ifadeler hariç tutulduğunda, eş anlamlıları ile birlikte 150 kadar akrabalık adının yer aldığı tespit edilmiştir. Söz konusu akrabalık adlarının özelliklerinden hareketle oluşturulan tasnif göz önünde bulundurulduğunda bir akrabalık adının; (örneğin teyze) akrabalık derecesinden, medeni durumuna; cinsiyetinden kökenine kadar taşıdığı özellikler üzerinde fikir edinmek mümkündür.

Günümüzde akrabalık kavramına yüklenen anlam biyolojik bir yapıdan çok psikolojik bir yapı kazanmıştır. Gençlerin kan kardeşliği (kanka) dedikleri dostları ile her türlü sırlarını paylaştıkları görülür. internet yazışmalarına bakıldığında gençler, ağırlıklı olarak, akrabadan dost olabileceğine pek ihtimal vermediklerini, daha çok yakın ilişki kurdukları arkadaş ve akranlarını dost sayabileceklerini belirtmektedirler. Bunun yanında özellikle büyük şehirlerde akrabalık bağlarının giderek zayıfladığı görülmektedir. Ziyaretler, sosyal dayanışma, yardımlaşma bakımından akrabalık kurumu yaşatılmalıdır. Sosyal dayanışma en çok akrabalar arasında görülür. Bir toplumda akrabalık bağları ne kadar sağlam olursa o

toplum o kadar sağlam ve güçlü olur.

КАУНАҚСА

AKSAN, Doğan. (1998). *Her Yönüyle Dil Ana Çizgileriyle Dilbilim. 1. Cilt, Ankara: TDK Yayınları.*

AKSAN, Doğan. (1999). *Türkçenin Gücü. 6. Basım. Ankara: Bilgi Yayınevi.*

BALAMAN, Ali Rıza. (2002). *Evlilik Akrabalık Türleri.*

Ankara: Kültür Bakanlığı Yayınları

BİNLER, Mehmet Ziya. (2006). *Türk Dünyası Aile ve Akrabalık Terimleri Sözlüğü. İstanbul: Selenga Yayınları.*

BURAN, Ahmet (2000). *Gakgo / Gakgoş Kelimesinin Kökeni ve Anlamı. Türk Dili (578). şubat, s.173-178.*

ТІЛ ТАҒДЫРЫ – КЕМЕЛ КЕЛЕШЕК КЕПІЛІ

Тухтамурадов Ж.К., Ғазизов Н.С.

Ғылыми жетекші - ф.ғ.д., профессор Смағұлов Ж.Қ

**Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы Қарағанды қаласы**

Тәуелсіздік алған уақыттан бері еліміздің өзекті мәселесінің бірі - тіл мәселесі. Себебі кеңестік кезеңде Қазақстанның байырғы тұрғындары қазақ ұлтының тілі өз функцияларының көпшілігінен айрылып қалғаны белгілі. Жаһандану үрдісінің Қазақстанға әсерінің бірі ағылшын тіліне сұраныстың артуы. Сондықтан мемлекеттік тіл саясаты қазіргі қоғамдағы маңызды істердің бірі. Конституцияда тайға таңба басқандай мемлекеттік тіл – қазақ тілі деп жазылды. 2016 жылы мемлекеттік тілді меңгерген тұрғындар саны 86% жеткенін мәдениет және спорт министірлігі Арыстанбек Мұхамедияұлы Астанадағы үкімет отырысында баяндады. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан - 2050» стратегиясында тілімізге айрықша назар аударылуы тегін емес. «Мәңгілік ел» идеясы осы құжатта кемелденген ел келешегіне байланысты ерекше орынға ие. Бұл идеяның басты жүзеге асыру жолы да көрсетіледі. Тілге деген саналы көзқарас, жауапкершілік пен ұлттық интелегенцияны күшейту басты шарты болып табылады.

Қазіргі таңда үштілділік еліміз үшін өзгеше құбылыс. Мемлекеттік тіл – қазақ тілі, ұлтаралық қатынас – орыс тілі, жаһандық тіл – ағылшын тілі. Үштілділікті жақсылап меңгеріп, іс жүзінде жүзеге асыру керек. Жылдар өткен сайын ағылшын тілінің қажеттілігі артауда. [1].

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі қазақ тілі ахуалы

Ел тәуелсіздігі аясында 1989 жылдың қыркүйектің 22 жұлдызында тіл туралы заң қабылданды. Сол кезден бастап президентіміз «Қазақстанның болашағы қазақ тілінде» деп, айтқан еді. Қазақстанның мемлекеттік тілі – қазақ тілі деп, конституцияның 7 тармағында нақты бекітілді. Сонымен қатар ұлт аралық тіл орыс тілі және жаһандық тіл болып ағылшын тілдері баяндалды. Орыс тілі мемлекеттік тілмен тең қолданылса да, халқымыздың көп бөлігі қазақ тілін жітік меңгерген жағдайда, орыс тілінің қажеттілі болмай қалатыны даусыз [2; 5-6 б].

Мемлекетіміз бойынша жаңа мектептер мен балабақшалар салынды. Мектеп қабырғасында білім алып жүрген оқушылардың көрсеткіші 70% жетті. Ал, енді мектепке қадам басқан бірінші сынып оқушыларының саны 89%. Десекте, бұл деректерді тексерістен өткізу керек. 2016 жылы білім және ғылым

министірлігі ҰБТ-ны қазақша тапсырғандар 72%-ға жеткесті және 80% грантты мемлекеттік тілдегі маман өкілдеріне берілгенін Тамыз кеңесінде мәлімдеді. Университеттерде оқитын қазақ тобындағы студенттер тәуелсіздік алғаннан бері 63% өсті. Көңіл қуантарлық нәтиже. Оған қоса бұқаралық ақпараттарда, элеуметтік желілерде қазақ тілі кеңінен өріс алды. Десекте, мемлекеттік тілдің қазіргі ахуалы алаңдатады. Халықтың көбісі қоғамдық ортада орыс тілінде тіл-табысып, қазақ тілі екінші орынға түсіп қалуда. Көптеген құжаттар, мысалы заңдарымыз орыс тілінен қазақ тіліне аударылып, тіліміз бұрмалануда. Шала қазақша сөйлейтін әкімдер мен билігі бар басшылар екі сөздің басын қоса алмай, орысша сөйлеп жөнеледі. Өз тілін білмейтін жандар билік басында отыр [1].

2011-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының тілдерді дамыту мен қолданудың бағдарламасына сәйкес халқымыздың қазақ тілін толығымен игерген үлесін 2017 жылы 80%, 2020 жылға дейін 90% көтеру назарға салынды. «Егемен Қазақстан» газетінің 2016 жылдың 1 қазанында басылымына шыққан ақпаратқа сүйенер болсақ, сонау 1991 жылы қазақ тілін меңгерудің проценттік мөлшері 40% десе, 2015 жылы 80% жетіп жығылады деген дереккөрсеткішіне көз салсақ, ол көңіл қуантарлық сандар. Осы ақпарат ақиқатқа жанасса, неге мемлекетіміз өзінің төл ана тілінде сөйлемей отыр? деген сұрақ мазалайды. Қалған 20%-ды ақ сақалды аталарымыз бен ақ жаулықты апаларымыз, яғни зейнеткерлер мен өз ойын жеткізе алмайтын жас сәбилер құрауы мүмкін. Мемлекеттің жартысынан көбі тілді жітік білсе, оларға оны күнделікті қолдануға қандай бөгет бар?

Олардың тілді меңгергені шын болса, тіл мәселесі өз шешімін тапты деуге толықтай негіз бар. Алайда мән-жәйдің хақына келетін болсақ, жоғарыда жазылған ақиқат, ресми фактілермен жанаспайды. Оның себебі қазіргі таңда мемлекетіміздің 66,5% таза қазақтар құрайды. Ал, тұрғындардың 80% қазақ тілін меңгерген мемлекетте тілдік қоғамдық өмірде кез-келген сферасында іске жаратып, еш қиындықсыз қолданылуы абзал еді. Сәйкесінше, нақты фактілермен дәлелдеу артықшылық болар [3; 110 б.].

Егерді мемлекеттік тілге нақты сұраныс туындап, қоғамдағы қажеттілікке айналған тұста, барша адамдар тілді меңгеруге жұмылады. Сапалы білім

алып, жайлы өмір үшін, жұмыс барысында жоғары жетістіктерге жету, қомақы қаржыға иелену үшін керек екенін аңғарса, толығымен тілді меңгеру барысында ізденіп, соңына дейін оқуға ынтазары ашылып, бір мезгіл ізденеді. Расыменде басына күн туып, шын мұқтаждық туындаса, халық нені болсада оны меңгереді. Демек ана тіліміздің ахуалына сәйкес, шынайы зәру туғызатын заң қажет.

Еліміздегі үштілділіктің саясаты

Қазіргі таңда Қазақстан үштілділік саясатын қолға алуда. Осы заман ағалшын тілін қатты талап етіп келеді. Жаһандық әмбебап тілі екені сөзсіз. Қазақстан дамушы ел, сондықтанда ағылшын тілін үйрену, келешекте бізге көптеген мүмкіндіктер береді. Барлық әлем мойындаған ағылшын тілі – дипломатия тілі, БАҚ, медицина мен авиацияда кеңінен өріс алған. Әлемде 1,5 миллиард адам ағылшын тілінде сөйлесе, 1 миллиард адам ағылшын тілін үйренуде. Осы үлкен сандарға қарап, қорытынды жасауға болады [4].

Үштілділік саясатына кейбір азаматтар өз наразылығын білдіруде. Олардың айтуы бойынша, ең алдымен өз ана тіліміздің мәселесін шешіп алу керекпіз деген ойды алға тартады. Осының кесірінен, жастарымыз қай тілді үйренгенін түсінбей, мәңгүрттенеді дегендерде болды. Т.Тәңірбергенқызы: «Ағылшын тілін үйренгеннен біз мәңгүрттенбейміз. Ағылшын тілі қазақ тілін үйренуге ешқандай кедергі жасмайды. Тек соны түсіне білуіміз керек. Себебі, ағылшын тілі мемлекеттік тілмен бәсекелес емес» -деді. Әлемдік тілдік коммуникацияда, халықаралық қатынаста ағылшын тілі ойып тұрып орын алады.

Сондықтанда жастарымызға жаппай үйрету заман сұранысы. Елбасымыз ағылшын тілін үйренуге үлкен серпіліс жасау керектігін «Қазақстан- 2050» стратегиясында нақтылады. Көршілес мемлекеттермен салыстырғанда мемлекетіміз жақсы жетістіктерге жетіп, алдыда тұр. Алпауыт мемлекеттермен бір дәрежеде тұру үшін ағалшын тілі жітік білген абзал. [5].

Ерлан Сағадиев үш тілді оқуға байлайнысты реформа шығарды. Ол реформада химия, физика, биология, информатика сабақтары үштілде оқытылу көрсетілді. Оның ішінде ана тіліміз де қазіргі заманға сай жана әдістемелі кқұралмен оқыту көзделіп отыр. Осы сәтке орай, 73мың мұғалім арнайы оқу оқып, әдістемелікті меңгерді. Мәлімдемені іске асыру барысында, мемлекетіміздегі 2,5 мың бас мектеп ғаламтор жүйесіне енеді. Е.Сағадиевтің айтуы бойынша, ғаламтор жүйесі арқылы сапалы білімге қол жеткізуге болады. Президентіміздің халқына Жолдауында үштілділік саясатқа басты назарды ұстаздарға аударуды көрсетілді. Жаңаша оқыту, жоғары білім беру – мұғалімдердің парызы. Өзінің ана тілінді бағалай біліп, оны жітік меңгеріп, өзге тілдерді қатар ұстағанға не жетсін [6].

Қазақстан ағылшын тілін деңгейі бойынша 63 мемлекеттің ішінде 54 орынды иеленді. Ол туралы EF Education First білім беру бағдарламасының басшысы Эмма Уолтон хабарлады. Бірақ ол 7 жыл бойы тіл білімінің деңгейі артқаны жайлы мәлімденді. Жобаға 750000 Қазақстан азаматы қатысты. Алматы қаласының білім беру ұйымдары қауымдастығының

президенті Шамшия Қанаева ағылшын тілінің әлсіздігі мұғалімдерді оқытуда деген шешімге келді. Ғаламторда ағылшын тілін меңгерту және студенттердің ынтасын көтеру үшін сабақтан тыс клубтар мен телебағдарламаларды жүйелендіру ұсынылды. Сонымен қатар, ол, студенттерді шетелге тілді үйрету мақсатымен жіберу керек екендігі жайлы айтты [7].

SWOT талдау

Күшті жақтары

Тақырыпқа сай тіл мәселесіне байланысты күшті жақтары зерттеу барысында анықталды. Біріншіден, соңғы жылдары басқа ұлт өкілдерінің қазақ тілін меңгеруге ынтасының артуы. Көптеген өзге ұлттар арасында мемлекеттің тілдің маңызды екенін көрсететін үгіт-насихаттар жүргізілу үстінде. Мысалы «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» деген дөңгелек үстел өткізілуде. [8].

Сонымен қатар, ұлттық бірегейліктің және ынтамақтастықтың сақталуы. Барлық азаматтар біртекті қазақ тілінде сөйлей білсе, олардың арасында жақсы қарым-қатынастар қалыптасады.

Үшіншіден, БАҚ қазақ тіліндегі ақпараттар легінің көбеюі. Қазақ тілінің мәртебесінің артуы арқылы БАҚ-та өзгерістер орын алады. Мысалы қазақша ақпараттар мен эфирдегі қазақша телебағдарламалар саны артуда. БАҚ адамды қызықтыру арқылы кеңінен өріс алады.

Әлсіз жақтары

Әлсіз жақтарына тоқтала кетсек, ең алдымен, қазақ тілін үйрене алмаған азаматтардың шетел асуына бірден бір себеп болуы; Еліміздің кей азаматтары қазақ тілін үйренуге ынта білдірмеу себебінен өзінің тіліне қолайлы мемлекеттерге кетіп қалып жатады.

Екіншіден, үштілділікті дамыту үшін өте көптеген қаражаттың жұмсалуды; 2018 жылға арналған республикалық бюджет жобасында мемлекеттік білім беру ұйымдарының кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау көзделіп, соған орай 6,9 млрд теңге қаражат жұмсалды. [9].

Сондай-ақ, мемлекеттік қызмет салаларында тілді меңгерген білікті мамандардың аздығынан тиімсіз жұмыс істеуі.

Оған қоса, орыс тілін білмейтін ауыл адамдарының жеке өміріндегі қиындықтары (оралмандар мәселесі). Қазіргі таңда ауылда тұратын азаматтар және оралмандардың орыс тілін білмеу мәселесі бар. Қалада орыс тілді сөйлейтін азаматтармен түсініспеушілік пайда болады.

Мүмкіндіктер

Осы тақырыптың күшті жақтарына сәйкес, оның мүмкіндіктері бар. Біріншіден, жас ұрпақ ағылшын тілі арқылы өзінің ой-өрісін кеңінен дамытады, әлемдік аренаға толықтай үңіле алады. Ағылшын тілін меңгерген жас буын өкілдері өзінің мүмкіндіктерін көптеген салаларда арттыра алады. Мысалы білім саласында жақсы жетістіктерге жету мүмкіндіктері ашылады.

Бір қызығы, әлемдегі 10 миллион кітаптың 85 пайызы ағылшын тілінде жазылған екен. Ол ғылымның негізгі жолы. Ағылшын тілін меңгерген жағдайда осы кітаптарды еркін оқи аласыз. Иновациялық ағымға жол ашылады [10; 14-15 б].



Қазақ тілін жітік білген маманға жұмыс табу мүмкіндігі артады. Жұмысқа орналасу барысында мемлекеттік тілді білу жұмыс талабы болып саналады. Оны меңгерген жағдайда оңай жұмысқа тұру мүмкіндігі бар.

Бұдан бөлек, үштұғырлы саясаттың арқасында Қазақстан дамыған 30 елдің қатарына кіреді. Дамыған 30 елдер ағылшын тілін жақсы меңгерген. Осы арқылы Қазақстан үздік 30 елдердің құрамына ене алады. Сөзсіз осы мүмкіндіктер арқылы көптеген жетістіктерге жетуге болады.

Қауіп-қатерлер

Осы мәселе туындау барысында, біршама қауіп-қатерлер анықталды. Біріншіден, үштілділікті меңгереміз деп жүріп, шетелдің мәдениетіне артық еліктеушіліктер пайда болады. Шетелдің кейбір дәстүрлері біздің елге енеді. Соның кесірінен, өзіміздің мәдениетіміз шетке ысырылып қалуы ғажап емес.

Келесі қауіп қаржымен байланысты, яғни үштілділікті меңгеру үшін сол салаға көптеген қаржы кетеді, соның әсерінен басқа да маңызды салаларға көңіл бөлінбей қалады. Жоғарыда айтылғандай үштілділікке қыруар қаржы кетеді. Оның орнына әлеуметтік жағдайдың сапасын арттыруға немесе басқада салалар назарсыз қалу қауіп бар.

Өкінішке орай, орыс тілін білмеуден адамдар арасындағы түсініспеушілік татулықтың бұзылуы. Таза орыс тілде сөйлейтін адам таза қазақша сөйлейтін адамды түсінбей жатуы түрлі жағдайларға әкелу қауіп бар.

Практиканың жетіспеушілігі. Теория мен практика қатар жүретін процесс болғандықтан практика үрдісін арттыру керек. Үш тілдің де тыңдалым, жазылым, оқылым сияқты практикалық тапсырмалардың санын арттыру. Қоса кеткенде, ағылшын тілінің дағдылары қиындық туғызады.

Үйретуге арналған кітаптардың үйренушіге қызықты, тартымды болмауы. Көптеген оқулықтарды оқып отырғанда үйренуші адамның іші пысып кетеді. Сол себептен оқуға ынталандыратын мазмұны қызықтырақ, әрі көркем тартымды оқу құралдар ба-спасын шығару.

Сөз қорының аз болуы да мәселе болып табылады. Бірте - бірте тілді үйренушінің деңгейі артқан сайын әдеби шығармаларды түсінуге жол ашады. Ол оның сөз қорының көбеюіне алып келеді. Әдеби шығармалар сөздік қордың дамуында үлкен рөл ойнайды.

Тілдің шұбарлануы, яғни қазақша сөйлеп тұрып орысшаны қосу. Тілдің тазалығы сақталмайды. Бір сөзі қазақша келесі сөзі орысша болып жатады. Ана тіліміздің шұбарлануы ол үлкен мәселе болып табылады. Сенің ойың бір тілде толыққанды жеткізілуі керек. Басқа адам оның ойын түсінбей қалады деген мақсатпен сөйлемге орысша сөздер қосқан дұрыс емес. Сонымен қатар тілдің бұрмалануына төтеп бере білгеніміз абзал.

Барлығымыз адам болғандықтан жалқаулық пен еріншектік мәселесі бар. Ол адамға рахат сыйлағанымен арты үлкен қиындықтарға алып келеді. Сондықтан арлы адам болуымыз керек. Тілде бар да істе жоқ. Егер де шынымен қаласаңыз, ол істі жасай аласыз. Сондықтан да жалқаулықтан арылуымыз өте

маңызды. Қазақ «Ерінбесең еңбегін өнеді» деп бекер айтпаса керек.

Шешу жолдары

Зерттеу барысында, мәселеге қатысты шешу жолдары анықталды. Біріншіден, баланы бала-бақшадан бастап үш тілділікке баулу арқылы ынтасын ашу. Балаларды кішкентай кезінен бастап жан-жақты ету. Осы кезеңде олардың жады өте жақсы жұмыс істейді.

Екіншіден, әрбір Қазақстан азаматы саналы түрде ат салысып, оның маңызын сезіну керек. Кейбір азаматтар бұл мәселеге немқұрайлықпен қарауда. Кез-келген мемлекет тұрғыны тіл тазалығын атолыққанды қарап, тіл үйренуде нәтижелі түрде ілгерілеуі керек.

Қазір 21 ғасыр болғандықтан, тіл құралдарын мобильді түрде енгізу мүмкіндігі бар. Ғаламтор арқылы ұялы телефонға арнайы қосымшаларды жүктеп, күнделікті қолдануға болады. Ол қосымшаның құрамында грамматика, сөздердің аудармасы т.б қамтыла алады.

Айтып кететін жайт, шет тілінен енген халықаралық терминдерді аударуға тырыспау. Қазір барлық мемлекеттерге сай халықаралық сөздердің қазақша аудармалары бар. Мысалы «альтернатива» сөзінің аудармасы – баламалы, «интернет» - ғаламтор, «прогресс» - үдеу. Осы сөздерді қазақша жаттау қиындықтар туғызады.

Білгір мамандарды даярлау. Өз саласының маманы, білікті де білімді оқытушыларды дайындау. Сонымен қатар, ол мамандар қызықты методикалар арқылы үйренушінің тарапынан қызығушылықтар ояту арқылы нәтижелі жұмыс жасауы тиіс.

Көптеген адамдар, өзінің бос уақытын қызықты киноларды көруге арнайды. Сол себептен, субтитрмен киноларды шығару. Фильмды көре отырып, сонымен қатарлас тілді үйрене алады.

Мектеп қабырғасындағы тілдер сабақтар санын көбейту және сабақтан кейін қосымша сабақтарды қою арқылы оқушылардың білімін арттыру. Оқушыларды жандандыру үшін, мотивация беру.

Сонымен қоса, SWOT-талдау арқылы жағымды және жағымсыз, мүмкіндіктер мен қауіп-қатерлерін анықталды.

Жалпы айтқанда, мемлекетіміздің болашағы оның тілінде. Кейбір мәселелер туындағаны мен тіліміз ілгері дамуда. Оның үстіне үштілділік саясаты көбіне жағымды әсер беруде. Болашақтағы тіліміздің мүмкіндіктері мен келешегі жоғары.

Тілдің тағдыры – елдің тағдыры екенін ешқанаашда жадымыздан шығармауымыз керек. Әр елдің азаматы өзінің тілін жітік білуі тиіс. Мемлекеттік тіліміздің дамуына барлығымыз бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып жұмыла ат салысуымыз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Мұхамедидіұлы: Халықтың 82 пайызы қазақ тілін меңгерген» (2017) <https://www.azattyq.org/a/28409674.html>
2. Б. Бодаубай // Егемен Қазақстан . - 2009. - 16 маусым. - бет. 5-6
3. Құрманбайұлы Шерубай//Қазақстан ғылымы. Энциклопедия. – Алматы, 2010. 2-том. 110 б.
4. «Так сколько же людей в мире говорят на английском?» (2010). <http://english-globe.ru/index>.

php?option=com_content&task=view&id=946&Itemid=0

5. Нұрсейіт Ә. «Үмілділік – жаңа заман сұранысы» (2016) / <http://abai.kz/post/46969>

6. Шукенова Ж. «Үмілділік – ұлы мақсаттарға жетелейді» (2016) <http://arna-news.kz/%D2%9B%D2%93am/%D2%AFshtildilik-%D2%B1ly-ma%D2%9Bsattar%D2%93a-zhetelejdi/>

7. «Қазақстан попал в число стран с плохим знанием английского языка» (2015). <http://www.diapazon.kz/kazakhstan/kaz-othernews/70256-kazahstan-popal-v-chislo-stran-s-plohim-znaniem-angliyskogo-yazyka.html>

8. Мемлекеттік тіл - ұлт мәртебесі [Текст] / Фару-

да Байбатанова // За Знание. - 2018. - №2, 6 наурыз. - Б. 8

9. Бекбасова А. «График внедрения трехязычия может измениться» (2017).

http://shield.ratel.kz/raw/grafik_vnedrenija_trehjazychija_mozhet_izmenitsja?page=2

10. Солташұлы БІ. Заман Талабы □□ көптілді болу. // Ақиқат. 26 қараша- 2012 ж. № 11. 14-15

СӨЙЛЕУ ЕТІСТІКТЕРІНІҢ СИПАТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТІЛДІК ЖҮЙЕДЕГІ ОРНЫ

Суамбекова Гүлбану Бақытжановна

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің
PhD докторанты

Ғылыми жетекші: ф.ғ.д., профессор Балқия Қасым

Түйіндеме. Мақалада сөздерге семантикалық зерттеу, талдау жүргізу тілдің ішкі сапалық қасиеттері, мәні мен заңдылықтарын анықтауға мүмкіндік беретінді жайлы зерделенеді. Сөйлеу етістіктерінің тіл жүйесіндегі орны, семантикасы, функционалды семантикалық қызметтері талданады. Туынды сөйлеу етістіктерінің мағыналық құрылымы мен семантикалық, мағыналық сипаты ашылады және сөзжасамдық аспектіден зерделеу өзектілігі туралы мәледе қарастыралды. Семантикалық өріс – кең ұғым, өйткені оның қрамына бірнеше ЛСГ топты кіреді. Сол семантикалық өрістің ішінде сөйлеу етістіктерінің ЛСГ функционалды ақпаратты қамтылады.

Тірек сөздер: Семантика, сөзжасам, түбірлес сөздер, семантикалық өріс, лексика-семантикалық, мағыналық ерекшеліктері.

Аннотация. В статье рассматривается исследования языковых средств выражения глагола речи на материале современного казахского языка. В статье обусловлена необходимостью рассмотрения глаголов речи с точки зрения лексической семантики. Вопросы точной классификации семантики глаголов в казахском языке видимо и в будущем будет составлять одну из ведущих направлений исследований в области изучения глаголов. Определить общие специфические признаки и особенности лексико-семантической группы глаголов речи. Семантическое поле – широкое понятие, которое может охватывать несколько ЛСГ. В рамках семантического поля информации функционирует ЛСГ глаголов речи.

Ключевые слова. Семантика, словообразование, однокоренное слово, лексико-семантическое, грамматическая, особенности значения.

Abstract The article deals with the study of language means of expressing the verb of speech on the material of the modern Kazakh language. The article is due to the need to consider the verbs of speech from the point of view of lexical semantics. Questions of the exact classification of the semantics of verbs in the Kazakh language will apparently in the future be one of the leading directions of research in the field of the study of verbs. Identify common specific features and characteristics of the lexico-semantic group of verbs of speech. The semantic field is a broad concept that can encompass several LSGs. In the framework of the semantic information field, the LSG of verbs of speech functions.

Key Words. Semantics, word formation, single-root word, lexico-semantic, grammatical, features meaning.

өрісі негізінде тіл бірліктерінің функционалды-

Етістіктер мағыналық қырынан, сөз таптары тұрғысынан зерттелгенімен, оның ашылмаған, зерттелуге тиіс нысандары баршылық. Дей тұрғанмен, етістіктің көптеген мәселелері тереңірек зерттеуді қажет етеді. Етістік – есімдерден кейінгі екінші орын да тұратын грамматикалық үлкен категория. Етістің қолданылу аясы аса кең, әрі мағыналық қырлары өте мол, көне замандардан келе жатқан тілдік құбылыс. Етістіктің жеке лексика-семантикалық топтарының мағыналық қырын анықтау қазақ тілтанымында толық зерттеліп біткен мәселе емес. Сөздерге семантикалық зерттеу, талдау жүргізу тілдің ішкі сапалық қасиеттері, мәні мен заңдылықтарын анықтауға мүмкіндік береді. Сөздік құрамдағы тілдік бірліктің мағыналық қыры, мәні арқылы белгілі бір деңгейге телінеді, семантикалық

прагматикалық қолданылу мүмкіндіктері, сөздің ішкі мүмкіндіктері анықталады, мағыналық сипаты ашылады. Осы тұрғыдан қарастырғанда, сөйлеу етістіктерінің мағыналық құрылымын зерттеудің маңызы ерекше. Сөйлеу етістіктерінің тіл жүйесіндегі екінші қызметі – грамматикалық, функционалды семантикалық қызметтері. Қазақ тіл білімінде етістіктің синтетикалық тұлғалар арқылы жаңа туынды мағына беретін жағдайы семантикалық тұрғыдан қарастырылмаған, оның жаңа атау туғызу мүмкіндіктері сөзжасамдық ұя деңгейінде туынды түбірлес сөздер, семантикалық өрісі зерттелмеген. Негізді туынды сөйлеу етістіктерінің мағыналық құрылымы мен семантикалық сөзжасамдық аспектіден



зерделеу өзекті. Өйткені туынды сөз ретіндегі етістіктің мағыналық құрылымын ономазиологиялық және семасиологиялық аспектіден саралау, олардың жаңа мағыналарының қалыптасуындағы негізгі ерекшеліктерін айқындауға көмектеседі. Функциональды лингвистиканың қарқынды дамуына байланысты сөйлеу етістіктерінің қызметін оқып-үйренуге деген қызығушылық артып отыр. Сөйлеу етістіктері зерттеушілер тарапынан етістіктер семантикасының жалпы жүйесіндегі маңызды желі ретінде танылып келеді. Бұл сөйлеу етістіктері орыс тілі және түркі тілдерінде біршама жеткілікті зерттелген. Қазақ тілі білімінде зерттелініп отырған мәселе кей ғалымдардың еңбегінде ғана аталып өткенімен, жеке тақырып ретінде толық қарастырыла қойған жоқ. Осыған орай зерттеуде бұл мәселеге түрлі көзқарастар тұрғысынан: тарихи дамуы, мағынасы жағынан, басқа лексика-семантикалық топтармен салыстырылуы, етістіктер аясындағы лексикалық көпқырлылығы, семантикалық, функционалдық, тіркесімділік ерекшеліктері қарастырылады.

Сөздің лексика-семантикалық категория болу үшін ортақ – категория құрамына енетін тілдік бірліктердің лексикалық мағынасында жалпыға ортақ семаның болуы шарт. Бұл жайында тілші М.Жолшаева: «Бір лексика-семантикалық топ құрамына енетін сөздердің белгілеріне орай лексика-семантикалық категория түрлері айқындалады. Тілтанымда олардың мынадай түрлері көрсетіліп жүр: синонимия; омонимия; антонимия; конверсия; полисемия. Лексика-семантикалық категориялар тілдік бірліктердің жалпы, типтік қасиет-белгілерін білдіре отырып, оларды, бір жағынан, белгілі бір топтарға топтастырса, екінші жағынан, мағыналарының жалпылығы мен өзіндік ерекшеліктері, сондай-ақ оларды құрылымы мен қызметі жағынан жүйелейді» [1, 76].

Түркі тілдеріндегі, оның ішінде қазақ тіліндегі жалпы сөйлеу етістіктерінің мағыналары өз алдына үлкен семантикалық топ құрайды. Олар дифференцияланған мағыналы жалпы сөйлеу етістіктерінен өзінің модалділік, бұйрықты, эмоциялы-экспрессивті, бағалауыштық т.б. бояуларымен ерекшеленеді. Жалпымағыналы сөйлеу етістіктері сөйлеу әрекетін ғана білдіріп қоймайды, сөйлеу объектілерін олардың айтылу тұлғасына назар аудара отырып айтады [2, 76].

Туынды сөздердің синтетикалық тәсіл арқылы жасалуы туралы алғашқы деректер XI ғасырдағы тілінің маманы М.Қашқари зерттеулерінде кездеседі. Ғалым түбір сөздерде өзгерістер аз болады, бұл өзгерістер түбірдегі кейбір дыбыстардың алмасып айтылуы мен түсіп қалуы сияқты деп келеді деп пайымдайды. «Диуани лұғат ат-түрікте» туынды сөз жасаушы тұлғалар мен олардың сөзжасамдық мағыналары терең талданады. Мәселен, -лан есімнен туынды етістік жасаушы (белленді, қызланды, атланды т.б.), -эзті жұрнағы арқылы туынды етістік жасалады деп көрсетіледі (көркәзті – көркейді) [3] т.б.

Түркі тілдерінде етістік семантикасы біршама зерттелген. Етістіктің жасалу тәсілі мен мағынасы туралы түркологтар А.Я. Самойлович, В.А. Гордлевский, Н.П. Дыренкова, Н.К. Дмитриев, А.Н. Кононов, Н.А. Баскаков, И.А. Батманов. Мәселен,

Э.Р.Тенишев (1961), Н.З.Гаджиева, А.А.Коклянова (1961), А.А.Цалкаламанидзе (1973), И.К.Кучкартаев (1977), М.Оразов (1983), Б.А.К.Алекперов (1980), Б.И.Татаринцев (1987), Қасым (1992) т.б. жаңа бағытта М.Чертыкова (2016), А.Чугунекова (2016) т.б. және қазақ тілінде грамматикатанушы ғалымдар етістікке қатысты арнайы зерттеулер жүргізіп, монографиялар жариялаған. Етістікті әрі сөз табы, әрі мағыналық сипатын қоса талдаған зерттеулерден Н.Сауранбаев, Қ.Жұбанов, А.Құрышжанов, А.Әбілқабов, А.Қалыбаева (Хасенова), А.Ысқақов, Ы.Маманов, М.Оразов, Н.Оралбай, Б.Қасым, М.Жолшаева, Қ.Қасабекова, Т.Капесова т.б. еңбектерді атаған жөн. Тілші ғалымдар зерттеулерінде және әр кезеңде шыққан түркі тілдеріндегі грамматикаларда сөзжасамның тәсілдеріне қатысты ғылыми ойлар беріледі. Бұл зерттеулерде сөзжасамдық қыры, суффикстік сөзжасамдық тәсіл арқылы жасалған туынды сөздер мен олардың тұлғалық құрамы және мағыналық топтары жақсы көрсетілген.

А.Хасенова «Қазақ тілі грамматикасы» атты академиялық еңбекте қазақ тіліндегі етістіктерді іс-әрекет, амал, қалып үдерісінің динамикасын білдіруі жағынан 6 лексика-семантикалық топқа бөліп көрсетеді. Бұл еңбекте А.Қалыбаева (Хасенова) сабақты және салт етістіктерді лексика-грамматикалық категория деп таныған. Ол жөнінде автордың өз сөзін келтірейік: «Бүгінгі түркі тілдеріндегі сабақты және салт етістік категорияларын тек семантикалары тұрғысынан қарап қоймай, тілдің әр саласын жан-жақты қарауға тиісті лексика-грамматикалық қасиеттері тұрғысынан да қарап, оларды өзінше лексика-грамматикалық категория деген тұжырымға келу қажет болады» [4, 208]. Осы еңбекте А.Қалыбаева сабақты және салт етістіктерді лексика-семантикалық және грамматикалық тұтастықта алып қарауды ұсынады. Сабақты, салт етістіктердің объектіні керек ету-етпеуі етістіктердің лексика-семантикалық мәнімен ұштасады, ал олардың түбір тұлғада тұруы, сөйтіп тұрлаусыз мүшелерді меңгеруі грамматика саласынан танылады. Бұл сабақты, салт етістіктерді семантика мен грамматика тұтастығы тұрғысынан баяндауға мүмкіндік береді деп санайды [4, 208].

1) Объектімен тікелей байланысты іс-әрекетті білдіретін етістіктер. Бұл топқа, негізінен, сабақты етістіктер жатады. Бірақ олардың өзін субъекті іс-әрекетінің объектіге қатысына қарай:

- а) іш, же, пісір, қаз, құрт, піш, уат, кес;
- ә) майла, боя, сабында, оюла;
- б) ұр, соқ, жық, апар, әкел, ал, бер;
- в) жүр (шахмат, дойбы, картаны жүр дегенде), бас (аяғыңды бас), қат (тіл қату);
- г) көр, есіт, оқы (кітапты), ұқ, ұйымдастыр, түсін, сезін, сүю, көңлі түсу, аңсары ауу тәрізді бірнеше топқа жіктеп көрсетуге болады.

2) Субъекті қозғалысының беталыс, бағытын білдіретін етістіктер. Бұлар, негізінен, салт етістіктер тобын құрайды. Оларды да тілші іштей 4 топқа бөлген: кел, кет, ұш, жинал, түс және т.б.

3) Субъектінің қалып, сапалық өзгеру үрдісімен байланысты айтылатын етістіктер. Бұған да, негізінде, салт етістіктер жатады. Автор оларды да іштей 6 топқа

бөліп, тағы да сол тәрізді топтарға жіктейді: ұйықта, оян, азай, көбей, ауыр, бағ және т.б. [4, 127].

БІ. Маманов – қазақ тіл білімінде етістікті сөз табы ретінде қарастырып және оның мағыналық сипатын талдап, оларды мағыналық топтарға ажыратқан ғалымдардың бірі [5, 156]. Ғалым еңбегінде етістіктерді мағынасы жағынан басты ерекшеліктеріне қарай төмендегідей сегіз лексика-семантикалық топқа бөледі:

1) Іс-әрекеттік қимылды білдіретін етістіктер: жазу, сызу, қазу, жұлу көтеру, тазалау, кесу, шашу т.б.

2) Қозғалыс қимылын білдіретін етістіктер: жүгіру, еңбектеу, домалау, жорғалау, өрмелеу, қозғалу, жылжу, қашу, жүзу т.б.

3) Қалып-күй үрдісін білдіретін етістіктер: ауыру, ұйықтау, тұру, отыру, жату, тынығу, жүдеу, жабығу, арықтау, семіру т.б.

4) Көңіл-күйін білдіретін етістіктер: қайғыру, мұңаю, қуану, ренжу, күлу, жылау, ашулану, қызғану т.б.

5) Сапалық белгінің өзгеру үрдісін білдіретін етістіктер: ұзару, қысқару, сарғаю, ағару, көбею, азаю, жұқару, қалыңдау т.б.

6) Еліктеу, бейнелеу етістіктері: жымыңдау, қылмыңдау, пысылдау, күрсілдеу, жылтылдау, бұртию, күржию т.б.

7) Туу, өсу қимылын білдіретін етістіктер: балалау, құлындау, қоздау, боталау, күшіктеу, жұмыртқалау т.б.

8) Субъективтік реңді етістіктер (сөйлеушінің қимылға субъективтік көзқарасын көрсетеді): азсыну, көпсіну, кісімсу, ұлықсыну, білгішсіну және т.б. [5, 35-36]. БІ. Мамановтың етістіктерді басты ерекшеліктерін қарастыруда басқа ғалымдармен салыстырғанда өзгешеліктер бар. Ғалым түбір етістіктерді семантикалық топтастырудағы ұстанымы А.В. Бондарко, З.Ахметжанованың функционалды грамматика теориясына байланысты теорияларымен үйлеседі. Тілшінің «Негізгі түбір етістіктерді семантикалық жақтан мағыналық топтарға жіктеуге келмейді, морфологиялық және синтаксистік тәсілдерінің белсенді қатысуының арқасында ғана түбір етістіктерді мағынасына қарай бөлуге болады» [5] деген тұжырымы қазіргі функционалды семантиканың негізгі шарты.

Сөйлеу етістіктерінің семантиканы айқындауда профессор М.Оразовтың жіктемесін негізге алынды. Ғалым қазақ тіліндегі етістіктерге терең талдау жасап, оларды жалпылауыш семаларына қарай үлкен 12 лексика-семантикалық топтарға біріктірген:

1. Амал-әрекет етістіктері. Бұл топтағы етістіктер белгілі бір объектіге бағытталған амал-әрекетті білдіретін жалпылауыш семаларымен байланысты топтастырылған.

2. Қозғалу етістіктері. Бұл топтағы етістіктердің жалпылауыш семасы қозғалысқа түскен заттардың не адамның бір орыннан екінші бір орынға өту, орын ауыстыруын білдіреді.

3. Қарым-қатынас етістіктері. Бұл топтағы етістіктер заттар не адамдар арасындағы түрлі қатынастарды білдіретін семаларымен байланысты топтастырылған және 6 семантикалық топқа бөлінген.

4. Сезіну етістіктері. Бұл топтағы етістіктер сезім мүшелерінің қызметімен байланысты жалпылауыш

семаға ие болады.

5. Ойлау етістіктері. Бұл топтағы етістіктер адамның ойлау үрдісімен байланысты болады.

6. Сөйлеу етістіктері. Бұл топтағы етістіктер дыбыс толқындары арқылы белгілі бір ақпаратты екінші біреуге жеткізу жалпылауыш семасы арқылы топтастырылған.

7. Дыбыс-сес етістіктері. Бұл топқа табиғаттағы заттар мен құбылыстардың шығарған дыбыстарына байланысты.

8. Эмоционалды (көңіл-күй) етістіктері. Бұл топтағы етістіктер адамның көңіл-күйімен, психологиялық қалпымен байланысты.

9. Қалып-сапа етістіктері адамның не басқа заттардың табиғи күйін, қалпын білдіреді.

10. Өсіп-өну етістіктері туу, өсіп-өну үрдісімен байланысты.

11. Субъектив реңктерді білдіретін етістіктер. Бұл етістіктердің мағынасында эмоциялық реңк болады да, айтушының не жазушының көзқарасын білдіреді.

12. Табиғи құбылыстарға байланысты етістіктер. Табиғи құбылыстарға байланысты қолданылатын етістіктер топталған [6, 189].

Етістік – мағынаға бай сөз табы. Оның себебі де бар, өйткені ол объективті өмірдегі зат алмасуының қимыл-әрекетін, қалып-қозғалысын білдіреді. Проф. Б.Қасым алуан түрлі заттың қимылы, әрекеті, қозғалысы, ойлауы, сезінуі, қалпы бірдей болуы мүмкін емес. Оның үстіне бір заттың түрлі кеңістікте, мезгілде түрліше қимыл-әрекет жасау қозғалуын, қабілетін ескерсек, етістіктің мағына байлығына әсер ететін жағдайлар болып саналады. Түркітанымда сөйлеу етістіктері жеке-жеке семантикалық топ ретінде танылады [7]. Қазақ тіліндегі сөйлеу етістіктері ерекше семантикасымен, сондай-ақ сөздердің лексика-грамматикалық жеке топтары жөнінде тұжырым жасауға мүмкіндік беретін бірқатар сөзжасамдық және семантикалық белгілерімен сипатталады [7]. Қазіргі таңда ана тілінің ішкі қоры есебінен және айтылу процесіне тікелей қатысы бар сөзжасамдық тәсілдермен – лексикалық, синтетикалық, аналитикалық жолдармен сөйлеу етістіктері құрамы мен семантикасының қарқынды түрде дамып келе жатқаны байқалады. Сөйлеу, айту, де- етістіктері – салыстырмалы түрде алғанда шағын ғана, алайда қазіргі түркі тілдерінде өзінің құрамы жағынан күрделі етістіктер жүйесінде анағұрлым анық айқындалған топ. Сонымен, етістік – көлемді де икемді, модалділік реңктерге бай категория, солардың ішінде сөйлеу мәніндегі етістіктер ерекше орын алады.

Түркі тіл білімінде етістіктің сан түрлі мәселелеріне арналған бірқатар еңбектер бар, алайда қазақ тіліндегі сөйлеу етістіктерінің категориялары көптеген түркі тілдерімен салыстырғанда салыстырмалы-салғастырмалы деңгейде арнайы зерттеу нысаны болмаған. Дифференцияланған мағыналы сөйлеу етістіктер. Ті-, тә-, те-, ді-, дә-, де- басқа етістіктермен салыстырғанда ең көне сөзлеу етістіктері болып табылады. Бұл етістіктің мағынасы кең әрі көпқырлы. Көптеген түркітанушылардың назарын аударып, арнайы зерттеулердің нысанына айналуына осы ерекшеліктері себеп болды. Түркі тілдеріндегі зерттеулер және V-VIII ғғ. Көне жазба ескерткіштерінің мате-



риалдары де- етістігі мен оның туынды тұлғаларының қолданылуы жиілігі жағынан сөйлеу етістіктерінің ішінде алдыңғы қатарлардың бірінен орын алады. Мысалдар: Білге Тониқұқ маңа айды: - бу сү елт, - тіді. Қыйының көңлүңче ай, бен саңа айтайын? – тіді [3].

М. Қашқаридың сөздігінде сөйлеу етістіктері: тә-, тәр-, тәмак- және оның туынды етістіктері: темак, - тәуірлар, - терлар, - тедуқіңіз, - тікан, - теб, - теіу, - тесаң, -терсун және т.б. түрінде қолданылған. Мысалдар, Ач нә іэмас, ток нә тэмас – оч нималар емайди, тук нималар демайди; ол мэнэ андаг тэді – У менга шундай деди [3]. Орта ғасырлық жәдігерлерде «те-» етістігі – сөйлеу, айту және оның туынды тұлғалары жиі кездеседі: Біз ані білмазуз магар анің аурати бірла бірлашауз теділар – біз оны жеңе алмаймыз, тек оның әйелімен бірікпесек – деді олар [8, 139]. Негізінен кез келген тілдік бірліктің толық мағыналық қыры, табиғаты немесе синтагмадан тыс тұрғандағы байқала бермейтін мағынасы сөйлем ішінде көрінетіні анық. Бір тұлғаның көп мағынада жұмсалыуына жалпылауыштық әлеуеті тірек, негіз болса, сол көпмағынаның нақтылануы тек контексте, сөйлеуде көрінеді. Мысалы, - Мен азырақ танушы едім, - деді Қарқожа. - Е, айда! - деп, Қартқожаны дедектетіп ортаға алып барды. Тап «Құрандай» үлкен кітап. Қартқожа судыратып кете алмады: «Посемейный список» деген жазуды әрең дегенде тасымалдап шығарды (Ж.Аймауытов, шығ.). Бір күні әжесі күрсініп, жылай берген соң, Қартқожа шыдай алмады, ойлап жүргенін айтты (Ж.Аймауытов, шығ.). Айтуын айтса да Қартқожа өзі ұялыңқырап қалды - Астыртын сөйлесіп алайық (Ж.Аймауытов, шығ.). Жұрт алқа қотан отырған соң, орысша киімі бар бақа тамақ жігіт сөз сөйледі (Ж.Аймауытов, шығ.). Де-, айт-, сөйлеу- етістітерінің лексика-семантикалық және лексикалық мағынасы мен қызметі, оның семантикалық сыйымдылығын және функционалды-прагматикалық қызметінің көпқырлығын көрсетеді. Қазіргі қазақ тілінде де-, айт-, сөйле- етістігінің туынды тұлғалары кен түрде қолданылады.

Сонымен, сөйлеу етістіктері толық мағына лексикалық бірліктерден тұрады. Бұл жіктеме басшылыққа алынды: М.Оразов — қазақ тілінде етістік семантикасын арнайы зерттеген тілші; етістіктерді семантикалық топтарға жіктеудің ғылыми ұстанымдарын көрсеткен; ғалымның ұсынған жіктелімі қазақ тіліндегі етістіктерді біршама толық қамтиды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Жолшаева М. Қазақ тіліндегі аспектуалды семантика: форма және мазмұн. Филол.ғыл. док. диссертацияның қолжазбасы. – Алматы, 2009. – 301 б.

2 Қасым Б.Қасымбекова А. Етістікті зерттеудің әдістанымдық негіздері мен семантикалық топтары// «Алаш зиялыларының ғылыми-әдістемелік мұралары: дәстүр мен жаңашылдық» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 90 жылдық мерейтойына арналған. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, «Ұлағат», 2018. – 466 б. – 103-108 б.

3 Махмуд Кошғари. Девону луготит турк. – Тошкент, 1960. 265 б.

4 Хасенова А. Етістіктің лексика-грамматикалық сипаты. – Алматы: Ғылым, 1971. – 308 б.

5 Маманов Ы. Қазіргі қазақ тілі. Етістік. – Алматы: Мектеп, 1966. – 156 б.

6 Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы: Рауан, 1991. – 211 б.

7 Қасым Б.Қ. Күрделі аталым жасалымы: когнитивті-дискурстық ұстаным (Зерттеулер). – Алматы: ЖК Волкова А.В., 2010. – 383 б.

8 Боровков А.К. Лексика среднеазиатского тefсира XII-XIII вв. – М., 1963. – 139 с.

ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ ЕТІСТІКТЕРДІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ ЖІКТЕЛІМІ ТУРАЛЫ

Мамадиярова Назира Батырханқызы

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың PhD докторанты

Ғылыми жетекші: филология ғылымдарының докторы, профессор Қасым Балқия

Алматы/Қазақстан

Түйіндемe. Мақалада етістіктерді топтастыру мағынасына қарай топтастыру, жіктеу мәселесі белгілі бір мақсатқа немесе нысанаға орайлас құрылатына сөз болады. Етістіктерінің семантикасын түркологияда, орыс тіл білімінде, сол сияқты қазақ тіл білімінде де бай зерттелу тарихы жайлы, оның күрделі категория және тілдің ұлттық ерекшелігін көрсететін тілдік бірлік туралы мәлеле қарастыралды.

Тірек сөздер: Семантика, сөзжасам, ұғым, лексика-семантикалық, грамматикалық ерекшеліктері.

Аннотация: В статье рассматриваются вопросы точной классификации семантики глаголов в тюркских языках видимо и в будущем будет составлять одну из ведущих направлений исследований в области изучения глаголов. Глагол является самой большой категорией, отражающей национальные особенности языка. Эта часть речи, как с точки зрения лексико-семантической системы, так и грамматического строя, выступает в роли самой богатой и различной единичной языка.

Ключевые слова: Семантика, словообразование, понятие, лексико-семантическое, грамматическая особенность.

Abstract: The article deals with the issues of the exact classification of the semantics of verbs in Turkic languages,

and apparently in the future will be one of the leading areas of research in the field of the study of verbs. The verb is the largest category that reflects the national characteristics of the language. This part of speech, both in terms of the lexical-semantic system and grammatical structure, acts as the richest and most diverse language unit.

Key Words: Semantics, word formation, concept, lexico-semantic, grammatical feature.

Ғылымның уақыт тынысымен дамуы тілге де ықпалын тигізеді. Тың ізденістерге жол ашады. Қазіргі кезеңде «тіл мен мәдениет, этнос» мәселесіне қатысты түрлі ғылым саласында кешенді түрде, ғылым салаларының түйіскен жерінде зерттеу жұмыстары тілдің ұлттық сипатын, ұлттық танымын, ұлттық рухын тануға, танытуға негізделген. Халықтың болмысы мен тұрмыс-тіршілігін оның тілі арқылы тану қағидасына сай зерттеу тіл біліміндегі жаңа бағыт ретінде қалыптасты. Бұл бағыт тілдегі адам факторын тіл табиғатымен тығыз байланыста қарастыратын антропологиялық лингвистика саласының негізін қалады. Халықтың ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп келе жатқан асыл мұрасы – сөз. Тілдің қоғамдық өмір мен сабақтастығы, қоғамдағы орны жөнінде М.Балақасев: «Тілдің өзгергіш бөлшегі – оның лексикалық құрамы: тілдің даму барысында оның сөз байлығы жаңа сөздермен толығып отырады... Қоғамның саяси-элекметтік өміріне енген өзгерістер неғұрлым әр алуан, кең құлашты болған сайын, оның тіліне енетін өзгерістердің де әр қилы, мол болатыны түсінікті» [1, 33].

Етістіктер – қазақ тілінің бай лексикалық қабаттарының бірі. Олар – қазақ тіліндегі ұзақ дамудың жемісі. Тілдің лексикасы үнемі ілгерілеу үстінде болатын қоғамды құбылыстармен тығыз байланыста дамиды. Бұл келтірілген үзіндідегі «жаңа сөздермен толығып» деген жолдардағы ой ол байлық қандай жолмен, тәсілмен жасалады деген сұраудың тууына түрткі болады. Осы сауалға жауап іздеу барысында тілдің сөздік қорын молайтудың бір жолы – сөзжасау, сөздің семантикасы екеніне көз жеткізіледі. Жаңа сөздер жасауда сөзжасамның мүмкіндігі шексіз және қазіргі қазақ тілінің сөздік қорын дамыту мен толықтыруда жетекші қызмет атқарады. Бұл жайында Н.М.Шанский былай тұжырымдайды: «Шындығында сөздік қордың толығы тек жаңа лексикалық тұлғалармен ғана емес, сонымен бірге басқа тілдерден енген сөздердің есебінен де мольғып отырады. Алайда қоғамның тілден талап ететін міндетін жүзеге асыру үшін ол өзінде бар материалдардың негізінде жаңа сөздердің жасалуы арқылы сол тілдегі барша сөзжасамдық тәсілдерді пайдаланғанда ғана іске асатын болады. Осыдан барып қандай бір тілдің болмасын жүйесіндегі сөзжасамдық тәсілдерінің қаншалықты маңызды екені аңғарылады» [2, 131]. Демек, барлық тілдік құбылыстың ішкі және сыртқы қасиетін бірлікте қарағанда ғана мазмұндық мәні мен табиғаты өз шешімін табады. Профессор Б.Қасымның зерттеулерінде «Әрбір атау қоғам таныған, әбден қалыптасқан белгілі бір ұғымды білдіреді. Ал ұғым – сол зат, құбылыс, іс-әрекетке тән негізгі белгілердің адам санасындағы жалпыланған бейнесі. Бұл белгілер көру, есту, дәм, иіс сезу сияқты сезім мүшелері мен ойлау қабілеті арқылы қалыптасқан. Ұғым – дүниедегі заттар мен құбылыстардың сезім мүшелері мен түйсік арқылы санада бейнеленуі. Зат, құбылыс, қозғалыс ту-

ралы адамның түсінігі (білімі) қаншылықты кең болса,

сол зат туралы оның ұғымы да соншалықты түсікті болады» деп тұжырымдалады [3, 221]. Ұғым кең болса – сол заттың не құбылыстың атауы да сөздің мағынасын анық, айқын әрі толық болады, яғни заттың не құбылыстың атауы сөздің мағынасы анық, айқын әрі толық болады.

Түркітануда туынды сөздердің жасалу жолдары, сөзжасамдық мағына, семантикасы жайлы жазылған еңбектер бар. Түркі тілдеріне ортақ теориялық мәселелерді жан-жақты қарастырған А.Н. Кононов, Н.А. Баскаков, А.М. Щербак, И.А. Батманов, Б.А. Серебренников, А.А. Юлдашев, Э.Р. Тенишев, Н.З. Гаджиева, Б.Орузбаева, А.Т.Тыбыкова, М.Чертыкова, Т.Г.Боргоякова т.б. сынды ғалымдардың еңбектерінде етістікке қатысты мәселелер сараланады.

Етістіктерінің түркологияда, орыс тіл білімінде, сол сияқты қазақ тіл білімінде де бай зерттелу тарихы бар. Етістік жайында ең алғаш сөз еткен – М. Қашқари [4]. Көптеген ғалымдар етістік туралы зерттеу жүргізгенде, алдымен М. Қашқаридың пікірлеріне тоқталады. Тілші ғалымдар арасында етістік категориясы әр түрлі пікір тудыратын грамматиканың қиын да күрделі мәселелерінің бірі ретінде қаралып келеді. Мұндай пікір ала-құлалығының туындауы, біріншіден, етістіктің лексика-грамматикалық категориясы табиғатының ерекшелігіне, екіншіден, аралас лексика-грамматикалық категория болып есептелінуіне, үшіншіден, тарихи даму, өзгеру, жетілу процестеріне байланысты болу керек. Етістік көп уақыттар бойы тіл зерттеушілерінің назарында болды. Түркі тіл білімінде етістіктердің мағыналық жіктелуі жайлы бастапқы мағлұмат берген Н.К. Дмитриев башқұрт тіліндегі етістіктерді 4 мағыналық топқа бөледі: қозғалу, іс-әрекет, сөйлеу және ойлау етістіктері [5, 276 с.].

Түбір – сөздің әрі қарай бөлшектеуге келмейтін мағыналы түпкі бөлшегі екені белгілі. Етістік түбірінің өзіндік ерекшеліктері оның лексика-грамматикалық сипатынан туындайды. Жоғарыда айтқандай, етістік – қазақ тіліндегі сөз таптарының ішіндегі ең күрделілерінің бірі. Оның күрделілігі лексика-семантикалық сипатынан, грамматикалық формалары мен категорияларының көптігінен, синтаксистік қызметінен айқын көрінеді. Етістіктің осындай сан қырларын зерттеуге арналған еңбектер аз жазылмаса да, оның грамматикалық категория ретіндегі барлық ерекшелігі танылып, толық зерттелді деуге бола қоймас. Өйткені етістіктің лексика-семантикалық сипатын, грамматикалық ерекшеліктерін зерттеуде толықтыра түсуді қажет ететін тұстар, сондай-ақ жеке-ленген мәселелердің төңірегінде ала-құла пікірлер де кездеседі. Қазақ тіліндегі етістік түбірі – нақтылауды қажет ететін сондай тұстардың бірі. Бұдан кейін етістік табиғатын анықтауға да жол ашылады деген ойымыз бар.

Н.А. Баскаков «Қарақалпақ тілі» еңбегінде етістік тұлғаларының сөзжасам жүйесінде лексикалық бірлік



калыптастырудағы қызметін атай келе, кел-қой-, жібер-, бар-, шық-, кір-, біт-, түс-, ет-, қал- т.б. етістіктерінің жасалу жолдары мен функционалды қызметінде ерекшелік бар екенін көрсетеді. Соған сәйкес етістік қимылдарының семантикалық ерекшеліктері шығатынын атайды. Мәселен, қимылдық дүркін-дүркін (многократный), қимылдың баяу (ослабленное действие) жасалуы, қимылдың ұзақтылығы (длительное действие), қимылдың дүркінділік, кездейсоқ (эпизодическое действие), қимылдың осы сәтте (данного момента) жасалуы, қимылдық мүмкіндігі (возможности) т.б. сияқты лексикалық мағынаның жасалуына тигізетін әсерін атайды. Сонымен қатар Түс етістігі жоғарыдан төменге қарай бағытты білдірсе, кел етістігі субъектіге қарай бағытты білдіреді дейді. Ал кет етістігі керісінше субъектіге қарама-қарсы бағытты білдіретіндігін айтады. Етістіктерді жеті семантикалық топқа бөліп қарастырады: іс-әрекет, күй, қозғалу, ойлау және тіл, қабылдау, түйсіну, сезім және көңіл-күй, дыбысқа және образға еліктеуіштер деп бөледі [6, 307-387с.].

Түркологиядағы етістіктерді семантикалық жіктеу өткен ғасырдың 60-70 жылдарынан көңіл аударыла бастады. Профессор Э.Р. Тенишев – түркі тіліндегі етістіктің семантикалық топтарының ішінде қозғалу етістіктерін мағыналық жағынан біршама тереңірек қарастырған тілші. Ғалым бұл етістіктерді екі мағыналық топқа бөліп саралайды: ортақ мағынаны білдіретін қозғалу етістіктері және белгілі бір мағынаны білдіретін қозғалу етістіктері. Бірінші топқа белгілі бір бағытқа ішке (өзіне) қарай немесе керісінше сыртқа (өзінен) объектіге қарай зат немесе тұлға қимылын білдіретін етістіктерді жатқызады: бар, қайт, кел, кет, кир, чың, мин, туш. Осылайша антонимдік жұп түзеп, түрлі қозғалысты білдіретіндігін айтады. Екінші топқа қатысты етістіктерді үш топшаға бөліп қарастырады: а) қимыл-дың амал-тәсілін білдіретін етістіктер: йор, уч, йүз, ан; ә) қозғалыстың бір кедергіден өту арқылы болатындығын білдіретін етістіктер: аш, кеч, от; б) қозғалыстың жылдамдығын білдіретін етістіктер: йүгүр, кач, чап т.б. [7, 256 с.].

Етістіктің лексика-семантикалық сипатының өрісті болатын себебі – ол семантика тек субъектінің іс-әрекетін ғана емес, сонымен қатар табиғатқа қатысты, қоғам өмірінде ұшырасатын адамның абстрактылы ойы мен санасы арқылы туатын әр түрлі амал, әрекет, іс, қимыл, қозғалыс, жай, күй сияқты қатысты ұғымдарды түгел қамтиды. Осымен байланысты етістіктің семантикалық топтары бір-бірінен бөлінеді, ерекшеленеді. Сол тұрғыдан келгенде қазақ тіліндегі етістіктерді білім жүйесінен негіздеп зерттеген және оқулыққа кіргізген ғалымдардың бірі профессор А. Ысқақов. Қазақ тілі етістіктерін іштей бір-бірінен мағынаға жіктеп, семантикалық жағынан жақындықтарына, өзара функция жағынан орайластыра он бір лексика-семантикалық топқа бөлуге болатындығын көрсетеді [15, 235-237-б.].

1) Амал-әрекет етістіктері (босат, көтер, күрес, ки, сыз, өлше т.б.);

2) Қимыл-қозғалыс етістіктері (ауна, аудар, секір, каш т.б.);

3) Қалып-сапа етістіктері (жат, тұр, жантай, ұлғай,

тос, күт т.б.);

4) Ойлау-сөйлеу етістіктері (айт, сөйле, де, ескер, жатта т.б.);

5) Өсу- өну етістіктері (балала, жапырақта, гүлде, өс, өн т.б.);

6) Бағыт-бағдар етістіктері (бар, кел, кет, қайт, әкет т.б.);

7) Көңіл күйі етістіктері (жыла, қайғыр, өкін, күл, қуан т.б.);

8) Бейнелеу-еліктеу етістіктері (жарқыра, күркіре, дүркіре, тарсылда, сыртылда, сырқыра т.б.);

9) Дыбыс-сес етістіктері;

10) Көру-есту етістіктері;

11) Мінез-құлық етістіктері [8, 235-6].

Етістіктерді топтастыру мағынасына қарай топтастыру, жіктеу мәселесі белгілі бір мақсатқа немесе нысанаға орайлас құрылуы қажет. Бұл жерде етістіктің грамматикалық құрылымы, тұлғалары, сөзжасамдық семантикалық құрылымына, қызметіне орай жіктеп, мәнін ашу – арақатынасын анықтау тиімді. Қазақ тіл білімінде семантика мәселесі ғылыми негізде кеш зерттелді десек те, қазақ ғалымдарының еңбектерінде бұл мәселе мүлде ескерусіз қалды деуге болмайды. Қандай да бір тілдік бірліктің қызметі мағыналық өлшемге сүйенетіні аян. Мағына барлық тіл бірліктеріне бірдей қызмет етеді. Сол себепті де қазақ тіл білімінде морфология, лексикология, лексикография, фразеология, синтаксис т.б., салалары бойынша жазылған еңбектерде семантика мәселесі қарастырылмады деуге болмайды. Профессор С. Исаев өзінің «Қазақ тілі жайында ойлар» атты еңбегінде тіл туралы былай дейді: «Тіл тек қана зерттеу объектісі емес, оның қоғамдық қызметі, коммуникативтік рөлі, функционалдық мәні бар құбылыс болғандықтан, күнделікті өмір талабынан туындап отырған практикалық қажеттілік болып отыр» [9, 22 б.].

Етістік түбірін арнайы зерттеген А. Қалыбаева (Хасенова) етістік түбірі туралы: «Түбір сөз немесе түбір тұлға деп аталатын термин тұрғысынан келгенде, етістіктің басқа сөз таптарынан өзіндік ерекшелігі бар. Ол мейлі негізгі я туынды түбір (біт-, өкін-, өйтіп, өйтпегенде) дара я күрделі (біліп ал) тұлғаларда келгенмен, шақ, рай, т.б. грамматикалық категориялардың белгілі мағыналарында қолданылады» дейді [10]. Қазақ тіл біліміндегі семантика мәселелеріне көңіл аударып жүр. Семантика теориясы мен тарихи семасиология мәселелері Ә. Қайдар, Е. Қажыбек, М. Оразов, Б. Қалиев, Ж. Манкеева, А. Салқынбай, Б. Қасым, Ш. Жалмаханов, А. Жылқыбаева, Ғ. Хасанов, Ғ. Шойбекова т.б. еңбектерімен байланысты. Б. Сағындықұлы «Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері» деп аталатын еңбегінде сөздердің мағыналық дамуын диахронды әдіспен зерттей отырып, силлобофонема (түбіртек) теориясының негізін салды [11, 295-6.]. Б. Қалиев пен А. Жылқыбаева «Сөз мағыналарының негіздері» атты еңбектерінде мағынаға қатысты жалпы ұғымдардың барлығын санамалап көрсетіп, жеке-жеке нақты түсініктер береді [12, 21]. Профессор М. Оразов «Сөздің лексикалық мағынасының құрамында идеалды денотаттың толық енбеуі сөз мағынасының көлемінің бірде кенейіп, бірде тарайып отыруына, сөздерді көпмағыналық қасиеттің дамуы-

на бірден бір жағдай жасайды» [13]. Сөз – заттар мен құбылыстардың, олардың қасиеттері (сыны, саны) мен кимыл-қозғалыс, іс-әрекеттердің атауы. Осымен байланысты М.Оразов қазақ тіліндегі етістіктердің семантикасына талдау жасап, оларды жалпылауыш семаларына қарай үлкен он екі лексика-семантикалық мәніне қарап топтаған:

1. Амал-әрекет етістіктері. 2. Қозғалу етістіктері. 3. Қарым-қатынас етістіктері. 4. Сезіну етістіктері. 5. Ойлау етістіктері. 6. Сөйлеу етістіктері. 7. Дыбыс-сес етістіктері. 8. Эмоционалды (көңіл-күй) етістіктері. 9. Қалып-сапа етістіктері адамның не басқа заттардың табиғи күйін, қалпын білдіреді. 10. Өсіп-өну етістіктері туу, өсіп-өну үрдісімен байланысты. 11. Субъектив реңктерді білдіретін етістіктер. 12. Табиғи құбылыстарға байланысты етістіктер. Олардың өздерін іштей микрожүйеге топтайды [13, 189-б.].

Тілдің бүгінгісі туралы нақты пікір айту үшін оның бұрынғы қалпын, тарихын танып білу қажет. Мысалы, туынды етістік жасауға қатысатын біл-, түсін, ал-, -кел, -қайт, -өт, -бер, -шық – сияқты тірек сыңарлары көне түркі жазба ескерткіштерінің қай-қайсысынан да кездеседі. Оларда бұл сыңарлардың дәл қазіргідей дәрежеде туынды етістік жасамағанымен белгілі. Кейбір етістіктердің Орхон ескерткіштеріндегі қолданылуынан мынадай ерекшелік байқалады: Субъектінің кимылы, әрекеті бірыңғай баяндауыштармен беріледі.

Сонымен мұндай тұжырым, пікірлер, туынды сөз бен етістікті туынды сөздер мәселесін шешуде өте қажет. Себебі тілдік құбылысты талдауда олардың формасы мен мазмұнын бірлікте қарағанда ғана мәселенің жалпы белгілері ашылады. Құрылым мен мағына – өзара бірлікте қаралатын тілдік категория. Сонда ғана зерттелетін проблеманың нақты, айқын қасиеттері ашылары аян.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Балақаев М.Б. Қазақ әдеби тілі. – Алматы: Ғылым, 1987. – 269 б.
- 2 Шанский Н.М. Очерки по русскому словообразованию и лексикологии. – М.: Наука, 1959. – 246 с.
- 3 Қасым Б.Қ. Күрделі аталым жасалымы: когнитивті-дискурстық ұстаным (Зерттеулер). – Алматы: ЖК Волкова А.В., 2010. – 383 б.
- 4 Махмұт Қашқари Түрік тілінің сөздігі: Диуани лұғат ит-түрік // 3 томдық шығармалар жинағы / қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А. Егеубай. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2006. – 227 б.
- 5 Дмитриев Н. К. Грамматика баширского языка / Н. К. Дмитриев. – М., Л., Баку: Изд-во АН Азербайджанской Республики, 1998. – 364 с.
- 6 Баскаков Н. А. Каракалпакский язык / Н. А. Баскаков. – М.: Изд-во АН СССР, 1962. – Ч. 2: Фонетика и морфология. – С. 352-387.
- 7 Тенишев Э. Р. Глаголы движения в тюркских языках / Э. Р. Тенишев // Историческое развитие лексики тюркских языков. – М., 1961. – С. 232-293.
- 8 Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы, 1974. – 407 б.
- 9 Исаев С.М. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Өнер, 1989. – 336 б.
- 10 Хасенова А. Етістіктің лексика-грамматикалық сипаты. – Алматы: Ғылым, 1971. – 308 б.
- 11 Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. – Алматы: Санат, 1994. – 168 б.
- 12 Қалиев Б., Жылқыбаева А. Сөз мағыналарының негіздері. – Алматы: Білім, 2002. – 109 б.
- 13 Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы: Рауан, 1991. – 211 б.

ТҰЛҒАНЫҢ ӨМІРЛІК ІС-ӘРЕКЕТІНЕ ҰЖЫМДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛ МЕН ӘЛЕУМЕТТІК СТАТУСТЫҢ ӘСЕР ЕТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қойбекова Гуля Адамбаевна

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің магистранты
Алматы қаласы*

Адам өзінің өмірінің жартысынан көбін жұмыс орнында, ұжымда өткізеді. Сондықтан адамның өмірлік іс-әрекетінде ұжымдағы психологиялық ахуал мен әлеуметтік статустың алатын орны маңызды. Психологиялық ахуал – бұл адамның ұжымға психологиялық икемделу және осы ұжымның әлеуметтік-экономикалық және психологиялық факторлардың тұлғаға әсер ету ерекшеліктері. Психологиялық ахуал – бұл топтағы тұлғаның жан-жақты дамуы мен психологиялық жағдайының ерекшеліктерінен және біріккен жемісті іс-әрекеттің қолайлы немесе қолайсыз жақтарынан көрінеді.

Жағымды психологиялық ахуалдың негізгі белгілері: топ мүшелерінің бір-біріне деген сенімділігі мен жоғары талаптылығы, тілектестік және іскерлік сын; ұжымға қатысты сұрақтарды талқылау барысында өз ойларын еркін айту, топта басшылар өз қолдастында жұмыс істейтіндерге қысым көрсетпей, олар үшін маңызды шешімдерді қабылдау құқығы, ұжым мүшелерінің өз жұмыстары мен міндеттері жөнінде толық мәліметтенуі, ұжым мүшелерінің біреуінде фрустрациялық пен жоғары деңгейдегі эмоцияланды күй жағдайында өзара көмек көрсету, әр топ мүшелерінің жұмыс жағдайына жауапкершілігі. Сондықтан, психологиялық ахуал жалпы алғанда



топтың даму деңгейіне байланысты болады.

Даму ұжымының арасында психологиялық ахуал мен біріккен нәтижелі іс-әрекет орнатылса, оның әр мүшесінің арасында жағымды байланыс болады. Ұжым оңтайлы басқару іс-әрекетінде психологиялық ахуалда басшылықтан арнайы білім мен іскерлікті 198 талап етеді. Басшылық кадрларды арнайы сапалы ғылыми негізде таңдайды, оқытады және аралық аттестациядан өткізеді, ұжым мүшелерінде өзара түсінік пен арақатынас дағдысының пайда болуы әлеуметтік психологиялық әдістерді қолдану; Психологиялық ахуал басқару стилі мен басқару мәдениетіне байланысты болып келеді. Көбіне психологиялық мәнін келесі психологиялық құбылыстарға әкеледі: ұжымның саналы күйі, адамның ерекше арақатынасының көрінісі, топтың эмоциялы психологиялық дайын болуы, топтың хал-жағдайы, топ мүшелерінің психологиялық бірлігі, топтағы, ұжымдағы және т.б. арақатынастар.

Мақсатты түрде психологиялық ахуалдың ішіндегі негізгі факторлары адамдар қарым-қатынасы мен біріккен іс-әрекет жағдайын атайды. Сонымен қатар психологиялық ахуал – бұл осы топ адамның жүйелік нормасы, дәстүрі және білімінің артықшылығы. Ахуал топ мүшесі мен ұжымның бір-біріне тәуелділігімен көрсетеді (әлеуметтік байланыс), сонымен қатар адамның бірлесе отырып функциялар мен тапсырмаларды орындау тәуелділігі көрінеді (тапсырма байланысы). Тұлғалық эквивалент икемділігі – жұмысшылардың профессионалды ұжымының әр түрлі өмірлік іс-әрекет факторларына қанағаттануы. Зерттеудің нәтижесінде қызметкердің психологиялық күйі мен еңбек уәждемесіне және қызметтік іс-әрекет тиімділігіне психологиялық ахуалдың әсер ететіндігі анықталады [1]. Сонымен қатар, қоғамдағы әрбір адам алуан түрлі әлеуметтік топтарға кіреді. Мысалы, отбасына, оқу тобына, достар компаниясына, өндіріс ұйымына. Әр бір топтағы адамның белгілі бір орны, көзқарасы, бағыты болады, яғни белгілі бір талап-тілектер қойылып, ол оны орындайды.

Басқаша айтқанда, оны әлеуметтік статус деп айтамыз. Әлеуметтік статус дегеніміз – қоғамдағы адамдардың белгілі бір қызмет атқарған жағдайда белгілі тәртіп нормаларын сақтауын айтамыз. Жалпы, әлеуметтанушылар статустардың екі түрін бөліп көрсетеді. Біреуі – қоғамнан берілген (предписанное), екіншісі адамның өз еңбегінің нәтижесінде қол жеткізген (пробретенный) статус. Қоғамнан берілген статус – тұлғаның этникалық шығу тегімен, туған жерімен, отбасымен байланысты. Еңбегі арқылы қол жеткізген статус адамның қажырлы еңбек етуіне байланысты. Мысалы, жазушы, ғалым, директор. Статустың табиғи деген түрі болады. Тұлғаның табиғи статусы адамның мәнді, тұрақты сипатты белгілеріне байланысты (ер адам, әйел, бала, жасөспірім, қарт). Көбінесе, қызметіне (лауазым) байланысты статус – тұлғаның базистік (яғни, негізгі) статусы болып есептеледі. Ол ересек адамның интегралдық статусының негізі болады. Бұл статуска адамның әлеуметтік, экономикалық, өндірістік салаларда қызметі, орны (мысалы, дәрігер, инженер, мұғалім, банкир) жатады [2]. Ал «психологиялық ахуал» терминін әлеуметтік психологияға алғаш болып И.С.Мансуров

қолданды, ол өндірістік ұжымды зерттеді. Оның ойынша, психологиялық ахуал – бұл ұжым мүшелерінің психологиялық арақатынасы негізінде пайда болған жақындық, симпатия, мінездерінің, қызығушылығы, бейімділігінің бірдей болуының эмоциялық бояуы деп санайды. Ол адамдар арасындағы қарым-қатынас үш ахуалдық аймақтан тұрады деп санайды. Бірінші ахуал аймағы – бұл ұжымда қаншалықты қоғамдық мәселелер мен сапалы мақсаттарды және барлық конституциялық құқық пен жұмыскерлердің азамат ретіндегі міндетінің сақталуын анықтайтын әлеуметтік ахуал. Екінші ахуалдық аймақ – бұл ұжымдағы қандай моралдық құндылықтар ескерілуімен анықталатын моралдық ахуал. Үшінші ахуалдық аймақ – бұл психологиялық ахуал бір-бірімен тікелей қатынастағы жұмыскерлер арасындағы қалыптасқан бейресми қарым-қатынастар [1].

Ресей психологиясында психологиялық ахуалдың төрт негізгі тәсілдемесін атап көрсетті. Бірінші тәсілдеме (Л.П.Буева, Е.С.Кузьмин, И.Н.Обозов, К.К.Платонов, А.К.Уледов) ахуал қоғамдық-психологиялық феномендер ұжымдық сананың күйі ретінде қарастырады. Әлеуметтік-психологиялық ахуал астарында шағын топтың әлеуметтік-психологиялық күйі, ұйым мүшелерінің шынайы психологиялық бағыттылығы мен мазмұны бейнелеуі деп санайды Е.С.Кузьмин. Екінші тәсілдеме жақтаушылары (А.А.Русалинова, А.Н.Лутанкин) әлеуметтік-психологиялық ахуал сипатының мәні жалпы эмоционалды-психологиялық күйі болып табылады деп атап 199 көрсетті. Үшінші тәсілдеме авторлары (В.М.Шепель, В.А.Покровский, Д.Б.Парыгин) әлеуметтік-психологиялық ахуал бір-бірімен тікелей қатынастағы адамдардың арақатынасы стилі арқылы талқылайды. Қалыптастыру процесінде тұлға аралық қарым-қатынас, топтың ір мүшесінің әлеуметтік және психологиялық хал-жағдайы анықталады. Төртінші тәсілдеме құрушылары (В.В.Косолапов, А.Н.Щербань, Л.Н.Коган) топ мүшелерінің әлеуметтік және психологиялық үйлесімділігі, олардың моралдық бірлігі, ынтымақтастығы, бір ойлылығы, салт-дәстүрі терминінде ахуалды анықтайды.

Әлеуметтік-психологиялық ахуал дегеніміз — адамдардың бір-біріне деген әсерінің, біргеліктегі қызметінің нәтижесі. Ол ұжымның ортақ пікірінен, көңіл-күйінен, жеке адамдардың хал-ахуалынан, сондай-ақ өмірлік жағдайынан, жеке адамдардың еңбек белсенділігінен байқалады. Әлеуметтік-психологиялық ахуалға адам статусының қалыптасуы тікелей байланысты. Қазіргі кездегі психологтар адамдардың өздерін қабылдауда статус айтарлықтай орын алатынын көрсетеді. Жоғары статусы иеленген адам өзіне салмақты және айтарлықтай жақсы қарым-қатынасқа ие болады немесе жұмысты басқарушылық қабілеті барын көрсетеді. «Статустық қажеттілікті» қанағаттандыру деңгейі өзін-өзі сыйлау сезімімен айырықшаланады, басқа да маңызды тобына тиесілі сезімі мен әлеуметтік мойындау тұлға үшін маңызды. Жалпыға мәлім, психологиялық ахуалдың мазмұнды болуы әдетте ұжым мүшесінің көңіл-күйіне (хал-ахуалына, қанағаттану деңгейіне, психологиялық жабдықтауға) және статусына байланысты, әрбір

жеке адамның көңіл-күйі еңбекке деген ықыласына, айналасындағы адамдарға, олардың қатынастарына, жалпы өзара қарымқатынасқа әсер етеді де ұжымда әлеуметтік-психологиялық ахуал пайда болады. Әлеуметтік-психологиялық зерттеулерде статустық «баспалдақпен» өрлеу жылдамдығы ақырындаса, тіпті тоқтап қалса, адам жабырқайтынын көрсеткен. Адамдарда жоғары ұмтылыс пен үлкен үміт болған кезде фрустрация күшті болады. «Иерархиялық қозғалыс байынша статус төмен түсетін бағытта болғанда ең қарқынды фрустрацияны бастан кешеді. Жоғары лауазымнан айырылған адамдар депривация анығырақ және фрустрация тереңірек болады, сондықтан осындай адамдардың «төмендеу» интервалы ұзағырақ болады, депривация анығырақ және фрустрациялық жағдайы тереңірек болды». [4. 79б.]. Осындай жағдайда адам өзінің жаңа жағдайынан өз бетімен әрдайым конструктивті жол таба алмайды, сондықтан олар психологиялық көмекке мұқтаж болады.

Психологиялық ахуалдың жақсы болуы ең алдымен ұжымның белгілі бір бағыттылығы мен оның табысына байланысты. Мақсаттары айқын болса ұжымның бірлігі мықты болмақ. Жалпы ұжым ахуалына психикалық процестердің ерекшеліктері (ой, сезім және ерік), сондай-ақ ұжым мүшелерінің мінез-құлқы мен темпераменті әсер етеді. Адам бойындағы терең ақыл-ой, тапқырлық, жасампаздық ұжымды өзіне тартып, еңбек өнімділігінің артуына, жалпы ұжым мүшелерінің психикасына ықпал жасайды [3]. Ахуалды зерттегенде оның екі деңгейін қарастыру қажет. Бірінші деңгейі – статистикалық. Бұл ұжым мүшесінің тұрақты қарым-қатынасы, олардың жұмысына, әріптестерінің еңбегіне деген ынтасы. Бұл деңгейде әлеуметтік-психологиялық ахуал түсінігі нық, қалыптасқан ұйым кездескен қиындықтарға қарамастан ұзақ уақыт бойы едәуір тұрақты жағдайы мен өзінің болмысын сақтап қалады. Екінші деңгейі динамикалық, өзгермелі, толқымалы. Бұл қызметкерлердің күделікті жұмыс процесіндегі икемделуі және психологиялық көңіл-күйі. Бұл деңгей «психологиялық атмосфера» түсінігімен суреттеледі. Психологиялық ахуалдан айырмашылығы психологиялық атмосфераның айырмашылығы бұнда өзгерістер қысқа мерзімді және адамдар тез ұмытып кетеді. Психологиялық атмосферадағы өзгеріс тұлғаның еңбекке қабілеттілігіне және көңіл-күйге жұмыс күні бойы әсер етеді [5].

Жеке тұлғаның көңіл-күйі, еңбек қабілеті, керек десеңіз, өмір сүру қабілеті ұжымдағы әлеуметтік-психологиялық ахуалға байланысты болады. Тұлғаның көңілді ортаға тап болса, бұған дейінгі көңілсіздік жағдайы ұмытып, жаңа ортаға қосылып кетеді. Немесе, керісінше, көңілді адам өздерінен өздері тырысып-бүрісіп отырғандардың арасына түссе, оның да көңілі пәс тартады. 200 Әлеуметтік-психологиялық ахуал жеке тұлғаға ұжым мүшелерінің өзара қарымқатынасы арқылы ықпал етеді. Жолдастық, өзара көмек, бірін-бірі сыйлау орын алған жерде адам өз ісіне ғана емес, бірлескен еңбекке деген қанағат сезімін байқап, еңбектес жолдастарын көргенде қуанышқа бөленеді. Ал ұжымда формалдылық, салғырттық, бірінбірі

жеккөрушілік орын алса, онда керісінше, тұлға эмоциялық зардап шегеді, өзара қатынастағы адамға тек ыстық ілтифатты аңсап, шеттеп қалады. Ашық немесе астыртын қақтығыстар тұсында онан да жаман күй кешеді. Әлеуметтік-психологиялық ахуал мұндай болған жағдайда тұлға ұжымға деген ықыласын жояды. Бұл оның еңбекке деген құлқынын төмендеуіне әкеп соғады. Ұжымдарда әлеуметтік-психологиялық ахуал жеке адамдар арасындағы қарымқатынастардан туындайды. Сондықтан да бүкіл ұжым мен басшы әрбір жеке тұлғаға құрметпен қараса, әлеуметтік-психологиялық ахуал да ойдағыдай болады. Қанша дегенмен әрбір адам өзгелердің өзін тануын, құрметпен қарауын қалайды. Ұжымда да сол сияқты жағдай дәл осындай болғанда ғана ол қуаныш пен бақытқа кенеледі [6]. Сонымен қатар, тұлғаның өмірлік іс-әрекетіне ұжымдағы психологиялық ахуалмен қатар әлеуметтік статус та өз әсерін тигізеді. Әлеуметтік статус адамның дамуына тікелей әсер етеді. Тұлғаның әлеуметтік статусының өзгеруімен бірге қоғамдағы және оның шынайы өмірдегі түсінігі де өзгереді. Қайта ойлау, өзіндік Мен мазмұнын қайта бағалау нәтижесінде жаңа әлеуметтік рөлмен сәйкестендіру, әлемге деген көзқарасын қайта ойлау, санадағы «әлемнің картинасы» қалыптастыруға әкеледі [7].

Қазіргі кездегі әлеуметтанушылар көрсетуі бойынша қазіргі адамдар өздерінің жағдайын екі индекстің көмегі бойынша бағалайды: - «Статустық-престиждік сәйкестілік индексі», яғни тұлға өзінің әлеуметтік статусын және өзінің әлеуметтік престижін заманауи қоғам континиумінде бағалайды; - «өмірлік қамтамасыз етілген жағдай индексі» бұл тұлғаның осы жағдайға қанағаттануы және болашағына сенімділігі. Американдық психологтар көрсеткендей, жоғары статус өзін-өзі сыйлау және өзі туралы жағымды ойлау, өмірге қанағаттануы, психикалық және физикалық денсаулыққа байланысты проблемаларын ниверилеу (жою). Әлеуметтік статусты жоғалтқанда белгісіздік жағдайы, өмірлік іс-әрекетіндегі болжамдардың сенімсіздігі, күнделікті өмір іс-әрекетіндегі дағдыланған жағдайдың бұзылуы, жағдайлық және тұлғалық мазасыздану деңгейін көтереді. Қазіргі кездегі психологтар өмірлік жағдайдағы компоненттер деформацияға көбірек ұшыраса, соның салдарынын жоғары әлеуметтік статусты жоғалту қаупі төнеді және ол нақты бір адамның тұлғасына маңыздырақ болса, осындай жағдайда жоғалту дағдарысы ауырлау болады деп санайды [8]. Дағдарыс жағдайынан шығуда айтарлықтай рөл атқаратын жетістік мотивациясы. Жоғары жетістік мотивациясы қоғамдық иерархиялық қозғалыста жоғары әлеуметтік мобилділікке әкеледі. Жетістік мотивациясы іскерлік белсенділігінің негізгі, қоғамдағы экономикалық дамудың қозғаушы көзі болып табылады. Зерттеушілер адамнан жетістік мотивациясының табысты және сәтсіздік мотивациясын қашатын екі әртүрлі бағыттағы тенденциялар бар екенін анықтады [9].

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Платонов Ю.П. Психология конфликтного поведения. – СПб.: Речь-2009.
2. Ануфриева Е.А. Социальный статус и актив-

ность личности. М.: Изд-во МГУ 1984. 286 с.

3. Егоришин А.П. Управление персоналом: учебник для вузов/А.П.Егоришин-3-е изд

4. Дэвис Ф. Личная власть. Минск: ООО «Попурри». 1997. 352с.

5. Бойко В.В., Ковалев А.Г., Панферов В.К. Социально-психологический климат коллектива и личность.—М., 1993.—207 с.

6. Ядов В.А. Саморегуляция и прогнозирование социального поведения личности: Диспозиционная концепция. Монография – М.: ЦСПиМ, 2013- 376 с. 201

7. Осницкий А.К., Чуйкова Т.С. Саморегуляция активности субъекта в ситуации потери работы//Вопросы психологии. 1999 №1. С. 92-104.

8. Турецкая Г.В. Страх успеха: психологическое исследование феномена// психологический журнал. 1998. №1. С. 37-47.

СӨЗ МАҒЫНАЛАРЫНЫҢ МЕТАФОРАЛАНУЫНЫҢ АССОЦИАТИВТІК СИПАТЫ

Сембаева Айгүл Ғалиқызы

Қазақ тіл білімінің теориясы мен әдістемесі кафедрасының доценті,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

Аннотация: Статя посвящена исследованию метафоры как ассоциативного механизма и объекта интерпретации и восприятия речи. В статье представлены основные функции метафоры и метафора рассматривается с точки зрения антропоцентричности как способа познания мира и научной парадигмы.

Abstract: The article is devoted to the study of metaphor as an associative mechanism and an object of interpretation and speech perception. The article presents the main functions of metaphor and metaphor considered from the point of view of anthropocentricity as a way of understanding the world and the scientific paradigm.

Сөз мағынасын ассоциативтік аспектіде қарастыруда, мағынаны тіл қолданушының ойлау және сөйлеу әрекетінің мақсатына қарай пайдалануы аясында зерделеуде концепт туралы айта кетуіміз орынды. Тіл білімінде концепт термині әртүрлі деңгейде қолданылады. Мысалы: Ю.С.Степановтың көрсетуінше, концепт адам санасында нақты ұғымдар түрінде емес, сөз тудыратын ассоциациялар, түсініктер, ұғымдар жиынтығы ретінде қабылданады. «Концепт не только мысляется, они переживаются. Они - предмет эмоций, симпатий и антипатий, а иногда и столкновений» [1, 13].

Концепт тіл білімінде сөздің қолданылу мен мағынасын байланыстырушы когнитивті негіз ретінде танылады. Концепт пен ұғым терминдерінің аражігі айқын ашылып көрсетілмеген тілдік терминдер болып табылады. Ол туралы тіл білімінде пікір қайшылығы соңғы зерттеу еңбектерінде де айтылады.

Концепт термині тілдік бірліктердің тілден тыс түсініктер мен ұғымдардың тіл бірліктерін қолданылуындағы маңызын түсіндіреді. Метафоралардың концептерді жасаудағы маңызы туралы В.Н.Телия былай дейді: «Метафора - это способ создания новых концептов, с использованием знаков, уже имеющихся в данной семиотической системе» [2, 48]. Концептіде сөздің беретін барлық мағыналары, ұғымдары жинақталып, ол адамның ассоциациялы ойлауымен байланысып жататыны белгілі.

Концепт - сөздердің ассоциациялық өрісімен тікелей байланысты ұғым. Тіл қолданушының қатысуымен жүргізілетін ассоциациялық эксперименттер негізінде анықталатын сөздің ассоциациялық мағыналары

сөз таңбалар нысан беретін білім қорына байланысты. Аталым жасауда ассоциациялар белсенді қызмет атқарады. Адамның санасындағы заттар мен құбылыстардың бейнесінің өзге бір нысанның бейнесін елестетуі, оны еске түсіруі ойлаудың құрылымдық ерекшеліктерінің әлемді танудағы қызметін жеңілдетеді. Бірліктердің жасалуынан осындай үрдістердің іздерін айқын байқаймыз. Шартты түрде алғанда сөздің ассоциациялық өрісінде сол нысан туралы адам санасындағы түсінік, ұғым жиынтығы көрініс табады. Ассоциациялық өріс тіл қолданушы органың тілдік бірліктердің мағынасын тілдік қолданыста, жалпы қабылдаудағы түсініктерге негізделеді.

Тіл әлеуметтік құбылыс болғандықтан, ол тілдік

ортамен және де жеке адамның танымымен байланысты. Сондықтан да тілдік бірліктердің жасалуы адамның психологиялық ерекшеліктерімен ішкі жан дүниесі, ойлауы, қабылдауы, жадыда ұстауы сияқты әрекеттермен астасып жатады. Адам жадының құпиясы - әлі ашылып болмаған ғажайып әлем. Ол туралы көне заманнан қазіргі ғылым мен техника дамыған кезең ғалымдарының пікірлері ұшан-теңіз. Мысалға, Августин Аврелий: «Жадыда сыртқы әлем сезімдері жалпылама және жекелеген қалыпта сақтаулы. Көзім денелердің формаларын мен бояуларын, жарықты, құлағым әлемдегі алуан түрлі дыбыстарды, мұрыным иістерді, аузым дәмді, денем қатты мен жұмсақты, ыстық пен суықты, тегіс пен қатпарды, жеңіл мен ауырды таниды, қабылдайды. Осының бәрі жадыда өңделеді, ой салады, қажет болса еске түсіріледі. Олар белгілі тәртіппен сананың қалтарыстарында,

коймаларында сақталады» - дейді [3, 51].

Адам санасында қоршаған әлем нысандары туралы ақпараттардың жүйелі түрде сақталуы тілдің қатынас құралы ретінде пайдалануын жеңілдетеді. Номинативтік бірліктің туындауы адам танымы, психологиялық үрдістері мен ұлттық дүниені тану әрекеттерінің нәтижелі көрінісі болғандықтан, кез келген метафоралану арқылы жасалған атауға бейнелілік тән. Адам қоршаған заттар немесе құбылыстарды олардың берер барлық мәліметтерімен қоса есте сақтайды. Кез келген нысан, оның күнделік-тегі өмірдегі орны, қасиеті, сипаты, қызметі, ерекшелігі сияқты белгілермен адамдық бай тәжірибенің бақылаушылық, бағалаушылық үрдістері негізінде жете танылып жадыда сақталынады.

Адамның қоршаған ортаны қа-былдауында, заттарға, ұғымдарға т.б. нысандарға атау беруде сол жадыдағы мәліметтерді белгілі бір логикалық түсіндірмелерге негіздеп қайта жаңғыртып атаужасауда белсенді сипат алуға әкеледі. Және де бұл тәсіл тіл қолданушыларға (адресатқа) түсінікті де әсерлі болып қабылданады. Бұл атаулардың ішкі мағыналық құрылымында ұқсатудан бейне түзіледі. Метафора табиғатының құпия сырына үңілген ғалымдар оларды: заттардың көзге көрінетін ұқсас белгілеріне, заттардың қарама-қайшылықты мүлде алшақ белгілерінен ассоциациялы ұқсастық белгілеріне байланысты туындайтынын атап көрсетеді. Зерттеулерде көрсетілгендей метафоралауда сыртқы пішін, әртүрлі қасиет, сыр-сипат, қимыл, іс-әрекет, бейне т.б. ұқсастықтар танылады және де жоғары ассоциациялы-бейнелі ойлауда жүргізілетін іс-әрекеттер негізінде атаулар жасалынады.

Санадағы нысан туралы мәліметтердің көп сатылықпен орналасуы туралы А.А.Залевская: «Переплетение и пересечение разнообразных связей и оценок хранится в памяти одновременно вместе с набором стратегий поиска единиц сочетаемости единиц в отдельных ярусах/подъярусах» - деп көрсетеді [4, 164].

Сөз мағынасы берер аппараттардың әртүрлі байланысы мен бағалануы олардың жадыдағы орналасу сатылары белгілі тәртіппен құрылғандықтан тез еске түсірілуге және қолдануға жағдай жасайды. Белгілі бір зат туралы сұрақ туса, біз оларды міндетті түрде ойша түрін, түсін, қызметін елестету арқылы жадымыздан іздестіреміз. Егер жадымызда сол нысан туралы білім қоры болса, санада оның қалыптасқан бейнесі де болады. Ассоциациялар адам тәжірибесі арқылы жинақталған мәліметтердің өзара байланысынан туындайды. Ассоциациялық өрісте таңбалар беретін білім қоры, олардың бейнелері, семантикалық және грамматикалық қатынастары, бағалаушылық және де өзге де мағыналар жинақталады. Сондықтан да сөздің ассоциациялық өрісінде сол таңбаның беретін барлық мәліметтері болады. Сөз мағынасының осы тұрғыда қаралуы оның психологиялық құрылымына бойлауды талап етеді. Сонымен қатар, ассоциациялы ойлау арқылы көне мағыналар жаңа ұғымдарға іргетас болып, екіншілік мағыналар жасалады.

Ассоциация сөздің ішкі мағыналық құрылымы мен оның денотациясы арасындағы байланысты да сипаттайды. Екіншілік мағынаны жасау мақсатында ұқсас нысандардың қасиеттері санада салыстырыла-

ды. Метафоралы мағыналы сөздерге бейнелік қасиеті тән. Сөздерді бейнелі қолданудың генесологиялық, психологиялық, прагматикалық және тілдік алғышарты бейнелік заттардың ұқсастығын байқап, тануда жатыр. Ұқсастық қатынастар сөздің материалдық сыртқы тұрпатынан оның басқа нысандармен ұқсастығынан танылады. Ұқсастық - ассоциативті ойлау үрдісінің жемісі. Сондықтан да, генесологиялық аспект психологиялық аспектпен астасып жатыр.

Психологиялық тұрғыда тілдегі бар атаулар, сөздер жаңа түсініктер мен ұғымдарға түрткі болады. Атаулар мен заттардың бейнесінен жаңа ұғымдар, мағыналар туындайды. Метафоралар ассоциациялы ойлау жүйесінің жемісі болғандықтан, кейде тек адам санасындағы жасалған образдардың ұқсастығынан да туындап жатады.

Заттардың белгілері қаншалықты әр алуан болған сияқты, олардың санадағы түзілер бейнесі де әр қилы. Бейнеліліктің прагматикалық алғышарттары айтушының тыңдаушыға жеткізер ойының әсерлі, ұғынықты болуына байланысты метафоралардың туындауына жағдай жасады. Мысалы, «Әдебиет идеологияның қол жаулығына айналды» (Ана тілі, 1999) Қалай десек те, экономика күретамыры темір жол басына үлкен қауіп төніп тұрғаны анық (Түркістан, 1999). Осы мысалдардан метафоралы мағыналы біріккен атаулардың айтушының белгілі бір мақсатына сай қолданылады. Метафора белгіленген категориялық шекті бұзушы болғандықтан, дайын бейне өзге нысанның қасиетін сипаттайды. Метафоралы мағыналы атаулардың жасалуына негіз болатын сөздің коннотациялы мағынасының бір семасы немесе семалар бірлестігі мағыналық өзгеріске ұйытқы болады. Жоғарыда келтірілген тілдік деректен алғашқы бейнеден қажетті мағына «қардың ұзақ жатуы», «уайымға салыну» мағыналары немесе ақпараттары алынып өзге құрылымға өтіп отырғаны байқалады [5, 148]

Тіл бірліктері ең алдымен қатысымдық, қолданымдық мақсатта сөйлеуде жұмсалатындықтан, олардың прагматикалық тұсы басты назарда болу керек деген пікірдеміз. Бірліктердің ішкі мағыналық құрылымы, қолданыстағы ерекшеліктері кешенді қарастырылуы керектігін соңғы кезде зерттеушілер жиі айтып жүр. Бұл функционалдық лингвистиканың мәселелерінің әлі де болса шешімін таппай жатқан тұстарының бар екенін дәлелдей түседі.

Метафоралануға тілдік таңбаның астарындағы білім қорындағы айтушының мақсатына қарай қажетті ақпараттары, семалары алынып, таңбаның мағынасының ауысуына әкелген. Метафорадағы бейнелілік аталымдардың мағыналарын анық түсінуге, уәждемелік белгілерін, уәжділігін айқындауға жағдай жасайды. Ұқсастық әрекетінің негізінде туындайтын сөздердің бейнелілік қасиеті олардың аталымға қарай икемделуінде бірте-бірте солғын тартады. Бейнелілік олардың ішкі мағыналық құрылымында сақталады. Бейнелілік атаудың заттық, нысандық қасиетіне жақын болғандықтан, сөздің таңбалық, тілдік сипатының артуы оны бірте-бірте кейінге ысырады. Ал метафоралардың адамның белгілі бір прагматикалық мақсатына байланысты көңіл-күйін білдіруде сөздің бейнелі қолданысы қажетті әдіс



ретінде жұмсалады.

Метафоралау - сөзжасамдық үлгілер тәрізді лексикалық қорды толтырушы әдіс. Бірақ ол сөзжасамдық үлгі сияқты айқын да қарапайым емес. Метафора - таныммен байланысты күрделі құбылыс. Тура мағыналы сөздерді бейнелі қолдану, олардың мағыналық, қолданыстық өрісіндегі бір белгілерді атау беруші нысан бейнесімен ұқсату, теңестіру арқылы атау жасауда адамның ассоциациялы ойлауы басты қызмет атқарады.

Ассоциация психологтардың тұжырымдамасында ойлау үрдісінің ажырамас бір бөлігі ретінде танылады. Қоршаған орта заттары мен құбылыстарына өзара байланыстылығымен сақталады. Осы байланыстар негізінде ұқсастықтар мен өзгешеліктер айқындалады.

Ассоциациялы ойлау да жалпы ойлау үрдісінің бір түрі ретінде анализ, синтез және жалпылаудан тұрады. Анализ - бұл нысанның белгілі бір қасиетін, элементін, сипатын бөлшектеп айқындау әрекеті деп танылады. Яғни анализде бір заттың белгілі бір қасиеті маңызды болып, ол алғы шепке тартылады. Ал синтезде элементтер бір ортақ белгілерімен біріктіріледі. Психологияда анализ бен синтез ойлауда бір-бірімен байланыста әрекет етеді. Әсіресе, ұқсатуда санада алдымен синтездеу, яғни белгілі бір нысандарды бірқатарда қабылдау болады, сонан соң анализ, яғни салыстыра отырып олардың ортақ немесе ерекше қасиеттері айқындалады. Бұл салыстыру жалпылауға әкеледі. Ал жалпылау олардың ұқсас белгілеріне немесе ерекше белгілеріне қарай жүргізілуі мүмкін. Мысалы, гүлдерді түсіне қарай ортақ бір топқа біріктіруіміз мүмкін. Осындай біріктіру терең анализ емес үстірт анализдің нәтижесі болғандықтан ешқандай құндылығы болмайды. Метафоралану ұқсату заңдылығы арқылы жүзеге асырылатыны туралы ғалымдар пікірі бір жерден шығады. Тек ұқсастықтың сипаты біркелкі бола бермейтіні туралы да ғылыми еңбектерде ескеріледі. Ұқсастық заңдылығы метафоралауда қалай көрінеді, атау жасауда ұқсастық қалай назарға ілігеді деген

сұрақтар туады. Сөзқосым атауларының семантикасын қарастырғанда олардың барлығында ұқсату айқын көріне бермейді. Дегенмен, ұқсату, яғни аналогия метафораланудағы баст психологиялық әрекет ретінде танылады.

Тілдік алғышарттар тілдің таңбалық сипатының бейнелілік тудырудағы маңызына байланысты. Яғни, тілдегі тура мағыналы атаудың сыртқы таңбалық, ішкі мағыналық құрылымы негізінде ауыспалы мағына туындайды. Әрине, бұл алғышарттар сөз мағынасының дамуы сияқты күрделі мәселені жан-жақты сипаттап бере алмайды. Ауыспалы мағынаны тура мағына негізінде туындайды деген қарапайым қағидамен түсіндіру жеткіліксіз.

Ю.Н.Караулов тілдік бірліктердің мағына өзгерістігін тұрпат (форма), мазмұн және қолданылым үштігінде түсіндіруде кезігетін кедергілердің себебін: «Біріншіден, сөздің тұрпатының материалдық жағын ғана қабылдау, яғни сөзді графикалық және дыбыстық кешен ретінде ғана тану. Екіншіден, мағынаның функционалдық сипатына назар аудармау. үшіншіден, сөзді морфологиялық, синтаксистік және лексикалық тұрғыда бірлік ретінде қарастырмаудан»-деп түсіндіреді [6, 78]

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Степанов Ю.С. *Константы. Словарь русской культуры. Опыт исследования.* - М.: Языки русской культуры, 1997.
2. Телия В.Н. // *Метафора в языке и тексте.* - М., 1998.
3. Жарықбаев Қ., Озганбаев Ө. *Жантануға кіріспе.* - Алматы, 2000.
4. Залевская А.А. *Введение в психолингвистику.* - М.: РГГУ, 2000.
5. Сералиева *Психолингвистикадағы ассоциативті тәжірибе // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы.* - Алматы, 2004, №7.
6. Караулов Ю.Н. *Ассоциативный тезаурус современного русского языка.* М., 1998 г.

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОҒАМ АЯСЫНДАҒЫ ГЕНДЕРЛІК ЗЕРТТЕУЛЕР

Буранкулова Эльмира Темирбайқызы

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің 6D020500 – «Филология» мамандығының 1 курс докторанты

Ғылыми жетекші: ф.ғ.д., профессор Шоқым Г.Т.

Ақтөбе қаласы, Қазақстан

Түйіндеме: Бұл мақалада гендерлік зерттеудің бағыттары әлеуметтік және филологиялық көзқарас тұрғысынан қарастырылған. Сонымен қатар, әйел мен еркектің қоғамдағы алатын орын айқындалады.

Тірек сөздер: Қоғам, мәдениет, гендер, әйел, еркек.

Аннотация: В этой статье гендерные исследования рассматривались с точки зрения социологии и филологии. Также, роль женщины и мужчины определяется в обществе.

Ключевые слова: Общество, культура, гендер, женщина, мужчина.

Abstract: This article considers the gender investigations from the point of view of social and philosophical ideas. As well as, the role of woman and man is determined in the society.

Key words: Society, culture, gender, woman, man.

Қоғам мен мәдениеттегі әйелдің бейнесі, жағдайы

мен орны мәселесіне қатысты ғылыми еңбектер мен гендерлік зерттеулер шетелдерде соңғы жүзжылдықта қарқынды дамығанымен, отандық гуманитарлық ғылымда тек соңғы онжылдықтарда ғана алдыңғы орынға шықты. Гендер мәселесі ауқымындағы әйел тақырыбы жаңа білім саласында өзекті мәселе ретінде қызық, әрі тез дамып келе жатыр. Бұл мәселеге деген қызығушылық біріншіден жалпы гуманитарландыру және демократияландыру үдерістерімен байланысты оянғанын айта кету керек. Бұл жерде ең негізгі көңіл аударарлық нәрсе әйелдің рөлін қайта бағалауға бағытталған. Кейінгі кездері гуманитарлық ғылымдардағы гендерлік зерттеулер кеңінен өрістетіліп, көптеген дәстүрлі мәселелердің шешілуіне арналған гендерлік әдістің жемістілігі айқын аңғарылуда. Жыныстың әлеуметтік-мәдени теориясы - гендерлік ілім жаңа ғылыми білімнің ең өзекті, қызғылықты және қарқынды түрде дамып жатқан салаларының біріне айналууда. Сонымен қатар, бұл бағыттағы ғылыми ізденістер мен арнаулы зерттеулердің көбейе түсуі егеменді Қазақстанның жаңа әлеуметтік-тарихи жағдайлары мен қазіргі ғылыми әдіснамалық ұстындарға орай туындап отыр.

Әйел мәселесі мен гендерлік тақырыптың, жыныстың теңдігі мен арақатынасы мәселесінің әлемдік философияның тарихында ежелден бері көтеріліп келе жатқаны белгілі. Бірақ бұл мәселе өткен тарихи кезеңдердің сипатына қарай, өзінің әлеуметтік қырынан гөрі, дүниенің жаратылысын ұғындырумен байланысты онтологиялық, метафизикалық және биологиялық қырынан қарастырылып келді. Дүниенің қарама қарсы екі жыныстық бастауы туралы ойлар ежелгі шығыс ойшылдарының, әсіресе қытайлық дао ілімінде, сондай-ақ антик ойшылдары Платонның, Аристотельдің және т.б. шығармаларында кездеседі.

Ортағасырлық философияда бұл екі бастау діни дүниетаныммен тығыз байланыста түсіндірілді, әйел тақырыбы діни тұжырымдамалар негізінде қарастырылды. Батыстың христиандық әлемінде күнә мен әйелдің аты қатар аталғанын айта кету керек. Христиан теологтарының тіпті «әйел адам ба, адам емес пе» деген мәселе көтеріп, орта ғасырларда Батыста әйелдердің «мыстан», «азғырушы», «арбаушы», «көзбояушы», «сиқыршы» деген жаламен шіркеу тарапынан тірідей отқа жағылғанын, өртелгенін білеміз. Католик шіркеуі мен протестанттық сенім арасындағы қақтығыс кезінде ең көп зардап шеккендер тағы да әйелдер болды. Ал ата-бабамыз ақылмен және еркімен қабылдаған ислам діни анаға, әйелге ерекше мәртебе берді. Исламдық түсінік бойынша, адам, әсіресе әйел дүниеге күнәһар болып келген жоқ. Керісінше, нәресте бұл дүниеге періштедей таза болып және дінге бейім болып келеді және оның жарық дүниеге келуіне себепкер ретінде аны көреміз. Жаратушы баланы бұл дүниеге әкелу үшін оны әуелі аның рахымында тәрбиелейді, өзінің пендесіне деген мейірімін ана арқылы көрсетеді. Сондықтан Шығыста «әйел бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербетеді» деген сөз бекер айтылмаса керек.

Әйел мен еркектің қоғамда алатын орнын айқындайтын, олардың әлеуметтік және мәдени құрылым ретіндегі ұғымы он тоғызыншы ғасырдан ба-

стап, батыстық елдердің жаңа капиталистік нарықтық қатынастарға тартылуымен қалыптасты. Капитализмге өту сатысында Батыста әйел мен баланың еңбегі каналды, олардың құқықтары аяққа тапталды, еткен еңбегіне мардымсыз ақы төленді. Осыған орай, әйелдердің өз құқықтары үшін күресі басталып, эмансипация түсінігі мен феминизм идеологиясы өмірге енді. Дегенмен, шіркеуді былай қойғанның өзінде, зиялылар мен оқымыстылардың өзінде де әйелді кемсітуші ескі патриархаттық дәстүр сақталып қалды. Мәселен, И. Милтон әйелге «жаратылыстың қателігі» деп қараса, әйгілі Ф. Ницше «әйелмен сөйлескен кезде қолыңда қамшы болсын» деп қағытады. Әйел тақырыбы сондай-ақ, жаңа заман философтарының: И. Канттың, Г.В.Ф. Гегельдің, А. Шопенгауэрдің, З. Фрейдтің және т.б. шығармаларында сөз болды.

Жиырмамыншы ғасырдың басындағы қазақ қоғамында да «әйел теңдігі» мәселесі көтерілді. Бұрын, Шал ақынның шығармаларында қазақтың дәстүрлі мәдениетіндегі әйел бейнесінің келеңсіз құбылыстарымен сипатталатын трансформациясы жырланса, енді Ж. Аймауытов, С. Көбеев, М. Дулатов және т.б. қазақ зиялыларының еңбектерінде «бақытсыз Жамалдардың» мәселелері көтеріледі.

Бұл кезеңде гендерлік мәселе мен әйел тақырыбы Зигмунд Фрейдтің психоанализ ілімін қалыптастырғаннан кейін және Симона Де Бовуардың «Екінші жыныс» еңбегінен соң батыстық философия мен ғылымда сәнге айналып, әуел баста психоаналитикалық бағытта дамып, кейінірек модернистік, постмодернистік және постструктуралистік бағыттарда жалғасқанын атап өту керек. Осы ғасырдың екінші жартысынан бастап гендерлік ілім – жыныстың әлеуметтік теориясы барлық қоғамдық ғылымдарға кеңінен тарала бастады. Әсіресе, К.Г. Юнг пен А. Адлер тәрізді психоаналитиктердің, сондай-ақ Э. Бадинтер, Э. Берн, Дж. Бернард, В. Джонсон, М. Мид, К. Миллет, Б. Фридан сияқты феминист-зерттеушілердің, В.Е. Коган, И.С. Кон, У. Мастерс, К. Хорни секілді ғалымдардың және де М. Фуко, Ж. Лакан, Ж. Деррида, Ж. Делез, Ф. Гваттари сияқты постмодернистердің еңбектерінде әйел бейнесі талдаудың өзегіне айналды.

Міндеттер:

-ерекк және әйел бастаулардың әрекетімен жаратылыстың пайда болуын түсіндіретін көне шығыс философиясы мен антикалық ойды, ортағасырлық діни тұжырымдамалар мен жаңа және қазіргі заман философиясындағы патриархаттық немесе фаллоцентристік көзқарастарды да, жыныстың әлеуметтік теорияларындағы феминистік түсініктерді де ғылыми сипаттаудың негізінде әйел тақырыбының мәдени қырынан қойылуы талданды;

- түрлі әлеуметтік топ пен жыныстар арасындағы қарым-қатынастың тілдік немесе тілдік емес факторларын көркем мәтін аясында кейіпкерлердің көңіл-күйін, ішкі сезімін, түрлі жағдайға көзқарасын алуан түрлі психологиялық ерекшеліктерін көркемдік тәсілдермен қатар түрлі кинесикалық элементтердің көмегіне де жүгіне отырып, сонымен қатар, күнделікті өмірде және көркем шығармаларда кездесетін этномәдени элементтер коммуниканттардың әлеуметтік және биологиялық белгілеріне байланысты кинетикалық жүріс-тұрысы



мен мінез-құлқының ұлттық ерекшелігін зерттеп-білу негізінде қазақ әйелінің рәміздік бітім-белгілері анықталды;

- қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінде исламдық құндылықтардың ғасырлар бойы сіңіп, біте қайнасып кеткенін алға тарта отырып, сондай-ақ қазіргі жариялылық пен плюрализммен сипатталатын «демократиялық» және бетімен кеткен либералдық құндылықтар үстемдік алған христиандық Батыста жаппай сынаудың ұшына ілінген ислам дініндегі әйел бейнесі арнайы зерттеліп, исламның әйелге өзінің табиғатына сай нәрселерді бергені, оны қолайсыз жағдайлар мен белгісіздіктерден қорғап, өз құқықтары мен еркіндіктерін беріп, әйел мен анаға ерекше мәртебе көрсеткені айқындалды;

- қазақ халқының архетиптік санасындағы жыныстық түсініктің іздерін анықтау нәтижесінде, дей-түріктер мен арғықазақ мифологиясынан бастап, ілкі түркілер мен ежелгі қазақтардың діни наным-сенімдері мен кейінгі дәстүрлі қазақ философиясындағы гендерлік сипаттарды дүниетанымдық тұрғыдан қарастыру барысында қазақ халқының мәдениеті мен дүниетанымындағы әйел бейнесі тарихи-мәдениеттанулық тұрғыда талданды;

- дәстүрлі қазақ қоғамындағы әйелдің жағдайына ықпалын тигізген дәстүрлі дала заңдарына сүйенген әдеттің де, ислам құндылықтарына негізделген шариаттың да баптарын, қазақы әйел бейнесінің қалыптасуына әсерін тигізген сәбидің шыр етіп дүниеге келген сәтінен бастап, адамның дүниеден өтердегі жерлеу дәстүріне дейінгі қазақы салт-сананы сипаттау негізінде дәстүрлі қазақ мәдениетіндегі әйел болмысы зерделенді;

- бір жағынан, қазақ қоғамының дәстүрлі нормалары мен құндылықтарының осы күнге дейін сақталып келгенін ескеріп, екінші жағынан, бүгінгі әлемдік ахуалға сай әлеуметтік-психологиялық болмыстағы өзгерістерді ескеріп, қазіргі әйел бейнесіндегі тарихи түбірлермен қатар, гендерлік саясат пен феминизмнен туындаған трансформациялық үрдістер де түйінделді.

- Адам болмысының ер мен әйелден құралған амбиваленттілігі ертекезден әлеуметтік, психологиялық және физиологиялық факторлар шеңберінде анықталып келді, сондықтан жыныстық ерекшелікті ең қажетті рәміздік индикаторларға жатқызсақ болады. Әйел табиғаты мен мәдениетіне қатысты екі бағыт қалыптасты: біріншісі әйел мен ер адам әрекетінің жыныстық рөлі түсінігіне құралып, адамның биологиясы мен генетикалық ерекшеліктеріне негізделсе, екіншісі әйел мен ер адамның өмір тәжірибесіндегі әлеуметтік және мәдениеттік құрылымдардың ерекшелігін құрастырып, осыдан гендерлік мәселені тудырады.

- Мәтінде мәңгілік ақиқатты көрсету үшін қолданылған мәдени рәміздер көп өзгерістерді бастан кешіріп ұжымдық санадағы образдарға айналады. Олар этностың дүниетанымын, өмір сүру ерекшелігін, талғам-танымын көрсететін рухани мәдениет негізі – салт-дәстүр, әдет-ғұрыптардан анық көрінеді. Осыған сәйкес, қазақ қоғамы мен дәстүрлі мәдениетінде әйелді ана ретінде қастерлеу, қыз ретінде аялау, жеңге ретінде сыйлау, жар ретінде сүйеу сияқты сана сапасы-

мен, сезімталдықпен қарау көзқарасы үстем.

- Қасиетті кітап Құранда да, өз пайғамбардың хадисінде де әйел мен еркектің тең екені айтылған. Алайда теңдік пен бірдейліктің екі түрлі екендігін ескеру қажет. Олар тең жаратылғанымен, әйел мен еркектің бірдей емес екендігі белгілі. Олардың арасында физиологиялық әрі психологиялық айырмашылықтар бар.

- Әлемдік өркениет пен жалпыадамзаттық мәдениеттің құрамдас бөлігі ретінде Еуразияның орталық территориясындағы Ұлы Дала аймағында қалыптасқан қазақтың дәстүрлі этномәдениеті қола дәуірлерінен бастап мәдени дәстүрлері ғаламдық жалпыадамзаттық заңдылықтардың динамикасы ағымындағы әлеуметтік-мәдени үдерістерді бастан кешіріп, номадизмге тән көшпелі мал шаруашылығының ықпалымен орнықты. Үш мың жылға жуық тарихы бар көшпелі өркениет барысында ұрпақтан ұрпаққа мирас болып қалған бай рухани және мәдени мұрадан, сондай-ақ кейінгі тас дәуірі мен қола дәуіріндегі тайпалардың, алғашқы темір дәуіріндегі сак, ғұн, үйсін бірлестіктерінің ерте ортағасырлардағы түркі тайпаларының мифологиялық, діни және философиялық дүниетанымдарынан, олардағы әйел бейнесінің қастерленуінен бірізді тарихи сабақтастық байқалады.

- Әйел тіршілікті өмірге әкелуші ана, отбасының күре тамыры, шаңырақтың тірегі, ұрпақтың тәрбиешісі, қамқоршысы, жарық дүниенің жақсылықтарын жасаушысы адам баласына тек ізгілік, жақсылық тілеуші тұлға болғандықтан қазақ қоғамында қатты құрметтелді. Ол сәбидің шыр етіп дүниеге келген сәтінен бастап («туғанда дүние есігін ашады өлең, Өлеңмен жер қойнына кірер денең», деп дана Абай айтқандай), дүниеден өтердегі жерлеу дәстүріне дейінгі салт-санадан айқын аңғарылады. Әрбір салттың тұтқасында әйел заты жүреді және соның барысынан-ақ қазақы әйелдің болмысы аңғарылады.

- Қоғамдағы өзгерістердің «қазақ әйелі» бейнесінің этномәдени сипатына әсер етіп, оларға заманға сай ерекшеліктер алып келетіні анықталды. Өткен ғасырдың 60-80 жылдары әйел мен ерлерді теңестірудің бір жолы ретінде әйелдерді трактордың руліне отырғызып, ерлерден қалыспаған қайратты әйелдер дәріптелді. Дегенмен қазақ әйелдері мұсылман әйеліне ежелден тән отбасы берекесі, балаларының амандығы, отағасын сыйлау, туған туыстарына қамқорлық, жанашырлық сияқты қасиеттерді барлық уақытта алғашқы орынға қойып, қазақ әйелінің нәзік болмысын сақтап қалды. Бүгінде «іскер әйел» типінен басқа «қанатты әйел» деген де ауыспалы мәндегі рәміз жиі қолданылуда. Әйтсе де қазақтың іскер әйелдері өздеріне қажетті қасиеттердің негізгілері ұлттық ерекшеліктерді ақ сүтімен сіңіре білген өз аналарынан дарығанын баса айтады.

Әлеумет пен мәдениет адам болмысын қарастырғанда оның жынысына қызығушылығын әрқашан көрсетіп отырған. Әйел мен ер адамның өзгешелігі ең бастапқы бөлінуді айқындап, алғашқы амбиваленттікті құрастырған. Бұл өзгешелік әрқашанда әлеуметтік, психологиялық және физиологиялық факторлар шеңберінде анықталып

келді, сондықтан жыныстық ерекшелікті ең қажетті рәміздік индикаторларға жатқызсақ болады. Оларды шартты түрде екі бағытқа бөлуге болады. Бірінші бағыт әйел мен ер адам әрекетінің жыныстық рөлі түсінігінде құралады, ол адамның биологиясына негізделген. Бұл бағыттағы зерттеушілердің мақсаты биологиялық пен генетикалық ерекшеліктерді табуға арналған. Бұл ерекшелік, дәлірек айтсақ мақсатты әрекет тәжірибесінің ерекшелігі, өте кең, оларды бірақ таза биологиялық фактормен түсіндіру мүмкін емес. Сол себептен екінші бағыттағы зерттеушілердің ынтасын әйел мен ер адамның өмір тәжірибесіндегі әлеуметтік және мәдениеттік құрылымдардың ерекшелігі құрастырады. Осыдан гендерлік мәселе пайда болады [1, 237б.].

Адамзат тарихындағы іргелі түсініктердің қатарында «еркек - әйел» оппозициясының аталатыны белгілі. Ертедегі еңбектің жынысқа қарай бөлінісі еркектің асыраушы (аңшы т.б.) ретінде тұрмыста үстемдікке ие болып, абсолютті тұлға ретінде орнығуына жағдай жасады. Ерлердің қызметі табиғатпен бірге әйелді де бағындырды. Олар әйелдерді өздерінің жартысы деп танып, оны өздерін толықтыратын екінші «мені» ретінде ғана мойындады, ол ұғым прецедентті мәтіндерде дәйектелді. Әйел табиғатын тек бала туу қызметіне негіздеу дәстүрі және осы орайда оны толық емес, «арнайы қызметі бар ғана жартықеш адам» деп тану Томас Аквинат, М. Монтень, Г. Спенсер және сонымен бірге өзге құндылықтағы басымдықтарды насихаттайтын иррационалды бағыттың өкілдерінде кездеседі.

Ал Ф. Ницшенің пайымдауынша, әйелдік бастау ерлер арасында бір кездері басым болған және ол қазіргі заманғы құндылықтардың жасалуына негіз болған. Неміс ойшылы «еркектік» пен «әйелдікті» өзгермейтін қарама-қарсылықтар ретінде емес, адамның бір-бірін толықтыратын қырлары деп таниды. Оның ойынша, әрбір адам бойында анасынан дарыған әйел бейнесі бар, ол әйел затын құрметтей ме, жек көре ме, жоқ әлде мүлде немқұрайды қарай ма, осыған байланысты [2]. Ф. Ницше ақыл-ес – әйелдің басымдылығы, ал ерлерге ішкі уайым мен құштарлық тереңдігі тән, осы шығармашылыққа шексіз құштарлығы арқасында ерлер өздерінің әйелге қарағанда кемеліне азырақ жетпеген ақыл-парасатын қолдана алады деп есептейді [2, 321].

Ерлер мен әйелдердің даму эволюциясы олардың жағдайлары әртүрлі болуына байланысты түрліше жүрген. Ертеде ерлер аң аулап, әйелдердің жеміс тергені тарихтан мәлім. Еркектер қорғау қызметін атқарса, әйел бала бағумен айналысқан. Осы бағыттағы дамудың нәтижесінде олардың денесі мен санасы түрліше қалыптасқан. Алға қойылған міндеттерді тиімді жүзеге асыру барысында олардың денесі қалыптасуымен бірге ойлау қабілеті де өскен. Соған байланысты еркектер әйелдерге қарағанда биік және қайратты бола түскен. Миллиондаған жылдар бойы олардың ми құрылымы да бір-бірінен ерекшеленетін талаптарға байланысты өзгеріп отырған. Кейінгі кездегі ғылыми тәжірибелер балаларды адамдардан, ұйымдасқан қоғамнан, ата-аналарынан жырақ аралда тәрбиелесе де, қыздар бәрібір қуыршақтарын

киіндірумен, жұбатып, тәрбиелеумен айналысатыны, ал ұлдардың бір-бірімен күш және ақыл-парасат жағынан бәсекелесе жарысқатүсіп, айқын иерархиялық топ құратыны анықталған. Арнайы зерттеу жүргізген ғалымдардың пайымдауынша, бұның себебі, біздің ми жасушаларының қызметі ана құрсағының өзінде-ақ біздің ойлау жүйеміз бен мінез-құлқымыздың сипатын айқындайтын етіп ұйымдастырылған [3, 39б.]. Сол себепті о баста дүниеге бала әкелу, ана болу үшін жаратылған нәзік жыныстылар қандай жағдайда да өзінің аналық табиғатынан жырақтай алмайды. XX ғасырдың 90жылдары ғалымдар біз дүниеге келген сәтте миымызға базалық бағдарламалардың ендіріліп қойғанын дәлелдейтін бұлтартпас ғылыми деректер ұсынды.

Мириам Шнейрдің анықтамасымен 1792 ж. Лондонда және АҚШ-та «Дәуір» кітабы басылды, ол кітап әйгілі феминизм зерттеушісі Мэри Уоллетонкрофтікі және әйелдердің құқығын қорғауға арналған. Бұл кітап ішімдікке салынған әкесінің қатал тираниясының куәгері болған, көп қиыншылық көрген әйелмен жазылған. Ол сол кездегі дәстүрлі патриархалды тәрбиенің, әлеуметтік жүйенің жайсыздығынан әйелдің зорлық-зомбылықпен құлмен теңестірілгенін жақсы бейнелеп жазады. Осындай жайдайдың қаталдығын мойындаған ол бүткіл әйелдер үшін еркін, жақсы өмірді армандаған. «Қыз, әйел және ананың моральдық бейнесі» деген кітапта әйелдердің табиғи міндеті қалай атқаратылғаны анықталған. Алайда олардың қасиетті мақсатының арқасында олардың ішкі қабілеттері ашылуы мүмкін [4, 48б.].

Осы айтылғандардан мынадай түйіндер шығару қажет:

1. Жыныс адамның биологиялық детерминацияланатын сипаттамасы, ол қоғамның тікелей әсеріне ғана бағынбайды.

2. Гендер фундаменталды ой құрайтын категория болып табылады және мәдениет контекстінде субъектің әлеуметтік құрылымына жауап береді.

3. Гендер адам болмысының барлық қырларын бейнелейді (гендер әлеуметтік институт тәрізді; гендер социомәдени құрылым тәрізді; гендер әлеуми-демографиялық категория тәрізді; гендер идеологиялық құрылым тәрізді; гендер технология немесе процесс тәрізді; гендер субъективтілік тәрізді; гендер мәдени метафора тәрізді.

4. Гендерлік әрекет постструктуралистік және постмодернистік философия шеңберінде дамиды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Берн Ш. *Гендерная психология*. – СПб: Прайм-Еврознак, 2003. – 236-237 бб.
2. Ницше Ф. *Генеалогия морали // Сочинения в 2 т. – М.: Мысль, 1990. – Т.2. – 320-321 бб.*
3. *Жизнь и здоровье женщины*. – М.: Книжный дом АНС, 2004. – Т. 2. – С. 39.
4. Уоллетонкрафт М.В. *В защиту прав женщин // Феминизм. Проза. Мемуары. Письма / Под ред. М.Шнейр*. – М.: Прогресс, Литера, 1998. – С. 48.

ЕРТЕГІ ДИСКУРСЫ ӘЛЕМНІҢ КӨРКЕМ БЕЙНЕСІ ЭЛЕМЕНТІ РЕТІНДЕ

Құлтанбаева Нүргүл Қалдығұлқызы

Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ докторанты

Ақтөбе қаласы

Түйіндеме: Мақалада ертегі дискурсы әлемнің көркем бейнесі элементі ретінде қарастырылады. Ертегі дискурсына тән табиғат пен адамдағы сұлулықты ашу, эстетикалық, моральдық бірліктер, шындық пен қарапайымдылықты біріктіру, ашық бейнелілік пен айқындық туралы айтылады.

Тірек сөздер: әлем бейнесі, ертегі дискурсы, фольклорлық жанр, көркем дискурс

Abstract: В статье рассматриваются сказочный дискурс как элемент художественной картины мира. Анализу подвергаются яркая изобразительность и выразительность, соединение реального и вымышленного, единство категорий эстетики и морали, раскрытие прекрасного в природе и человеке свойственные для сказочного дискурса.

Ключевые слова: картины мира, сказочный дискурс, фольклорный жанр, художественный дискурс.

Abstract: This article discusses fairy-tale discourse as the element of literary picture of world. It is characteristic for fairy-tale discourse to open something wonderful in the nature and the person, moral, real and clear impressiveness is opened.

Key words: world picture, fairy-tale discourse, genre, folklore discourse, literary discourse

Қазіргі тіл біліміндегі ғылыми парадигмалардың қалыптасуына сай тілдің жүйелілік сипаты айқындала бастады. Яғни, тілді зерттеудің нысанын аналитикалық тәсіл негізінде жіктеп қарастырудың орнына тілді зерттеудің практикалық та, теориялық та тұрғыдан тұтас синтездік тәсіліне көшу үрдісі өріс алуда. Нақты түрде бұл лингвомәдениеттану, когнитивтік лингвистика салаларында іске асуда. Бұл үрдіс түптеп келгенде, қоршаған шындықты адамның жүйелі түрде қабылдауымен тікелей байланысты [1,35 б]. Осындай қабылдаулардың бірі «әлем бейнесі» ұғымы. Бір географиялық кеңістікте, ортақ шаруашылық түрімен айналысатын, сенімдері, тұрмыс тіршіліктері ұқсас адамдардың «әлем бейнесі» жайлы түсініктері белгілі бір орталыққа ие болып, нәтижесі ұлттық дүниетанымға ұласады.

Демек, «әлем бейнесі» – мәдениеттегі идеялардың жиынтығы әрі көрінісі болмақ. «Әлем бейнесі» ұғымы туралы ғалымдар арасында түрліше пікірлер айтылуыда. Солардың бір екеуін келтіре кетсек: профессор Э.Сүлейменова Әлемнің бейнесі – бұл ойлау әрекетінің нәтижесі және шарты. Тіл бойына табиғи, климаттық, мәдени және өзге де адам өмірінің шарттарын білдіретін өзгешеліктерді сіндіру арқылы дамиды дегендіктен, ат қою жүйесінің өзі әлемнің шексіз болмысын бейнелеуден туындайды» деген пікір білдірсе, Л.Вейсгербер «Тіл мен философия» атты мақаласында ғылыми терминологиялық жүйеге «әлемнің тілдік бейнесі» ұғымын енгізіп, өзіндік лингвофилософиялық тұжырымдамасын ұсынды. Ғалымның ойынша, әлемнің тілдік бейнесін беретін негізгі сипаттамалар төмендегідей: 1) әлемнің тілдік бейнесі, біріншіден, этнос пен тілдің тарихи дамуы нәтижесінде, екіншіден, олардың әрі қарай өзіндік жолмен дамуынан қалыптасады; 2) әлемнің тілдік бейнесі біртұтас тірі ағза ретінде айқын құрылымға ие және тілдік бейнеленуі көпдеңгейлі болып табылады [2,114 б].

В.Маслова: «Әлемнің тілдік бейнесі – ұлттың жалпымәдени игілігі, ол құрылымды, көпдеңгейлі. Дәл осы әлемдік тілдік бейне адамның ішкі әлемі мен сыртқы дүниені байланыстырушы болып табыла-

ды, адам дүниені қабылдау барысындағы танымдық қызметінің нәтижелерін тілде бекітіп отырады. Әрбір тілдің өзіндік концептуалдану тәсілі болады, сол арқылы әр тілдің өзіндік әлем бейнесі жасалады. Тілдік тұлға сол бейнеге сәйкес өз айтылымдарын ұйымдастыруға міндетті. Осы арқылы тілде бекітілген өзіндік дүниені қабылдауы айқындалады», – дейді [3, 208 б].

Тілді ғаламның айнасы іспетті қабылдаған В. фон Гумбольдттың тілдің ішкі формасы жайындағы идеясы қазіргі таңда тіл білімінде ұлттық діл және оның түрлі берілу формаларын зерттеуде қарқынды даму басымдылығына ие екені де сөзсіз. Бұл, өз кезегінде, қазақ мәдениетіне тән дәстүрлі рухани құндылықтарды айқындайтын тілдік жүйелердің жеке бөлімдері ерекшеліктері зерттелуімен түсіндіріледі және оған, ең алдымен, қазақ тіліндегі ауыз әдебиетінің мұралары тікелей қатысты деп санаймыз. Өйткені халықтың, этностың рухани құндылықтарын айғақтайтын ең басты дүниетаным тілдік құндылықтар арқылы көрініс бермек [4,5 б].

Біздің зерттеуіміздің нысаны бізге динамикалық когнитивтік және тілдік қызмет ретіндегі, ертегі мәнмәтінінде жазылған, эпикалық түрдегі ертегілік категориясының өлшемдері бар мәтін болмақ. Ласкавцеваның анықтауынша бұл мәтін халық ауыз әдебиетінің ауызша немесе жазбаша түріне қатысты. Ол қиялға негізделген және рәміздер, кейіпкерлер, семантикалық кеңістік сияқты тілдік құралдар жүйесінде халықтың ұлттық ерекшелігі көрініс беретін ерекше образдардың қатысуымен құрылған.

Адам баласы ерте замандарда маңайындағы дүниенің жасырын сырын білмегендіктен, өзіне белгісіз заттың барлығына Құдай деп табынған. Олардың әрқайсысы туралы арнаулы әңгімелері болған. Заман өткен сайын ақыл, білім өскен соң, ол табиғат құбылыстарының Құдай емес екендігін байқап білген. Сондықтан олар жайындағы әңгімелер бұрынғы сипатынан айырылып, кейінгі айтушылардың аузында ертегі болып кеткен. Өмірде болмайтын істер, қиялдың көтеріліп суреттеген әңгімелері деп танылған. Қазақ ертегілерінде кездесетін жалмауыз, диюлар, мыстан кемпірлер араласқан әңгімелердің барлығы да сондай қиялдың

жемісі. Ертегі - фольклордың негізгі жанларының бірі. Ертегі жанры - халық прозасының дамыған, көркемделген түрі, яғни, фольклордың көркем прозасы. Оның мақсаты - тыңдаушыға ғибрат ұсынумен бірге эстетикалық ләззат беру. Ертегінің қызметі кең: ол әрі тәрбиелік, әрі көркемдік - эстетикалық рөл атқарады. Ертегінің бүкіл жанрлық ерекшелігі осы екі қызметтен шығады. Сондықтан ертегілік прозаның басты міндеті – сюжетті барынша тартымды етіп, көркемдеп, әрлеп баяндау. Ертегі жанрының пайда болып, қалыптасу тарихы өте ұзақ. Жалпы ертегілердің пайда болып, қалыптасуының алғашқы кездерінде ел оны қиял деп ойламаған, онда баяндалатын оқиғаға сенген, себебі ол шақта ертегі өз төркінінен алшақ кете қоймаған, сондықтан көркемдік қызмет те атқармаған. Ертегіде қиял мақсатты түрде пайдаланылады, сондықтан ол әсіреленіп, ғажайыпқа айналады және біршама, өзінше дамып отырады. Ертегідегі ғажайып қиял адамның күнделікті өмірде көріп жүрген заттары мен құбылыстарын саналы түрде басқаша етіп көрсетеді, өйткені бұл жанрда ғажайыптың көркем бейнеленуіне құрал ретінде қолданылады [5, 118 б].

Қазіргі уақытта ертегіге деген зерттеушілік қызығушылық үздіксіз өсуде. Басқа ешбір фольклорлық жанр әдебиетте дәлме- дәл көрініс берген жоқ. Ал зерттеу пәні әлі күнге дейін аяқталып болмады. Ертегіні зерттеудің ерекше саласы ретінде, тілдің спецификалық сферасы оның өзіне лайықты просодикалық, лексикалық және синтаксистік ерекшеліктерімен, ертегіде бекітілген әлемнің ерекше бейнесімен қарастырады.

Қазіргі ғылымда ертегі дискурсын зерттеу жеткілікті түрде қарастырылған жоқ. Тек қана ертегі және орыс ертегісі бірінші кезекте ертегі сюжеті мен оны құрайтын бөлшектердің мән- маңызын тереңдей қарастырған ғалым В.Я. Пропптың жұмысы дискурс талдаудың бастаушы жаңа бағыты болды. Ертегі дискурсының мазмұнын дәстүр бойынша былайша түсіндіруге болады, яғни ертегі дискурсының жанрлық қатысына қарай жан-жануарлар туралы ертегі, таңғажайып ертегі және тұрмыстық ертегі және т.б. Дискурстың түрлі типтерін сәйкестеу заңын орнату сызбасы кешенді сипатқа ие және үнемі олардың өзара қатынасын ашу- ды толықтырардай болжам жасай алмайды. Әсіресе, аталмыш пайымдау көркем дискурсқа қатысты, сол сияқты оның тақырыптық толықтырылуы тұрмыстың түрлі саласында сәйкестеліп толығы мүмкін.

Дискурстың түрлі типтерінің өзара қатысы жүйесін, олардың ұқсастықтары мен сәйкессіздігін келесідей мазмұнды белгілері бойынша қарастыруға болатындығын Н.А.Акименко былайша көрсетеді:

1. Общее/единичное. Общему содержанию дискурса соответствует множество, то есть более одного явлений или жанров.

2) абстрактное/ конкретное. В первом случае содержание дискурса абстрагировано- например, дискурс борьбы, резистантный дискурс, дискурс угрозы, дискурс насилия и т.д. Во втором случае дискурс мыслится как самостоятельно, реально существующий – например, дискурс В.Путина;

3) позитивное/ негативное. Позитивное содержание указывает на присутствие определенного признака,

негативное – не его отсутствие. Например, дискурс насилия составляет оппозицию дискурсу насилия, а дискурс осуждения – дискурс похвалы и комплимента.

4) соотносительное/ безотносительное. Соотносительное содержание дискурса подразумевает существование другого, парного дискурса – например, мужской и женской дискурса. Безотносительное не связано какой- либо парностью – например, компьютерный дискурс.

5) собирательное/ несобирательное. Признаком собирательного является единство, целостность, несобирательного – отдельность, единичность. Например, политический дискурс и дискурс политики;

6) совместимое/не совместимое. Совместимое содержание дискурсов имеют частично или полностью совпадающие объемы. Несовместимые дискурсы не имеют общих элементов в своих объемах [6, 67 б].

Ертегі дискурсы абстрактілі, оның мазмұны әлеуметтік тәжірибе барысында кеңейген және байыған. Ертегі дискурсының мазмұны позитивті, ғажайыптарды эстетикалық тұрғыдан түйсінуге бағытталған, онда прагматикалық көңіл көтерушілік бағыт бар. Ертегі дискурсының мазмұны қандай да бір оқиғаға қатысты, мысалы, шындыққа жақын әңгіме дискурсына ұқсас. Ертегі дискурсы композициясы бойынша, ішкі мәтіндік байланыс және жанрлық канонның жинақталған саны бойынша жинақтық болып табылады.

Сәйкестелген дискурс мазмұнының көлемі түрлі мәндегі дискурс мазмұны бойынша бөлінгенімен көлемі бойынша сәйкес келеді. Мысалы, «мейірім» мен «жауыздық», «жақсылық» мен «жамандық», мәселелері қарастырылатын Ю.Хабермастың этикалық дискурсы дискурстағы діни және зайырлылықты (тұрмыстық, ресмилік, көркемдік) қарастырады. Бағыныңқы дискурста дискурстың бір компоненті бір мезгілде басқа компонентіне айнала алады, бірақ барлық соңғы компонент бірінші компонент болып табылуы барлық жағдайда бірдей емес. Мысалы, ғылыми дискурс> қорғау дискурсы> диссертанттың дискурсы> оппоненттің дискурсы> арнайы емес жарыссөздегі баяндамашының дискурсы және т.б. Дискурстың көлемі кішірейген сайын оның мазмұны кеңейеді. Жалпылауға өту, яғни дискурстың көлемінің ұлғаюы дискурс мазмұнының тарылуы арқылы жүреді.

Сәйкес келмейтін (не совместимие) дискурстың көлемінде ортақ элементтер болмайды. Мысалы, әдеби-көркем дискурста біріктірілген прозалық және поэзиялық дискурс бар. Қарама- қарсы дискурстар (мысалы, ер мен әйел) өздеріне ортақ (гендерлік) дискурс көлеміне кіреді, бірақ олардың көлемі бірін-бірі жойып отырады. Бұл жағдайда біреуінің элементі олардың бірнеше белгілеріне ие болса, онда екіншісінің элементі бұл белгіні жоққа шығарып, оны басқа элемент алмастырады. Қарама- қарсы дискурстың көлемі жинақталу барысында оларды біріктіруші дискурстың көлемін толықтыра алмайды. Мысалы, айыптау дискурсы мен мақтау, мадақтау дискурсы.

Ертегі дискурсының дискурстың басқа түрлерімен сәйкестілігі/ сәйкеспеушілігі. Генетикалық байланысы және дискурстың туыстық ортақтығы ретінде көрінеді. Шындығында да ертегі дискурсы ежелгі



коммуникативтік байланыс екендігі анық. Ол дискурстың көптеген түрлерімен байланысып жатыр (діни, саяси, театрлық, педагогикалық, жарнамалық. Т.б.). Ал ертегі дискурсының негізгі ортақтықтары мен туыстық жағы әдеби-көркемдігімен белгіленеді, дәстүрлі қалыптасқан әдеби-көркемдік дискурс фольклорлық және жеке әдеби-авторлық дәстүр (эпикалық, лирикалық, драмалық формадағы) болып табылады.

Халық ертегісі ертегі дискурсының ядросы ретінде эпостың көне түріне жатады. Осының негізінде ертегі дискурсын әдеби-көркемдікпен сәйкестігімен және оған бағынышты фольклор жанрымен түсіндіруге болады. Пропстың пікірінше, жанрға қарағанда ұғым неғұрлым кең, ертегі шығармада шындықты қарабайыр-фантастикалық трансформациялаудан символикалық және философиялық қайта ойластыруға дейін өте ұзақ кезеңді бастан өткерді, ұзақ жолдан өтті. Халық шығармашылығын құру кезінде ол өз дәуірінің идеологиялық және көркемдік заңына бағынып, әдеби шығармаға айналып кетті. Осыған байланысты ертегі дискурсын тек әдеби-көркем дискурс құрамына кіретін дара жанр ретінде қарау мүмкін емес [7, 97 б].

Ертегі дискурсының жанрлық кеңістігі де оның жүйелі- бейнеленген белгілері мен интенционалды ерекшеліктеріне орай тарылған. Осыдан келіп мазмұнына фольклорлық және әдеби шығарма кіретін, өзіне ертегілік категория өлшемдерін қабылдаған (эпикалық, қарапайымдылыққа құрылған, ғажайып, эстетикалық, көңілділік) ертегі дискурсы қайта өңделген әдеби-көркемдікпен сәйкестелген деп қарастырылуы мүмкін.

Ертегі дискурсында халықтың көркемдік талғамы көрініс береді. Ертегі дискурсы ғасырлар бойы ертегі айтушы шеберлердің шығармашылығында реттелген, сондықтан ол сұлулықтың эстетикалық сезімін, сезім формасын, тіл мен ритмді дамытады. Ертегі

дискурсының күші өнердің барлық түрлерін дамыту үшін үлкен мәнге ие. Олар: әдебиет, бейнелегіш, көркемдегіш өнер.

Көптеген ұлы жазушылар мен сазгерлердің шығармашылығы халық поэзиясымен тығыз байланысты. Ертегі дискурсына табиғат пен адамдағы сұлулықты ашу, эстетикалық, моральдық бірліктер, шындық пен қарапайымдылықты біріктіру, ашық бейнелілік пен айқындық тән. Осының бәрі әлем бейнесіне жатады және неліктен халық өнері адамға көбірек эстетикалық рахат сыйлайды дегенді ұғындырады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Манкеева Ж.А. Дискурс – «ғаламның тілдік бейнесін» жасаушы тілдік құрал// «Дискурс теориясының өзекті мәселелері» Халықаралық электронды ғылыми конференция материалдары. Ақтөбе, 2011. 35-б
2. ВейсгерберЛ. Язык и философия // Вопросы языкознания. □ 1993. № 2. □ 114с.
3. Маслова В.А. Лингвокультурология: учебное пособие. – М.: Академия, 2001. □ 208 с.
4. Ускенбаева Р.М. Қазақ тіліндегі мифологемалардың этномәдени-танымдық аспектісі (мифологиялық шығармалар негізінде) Филос. (PhD) док. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация.– Алматы: КазҰУ, 2016. – 5-б
5. «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы – Алматы 6 том.- 2004 жыл. 118 б.
6. Акименко, Н.А. Лингвокультурные характеристики англоязычного сказочного дискурса: дис. ... канд. филол. наук / Н.А. Акименко. – Волгоград, 2005. – 13 с.
7. Пропп В.Ю Русская сказка (Собрание трудов В.Я. Проппа); научная редакция, комментарии Ю.С. Расказова. М.: Лабиринт, 2000. 97с.

ARAP ELİFBASI'NDAN LATİN ALFABESİNE GEÇİŞ SÜRECİNDE GARPÇI SÖYLEMLER *

Merve ÜNAL

Niğde Ömer Halisdemir Üniversitesi

Çağdaş Türk Lehçeleri Ve Edebiyatları bölümü

Danışmanı: Prof. Dr. Abdirasilova.Gulmira Kalıbaikyzy

Kazak Ulusal Kızlar Pedagoji Üniversitesi

Түйіндеме: Мақалада Түркияда латын әліпбиіне негізделген түрік әліпбиін қабылдау, оны қолдану барысындағы кемшіліктері мен жетістіктері сөз болады. Араб алфавитінен кейін латын әліпбиін қабылдау туралы мәселе түрік мәдениеті мен біліміне әсер ететін ұзақ пікірталастарға себеп болды. Бұл талқылауларда латын алфавитін қабылдау туралы кейбір оң және теріс дәлелдер ұсынылды. Бастапқыда қолданылған әріптерді жақсарту туралы кейбір талаптар қойылды; II. Конституциялық монархия кезеңінен бастап, араб әріптерінің орнына латын алфавитін қабылдау керек екені анық айтылды.

ÖZ :Latin alfabesinin kabulü meselesi, Türk eğitim ve kültür hayatındaki etkileri bakımından, uzun tartışmalara neden olmuştur. Bu tartışmalarda, Latin alfabesinin kabulüyle ilgili olumlu ve olumsuz birtakım tezler ileri sürülmüştür. Başlangıçta, kullanılan harflerin islah edilmesi yönünde birtakım talepler gündemdeyken; II. Meşrutiyet Dönemi'nden itibaren Arap harflerinin yerine Latin alfabesinin kabul edilmesi gerektiği açık bir şekilde ifade edilmeye başlanmıştır. Bu konuda II. Meşrutiyet'ten Cumhuriyet'e uzanan süreçte gerek basında yer alan yazılarında gerekse de kaleme aldıkları eserlerinde ileri sürdükleri tezlerle dikkat çekenler Garpçılar olmuştur. Bu dönemde Dr. Abdullah Cevdet, Celal Nuri ve Kılıçzâde Hakkı gibi Garpçılar, ülkenin medeni icaplara göre ilerlemesinin önemli ölçüde Latin harflerinin

kabulüne bağı olduğunu savunmuşlardır. Bu çalışmada, II. Meşrutiyet Dönemi'nden Latin alfabesinin kabul edilmesine kadarki süreçte kısaca harfleri ve imlayı ıslah etme yolunda yapılan girişimlerin ve esasen adı geçen Garpcıların Latin alfabesinin kabulüne ilişkin söylemlerinin değerlendirilmesi amaçlanmıştır.

GİRİŞ:

Ключевые слова: лингвокультурный, прагматика, перевод, транскрипция, транслитерация.

Abstract: The article discusses the linguocultural and pragmatic aspects of the translation of the original text into English. The main purpose of the article is to show the peculiarities of the translation of the linguistic, cultural and pragmatic aspects of the original text. The methods of observation, experiments, modeling and generalization were used in this article. These linguocultural and pragmatic aspects are the basis of the article.

Key words: linguocultural, pragmatic, translation, transcription, transliteration.

Pragmatics is the one of the branch of linguistics which studies the effect of language units on people interaction. And the pragmatics of translation is the need to have a certain impact on the recipient in order to formulate a clear view of the textual information. Words in language are related to certain referents which they designate and to other words of the same language with which they make up syntactic units. Words are also related to the people who use them. The people develop a certain attitude to the words they use. To the users of the language its words are not just indifferent, unemotional labels of words acquire definite implications, they evoke a positive or negative response, they are associated with certain theories, beliefs, likes or dislikes. There are “noble” words like “honour, dignity, freedom”, etc. and “low” words like “infamy, cowardice, betrayal”. Words can be nice or ugly, attractive or repulsive. Such relationships between the word and its users are called “pragmatic”. The pragmatic implications of a word are an important parts of its meaning that produces a certain effect upon the Receptor. Of even greater significance is the pragmatic aspect of speech units. Every act of speech communication is meant for a certain Receptor, it is aimed at producing a certain effect upon him. In this respect any communication is an exercise in pragmatics. Since the pragmatic effect plays such an important part in communication, its preservation in translation is the primary concern of the translator, though it is by no means an easy task. The pragmatic aspect of translation involves a number of difficult problems.

To begin with, the pragmatic of the original text cannot be as a rule directly reproduced in translation but often require important changes in the transmitted message. Correlated words in different languages may produce dissimilar effect upon the users. An “ambition” in English is just the name of a quality which may evoke any kind of response –positive, negative or neutral. In Kazakh “амбиция” is a definitely word. When we consider not just separate words but a phrase or number of phrases in a text, the problem becomes more complicated. The communicative effect of speech unit does not depend on the meaning of its components alone, but involves considerations of the situational context and the previous experience. A report that John has run a hundred metres in 9 seconds will pass unnoticed by some people and create a sensation with others who happen to know that it is a wonderful record-breaking achievement. Here, again, a great role is played by differences in the historical and cultural backgrounds of different language communities, in their customs and living conditions. It stands to reason that the natives of a tropical island can hardly be impressed by the statement that something is “as white as snow”. The reported “cooling” in the relations between two friends may be understood as a welcome development

by the people who live in a very hot climate. It seems imperative, therefore that translation should involve a kind of pragmatic adaptation to provide for the preservation of the original communicative effect. This adaptation must ensure that the text of translation conveys the same attitude to the reported facts as does the original text. The pragmatic adaptation of the translation must also see to it that TR understands the implications of the message and is aware of its figurative or situational meaning. In pragmatic aspect of translation the term translation strategy is well known. Translation strategy is the translator’s system of action during the translation work.

Pragmatics of translation is a wide notion which covers not only pragmatic meaning of a word, but some problems connected with various levels of understanding by speech acts communicants of certain meanings or messages, depending on linguistic or paralinguistic factors, that is, background knowledge. A well-known linguist Komissarov points out that pragmatic aspect of translation should be considered from three points. One of them is conveying pragmatic meaning of words. This point chiefly pertains to the translation of national realia and equivalent lacking words that is, various names.

The term pragmatic meaning of a word is not yet fully investigated. But some linguists point out that the pragmatic component of the word meaning, which is realized in various kinds of emotive and stylistic connotations, is individually-occasional or collectively used meanings. They reflect the conditions of a language unit use, the conditions such as situation and place of communication, subject and purpose of communication; social, ethnic, and individual peculiarities of communicants, their attitude towards one another irrespective of the fact whether pragmatic aspects are singled out into a certain type of a word meaning or whether it is considered among other components of its meaning, pragmatic meaning, which is fixed in a word, plays an important role and its retention ensures complete communicative adequacy of translation to the original. Pragmatics as a linguistic term means the analysis of language in terms of the situational context, within which utterances are made, including the knowledge and beliefs of the speaker and the relation between speaker and listener. Pragmatic information is actualized in translating the equivalent–lacking lexical units, first of all personal names, geographical names, national realia by way of transcription and transliteration. But in some cases, while translating the names of states, boroughs, counties and provinces explication of their implicit information is needed. According to linguo-culturologic research, linguistic analysis allows to divide units of language into three types: words and sayings which totally coincide in the languages compared; words and sayings which partially coincide in the languages compared; words and languages which do not coincide in the language compared. Various

aspects of linguo-culturology have also been the subject of the article. As a rule, personal names are translated by means of transcription or transliteration .

But when a proper name acquires the connotation as an important pragmatic factor, it should be translated on a communicative but not on a semantic level. As to the meaning of national realia it is more often than not rendered by means of transcription or transliteration, but very often explication of their national meaning is also necessary. For example: All his life was spent working on a collective farm , growing fruit and berries. He always had a ketmen in his hands, right up to the day of his death. The word “ketmen” is an implement for working the land; a mattock. While translating the names of national holidays the pragmatic approach is also required. For example, Kurban ait is translated by transliteration, and gives notion of muslim holiday. In these example we can notice the linguocultural and linguocultural pragmatic aspects of the work. Every translator should have experience when they translate realies, phraseologisms. Because these need a special knowledge which is called backround knowledge. The knowledge of culture is as well as. Sociolinguistic aspect of the theory of translation includes the consideration of translation as socially determined communicative process, social norm of translation and viewing translation as the reflection of a social world. The objects of description are various kinds of socially conditioned pragmatic relations, which determine the essence of translation as communicative act: pragmatics of source text, which determines its functional type; pragmatics of target text, oriented to a different culture [4, 18]; orientation of the translator for meeting the requirements of the society, that is, social norm of translation; pragmatics of the language units of both source and target languages, the pragmatics, which is connected with stratification and situational varieties of lexicon. Pragmatic approach to the analysis of the situation will show the translator the right way.

Source text: «Өмір-өзен бір минутқа кідірмей, сынаптай сырғып өтіп барады екен ғой. Сау кезімізде соңымызға жалтақтаудан гөрі, дүрмекке ілесіп, алға қарай ұмсына берсек керек.» [11]

Translation: «Gaukhar, I have made a discovery. Life is a river. And you and I have sailed this river for ten years. Everything was fine. We worked, had children, the children grew up. We embraced our joys and came through misfortune. We were like everybody else.» [19]

Source text: «Әйтсе де, жолаушының окта-текте бір тоқтап, өзі басып өткен өмір жолдарының кедір-бұдырына көз қырын тастап қойғаны да зиян емес пе деп қалдым. Өйткені кешегі кемшілік ертеңге сабақ қой. Міне, біздер он жылдан бері бір мәрте де жүз шайыспай, әй-шәй деспей, тату-тәтті өмір сүріп келдік. Адам, сірә, бұл өмірдің қызығына тойған ба?! Дегенмен, өзіңмен жақсылы-жаманды бірге өзткізген азды-көпті күндеріме мен өле-өлгенше ризамын.» [11]

Translation: «But the river of life keeps on flowing. It's always flowing. And you, Gaukhar, dwelt on its final destination: where it's carrying us on its mighty waves. To be honest, I never thought about that. We're on it together – that's good enough for me. Like everyone else. Like thousands, millions of people. After all, travelers crossing the steppe, sometimes climb to the top of a hill and look

around , to see where the road has led them, how much is behind them and what's left to be covered. The same with us, those of us sailing through the river of life –we should sometimes look back and then, carefully, forward, since a person is not just a piece of wood that doesn't care where the river takes it.» [19]

Source text:«Гайхар!Сені тура бүгінгідей ешқашанда аңсап, сабыр суым сарқыла күтпеген едім.Мүмкін, бұл әдеттегі үйреншікті сағыныш емес, өзіме де беймәлім басқа бір сезім шығар.Кейде адамда мұндай да болады екен-ау. Өзіңді кеше ғана көрдім.Ал,бүгін сағынып қалдым.Жәудіреген мөлдір жанарыңды да, сүйіріктей аққу мойныңды да, үлпілдеген көмір қара шашыңды да, қас қағымда жанымды баурап әкететін сүйкімді наз-қылығыңды да аңсадым.» [12]

Translation: «Gaukhar! Never before did I long to see you as much as I do now. I miss the warmth in your eyes, your white, swan-like neck and your ebony hair.I grieve without you. Your image has forever captured me. And now it plays with my emotions, carrying me away like a fiery whirlwind.» [20]

To sum up the above said, it is necessary to stress the importance of the translator's background knowledge. That is, profound knowledge of history, culture, mode of life of the country, the language of which he studies and is supposed to know for being a good translator. Translating process reveals double pragmatic orientation. On one hand, it is realized within inner lingual communication and thus being oriented to the original. On the other hand, translation is a concrete speech act which is pragmatically oriented to a certain recipient. Pragmatic task of the translation aims at ensuring maximal equivalency with the original. Pragmatic aspect of the translation is very important especially in translation of nationally-biased units of lexicon. In conclusion, one should know that it is important to note that each nation has its own cultural vision of the world and a cultural-historic way. In the linguocultural part of each language the culture, the way of thinking and values of each nation are conveyed. Linguo-culture of the text gives culturologic information to the readers, through which readers can develop their communicative, language, socio-cultural, linguocultural and learning competences. The fact of those linguocultural and pragmatic aspects show the features of folk culture is now widely accepted. These days a wide range of linguocultural is characteristic of the nation. Therefore they must be translated in proper way. These opportunities are important in the cases when readers who get into different cultural environment for various reasons and who have different nationalities study in one group. Various situations are possible while reading , different theories on realias, phraseologisms, different associations. The question of interaction between language and culture is nowadays relevant in our society, which experiences the growth of international communication. Looking at relations between different nations, it is important to foresee potential cultural misunderstandings. It is also important to determine cultural values which form the basis for communicational behavior. The subject of the research is the experience of the translator who intends to describe the given work. When the translator translates he or she must follow all the rules in order to translate in proper way.

References:

1. Комиссаров В.Н., Теория перевода. –М.: Высшая школа, 1990. –253 с.
2. Kelimbetov N. I don't want to lose hope. Translated by Shynar Kelimbetova, London: Lowndes Group Ltd, 2013. -19 p.
3. http://www.rusnauka.com/18_EN_2009/Philologia/48556.doc.htm

4. Жұмабекова А.К., Аударма теориясы. –Алматы, 2010. –54 б.

5. Келімбетов Н., Үміт үзгім келмейді. – Алматы.: Паритет, 2011. –13 б.

6. Miram G.E., Daineko V.V. Taranukha L.A., Grichenko M.V., Gon A.M. Basic translation. – Kyiv: Nika-Center, 2002. -58-64 p.

ATASÖZÜ NEDİR VE ROMANLARDA KULLANILAN ATASÖZLERİ

Fatih ÖNER

Niğde Ömer Halisdemir Üniversitesi

Çağdaş Türk Lehçeleri Ve Edebiyatları bölümü

Danışmanı: Prof. Dr. Abdırasiyeva.Gulmira Kalibaikyzy

Kazak Ulusal Kızlar Pedagoji Üniversitesi

Түйіндеме. Мақалада түрік көркем шығармалар тілінде қолданылған мақал-мәтелдер ерекшеліктері сөз болады. Тілдік қолданыстағы кейіпкерлердің әдеби бейнесін ашуда, образ жасауда, автордың ойын танытуда, өзіндік көзқарасын білдіруде әр түрлі тәсілмен және түрлі жағдайларға байланысты орайластырылып берілуі нақты мысалдармен арқылы талданады. Халықтың ұлттық болмысы, дүниетанымы, өмір сүру салты, әдет-ғұрпының айқын көрінісі тілде қалыптасқан мақал-мәтелдер қорында сайшықталып сақталады, баға жетпес рухани құндылық ретінде ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады. Көркем шығармаларда өзгеше бір сипатпен қолданылатын тілдік бірліктер – мақал-мәтелдер. Олар шығарманы ажарландырып қана қоймайды, жазушы шеберлігінің арқасында жансызға жан бітіреді. Аз сөзбен терең ой айтуға қызмет етеді. Ол жазушының баяндау құралында да, кейіпкерлерінің тілінде де жиі ұшырасады.

Roman Nedir?

Олmuş ya da olabilir nitelikteki olayları ve konuları ele alan edebi türlere Roman denir. Diğer türlerden ayrılan en önemli özelliği, uzunluğudur. Romanlarda, toplumsal olaylar ve ilişkiler gerçeklere uygun bir tarzda ele alınır. Romanlarda, toplumsal olaylar ve ilişkileri gerçeklere uygun bir tarzda ele alınır. "Roman" kelimesi, Roma İmparatorluğu sınırları içinde yaşayan halk kitlelerinin konuştuğu halk Latincesine verilen addır. Sonraları herkesin anlayabilmesi için bu dille yazılan destan ve hikayelere "roman" adı verilmiştir. Kelimenin aslı buradan gelir. (H.F.GÖZLER, Örnekleriyle Türkçe ve Edebiyat Bilgileri, s.303)

İyi bir roman ilgi çekici olmalı, herkesi ilgilendiren insancıl bir tema taşımalıdır. Romandaki olaylar arasında dengeli bir sıralama ve bağ bulunmalıdır. Olaylar akla yakın olmalı, romanın konusundan doğmalıdır.

Romandaki varlıkların kişilikleri baştan sına dek konuya uygun nitelikte olmalı, birbiriyle çelişmemelidir.

Roman yazarı; romanda yarattığı kişilerini kendi kişiliği içinden görebilmelidir. Romandaki davranışlar ve konuşmaların, kişilerin karakterlerinden çıkmasını sağlamalıdır.

Okuyucu, roman iş olsun diye okumaz. Roman okurken avunmak, kendinden uzaklaşmak ister. Romandaki kişilerle ilgilenmeye başlar. Olaylar karşısındaki davranışlarının ne olacağını merak eder. Onların başarılarından mutluluk duyar. Onların sıkıntılarına üzüлүр. Kendisini onların yerine koyar. Onların davranışlarını eleştirir. Bu davranışlar

içinde yapılmaması gerekeni, yapılmamış olanları bulur. Romanı okuyup bitirince genel bit yargıda bulunur.

Türk edebiyatında önceki yüzyıllarda roman türüne benzer edebi eser mevcuttur. Bunlar:

- 1.Halk Hikayeleri(Kerem ile Aslı, Ferhat ile Şirin gibi.)
- 2.Meddah Hikayeleri
- 3.Dini Hikayeler(Hz.Ali'nin Cenkleri gibi.)
- 4.Destani Hikayeler(Dede Korkut Hikayeleri, Battal Gazi Destanı gibi.)

Avrupalı tarzda ilk roman, Tanzimat döneminde yazılmıştır. Namık Kemal'in "İntibah" ilk Türk Romanıdır. Nabizade Nazım'ın "Karabibiki" ilk köy romanıdır. Yusuf Kamil Paşa'nın Fenelon'dan çevirdiği "Telemak" ilk çeviri romanıdır.

Romanlarda, şu öğeler üzerinde önemle durulmalıdır:

- 1.Konu
- 2.Kişiler(şahıslar,kahramanlar)
- 3.Çevre(mekan)
- 4.Zaman
- 5.Ana düşünce ve
- 6.Anlatım tarzı(üslup)

Romanlardaki olaylar, bir plana uygun olarak anlatılır. Bu plan şöyledir:

- 1.Giriş(Serim): Roman olayının başı, burada verilir.
- 2.Gelişme(Düğüm): Roman olayının gelişip, açıldığı bölümdür.
- 3.Sonuç(Çözüm): Romandaki olayın açıklığa kavuştuğu, düğümün çözüldüğü bölümdür.

Romanlar, işlenen konularına göre şu çeşitlere ayrılır:

- 1.Tarihi romanlar

2. Macera romanları

a) Polis romanları (Macera ve heyecan duygularını artıran romanlar)

b) Egzotik romanlar (Yabancı ülkelerin toplumsal özelliklerini, geleneklerini anlatan romanlar).

3. Köy romanları

4. Sosyal içerikli romanlar

5. Psikolojik tahlil romanları

Türk Edebiyatında Roman

Türk edebiyatına roman Fransızca'dan yapılan çevirilerle girdi. Bu çevirilerden ilki Yusuf Kamil Paşa'nın Fenelon'dan yaptığı Tereceme-i Telemak'tır. Daha sonra adı bilinmeyen bir çevirci Victor Hugo'nun ünlü romanı Sefiler'i (Les Miserables) çevirdi.

1860-1880 yılları arasında başta Fransız yazarlar olmak üzere bir çok Batılı yazarın eseri Türkçe'ye çevrildi. İlk Türk romanı Şemsettin Sami'nin Taaşuk-ı Talat ve Fitnat adlı eseridir.

Sami'den sonra Ahmed Mithat romanlarıyla Türk romanının gelişmesine katkıda bulundu. Türk romanı asıl Tanzimat döneminde gelişti. Rezaizade Mahmut Ekrem'in Araba Sevdası yeni teknikler kullanılan Batılı anlamda türüne en yakın il Türk romanıdır.

Servet-i Fünun edebiyatı döneminde ilk usta romanlar ve usta yazarlar kendilerini gösterdi. "Sanat sanat içindir" tezini savunan bu yazarlar aşk ve acıma gibi konuları işledi. Halit Ziya Uşakgil bu dönemin en önemli romancısı sayılır. Aşk-ı Memnu (1925) adlı romanı günümüzde de en başarılı Türk romanlarından biridir

Atasözü nedir?

Atalarımızın uzun denemelere dayanan yargılarını, tecrübelerini, bilgice düşünce ya da öğüt olarak ifade eden ve kalıplaşmış biçimleri bulunan kamuca benimsenmiş özlü sözlerdir.

Atasözleri, biçim yönünden diğer yazı türlerine göre farklı özellikler gösterir. Öykü, roman, şiir, deneme gibi yazı türleri pek çok cümlelerin bir araya gelmesi ve anlam yönünden bütünleşmesiyle oluşur. Buna karşın atasözleri genellikle bir, en fazla iki cümleden oluşur. Bütün duygular ve düşünceler bu tek cümleye sığdırılır.

Bu cümleler kişiden kişiye değişmez. Halkın ortak malıdır ve halk tarafından aynı biçimde söylenir.

Atasözleri belli bir toplumdun ve/veya bütün insanlığın yaşam felsefesidir. İnsanlarda bulunan sevgi, kıskançlık, bencillik, dostluk, düşmanlık gibi duygular evrenselidir.

Bu nedenle bu duyguları yansıtan atasözleri de evrensel olarak kabul edilmektedir. Dünyada pek çok ulusun kullandığı atasözleri karşılaştırıldığında, bu atasözlerinin pek çoğunun aynı ya da benzer olduğu görülmüştür. Atasözleri evrensel değerler yanında bir ulusa özgü kültürel değerleri de yansıtır. Örneğin "Gözden irak olan, gönülden irak olur", "Dağ dağa kavuşmaz, insan insana kavuşur",

"Vakit nakittir" gibi atasözleri evrenselidir. Bunlara benzer atasözlerini bütün dillerde bulmak mümkündür. "Osmanlı, tavşanı araba ile avlar", "Türk'ün aklı aldadır" gibi atasözleri ise ulusaldır. Bunlara benzeyen atasözleri bir ulusun kültürünü yansıtır.

Romanlarda kullanılan atasözleri

1. "Lafla peynir gemisi yürümez" (şöyle yapacağım, böyle edeceğim vb. Demekle yapılması gereken iş gerçekleşmez, işi yapmak gerekir) anlamına gelir.

2. "Tencere yuvarlanmış kapağını bulmuş" (arkadaşlıkları, bir araya gelişleri yakışmış) anlamına gelir.

3. "İki dirhem bir çekirdek" (çok özenli ve güzel giyinmiş, çok şık) anlamına gelir.

4. "Saman altından su yürütmek" (gizli işler çevirmek) anlamına gelir.

5. "Abdal düğününden, çocuk oyunda usanmaz" (bir kimse sevdiği işi döne döne ve uzun süre yapmaktan bıkmaz) anlamına gelir.

6. "Abdalın dostluğu köy görünceye kadar" (çıkartı dolayısıyla size yakınlık gösteren kişi, işini yürütecek başka yollar bulunca sizinle ilgisini keser) anlamına gelir.

7. "Çağrılmayan yere çörekçi ile bökrekçi gider" (çağrılmadığın yere gitme. Sen çörekçi ya da bökrekçi misin ki satış yapacakmı gibi şu kapıya, bu kapıya çağrılmadan gidesin?) anlamına gelir.

8. "Çarık çarıkla, sarık sarıkla" (kişi kendi düzeyindeki kimselerle arkadaş olur) anlamına gelir.

9. "Çatal kazık yere batmaz" (birden çok kimsenin söz sahibi olduğu iş yürümez) anlamına gelir.

10. "Hacı hacıyı Mekke'de bulur" (aynı amaç için çabalayanlar birbirleriyle buluşabilirler) anlamına gelir.

KAYNAKÇA

H.F.GÖZLER, *Örnekleriyle Türkçe ve Edebiyat Bilgileri*, s.303

«МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫНЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Тұрмахан.Г.Ә. – ҚазМемҚызПУ магистранты
Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.д., проф.м.а. **Тымболова А.О.**

Түйіндеме. Бұл мақалада көне түркі жазбаларындағы «Мәңгі Ел» концептісінің құндылықтары шағын көрсетілген. "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық патриоттық идеясы-ата-бабаларымыздың арманы. Оны нақты ету-әрбір қазақстандықтың мақсаты. Өйткені, біз-тәуелсіздік жылдары еліміздің болашағы үшін негіз болған негізгі құндылықтарды қалыптастырған біртұтас халықпыз. Бірақ өткенсіз болашақ жоқ. Бұл жерде мен Президенттің Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған салтанатты отырыста айтқан сөздерін атап өткім келеді: " Біздің қасиетті жеріміздің тарихы бірнеше мыңжылдықтарды есімізге түсіреді. Ол Еуразияның өткен және қазіргі өркениеттерінің гүлденуіне өзінің бірегей ою-өрнегімен өрілген. Тілдік және мәдени мириадальармен біз бауырластарымыз – түркі халықтарымен байланыстамыз. Ұлы Түркі Елі - біздің ортақ ата-бабаларымыз бен батырларымыз, ортақ рухани байлығымыз. Бұл біздің ортақ ұлы мұрамыз".

Тірек сөздер: «Мәңгі Ел», көне түркі жазбалары, ұлттық идея, ел болашағы, еркіндік.



Аннотация: В этой статье коротко указана значимость концепта "Вечная страна" в древнетюркских письменных памятниках. Общенациональная патриотическая идея «Мәңгілік Ел» – мечта наших предков, становящаяся реальностью. Сделать ее действительностью – цель каждого казахстанца. Ведь мы – единый народ, за годы своей независимости сформировавший основные ценности, которые стали фундаментом для будущего страны. Но будущего нет без прошлого. Хочется здесь процитировать слова, сказанные Президентом на торжественном заседании, посвященном 550-летию Казахского ханства: «Мы воздаем должное памяти и деяниям наших предков, помня о том, что история нашей священной земли насчитывает несколько тысячелетий. Она вплетена своим уникальным орнаментом в соцветье минувших и нынешних цивилизаций Евразии. Мириадами языковых и культурных уз мы связаны с нашими братьями – тюркскими народами. Великий Тюркский Эль – это наша общая прародина с общими предками и героями, общими духовными богатствами. Это наше совместное великое наследие».

Ключевые слова: «Вечная страна», древнетюркские письменные памятники, национальная идея, будущее страны, свобода.

Abstract: This article briefly states the significance of the concept "Mangi El" in the ancient Turkic written monuments. The national Patriotic idea "Mangilik El" is a dream of our ancestors, becoming a reality. To make it a reality is the goal of every citizen of Kazakhstan. After all, we are a single nation that has formed the basic values that have become the Foundation for the future of the country during the years of its independence. But there is no future without a past. I would like to quote here the words spoken by the President at the ceremonial meeting dedicated to the 550th anniversary of the Kazakh khanate: "We pay tribute to the memory and deeds of our ancestors, remembering that the history of our sacred land has several millennia. It is skillfully woven with its unique ornament in the inflorescence of past and present civilizations of Eurasia. Myriads of linguistic and cultural ties we are connected with our brothers – Turkic peoples. The Great Turkic People is our common ancestral home with common ancestors and heroes, common spiritual riches. This is our great heritage together."

Key words: «Mangi El», ancient Turkic inscriptions, national idea, future of country, freedom.

Қазақ халқы – дүниенің төрт бұрышын мекендеген адамзат баласының ең озық өркениетке жеткен ұрпақтарымен терезесі тең, телегейдей тарихы бар, тебіренетін мәдениеті бар ел. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан халқына арналған «Қазақстан жолы-2050»: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» жолдауында: «Біз үшін ортақ тағдыр- бұл біздің Мәңгілік Ел, лайықты, әрі ұлы Қазақстан! Мәңгілік Ел – жалпы қазағымыздың ортақ шаңырағының ұлттық идеясы.

Ата-бабаларымыздың аңсаған арманы... Ендігі ұрпақ – Мәңгілік Қазақтың Перзенті.

Ендеше, Қазақ Елінің Ұлттық Идеясы-Мәңгілік Ел!

Жаңа Қазақстандық патриотизм дегеніміздің өзі - Мәңгілік Ел!

VI-IX ғасыр түркілерінің асқақ рухы мен өр намысын, еркіндік пен тәуелсіздікті мақсат тұтқан мұқалмас жігерін сипаттайтын, Түркі Елі босағасының беріктігі мен жасампаздығын сақтаудың маңызды тетігі- «Мәңгі Ел идеясының бүгінгі Қазақ Елінің ұлттық мұратына, ел экономикасын дамытудың рухани мәніне айналуы жалпытүркілік сана жаңғырысының, ұлттық мүдденің даралық сипатының көрінісі.

«Мәңгілік Ел» идеясының тұғырын бекітудің лингвистикалық негіздерін бірнеше бағыттағы түркологиялық зерттеулер құрайды:

1. VI-X ғасыр түркілерінің «Мәңгі Ел» идеясының мән-маңызын түсіндіру мақсатында көне түркі жазба ескерткіштері тілін терең зерттеп, бабалар тілінде сақталған жалпытүркілік рухани мәдениетті, «түркілік рух» пен «түркілік патриотизмді» сипаттайтын тілдік бірліктердің этномәдени мазмұнын аша отырып, қазіргі түркі тілдеріндегі көрінісін анықтау;

2. XI-XV орта түркі жазба мұралары тілін, XVI-

XVIII ғасырлардағы ескі түркі тілдерін құрылымдық, антропоэктік тұрғыдан жан-жақты зерделеу; орта ғасыр түркілері тілі мен қазіргі түркі тілдерін салыстыра талдап, ортақ рухани бастаулар мен жекелеген түркі халықтарына тән дара руханияттың жігін ажырату;

Қазақ тілінің қалыптасу, даму тарихын, қазіргі күйін, қалыбын жүйелі түрде сипаттайтын, тілдің деңгейлік салаларын толық қамтитын қазақ тілінің тарихы грамматикасын дайындау; қазақ тілінің түркі тілдері жүйесіндегі тарихи орнын анықтап алу болып табылады.

VII-IX ғасырдағы жазба мұралардың ең басты құндылығы - көне түркілердің асқақ рухы мен өр намысын, еркіндік пен тәуелсіздікті мақсат тұтақан мықты жігерін, «Мәңгі Ел» болуды армандаған ұлы мұратын сипаттайтын мазмұнында. Міне, Мәңгілік ел идеясының тарихы осы көне түркілердің жазба ескерткіштерінен бастау алған.

«Мәңгі ел» – арғы бабаларымыздың ұлы интеллектуалдық серпілісі. Күрделі тарихи үдерістердің өтінде отырған Түркі Елі босағасының беріктігі мен жасампаздығын сақтаудың маңызды тетігі ретінде «Мәңгі Ел» идеясын Türk budunu «Түрік халқының» санасына сіңіруге ерекше басымдық бергені Орхон ескерткіштері мәтіндерінен айқын көрініс тапқан:

Ol jirgerü barsar, türk budun ölteçisi sen. Ötüken kir olurıp, arqış-tirkiş, nen bunuy joq. Ötüken jış olursar, bengü el tuta olurtaçisen, türk budun toq. Яғни, «Өтікен жерінде отырып, керуен жіберіп отырсаң, онда мұның жоқ. Өтікен қойнауында отырсаң, мәңгі ел тұтып отырап ең сен», делінген ескерткіште. Осы тектес қағидатты Білге қаған, Теркін мәтінінен де оқимыз. Мұндағы Өтікен – түркілердің астанасындай қасиетті жері. Байырғы түркілер өз мемлекетінің астанасын ерекше құрметтегенін әсте кездейсоқтыққа балауға болмайды. Ол – мемлекетшіл сана мен рухтың ажырағысыз серігі.

Көне түркілердің «Мәңгі Ел» идеясының ұрпақтан-ұрпаққа үздіксіз ұласып келе жатқанын орта ғасыр түркі мұраларының мазмұнынан да аңғаруға болады.

Тоныкөк ескерткішінде мемлекеттің тұрақты болуы үшін билікті ұстап отырған қаған мен ақылғой дана бірауыздылығы, сөз бен істің ажырамауы, елдің тұтастығы үшін ынтымақтың, барлық күштердің ұйытқысы болу қажеттігі түп нысана ретінде айтылады. Түркі халқының елдігінен айырылып, қағансыз қалып, тағы да басқаларға бағынып, одан қайта көтеріле бастағаны, жаңа қаған отырғаннан кейін елдің басын біріктіру шаралары, яғни «түнде ұйықтамай, күндіз отырмай, түркі елі үшін қызыл қанын ағызып, қара терін төккені, күш-қуатын бергені» паш етіледі. Осының бәрі кейінгі ұрпаққа да үндеу ретінде айтылғаны көрінеді. Сонымен қатар, бұл жерде «Мәңгілік Ел» ұғымы қазіргі Қазақстанның тәуелсіздік рухы және азаттық идеясымен үндесіп тұр.

Күлтегін жазуында «Мәңгі» сөзі бес рет қолданылған. Күлтегін жазуы былай дейді: «Неңдей бір айтар сөзім болса, мәңгі тасқа бастым. Мұны көріп біліңдер, түрік халқы, бектері, бөдке (таққа) кіріптарсыңдар ғой, жұртыңмен бірге жаңылғышсыздар ғой сіздер». Бұл қағидаттан екі қорытынды шығаруға болады: бірі – билік пен билеуші мемлекеттің даму стратегиясын, ішкі және сыртқы саясатын анықтағанда қателікке жол бермеу керектігін, екіншісі – билік пен халық арасындағы ынтымақ, түсіністік мәңгіліктің кепілі екенін баса көрсету.

Сонымен қатар: «Мен мәңгітас тіктім (тұрғыздым). Табғач қағаннан бедізіш келтірдім. Бедіз еттім. Менің сөзімді бұзбады». Демек, мәңгіліктің негізінде материалдық, геосаяси, әскери фактор ғана жатқан жоқ екен. Бұрмалаудан, әсірелеуден ада, ақиқатқа суғарылған тіл мен сөз, руханият пен идеология, тұжырым мен теория мәңгілікке жетелейтініне бабаларымыздың күмән-күдігі болмаған.

Күлтегін жазуында сондай-ақ мынадай жолдар бар: «Көңілдегі сөзімді (бастырттым). Он-иелік ұрпағына, кірмелеріңе дейін бұны көріп біліңдер. Мәңгі тас тоқыттым». Бұл тұжырымның мәнісі, біздіңше, мынада: ұрпақтар жалғастығы қаншалықты маңызды болса, этникалық, рухани, идеологиялық, тілдік, т.б.с.с. құндылықтардың сабақтастығы одан бір мысқал кем емес. Бұлар мәңгіге айналғанда халықтың ғұмыры ұзарады, әркімнің және баршаның бәсекеге қабілеттілігі шыңдалады.

«Мәңгі Елге» қатысты аманатталған Күлтегіннің соңғы өсиеті: «Бұл киелі жер еді. Қазір де киелі жер. Осындай киелі жерге мәңгі тас тоқыттым, жаздырдым. Бұны көріңдер, осылайша біліңдер».

Тобықтай түйіні, байқағанымыздай, мемлекет үшін де, халық үшін де мәңгіліктің қасиетті көзі – жер дегенге саяды. Жер – бұл табиғат, экономика, байлық, өмір салты, геосаясат, руханият. Осылай болған және бола да береді. XVIII ғасырда Қазақ хандығының басын қосып, айдаһардай Қытайдың аузына түсірмей, ақырған аюдай Ресейдің тырнағынан аман алып қалған Абылай ханның саясаты түркілік мәңгілік ел идеясын жандандырушы және жалғастырушы тұлғаның

ерлігі. Ел басына түскен үлкен қиыншылықтан Абылай хан бабамыз елді біріктіріп, жұмылдырып, соның арқасында қазақ елін аман сақтап қалды. Ендеше, Абылай хан елді біріктірген ұлы тұлға және «Мәңгілік ел» идеясын жалғастырушы екендігін мақтанышпен айтуға болады. Бүгінгі таңда бірлікті бетке ұстаған елдің идеологиясы да осы іспетті болмақ.

Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» дастанында да мәңгілік елдіктің сарынын байқаймыз. Оның Наманған нұсқасында:

Кім билеуші? – билеу керек бұ жұртты, Сол жайды айтып, даналар сөз тұжыртты.

Айтар: амал, шартын тәртіп түзетер, Елбасы мен елдің жайын күзетер, Әдіс айтар мәңгі ел билеп жүретін, - дейді. (ҚБ 35(Баласағұни, 8).

«Құтты білік» дастанында X-XI ғасырлардағы Жетісу жерінде тұрған тайпалардың салт-санасы, әдет-ғұрыптары, наным-сенімдері көп жырланған. «Құтты білік» кейіпкерлерінің есімдері де бұрынғы тәңірілік дін нанымдарына қатысты. Басты бейне Күн туды – әділ ел басшысының рәмізі. Жүсіп Баласағұнның басты кейіпкер қылып Күлтегінді көрсетуі түркі мәдениетін жалғастырушы, мәңгілік ел бағдарының қолдаушысы екендігін айқындайды.

Ал, әлемге әйгілі ойшыл, философ Әл-Фараби өзінің «Қайырымды қала тұрғындары» шығармасында бұл идеяның теориялық тұрғыдан тиянақталуын байқаймыз. Ұлы ғалым ежелгі грек философиясы мен шығыстың мұсылман ілімдерін байланыстыра отырып, түркі дүниесінің «Мәңгілік Ел» философиясының теориялық негіздемесін жасаған болатын. Ғалым «Мәңгілік Ел» теориясының негізгі ережелерін «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы», «Мемлекет билеушінің нақыл сөздері», «Азаматтық саясат» шығармаларында баяндайды. Бақытқа жету жолында адамдардың арасындағы қайырымдылық пен түсінушілік, бір-біріне көмек беру, достық пен бейбітшілік, тәрбие мен тәлім – Әл-Фарабидің тұтас әлеуметтік-саяси теориясының ажырамас бір бөлігін құрайды.

Мемлекет пен қоғамның кемелденуі туралы әлеуметтік-саяси теориясында мемлекет басқарушылары мен сол қоғамда өмір сүретін адамдардың да ұстануы тиіс мемлекетті басқарудың негізгі механизмдері көрсетілді. Сондықтан, бұлардың бәрі қазіргі таңда түркітілдес мемлекеттердің ұлттық құндылықтары ретінде саналуы тиіс. Әл-Фараби мемлекеттің міндетін және оның ішкі және сыртқы міндеттерін толық анықтап береді. Сыртқы міндеті ретінде мемлекеттің қайырымды қала тұрғындарын немесе мемлекетті сыртқы жаулардан қорғау, яғни күшті қорғаныс ұйымдастырумен жүктеледі. Ішкі міндеті ретінде мемлекеттің өз халқының бақытқа жетуі үшін көрнекті шараларды іске асыру керек: олар — әділеттілікті орнату, халықты оқыту, оларды керекті ғылыммен толықтыру, адамгершілікке тәрбиелеу, қайырымдылықты тарату және ең жақсы бақытқа жеткізетін әдеттерді бойға сіңіру. Қалған мәселелердің бәрі – экономикалық және саяси мәселелер – негізгі міндетке бағынады, яғни адамдардың бақытқа жетуі олардың рухани жетілуіне тәуелді.

Көне түркі жазба ескерткіштері тілінен көрініс



тапқан бұл «Мәңгі Ел» идеясын қазіргі түркітілдес мемлекеттердің ұлттық идеясына, ұлттық тәрбиенің өзегіне айналдыру түркі дүниесінің ынтымақтастығы мен ықпалдастығына қызмет ететін, жаһандану үдерісіне түркілік болмыс-бітімімен араласа алатын ұрпақ қалыптастырумен сабақтасып жатқан өзекті мәселе. «Мәңгілік Ел» идеясы - әлемдік өркениеттегі Түркі өркениетінің орнын бағамдауға, Түркі дүниесінің жасампаздығын қамтамасыз етуге бағытталған сара жол. Міне, көне түркі жазбаларынан қазіргі заманға дейін ұлттың мақсаты болып келген «Мәңгілік Ел» идеясы – болашақтың кілті. Бұл ұлттық идеяны ары қарай дамытып, өркендететін – келер ұрпақ! Ол ұрпақты болашақта еліміздің бірлігіне, қоғамның дамуына, мәдениеттің қалыптасуына, ұлтаралық, дінаралық сонымен қатар әлеуметтік топтараралық ықпалдастық пен ынтымақтастыққа өзінің біліктілігімен үлес қоса алатын; түркілік өркениет өкілдерінің өзара ықпалдастығы мен ынтымақтастығын, өшпес асыл тарихи жәдігерлеріміз, яғни рухани-мәдени мұраларымыздың мәселелерге байланысты жағдайларды мақсатына қарай анықтай алатын түркі әлеміне қатысты ғылыми мәселелерді теориялық тұрғыдан негіздеуге және шешуге, ғылыми

жаңашылдыққа негізделген өзіндік ой-пікірі мен тұжырымдарын дәлелді жеткізе білуге қабілетті, әрі кәсіби, мәдени деңгейі жоғары санаттағы білікті маман даярлау еліміздің ұлттық мұраты – «Мәңгілік Ел» идеясының үздіксіз дамуын қамтамасыз етудің басты тетігі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мәңгілік Ел: – Оқулық / М.Б. Касымбеков, С.Ж. Пралиев, К.К. Жампеисова және т.б.
2. Абай атындағы ҚазҰПУ – Алматы: «Ұлағат» баспасы, 2015 – 336 б.
3. Жолдасбеков М. Тәуелсіздік тағылымы: Тарихи сөздер, мақалалар, сұхбаттар. – Астана, 2012.- 480б
4. Назарбаев Н.Ә. Ұлттың ұлы мұраты жолында ұйысайық. Егемен Қазақстан республикалық газеті , 2008, 31 мамыр.
5. ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы.
6. Касымбеков М.Б., Пралиев С.Ж., Жампеисова К.К. Мәңгілік ел: -Оқулық. Абай атындағы ҚазҰПУ – Алматы: «Ұлағат» баспасы, 2015.-336 б.

СӨЗЖАСАМ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕ ЗЕРТТЕЛУІ

Абитова Ж.С. - 2- курс докторанты
Ғылыми жетекшіі: Сүлейменова Ж.Н. - п.ғ.д. проф.
Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті

Аннотация: В статье анализируется словообразование и стадии развития. В общей лингвистике многие исследовательские работы, которые были опубликованы в контексте их языка, как полагают, оказывают влияние на интерпретацию слов как отдельную область лингвистики. Обнаружено, что такие ключевые вопросы, как предмет слова, к чему он принадлежит, его место в системе языковых явлений, его связь с другими слоями языка, социальная и социальная ценность. В данной статье анализируются исследования лингвистов, и делается вывод о том, что изучение системы словообразования на казахском языке следует разделить на три этапа, основанных на научных принципах.

Ключевые слова: лингвистика, текстовая система, обработка текста, диакрон.

Abstract: The article analyzes word formation and developmental stages. In general linguistics, many research papers that have been published in the context of their language are believed to have an impact on the interpretation of words as a separate area of linguistics. Found that such key issues as the subject of the word, what it belongs to, its place in the system of linguistic phenomena, its connection with other layers of language, social and social value. This article analyzes the research of linguists, and concludes that the study of the word-formation system in the Kazakh language should be divided into three stages based on scientific principles.

Keywords: linguistics, text system, text processing, diacron.

Тіл тарихында туынды сөздердің пайда болуы, жасалу тәсілдері, сөздік құрамды қалыптастырудағы алатын орны, жаңадан пайда болған мағынаның бұрынғы мағынамен байланысы және т.б. сөзжасамның өзекті мәселелері ерте кезден сөз болып келе жатыр. Бірақ олардың бәрін топтап, басын бір жерге қосып, грамматика мен лексикадан бөлек, жеке сала ретінде қарастыру проблемасы күн тәртібіне тек қана өткен ғасырдың орта тұсында қойыла бастады. Мысалы, профессор Н. Оралбаева лингвистикада алғашқылардың бірі болып, «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты монографиясында сөзжасамды тілдің жаңа саласы ретінде қарастырып, оны грамматиканың морфология және синтаксис салаларымен бір қатарға қойды.

«Сөзжасамның нысаны – сөз жасау процесінде жасалатын туынды сөз» екенін баса айтып, дербес сала ретінде қарастырылып, сөзжасамның нысаны, мақсаты мен міндетін айқындау сол кездің басты мәселесі екенін алға тартады [1, 16]. Н.Оралбаевадан өзге ғалым Анар Салқынбай сөзжасам проблемаларын жан-жақты қарастырып, оның тілдің жеке, дербес саласы ретінде орнығуына көп күш салды. «Тіл адамға қызмет етеді, ал адам үшін ең басты нәрсе, өзі таныған заттық не құбылыстық белгіге атау беру. Демек, сөзжасам морфология ішінен туындамайды. Қайта сөзжасам негізінде пайда болған сөздерді жүйелеу үшін грамматикалық құрылымын саралау үшін, морфология саласы келіп шығады. Сондықтан сөзжасамды тіл білімінің ең көне саласы деп танымыз» [2,9]. Осындай зерттеу-

лер нәтижесінде қазір қазақ тіл білімінде сөзжасам өзіндік ерекшеліктері анықталған, құрылымдық-семантикалық өзгешеліктері нақтыланған, зерттеу объектісі айқындалған тіл білімінің жеке саласы болып саналады.

Өзге жекелеген тіл білімдеріне қарағанда, тамыры терең, дамыған тіл білімі санатындағы орыс тіл білімінде де сөзжасамның дербес сала болып қалыптасу тарихы XX ғасырдың орта шені болып саналады. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында орыс тіл білімінде И.А.Бодуэн де Куртенэ, Ф.Ф.Фортунантов, Н.В.Крушевский, А.А.Потебня, А.А.Шахматов, А.М.Пешковский және т.б. ғалымдар тарапынан сөз тудыру процесі, түрлері, олардың сөз таптарын қалыптастырудағы рөлі туралы өзекті тұжырымдар, бағалы ой-пікірлер айтылғанымен, сөзжасам лингвистиканың жеке саласы деңгейіне көтеріле алмады. Күні кешеге дейін орыс тіл білімінің ықпалында болып келген түркология ғылымында да сөзжасам проблемалары тілдің фонетика, лексикология және грамматика салалары тәрізді жеке, дербес сала ретінде қарастыру жайы 1960-1970 жылдары айтыла басталды. Бұл орайда, әрине, сөзжасам мәселесіне байланысты әлемдік және орыс лингвистикасында көптеп жарияланған зерттеулердің әсер еткені сөзсіз. Жалпы тіл білімінде сөзжасамға байланысты жарық көрген көптеген зерттеу еңбектерінің әсерімен түрколог ғалымдар да түркі тілдерінде сөзжасам мәселелерін тіл білімінің жеке саласы ретінде қарастыра бастады. Онда сөзжасамның зерттеу объектісі, оған не нәрселердің жататынын-жаппайтындығы, оның тілдік құбылыстар жүйесіндегі алатын орны, тілдің өзге қабаттарымен байланысы, қоғамдық-әлеуметтік мәні сияқты күрделі мәселелердің басы ашылып анықталды. Түркі тіл білімінде де сөзжасамның тілдің өз алдына бөлек, жеке саласы болып орнығуына теориялық негіз жасалды. Жалпы, түркологияда сөзжасам проблемасы, сөзжасамның жеке сала болып қалыптасу тарихы жайында әңгіме болғанда, ғалым Ж.Т. Сарбалаев оны екі кезеңге бөліп қарастырған лазым екенін айтады: «Бірінші кезең орта түркілік дәуірден, яғни XI ғасырдың ұлы филологы Махмұт Қашғари заманынан бастау алып, XX ғасырдың орта шеніне дейінгі аралықты қамтиды. Бұл кезеңде сөзжасам мәселелері, негізінен, тілдің грамматика және лексикология салаларының аясында ғана, онда да сөзжасамдық тәсілдердің тұрғысынан қарастырылды. Түркологияда сөзжасамның тілдің жеке саласы болып қалыптасуының екінші кезеңі 1960-1970 жылдардан бергі уақыттарға тиесілі. Бұл уақытта әлемдік лингвистикада болсын, орыс тілінде болсын сөзжасам проблемаларының тілдің жеке саласы ретіндегі статусы әбден мойындалған болатын»[3, 15]. Ф.ғ.к., ғалым Г. Абдирасилова «Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің аналитикалық тәсіл арқылы жасалуы» атты диссертациясында зерттеуші Ж.Отарбекованың түркологиядағы сөзжасам саласының зерттелуін төрт кезеңге топтастырғанын қолдай отырып, өз тарапынан бесінші кезенді қосып, төмендегідей жіктейді:

1-кезең: XIX ғасырға дейінгі кезең. Сөзжасам қосымшалары туралы ілімнің қалыптасу кезеңі.

2-кезең: XIX ғасырдың басынан Қазақ төңкерісіне

дейінгі кезең. Сөзжасам тәсілдері туралы алғашқы зерттеулердің жарық көруі.

3-кезең: XX ғасырдың I жартысында көптеген ғылыми грамматикалардың жарық көріп, сөзжасамның морфологияның бір элементі ретінде қарастырылуы.

4-кезең: 1950 жылдардан кейінгі кезең. Сөзжасамның тарихи тұрғыдан зерттеле басталуы.

5-кезең: 1989 жылдан кейінгі кезең. Сөзжасам жүйесінің комплексті бірліктері тұрғысынан зерттеле басталуы[4, 16].

Біздің мақсат түркологияда емес, қазақ тіл біліміндегі сөзжасам саласының қалыптасу тарихын талдау болғандықтан, бізді «Сөзжасам проблемалары қазақ тілінің алғашқы грамматикаларында, оқулықтарында қандай дәрежеде көрініс тапты» деген сұрақтың жауабы қызықтырады. Жалпы, қазақ тіл білімінде сөзжасамның зерттелу тарихы шартты түрде 1920 жылдардан бастау алады. Жиырмасыншы жылдардың аяғы мен отызыншы жылдардың басында сөзжасам жайлы жана зерттеулер, қосымша арқылы жасалған жаңа сөздер жайында еңбектер жарық көре бастады. Қазақ тіл білімінің алғашқы ғылыми оқулығы қазақ тіл білімінің қалыптасуына негіз болған А.Байтұрсынұлының «Тіл-құрал» еңбегі болғандықтан, қазақ тіл білімінде сөзжасам жайында айтылған алғашқы пікір 1914 жылы Орынборда жарық көрген осы еңбектен бастау алады деп есептейміз. Ғалым «Тіл - құрал» еңбегінде қазақ тіліндегі сөздердің тұлғасы, тысқарғы жалғаулар, ішкергі жалғаулар, сөз өзгерту ерекшелігі мен жалғану тәртібі жайында көп мәлімет береді. А.Байтұрсынұлы «Жалғау екі түрлі: бірі сөздің тұлғасын өзгертсе де, ішкі мағынасын өзгертпейді, екіншісі сөздің тұлғасын да, мағынасын да өзгертеді. Сондықтан бастапқысы тысқарғы, соңғысы ішкергі жалғау деп аталады», - деп жалғауға тысқарғы жалғау, жұрнаққа ішкергі жалғау атауын береді де, жұрнақтың қызметін былайша түсіндіреді: «Егерде «құлақ» деген сөзге «шын» деген жалғау қоссақ «құлақшын» болады. Мұнда тұлғасы да, мағынасы да өзгерді. «Құлақ» бастың мүшесін көрсетуші еді, «құлақшын» болған соң, басқа киетін киімнің атауын көрсетіп тұр»[5, 26]. Сонымен қатар, «Екі түрлі жалғаудың тысқарғысы сөйлегенде, жазғанда сөздерді бір-біріне қысындырып тізу үшін қажет, ішкергісі бір мағыналы сөзден екінші мағыналы сөз шығарып, сөзден-сөз туғызып, көбейтіп, тілді байыту үшін қажет», - деген ұлт ұстазының пікірі сөзжасамның тіл білімі саласында маңызды орынға ие екенін айғақтай түседі. Осылайша, сөз жасау және оған атау беру мәселесі, А.Байтұрсынұлы еңбегінен басталып, Қ.Жұбанов, Қ.Кемелгерұлы, І.Кенесбаев, т.б. еңбектерінде жалғасын тапты.

Қазақ филологиясының тұңғыш профессоры атанған Құдайберген Жұбанов морфология саласындағы зерттеулерінде сөз тұлғасы туралы сөз қозғайды. Онда сөздің тұлғасын ғалым «түп мүше», «жамау мүше» деп екі жікке бөледі. Қазіргі тіл білімінде «сөзформа» деп қолданылатын терминді ғалым Қ.Жұбанов «сөзтұлға» деп қолданған. «Түпмүше» деп түпкі түбірді атайды да, морфемдік тұлғаларды біртіндеп тұлғалап бөлу алу жүйесін көрсетеді. Ғалым Қ.Жұбанов «Құдайы» дегенде соңғы -ы – парсы нисбеті. Демек, егер қазақ тіліндегі -ы, -і қосымшалары парсы нисбетіне саяр



болса, онда бұл тұлға қазақ тіліне кейін кірген, қазақ халқын құраған орта азиялық этникалық топтар әкелген тілдік құбылыс болып табылады»[6,120].—деп қосымшалардың диахронды сипатын зерттей келе, қазақ тіліне әдебиет арқылы сіңіскен парсы нисбетті қосымшаларды көрсетіп, олардың қалыптасу, даму жолдарын айқындап, саралай түсуге дінгек болып, бағыт берді. Қосымшалардың тарихи дамуы туралы айтылған пікірлері өкінішке орай, көптеген зерттеулерде назарға алынбаған. Десе де, ғалым Қ.Жұбанов сөзжасам жайлы ізденістердің алғашқы ізін салды.

Сөзжасам жайлы пікірлерді Қ.Кемеңгерұлының «Жауропалықтар үшін оқу құралы» атты еңбегінен де кездестіруге болады. Автор «Қазақ тілін байытып отырған қосымшаларды оқушылар білуі қажет. Ол үшін түбір сөздерге түрлі жұрнақтарды қостыру, жұрнақ қосылған сөздердің мәнісіне қарай етістікке, зат есімге, сын есімге жіктеу керек», - деп сөзжасамның маңызын айқындай түскен[7,68].

Жұмыстарының недәуір бөлігін қазақ әдеби тілінің дамуына арнаған ғалым І.Кеңесбаев «К вопросу о влиянии русского языка на казахский» мақаласында орыс тілі заңдылықтарының қазақ тіліне әсері туралы кеңірек тоқталады. Біршама аудармалар калькамен аударылғандықтан қазақ әдеби тіл нормаларын бұзатынын, бізге жат заңдылықтарды алып тастап, орыс тіліндегі аффиксті сөздерді аударуды ретке келтіру маңызды екенін айтады: «Назрела необходимость урегулировать и привести в систему принципы перевода на казахский язык многочисленных словообразовательных аффиксов русского языка, как и ряда интернациональных аффиксов. Нельзя, например, считать удачной переводческую практику. Когда слова «работница» и «колхозница» передаются в виде «жұмысшы әйел», «колхозшы әйел». Так как в казахском языке нет деления слов грамматическим родам, робочие и робатницы независимо от пола говорят: «мен колхозшымын», «мен жұмысшымын»[8, 34]. Ғалым осылайша қазақ тілінің аударма мәселесі жайында ой толғайды да, -шы, -ші аффиксінің сөзге жаңа мағына үстеудегі қызметі жайында аз-кем ой қозғайды. «Еще раз о трансформированном повторе в казахском языке» мақаласында қос сөздердің жасалуы мен жаңа мағына үстеудегі ерекшелігі туралы тұжырымды ойларын білдіреді. Демек, І.Кеңесбаев қазақ тілі сөзжасамы туралы арнайы сөз қозғамағанымен, сөзге атау беру, туынды сөздің жасалуы турасында ғылыми пікір жазғандардың алғашқылары болып саналады.

Сонымен қатар, 1930-50 жылдары қазақ тілінің грамматикалық ерекшелігі туралы сөз қозғаған мақалаларда И.Ұйықбаев өзге сөз таптарының сөз тудырушы жұрнақтар арқылы жаңа мағынаға ие болатынын, олардың жасалу жолдарын; Ә.Төлеуов есім сөздердің жұрнақ арқылы жасалуын, Г.Жәркешева қазақ тіліндегі біріккен сөздердің жасалу тәсілдері және оның емлесі туралы зерттеу жұмысын жүргізіп, ғылыми ортаға таныстырады.

Грамматика мәселесі жайында сөз қозғайтын 1950-1980 жылдар аралығында жарық көрген зерттеу еңбектерінде жаңа сөз жасау мәселесі морфология саласында қаралса да, сөз тудыру, сөзге жаңа атау беру күрделі әрі тіл біліміндегі маңызды үдеріс екені

баса айтылады. Себебі кез келген сөз жасалғанда ең бірінші оның қай сөз табына қатысты екені емес, қалай жасалғандығы әрі ненің атауы болатыны бірінші маңызға ие. Бұл жылдары әр сөз таптарына ие сөз тудырушы жұрнақтарды зерттеген зерттеу жұмыстары жариялана бастады. 1954 жылы ірі көлемді «Қазіргі қазақ тілі» деп аталатын ғылыми грамматикалық еңбек жарық көрді. 1956 жылы Б.Құлмағамбетова «Етістіктің жұрнақ арқылы жасалуы», А.Хасенова «Қазақ тіліндегі -ла, -ле аффиксі туынды түбір етістіктер», 1963 жылы Б.Қайымова «Жұрнақ арқылы етістіктен есім сөздің жасалуы» тақырыбында зерттеу жұмысы жарияланды. И.Маманов зерттеу еңбегінде сөзжасамның теориялық проблемаларын, оның ішінде сөз тудырушы және сөз түрлендіруші жұрнақтардың аражігін ажырату қажеттігі туралы сөз қозғап, басты мәселелеріне тоқталады. Алпысыншы жылдардан бері сөзжасамның әртүрлі аспектілері диссертация тақырыбына айналып, зерттеу нысанына алынды. Мысалы, Ж.Манкеева етістіктердің жасалуын, Д.Тұңғатаров омонимдік аффикстер, К.Шаяхметов қос қызметті аффикстерді зерттеп, сөзжасамның дербес ғылым саласы болып қалыптасуына түрткі болды. Бұл зерттеулердің басты мақсаты – сөз таптарының жұрнақтарын анықтау, олардың мағынасын ашу, шығу тегін зерттеу, олармен жасалған туынды түбірлерді айқындау болғандықтан, сөзжасамның тіл білімінің дербес саласы ретіндегі табиғаты ашылмады, оған байланысты теориялық мәселелер нақты сөз болмады. Дегенмен, сөзжасамның ғылыми негізінің қалануына, грамматика саласының морфология, синтаксис салаларымен тең тұруына бұл еңбектердің түрткі болғаны даусыз.

Қазақ тіл білімінде сөзжасамды жеке қарастыру мәселесі Ғ.Қалиевтің «Сөз тудыру – қазақ тілінің жеке саласы», Н.Оралбаеваның «Қазақ тілінің сөзжасам жүйесі», Е.Жанпейісовтің «Қазақ тіліндегі сөзжасам мәселелері» атты мақалаларда алғаш рет көтерілді. Бұл мақалаларда сөзжасамды дербес сала ретінде зерттеудің маңызы, қажеттілігі, сөзжасамның нысаны туралы сөз болды. Морфология саласына жатқызылып, морфология құрамында оқытылып келген сөзжасамды Н.Оралбаева «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты монографиясында жеке тіл білімінің саласы екенін талдап, дәлелдеді. Содан бері сөзжасамның жүйесі, зерттеу нысаны, заңдылықтары мен тілдік бірліктерін, т.б. сөзжасамға қатысты мәселелерді зерттеу нысанына алған бірнеше ғылыми зерттеу еңбектері жарық көрді. Сөзжасамды дербес сала ретінде қарастыру Н.Оралбаеваның «Қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты мақаласында алғаш рет сөз етілді. Мақалада автор А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты ғалымдары қазақ тілі сөзжасамын кешенді зерттей келе, ғалым Н. Оралбаеваның жауапты редакторлығымен «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты монография жарыққа шығарады. Еңбекте ғалым сөзжасамның дербес сала ретінде танылуын жүзеге асырды, теориялық мәселелерін алғаш рет ғылыми негізде дәлелдеді. Осылайша бұл еңбек тілде сөзжасам саласының дербес сала ретінде зерттеліп, қалыптасуына негіз салды[2].

Сөз жасам туралы ойларын Ғ.Қалиев «Қазақ

говорларындағы диалектілік сөз тудыру» атты еңбегінде теориялық тұрғыдан зерделейді. Атап айтқанда, сөз тудырушы негіздер мен олардың сөзжасамға қатысы, сөзжасам типтерінің ерекшелігі, сөзжасамдық тәсілдер, сөзжасамның грамматикалық құрылыс пен сөздік құрамға қатысы туралы мәселелер тұжырымды шешімін табады. 1988 жылы Ә.Ибатовтың «Қазақ тіліндегі туынды сөздер сөздігі», Н.Оралбаеваның «Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімнің сөзжасам жүйесі» монографиясы жарыққа шықты. Ғалым бұл еңбегінде сөзжасамның теориялық мәселелеріне шолу жасай отырып, сан есімнің аналитикалық және синтетикалық тәсілінің жасалу ерекшелігіне тоқталады. Ә.Айтбаев «Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы» атты монографиясында терминжасам сөзжасам тәсілінің нәтижесі екенін дәлелдейді. Нақты келтірілген мысалдар ғалымның бұл ойын қуаттай түседі. Бұл аталған зерттеулер «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты монографияның жарық көруіне негіз болды. Монография 1989 жылы А.Байтұрсынұлы атынағы Тіл білімі институты ғалымдарының зерттеулерінің нәтижесінде жарық көрген алғашқы еңбек. Бұл еңбектің шығуына М.Балақаев, А.Қалыбаева, Н.Оралбаева, Е.Жанпейісов, Қ.Есенов, С.Нұрхановтар атсалысады да, ал монографияның жауапты редакторы – профессор Н.Оралбаева. Бұл еңбекте сөзжасам мәселесі кеңінен, жан-жақты алғаш рет талданады.

1980 жылдардан бастап сөзжасамның теориялық жеке мәселелері арнайы зерттеулер мен ғылыми ізденістердің нысанына айналды. 1992 жылы Б.Қасым «Қазіргі қазақ тіліндегі күрделі етістіктер» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғап, қазіргі қазақ тіліндегі күрделі етістіктің мәселесін ғылыми жағынан тереңдете түсті. Сонымен қатар, С.Исаевтың «Қазіргі қазақ тіліндегі сөзжасамның кейбір мәселелері» атты еңбегінде сөзжасамның сөз тудыру мәселелері нақты саралана бастады. Сөзжасамның жекелеген мәселелерінің қарастырылуында Анар Салқынбай мен К.Құрманәлиев зерттеулерінің орны айрықша. Сөзжасамды зерттеу нысанына қарай тарихи сөзжасам және сипаттамалы сөзжасам деп екі салаға бөлу тәжірибесі бар. Сипаттамалы сөзжасам сөзжасам мүмкіншілігін, құбылыстың қазіргі күйін, қалпын зерттейді. Ал тарихи сөзжасам – этимон түбірлердің дамуын зерттейді. Сөзжасамға диахронды тұрғыда зерттеу жүргізген ғалым – Анар Салқынбай. Анар Салқынбайдың авторлығымен 1999 жылы «Тарихи сөзжасам. Семантикалық аспект» деген диссертациясында тарихи сөзжасам мәселелерінің теориялық қисындары талданып, сөз жасаудың тәсілдері сөз етіледі. Оның тарихи дамуы көне түркі тілдері деректері негізінде айқындалады. Сөзжасам жүйесінің зерттелуі, нысаны талданып, сөзжасамның семантикалық табиғаты сөз етіледі. Сөз семантикасының қалыптасу ерекшеліктері талданып, номинация мен сөзжасамның арақатынасы, тарихи сөзжасам жүйесіндегі танымның рөлі көрсетіледі.

Абдирасилова Гүлмира Қалыбайқызының «Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің аналитикалық тәсіл арқылы жасалуы» тақырыбындағы филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған

диссертациясында түркі тілдеріндегі сөзжасам тәсілдерінің зерттелуіне тоқталады. Түркологиялық еңбектерде сөзжасам жеке сала ретінде танылған жоқ. Әйтсе де, Г.Қ. Абдирасилова сөзжасамның дербес сала болып бөлінуінің негізі түрколог ғалымдардың еңбектерінде екендігін баса айтады. Бұл пікірін Ә.Қ. Құрышжанов пен Р.Қайырбаеваның еңбектеріне сүйеніп отырып, «Түркі тілдерінің сөзжасам мәселесін алғаш көтерген, түркі тілдерінің алғашқы грамматикасы мен сөздігін жасаған «Диуани-лұғат-ат-түрк» сөздігінің авторы Махмуд Қашқари деуге болады», – деп нақтылай түседі [8, 14].

Б.Қасымның «Күрделі зат атауларының мағыналық құрылымы және сөзжасамдық үлгілері» монографиясы, Ж.Отарбекованың «Қазіргі қазақ тіліндегі сөзжасам проблемалары жайында» атты көмекші құралы, Құрманәлиев «» еңбегі, Б.Р. Есімсейітов «Қазіргі қазақ тіліндегі сөзжасамдық тізбектер», Н.Қоқышева және Г.П.Шаһарман «Қазақ тіліндегі сан есімдерден жасалған туындылардың мағыналық ерекшеліктері», Ж.Сарбалаев «Сөзжасам мәселелері», Қ.Құрманәлиев «Қазақ тіліндегі ұя проблемаларының ғылыми-теориялық негіздері», Н.Илиясова «Қазіргі қазақ тіліндегі атаулық тіркестер», С.Исаевтың «Сөзжасам және оның тіл білімінен алатын орны», М.Атабаева «Аналитикалық сөзжасам – диалектілік сөзжасамды байытудың бір көзі», Н. Есенова «Сөзжасамдық тарам мәселесінің сипаттамасы», Г.Мамаева зерттеу жұмысы, Л.К.Жаналинаның қазақ-орыс сөзжасамының жасалу ерекшеліктерін қарастырған ғылыми зерттеу жұмыстары қазақ тілі сөзжасамының теориялық, практикалық негізінің әбден қалыптасып, дербес ғылым саласы ретінде ғылыми айналымға кеңінен енуіне үлкен үлес қосты.

Жоғарыда айтылған зерттеулерді саралай келе, қазақ тіл біліміндегі сөзжасам саласының зерттелуін үш кезеңге бөліп қарастырғанды дұрыс көреміз:

Бірінші кезең – қазақ тілі сөзжасамының қосымшалары мен күрделі сөздері туралы айтылған алғашқы пікірлердің жариялануы. 1920-1950 жылдар аралығын қамтиды;

Екінші кезең – 1950-1980 жылдар аралығын қамтитын бұл кезеңде сөзжасамның морфологиядан бөлініп, дербес ғылым саласы ретінде айқындалуы қажеттілігі туды;

Үшінші кезең – 1980 жылдардан қазіргі кезеңге дейінгі жылдар. Бұл кезеңде қазақ тілі сөзжасамының зерттеу нысаны, теориялық негіздері, сөзжасам жүйесі жан-жақты зерттеліп, дербес сала ретінде танылды. Сөзжасам мәселелері ғалымдардың ғылыми зерттеу жұмысының нақты нысанына айналды. Соның нәтижесінде диссертациялық жұмыстар қорғалды, монографиялар жазылды.

Қорытындылай келе, қазақ тілі сөзжасамы дербес ғылым саласы ретінде бергінде ғана ғылыми айналымға енгенімен, біраз зерттеулердің нысанына айналып, біршама ғылыми еңбектер жазылды. Ғалымдардың зерттеу еңбектері қазақ тілі сөзжасамының жеке ғылым саласы ретінде қалыптасып, ғылыми айналымға енуіне өзіндік септігін тигізді. Қазақ тіл біліміне дербес сала ретінде еніп қана қоймай, жоғары оқу орны студенттеріне жеке пән ретінде



оқытудың қажеттілігін тудырды. Бұл еңбектердің бәрін бір мақалада талдап шығу мүмкін болмағандықтан, біз кейбір іргелі жұмыстарға ғана шолу жасадық. Бұл ғылыми еңбектер мен зерттеу жұмыстары сөзжасам саласының көне құбылыс, оның өзіндік қалыптасу тарихы, ішкі заңдылықтары мен тілдік бірліктері бар екенін айқындады. Десе де, ғалым А. Салқынбай зерттеу еңбегінде көрсеткеніндей, сөзжасам саласын когнитивтік аспектіде қарастырып, таным феномені ретінде танып, ономазиологиялық аспектіде зерттеудің маңызы зор. Сондықтан да сөзжасамды жаңа аспектіде зерттеп, ғылыми айналымға енгізу – біздер, жас ізденушілердің еншісінде.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Оралбай Н. Құрманәлиев К. Балтабаева Ж. Қазақ тілінің сөзжасамы. – Алматы: Инжу-Маржан баспаханасы, 2014. – 290 б.
2. Салқын А.Б. Тарихи сөзжасам. Монография. – Ал-

маты: Қазақ университеті. – 309 б.

3. Сарбалаев Ж.Т. Конверсия мәселелері. - Павлодар: С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2010. – 107 б.

4. Абдрасилова Г.Б. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің аналитикалық тәсіл (бірігу, қосарлану, тіркесу) арқылы жасалуы. Ф.э.к.: 10.02.02, Астана. – 124 б.

5. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Тіл – құрал. – Алматы: «Ел-шежіре», - 2013. Т.ІІІ: - 384б.

6. Кеңесбаев І. Қазақ тіл білімі туралы зерттеулер. – Алматы: Ғылым. 1987. – 352б.

ОРХОН ЕСКЕРТКІШТЕРІ - МӘНГІЛІК ДАҢҚТЫ ДӘРІШТЕЙТІН ТУЫНДЫЛАР

Алдасберген Сәулет

5B011700-«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының студенті
Ғылыми жетекшісі: профессор м.а. Абдирасилова Г.Қ.
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

«Кедейді бай қылдым,
Азды көп қылдым.»
«Күлтегін» жыры

Әрбір өмірге келген саналы ұрпақ өзінің шыққан тегін, туған жерін, Отанының тарихын, салт-дәстүрін меңгеріп, дәріптеуі тиіс. Оның тәрбиелік мәнін ұғына отырып, өз бойына да ерлік қасиетті енгізеді. Ұрпақтан - ұрпаққа жеткен осы бір заңдылық біздің еліміздің үрдісінде кеңінен өріс алған. Себебі, тарихи толғамалы, тамыры тереңде жатқан ұлы еліміздің тағдыры сонау Түркі тайпаларымен тығыз байланысты. Аспан асты ел болуымызбен бірге, бір қаннан, бір жаннан, бір рухтан таралып, өрістегеніміз бір төбе. Олай болса, ежелгі Түркі тайпаларымен тағдырымыз да тарихымыз да ортақ болғаны сөзсіз.

Түркі елінің шоқтығы биік асыл мұрасы, ғасыр куәсі Орхон Енисей ескерткіші екендігін барша әлем таниды.

Байырғы мәдениет ескерткіштерінің ең бір кереметі, бүкіл дүние жүзіне атақты кереметі, барша әлемге әйгілі- Орхон-Енисей ескерткіштері, Білге қаған, Тоныкөк, Күлтегін қаһармандарының жыры болып табылбақ. Талай ғасырды артқа тастағанмен, бұл ескерткіш өз мәнін, құдіретін жоймады.

Бұл ескерткіштер Селенгі, Орхон өзендерінің бойынан табылған. Көңілдің күйімен, жүректің үнімен сандықтан шығарған гауһар тастай етіп, мінсіз жазылған. Осы бір ғажайып руналық жазулар кейде жоқтау, кейде мадақтау машығымен айтылып, қанатты сөздермен, шешендік тіл өнерімен, өлеңдік ұйқасымен, мақалды тіркестердің алуан түрлі көне үлгілерін аңғарамыз.

Жырдың мазмұнына қарамас бұрын, жыр тарихына, туындау себебіне үңілген маңызды. Сонда ғана

жырдың мағынасын, идеясын түсіне алып, өнеге ала аламыз. Жыр тарихына үңілер болсақ.

Алтыншы ғасырдың ортасына таман Көкбөрінің шөбересі Бумын қаған түрік тайпаларының басын қосып, әлемге әйгілі түркі тайпаларының басын қосып, әлемге әйгілі түрік қағанатын құрды, Елхан атанды. Бумынның мұрагері Мұқан қаған Сары теңізден – Каспийге, Гобиден Байкал көліне дейінгі аралыққа созылған түрік қағанатының батыс өлкесінің билігін әкесінің інісі Естемиге береді де, өзі Орхон өзенінің жоғарғы ағысындағы Хан ордасында болды.

Мұқан мен Естемиден соң олардың ұлдары билікті екіге бөлді. Түрік қағанаты батыс және шығыс болып екіге айырылады. Әлсіреген қағанат осыдан былай көрші қытайдың уысына түсе бастады. Содан кейінгі жарты ғасыр табағаштардың құлдығына өтті. Олардың есін жиған кезі Елтіріс пен Тоныкөктің тұсында болды. Елтіріс 682 жылы көтеріліс бастап, жеңіп шықты.

Елтіріс қаған қайтыс болғанда артындағы ұлдары Білге мен Күлтегін 7-5 жастағы балалар еді. Хан тағына Елтірістің інісі Қапаған отырды. 716 жылы Қапаған қаза тапқаннан кейін, жаужүрек Күлтегіннің көмегімен ағасы Білге қаған болды. Жанына Тоныкөк жырауды ақылшы етіп алды. Күлтегінге әскердің билігін берді. Сөйтіп, осы үш ердің тұсында 15 жылда түріктер айбынды жұрт болып, бір тілек, бір мақсатта өмір сүрген. Тәңірі жарылқағыр Күлтегін 731 жылы, Білге қаған 734 жылы дүниеден озған [1:35]

Жырдың негізгі мазмұнында терең философиялық ойға негізделген. Нағыз ұлтжандылықтың көрінісі мен басшыларға деген адалдық дәріптеліп, еліне деген сүйіспеншілік кеңінен көрсетіледі.

Жырдағы айтылатын негізгі мәселе – елдің тәуелсіздігі, береке-бірлігі. Бір елдің саяси мәселесін,

ахуалын ойлап барша халық күніренеді.

Тағаш халқына бек ұлдары құл болды,
Пәк қыздары күң болды.

Түрік бектер түрік атын жоғалтып,
Тағаш бектердің тағаш атын тұтынып,
Тағаш қағанына бағынды.

Елу жыл ісін- күшін берді [1:35]. – деп қиналады.

Сол уақытта ұлы Көк Тәңірінің көмегімен Елбілге анадан Елтеріс атты ер туыпты. Елтеріс қағанның тұсында түріктердің айналасы түгел жау екен. Елтеріс қырық жеті рет соғысқа аттанып, түріктерді бүтіндейді. «Бастыны еңкейтіп, тізеліні бүктіріп» дүниеден озған.

Тәңірдей тәңірден жаралған,

Түрік Білге қаған.

Бұл шақта отырдың,

Сөзімді түгел естіндер:

Бүкіл жеткіншегім ұланым

Біріккен әулетім, халқым.

Оңыңда шад, егіз бектер,

Солыңда тархан, бұйрық бектер

Тоңыз оғыз бектері, халқы.

Бұл сөзімді мұқият тыңда,

Терең ұқ. [1:36] – өлең мәтінінің өзінде мәңгілік мұра болатынын автор сезген секілді. Келер ұрпақтың құлағына жетіп, мақтанышына айналарын білген ба дейсің!

Жырдағы Білге қаған да ақылды, батыр адам:

Әкеміз, ағамыз құрған халықтың,

Аты даңқы өшпесін деп,

Түрік халқы үшін,

Түнде ұйықтамадым

Күндіз отырмадым, – дейді.

Осы жолдар арқылы қағанат тізгінін текті адам ұстап, ел үшін жанын беруге дайын екені баян етіледі.

Жырдағы оқиғаның негізгі ұйымдастырушы тұлғасы – Құлтегін. Ол ағасы Қапағанмен бірге жиырма үш рет соғысады. Ол жырда жауынгерлік тұлғасымен, әскери қарым-қабілетімен айқындалып, оқырман жүрегіне

ержүректілік пен қайсар рух сыйлайды.

Тағы бір көркем тұлға-Тоныкөк. Ол қазақ халқының аузы дуалы абыздары, ханынан кеңесін аямаған Бұқар жырау, Асан қайғы сынды данагөй дарабоздарды есімізге түсіреді.

Түріктердің оның ішінде қазақтардың, ежелден намысқой халық екендігі «жаным – арымның садағасы» дейтін мақалынан да көрінеді. Қазақ үшін намысқа тиюдің ең үлкені- оң жақта әлпештеген қызының жау қолында кетуі, ата-баба моласының аяқасты болуы, өз елін тастап, басқаның қолтығына кіруі. Бұрынғы қазақтар осы үш нәрседен қатты сақтанған, «Басқа елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол», – дейді. Осы дәстүр «Күлтегін» жырынан да көрініс тапқан [2:14]

Ғасырлар сабақтастығын жалғаған осы бір теңдесіз еңбек барша түркі халықтарына емес, әлемге мәлім асыл құндылық болып табылады. Кейіпкерлердің негізгі болмысымен қатар, ерлікпен елдікті насихаттайды. Кез-келген болашағын ойлайтын мемлекет үшін, осындай еңбектердің елжандылығын, сүйіспеншілігін дәріптеуін әрбір халықтар үлгі алып, бойына сіңіре білуі керек. Мәңгілік елдің іргетасының берік болуы мейіріммен, бауырмалдылықпен, адамгершілік әдеппен құрала отырып, нығаятынын әрбір ұрпақ білуі тиіс. Көне түрік ескерткіштері туралы том-том кітап шығарылып, талай зерттеулер өмірге келді. Менің ендігі міндетім, жырдан түсінгенімді жинақтап, тәлім ала білу. Болашақта рухани байлығымыз туралы әлі де ашылмаған жұмбақтың шешімін тауып, Отандастарыма рухани леп бергім келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қыраубайқызы Алма. Ежелгі әдебиет.- Алматы: Әл-Фараби, 1996-132 бет

2. Қоңыратбаев Ә., Қоңыратбаев Т. Көне мәдениет жазбалары.- Алматы: «Қазақ университеті», 1991-400 бет.

ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ

(Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» романы бойынша)

Шыңғыс Маратұлы - ҚазСТА 3-курс студенті

Айжан Елболғанова - Абай ат. ҚазҰПУ 1-курс студенті

Ғылыми жетекшісі, **ф.ғ.к., проф. Майра Жүнісова**

Түйіндемесі. Мақаланың нысаны Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» атты романының тіліндегі жер-су атаулары, қарастырған мәселесі сол жер-су атауларының көркем шығармадағы қолданысы. Әрі сол атаулардың сырына үңіліп, олардың тарихын зерттеген. Еліміздегі «Туған жер» бағдарламасымен және ономастикалық саясатпен үндестігі жұмыстың құндылығын арттыра түскен.

Тірек сөздер: жер-су атаулары, топоним, топонимика, гидроним

Abstract: Objects of the article are the names of land names in the language of Zhusupbek Aimauytov's novel "Akbilek", which is the use of these names in the art. Then he scrutinized the names of those names and studied their history. Compatible with the native land program and onomastic policy in Kazakhstan, it has increased the value of the work.

Key words: land-water names, toponyms, toponymics, hydronyms

Жер-су атаулары жалпы ономастика саласының нысаны болып табылады. Сондықтан біздің мақаламызда Алаш қайрагері, «Бес арыстың» бірі – жазушы Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» романы тіліндегі

жер-су атауларын қарастырдық.

Мақаламыздың нысаны – жер-су атауларының шығу тегін талдау

Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар, рухани жаңғыру» бағдарламасындағы «Туған жер»



бағдарламасын қолға алуды жоспарлағанда халыққа жолдаған жолдауының тарихи маңызы: «Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Идеяның түп төркіні Ұлытау төріндегі жәдігерлер кешенін, Қожа Ахмет Ясауи мавзолейін, Тараздың ежелгі ескерткіштерін, Бекет ата кесенесін, Алтайдағы көне қорымдар мен Жетісудың киелі мекендерін және басқа да жерлерді өзара сабақтастыра отырып, ұлт жадында біртұтас кешен ретінде орнықтыруды меңзейді. Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі неше ғасыр өтсе де бізді кез келген рухани жұтандықтан сақтап, аман алып шығатын символдық қалқанымыз әрі ұлттық мақтанышымыздың қайнар бұлағы» [1].

Мақаламызда Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» романындағы ономастикалық атауларды екіге бөліп қарастырдық: гидронимдер, яғни гидронимикалық атаулар немесе су атаулары және топонимдер, топонимикалық атаулар - жер атаулары.

Жүсіпбек Аймауытов: «Алтай, Күршім не заманнан қалың найман мекені. Алтай елі – алты ай жазу тау еркесі – биік болып өзге елдерден биік болып, Марқакөлдің самалында сайран етіп жатады. Әлгі Алтайдың аруларын айтуға тіл жетпейді. Алтай бойды да ойды да көтереді. Алтайдың кешкі самалы беттен сүйеді. Өскеменнің ар жағында, Бұқтырманның оң жағында әлемге аян Алтай бар» [2].

Алтай-түркі және моңғол тілдерінде «Алтай» сөзі «алтын» деген мағына береді. Күллі түркі жұртының алтын бесігіне айналған «Алтай» тауын моңғол халқы Алтайнтау деп атайды.

Бір шарасын ішкен адам дәл қор қызын құшқандай боп, беті шикан дуылдайды, аузы кобыз гуілдейді, мас болады, жас болады: жел жетпеске мініп алып, Алтай тауын дүсірлетіп, таудың тасын күтірлетіп, көкпар, жарыс, алыс-жұлыс, асыр салып жатқаны. [2,72]

Әлгі Алтайдың аруларын айтуға тіл жетпейді. [2,72]

Сол Алтайдың бөктерінде жам жолменен жандамайлап, ала ат мінген жалғыз адам келе жатыр бейсауат. [2,72]

Көтегейті Күршім жақ, бет алысы Қара-екем шаты. [2,72]

Қараекем шарты жартас, дәл аясы – шұңқыр көгал, бір ауызды, тар ауызды шұғыл шат-тын: мейірімді Алтай түй қашып, түнде жортқан, жорықшыға соққан ғой [2,72].

Марқакөлде майға бөккен мал мен ел тау ызғары жамбасынан өткен соң, етектегі қыстауына еңбектесіп түскен шақ [2,72].

Есілді де екпіндетіп, үңгірдегі бір ауылға келді сау-сылдап [2,72].

Інім Семейде оқуда [2,77].

Гидронимикалық атаулар:

«Күршім - не заманнан қалың найман мекені болған. Сол Күршімнің қысы қыспақ, жазы самал болған екен» [2].

Ертіс түскен, күр-күр еткен Күршім бар [2,72].

Күршім жайлы тарихта аңыздар да бар. Соның бірі: «Қалмақтар шапқыншылығы кезінде қазақ батырлары жаудың бір «Күрсін» есімді батырын өзен бойында өлтіріп, өзенге сол қалмақ батырының атын беріпті

дейді».

Күршім гидронимі туралы Алтай өңірінің жер-су атауларын диссертациялық жұмысында зерттеген Б.Бияров: «Атауға өзеннің тар арнамен жылдам ағуы, өзен арнасында ірілі-ұсақты қойтастардың молдап кездесуі әсерінен гүрілдеп ағатын сипаты уәж болған дейді» [3].

Ертіс – Алтайдың күңгейінен құбыла жаққа құлай аққан Ертіс бар. Ертіс үлкен өзен, өре басы Қытайдан келеді. Ертістің оң қабағында – Семей, солында Алаш қаласы бар. Алаш пен Семей арасынан өткенде, Ертіс саулы інгендей талтаяды екен. Қашғари сөздігіндегі Иртыш (Эртишмақ) «кім тез өтеді». Шмидтың сөзінде Ирцьш-Erzich деп аталады.

М.Қашғаридың сөздігіндегі ерт «өту» кешу мағынасында тұрған өт сөзі өткел мағынасын береді десек, онда Ерт + сіз «өткелсіз» (өзен) болып шығады [4].

Зайсан - Ғ.Қонқашбаев: «Моңғолдың заасинг (жақсы) деген сөзінен бұл атау ертеректе Зайсан-Нор, кейде Нор-Зайсан деп аталады. Зайсан атының қойылуына байланысты аңызда: «Бір жұт жылы қалмақтар аштан қырылып жатқанда, осы көлге келіп, балығын жеп, аштықтан аман қалыпты. Сөйтіп, көлді Заасингор (жақсы көл) атапты. Зайсан көлінің бұрынғы атауы Хонхоты да (Қоңыраулы) моңғол сөзі» деп жазады [5].

А.Әбдірахманов осы пікірді жалғастыра отырып: «Ертеректе моңғол ақсүйектері де заасинг деп аталған. Қазақ тіліндегі «жақсы мен жайсаң» деген тіркестегі жайсаң сөзі - моңғол тілінен енген көл аты осы мағынадағы сөзбен байланысты болуы ықтимал, жергілікті тұрғындар көлді осы күнге дейін Жайсаң деп атайды» деп жазған [6].

Марқакөл – Қарт Алтайдың қақ басында алақанның аясында, бал татыған айна сулы түрі де аспан, сыры да аспан, шарап сулы Марқакөлі [2,72]. Алтай, Күршім –не заманнан қалың найман мекені [2,72]. Сол Алтай мен сол Күршімнің қысы қыспақ, жазы самал [2,72]. Күн жылт етсе, төрт түлік мал қарағайлы қарт Алтайдың, Алтай сынды анасының көкірегін аймаласып тырандасып, мәйек басып мамырласып жатқаны [2,72]. Марқакөлді алқалаған –ақ ауылды Алтай елі. [2,72]. Алтай елі – алты ай жазу тау еркесі-биік болып өзге елдерден биік болып, Марқакөлдің самалында сайран етіп жатқаны [2,72]. Марқакөлдің суы балдай [2,72]. Марқакөлдің суын ішіп, отын жеген сары қарын тұтам еишек жануардың бауырынан сүт сорғалап, сүт емес-ау, құт сорғалап, көнек-көнек лықылдайды; кара саба емізіктеп, қою салқын, сары қымыз, быжылдаған дәрі қымыз шара-шара шыпылдайды. [2,72]

Бұқтырма – М.Мұсатаева мен Л.Шеляховскаяның сөздігінде: «Бахтарма-бухтарма внутренняя сторона шкуры, прилегающая к телу животного» деген түсініктеме бар. Осы көнерген сөздердің өзенге атау болып берілген себебі - жаңа сойған малдың терісін аударып қарағанда,қан тамырларының ізі тарам-тарам болып көрініп тұрады. Бұқтырма өзені дәл солай бірнеше салаға бөлініп, тарамдала ағады [7].

Есіл – орысша атауы Ишим болып табылады. Негізінде Ишим сөзінің атауын «ишэм» деген татар сөзімен байланыстырады. Ол жүзу өсу дегенді білдіреді. Башқұрт тілінде де «иш» «ишэм» деген

сөздер бар. Олар «жолдас, дос» дегенді білдіреді.

Топонимикалық атаулар:

Өскемен – 1720 жылы М.И.Лихарев бастаған ресейлік экспедицияның келуімен Үлбі өзенінің Ертіске құйған жерінде атын «Устье каменных гор» тіркесінен алынған Усть – Каменогорская бекінісінің іргетасы қаланды [8]. Жергілікті тұрғындар бекініс атын өз тіліне иемдеп «Өскемен» деп атап кетті.

Семей – Семипалат бекінісі кейін қала болып қалыптасқан Семипалатинск атауы ертеректе жоңғарлар мекендеген Доржінгіт (Цорджийкийд) аумағында табылған жеті қалмақ будда ғибадатханасынан шыққан. Бұл ғибадатханалар жайлы орыс зерттеушілері 1616 жылы жазған. 1660-1670 жылы жоңғарлар мен қазақтардың соғыстары салдарынан ғибадатханалар қирап, Г.Ф.Миллер 1734 жылы ғибадатханалардың жартылай бүлінгені жайлы жазады. 2007 жылы қалаға ресми түрде Семей атауы беріледі. Семей-Семипалатинск сөзінің фонетикалық өзгеріске ұшыраған түрі [9].

Ақмола – ақ мол, яғни сүт көп деген мәнде деген пікір болды. Алдан Смайыл: «Ақмола – ғұндардан қалған атау. Оның мәні-батыстағы қамал, батыстағы қорған», - деп ой түйді. Тіпті Ақмола атауы «Ақ мол ә» деген сөзден шықты деген болжам жасағандар бар. Ақмола – аққайрақ тастан әдемілеп жасалған ескерткіш белгілер деген мәліметтер де бар.

Бурабай – аңыз бойынша ертеректе Көкшетау жерінде аппак, әдемі бура мекен етіпті. Ол өзгелерден саяқ, жалғыз жүретін Бура қалың орман ішін кезіп, шөліккегенде Күміскөлге келіп шөлін басытын еді. Күміскөл – оның тыныстайтын сүйікті жері. Бура ерекше қасиетке ие болған. Елге қауіп-қатер, соғыс, жұт төнгенде, боздап елдің тынышын алатын. Оның белгісіне үйреніскен халық бураны айрықша жақсы көріп, қадірлеген. Күндердің күнінде елге зұлым жау шабады. Бура әдеттегідей белгі беріп, бәрі тығылып, үлгеріп, жан сақтап қалады. Бәріне бура себеп екенін білген зұлымдар оның ізінен түсіп, өлтірмек болады. Ну орманда жүрген бура зәлімдерге кез болады. Олардың бірі садағын кезеп, дәл бураның жүрек тұсын көздейді. Садағын атып кеп жібергенде кеуде тұсынан кіріп, өркешінен шығады. Жан дауысы шыға аңырап, боздаған бура зұлымдарға қарай жүгіреді. Атына камшысын басқан олар бытырай қаша жөнеледі. Бір сәтте бура кері бұрылып, Күміскөлге беттейді. Сүйікті мекеніне келіп, жата кетеді. Осылайша жан тапсырады. Мұнан кейін жұрт бұл жерді Бурабай атап кеткен.

Жетісу – тарихи деректер мен зерттеулерде Жетісу атын құрайтын 7 өзен туралы түрліше пікір бар. А.К.Гейнс бұлардың қатарына Лепсі, Басқан, Сарқан, Ақсу, Бүйен, Қаратал, Көксу өзендерін жатқыза, А. Влангали Басқан, Сарқан өзендерінің орнына солтүстік-шығыстағы Аягөз оңтүстік-шығыстағы Іле өзендерін атайды. В.В.Бартольдтың айтуынша, алғашқы да жергілікті халық Жетісу деп Іледен солтүстікке қарай созылған аймақты атаған, оған Лепсі, Басқан, Ақсу, Бүйен, Қызылағаш, Қаратал, Көксу өзендері. Тарихи әдебиетте Жетісу ұғымына Шу алабы мен Нарын өзенінің жоғарғы ағысын қамтитын атырапта кірген.

Тағдыр айдамаса, осынау Қытай шегіндегі Алтай та-

уына, қазақ арасына біз келер ме едік [2, 79].

Мен Тамбов губернесіндегі бай алпауыттың кіші баласы едім [2, 79].

Онда ұлы Ресей кемиді, жері, елі азайып қалады [2, 80].

Ресейде төңкеріс болып, патшаны түсірген соң, өзара екі жарылып ел билегенге таласқан соң үкіметті қара жұмысшы мен қара солдатты жоқтаған большевиктер алып кеткен соң, біздер орыстың шын ұлдары құл-құтанға бағынбаймыз деп, соғысып, жеңіліп, қашып келіп отырмыз [2, 81].

Алдымыз қашып Қытай жеріне өтіп кеттік [2, 81].

Біз одан қашқан, бұдан қашқан, жетпіс шақты офицер, флоттар Алтайдың бір тығырығына бекініп, қызылдардан жансауғалап жатырмыз [1, 81].

Қолым хат білсе, Күршім өзенін теріс ағызар ма едім, әлде қайтер едім [2, 84].

Ертіс ағып, Өскемен, Зайсан, Семей сияқты қалаларды да көрдім [2, 83].

Бұл Өскеменіңіз, Бурабайыңыз, бұл Семейіңіз, бұл Қарқараларыңыз бәрін де Іскендір жалаң аяқ шарлаған [2, 114].

Алдыңғы жылы Семейге барып оқып, мұғалім боп келген [2, 139].

Бұдан бұрын Степанский полкының арты Сартау сыртындағы Жаманқала поселкасынан жүргелі тұрғанда, Мағайұғлы Ақбанұғлы Ермекбай жолдастары бар ақтардың 60 ғаскерін ұстап алған [2, 143].

Біреуі Шақат бұлағындағы Әлкебай балаларының, Қорабай Бақсарыұғлыларының ... [2, 144].

Ақырында Сартау елінің қазағы-ай. [2, 144].

Қандай орын беруді ревкомға тапсырыпты: ревкомдағы Балташ, кім біледі, Балташ кедейшіл, бір беткей кісі, Мұқашты Сартауға болыс қып жібере ме?

Және Әбен бай болыспен ұстасып, шатақтасып мәлім: Сартау болысын өзгертпей тұра ма?

Сартау елі қып-қызыл партия... [2, 161].

Сарытаудың болысын түсіріп, Әбеншіл біреуді қойған [2, 163].

Ол мән осы Сартау елінің жұмысы жайлансын деген мән емес, үйездегі азаматтар арасындағы алалық жойылсын деген де мән емес, бірінікін мақұлдап бірінікін теріске шығарып, бірін-біріне жығып берем деген де мән емес, сол айтыстан шығарып бір іргелі мәселені қозғап енді өзіме қорытынды туғызуға болады деген мән еді [2, 165].

Ертіс – үлкен өзен, өре басы Қытайдан келеді [2, 231].

Ізғындай елдің ортасындағы өнер-білімнің сауда-кәсіптің, от арба, от кеменің тоғысатын кіндігі қара шаңырақ – Семей [2, 232].

Семей бір гүбірне елдің миы: ақыл-ойдың табысы - Семейде, Семей бір гүбірне елдің жүрегі: Семей бүлік етсе бір гүбірне ел бүліктейді [2, 232].

Ертістің оң қабағында – Семей, солында Алаш қаласы [2, 232].

Аралдың өнбойы сынсыған орман [2, 232].

Сол аралда, Алаш жақта үлкен қарағаштың түбінде, Ертістің шымырлап аққан суына көз салып, көк теңбіл желек жамылған, аппак шөлмектей бір келіншек отырау! [2, 232].

Алаш пен Семей арасынан өткенде, Ертіс саулы інгендей талтаяды [2, 232].



Қытай қазақтарына бермей, алып келді ғой [2, 232].
Аман күндерінде Қытайға ауындар депті ғой [2, 232].
Қанша күн жүргенін де білмеймін, сол көшкеннен көшіп, Қытай қазақтарына бардық [2, 234].

Орал тауынан ауып келген естек қызы [2, 240].

Содан кейін ағатайым сол жылы Семейге барды [2, 240].

Семейге келген соң, ағатайым мен жеңешем маған да орысша киім тіктіріп, мені қылтиып сәндеп қойған [2, 242].

-О жылы мен Орынбордамын [2, 242].

Ағатайым көбірек оқымасаң адам болмайсың, – деп бөлімінен қағаз әперіп, Орынбордың раппагіне жіберген [2, 242].

-Ендеше, ол жылы біз қайтадан Семейге келгенбіз.

Семейде мұғалімдерінің қазақ, оқуымыз да қазақша еді [2, 243].

Орынборға келіп, бержебайға мініп Ажардың таны-малына барып түстік [2, 240].

Семейдегідей болмады, оқуы қиын тиді [2, 243].

Семейге баратын үш-төрт баламен менде қайттым. [2, 244].

Өйткені ол Ақмола Семей Орал Бөкей губернелерінің бәрінде қызмет етіп, жалпы қазақ жайымен, әр алуан жағдайымен оқығандармен әбден танысып, ақыл ауданы, дүние тануы кеңейген еді [2, 266].

Ертіс жүзінде су сызып ақ баракот келеді [2, 267].

Екі күн өтіп, үшінші дегенде екі жас Зайсанға жетті [2, 269].

Сенгір-сенгір таулардан, үңгір-үңгір құздардан түйе өркешті шыңдардан, қыз емшекті тастардан өтіп, бұраң-бұраң сұрлеумен бес отты кісі бес құмырсқа боп өрмелеп, Алтайдың басына шықты, Алтай бойды да ойды да көтерді Алтайдың кешкі самалы бетті сүйді [2, 272].

Алтай бойды да ойды да көтерді [2, 272].

Алтайдың кешкі самалы беттен сүйеді [2, 272].

Ақбілек Алтайға шыққанда, баяғы апасын өлтіретін, өзінің әбиірін алатын өгей шешенің қорлығын шегетін, Көркембай кемпірдің көр үйшігіндегі жаны көзіне

көрінетін алай-түлей қараңғы, қара күндер, Барсакелмеске біржола кеткендей, анау алыста, етекте біржола қарасы өшкендей болып көрінді [2,272].

Бұл мақалада біз Алтайдың шығу тарихын қарадық. Алтай-ертеде тұтастай түркі жұртының мекені болған өңір. Суы бал, көдесі май, жері майса, ағызған сары алтынды тастан Алтай демекші Алтай кенді өңір. Сенгір-сенгір таулардан, үңгір-үңгір құздардан түйе өркешті шыңдардан, қыз емшекті тастардан құралған Алтайдың табиғаты сөзбен айтып жеткізуге келмейді. Сонымен қатар бұл мақалада мен Күршімнің табиғатына, Жер жаннаты Жетісудың жеті өзеніне, Марқакөлдің ел аузындағы аңызына, Ертіс өзенінің тереңде жатқан мән-мағынасына, табиғаты тамаша, Қазақстанның Швецариясы атанған киелі Бурабай аңызына тоқталып өттік.

Қорыта келгенде, Елбасымыз айтпақшы, еліміздің шұрайлы жерлерін қорғап, тарихи маңызын тереңінен түсініп, қолда бар алтынымыздың қадір-қасиетін жоғалтпай, ата-бабаларымыз ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғап, аманатқа қалдырған жерлерін көзіміздің қарашығындай сақтап, аманатқа қиянат келтірмей, келер жас буынға осының мән-мағынасын түсіндіру біздің мойнымызға артылған үлкен жауапкершілік десем де болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Н.Ә.Назарбаев Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар. <https://egemen.kz>
- 2.kitap.kz
- 3.<https://adebyet.portal.kz>
- 4.[Anatili.kazgazeta.kz](https://anatili.kazgazeta.kz)
- 5.kaznpu.kz
- 6.<https://abai.kz>
- 7.Kitaphana.kz
- 8.El.kz
- 9.<https://www.oner.kz>
- 10.Atau.kz

«ЖАТҚА ТУҒАН БАЛА» ХИКАЯСЫНДАҒЫ ЗАМАН КӨРІНІСІ

Бейсембек О.Ж.

Ғылыми жетекшісі: Қазақ тілі мен әдебиеті пәні оқытушысы Бекбаева Г.Д.

№1 Алматы қазақ мемлекеттік гуманитарлық-педагогтік колледжі

Түйіндеме. Бұл мақалада «Жатқа туған бала» хикаясындағы заман көрінісі сөз болады. Жалпы суррогаттық жолмен перзент сүю қазіргі таңдағы адамдар үшін бейтаныс дүние емес. Бұл сонау тоқсаныншы жылдардан бері Қазақстанда қолданылып келеді.

Тірек сөздер: суррогат, медицина, «Экомед», эмбриондардың доноры

Abstract: In this article, we will look at the story of the story «Жатқа туған бала». The surrogate way to love a child is not a stranger to modern-day people. It has been used in Kazakhstan for almost nineteen years.

Key words: surrogate, medicine, "Ecomed", donor embryos.

«Өміріңнің жалғасы болатын перзентіңнің анасы мен әкесінің ортасынан емес дәрігердің араласуымен шынының ішінде қосылып пайда болуы дегенге біздің ұлттың әлі құлағы үйрене алмай жатыр», - деп Шара әр келген сайын әңгімесін айтып отырады.

Ақын, жазушы, журналист, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Сәуле Мағазбекқызы Досжан апамыздың осы бір шығармасы – қазақстандықтар мен еуропалықтардың 90-жылдардағы тұрмыс жағдайын нақты бейнелеп, суреттеп бергендей. Қазіргі уақытқа дейін әлемде «перзент сүйе алмау проблемасы» бар,

сол үшін қазір перзент сүю үшін көп отбасылар екі жаққа тарап кетіп жатады, немесе медицинаның көмегіне сүйенеді. Медициналық көмек дегеніміз, ол – суррогаттық жолмен перзент сүю.

Бұл әңгіме аталмыш 90-жылдардағы, яғни хикаятта бейнеленгендей «Аузын айға білеген Одақ тарап, жас мемлекет тәуелсіздікке енді жетіп жатқан замандағы» болған. Автор бұл шығарманы Қазақстандағы «ЭКОМед» орталығының негізін қалаушылар Батыр Қаратайұлы Бекмусаев пен Салтанат Берденқызы Байқошқароваға арнаған.

Оқиғаның басты кейіпкерлері – Мақсұт пен Жария есімді жас жұбайлар. Олардың қос перзенті біресе қалада, біресе далада болса, отағасы Мақсұттың жұмысы күрделі де, мардымсыз іске айналғандай. Ал Жария – қолында дипломы бар болса да, үй шаруасындағы әйел. Бірақ, оған да жұмысқа шығуына тура келеді. Себебі, Кеңес Одағы тараған соң жас мемлекетте бірнеше жақсы жағдайлар азия бастаған еді, тіпті, егемендіктің алғашқы жылдарындағы ұрлық-қарлық, тауарлардың аздығы мен жоқтығы, жұмыссыздықтың белең алуы, үкімет жасайтын жағдайлардың азаюы қатты белең алған болатын. Жария мен Мақсұттың да өмір сүріп жатқан отауы – 3 бөлмелі ғана шағын жатақ еді, енді үкімет өзі сыйлаған жатақты өздері бұзбақшы. Енді қайтпек? Кезекпен берілетін үйден де үміттерін үзулеріне тура келді...

Жарияның досы, шетелге жиі шығып, алып құспен мұхит асып жүрген Шара әңгімелерінің бірінде байлардың қолынан бала жасау келмейтінін айтқан болатын. Хан сарайындай үйлерінде – сәбидің күлкісі, баланың жүгірісі, перзенттің құшағы сезілмейтін байлар «ЭКОМед» көмектесетінін айтып қалды. «Біреуге мал қайғы, біреуге жан қайғы» деген қазақ тәмсіліне дәйек болған байлар мен орта отбасылардың тұрмысы заманның заманасын білдіріп, әңгімеге арқау болып отыр.

Суррогат ана – қазақшасы құрсақ ана. XX ғасырдың соңғы онжылдығында-ақ әлемнің 2 миллионы осы бір ғылыми көмекке жүгінген. Сол уақыттағы

Шара дәйектеген статистика бойынша, еліміздегі отбасылардың 15 пайызы балалы болуға қабілетсіз, 30 пайыз отбасының репродуктивтік технология бойынша емделуі қажет болған. Жаңа дәуір туып жатқан уақытта-ақ Денеден тыс ұрықтандыру (ДТҰ) орталықтардың қызметіне жүгінетіндердің 90 пайызы өзіміздің қазақтың қаракөздері болған екен. Тіпті балаға тапсырыс беретіндер мен баланы туып беретін құрсақ аналардың тізімі жасалатынын, тіпті сперматозоидтері жоқ күйеуі бар әйелдердің жұмыртқа клеткасына донор еркектердің жұмыртқа клеткасын қосып та ұрықтандыратынын, арнайы эмбриондардың доноры деген тізім барлығын айтып та қалдырған еді. «ЭКОМед» мамандарының мәлімдеуінше, қазір қолдан ұрықтандыру әдісінің ақысы орташа есеппен 2 мың АҚШ долларын құраған (90-жылдардағы Шара айтқан мәлімет).

Оқиға желісі бойынша, Жария мұндай медициналық әрі ғылыми әдісті Мақсұтқа (күйеуі) айтты, ал күйеуі «жоқшылықтан әйелінің саушылығын саудаға салып тұрғандай ары буындырды». Алайда, «бала сүйе алмай жүрген отбасыларды бақытқа бөлесек, қанеки» деген позитивті ой оны келістірді. Нәрестенің старты басталды!..

Тоғыз айдан соң клиент Жарияның дүниеге әкелген баласын қолына алды!..

Хикаяттан шығар қорытынды – ана жүрегі ешбір заманның заманасына қарамайды. Клиент өз баласын алып Ақмолаға (Астанаға) көшті, ал Жария өз пәтерінің кілтін алып, өмірін жалғастырды. Қазақ халқында заманның кейбір ғылыми жаңалықтары – «сұмдықпен» тең. Бірақ, оның білдей бір отбасының шаңырағына бақыт нұрын сыйлайтынын Сәуле Мағазбекқызының хикаясы дәлелдеп бергендей!

«Балалы үй – базар, баласыз үй – қу мазар».

Пайдаланылған әдебиет:

Сәуле Досжан «Үлкен үйдегі үрей» кітабы. – Алматы: Жазушы, 2013.

АҚЫН-ЖЫРАУЛАР ТІЛІНДЕГІ ДИАЛЕКТИЗМДЕР МЕН АУЫЗЕКІ СӨЙЛЕУ ТІЛІНДЕ КЕЗДЕСЕТІН ФОНЕТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

ШӘРІПБЕК Ф.С.

№1 Алматы мемлекеттік қазақ педагогтік-гуманитарлық колледжінің оқытушысы

Түйіндеме. Бұл мақалада ақын-жыраулардың тіліндегі диалектизмдер мен ауызекі сөйлеу тілінде кездесетін фонетикалық ерекшеліктер, дауыстылардың алмасуы, дауыссыздардың алмасуы, кейбір дыбыстардың тұрақсыздығы (протеза, эпентеза, метатеза, синкопа, эпинтеза) көрсетілген.

Тірек сөздер: диалектизм, фонетика, дауысты дыбыс, дауыссыз дыбыс, ауызекі сөйлеу тілі

Abstract: This article demonstrates the dialectics in the language of poetry and the phonetic features that occur in the spoken language, the exchange of voices, the transient voice, the instability of some sounds (prosthesis, epenthesis, metathesis, syncope, epithezia).

Key words: dialectism, phonetics, vocal sounds, loud noise, spoken language

Фонетикалық ерекшеліктер кейбір дыбыстардың өзара алмасуымен, дыбыстардың жуан-жіңішке айтылуымен немесе кейбір дыбыстардың түсіріліп не

қосылып айтылуымен байланысты. Мысалы: пыскан-піскен, құлдану-қолдану, маңлай-мандай, чакыру-шақыру [1, 37-б.].

«Бес ғасыр жырлайды» (2 томдық) еңбегіндегі



ақын-жыраулар тілінде кездесетін сөйленістерді фонетикалық ерекшеліктерді былай топтауымызға болады:

1. Дауыстылардың алмасуы
2. Дауыссыздардың алмасуы
3. Кейбір дыбыстардың тұрақсыздығы

Дауысты дыбыстардың алмасуы. Дауысты дыбыстардың алмасу ерекшеліктерін ақын-жыраулардың поэтикалық шығармаларынан кездестіруімізге болады. Осы алмасуларды жіктеп, талдап көрсетейік:

Ақын-жыраулар шығармаларының тілінде әдеби тілде жуан а дыбысы айтылатын сөздерде жіңішке ә дыбысын қолданылғанын байқауымызға болады. Мысалы:

Ер жігіттің кәдірін,

Ағайын білмес, жат білер (Бұқар жырау) [1-том, 89-бет].

Екі дәугер келгенде,

Төресін әділ береді (Абыл ақын) [1-том, 193-бет]. Бұл өлең жолдарындағы дәугер сөзінде жуан а дыбысының орнына жіңішке ә дыбысы қолданылған.

Кейбір сөздерде сөздің соңғы буынында айтылатын қысаңе дыбысы ашықа дыбысымен алмасып бір-бірінің орнына қолданылады. Бұл алмасу - республикамыздың батыс және оңтүстік қазақтарының сөйленістеріне ортақ құбылыс. Және бұл алмасу осы өлкені қоршап тұрған көршілес өзбек, түрікмен, қарақалпақ, қырғыз тілдерінің әсерінен болуы да ықтимал.

Бұл алмасу түркі тілдерінің жүйесінде ортақ құбылыс болып келеді. Мысалы, профессор Н.А.Баскаков бұл дыбыстардың ноғай тіліндегі ауысуын айтады [2, 32-б.].

Сөзімнің жоқ қатасы (Тәтіқара ақын) [1-том, 71-бет].

Қатам болса, алдында кешір, тақсыр (Жанақ ақын) [1-том, 176-бет].

Күнәм көп, кешкей Құдай қатамыздан (Мәделі Жүсіпқожаұлы) [2-том, 67-бет]. Осы өлең жолдарындағы қата сөзінде жіңішке е дыбысының орнына жуан а дыбысын алмастырып қолданған.

Бірнеше сөздерде ерін ұ дыбысының езуы дыбысына бейім болып, алмасып қолданылуы кездеседі. Бұл құбылыс қарақалпақ тілінің әсіренен пайда болған деуімізге болады. Себебі, қарақалпақ тілінде дауыстылардың еріндік тобының қызметі күштірек.

Қас қасқырлар мында екен (Алмажан Азаматқызы) [2-том, 99-бет]. Мында сөзінде еріндік ұ дыбысының орнына езулік ы дыбысын қолданған.

Жалғыз соқыр халқыңа тиышсыз болса,

Құтылсаңшы мына отырған Құнанбайдан (Шөже Қаржаубайұлы) [2-том, 51-бет]. Тыныш сөзіндегі и дыбысы мен н дыбысының орын алмасуы байқалады.

Дауыссыз дыбыстардың алмасуы. Бұл алмасу түрін шығармалар тілінен жиі байқаймыз. Көбінесе жалғаулар мен жұрнақтардың орын алмасуы кездеседі.

Сол жаман сырын сақламай,

Әрдайым дұшпанына әр ісінді қор етер (Шалкиіз жырау) [1-том, 39-бет]. Сақламай сөзінде қатаң т дыбысының орнына сын есімнен етістік жасалғанда, үнді л дыбысын қолданған.

Мұңласатын таусылды тұтас тұрғым,

Әзілдесер таусылды тату құрбым (Жанақ ақын) [1-

том, 183-бет]. Мұңласатын сөзіндегі ұяң д дыбысының орнына сын есімнен етістік жасалғанда үнді л дыбысы алмастырылып қолданылған.

Қатаң с-пен айтылатын бірқатар сөздер ш-мен айтылады. Бұл құбылыс қазақ жерінің батыс, әсіресе, оңтүстік аймағының тұрғындарының тілінде жиі қолданылады. С.Аманжолов с дыбысының орнына ш дыбысының алмашып қолданылуын Жетісу өңірін ертеде мекендеген үйсін, қыпшақ, жалайыр, дулат тайпаларының тілінен қалған сарқыншақ деп түсіндіреді [3, 237-238-б.].

Ертедегі кей түркі жазба ескерткіштерінде мысық, есек, қыс, т.б. тәрізді сөздердің ш дыбысымен айтылғаны көрінеді [4, 134-б.].

Ақсам бағпай түн шықпас (Бұқар жырау) [1-том, 104-бет]. Бұл өлең жолдарында ақсам сөзі ш дыбысы мен с дыбысы алмашып, ақсам түрінде қолданылған.

Аңдып жүрген көп дұспан (Асан қайғы) [1-том, 24-бет].

Ашу – дұспан, артынан

Түсіп кетсен қайтесің (Асан қайғы) [1-том, 29-бет]. Мұнда дұспан сөзі ш дыбысы мен с дыбысы алмашып, дұспан түрінде қолданылған.

Перістесін жұрт үстінен дулатқан (Бұқар жырау) [1-том, 105-бет]. Мұнда періште сөзі ш дыбысы мен с дыбысы алмашып, перісте түрінде қолданылған.

Кейбір сөздерде дауыссыз ұяң б дыбысының орнына дауыссыз қатаң п дыбысының қолданылуы кездеседі. Мына мысалдардан бұл құбылыс көбіне бастапқы буында қолданылатынын байқауға болады. Осы ерекшеліктер көбінесе, қазақ жерінің батыс және оңтүстік аймақтарында, сонымен бірге Түрікменстанның тұрғындарының тілінде кездеседі.

Бейіште нұры шалқығай (Тәтіқара ақын) [1-том, 90-бет]. Пейіш сөзі қатаң п дыбысы ұяң б дыбысымен алмашып бейіш түрінде кездеседі.

Пәлекет елде көбейер,

Жігітті жігіт қорласа (Ақтамберді жырау) [1-том, 73-бет]. Бәлекет сөзі ұяң б дыбысы қатаң п дыбысымен алмашып пәлекет түрінде кездеседі.

Періктігімді сұрасаң,

Қарағай менен қайыңдай (Жиембет жырау) [1-том, 53-бет]. Беріктік сөзі ұяң б дыбысы қатаң п дыбысымен алмашып періктік түрінде кездеседі.

Бірқатар сөздерде үнді м дыбысы ерін п дыбысымен алмашып айтылатынын көруімізге болады.

Табандасқан дұшманға (Бұқар жырау) [1-том, 106-бет]. Дұшпан сөзіндегі қатаң п дауыссыздығының орнына үнді м дыбысы айтылып, дұшпан түрінде қолданылған.

Дін пұсырман баласы (Үмбетей жырау) [1-том, 73-бет]. Мұсылман сөзіндегі үнді м дауыссыздығының орнына қатаң п дыбысы айтылып, пұсырман түрінде қолданылған.

Сар шымшықтай шырлатып,

Ғазірейіл кімдерге құрық салмаған (Шалкиіз жырау) [1-том, 41-бет]. Шымшық сөзіндегі үнді м дауыссыздығының орнына қатаң п дыбысы айтылып, шымшық түрінде қолданылған.

Еділде бұғады үйрек дабысынан (Абыл ақын) [1-том, 194-бет].

Дабысың Алатаудай Бәйтік батыр (Шөже Қаржаубайұлы) [2-том, 45-бет].

Дабысынды сыртыңнан естуші едік,
Оқымай көкірегің нұрға толған (Шөже Қаржаубайұлы) [1-том, 45-бет]. Осы өлең жолдарында дауыс сөзі у дыбысының ұян б дауыссызымен алмасып, дабыс түрінде кездескен.

Фана болған заман-ай (Бұқар жырау) [1-том, 95-бет]. Пана сөзі п дыбысы ф дыбысымен алмасып, фана түрінде кездескен.

Жаман фиғылың жетер басыңа-ай (Шалкиіз жырау) [1-том, 50-бет]. Пиғыл сөзі п дыбысы ф дыбысымен алмасып, фиғыл түрінде қолданылған.

Қайырылып барып тез сынар,

Қайың оқтың жарқасы (Шалкиіз жырау) [1-том, 52-бет]. Жаңқа сөзі ң дыбысының р дыбысымен алмасып, жарқа түрінде қолданылған.

Енді бекер тұрмайық сөзді ұзайтып (Жанақ ақын) [1-том, 182-бет]. Ұзарту сөзі р дыбысы й дыбысымен алмасып, ұзайту түрінде қолданылған.

Қуаныш қайғыменен жұбай дейді (Шал ақын) [1-том, 149-бет]. Жұбан сөзі н дыбысы й дыбысымен алмасып, жұбай түрінде кездескен.

Күнде мейман күзетіп (Бұқар жырау) [1-том, 106-бет]. Мейман сөзі й дыбысы h дыбысымен алмасып, мейман түрінде қолданылған.

Кейбір дыбыстардың тұрақсыздығы

Ақын-жыраулар тіліндегі диалектілер мен сөйленістерде кейбір дыбыстардың тұрақсыздығы кездеседі. Бұл құбылыстар әсіресе дауыссыз дыбыстардың құрамында жиі байқалады. Сөз ішінде тұрақсыздықпен сипатталатын дыбыстардың жүйелігі, дәйекті түрде кездесуі бірдей емес.

Протеза (грек. prosthesis – алдында тұру) – сөздің алдынан басы артық дыбыстың қосылуы. Мұндай дыбыс дауысты да, дауыссыз да болуы мүмкін. Қазақ тілінде протеза болатын негізінен қысаң дауыстылар. Олар р, л дыбыстарынан басталатын сөздерге жамалады [5, 121-б.].

Ғадыл төре ел бастар (Шалкиіз жырау) [1-том, 49-бет].

Ғаділдігін Наушаруан ғаділге жеткерген (Бұқар жырау) [1-том, 106-бет]. Әділ, әділдік сөздерінің алдына ғ дауыссызы қосылып қолданылған.

Республикамыздың оңтүстік аймақтарында және Қарақалпақстандағы қазақтардың тілінде әдеби тілдегі а, ә дауысты дыбыстарымен басталатын кейбір сөздердің алдына х, һ әріптері жалғанып, диалектілік сипатқа ие болады [6, 42-б.].

Эпентеза (грек. tpenthesis – қыстырылу) – сөз ішіне дыбыстардың қатыстырылып айтылуы [1, 44-б.]. Мұндай мысалдар ақын-жыраулар шығармаларында жиі кездеседі:

Ежелден бергі кегі үшін (Махамбет) [1-том, 239-бет]. Бері сөзіне р дауыссызы қыстырылып, бергі түрінде кездескен.

Бұлұт болған айды ашқан (Қазтуған жырау) [1-том, 52-бет]. Бұлұт сөзіне ұ дауысты қыстырылып, бұлұт түрінде қолданылған.

Апокопа (грек. арокоре – шолтио) - сөздің соңындағы дыбыстың түсіп қалуы. Жыраулар тілінде кездескен мысалдар:

Тазарт әуел ішінді (Үмбетей жырау) [1-том, 84-бет]. Әуелі сөзіндегі і дауысты дыбыс түсіріліп, әуел

түрінде кездеседі.

Барша әлемге даң болдың (Үмбетей жырау) [1-том, 77-бет].

Аргымда бір атақ, даң қалды-ау (Махамбет) [1-том, 234-бет]. Бұл өлең жолдарында даңқ сөзіндегі қ дауыссызы түсіріліп, даң түрінде қолданылған.

Метатеза (грек. metathesis – орын ауыстыру) – сөз ішіндегі дыбыстардың не буындардың өзара орын ауысуы [5, 123-б.]. Бұл сөздер жергілікті тіл ерекшелігіне байланысты пайда болып, қолданысқа енген. Жыраулар тілінен де аздап байқауға болады.

Ағбытпа, ханым, күннен соң,

Сіздің естен кеткенмен,

Біздің естен кеткен жоқ (Жиембет жырау) [1-том, 60-бет]. Аптығу сөзінде т, ғ, п дыбыстарының орны ауысып, ағбыту түрінде қолданылған.

Ұжмақтан жаратылған жұпар қойын (Шал ақын) [1-том, 139-бет].

Алдында жеті тамұқ, сегіз ұжмақ,

Қайсысына кіруің екі талай (Шөже Қаржаубайұлы) [2-том, 49-бет]. Жұмақ сөзінің ұ, ж әріптерінің орны ауысып, ұжмақ түрінде қолданылған.

Синкопа – сөз ішінде бір немесе бірнеше әріптің түсіп қалуы [5, 126-б.]. Синкопаны жыраулар шығармаларынан жиі кездестіруімізге болады:

Атасы беріш болса да,

Артық пайда көрмедім (Махамбет) [1-том, 214-бет]. Бергіш сөзіндегі г дыбысы түсіріліп, беріш түрінде қолданылған.

Жығып сап тал төсінді уаласам (Шал ақын) [1-том, 152-бет]. Уқалау сөзіндегі қ дыбысы түсіріліп, уалау түрінде кездеседі.

Қабырғасын бір-біріндеп күйретпей (Махамбет) [1-том, 238-бет]. Бір-біртіндеп сөзіндегі т дыбысы түсіріліп, бір-біртіндеп түрінде кездеседі.

Эпитеза - протезаға қарама-қарсы құбылыс, дыбыстың сөздің соңынан қосылуы [5, 129-б.]. Яғни бұл құбылыс жыраулар тілінде де сирек кездеседі. Бұл құбылыс Таулы-Алтай өлкесінің Қошағаш ауданында, Түркіменстандағы қазақтардың тілінде және қазақ жерінің батыс өңірлерінде жиі кездеседі. Мысалы:

Ақылсыз достыдан

Ақылды дұспан артық-ты (Шалкиіз жырау) [1-том, 38-бет].

Досты болып жүргендер

Жау болып келді көріне (Махамбет) [1-том, 209-бет].

Достың опат болған жер (Алмажан Азаматқызы) [2-том, 98-бет]. Бұл өлең жолдарында дос сөзінің соңына –ты дыбыстар тіркесі қосылып, досты түрінде қолданы. Қорытындылай келе, ақын-жыраулар тіліндегі сөйленістерде қазақ әдеби тілінде кездесетін фонетикалық нормадан өте үлкен айырмашылық жоқ деуге болады. Дегенмен, осы туындылар тілінде дыбыстық айырмашылықтар мүлде кездеспейді дегенді білдірмейді. Қазақстандағы жергілікті тұрғындар тіліндегі айырмашылықтар осы ақын-жыраулардың поэтикалық шығармаларында да бар. Осындай фонетикалық өзгешеліктің ішіндегі ең бастысына дыбыстардың алмасуларын жатқызамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Қалиев Ғ., Сарыбаев Ш. Қазақ диалектологиясы – Алматы: «Ғылым», 2002

2. Баскаков Н.А. Ногайский язык и его диалекты. М-Л: 1940
3. Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Часть I. – Алматы: 1959
4. Қошғарий М. Девену луготит турк, -Ташкент: 1962

5. Мырзабеков С. Қазақ тілінің дыбыс жүйесі. – Алматы, 1999
6. Жүнісов Н. Халық тілінің жергілікті ерекшеліктері – Алматы: «Мектеп», 1981

МОЛДА МҰСА БАЙЗАҚОВ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ ЖӘНЕ «ЕР ШОРА» ДАСТАНЫНДАҒЫ ТОПОНИМДЕР

Айдана Рамазан - Абай ат. ҚазҰПУ 1-курс студенті
Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., профессор **Майра Жүнісова**

Түйіндеме. Мақаланың нысаны заманының шешен тілді ақыны Молда Мұсабек Байзақовтың Ер Шора дастанының тіліндегі жер-су атаулары. Мақала авторы көп ізденіп, ақын шығармашылығының зерттелуіне арнайы тоқталып, сосын Ер Шора дастанында кездесетін жердің аттарын талдаған.

Тірек сөздер: Сакралды Қазақстан, киелі жер, жер-су атаулары, топоним, топонимика

Abstract: The name of land-water names in the language of orator and poet Molda Musabek Baizakov in the epic poem of Er Shorah. The author of the article read more about the poet's work and then analyzed the names of the place where he met in the epic of Er Shora.

Key words: Sacred Kazakhstan, sacred sites, land names, toponyms, toponymics.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласы жарияланды. Елбасы мақаласын басты назарға алағанда байқайтынымыз, төл тарихымызды жетік меңгеру және қадірлей білу елдің болашағының мызғымас кепілі, басымдығы екендігін ерекше атап көрсеткендігін түсінеміз. Ұлы даланың өткен тарихын жаңғырту және сақтаудың бірегей тұжырымдамасын ұлт құндылығы ретінде ұсынды. Бұл мақаласы, өшкенімізді тірілтіп, жолғалғанымызды табуға мүмкіндік беретін мәні бар құжат екенін дәлелдейді. Қазақстан әлемдегі дамыған отыз елдің қатарына кіруді мақсат етіп отыр. Оған жету үшін Елбасымыз атап көрсеткендей, санамыздың ісімізден озық болуы маңызды. «Алдымен тарлан тарихтың жасампаз бүгінгі күні мен жарқын болашақтың көкжиектерін анықтап алған дұрыс» [1, 293].

Ұлы дала саңлақтарының бірі, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында өмір сүрген әдебиет тарихынан орын аларлық заманының көрнекті айтулы ақыны болған, халқына кең танымал болған, артына елеулі әдеби мұра қалдырса да, шығармашылығы аз зерттеліп, өз бағасын ала алмай келе жатқан ақындардың бірі – Мұсабек Байзақұлы.

Зерттеу жұмысының мақсаты, ақын тілінің көркемдік ерекшелігі мен поэзиясындағы орны бөлек дастаны - «Ер Шора» шығармасын ономастикалық тұрғыдан талдау болып табылады.

Молда Мұсаның шығармалары ел аузында көп таралған, ақынның шығармашылығына тілдік тұрғыдан арналған мақалалар, диссертациялар болғанымен, «Ер Шора» дастаны арнайы зерттеу нысаны болған емес.

Ақын шығармаларының зерттелуіне тоқталар болсақ, ол туралы алғаш мақала жазған ақын Өтебай Тұрманжанов болды.

Өтебай Тұрманжанов ақын шығармашылығындағы ерекшелікті айтып өтеді. Ол: «Молда Мұса сияқты дін жолымен оқып шыққан молдалардың бәрі дегендей өлең жазса, арабша, парсыша араластырып дін

тілімен жазады. Бірақ Молда Мұса қарапайым халық тілімен жазады, күнделікті тұрмыс-тіршілікті елдің салт өлеңдерінің ізімен жазды. Сондықтан тілі де, өлеңі де халыққа түсінікті, әрі жағымды болып, халық арасына көп таралды» - деп жазады.

Молда Мұса Байзақовпен танысу мектеп бағдарламасынан басталған. Мәселен, М.О. Әуезов алтыншы класқа арналған хрестоматиясында жеке тарау беріп, ақын шығармашылығын ерекше бағалап өтеді.

1937 жылы Әшір Үсенов те орта мектептің тоғызыншы класына арналған әдебиет хрестоматиясында Молда Мұсаның өмірі мен ақындық жолына тоқтайды. Оның пікірінше: «Молда Мұса – XIX ғасырдың аяқ кезінде қазақ даласында феодалдық қалып пен қатынастың негізі қопарылып, ыдырауға айналған сәтте, оның орнына буржуазиялық қалып пен қатынастың орнай бастап, барған сайын өрістеп, үстемділікті қолға алуға қызу аттанған кезінде әдебиет майданына шыққан ақын. Өз тұсындағы тарихи жағдайды, үстемдік үшін майдандасқан қарсы күштерді көре білген, көп заманнан бері тұғырдан түспей үстем болып келе жатқан ақсүйек, бектердің беті қайтып, жүні жығылып заманның арпалыс ағымына төтеп бере алмай отырғанын сезген, оны шығармаларында лайықты көрсете алған, көркем сөзге ұста ақын» - деп бағалаған [2, 367]. Әшір Үсеновтің айтуынша, Мұсабек Байзақұлы өзі естіген халық әдебиетінің және шығармаларының әсерінен 1875-1880 жылдардан бастап өлең жазу бастаған.

Бұл пікірді профессор Р. Бердібайдың ел арасынан жазып алған ақынның «Тұрлыбек датқа»-ға арналған өлең хаты растайды. Бұл ретте Р. Бердібайдың «Қазақ әдебиеті тарихы» екінші кітабында жазылған монографиялық тарауын ерекше атау керек. Ол Молда Мұса шығармаларымен жақын таныс болған, сондықтан: «Ақын Мұсабек Байзақұлының әдеби мұрасын жалпы шолғанда, оның негізінде, бұқара халық мүддесін түсінген шығармаларында замана шындығын жырлаған өнер иесі екенін көреміз. Оның тап қайшылығын ұшқыр ашып көрсеткен,

жамағатты оқу-білімге, өнер үйренуге шақырған, жоғары адамгершілікке үндеген туындыларының тәрбиелік мәні бар. Ақын өзінің мысалдар мен дастандарында да өмірдің түрлі мәселелеріне үкім, ғибрат айтуға талаптанған. Сонымен қатар ол айтыстың әйгілі жүйірігі ретінде де танылды» - деп құнды пікір білдірген [3, 523].

Филология ғылымдарының кандидаты Зейне Оразбекова «Молда Мұсаның әдеби мұрасы» атты еңбегінде оның шығармаларын арнайы зерттеу нысаны етті. Бұл еңбекте Молда Мұсаның поэзиясындағы шығыс, батыс әдебиетіне тән жанрлар мен жанрлық түрлерін бөліп көрсетеді. Олар: 1) Арнау 2) Көңіл айту 3) Жоктау 4) Талғау 5) Сәлем хат 6) Жазба 7) Төкпе айтыс 8) Сықақ, мысал 9) Тәмсіл 10) Рубағи 12) Мактау 13) Дастан 14) Саяси әлеуметтік лирика 15) Философиялық лирика [4].

Филология ғылымының кандидаты Әсілхан Оспанұлы Қаратау атырабы ақындарының шығармашылығын зерттеген диссертациясында Мұсабек Байзақұлының өмірі мен еңбегіне тоқталады. Ол ақын шығармашылығын 1) өлеңдері 2) мысалдары 3) айтыстары 4) дастандары деп төрт топқа бөліп қарастырды [5].

Молда Мұсаның туғанына 150 жыл толуы қарсаңында шайырдың немересі Ибаділла Нақыпбекұлы қарияның атасы жайлы естеліктерін облыстық (Оңтүстік Қазақстан, №54, 16.06.1999) газетінде жариялаған. Мұсабекке дәріс бергендерден Қозы Молла аты айрықша аталады [6, 410]. Ол шәкіртінің білімділігіне тәнті болған имам: «Сені Мұсабек емес, Молда Мұса деп атаған дұрыс» - деп пікір айтқан екен.

Мақаламызға деректік негіз болып отырған дастанды әдеби тұрғыдан зерттегендер, оның жанрлар мен жанрлық түрлерде қалдырған шығармаларының көлемі 14 000 жолдан асатынын айтады.

Қазақтың көп жеріге ауызша таралған, түрлі нұсқа (варианттары) бар, үлкен эпикалық мұрасы – «Ер Шора».

Профессор Р. Бердібай өзінің «Эпос-ел қазынасы» кітабында «Ер Шора» жырына арнаулы тоқталған. Онда былай деген: «Өзінің құрлысы, көтерген күрделі шындығы және көркемдік кестесі, оқиғалық көлемі жағынан мұны классикалық қаһармандық жыр қатарында алып тексеру әбден лайық. Сонымен қатар бұл жырда стадиялық жағынан алғанда тарихта белгілі болған қайсыбір дәуірдің елесін байқатарлықтай нышандар да жоқ емес. Эпоста аталатын жер аттары түрлі нұсқада өзгермей, тұрақты қайталанып отырғаны, бас қаһарман есімінің Ноғай Ордасында жасалған нақтылы қайраткерлерді еске салуда да жырдың әуел баста тарихи аңыз сипатында белгілі болғанынан хабардар береді. Сол оқиғалық түбір бертін келе эпикалық әсірелеу, жинақтау шарттарына сәйкес өзгеріске ұшырап дамытылған, бастапқы нұсқа қайта жаңаша өрнектелеген» - деп айтады [7, 349].

«Ер Шора» батыр жырын алғаш хатқа түсірген Молда Мұса деп болса, сол жылдары Құлыншақ ақын да бұл дастанды жырлап өткен. Сондықтан да бұл жыр, әсіресе, Оңтүстік Қазақстанда кең таралған. Мұны Б.Қорғанбеков өз еңбегінде дәлелдейді [8, 10]. Бұл

жырда Молда Мұса Қоқан мен орыс әкімшілігінің билеу, жүйесіндегі ерекшеліктерді аңғарған.

Дастан қазіргі таңда, Қазақстан Республикасының Ғылым Академиясының Орталық ғылыми кітапханасында қолжазба қорында Әбубәкір Диваевтың арқасында сақталған. Бұл қолжазбада орыс патшасының Орта Азия қалаларын басып алғандығы сөз етіледі. Мұса Молда Байзақов Орта Азияның мұраларына, қазақ, қырғыз тілдеріне қанық болған. Бұл елдің шығарма өлең, дастандарын, қиссаларын еркін оқып, үлгі тағлым алған, әрі аударған. Тағы бір жәйт - Молда Мұса Байзақовтың жеке кітапханасы болған. Бұл сөздің айғағы ретінде Мұсабектің шөбересі Оразбеккеліні Күлшан Қасымбекқызының естелігінен көруге болады: «Молда Мұса атамыздың өте көп - көп кітаптары бар еді, сол кітаптарды Қасымбек көзінің қарашығындай сақтайтын. Дегенмен сонау кеңестік соқыр саясаттың зардабына ол кітаптардың көпшілігін үй тұрғызғанда сазкесе кірпіштерден қаланған қабырғаларға жасырған еді. Ал бірнешеуін ол дүниелік болғанда кіші шешеміз Ханшайым яки біздерге, яғни Қасымбектің қыздары мен ұлдарына аманат ретінде тастап кеткен» - деп сөз етеді [9, 310]. Бүгінгі күнге дейін ақынның қолданған кітаптарының бір - екі нұсқасы біздің қолымызда. Оның бірі - 1906 жылы Қазан баспасынан шыққан Якуб Бин Сағд - Әлидің «Жәнәттің кілті» деген кітабы. Мұнда ислам шариғаты жөнінде айтады [10, 152].

Ғалым М.Жүнісова: «Ұрпақтың ата алдындағы парызы, алдымен өз отбасынан басталатыны секілді, қазақтың ұлы көшін жалғастырушы Сарыбаевтар әулетінде Харес атамыздың қайтыс болғандағы Молда Мұсаның көңіл айту қағазы да сақталыпты» - деген пікір айтады [11, 128].

Зерттеу жұмысының үлкен бір бөлімі «Ер Шора» дастанында кездесетін топонимдік атаулар болғандықтан, бірнеше қала аттарын жинадық:

Бетперде алып келіп Түркістанды
Жоқ қылды қарсыласқан талай жанды.
Бұйырды жеңіп алып, бағындырып
Кешікпестен Шымкентке қолын салды.
Шымкентте те ұрысып тоқтау бөре алмады
Қытай, қыпшақ, қырғыздан көп қосып кеп
Неше күн ұрысса да жеңе алмады.
Бұрынғы Әулие ата, Тоқпақ, Бішкек
Ұрысып тап келмеді неше мың лек.
Теріп айта берерлік қайсы бірін
Қай темірге жүз қойса бағынды тек.
Онан соң Ташкент пен Қоқанды алды
Онан соң, Самарқанд, Тұзақ барды.
Орыстың ұрысына тап келе алмай,
Ферғана да бағынып тұрып қалды.

Түркістан атауын талдар болсақ, түркі жұртының екінші Меккесі атанған көне қаламыз осы тарихи оқиғада суреттелген. Ол ертеде «Тұран аймағы» деген аңыз - әпсаналарға арқау болып, «көне түркілер елі» деп те аталған. Ал «стан» деген жалғауының мағынасын ашар болсақ, парсы тілінен аударғанда «елорда», «орталық» деген мағынаны береді. Түркістан атауы - «Түркі жұрты», «Түркі әлемі» деген ұғымдармен мағыналас. Түркістанның негізгі аты - Яссы. Қашан Түркістан деп аталғаны туралы



нақты мәлімет жоқ. Алайда Түркістан аталуының бір себебі Ахмет Яссауимен және оның қалыптастырған «түркілік және далалық ислам» ұғымдарымен байланысады. Бұл Түркі жұрты үшін қасиетті атау болып саналған.

Шымкент - ерте орта ғасырларда Ұлы Жібек бойында орналасқан, елді мекен болып табылады. Түркінің «шым» - жасыл қала, шыммен қоршалған қала және иранның «кент» - қала, мекен деген сөздерінен құралған. Кейбір деректерде шығыс тілінде «жасыл алқап», «көк жайлау» деген мағынаны білдіреді. 1914 жылы Черняев қаласы аталып, 1921 жылы Шымкент қаласы болып өзгертілген. Көне атауы Баршынкент деген болжамдар бар. Қазақ даласының көне мәдениет ошақтарының бірі. Көне заманда Сібір корпусының тәржімашысы Филипп Назаров былай сипаттаған: «Бадам өзені бойындағы қала биік дөңес басына салынып, жарқабақты биік қабырғасымен көмкеріп тұр. Қалаға өзен жағынан бір атпен ғана жүріп өтетіндей тар жолмен кіруден басқа амал жоқ. Су қалаға қабырғадан ойып жасалған терезешелерден кіріп, қала ішінен қазылған арналарды толтырады, бір қатарларына су – диірмен орнатылған. Үйлері қытайлардікі тәрізді, күйдірілген қыш кірпіштен қаланып, терезесіз салынған. Неге екенін қайдам, үй ішіне жарық түсу үшін барлық жерде есіктері ашық тұрады» - деген екен. Яғни, бұл көне Шымкент қаласының көрінісі.

Әулие ата – Ұлы Жібек бойында орналасқан мәдени, саяси және экономикалық орталықтардың бірі. Сәулет өнерінің ең озық нұсқалары мен ескерткіштерге бай. Мәселен, «Айша бибі кесенесі», «Бабаджа Хатун кесенесі» (XI ғ.), «Қарахан кесенесі», «Дәуітбек кесенесі», «Тектұрмас кесенесі», секілді сәулет өнерінің жауһарлары көне тарихтан сыр шертеді. Тылсым сырлы «Ақыртас сарай» кешені, «Баласағұн» (Ақтөбе) қалашығы, «Ақкесене» қарауыл мұнарасы», «Қарақожа» мешіті», «Әбдіқадір» мешіті секілді тарихи орындары белгілі. «Қарахан кесенесі» қараханидтер әулетінің көрнекті тұлғасының бірі – Шах Махмуд Қараханға арналып салынған. Сондықтан да Қараханның құрметіне 1836-1936 жылдары Әулие ата деп аталды. Бұл шаһарды зерттеген Ресей ғалымы П.П. Лерх болса, В. Каллаур «План крепости Аулие- ата»,

В. Лаврентьев «Схема бугров в черте города Аулие- ата», шығыстанушы

Е.Ф. Каль Әулие ата уезінің ескерткіштеріне зерттеу жүргізіп, құнды деректер жинаған. Шығыстанушы В.В. Бартольд сол кезеңдегі Әулие ата қаласының орнында Тараз қаласы болғанын дәлелдеген. Қазіргі атауы Тараз болып аталады.

Бішкек қаласының бұрынғы атауы Пішкек болып атанған, кейіннен Фрунзе деп өзгертіліп, біз тәуелсіздік алған жылдары Бішкек болып атанған. Бұрындары Кеңес Үкіметінің құрамында болып, басынан тари-

хи оқиғаларды кешірген. Қазіргі күнде Қырғызстан мемлекетінің астанасы болып аталады.

Самарқанд атауы күні - бүгінге дейін қолданылып келеді. Ертеде Семізкенд, Шаш- Тәшкенд, Өзкенд, Тункенд деп аталған. Бұл сөздерге парсының «кенд» сөзі шаһар деген мағына береді. Түріктер бұл шаһарды өздері салып, өздері ат қойған. Бір қызығы бұл атауды Қазақстан жерінен де кездестіруге болады. Бұрындары Теміртау қаласының тарихы 1905 жылы Нұра өзенінің сол жағалауында Самарадан жіберілген крестьяндардың қоныс тебуінен басталады. Ең алғашқы атауы Жауыр деп аталған болса, кейін Самарқанд деп өзгертілген.

Ферғана атауы перілер мекені деген мағына береді. Мағынасы парсы тілінен аударғанда Пері (періште) және Хана (үй) сөздерінен алынған. Ортағасырлық Йақұт әл – Хамауидің «Түркі тілінің сөздігі» еңбегінде Сырдария өңірінің орта ағысын, Ташкент пен Ферғана өңірлерін «Шахрухийей» деп аталған .

Қорытындылай келе, жоғарыда келтірілген зерттеуші ғалымдар мен оқытушылардың ғылыми пікіріне қосыла отырып, Молда Мұса Байзақов жырына түркі жұртының елдігімен атауларын қосып жырлаған, заманының жер картасын, атаулар сырын терең меңгерген тұлға болды дейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н. Ә «Тарих толқынында» Алматы : Атамұра, 1999. – 293 б.
2. XX ғасыр басындағы қазақ ақындарының шығармалары. Алматы: ҚМКӘБ, 1963 , 367 б.
3. Бердібай Р. «Қазақ әдебиеті тарихы» II том, Алматы: Ғылым, 1965. – 523 б.
4. XX ғасыр басындағы қазақ ақындарының шығармалары. Алматы: ҚМКӘБ, 1963 , 367 б.
5. Оспанұлы Ә. |Қаратау атырабының ақындары| Алматы 1983.
6. ҚР ҒА Орталық ғылыми кітапханасының қолжазба қоры, Диваев Ә. материалдары, К – 410, Ж.
7. Бердібай Р. «Эпос – ел қазынасы», Алматы : Рауан, 1995. – 349 б.
8. Қорғанбеков Б. «Шора батыр жырлары және оның ұлттық варианттары», Алматы 1988, 10- б.
9. Кенжебаев Б. Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары. Алматы: ҚМКӘБ, 1958. – 308 б.
10. Бес ғасыр жырлайды, Алматы : Жазушы, I том, 1989. – 152б.
11. Жүнісова М.Ә. Білімге артық, ілімге таусылмас кен, Шамғали баламызға жаздық өлең (Молда Мұса Байзақовтың көңіл айтуы). Ш.Сарыбаевтың 125 жылдығына арналған ғылыми-теориялық конференция материалдары. Алматы, 2018. 425б.: 125-130 б.

АҚҰШТАП БАҚТЫГЕРЕЕВА ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ «ҚЫЗҒАЛДАҚ» СӨЗІНІҢ МӘНІ

Назерке Ершораева - Абай ат. ҚазҰПУ 4-курс студенті
Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., профессор **Майра Жүнісова**

Түйіндеме. Мақаладағы жеке бір ақынның тіліндегі қызғалдақты зерттеу идеясы, Н.Ә.Назарбаевтың көкжиегімізді белгілеп берген мақаласымен байланысты болуы тақырыптың өзектілігін көрсетеді. Зерттеу нысаны қызғалдақ сөзінің ақын шығармаларындағы қолданысы. Жұмыстың құндылығы ақынның сан түрлі қызғалдақтарды сезініп жазуында

Тірек сөздер: қызғалдақ, көктемді сүйген қызғалдақ, фитоним, қызғалдақ алау.

Abstract: The idea of researching a female poet in a particular poem is related to N.A. Nazarbayev's article with the horizons. The object of research is the use of tulips in poetic works. The value of the work is that the poet feels different tulips.

Key words: tulips, spring-loving tulips, phytonyms, tulips.

Елбасының мемлекеттің алдына қойып отырған саясатының бірі еліміздің дүниежүзілік аренада алдыңғы қатарлы отыз мемлекеттің қатарына қосылу екені белгілі. Осымен байланысты Н.Ә.Назарбаевтың биылғы оқу жылының басында жарияланған маңызды мақаласы «Ұлы Даланың жеті қыры» деп аталды.

Мақаламыздың өзектілігі: Сол мақаланың: «Қазақстан – алма мен қызғалдақтың отаны» деген жетінші бөлімімен тығыз байланысты.

Мақаламыздың мақсаты: Қазақтың ақын қызы, осы жоғары оқу орнының түлегі Ақұштап Бақтыгереева өлеңдеріндегі «Қызғалдақ» сөзінің мағынасына үңіліп, ақын поэзиясындағы қызғалдақтың қасиеттерін тану – зерттеуіміздің мақсаты болып табылады.

Зерттеу барысында ақынның «Жайық қызы», «Ақ желең», «Ақұштап Бақтыгерееваның 3 томдық жыр жинақтарындағы» өлеңдері толық қарастырылып, «қызғалдақ» атауына байланысты 85 сөз қолданылғанын аңғардық. Нәтижесіне ақын тіліне көрік берген «қызғалдақ» атауының жиілігі мен әртүрлі тілдік қолданысы ақын тілінің даралығымен қатар, қазақ поэзиясына қосқан ақынның өзіндік стильдік ерекшелігін танытып отыр.

Елбасының мақаласында: «Асқақ Алатаудың баурайы алма мен қызғалдақтың «тарихи отаны» екені ғылыми тұрғыдан дәлелденген. Қарапайым, бірақ бүкіл әлем үшін өзіндік мән-маңызы зор бұл өсімдіктер осы жерде бүр жарып, жер жүзіне таралған. Қазақстан қазір де әлемдегі алма атаулының арғы атасы – Сиверс алмасының отаны саналады. Дәл осы тұқым ең көп таралған жемісті әлемге тарту етті. Бәріміз білетін алма – біздегі алманың генетикалық түрі. Ол Қазақстан аумағындағы Іле Алатауы баурайынан Ұлы Жібек жолының көне бағыты арқылы алғашқыда Жерорта теңізіне, кейіннен бүкіл әлемге таралған. Осы танымал жемістің терең тарихының символы ретінде еліміздің оңтүстігіндегі ең әсем қалалардың бірі Алматы деп аталды.

Қазақстан аумағындағы Шу, Іле тауларының етегінен әлі күнге дейін жергілікті өсімдіктер әлемінің жауһары саналатын Регель қызғалдақтарын бастапқы күйінде кездестіруге болады. Бұл әсем өсімдіктер біздің жерімізде Тянь-Шань тауларының етегі мен шөлейт даланың түйісер тұсында пайда болған. Қазақ топырағындағы осынау қарапайым, сондай-ақ ерекше гүлдер өз әдемілігімен көптеген халықтың жүрегін жаулап, біртіндеп бүкіл әлемге тарайды.

Бүгінде жер жүзінде қызғалдақтың 3 мыңнан астам түрі бар, олардың басым көпшілігі – біздің дала қызғалдағының «ұрпағы». Қазір Қазақстанда қызғалдақтың 35 түрі өседі»[1].

Қызғалдақ. Жазғытұрым кезінде шешек ататын жіңішке ұзын сабақты, ал қызыл түсті, үлбіреген дала гүлі [3,483]. Осы дала гүлін бір ғана Ақұштап ақын бірнеше өлеңдеріне арқау етеді. Сонымен қатар қызғалдақ тек гүл қалпында емес, әртүрлі сипатта, әртүрлі қолданыста қолданылып отырады. Ендеше, А.Бақтыгереева өлеңдеріндегі қызғалдақ гүлінің сипатталуына назар аударсақ:

Көк майса жапқан бөктердің
Гүлдерін іздеп көп тердім.
Қырларды жапқан қызғалдақ
Сыйлығы ма едің көктемнің?

Күндей боп әсем күліппін,
Қуана гүлді жұлыпшын.
Көктемді сүйген қызғалдақ
Арманы ма едің жігіттің?

Қудың да қыстың ызғарын,
Орнына өстің мұз-қардың
Айтсаңшы маған қызғалдақ,
Сырласы ма едің қыздардың? («Қызғалдақ»)[1,22]

Кел,–дейді таудың самалы,
Кешіпей алма бағына
Көр,–дейді маған даланы
Көктемнің қызғалдағы да. [1,19]

Шырайға еніп ең керім,
Қызғалдақ өсіп тұр алау,
Тоң қары ескен белдерім
Қуанып жатқан шығар-ау...

Ақын жоғарыдағы «Қызғалдақ» өлеңінде қызғалдақ сөзіне қатысты «қырларды жапқан қызғалдақ», «Көктемді сүйген қызғалдақ» тіркестерінде атаулы гүлді тікелей көктем мезгілінің адамзат баласына берген сыйы деп көрсетіп, қызғалдақтың тек көктемде ғана шығуын, көктемді ғана сүюін бейнелеп көрсетеді. Ал, өлеңнің соңғы тармақтарында риторикалық сұрау арқылы қызғалдақты қыздардың сырласына теңейді. Ызғарлы қыстан кейін, мұздың орнына жылылықты іздеп жарып шыққан қызғалдақ арқылы, әйел атаулының да болмысы жылулыққа, нәзіктікке құштар екенін көрсеткісі келгендей.

Қызғалдақ көрсең мені еске ал,
Самалмен қырда билеген.
Домбыра көрсең мені еске ал
Шегіне саусақ тимеген. [2,9]

Мен жаспын,
Лапылдаған жанарым от,
Өмірге берерім көп, аларым көп.
Қырыңа қызғалдақ боп егілермін,
Шыңында желбірегермін жалауың боп. [1,144]

Қызғалдақтар, орамалдар алқызыл
Құрметтеумен қоршаса да бар қызы,
Құдайынан бере көр деп әжелер
Тілейді екен жатса-тұрса жалғыз ұл. [1,35]

Бұл өлеңдерде қаламгер қызғалдақты қыздар қауымына теңейді. Әрине мұндай теңеуді қазақ поэзиясында молынан кезіктіруге болады. Бірақ ақын бұл теңеуді өзіндік стильмен қолданады. Самалмен қырда билеп жүрген қызғалдақтың әлі «үзілмегені», үлбіреген жас қыздың «әлі шегіне саусақ тимеген домбырадай» бейнесін елестетеді. Яғни ақын өлең шешімін шумақтарға емес, тікелей оқырманның ойына салып отыр.

Қызғалдақ маған ұнайды
-Сүйерсің не?- деп сұрайсың,
Осылай, достым сынайсың.
-Көктемгі қырдың еркесі
Қызғалдақ маған ұн айтын.
-Ғұмыры оның тым қысқа
Шықпайды,- дейсің,- бір қыстан
-Теңі жоқ бақыт ол үшін
Көкемгі тұңғыш нұр құшқан.
-Қуантар,-дейсің,-көңілді
Көркейтпін бір күн өңірді.
-Кім үшін керек,достым-ай,
Қаңбақтың ұзақ өмірі [1,62]

Күн біреу, нұр төгетін көктен жерге,
Қызғалдақ бір гүлдейді көктемдерде,
Шын бақыт екі айналып жолықпайды
Қол сілтеп көзін жұмып кеткендерге.[1,105]

Бұл екі өлең жолдарының айтағы ұқсас. Ақын қызғалдақтың қысқа ғұмырын қаңбақтың ұзақ өмірінен артық санайды. Қызғалдақтың сол қысқа ғұмыры көп адамға қуанышпен қатар мейірімділік, нәзіктік,жайсаңдық секілді қасиеттерді бойына сіңіруге болатындығын ұғындырмақ ниетте болғандай, бір көктемде бір рет қана гүлдейтін қызғалдақ арқылы әр сәттің өз құны бар,бүгінгі нығметтен бас тартқан жанға екінші рет сол бақыт қайта соқпасын көрсетеді.

Ал төмендегі өлең жолдарында туған жердің көркі қызғалдақпен ашылатынын,қазақ даласының кең жазығы да, тау беткейлері де қызғалдақ гүлінің мол

өсуімен ерекшеленетінін көрсетеді. Ақын мұндай сұлулықты Ай мен күнге де айырбастамайды.

Даланы көрдім бүгін мен
Бидайын самал шайқаған,
Қызғалдақ теріп жүгірген
Кең жазық маған айтады ән. [2,28]

Тұр десе Ай, Күнді мекендеп,
Сыйласа жұлдызын бар әлем.
Туған жер тауынан кетерде
Бір ғана қызғалдақ алар ем. [1,109]
Жүрекке жігер қосады
Жолшыға құшақ тосады.
Қызғалдақ толы беткей деп
Айтады сені Жосалы.[2,36]

А.Бақтыгереева өлеңдерін талдау барысында ақынның лирик ақын екенін аңғарамыз. Бұл А.Шәдібекованың «Ақын шығармашылығына зерделей қараған оның поэзиясының дені лирикалық өлеңдер екеніне көз жеткіземіз.Позма, дастан секілді эпикалық текке Ақұштап көп бара қоймаған. Бұны ақынның көркем формалық ізденістегі талғампаздығымен,өзіне талап қоя алуымен ғана байланыстыра алар едік [2,84 б] деген пікірімен сәйкес келеді.

Қорыта келгенде, қаламгер қаламы көргені мен түйгенін, білгені мен сезінгенін жазатыны секілді, ақын А.Бақтыгереева өлеңдерінде кең даласының қызғалдақ гүлі ерекше орынға ие. Ақын бір ғана қызғалдақ гүлін, әр түрлі шумақтарда біресе қыз ғұмырға, біресе адалдыққа, енді бірде қайталанбас құбылсқа теңейді. Бұл бейнелі теңеулер Ақұштап ақынның жаны табиғат анамен үндес, өзі туған даласының әрбір табиғи құбылыстарымен сырлас ақын екенін аңғарамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н. «Ұлы даланың жеті қыры» мақалаласы.
- 2.Шәдібекова А. А.Бақтыгереева шығармаларының жанрлық өрісі. Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы.-2010.-№4.-84-87 б
3. Қазақ әдеби тілінің сөздігі X том. Алматы 2011. Зерттеудің дереккөздері
- 1.Бақтыгереева А. 3 томдық жыр жинақ. Астана:Фолиант,2014.
- 2.Бақтыгереева А. «Жайық қызы»өлеңдер жинағы,Алматы:Жазушы,1980-254б.
- 3.Бақтыгереева А. « Ақжелең » жыр жинағы, Алма-ты: Жазушы, 1985-112 б.

«РУХ» СӨЗІНІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ ӨРІСІ

Эльмира Берік – Абай ат. ҚазҰПУ 1-курс студенті
Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., профессор **Майра Жүнісова**

Түйіндеме. Мақаланың нысаны рух сөзі. Қарастыратын мәселесі рух сөзінің семантикалық өрісі. Жұмыстың құндылығы рух сөзінен жасалған сөз тіркестері мен сөз қолданыстарының табиғатына үңілуі, сол арқылы олардың мағынасын ашуға ұмтылыс жасалған. Рух сөзінің жасалу жолдарына қарай, оның мәнінен көптеген сөздер жасалғанына көз жеткізген.

Тірек сөздер: рух, рухани, рухани жаңғыру, рухтандыру, ел рухы, отаншылдық рух, семантика, сөз мағынасы.

Abstract: The form of the article is spirit. The problem is the semantic field of the spirit word. The value of the work is the essence of the word combinations and phrases used in the spirit of the word, thereby striving to discover their meaning. The word of the spirit is convinced that many words have been drawn from its meaning.

Key words: spirit, spiritual, spiritual revival, inspiration, spirit of the country, patriotism, semantics, meaning.

Қазақ халқының өмірінде «рух» сөзінің алатын орны ерекше. Рухы күшті халқымыздың осы рух сөзінің мағыналық өрісіне бойлау үшін осы мақаламызды ұсынып отырмыз.

Мақаламыздың өзектілігі еліміздің алдында орындалуы кезек күттімейтіндей үлкен мақсаттардан туындап отыр. Себебі «рух» сөзінің мағынасын ашу қазіргі уақытта кейбір сөздердің түп-тамырын табуға жол ашады деп ойлаймыз.

Еліміздің президенті Н.Ә.Назарбаев «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» мақаласында: «Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалылығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана» деген болатын. Елбасымыз өз сөзінде: «жаңа тұрпатты рухани жаңғырудың ең басты шарты – ұлттық кодынды сақтай білу, онсыз рухани жаңғыру дегеніміз құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай, сананы рухани жаңғыртуға бәсекеге қабілетті, білімді елдің ғана шамасы жетеді» - дейді [1]. Сол себептен елбасы рухани жаңғырудағы ұлттық сананың рөліне баса назар аударды.

Елбасымыз өзінің «Ұлы даланың жеті қыры» деген жолдауында Қазақстанның ежелгі тұрғындарының озық мәдениеті мұрасының жарқын көрінісі, көркем болмысы мен рухани байлығының айшықты белгісі – «аң стилі өнері» деп, жануарлар бейнесін тұрмыста пайдалану адам мен табиғаттың өзара байланысының символына баланып, көшпенділердің рухани бағдарын айқындап отырған. Орта ғасырдағы Отырар қаласы әлемдік өркениеттің ұлы ойшылдарының бірі Әбу Насыр әл-Фарабиді дүниеге әкелсе, түркі халықтарының рухани көшбасшыларының бірі Қожа Ахмет Яссауи Түркістан қаласында өмір сүргендігі атап айтылады. Халқымыздың рухани орталығы Түркістанды облыс ретінде халықаралық аренадағы беделін жүйелі түрде арттыру керектігін айта келе, Түркістанның бүкіл түркі әлемі үшін киелі болып саналатынын баяндаған [2].

Ал енді «рух» сөзінің семантикасына тоқталатын болсам; семантика (көне грекше – таңбалаушы, білдіруші) - тіл және тіл бірліктері (сөз,грамматикалық тұлға, сөз тіркесі, сөйлем) арқылы білдіретін хабарды, заттар мен құбылыстардың мән-мазмұнын зерттейтін тіл білімінің саласы, семиотиканың негізгі бөлімдерінің бірі.

Семантика – сөз мағынасын, сөз құрамындағы элементтердің өзара мағыналық қарым-қатынасын, сөз мағынасы түрлерінің даму заңдылықтарын зерттейді.

«Рух» сөзінің семантикалық өрісі, «рух» сөзінен тамыры тарағандар: рух-рухы, рухты, рухшыл, рухтар, рухани, руханият, руханилық деген секілді тағы да басқа сөздер өте көп. «Рух» негізінен арабтың сөзі. Келесі кезекте «рух» сөзінен тараған сөздерді мағынасына қарай топтастырар болсам:

Рух зат. Рух сөзін заттық тұрғыдан алғанда мінезге негіз болатын ішкі қажыр, қуат, жігер деп сипаттайды.

Сонымен қатар рух жетпейді, рухы кету, рухы түсу секілді сөз тіркестерін келтірген. Рухы түсу - көңілі басылу, жүні жығылу деген мағынада қолданылады. Рухы қашу-сұры кету, үрейлену дегенді білдіреді. Қорқып, рухы қашып отыр деп те айтып жатады [3].

Рухтандырушы зат. «Рух» сөзінің семантикалық жалғасын қарастырған, ол жерде рухтандырушы сөзін жігерлендіруші, шабыттандырушы, қайраттандырушы сөз ретінде сипаттайды. Дүние жүзінің халықтары ССР Одағын ұлт мәселесін шешудің рухтандырушы ұлы үлгісі деп білді (ҚазССР тарихы). Біздің өнеріміз өз табыстарымыз үшін рухтандырушымыз - Владимир Ильич Ленинге борышты («Соц. Қаз.») [4].

Рух тазалығы. Рух тазалығы - жан тазалығы, ұлттың келешектегі даму бағыты мен танымдық рухын, құрмет тұтар қадір-қасиетін, бақыты мен сорын, зор сілкініс пен тебіреністердің шарпысқан шағындағы ұлылардың адамға, ұлтқа, қоғамға деген тарихи көзқарасы, азаматтық тұлғасы, рух тазалығы анықтап береді деп суреттейді. («Жұлдыз») Рух тазалығына ғұсыл дәрет те кіреді («Егемен Қазақстан») [5].

Руханият зат. Руханият сөзін – жан дүние, ақыл-парасат, рухани дүниеліктер ретінде мағынасын ашады. Руханияттың тың серпілістерінің Қошқар ауылындағы Ш.Уәлиханов атындағы орта мектептің өмірінен де байқадық. Ұжым жетекшісі мектеп мәселесін ауыл мәселесімен ұштастыра ойлайтын білікті азамат болып шықты. («Егемен Қазақстан»). Ең өкініштісі, руханияттың тетігі «заман менікі» деп, кеудесін соққан шала зерделілердің қолында қалды. («Жұлдыз») [6].

Рухани сөзі сын есім тұрғысынан рухқа, санаға байланысты айтылған.

1.Адамның ой-санасына, ішкі дүниесіне байланысты, соған қатысты. Саяси тегеурінді, рухани әлеуетті, үлкен өмір мектебінен өткен, қоғам дамуының әр саласының даму, өсу заңдылықтарын терең білетін үлкен өмір мектебінен өткен, қоғам дамуының әр саласының даму, өсу заңдылықтарын терең білетін үлкен ақыл-ой иелері, кемел саясатшы парламентшілер М. Оспанов, Ө. Жолдасбеков, Қ. Тұрысов, С. Әбділдин, Ә. Кекілбаев, А. Айталы, Ж.Тұяқбай сынды әр мәселеде өзіндік позициясы, пікірі, айтары, ұстанымы, тіпті кейде өзгеше көзқарасы бар тұлғалар тұрды («Егемен Қазақстан»)

2.Материалдыққа қарама-қарсы, ақыл, ой, сана, мәдениетке қатысты, Әлемге әйгі есімің, Киелі алтын бесігім. Құт байлансын сенің асыл даңқыңа. Ер түрк белін бұғанда, Ер қазақ қайта туғанда Рухани астанам болып жарқыра (К. Салықов Жезкиік).

Рухани сын. Адамның ой санасына, ішкі дүниесіне байланысты, соған қатысты. Эстетикалық тәрбие әрбір адамды рухани жағынан байытып, оның жан-жақты дамуына мүмкіндік жасады («Соц.Қаз.») Мәдениет – халықтың ең үлкен рухани ризығы (Қазақст. мұғ.). Менің рухани жақтан да, материалдық жақтан да сүйенішім Сәкен Сейфуллин болды (С.Мұқанов Есею жыл) [4].



Рухтас сын. Рухы бір, бір рухтағы. Шынайы хужожник қашанда өзінің халқымен рухтас келеді (Ә.Тәжібаев Өмір)

Рухты сын. Рухы көтеріңкі, шабытты, жігерлі. Қадырбаев, Жұмаханов, Ысқақов – бәрі де сол кезде асқақ рухты іс үшін арпалысқан жандар (Жарық жұлдыздар). Бағалардың ерлік тұлғасын суретші ақын өлеңнің рухты сезіміне сай бейнелей алған (Ш. Сариев Арайлы) [5].

Рухтандырғыш сын. Күш-жігер беретін, шабыттандырғыш, қайраттандырғыш, Леонид Ильич Брежневтің терең мазмұнды, рухтандырғыш сөзінен біз жоғары партиялықтың, шын мәнісіндегі реализмнің және елдің селолық экономикасының қазіргі кезеңдегі өркендеуінің нағыз актуалды мәселелерін талапкерліктің талдаудың үлгісін көріп отырмыз («Қазақст. Коммунисті»), Ұлы Отан соғысының қан майдандарында «Құрыш қалай шынықты» романы әр жауынгердің қойнында жүргенін, Павел Корчагиннің рухтандырғыш күшін баяндады («Қазақст. мект.»).

Адами рух. Гуманизм, адамгершілік. Осындай көзқарастардан Қазтуған жыраудың адамдардың қасиеті мен өзін қоршаған ортаның бірлігін байқаймыз, осы қарым-қатынастарды көрсететін адами рухтың ахуалын сеземіз (Қаз. Дала. ойшыл).

Ел рухы. Бір елдің болмыс-бітімін көрсететін патриоттық сезім рухани өзек. Даңқы ел рухын айқындайтын деңгейдің, Жас кезінде арыны жоқ жігіттің, Ертең ерлік жасарына сенбеймін. Иә, жастық бола алмайды ешқашан да жарлы ұғым, Аяу керек Жастық отын ерте өшіріп алғандардың барлығын (М.Шаханов Ғасырлар) [5].

Отаншылдық рух. Отанына деген патриоттық, жоғары сезім. Мемлекет байлығы, табиғат және қаржы қорлары ел халқының әр мүшесіне қызмет етер болса, отаршылдық рух та биік («Қаз. әдеб.»).

Рухы жақын. Идеялас, пікірлес. Азырақ құлағың сал ақын інім, Ойымыз, рухымыз жақын, інім. «Ағалық правосын қолыма алып, Келемін айтайын», - деп ақыл, інім! (А. Байтұрсынов, Шығ.)

Рухы жоғары. Ерік-жігері күшті, мойымайтын. Рухы жоғары адам тірліктің қиыншылығымен тұйықталып қана қалмай, өзгенің адамгершілігін құрметтеп, оған ілтипатпен қарап, көмектесуге бейім тұрады. Ол жағымды істен қанағат табады (Қаз. тілі термин. Педагогика).

Рухтану етістік. Рухты болу, жігерлену, қайратына міну. Жұмысқа кірісті.

Рухтан ет. Қайраттану, жігерлену, шабыттану. Москвадан өз республикамызға көп ой, зор жігер алып, жаңа батыл мақсаттарға рухтанып қайттық. (Ғ. Мүсірепов Суреткер.). Өздеріне ағалық еткеніне біраз белденіп, рухтанып, жұмыстарына біраз белсенділік лебі сезіле бастады (С. Бегалин Замана). Адам санатына қосылып, бойыма жігер, қайрат, шабыт беріп жібергендей бәрінен сілкініп бой жазып, рухтанып кеттім (Ө. Тұрманжанов Адам).

Рух қылды. Жан бітірді, рух кіргізді. Халық етті жоқтан бар ғып Алла бізді, Мақфузға рух қылып бұрын тізді. Жанған жан болғаннан соң, көрдік жарық, Аспан, жер, ай менен күн, жаз бен күзді. Дүние – ел

шақырған бір үлкен той, Жіберген қызық көр деп әммамызды (Ә. Найманбеу Шығ.).

Рухы азат [азаттық тапты]. Еркіне, еркіндікке қол жеткізді. «Азат!» деп ауыз айтқаннан, Жарамас түгел ол шынға! Айнымас ұран, ант, иман-Рухың азат болсын да! (Ғ. Қайырбеков Көнсадақ). Дүниеден ол да кетті- кім бар тынбас?! Кезі жоқ өз перзентін жер қаусырмас. Алайда елдің жаны, Ел рухы Азаттық таппайынша ер таусылмас (Ғ. Қайырбеков Көнсадақ).

Рухын азалады. Қайтыс болған адамның игілікті істерін ардақтап, ұзақ уақыт жоқтады. Көп жыл бойы Шоканның Бір топ орыс достары Ұлы адамның ұлы рухын азалап, Қайта-қайта ұлықтарды мазалап, Сонау Ташкент қаласынан алдыртып, Қырат үстін балға үнімен жаңғыртып, Мәрмәр тастан белгі орнатты басына» Достан – дұға» осы да (М. Шаханов Ғасырлар).

Рухына қармақ салды. Адамның жан дүниесін азаптады, қорлады. Жігіттерім рухыңа қармақты Салмақ болып, Тәніңді әбден қорлапты (М. Шаханов Ғасырлар).

Рухына нәлет келтірді. Ата-бабасын қарғысқа қалдырды; жаман іс қылды. Рухына нәлет келтірдің, Қабың менен сабыңа. Бұзықты құрап ел етіп, Қондырдың оң жағына (Д. Бабатайұлы Замана).

Рухын бойына сіңірді. Бар жақсы қасиетін үлгі етіп қабылдады, сабақ алды, қадірлеп-қастерледі. Міне, міне, асыл досым, қарашы. Тым тереңде шын байлықтың бағасы. Егер Гитлер ұлы ақын бабасы Гете рухын өз бойына сіңірсе, Тағдырына ақын көзбен үңілсе, Пенделігі айнала төр құрса да Қаныпезер болар ма еді мұншама? (М. Шаханов Ғасырлар.).

Рухын көтерді. Жігерлендірді, аруақтандырды. Екі алып күрес аренасына шығып, дәстүр бойынша қол алысқан кезде, орысша, қазақша, татарша құттықтау сөздер бұлардың рухын көтеріп, жігерлендіре түсті (М. Танекеев, Қажымұқан)

Рухтандыру өзг. етіс. Сөзбен қайрап рухтандырды.

Рухтандыру, дем беру. Гриша депоның начальнигі болады деп Степан жолдастарын рухтандырушы еді (Әбдіқадыров). Ширатып кәрі бойды дем беріп кет, Қайрат қос қайратыма, күшіме күш («Халық ақындары») [6].

Қорыға келгенде, «рух» сөзінің семантикасы бойынша бірнеше сөз туындайтыны байқалды. Жоғары да келтірген мәліметтер бойынша сөздіктерді ақтара отырып, «рух» сөзінің семантикалық мағыналарын зерттеп, олардың лексикалық мағыналарына көңіл бөлінді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н. Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conf.

2. Назарбаев Н. Ә. «Ұлы даланың жеті қыры» <https://aikyn.kz/2018/11/21/73794.html>

3. М. Бұралқыұлы Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы «Мектеп» 2008. 680: 464 б.

4. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Қазақ ССР – нің «Ғылым» баспасы, Алматы-1985, 8 том, 591: 78, 79б.

5. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Алматы, 2010, 12 том. 752: 494, 501б.

ҚАЗАҚТЫҢ ӘДЕБИ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ «ДАЛА» СӨЗІНІҢ ҚОЛДАНЫСЫ

Керемет Жұмат

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., проф. Майра Жүнісова
Абай атындағы ҚазҰПУ 1-курс студенті

Түйіндеме. Мақаланың қарастырған мәселесі дала сөзінің қазақ әдеби шығармаларындағы қолданысы, көркем шығармалардан «дала» сөзінің қолданысын мысалға теріп, тілдік материалдар жинақтаған. Дала қолданысы туралы өз ойын еркін білдірген. Жұмысының әдіс-тәсілдері қарапайымнан күрделіге қарай деген ұстаныммен орындалған.

Тірек сөздер: ақ дала, ақ ұлпа дала, жусанды дала, боз жусан дала, соқпақты дала

Abstract: The problem of the article is the use of field word in Kazakh literary works, the use of the word "steppe" from works of art and collection of language materials. He expressed his opinion about the use of steppe. The methods of his work were made from simple to complicated.

Key words: white field, white tulip field, wormwood steppe, gray wormwood steppe, steppe steppe.

Қазақ даласының тамаша сипатын, қасиетін тануға ұтылыс жасау үшін осы мақаланы жаздық. Мұнда тамаша ойлармен берілген өз өрнектері жетерлік.

Осы тақырыпты әлі де қарастыра отырып, Ұлы Даланың басқа да ойдағы бейнелерін жинақтап үлкен бір тұжырым жасадың басы осы мақала болып отыр.

Төменде әр кезеңге байланысты әдеби шығармалар тіліндегі «дала» сөзінің сипаттамасы берілген.

1. Алыстан ән естіледі ...Айсыз түнде қалықтаған қанатты ән. Ақбоз үй әнге сыздап түндігі желпілдейді. Көк аспанда шүпірлеген көп жұлдыз жапсарға жармасып, жымың қағады. Даладағы тыныс тынып қалғандай. Әншінің әуезді үні қаумалаған көпті үйіріп барады [1, 102].

Даладағы тыныс мәселесі жеке алып қарағанда дала тыныстай ма?

Немен дем алады. Еңбекпен тыныстап жатқан халықты, даланың дем алысы тынып қалғандай сезіледі.

2. Жым-жырт жатқан даланы оятқан ат дүбірі болмаса, жолаушылар аралығында әзірге алданарлық әңгіме жоқ. Аяңшыл аттардың екпінді жүрісіне еліткендей жолаушылар өзімен-өзі ой үстінде келе жатқан сияқты. Әйтсе де Рақымша қарттың жүзінде кірбің бар. Күн көзін басқан ала бұлттай қабағы қатыңқы. Кейіндеп келе жатқан ақжал шабдардағы балаң жігітке қарайламай тобылғы торыны тізгіндей қағып, алға қарай бебеу қактырып келеді [2, 7].

Жым-жырт жатқан дала қандай дала тағы да жым-жырт, барлық тіршілік атаулы дем алыста.

3. Тың !...Тыңға шабуыл!...Тың дастаны!.. Жапан түзге жан бітірген жаңа қоныс. Қырдан төмен ойыса, ауыр шайқалып, ығына қарай ырғала теңселген жас егіннің толқыны... [3, 8].

Жапан түз, бұл да дала. Адам тіршілік етпеген қоныстанбаған мекен.

4. Дала дастаны - «Тыңды» оқып,
Көңілге үйірілді өрнекті ой...

Леонид Ильичке

Деді-ау, қазақтың солдаты:

-Біздің даланың жөні бөлекқой...

Сол шақта, майдан шебінде

Тың да жоқ,

Дым да жоқ,

Тек соғыс-болғаны.

Сол сәтте солдат пен командир

Терең ойларға шомған-ды.

Солдаттың ойында:

- Арканың көк жасыл белдері,

Көкшенің мөп-мөлдір көлдері.

Сәуірде мамыржай

Қой қоздап, төлдеді,

Аспанда-бозторғай,

Жерде-боз жусан, боз құрақ.

Түңіліктен көлбеген түтінді.

Өзіне тартады

Көк аспан созғылап.

Аққу, қаз омырауы

Сипайды көлдің айдынын.

Киіз үйдің маңында

Салды ойнақ тай, құлын.

Жанарыңды жетектеп кетеді

Даланың шексіз қиыры [3, 230].

Даланың жөні дегені сол даланы мекендеген қалың қазақтың даланың жөн-жосығын білуі.

5. Мен дала мен дарияның ортасында өскен адаммын.

Дала - бұл бір жағы әйгілі Бетпақдалаға тірелетін, бір жағы даңқы жер жүзіне тараған Байқоңырға, оның бер жағындағы Арыс құмына, теріскейінде, Жезқазған өңіріне дейін созылып жатқан ұшы-қиырсыз шөл, сонау Сарыарқадан, Қарағанды жерінен басталып, қалың құмдарды, баябан жондарды жарып Қызылорданың тұсына дейін ағып келетін шағын өзен-Сарысудың бойы. Ал Дария - кәдімгі Сыр, Сырдария. Бүгін осы Дала мен Дария туралы аз да болса сыр шертіп көрсем деймін [4-290].

Қазақ халқы даласымен мақтан етеді. Даласының сырын біледі. Даласы мен дариясын қыр етеді.

6. Кезің жоқ-ау кең дала, жаңармаған,

Туып жатыр сен жайлы сан алуан ән.



Ақын түгіл әр адам жүрегінде
 Сендік ғажап сезім бар алаулаған. [5].
 Кең дала, біздің ұғымымызда дала деген
 дархандықтың, кендіктің белгісі.
 7. Ақ Жайық, тасы, төгіл, көңіл қалдыр,
 Аумалы - төкпелі ғой өмір бәрібір.
 Айналған полигонға сор даланың
 Бір рет тым болмаса шөлін қандыр [5].
 Сор дала, топырақтың бетіне соры шығып жатқан
 аппақ дала. Онда талай ниеті жамандар жарылыс
 жасаған, бірақ ол даладағы қара жер мен ондағы халық
 оны көтеріп келеді.
 8. Ақ ұлпа дала төсінде
 Сал атты көрсем дір етем.
 Сонау бір жағдай есімде
 Сакталып әлі жүр екен ... [5].
 9. Дүние көшкен көзіммен
 Қараймын қарлы моншаққа.
 Ақ дала мендік сезіммен
 Үндесіп кеткен сол шақта [5].
 Ақ ұлпа дала, Ақ дала сортаңы бетіне шығып жатқан,
 аппақ даланы суреттеген.
 10. Жанымды еліктірген дала, сағым,
 Бар менің бала шағым, болашағым.
 Сендермен таласпаймын, асқар шындар,
 Сендерден әлденеше аласамын [5].
 Жанымды еліктірген дала, жаныңа қуат-күш беретін
 дала.
 11. Боз жусан дала, боз белдер,
 Құландар еркін кезген жер.

Маңқиған дала-мінездің
 Қадірін аздау сезгендер [5].
 Боз жусанды дала, Сұлтан Бейбарыс бабамыздың
 аңсаған, сағынған жусанды даласы да осы дала.
 12. Өтетін сырт айналып мұнар белді,
 Соқпақты дала жолы бұраң еді.
 Жүйіткіген машинаның жолын орап
 Бір қасқыр қыр астынан шыға келді [5].
 Соқпақты дала, ол кезде ата-бабамыз малмен
 күнелткен. «Малым жанымның садағасы, жаным –
 арымның садағасы» дейтін қазақ халқы «Амандасқанда
 да, мал-жан аман ба?» деп жөн сұрасатын. Сол
 малының салған ізі арқылы да талай жерден адаспай
 соқпақтар арқылы елден-елге жететін. Сол соқпақты
 даланы айтып отыр.
 Қорыта келгенде, әдеби шығармалар тіліндегі дала
 тұжырымы арқылы қасиетті туған жердің тасы мен
 тауын ғана емес, даласының қадіріне жетерміз деп ой-
 лаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Багаев Ұзақ Дала жұлдыздары. Алматы. 102б.
 2. Әлжіков С. Дала қырандары. Алматы. 7б.
 3. Боранбаев Қ. Дала дастаны. Алматы. 8б.
 4. Балғабәев Сұлтанәлі Дала мен Дария. Алматы. 290б.
 5. Бақтыгереева Ақұштан Өлеңдер жинағы: Кең дала, Ақ
 Жайық, тасы, төгіл. Аққанат, Ақ шыңдар, Қасқыр. Алма-
 ты. 290б.

МАН ЭЛЕМЕНТІНІҢ ЭТИМОЛОГИЯСЫ

Ықылас Әділет - Абай ат. ҚазҰПУ 4-курс студенті
 Ғылыми жетекшісі: **ф.ғ.к., профессор Майра Жүнісова**

Түйіндеме. Мақалада көне «ман» элементі туралы ғалымдардың пікірлері қамтылады. Сол бойынша көне «ман» түбірінің жасалуына негіз түбірлерді анықтап олардың мағынасын ашуға тырысамыз. «Ман» сөзімен келетін тілдегі сөздердің шығу тегі, семантикасын ғылыми дәйектер арқылы дәлел келтіреміз.

Тірек сөздер: ілкі түбір, көне түбір, лексикалық этап, классикалық тип, түбір тұлға

Abstract: The article covers the opinions of scientists about the element of the ancient "man". We will try to find the roots of the ancient roots and try to find out their meaning. We prove the origin, semantics of words in the language that comes with the word "man" through scientific arguments.

Key words: primitive root, ancient root, lexical stage, classic type, root

Тілдің дамуы үздіксіз процес. Тіл өзінің эволюциялық жетілуі барысында әрқилы лексика-грамматикалық жолдармен жүріп, даму, өзгеру табиғатын қалыптастырады. Мұндай құбылысты анықтау кезінде сан қатпарлы грамматикалық өрістер мен өрнектердің сипатын көреміз. Тілдің осындай ерекшелігін танытатын ең негізгі нысан – сөз. Сол себепті біздің жұмысымызға негіз болған «ман» элементін зерттеуіміздегі мақсат: әлем кеңістігіндегі желгі түркі ата-бабаларымыздың ізін жаңғыртып алып шығатын ең өзекті бөлшектің бірі болып саналады.

Қазіргі түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінің өзінде «ман» элементі дербес жұмсалатын мағыналы компонент ретінде сақталмаған. Тек, бертінде қалыптасқан оқырман, тыңдарман, оралман секілді

жаңа сөздерді қараған Р. Сыздықтың пікірлерінен, А. Махмұтов көрсетуіндегі тарихи сөздер, «аламан» тұлғасын зерттеу барысында қосымша деп таныған сілтемелерден көріп келдік. Оның өзінде толыққанды деректер жоқ. Ғалым С. Аманжолов тарихи бірлікке жататын «шабарман, атарман, аламан» тұлғаларындағы «ман» бөлшегін қарастыра келе араб тілінен әуелде «адам» мағынасында еніп, кейін жұрнаққа айналған болуы керек десе, бірде парсының «-мән, -мәнд, -умәнд» аффиксінен қалыптасқан дегенді айтады [1, 51]. Біз қосымша деп қарастырып отырғанымыз ағылшын тілінде «man» дербес тұрып «адам», «еркек» деген мағынаны беретіндігін білеміз. «Men» күйіндегі фонетикалық өзгерісі мағынаның көпше түрі. Осы элементті бұл тұрғыдан қарағанымызда англо-саксондық тілдік бірлікке жатқызатынымыз анық. Тарихи жағынан

әрі кеткенде араб-парсыдан таратамыз. Қазақ пен басқа да туыс түркі тілдерінен тексерсек қосымшалы қызмет қана атқаратын элемент. Оның өзінде, пассив жұмсалатын аффикс қатарына жатқызылған. Ендігі мақсат, «ман» элементінің түбір күйіндегі тұлғасын айрықша алып айқын тілдік фактілермен және арғы-бергі ғалымдардың деректерімен өзек ұғымын, генетикасын анықтау керек.

Қазақ халқында Махмуд Қашқари сөздігін зерттеуші ғалымдар туралы М.Жүнісованың «Қазақстандағы Қашқаритану (лингвистикалық аспект)» деп аталатын монографиясы бар, онда ғалым 500-ге жуық қазақ ғалымдарының зерттеу еңбектеріне талдау жасаған [2]. Ең алғаш түркі лингвисті М. Қашқаридың айтуынша, «ман» сөзі «тектес, тәрізді, сияқты» деген мағынаны білдірген. Сонымен қатар, ғалым сөздігінде «манды, мапылды, мапшиқланды» ман түбірлі бірқатар сөздер мен «иасыман, иалыман, иарманды» сияқты қосымшалы тұлғаларды кездестіреміз. Бұған қарап, XI ғасыр кезеңінде «ман» элементінің актив қолданыс тапқанын байқауға болады. Мысалға, қазірде тұлғалық жағынан басқа болып келетін «басқыншылық, жортуыл» сөзі көне сөздікте ман аффиксі қатысқан «иалыман» тұлғасымен берілген. Сөздікте көрсетілгендей: «иасыман, мандарланды» секілді ман элементі қатысқан бұл көне сөздердің мағынасы – «дыбыс шығатын көзе», бірі «шырмауықтанды». Бұл мағыналардың «ман» элементі қатысқан көне тұлғасы осы күнде қолданыста жоқ. «Маңығ – адым, аяқ басу» осы күндегі маңу болып сақталып жеткен [3]. Жалпы, қандай да бір сөздің әр кезеңде өзіндік даму, өзгеру жолы болатындықтан ең көне «ман» элементінің «адам» ұғымындағы дербес тұлғасы тілдік аядан шығып та немесе басқа мағыналарды танытатын лексикалық қатарларға көшіп отырған. Кейде мұндай үрдіс гео-ареалға да тығыз байланысты. Бұл тұрғыда біз «ман» элементін көне түркі тілінің бірлігі ретінде қарастыруымызға толық негізіміз бар. Ономастик ғалым Т. Жанұзақ ман – көне түркі тіліне, оның ішінде оғыздар тіліне тән сөз дейді. Бірақ, ман сөзі қазіргі түркі тілдері лексикасында кездеспейтінін ескере отырып, иран не араб тілдеріне тән болуы мүмкін дегенді айтады [4, 184].

Ә. Балқубек деген автор оңтүстіктегі Манкент, Мансары сынды бірнеше топоним мен көне құжаттарда сақталған сол жердегі ұмытылып кеткен «Манкур» топонимін қарастыра келе Ман сөзін үнділік Ману есімі, Ислам діні аңызындағы Мәнқүр-Нәнқүр, неміс шежірелеріндегі Манн атауы және иудейлік Ноам, біздегі аңыздық Нұх есімімен тығыз байланыстырып, барлығының шығу түп-тамыры бір көне шумер-арийлік тілдік кезеңнің бірлігі дегенді алға тартады. Яғни, әлем халықтары танымында ежелден қалыптасқан бұндағы аңыздық көне антропонимдер мен топонимдер ең ертедегі прототүркілік бір ғана «ман» сөзінен өрбіген [5, 105-123]. Бір жағынан бұл ғалымының келтірген деректемелері жүйелі әрі дәйекті. Автор «ман» сөзінің түп бастаулары кемінде он-он үш мың жылдық тереңде жатқан дегенді жормалдайды. Маңғыстаулық өлкетанушы, мифолог Серікбол Қондыбай өзі өмір сүрген аймақты көп жыл-

дай зерттеумен айналысып, «ман» негізді Маңғыстау, Маңсуалмас, Манашы, Маңғыр, Маныссай, Маната, Маны әулие, Отман, Қараман топонимдерінің пайда болу өзегін тарихи тұрғыда тұжырымдайды. Ғалымның айтуынша, арал-каспий аумағында мекен еткен ежелгі қаңғар тайпасының құрамындағы «Ман» атты тайпаның болғандығын, кейін осы аймаққа келген оғыздар мен қимақтардың арасында да «ман» деген рудың не этникалық топтың өмір сүргендігіне болжамдар келтіреді [6, 45-58].

Тарих бетінде жоғалған «Ман» деген жұрт көне печенгтердің атауы болуы мүмкін екендігіне тоқталып, «ман» сөзінің «мың» (минг), «бың» (бинг) түріндегі варианттарын негіздей келе, В. Трепавлов атаған Дешті Қыпшақтағы бірнеше «минг» аталған топтардың осы тайпа болу мүмкіндігін қарастырады. Орта Азиядағы мұндай ман негізді топонимдердің көптеп кездесуі – бізді көне түркілік «Ман» тайпасының болу шындығына жетелей түседі. Оған толық дәлеліміз тарихта аталатын әзірбайжандардың ертеде «Мана» деген этнонимдік атауы, сонымен қатар жиі талқыға түскен «Монғол» этнонимінің «манқол//мыңқол» аталу нұсқасы мен италян, найман этнонимдерінің тілдік сабақтастығы. Ежелден келе жатқан «Манас» (Манас жыры), «Осман» – анторопонимнің түркілік «ман» сөзінен жасалғандығы көрініп-ақ тұр. Бұл сөздерді қарастырмас бұрын «ман» элементінің этимологиялық тұрғыдан талдаймыз.

Ман – бір буынды моносиллабтық көне түбірлер қатарына жатады. Түбір тұлғасын академик Ә. Қайдар негіздеген бір буынды (моносиллаб) ілкі түбірлердің 6 классикалық үлгісіне салып қарастырамыз. Олар түркі тілдерінде ертеден қалыптасқан: Г, ГС, СГ, СГС, ГСС, СГСС. Мұнда Г – дауысты, С – дауыссыз дыбыс белгісі. Ман түбірін осындағы төртінші қатардағы үлгіге жатқызылады. Моносиллабтың ең әуелдегі құрылымына бару үшін екінші және үшінші үлгідегі қатарлардың негізге аламыз. «Ман» моносиллабы ең ежелгі «ма» және «ан» ілкі түбірлерінің бірігуінен жасалған. ГС үлгісіндегі біріншіден ең ілкі «ан» түбірі түркі тілдеріне тән ең актив сөзжасам моделі. Мысалы, күделікті қолданысымыздағы бұлан, қоян, қабан, жылан, арыстан, сазан, қиян, сан, жан, қан, тән, қуан, аян, сабан, банан, рауан, тағы басқа бірліктерімен қатар, суан, албан, алан қатарлы этнонимдердің жасалуына негіз болған көне «ан» түбірі. Көне «ан» түбірінің алдына жалғанған СГ үлгісіндегі әр түрлі түбірлер тіл дамуының ұзақ уақыттық жемісі. Көне «ан»// «анг» түбірі С. Қондыбай бойынша: ежелгі шумерлер тілінде «кеңістік», «аспан» деген ұғымды білдірген. Бүгіндегі «ай», «ан», «ал» сөзерінің праформасы осы көне «ан/анг» түбірі [7, 12-13]. Демек, шумер тілімен жалғас көне түркілердің «көк тәңірі» танымындағы «аспан» (көк – аспан; ай, күн) ұғымы да «ан» түбірінің төл түркілік екенін толық анықтайды. Ілкі түбір болып саналатын «ан» тұлғасы сөз басында да жиі кездеседі. Мысалға, ана, анар, ананас, андижан, анкара, анталия т.б. Бұлар әлем кеңістігінің әр түркірінде кездесетін топонимдер, жеке бірліктер, іздей түссек мыңдап табыла береді. Етістік қызметіндегі «ал» сөзінің көне праформасы «ан». Бірақ, көне «алаш, албан, алман, алан» этнонимдердің жасалуына негіз болған «ал» түбірінің



ертедегі мағынасы «адам/әскер» деген ұғымнан алатындығын А. Махмұтов көрсеткен [8, 28-29]. Осы күнде дербес мағыналы аң сөзінің көне праформсы «ан», шумерлер «ан» деп аспанды да атаған. Осыған байланысты, көне «ан» түбірімен ертедегі түркілер бірнеше объектіні көрсетіп отырғаны байқалады.

Түбір тарихи аспектіде әр кезеңдік даму, өзгеру жолынан өтіп әлем тілдерінің барлығында дерлік кездесетін тұлғалар қалыптастырған. Ең белсенді қолданылған түркі тілдерінде, одан фин-угор, герман, англосаксондық тілдер тобында. Осы көне «ан» түбірінің басқа мағыналарды беруімен қатар, ең негізгісі «адам» деген ұғымды білдіретіндігінде. Мәселен, адамның шығу тегін, өзегін зерттейтін ғылым саласының атауы: «антропология» (грекше *antropos* – адам) терминінің жасалуына негіз болған көне «ан» түбірі екені көрініп тұр. Қазақ тілінде бұрмаланып ағылшын деп аталатын этнонимнің негізгі тұлғасы «ан» түбірінен келетін «англичанин» болып айтылады. Енглич (English) деп ағылшын тіліндегі айтылуы этнонимнің аллоэтноним екенін аңғартады. Ен моносиллабы көне түркі тілінде «кеңістік» дегенді білдірген. Бұндай мағынасы бүгінгі угор тілінде сақталған [9, 253]. Қазақ тілінде «ен» деп бір нәрсені ені, көлемі, шегі деген сипатын танытады. «Ан» және «ен» түбірлерінің шығу өзегі бір, тек даму барысында семантикалары екіге ажыраған. Сонымен, «ан» түбірінің бастапқы мағыналарын екі лексикалық қатарға тізбектейміз: біріншісіне, «адам» ұғымын беретін көне мағынасы, әуелдегі антропоэзектік ұғымы көмескіде қалып қалғандықтан бұл жағын әлі де зерттеуді талап етеді. Екіншіге, түркілік «көк» концептісіне кіретін «аспан», «кеңістік» мағыналары. «Ан» түбірі бүгінде синкретті түбірлер қатарына жатады. Мысалы, андау, аңғал, аңқау, аңыз, анайы, ант, анық, анау, мында (ұйғыр тілінде: мана), бұлар «ан» түбіріне көптеген сөзжасам модельдері арқылы жасалған екі буынды түбірлер тілдік қолданыста жүр.

Ман элементіндегі «ан» түбірінің алдына жалғанған «ма» түбірі – бұл да көне түбірлер қатарына жатады. Түбір тұлғасын тілімізде қалыптастырған бір буынды моносиллабтарынан қараймыз. Олар саналуы ғана: мас, мал, май. Қазіргі кездегі лексикалық этабында жеке тұрып (мә!) одағай сипатты етістік қызметін атқарса, белгілі бір сөзге, сөйлемге сұраулық мағынаны туғызатын мәнге ие. Екібуынды «мама» сөзі көне түбірдің екі рет қайталанып жасалуынан есім тұлғалы мағынаға қол жеткізген. Бұл сөз ешқандай орыс-славияндық сөзге жатпайды. Төл түркілік «баба» сөзінің дыбыстық б/м құбылысынан өрбіген. «Баба» сөзі бүгінде оғыз-қарлұқ тілдер тобында актив қолданылады.

Баба сөзі ата тектік ұғымды берсе, оны фонетикалық сәйкестікті мама сөзі ана тектік ұғымды береді. Мама сөзі мен ана сөзі м/н аллофондық заңдылықпен бір түбірден өрістеген тұлғалар екенін ап-анық аңғаруға болады. Сонымен қатар, орыс тіліндегі «мать» сөзі түбірдің өзегі ана текті мәнді беретіндігін аңғаруға болады. Қытай тілінде ана деген сөз тек «ма» деп қана айтылады. Ал, манжур тілінде «маа, майа» деген ана дегенді білдіреді. Бұл түбірді толық тану үшін дәлелдер жеткіліксіз, дегенмен көне «ма» түбірінің ана текке қаратыла жұмсалатын есім сипаты бар

антропоэзектік ұғым екені танылып тұр. Тілімізде қолданыста жүрген «маман» (профессия) сөзі тек адамға ғана қатысты жұмсалып, антропоэзектілік бүтін семантиканы береді. Себебі, екі буынды «маман > ма+ман» түбір тұлғасында ман компонентінің мәні айрықша танылып өзіндегі «ма» түбірін тағы бір рет алдына жалғау арқылы «адам/тұлға» мағынасына «бір нәрсені іске асыратын, іс жасайтын объекті» ұғымды кіргізген. Сосын, бастапқы ман элементіне жанасқан семантиканың мәнін тұлға өне бойындағы антропонимдік «адам,кісі» ұғымының айналасына жинап, ұғым-семантиканы бүтіндей терминдендірген. Яғни, кісі ұғымының өзегіне қатысты «іскерлік, іс жасаушы» семантикасын бір тұлғамен жеткізген. «Маман» деп тек адамға ғана айтылатыны белгілі. Бұл сөздегі ман (адам, кісі) сөзінің семантикалық қуаты жоғары дәрежеде қызмет атқарып тұр. Тек оны, толық байқап тағы да этимологиялық сырын аша түсу керек. «Ма» түбірі өлі түбір болғандықтан көп ештеңе айта алмаймыз. Негізі ең ертеде «ма» аналық тек мәнді, «ан» түбірі аталық тек мәнді танығатын мағыналар болуы мүмкін. Өйткені тарихи әдеби тілімізде бар Айман, Манас сөздерінің жұмсалыу бағыттарының осындай тек мән тұрғысынан бөлек екенін білеміз.

Тарихи әдеби тілімізде бағыздан жеткен Манас антропонимінің «ман+ас» екі компонентті көне түбірлердің бірігуінен жасалған. Ман – адам, ас – көне түркі тілінде «жоғары, биік» дегенді білдіреді [10, 24]. Мысалға, ас түбірінің ұғымын өзінің лексикалық этаптарында қалыптастырған ек буынды асқар, асқақ, аспан сөздерінің семантикасынан танимыз. Ман түбірімен келетін мандат, манап, манат, мансап, мандыма, маңғаз, манды т.б сөздерді лексикалық қорымыздан көптеп кездестіреміз. Бұлардың этимологиялық сырын ашып, салыстырмалы-тарихи тұрғыдан өзектеу келешек еншісінде.

Қортындылай келгенімізде, «ман» элементін түптеп зерттеудің өзегі көне түркі тілінің әлем тілдеріндегі әсері мен ықпалын табуға жол ашады. Сондықтан, «қасиетті сөз» арқылы әлем тарихында аталатын алып өркениеттердің түп бастауында түркілер тұрғанын тауып, жаңғыртып алып шығуымыз керек. Бұл – Елбасымыз Н. Назарбаев айтқан бүгінгі күннің ең басты талабы болып отыр. Елбасымыздың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласының мақсатына негізделгендей ұлы дала бойымен сан ғасырлар бұрын жүріп өткен түркі ата-бабаларымыздың ізін бір ғана сөздің ұғымымен көруімізге болады. Мәселен, Еуразияның екі шетіндегі «Ит+ал+ман, Най+ман» этнонимдерінің жасалуына негіз болған ман сөзі. Сол сияқты біздегі Аламан сөзі бұдан мың жарым жыл бұрын Еуропада Алман болып этноним сөз дәрежесіне көтерілген. Бұлардың барлығы түркі ата-бабаларымыздың әлем кеңістігіндегі орнын көрсетеді. Сол себептен, Елбасымыздың мақаласы бізді осындай тақырыпқа апарып, еліміздің дамуына септігімізді тигізуге мүмкіндік беріп отыр. Әрі біздің ғылымға деген құлшынысымызды арттыра түседі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Аманжолов С. *Вопросы диалектологии*. 1956. 51б
2. Жүнісова М. *Қазақстандағы Қашқаритану (лингвистикалық аспект)*. Алматы: Ұлағат баспасы. 2017.

234 б.

3. Қашқари М. Түрік сөздігі. 3 том. Алматы. «Хант». 1998ж.

4. Жанұзақ Т. Жер-су атаулары. Алматы. «Өнер». 2011ж. 184б.

5. Балқыбек Ә. Қасқыр құдай болған кез. Алматы. «Тұран». 2008ж. 105-123б.

6. Қондыбай С. Маңғыстау-Нама. Алматы. «Арыс». 2006ж. 45-58б

7. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. Алматы. «Дайк-ҚАЗАҚ ЖАРНАМА МӘТІНДЕРІНІҢ ПРАГМАТИКАЛЫҚ АСПЕКТІСІ

Иса Азиза - БМ020500-«Филология» мамандығының 1 курс магистранты
Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., проф.м.а. **Асанбаева С.А.**

Адамзат қоғамында болып жатқан алуан түрлі өзгерістер мен жаңарулардан тіл де тыс қалмақ емес. Осымен байланысты қазіргі ғылымда орнығып келе жатқан антропоцентристік бағыт дәстүрлі құрылымдық лингвистикадан бөлек Адам факторын түпқазық етіп алған білімнің жаңаша сипаттағы бірнеше саласы қатар дамып келеді. Олар: прагмалингвистика, когнитивтік лингвистика, әлеуметтік лингвистика, психолінгвистика, лингвостилистика, т.б. Осылардың ішінде біздің зерттеу нысанымыз – прагмалингвистиканың орны айрықша. Бір кездері ғалымдар шеңбері анықталмаған, проблемалары нақты көрініс таппаған деп таныған аталмыш бағыт бүгінде біршама қалыптасып, тіл білімінің өзге салалардан іргесін ажыратып, дербестене бастады. Мысалы, адам факторының өзі мұнда адресант-адресат сияқты нақты категорияларға бөлініп, олардың арақатынасы, атап айтқанда, сөйлеуші-тыңдаушы рөл алмасуы жеке проблема ретінде қарастырылуда. Ал кез келген мәтіннің (ауызша да, жазбаша да) белгілі бір мақсатта айтылатыны белгілі. Қарапайым тілмен айтқанда, сөйлеуші ниеті деп түсінілетін бұл мәселе прагматикада кеңінен қарастырылып, адресанттың прагматикалық ұстанымы проблемасын құрайды.

Түптеп келгенде, дәстүрлі интралингвистикада тіл деңгейлік тұрғыдан (фонетика, лексика, грамматика) ішкі табиғи қасиеттері бойынша қарастырылса, экстралингвистикада оның функционалдық мәні, яғни қолданыстағы сыр-сипаты, яки оның «өмір сүруіне» тікелей ықпал етуші иесі – Адаммен байланысты зерттеледі. Аталмыш экстралингвистиканың өзегі ретінде – прагмалингвистиканы тануға негіз бар. Өйткені кез келген мәтіннің прагматикалық аспектісі айрықша маңызға ие. Сөйлеу актісінде бұл тіл ұстанушының тілдік бірліктерді өз түпкі ниетіне сай етіп іріктей білуі, қай сөзге баса мән беретіндігі, өз сөзінің тыңдаушыға қандай дәрежеде әсер етуін көздейтіндігі, соның нәтижесінде адресанттың қандай да бір әрекеттерге баруына түрткі болатындығы, сондай-ақ айналадағы адамдарға өз сөзі арқылы өзін белгілі бір қырынан таныстыруға, көрсетуге тырысатындығы т.б. барлығы жинала келе оның түпкі ойының аудиторияға дұрыс, дәл, нақты күйінде жеткізілуін қамтамасыз етеді.

Тіл білімінде «прагматика» термині Чарльз Морристің енгізуімен қалыптасқан болатын. Перс ұсынған бағдарламаларды жалғастыра отырып, Ч.Моррис ең алдымен «синтактика», «семантика»,

Прес». 2004ж. 12б.

8. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. Алматы. 1966ж. 28-29б.

9. Қондыбай С. Қазақ мифологиясына кіріспе. Алматы. Арыс. 2008ж. 253б.

10. Қондыбай С. Қазақ даласы және герман тәңірлері. «СаҒа». 2006ж. 24б

одан соң «прагматика» ұғымдарын семиотиканың негізгі үш таңбалаушы компоненттері ретінде ғылымға енгізді[1].

Кең таралған анықтамалардың бірі – Т.А.ван Дейктің: «Прагматизм – контекстегі тілдің зерттелуі», – деген тұжырымы. Автор прагматикалық компоненттер қасиетін төмендегіше талдап жіктейді:

а) прагматика – лингвистикалық теорияның ажырамас компоненті, оның статусы синтаксис пен семантика мәртебесімен тепе-тең;

ә) прагматика міндеттеріне сөйлесімнің жүйелік қасиеттерін тілдік және иллюкутивтік актілер ретінде айқындау жатады;

б) прагматикалық интерпретация тек синтаксистік тұрғыдан дұрыс, семантикалық қолданысқа ие белгілі бір шарттылыққа негізделген сөйлесімдерде ғана қолданылады;

в) прагматикалық интерпретациялар прагматикалық контекстерде айқындалады, яғни белгілі бір ой когнитивтік және әлеуметтік факторлар жиынтығы ретінде анықталады [2].

Прагматикалық параметрлер қазіргі әдебиеттерде әртүрлі аталып жүр. Мысалы, лингвопсихологиялық зерттеулерде коммуникация тізбегіне байланысты оларды реципиент, қабылдаушы десе (Т.М.Дридзе), әлеуметтік лингвистикалық еңбектерде сөйлеуші (говорящий), хабар жіберуші, адресант және тыңдаушы, ақпарат алушы, адресат (Р.Белла) делінеді. Ал В.Дрессельдің зерттеулерінде бұл терминге байланысты ақпарат жіберуші (отправитель), жасаушы (создатель), ұстанушы (потребитель), сөйлеуші, тыңдаушы, оқушы (читающий), мәтін интерпретаторы деген сияқты атауларды кездестіруге болады. Бұлардың барлығы қатысым актісіне байланысты әрекет иелеріне (субъектілерге) қатысты қолданыстар.

Мәтін лингвистикасы онтологиялық, гносеологиялық, лингвистикалық және психологиялық зерттеулер секілді сөйлеу әрекетінің нәтижелерін прагматикалық тұрғыдан қарастырады.

Прагматика міндеті – тікелей адресатқа ықпал етуге бағытталған тілдік қатынас коммуникациясын қолданудың заңдылықтарын реттеу екені мәлім.

Сонымен, мәтін прагматикасы деп тіл бірліктерінің функционалдық аспектісін мәтін иесінің (субъектінің) реципиенттерге ықпал ету ниетінен туындаған мақсатын, жағдаяттың әсерінен болып жататын сөйлесім актісінің жүзеге асуын түсінеміз.

Жарнаманың мәтін және жанр ретіндегі басты қызметі – ықпал ету қызметі (прагматикалық функция).



Жарнаманың прагматикалық әсерінің жоғары болуы оның негізгі сипатының бірі болып табылады, сондай-ақ прагматика жарнаманың атқаратын функциясының ең бастысы болып саналады. Кез келген жарнама мәтіні осы функцияны толығынан атқаруға міндетті.

Прагматика семиотика мен лингвистиканың саласы, ол тілдегі белгілер қызметін зерттейтіндігі туралы, прагматика терминін XX ғасырдың 30-шы жылдарының соңында Ч.У.Моррис ұсынып, оның лингвистикалық зерттеу саласына айналуы 1960-70 жылдарда Ч.С.Пирс идеяларынан кейін басталғандығы Н.Д.Арутюнова, Т.А.Дейк, Р.С.Столнейкер, В.В.Богданов сияқты ғалымдардың еңбектерінде айтылған.

Прагматика – семиотиканың бір бөлімі, сөйлеушінің тілдік таңбаларға қатынасын зерттейтін сала; тілді қолдану теориясы; сөйлеушілердің тілді қолданылуын айқындайтын факторлардың жиынтығы [3].

Өркениетті елдерде жарнама, оның тілі, психологиясы жөнінде көптеген ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіліп, көптеген еңбектер жарияланды. Ал, бізде жарнама жөнінде оның тілі мен психологиялық әсерлері жөнінде ғылыми тұрғыдан зерттелген жұмыстар енді қолға алына бастады.

Республиканың мерзімді баспасөз бетерінде жарнама жөнінде, әсіресе қазақ тілінде жарияланып жүрген жарнамалар жөнінде сын мақалалар көптеп жариялануда. Бұл ең алдымен мемлекеттік тілге деген жанашырлықтың белгісі. Жалпы алғанда, қазіргі жарияланып жүрген жарнамалар сапасы өте төмен. Бұл жарнамалар әлі де болса үздіксіз жақсартуды, ғылыми тұрғыдан зерттеуді қажет етеді. Сондықтан жарнама беруші де, жарнама жасаушы да алдымен жарнаманың тілі мен стиліне және оның оқырманға қалай әсер ететіндігін басты назарда ұстағаны жөн. Жарнама мәтінін құрастыру кезінде мынадай қағидалар басты назарда болуы тиіс: 1.Жарнаманың алдына қойған мақсаты нақты әрі айқын болуы; 2.Құрастырылған мәтіннің оңай түсініліп, дұрыс қабылдануын ескеру қажет; 3.Жарнаманың өз қызметін айқын орындауына ерекше көңіл бөлінуі тиіс; 4.Жарнама мәтіні тұтынушыға психологиялық жағынан қалай әсер еткендігін бақылау керек; 5.Жарнама мәтіні тұтынушыға психологиялық жағынан қалай әсер еткендігін бақылау керек. Жарнама қоғамдық өмірдің қанша саласында қызмет етсе, оны соншалық зерттеу, тану соншалықты қиын іс.

Жарнама мәтіндерінде автордың ұйытқы ойы бір сөйлеммен де беріледі. Жарнама мәтінін зерттеуге талдау жасау барысында байқағанымыздай, қазіргі мемлекеттік тілде беріліп жүрген қазақы жарнамаларда тақырып пен ұйытқы сөз жөнінде ауыз толтырып айтарлықтай мәліметтер жоқ. Оның бір себебі жарнама тілі стилінің қалыптаспандығы, екіншіден, жарнама мәтінін жасауда тілші мамандардың болмауы және тікелей аударма жұмысында тілдік ерекшеліктердің сақталмауы т.б. кемшіліктердің болуында.

Жарнама мәтінін құрастыруда алдымен тіл, оның әлеуметтік қызметі сияқты ерекшеліктер басты назарда болуы керек.

Тіл әлеуметтік құбылыс болғандықтан, адам қызметінің әр түрлі салаларымен байланысты бірнеше қызмет атқарады. Тілдің маңызды қоғамдық

қызметтері мыналар: 1) қарым-қатынас; 2) хабарлау; 3) әсер ету.

Қазіргі кезде телеарналардан қоғамды өзгертуге бағытталған және қоғам ішіндегі әлеуметтік мәселелерді талқыға салатын әлеуметтік жарнамалар жиі берілуде. Жалпы, қазіргі таңдағы әлеуметтік роликтер осы әлеуметтік жарнамалардың қарқынды дамуына өз әсерін тигізуде. Мысалы, «Таза қала/ел», «Жолдағы қауіпсіздік», «Жылдамдық», «Бала тәрбиесі» және «Суицид проблемасы», «Жетім балалар» сияқты көкейкесті тақырыптарда берілген көптеген әлеуметтік жарнамалар бар. Осындай әлеуметтік жарнамалар жан түршіктіретін көріністер арқылы адамдардың назарын қоғамдық мәселелерге көңіл аудартады. Әлеуметтік мәселелерді осындай әлеуметтік жарнамалар арқылы көпшілікке жеткізу оңай әрі тиімді. Осылайша адамдар өз көзімен көрген соң, қоғамдық сипаттағы мәселелерге, солардың ішінде жол қауіпсіздігіне, экологияға және басқа да мәселелерге жігі көңіл аударма бастайды. Осыдан барып адамдардың жүріс-тұрысы, мінез-құлқы жақсы жағына өзгеруі мүмкін.

Қазіргі уақытта жарнама әрбір қазақстандықтың күнделікті өміріне еніп отыр. Біз жарнамамен кез-келген бұрышта, бұқаралық ақпарат құралдарының барлығында, яғни теледидарда, радиода, көшеде, газетте, журналда кездесеміз. Кейде жарнама бізге кері әсерін де тигізеді. Оның басты себебі жарнаманың басты сапасының төмен болуы немесе оның берілген уақытының бізге сәйкес, ыңғайлы болмауы. Жақсы жарнаманы жасап, оны дұрыс қолдана білу үлкен кәсіби шеберлік пен ғылыми зерттеуді қажет етеді. Өйткені жарнама жасау мен жариялауда кеткен болмашы кемшіліктің өзі тұтынушыға кері әсерін тигізуі әбден мүмкін.

Қазқ жарнамаларының ықпал ету және ақпарат беру қызметтерінде тілдік құралдар маңызды рөл атқарады. Қазақ жарнамалары - логикалық ой жүйеленген тілдік құралдардың лексикалық, грамматикалық, стильдік байланысынан тұратын, тиянақталған, белгілі бір аудиторияға бағытталған жазбаша мәтін.

Мәтіннің шағын көлемді мәтін түрі ретінде жарнама – әдеби тармақтардың бірі. Жарнама мәтіннің лексикалық құрамында стильдік реңкі бар лексика кеңінен қолданылады. Газеттік – қамтитын жарнама қазіргі әдеби норма талаптарына сәйкес қызметтерін толыққанды орындай алады.

Қазақ тілінде жасалған жарнамалардың тілдік сипаты мен прагматикалық әлеуеті, оның ішінде әдеби тіл лексикасының қолданылуы, сондай-ақ жарнама мәтінінің кешенді құрамдас бөліктерінің (тілдік құралды мен вербалды емес құралдар) ерекшеліктері қарастырылған зерттеудің нәтижесі бойынша алдағы уақытта зерттелуге тиіс төмендегідей перспективалық бағыттарды, сондай-ақ қазақ жарнамасының қоғамдық-әлеуметтік мазмұнын арттыруға септігін тигізетін практикалық ұсыныстарды былайша түйіндеуге болады.

Тауар өнімділігін арттыру, қызмет түрлерін ұлғайту үшін кешенді құралдардың жиынтығынан тұратын жарнамалау процесі жалаң түрде емес, бірнеше кезеңдерге негізделетіндігі байқалады. Нарықтық

қарым-қатынас кеңінен дамыған елдерде жарнама ісінің алдында “Public Relations” – PR (Пи-ар) тәсілі қалыптасқан. “Жұртшылықпен қарым-қатынас орнату”, “публикаға жұмыс істеу” деген түсінікті қамтитын Пи-ар тәсілінің негізгі мақсаты реципиентпен алдын-ала жұмыс жүргізу, жарнамалық коммуникацияның әлеуетін алдын-ала дәлелдеу, реципиенттің қабылдау стереотиптерін алдын-ала бағдарлап, осы бойынша шаралар жүргізіп, реттеп отыратын тәсілдер жүйесі. Қазіргі қазақ қоғамында PR тәсілдерінің нысандары бар. Бұл жүйе психологиялық, коммуникациялық аспектілерді зерттеуді қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Моррис, Чарльз У. *Основания теории знаков // Семиотика. М., 1983.*

2. Дейк Ван Т. *Вопросы прагматики текста // НЗЛ. Вып. 8.*

- М., 1978.

3. *Филосовский энциклопедический словарь. – М.: 1982.*

4. Хасанов Ф. *Бұқаралық ақпарат құралдарында терминдердің нормалануы // Қазақ терминологиясының өзекті мәселелері. - Астана, 2002.*

ЗАТ ЕСІМ СӨЗЖАСАМЫНДАҒЫ СИНТЕТИКАЛЫҚ ТӘСІЛДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Алдарбай Айман, филология факультетінің 4-курс студенті

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе қаласы

Ғылыми жетекшісі: **ф.ғ.к., аға оқытушы Қондыбай Күлшат Әбдіғанымқызы**

Түйіндеме. Мақалада зат есім сөзжасамындағы морфологиялық немесе синтетикалық, яғни жұрнақ тәсілі арқылы туынды сөздер жасалуындағы сөзжасамдық жұрнақтардың түрлері мен жасалу жолдары және олардың көркем әдебиеттегі қолданылу ерекшеліктері, қолданыс жиілігі мәселесі сөз етіледі.

Тірек сөздер: зат есім сөзжасамы, синтетикалық тәсіл, жұрнақ тәсілі, сөзжасам тәсілі.

Аннотация: В статье рассматриваются вопросы морфологического или синтетического, т.е. формы и пути создания словообразовательных суффиксов в словообразовании имени существительного, особенности их применения в художественной литературе, частоты применения.

Ключевые слова: существительное словообразование, синтетический подход, способ суффикса, способ словообразования.

Abstract: The article deals with the morphological or synthetic issues, i.e. the forms and ways of creating word-formative suffixes in the word formation of a noun, the peculiarities of their application in the literature, the frequency of application.

Keywords: noun word formation, synthetic approach, suffix method, word formation method.

Зат есім – туынды сөздерге ең бай сөз табы. Бұның түрлі себептері бар. Ең алдымен, ол өмір шындығымен байланысты. Өмірде ең көп нәрсе – ол заттар, олар үздіксіз өмірге қосылып отырған. Екіншіден, адамдар өздері таныған заттарын атап отырған. Заттарды атау зат есім сөзжасамы арқылы жүзеге асқан. Сондықтан зат есім сөзжасамы көне замандардан бастап, үнемі даму үстінде болған. Бұл зат есім сөзжасамын өте дамытқан.

Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамында зат есім сөзжасамы өте күрделі және сөзжасамдық қабілеті ерекше сөз табы деп саналады. Зат есім сөзжасамында сөзжасам тәсілдерінің барлығы өте белсенді қызмет атқарады. Ол барлық сөз таптарының сөзжасамына тән емес екені белгілі. Бұл тек үш табына қатысты, соның бірі – зат есім сөзжасамы болып саналады.

Ал зат есім сөзжасамында үш тәсіл де, барлық сөзжасамдық бірліктер де белсенді қызмет атқарады. Ол зат есім туынды сөздердің құрамына да әсер еткен. Сондықтан туынды зат есімдердің құрамында да үлкен ерекшелік бар екені айдан анық.

Туынды зат есім сөздерге тіліміз өте бай. Туынды зат есім сөздердің тілден мол орын алатыны зат есімнің шындық өмірге байланыстылығын былай қойғанда, зат есімнің сөзжасамдық ішкі мүмкіншіліктерінің молдығына, күрделігіне байланысты. Зат есім

сөзжасамында тілдегі сөзжасамдық тәсілдердің бәрі белсенді қызмет атқарады. Осымен байланысты туынды зат есім сөздердің құрамы да алуан түрлі. Туынды зат есім сөздердің құрамында сөзжасамдық жұрнақтар, түбір сөздердің барлық түрі, түрлі қарым-қатыста кездесе береді. Туынды зат есімдердің жасалуында негіз сөз қызметін зат есім сөздермен бірге басқа сөз таптары да атқара береді. Яғни зат есім сөзжасамы сан есім сөзжасамы сияқты өз ішінде ғана тұйықталмайды, ол басқа сөз таптарының сөздерін зат есімге айналдырып, өз құрамын басқа сөз таптарының сөздерінің негізінде де толықтырып отырады. Бұл үрдіске, әсіресе, сын есім сөздер мен етістіктер белсенді қатысады.

Жалпы зат есім сөзжасамы – ертеден зерттеліп келе жатқан мәселе. Ол мәселені алғаш А.Ысқақова, А.Төлеуов сияқты ғалымдар зерттеді. Демек, зат есім сөзжасамы ерте танылғанын барлық зерттеушілер де атап көрсетеді [1.165-166].

Тілдің тұтас сөзжасам жүйесінен зат есімдік сөзжасамның алатын орны ерекше. Өйткені зат есім жасауға қатысатын жеке сөздермен жұрнақтардың сан мөлшері өзге сөз таптарымен салыстырғанда әлдеқайда қомақты. Жасалу тәсілдеріне қарай тіліміздегі зат есімдерді негізгі үш топқа бөліп қарауға болады. Мысалы, жұрнақтық тәсіл туынды зат есімді, сөзқосымдық және сөзқысқарымдық тәсілдер күрделі зат есімді, ал семантикалық тәсіл көп мағыналы, омо-



ним және субстантивті зат есімді жасайды.

Зат есімнің негізгі құрылымдық типтері оның жасалу тәсілдерін немесе жасалу тәсілдері оның құрылымдық типтерін анықтайды, белгілейді. Қысқасы, зат есімдік сөзжасамның жұрнақтық, сөзқосымдық, сөзқысқарымдық және семантикалық тәсілдерін жай ғана санамалап шығудың сыртында тағы да зат есімнің құрылымдық типтері (жалаң, күрделі зат есімдер, көп мағыналы, омоним және субстантивті зат есімдер) туралы да түсінік жатады, яғни оның осы бір объективті сипаты ойда тұрады [2.102].

Зат есім сөзжасамында жұрнақ тәсілі негізгі тәсілдің бірі болып табылады. Сондықтан сөзжасамдық жұрнақ тәсіл арқылы жасалған туынды түбір зат есімдерге тіліміз өте бай. Сонымен бірге, туынды түбір зат есімдердің жасалуы тек сөзжасамдық жұрнақтарға ғана байланысты емес. Туынды түбір зат есімдерді сөзжасамдық жұрнақ лексикалық мағыналы уәждемелер жасайды. Сондықтан зат есімдердің құрамы уәждеме сөз бен сөзжасамдық жұрнақтардан құралады.

Зат есімнің сөзжасамына уәждеме болатын белгілі сөз таптары бар. Бұл - зат есім кез келген сөз табына жасала бермейді деген сөз. Зат есім сөзжасамына негізіннен зат есім сөздер, сын есім, етістік сөз таптары уәждеме қызметін атқарады. Әрине, басқа сөз таптарының жекелеген сөздерінен жасалған бірлі-жарым туынды түбір зат есімдер де бар. Мәселен, ондық, жүздік, жетісі, қырқы т.б сияқты туынды түбір зат есімдер тілде бар. Бірақ олар санаулы (1.167-бет) Н.Оралбай «Қазақ тілінің сөзжасамы».

Зат есімінің сөзжасамдық жұрнақтары түрлі сөздерден туынды түбір зат атауын жасайтын жұрнақтар жатады. Мысалы, тыңшы, қызметкер, арбакеш, сыпырғаш, қуаныш, елеуіш, жақсылық, үлкендік, ондық, жүздік т.б. Мұндай жұрнақтар зат есімнен (тың, қызмет, арба) туынды зат есім жасаған, етістіктен (сыпыр, қуан, еле) туынды зат есім, сын есім (жақсы, үлкен) сан есім (он, жүз) т.б. Туынды түбір зат аталымдарын жасайтын тілде сөзжасамдық жұрнақ бар. Олардың құрамы, мағынасы, қызметі жағынан әр түрлі.

Жалаң жұрнақтар құрамы бөлшектеуге келмейтін жұрнақтар аталады. Мысалы, -шы,-ші, -кер,-гер, -тыр,-тір, -ыр,-ір, -ес, -ық, -ша, -сын т.б. жұрнақтар бір морфемадан тұрады. Сондықтан олардың құрамы бөлінбейді. Аталған жалаң жұрнақтар көркем әдебиетте өте көп кездеседі. Мысалы: Бірақ Тобаниязға тыңшы боламыз дегенін анық естідім. Бәрібір артының жоқтаушысы бар ғой «Аса білімді, үлкен саясаткер, бірақ совет өкіметіне жаны қас», дегенді Жалау Мыңбаевтың ауызынан естігені барды. Неде болса, мылжың күзетшіні қорқытты ғой әйтеуір, өзі айтқан ібілісін өзіне қарсы қойып. Жарықтық түйе сүті дегенің әрі сусын, әрі тамақ қой. Тап басып, иығынан қайыруға үлгере алмай мұны сол қырын күйінде ұстап қалып еді, дереу ысқырық дыбысы шығып, төреші екеуін де орындарынан тұрғызды да бас палуанға қарады (М.Мәжитов).

Туынды зат есім жасайтын мұндай жұрнақтар зат есім сөзжасамында негізгі орын алады. Олар арқылы

көптеген туынды түбір зат есімдер жасалған. Мысалы, орындық, қаламгер, мұздақ, арбакеш, суат, шатқал, келіншек, түбір, сусын, дінгек, жеңгетай, ойыншық, тілмар, итақай, ойпат т.б. Мысалы: Жігіт жалт беріп шығып кеткен соң іле-шала ақшыл орамалды жағынан тартқан жап-жас, аппақ сүйіріктей келіншек кіріп, тізе бүгіп сәлем берді (М.Мәжитов).

Құранды жұрнақтар деп құрамы ең кемі екі морфемадан тұратын жұрнақтар аталады. Мысалы, -шылық, -шілік, -қыншақ, -ынды, -палық, -малық, -мшы, -нда жұрнақтарының құрамы екі морфемадан тұрады, яғни бұрын олар екі морфемадан тұрған. Кейін тілдің дамуында кірігіп, бөлшектенбей қолданатын дәрежеге жеткен. Мысалы, адамшылық дегені туынды адам негізгі және -шылық жұрнағы арқылы жасалған, себебі тілде адашы деген сөз жоқ.

Туынды зат есім аталымын жасайтын жұрнақтардың мағыналық құрамы әр түрлі. Жұрнақтар түрлі мағыналы туынды зат атауларын жасайды. Мысалы, -лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік жұрнағы түрлі мағыналы сөздер жасайды. Зат есім сөздердің өзінен түрлі мағыналы туынды сөздер жасайды. Мысалы, аспаздық, шабандық, патшалық, қалыңдық, жиендік, апталық, қолтық, қастық, оттық сияқты туынды түбірлердің мағыналары әр түрлі. Аспаздық-кәсіп, шабындық-егіс, бастық-лауазым, қалыңдық -дәстүр, жиендік-туыстық, апталық-мезгіл, қолтық-дене мүшесі, жастық-дерексіз ұғым, т.б. мәнді білдіреді. Көркем әдебиеттен мысал келтірелік. Тәңірден еліне, жеріне, туған халқына амандық амандық сұрайды. Ана екеуі шынында да өз қателіктерін бірден сезінді ме, үндеген жоқ. Әй, бәрекемді, құдай саған қай жағынан да ұтқырлықты берген сияқты. Жылдар жылжып өтіп барады, кәрілікке де иек арттық, қисая кетсек иегімізді көтеріп сүйемелдейтін жаныңда жанашыр болмағаны тым қиын екен. Бір сәт төңіректі де тыныштық басты. Әрине, менікі ағаттық болды. Ал палауды басуға, яғни пісіруге аса шеберлік керек.

-Лық,-лік жұрнағы түрлі мағыналы зат атауларын жасауда ерекше орын алады. Зат есімнің сөзжасамдық жұрнақтарының ішінде көпмағыналы жұрнақтар біраз: -ым,-ім,-дақ,-дек; -шық,-шік; -мыс,-міс; - ма,-ме,-ба,-бе,-па,-пе; -мақ,-мек,-пақ,-пек,-бақ,-бек; ық,-ік,-қ,-к; -ақ,-ек. Мысалы: - Апырай, осы кейбір қазакемдер мәдениеттілік деп айтпай-ақ қояйын, жай инабаттылыққа қашан бой ұсынар екен. Бір ұстамдылық деген, айналаға қарап, өзгеден тәлім-тәрбие алу деген қашан бойымызға қонар екен, - деп Қаражан ашына сөйледі. Жанарында мейірімділікпен қатар тояттану бар секілді. Дарақылыққа, беспелікке үйірлеуіміз. Әркім қонағына қолда барын береді, ол жоқ болса қайдан табады. Тап басып, иығынан қайыруға үлгере алмай мұны сол қырын күйінде ұстап қалып еді, дереу ысқырық дыбысы шығып, төреші екеуін де орындарынан тұрғызды да бас палуанға қарады. Тегінде жылқы баласы күтімді аса қажет етеді деп ойлайды да қайтадан кібірткітеп жол жорғасына түсірді (М.Мәжитов).

-Ым,-ім жұрнағы математикалық терминді білдіреді: бөлім, алым, заттық ұғымды білдіреді, білім, өлім, өсім, өнім, тыйым дерексіз ұғымды білдіреді: шақырым, тұтам, мөлшер мәнді, мейірім, қайырым

дерексіз ұғымды білдіреді. Мысалы: - Өлімге қимап едім, енді өз қолыммен-ақ өлтірейін, ондай еркекке обал жоқ, - деп тапаншаны қайтып алды (Ә.Сараев). Енді менің жүз өтінішім емес, бір өтінішімді орында (М.Мәжитов).

-дақ,-пақ,-тақ. Бұл жұрнақ тамақ атауын жасайды: қуырдақ, нақтылы зат атауын жасайды: суыртпақ

-шық,-шік нақтылы зат атауларын білдіреді: ойыншық, қапшық, түбіршек; кішірейту мәнді білдіреді: көлшік, үйшік; өсімдік атауын білдіреді: жуашық.

-мыс,-міс нақтылы зат атауларын жасайды: тарамыс, тұсамыс; дерексіз ұғымды зат атауларын жасайды: болмыс,тұрмыс,қылмыс; өсімдік атын жасайды: жеміс

-ма,-ме бірнеше мағынада қолданылады, нақтылы зат атауын жасайды: бөлме, қаптырма, кездеме,қойма,гартпа; тамақ атауын жасайды: баспа,сықпа, бүрме; іс-қағазына қатысты атаулар: көшірме, кіріспе, мәлімдеме, жолдама, анықтама; музыкалық атаулар: желдірме, терме т.б.

-мақ,-мек жұрнағы да бірнеше мағынада қолданылады. Деректі зат атауын жасайды: оймақ, сырмақ, өрмек, шақпақ; тамақ атауын жасайды: құймақ, қойыртпақ; дерексіз заттық ұғымды білдіреді: қыспақ, салмақ, түтрпек т.б.

-ық,-ік,-ақ,-ек жұрнағының мағынасы әралуан: 1) адам мүшелерінің атын білдіреді: жүрек, білек, тырнақ; 2) нақтылы зат атауын білдіреді: күрек,

дөңгелек, қармақ, орақ; 3) мекен орын мәнді зат атауларын жасайды: қорық, тұрақ,жатақ,бұлақ 4) дерексіз заттық ұғым атауын жасайды: тілек, сезік, сезім, күйік, түсінік, ырық, қылық; 5) саз-әуен ұғым атауын жасайды: ырғақ (3.79-81бет. Балқия Қасым. Қазақ тілінің сөзжасамы, 2014). Мысалы: Қорыға айтқанда, зат есім сөзжасамының синтетикалық тәсілі ең өнімді тәсіл. Оның дәлелі негіз сөзге сөзжасамдық жұрнақтардың зат есім сөзжасамында ерекше орын алатыны айқындалды. М.Мажитовтің «Тобанияз» романында құранды жұрнақтар да, жалаң жұрнақтар да, сондай-ақ барлық жұрнақ түрлері кездесті. Дейтұрғанмен, адамның қасиеттері мен мамандық түрлерін жасайтын синтетикалық жұрнақтар көбірек қолданыс тапқанын байқадық. Олар түрліше мағыналық топтарды құрайтыны аңғарылды. Бұның өзі зат есімнің синтетикалық тәсіл арқылы жасалуы көптеп кездесетіні тағы да дәлелденді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Н.Оралбай Н. Қазақ тілінің сөзжасамы. - Алматы, 2002.

2.Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – Алматы: «Ғылым» баспасы, 1989.

3.М.Мәжитов. Тобанияз: роман. - Ақтөбе: «А-Полиграфия». - 2009. – 367 б.

«ҮРКЕР» АТАУЫНЫҢ СЕМАНТИКАСЫ

Бақытбекқызы Анар

Жетекшісі: Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Сакенова Б.Ә.

Алматы облысы Талғар ауданы Белбұлақ ауылы №10 орта мектеп

Түйіндеме. Мақалада көпке танымал атау «Үркер» сөзінің семантикасы қарастырылған. Яғни ол тек жұлдыз ғана болып қалмай, оның мифтік кейіпер, қыз немесе өлілер дүниесінің әмірші қызы болған деген тұжырымдар келтірілген.

Тірек сөздер: Семантика, жұлдыз, мифтік бейне, компонент, көне атаулар, салыстырмалы талдау.

Семантика (грек. *semantikos* таңбалаушы, білдіруші) – тіл және тіл бірлестіктері (сөз, грамматикалық тұлға, сөз тіркесі, сөйлем) арқылы білдірілетін хабарды, заттар мен құбылыстардың мән-мазмұнын зерттейтін тіл білімінің саласы, семиотиканың негізгі бөлімдерінің бірі. Семантика сөз мағынасын, сөз құрамындағы элементтердің өзара мағыналық қарым-қатынасын, сөз мағынасы түрлерінің даму заңдылықтарын зерттейді[1, 278-6].

Мақсатымыз – Үркер сөзінің қалыптасуын, шығу тегін, семантикасын анықтау. Үркер атауы туралы

- 1) Үркерлердің тұлғалануы варианттары
- 2) Үркер – қыздар
- 3) Үркер – өлілер дүниесі әміршісінің қыздары
- 4) «Үркер» сөзінің мағынасы. Өлі рух жасағы.
- Үлпілдек – Йелбі – Вельва
- 5) Валькириялар мен Эйнхерийлер
- 6) Скиф ғұрпы, Үркерлер және қызының ауылы.[2, 384-6]

Үркер – Торпақ (Сәуір, Телец) зодиактық шоқжұлдызының ауқымына кіргізілетін шашыранды

галактикалық жұлдыздар шоғыры.

Жай көзбен 6-9-ын ғана көруге болады (Үркердің кескіні, келбеттенуі, оған кіретін жұлдыздар саны, қозғалу уақыттары жөніндегі деректерде бірізділік жоқ, оның жеке жұлдыздарының санын біреулер 12-15 жұлдызға жеткізеді, расында, оның жұлдыздық шоғырында екі жүзден астам жұлдыз бар). Олардың ішіндегі ең жарығы – Альциона (немесе Торпақтағы «альфа»). Жалпы Үркердің (Плеядалар) белгілі жұлдыздары мыналар: Альциона, Атлас, Электра, Метропа, Плейона, Целено, Астерия, Астеропа. Қазақты (түркілік) «Үркер» атымен біріктірілген жұлдыздар шоғырының конфигурациясы ресми (бүгінгі астрономия ғылымындағы нақтыланған) Үркерлерге қарағанда өзгеше, сандық жағынан ауқымдырақ болғанын топшылауға болады. Бұл жерде қазақтық үркерлер қатарына «ресми» аспан картасындағы «Гиалаларды» да жатқызуға болатын сияқты[2, 385-6].

Үркер – қазақ танымындағы түнгі аспандағы бағдар тұтар нысандарының ішіндегі негізгісі болып табылған түнгі шырақтардың бірі. Қазақ ғана емес, басқа түркі



халықтары да осы жұлдыз шоғырын жақсы білген. Арабтар Үркерді «ас-Сурейя», парсылар – «Пірәйн», пуштулар – «Пәруана», моңғолдар – «Мечит» немесе «Суғ мүшен», орыстар – «Лось» (сондай-ақ, Волосыни – С.К.) десе, санскрит тілінде ол «Криттика» деп аталады. [3, 159-66]. Гректер осы шоқжұлдызды «Плеядалар» деп атаса, ежелгі римдіктер «Вергиялар» деп атаған. Үркердің бүгінгі орысша атауы – «Плеяды», яғни «Плеядалар» деп атаған. Плеядалар – Үркер шоқжұлдызының грекше баламасы, тек орыстың қазіргі тіліне осы тілден ауысқан.

Байырғы римдіктерде де, гректерде де, бабылдықтарда да Үркерлер ең маңызды бағдарлық аспан шырағы қызметін атқарған [4, 195-6]. Міне, осылардың арасындағы римдіктердің «Вергилий» жағынан да ұқсас болуы назар аудартады. Қараңыз, қырғыз, қарақалпақ, түрікменде бұл шоқжұлдызды «Үркер» деп атаса, оның айтылуы катонша – «Үркөр», өзбекше – «Ұқыр» немесе «Хүлкәр», башқұрт, тувата – «Өлкер», татарда – «Өлгәр», анадолиялық түрік пен эзирбайжаңда – «Үлкәр», ұйғырда – «Үкәр», балқар, қарашайда – «Ілкер», чувашта – «Елкер», қарақаста – «Ырғар», якутша – «Уөр» немесе «Уөргәл» болып шығады [3, 206-6]. Қарап отырсаңыз, саха-якуттық «Уөргәл» сөзі мен римдік «Вергилия» атауы сәйкес келіп тұр («уөргәл» «вургел» «вергилия»). Мұның да өзіндік себебі болуы тиіс, бұл жерде түркі халықтарының бұл атауды римдіктерден емес, керісінше, ежелгі римдіктердің бұл атауды илион (троялық) – этруск делдалдағы негізінде дейтүркілерден алғандағы қисындырақ болатын сияқты. Өкініштісі, римдік вергилияларға қатысты ешқандай мифтік материалмен таныс бола алмадық.

Үркерге қатысты тұрақты «сөз» көп, мәселен: «Үркер үйден көрінсе, үш ай тоқсан қысың бар», «Ел жатқанша Үркер жамбасқа келсе, жаз шықпағанда несі бар», «Толған Ай тұрса Үркерге қарсы қарап, қыс түсер шақырайып боран сабап», «Үркер мен ай ауыл қонысты, Үркер мен Ай тоғысты», «Үркер 40 күн жерде жатқанда ұрық болмайды, қошқар күйекке түспейді», «Үркер түсе жер қызады», «Үркер туса сорпа ас болады», «Үркер көтерілсе шөп көтеріледі, бидай тас тартады», деген сияқты басқа да тұрақты ұйқастар бар.

Қазақтағы Үркерлердің адами кейіптенуін төр түрлі вариантта көрсетуге болады:

1. Оларды тек қыздар деп есептеу. «Үркер деген жеті қыз екен, біреуін қарақшылар ұрлап алып кетіп, алтауы қалыпты. Содан «жеті қарақшы» атаныпты [5, 24-6]. Темірқазыққа арқандалуы жүрген Ақбозат пен Көкбозатты бір күні жеті қарақшы ұрламақ болады, бірақ күзетші айдаһар [Айдаһар жұлдызы] сол түні алдырта қоймайды. Сол кезде жеті қарақшының біреуі Үркердің кіші қызын алып қашады. Егер анықтап қараса Жетіқарақшы шөмішінің сабына тақау кішкене бәсең жұлдызды байқауға болады.

2. Оларды тек ер жігіттер деп есептеу. Маңғыстаулық (Шетпе кенті) Илияс Түгелбаев (1930-2002) деген қарт Үркердің бір шалдың он бес баласы екендігін, олардың ең кішісінің есімінің Кенжеқара екендігін, сондай-ақ олардың бірінің соңынан бірінің шұбатылып көріне бастау уақытының жарты айға созылатындығын айтқан еді.

3. Олардың біреуін еркек, қалғандарын қыздар деп есептеу. Бұл варианттағы еркек – қыздардың ағасы не әкесі (хан) болып суреттеледі.

4. Олардың біреуін қыз, қалғандарын еркектер деп есептеу. Ерлер – жалғыз қыздың ағалары деп есептеледі. «Үркер, негізінде, жеті жұлдыз екен, бұлардың жылтылдап көрініп тұратыны алтау. Жетіқарақшы келіп шапқанда, бұлар үркіп, «Үркер» атаныпты. Оның арасындағы бәрінен жарығырағы қыз болған соң, Үркер қызын қорғаймын деп, оны көрсетпей, бір жерге жиналып, жиналып, то топталып тұрады, әйтпесе Жетіқарақшы ұрлап әкетеді [7, 91-6]. «Үркерлер ағайынды жігіттер болған, олардың жалғыз қарындасы болған, оның аты – Үлпілдек екен (Жетіқарақшының сабының омырылып тұрған жерінен екі жұлдыз көрінеді. Үнді ертегісі бойынша бұл екі жұлдыз – бала арқалап жүрген кемпір, арабта – артына бала мінгестірген салт атты (Мицар мен Алькор), ал қазақтар осы жұлдыздың біреуін «Үлпілдек» деп есептейді).

Міне, осы Үлпілдекті Қыран Қарақшының жеті қарақшысы ұрлап қашқан, сол заманнан бері Жетіқарақшы қызды алып аспанда қашып келеді, ал Үркерлер олардың артынан қуып келеді, екінші аңыз; Жетіқарақшы Темірқазыққа байланған екі аспандық аттың [Ақбоз – Көкбоз] күзетшілері болып табылады, ал Үркерлер осы атты ұрламақ болған ұрылар, бұл аңыздың керісінше айтылуы да кездеседі, мұнда тағы да жеті қарақшы екі атта ұрлап кетеді, ал Үркерлер үнемі қуып жүреді [3, 107-6].

Біздің эзірге басты көңіл бөлетініміз – «қыз кейіпті Үркерлер» болмақ, өйткені осы бейне, біздің шамалауымызша, тым көне заманғы (матриархаттық) түсініктермен байланысты болып табылады. Қыз Үркерлердің бізге белгілі, дәлірек айтқанда, анықтап отырған екі мысал бар.

Үркердің қыз кейіпті болу варианты – мифтік тұрғыдан ең көнесі, біздің зерттеуіміз үшін – ең маңыздысы болып табылады. «Үркерлер – қыздар» кейіптік мысалы мынадай нұсқалар арқылы көріне алады:

1. Үркерлер – жеті қыз. Мәселен, эллиндік мифтегі үркерлер (плеядалар) – Атлант пен океанида (мұхит аруы) Плейонның жеті қызының жалпылама атауы, ол қыздар: Алкиона, Метропа, Келено, Электра, Стеропа, Тайгета, Майя. Жеті қыздың алтауы құдайларға күйеуге шықса, біреуі (Метропа) адам баласына (Сизифке) әйел болған.

2. Үркерлер – тоғыз қыз.

3. Үркерлер – қырық қыз. Қазақ (жалпы түркі) фольклорындағы «қырық қыз» бейнесі аспандық-күңтізбелік миф деңгейінде осы Үркермен байланысты.

4. Үркерлер – есебі нақтыланбаған қыздар.

5. «Үркер сөзінің» мағынасы.

«Үркер – қыздардың» мифтік сипаты: а) олардың бір кісінің (ханның, ханшаның, кемпірдің, т.б.) қызметіндегі қыздар, б) біреудің (әлдебір ханның, кемпірдің) қыздары болуымен ерекшеленеді. Яғни, олар не біреудің қыздары, не біреуге қызмет етуші қыздар («шашбау көтерушілер», свита) болып суреттеледі [2, 388-389-66]. М. Орынбеков өзінің

«Предфилософия протоказахов» деген еңбегінде алтайлық түркілерде «өлілер дүниесінің» әміршісі Ерліктің (Эрлик) қыздары жөніндегі деректі келтіреді; мұндағы қыздардың сипаттамасының қазақшысы тым анайы болып шығатындықтан аудармастан беріп көрелік: «Если о сыновьях Эрлика... ничего плохого не говорилось, а наоборот, их уважали..., то о дочерях этого не сказать. В слабом варианте легенды у Эрлика было две дочери (Сегіз көзді Кіштей ана и Ерке Сұлтан), о которых мало что известно. Зато в сильном варианте у царя подземелья имелось девять дочерей, о которых имеются заклинания:

Без коленных чашечек – изгибающиеся,
Без штанов голозадые,
С лицами, черными как клей.
С черными курчавыми волосами,
С косами, пять завитыми,
Бесстыдные, насмешливые,
С vulva-ми, как земная трещина,
С грудьями, как холмики,
Задницами влияющие,
Грудьями болтающие,
Девять черных дочерей Эрлика...

Налицо резкое противопоставление дочерей как праздных и любвеобильных бездельниц и сыновей Эрлика, защищающих людей наземных аулов от злых существ и потому почитаемых ими в качестве родовых покровителей [9, 203-204-бб].

Үркер қай аңызда болса да Жетіқарақшының қарсыласы болып табылады, бұл жерде ұрланған «үркерлік» қыз Үлпілдектің болу-болмауы негізгі емес, ол қыз тек мифологиялық антагонизмді түсіндіруге керекті салдар ғана. Ал «Үркер» деген сөздің мағынасына үнілу осы карама-қарсылық жағдайында актуалды болып шығады. «Үркер шерік» сөзін «Үркер әскер» деп оқуға болады, яғни сөздің қандай да бір әскерге қатыстылығына сеніміміз арта түседі. Сөздің екі варианты да ежелгі мәнге ие, «үрк» - «үрей» - «өлген адамның жаны, аруағы, рухы», бұл осы күнгі «аруак» сөзінің ежелгі түбірлес синонимі (аруак – арук – арұк – арқ және үрк), бүгінгі қазақ тілінде «қорқынышты» мәнге ие болған (үрейленді, үрейі ұшты, маңғыстаулық қазақтарда бұл сөз «аруак» сөзінің орнына қолданылған, мысалы, «ата-бабаның

аруағы» - «ата-бабаның үрейі»). Сонда «үр-кер», «өлген ата – баба әскері» деген мағына берсе, қазіргі мағынасы – «үрейлі, қорқынышты өліктер жасағы» болып шығады.

Сөз соңындағы «-ер» компонентін дей-түркілік көптік жалғау, бүгінгі түркі тілдеріндегі «-лер» (-лар, т.б) жалғауының бастапқы нұсқасы деп қабылдар болсақ, онда «үркер» сөзін «үркітер, рухтар», «үлкер» сөзін «үліктер, өліктер» деп оқыр едік, яғни алдыңғы тұспалдық нұсқада айтылған тұжырым іс-жүзінде өзгермей қалады,- деп зерттеуші С.Қондыбай өзінің еңбегінде пайымдаған [2,394-б].

Бізге қазақ аңызынан белгілісі – екі қарулы жауынгерлер тобы – аспандық әскер бар, олар бір-бірімен жау, осы жауластықтың себепкері – қыз – Үлпілдек, осы есім бүгінгі қазақтың осы мәнге ие сөзі де болар (үлпілдек – пухлый, пышный, пушистый), бірақ осы жаңа мағына белгісіз ежелгі атауға сырттай ұқсас болғасын қойылуы да әбден мүмкін [2, 396-б].

Үркерлердің қазіргі мамыр (бұрынғы – көкек, наурыз айларындағы) жерге қонуын, егер біз Үркерлерді «өліктердің рухы» деп түсінер болсақ, өлген ата-баба рухтарының жер бетіне түсуі, ұрпақтарымен көрісуі деп қабылдауға, сондықтан көктемгі ата-баба рухтарына құрбандық беру шараларын осындай «ата-баба рухтарын қонаққа шақырып, ас беру ісі» деп түсіндіруге болады [2,398-б].

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Қалиев Ф. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. Сөздік-Словарь- 2005.
- 2.Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. Алматы - 2004.
- 3.Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Адам мен жұлдыздар арақатынасы. Қазақ тарихы. – А,1995.
- 4.Әбішев Х. Аспан сыры.– А, 1966.
- 5.Шынышыл мен суайт (Е 3-300).–Алматы.
- 6.Орынбеков М. Предфилософия протоказахов.–Алматы, 1994.

ҚАЗАҚ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІНІҢ ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ

Тоқай Айым

Жетекшісі: Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Рахметова Бейнегул Ариповна Алматы облысы Кеген ауданы Тоғызбұлақ ауылы Қ.Байғабұлұлы ат.орта мектеп

Түйіндеме. Мақалада қазақ мақал-мәтелдерінің танымдық сипаты сөз болады.Халықтардың әдеби тілдерінің бүгінгі кемелденген кезінде тілдің атқаратын қызметі орасан зор, себебі тіл неғұрлым кемелденген болса, тіл мәдениеті, сол тілді дүниеге келтірген халық менталитеті де соғұрлым жоғары болмақшы. Ал бұл әдеби тілдің мәдениетін, байлығын, көркемділігін, бейнелілігін арттыратын лексикалық категория - мақал-мәтелдерге де байланысты. Тілдің лексикалық құрамының бөлінбес бір сыңары саналатын мақал-мәтелдер де ұлт тілінің ғана емес, ұлт мәдениетінің де көрсеткіші болып табылады.

Тірек сөздер:Мақал-мәтел, таным, болмыс, тілдік бірліктер, семантика.

Қазақ мақал-мәтелдерінің тек сан жағынан ғана

емес, сапа, мазмұн тұрғысынан алғанда да алуан түрлі. Оның басты себебі: ұлттық менталитеттің тілдегі



ерекше мәнді де маңызды өрнегі болып саналатын мақал-мәтелдер қазақ этносына тән дүниетаным мен тарихи сананың айқын айғағы, халық даналығы мен философиялық толғанысының, эстетикалық танымы мен тағлым-тәлімнің, өркениетінің, мәдениетінің - барша болмысының бұлағы.

Ғылымда «этникалық мәдениет» және «этнос мәдениеті» деген түсініктер қалыптасқан. Осыған сәйкес әркімнің ұлттық-этникалық көзқарасын, салт-санасын берік сақтап, атадан балаға мирас ретінде жеткізетін – халық мақал-мәтелдері.

Әр халықтың өзіндік өзгешелігін танытатын тарихы, өмір сүру ортасы, дүниені тану көзқарасы мен наным-сенімі, әдет-ғұрпы, салт-санасы сол халықтың тіліндегі тілдік бірліктерде, оның ішінде мақал мен мәтелдерінде ізін қалдырады. Мәселен,

Асық ойнаған азар,
Доп ойнаған тозар,
Бәрінен де қой бағып
Күйрық жеген озар.
Барымталап алған мал емес,
Қуып алған - құн емес.

Бірінші мақалды қарастырсақ, қазақ халқының ежелгі шаруашылығы мал бағу болғандықтан, балаларының күні ұзақ асық ойнап, доп теуіп өткізгенін қаламайды. Керісінше, пайдалы іс – қой бағып, тамағын тауып жегенді мақұл көреді. Соны бүкіл жас ұрпаққа уағыздай отырып, уақытты тиімді де пайдалы іске жұмсаңдар дегенді аңғартады.

Келесі мақал қазақ даласына кең тараған «барымташылықтан» хабар беріп тұр. Алайда бұл әрекеттің дұрыс қылық еместігін, барымтамен алған малдың иесіне мал болып жарытпайтындығын, біреуді шырылдатып жүріп, құн алғандық та нағыз құн болып есептелмейтіндігін тура мағынада түсіндіріп тұр. Бұл мақалмен танысқан адам қазақ жұртының сайын даласында ежелден қалыптасқан «барымтадан», «құн дауынан» дерек алары анық. Міне, талданған мақалдардың қай-қайсысын алмайық, бірі күн көріс әрекетінен, келесі бірі ел ішіндегі ұрылардың айналысқан ісінен хабардар етеді. Яғни бүкіл этностың мәдениетін, салт-санасын таныстырып тұр.

Қазақ халқы ерте заманнан бері қолөнер кәсібін жетік меңгеріп, тоқымашылық, зергерлік, етікшілік, ұсталық кәсіпті жақсы дамытқан. Қалың бұқара ішінде ежелден «он саусағынан өнер тамған» адамдар өте қадірлі болған. Халық арасында үлкен беделге, сый-құрметке ие жандар болған. Сондықтан болар, «Өнерлі адам ешқашанда өлмейді» деген дана сөз қалыптасқан.

Қарап отырсаңыздар, аз ғана сөзге не болмаса бір, бірер сөйлемге қаншама дерек сыйыстырылған. Аз сөзбен көп жайды аңғартатын мақал-мәтелдер бүкіл этностың болмысын көз алдына елестете алады екен. Демек, қазақтардың этномәдени сипаты олардың әрбір мақал-мәтелдерінің бойынан көрініс табады деп нық айтуға болады.

Мақал-мәтелдер салыстыра отырып, жинақталған ұқсас мақал-мәтелдердерді зерделей қарастырғанда ұқсастықтың үш түрлі деңгейі болатындығы байқалады.

Бірінші деңгей — мақал-мәтелдердің мағынасы мен құрам-құрылымы жағынан толық сәйкес болып

келетін абсолютті (толық) ұқсастық.

Екінші деңгей – компоненттерінде азды-көпті өзгерістер бар, бірақ мазмұны ұқсас мақал-мәтелдер.

Үшінші деңгей — құрылымы толық сәйкес болмаса да, жалпы түрде ұқсастығын сақтаған, бірақ екі тілдің өз логикасы бойынша қалыптасқан, құрамы-құрылымы елеулі өзгеріске түскен мақал-мәтелдер [1].

Бірінші деңгейдегі мақалдарға мысал:

Адам адаммен адам

Асы піспестің қазаны оттан түспес

Екінші деңгейлі мақал-мәтелдер қазақ және ұйғыр халықтарында молынан кездеседі.

Ат айналып қазығын табар, Су айналып жазығын табар (қазақша)

Ағайын тату болса — ат көп, Абысын тату болса — ас көп (қазақша)

Екінші деңгейге жатқызылған жұп мақал-мәтелдердің бәрі де мағына жағынан ұқсас, бір ғана ұғым-түсінікті білдіретін мақал-мәтелдер.

Үшінші деңгейдегі мақал-мәтелдер, әдетте, құрылымы, құрамы өзгеше, бірақ екі халықта да мазмұны өзара ұқсас келеді. Мысалы: қазақтың «Бір құмалақ бір қарын майды шірітеді» деген мақалына ұйғыр мақалы мәндес келеді.

«Бір құмалақ бір қарын майды шірітеді»-нің беретін мәні бір адамның істеген жаман қылығы көптің, ұжымның атына кір келтіреді. Мақалының аудармасы - «бір жалқау мынды жалқау етеді». Екі тілдегі мақалдың беретін ортақ мағынасы - бір нәрсенің көпке теріс әсер етуі.

Бір қызығы, қазақ халқы өз мақалына негізгі шаруашылық кәсібінде пайдаланылатын «құмалақ», «қарын» сөзін қолдана отырып, қалыптастырған.

Түсінік, таным, ұғым, ойлау, әдетте, тіл арқылы бейнеленіп, көрініс табады. Ұғым мен атаудың арасында табиғи байланыс міндетті түрде болады. Сондықтан атауларда олардың уәжділігі адам танымымен тығыз байланыста қарастырылады. Заттың белгілі бір бастапқы қасиетіне бағытталған сөз уақыт өте келе тілдік эволюция жолында алғашқы мағынасын жоғалтуы мүмкін. Кез келген сөздің атауы адам психологиясында қалай қабылданып, қай жағынан әсер ететіндігіне байланысты. Сондықтан кез келген сөз бен оны тудырған себеп арасындағы мағыналық байланыс үзіле береді. Жоғарыда келтірілген адам психикасының бітімі кейбір түсініксіз сөздерді қайта өңдеу арқылы оның басқа бір баламасын тауып, жаңа уәждеме жасай алады [2, 69]. Бұдан шығатын қорытынды балама құбылыстарға негізделген сөз бойындағы бейнелілік.

ММ-дердің тақырыптық топтары әр халықтың өмір-тіршілігіне, дүниетанымдық қасиеттері мен рухани болмысына байланысты. Бұл топтардың мазмұны Түркі халықтарының, оның ішінде түркі тектес халықтардың ММ-дері уәждік сәйкестік пен айырмашылықтар олардың ұлттық тілдерінің өзіндік айшықтарымен, белгілерімен тығыз байланысты.

Түсінік, таным, ұғым, ойлау, әдетте, тіл арқылы бейнеленіп, көрініс табады. Ұғым мен атаудың арасында табиғи байланыс міндетті түрде болады. Сондықтан атауларда олардың уәжділігі адам танымымен тығыз байланыста қарастырылады. Заттың белгілі бір бастапқы қасиетіне бағытталған сөз уақыт өте

келе тілдік эволюция жолында алғашқы мағынасын жоғалтуы мүмкін. Кез келген сөздің атауы адам психологиясында қалай қабылданып, қай жағынан әсер ететіндігіне байланысты. Сондықтан кез келген сөз бен оны тудырған себеп арасындағы мағыналық байланыс үзіле береді. Жоғарыда келтірілген адам психикасының бітімі кейбір түсініксіз сөздерді қайта өңдеу арқылы оның басқа бір баламасын тауып, жаңа уәждеме жасай алады [3; 69]. Бұдан шығатын қорытынды балама құбылыстарға негізделген сөз бойындағы бейнелілік.

ММ-дер бойында кездесетін уәждеме, бұл - семантикалық уәждеме. Аталмыш терминді қазақ тіл білімінде кезінде ғалым Ж.Манкеева қолданған болатын және өз еңбегінде уәжділікті үшке бөліп қарастырады және де атаулардың дәрежесін былай жіктеп көрсетеді:

1) Бірінші дәрежелі немесе алғашқы атау (первичная номинация). Ол – атаудың аталушы заттың қасиеттерімен уәждеделуі немесе «шындық фактілерінің тілдік жүйенің фактісіне айналуы.

2) Екінші дәрежелі немесе кейінгі атау (вторичная номинация). Онда сөздің семантикалық дамуы нәтижесінде өзін тудырған түбірімен мағыналық байланысы үзіледі, яғни «жаңа атаулар үшін тілде бұрыннан бар атауыштық құралдарды пайдалану [4; 245].

Ал уәждемені сөзжасамдық тұрғыда зерделеген Б.Қасым: «Уәждеме — шындық болмыстағы заттар мен құбылыстарға туынды атауға қажетті негіз болатын тілдік бірліктер», - дейді [3; 110]. Шынымен де адам заттар мен құбылыстарды танып білу нәтижесінде жаңа атаудың ұғымдық қасиетіне тән белгісін тандауы оның дүниетанымына, тәжірибесіне байланысты айқындалады. Сол арқылы атауды белгілеудің танымдық қасиеті анықталады.

Осы тіл қазыналарының бойында мотивтік құбылыстың бейнеленіп, қалыптасуын Г.Л.Пермяков та: «Мақал-Мәтелдердің ұзақ тарихи жасалу, қалыптасу жолы бар, өзіндік уәжділік негіздері бар, құрамдық-құрылымдық қалпы тұрақты, көркем де әуезді, поэтикалық заңдылық бойынша құрылып, негізгі мағынасы абстракцияланып, ауыс мағынасында қолданылатын, гомоцентристік принцип бойынша, негізінен, Адамға ғана қатысты жұмсалатын этнолингвистикалық күрделі құбылыс», —дей отырып [4, 35 б], ММ-дердің мотивтік негізде қалыптасқанын растайды.

Енді осы пікірлерді басшылыққа ала отырып, қазақ және ұйғыр тілдеріндегі көненің көзі, ғасырлар жемісі ММ-дердің уәждік ұқсастықтарына тоқталып өтелік.

Этнолингвистік топтастыру принципі бойынша жіктелетін «Адам», «Қоғам», «Табиғат» топтарына қарай сараланатын ММ-дердің басым көпшілігі антропоцентристік принцип негізінде өзінің ауыс мағынасында болса да, адам болмысына қатысты болып келеді. ММ жоғарыда көрсетілгендей, әр тілдегі мақал-мәтелдердің баршасы антропоцентристік принцип бойынша қалыптасып, қалай жасалып айтылса да, адам баласының өзіне, яғни әрбір халықтың өкіліне бағышталып, соның бойындағы не жақсы, не жаман қасиеттерін сипаттауға арналады.

Сондықтан ММ-дердің уәждік ұқсастықтары мен

өзгешеліктерін сараптар алдында «біз барлықтағы барша заттар мен құбылыстарды үлкен үш салаға топтастырып, ішкі жүйесі мен мағынасына қарай шоғырландырып қарағанда көре аламыз. Оларды біз шартты түрде «Адам», «Қоғам» және «Табиғат» деп атауды ұсынамыз», — деп академик Ә.Қайдар көрсеткендей [2; 134], жұмыста осы ғалым еңбегінің ізімен ММ-дер үш топқа бөлініп қарастырылды.

Барлық түркі тілдеріндегі мен уәждік негіздері де әр түрлі.

Еңбекте «Адам» бөліміне әке-шеше, бала тақырыбына қатысты, Адам болмысына қатысты, туған-туысқа қатысты, Ас, тамақ тақырыбына қатысты, туған жер тақырыбына қатысты, т.б. тақырыптарға қатысты ММ-дер топтастырылды. Ал «Қоғам» тобы өзіне мал шаруашылығы, аңшылық кәсіп, егін шаруашылығы тақырыптарын қамтыды. «Табиғат» деп аталатын салаға табиғи түр-түске, жыл мезгілдеріне, табиғат құбылыстарына қатысты ММ-дер жатқызылды. Бұлардың әрқайсысын талдап көрсету мүмкін болмайтындықтан, кейбіреуін ғана беруге тура келді.

Белгілі ғалым Ә.Қайдар мақал-мәтел туралы былай дейді: «Қазақ мақал-мәтелдердің халықтың өткен өмірі мен бүгінгі болмысын танып білуде дүниетанымдық, логикалық, этнолингвистикалық жағынан мәні өте зор. Себебі, дүниеде, қоғамда, табиғатта қалыптасқан құбылыстардың бәріне мақал-мәтелдердің қатысы бар. Дүние болмысының өзінде о бастан ақ қалыптасқан табиғи реттілік бар. Ол реттілік барша заттар мен құбылыстарды үлкен үш салаға топтастырып, ішкі жүйесі мен мағынасына қарай шоғырландырып қарағанда ғана көрінеді» [2; 142-6]

Тіл білімін зерттеуде бір ғылымның құзырында кейде бірнеше ғылымның тоғысу процесін зерттеу мәселесі туындайды. Солардың біріне мақал-мәтелдер категориясы жатады. Оның басты себебі халықтың мәдениеті, өмір-тіршілігі ұқсас, тілі ортақ этностардың болмысында міндетті түрде бір-біріне әсерін тигізу, өз ықпалын жасау процесі байқалып отырады.

Мақал-мәтелдер ғасырлар шежіресі. Онда халық тарихы, оның әлеуметтік тіршілігі, ақыл өнегесі мол көрініс тапқан. Мақал-мәтелдер ой дәлдігімен, тереңдігімен, ықшамдылығымен ерекшеленеді. Онда өмірдің сан алуан құбылыстарына баға беріліп, үлкен түйін жасалады, халықтың ғасырлар бойғы тәжірибесі қорытылады.

Халық даналығы үлкен ойды аядай қалыпқа сыйғызып, асқан шеберлік танытқан. «Көп сөз - көмір, аз сөз - алтын» дегендей, мақал-мәтелдің өн бойынан поэзияға тән жинақылық, үнділік, саздылық, ұйқас, ырғақты кездестіреміз. Онда басы артық бір сөз болмайды. Барлығы өз орнында. Мақал-мәтелде бәрі екселген, сұрыпталған, жымдаса біріккен, ой өрнек ажыраспас туыстық тапқан.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ мақал-мәтелдерінің көркемдік табиғаты // ҚазҰУ-дың Хабаршысы. Филология сериясы – Алматы: 2006, № 96. – 56-58 бб

2. Қайдар Ә. Халық даналығы. – Алматы: Тоғанай Т, 2004. – 560 б.

3. Қасым Б. Қазақ тіліндегі заттың күрделі атауларының теориялық негіздері – Алматы: 2002 – 312 б.

4. Манкеева Ж. Мәдени лексиканың ұлттық сипаты – Алматы: 1997, – 272 б.

5. Қарсыбекова Ш.П. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерді топтастырудың

этнолингвистикалық принциптері. Алматы, 2004, – 266.

6. Дина Б. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің танымдық прагматикалық аспектісі. Ф.ғ.к. дисс. қолжазбасы. 10.02.02. – Алматы, 2002. – 110 б.

І.ЖАНСҮГІРОВ «ҚҰЛАГЕР» ПОЭМАСЫНЫҢ МЕТАФОРЛАРДЫҢ ҚОЛДАНЫС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Нұрмұханбет Нұрайлым Нұрғанатқызы

Жетекшісі: Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Манапова Ұлан Наурызбекқызы
Алматы облысы Талғар ауданы № 34 орта мектеп

Түйіндеме. Мақалада ХХ ғасыр қазақ даласында, жер жаннаты Жетісуда жыр Құлагері - Ілияс өмір сүріп, өзінің саналы ғұмыры мен талантын елдің оянуына арналған, халықтың өркениетке ұмтылуына, өнер мен білімге жетуіне өзіндік үлес қосқан тұлғаларының бірі - ақын Ілияс Жансүгіров шығармаларын тілдік тұрғысынан жан-жақты талдау мақсат етілді. - Ілияс Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасы тілдегі көріктеу құралдардарының бірі - метафоралық қолданыстарды лингвистикалық тұрғыдан талданды.

Тірек сөздер: І.Жансүгіров, «Құлагер» поэмасы, метафора, қолданыс ерекшеліктері.

Ілияс Жансүгіров - қазақ поэзиясы көгінен көрінген халықтың біртуар перзенті. Халық ауыз әдебиетінен, жалпыхалықтың тіл дәстүрінен үлгі-өнеге алған, ұлы Абай шығармашылығынан сусындаған Ілияс Жансүгіров жырлары - ХХ ғасыр қазақ поэзиясындағы ерекше туындылар. Өйткені, «Көп қырлы талант иесі І.Жансүгіровтің даңқын шығарған, алдымен, оның поэзиясы». Туған әдебиетіміздің дамуына өзінің көркем туындыларымен үлес қосқан Ілияс Жансүгіров өз поэзиясында өмір ақиқатын, болмыс сырын сырлы сөзбен бейнелеп, адамның сезім күйі арқылы өмір шындығын көркем тілмен танытады. Ақын туындыларының халық сүйіспеншілігіне бөлену сыры да осында. «Құлагер» поэмасындағы Ілияс Жансүгіровтің тілдік тұлғасын қазақ халқының тарихымен, таным-түсінігімен байланыста танудағы ұмтылыстың қажеттілігінің мәні қазақ тіл білімінің де ұлттық танымға негізделген жана үрдісті зерттеу екені көрсетіп отыр. Сондай-ақ тілдік тұлға мәселесі жеке жазушылардың немесе бүтіндей бір әдеби тіліне арналған зерттеулерде қолға алына бастады. Сонымен қатар, тілді диахрониялық тұрғыдан зерттеуге қазақ тіл білімі де бет бұрғаны белгілі. Мұндай бағыттағы жұмыстардың жүргізілуі ұлттық болмыс пен халықтың тұрмыс-тіршілігіне, дүниетанымына қатысты ерекшеліктерді сипаттап, тіл мен ұлттың тығыз бірлікте екендігінің дәлелі болмақ. Сондықтан да Ілияс Жансүгіров шығармаларындағы ақынның өзіне тән тарихи-мәдени тілдік деректер негізінде қарастырлып, поэма тіліндегі ұлт дүниетанымын білдіретін лексикалық қызметін көрсетуге ұмтылыс жасалды. Осыдан ақынның жалпы халықтық тілді пайдалану үлгісін лингвистикалық тұрғыдан зерттеу қажеттілігі еріксіз туындайды. Өйткені суреткер тілдің көркемдігі мен бейнелілік сыры көркем тілтану тұрғысынан қарастырғанда ғана айқындалатыны белгілі. Сондықтан да ақын шығармаларын тілдік тұлғасын анықтап, оның көркем поэма тілінің тілдік тұлғасын зерттеу тақырыптың өзектілігін танытады.

Қазақ халқының ауыз әдебиеті тарихына көз жіберсек, билердің дауында, шешендердің айтысында болған оқиғаны тура өз атымен атамай, жобалай сөйлеп, бірін-бірі ұғысып, аз сөзбен ел арасын не шабыстырып, не бітістіріп кететін жайлар аз болмаған. І.Жансүгіров көп жерде сол дәстүрді мол пайдаланған. Ілияс негізгі ойды метафоралар арқылы беру тәсілін жиі қолданған.

Метафора - белгілі бір нысанның (объектінің) басқа топтағы нысандардың белгісі мен қасиетіне қарай ауыстыра қолданатын троптың бір түрі. Сөйтіп суреттеліп отырған заттың не құбылыстың мағынасын үстеу, мазмұнын тереңдетіп, әсерін күшейту [1].

І.Жансүгіров поэмасының көркемдік қуатын танытатын тілдік құралдың бірі - метафора болып табылады. Ақынның поэмасында метафора ақынның айтар ойын образды жеткізуге қызмет атқарады. «Құлагер» поэмасында:

Ақанда сол күндегі сопы десек,
Әсем тау оған құбыла, Меккеге есеп.
Ән - азан, әдемі сөз - намаз болып,

Кітап болып көңілін ашқан гүл-бәйшешек,-
деген шумақта метафоралар өрнегі бір-бірімен жымдасып келген. Метафоралық сөз түзілістері бірінші тармақта айтылған «Ақан-сопы» деген ұғымнан туындайды: әсем тау - құбыла, Мекке, ән, азан, әдемі сөз - намаз, кітап - көңіл ашатын гүл - бәйшешек метафоралары «сопы» Ақанның «діни ұстанымдары» - әсем тау, ән, әдемі сөз екенін оқырманына жеткізеді. Мұндай ұтымды жасалған метафораларды Ілияс шығармаларының өн бойынан көріп отыруға болады. Мысалы, атақты «Құлагер» поэмасында мынадай тіркестер куә болды:

Сыр десте сері атына шапқан бала,
Бәйгені шапқан сайын қаққан бала,
Құланың құлағында ойнап өскен,
Серіге сенімді боп жаққан бала,
Төртеудің мың үш жүзден мойны озып,

Құлагер келе жатты тістеп күйрық, - деген шумақтарда сөз мәнін өңдендіре өзгертіп айту,

суреттеліп отырған затты не құбылысты айқындай түсу үшін, ажарландыра түсу үшін оларды өздеріне ұқсас өзге затқа не құбылысқа балап отыр. «Құлагер» поэмасында Ақан сері өмір сүрген заманды оқырманға дәл, анық және көркем жеткізуде аламан ақын ауыстырып, баламалы түрде метафоралық образдармен суреттейді.

Заманда сонау сарсаң Ақан тұрған,
Ол заман - ерге тұсау, зорға думан.
Жалмап жел айналасын аш кенедей,
Семірген жұрт қанына нелер жуан.
Хан қабан - халық құлағын бұрап тұрған,
Бүйі би - билеп-төстеп сұрап тұрған.
Қор қылып ақ алмасты отқа көсеп,
Жүз - жүз жар теңін таппай жылап тұрған -

дегенде Ақан заманы - ерге тұсау, жуандарға думан екені, ханды қабанға, билеп-төстеп сұрап тұрған биді бүйіге балап, сол кезеңнің әлеуметтік тынысын дөп басады. Осы поэмадағы күресіп жатқан екі балуанның сайысын ақын «қаршыға қазды қағып алды міне» дейді. Сол сияқты:

Мергеннің бір маралға көзі түсіп,
Секірген бір киікті қасқыр көрді, - деген жолдар Құлагерді (киікті) тамақтағысы келген қанды ауыз «қасқыр», әпербақан, баққұмар Батыраштың жіберген қаракшысы. Дәл осы шумақта сол қаракшы біресе мерген, біресе қасқыр болып, Құлагер біресе маралға, біресе киікке айналып тұр. Осы поэманың «Ас» суретінде дүлдүл ақын қазақ асына жиналған қауымының бір бөлігі - молдалар екенін былай деп метафора арқылы суреттейді.

Албасты Арқадағы абы жылан,
Молда отыр ысқырынып оқып құран.
Атты арбас, атаң жұртып жатыр молда,
Құранмен жем түсіріп жуан-жуан.
Бұл шумақта жемқор молда Арқадағы албасты әрі абжыланға баланады.

Метафоралық тіркестер:

1. Шарықта шартарапқа қиял құсы,
Көңілдің кеп тұрғанда күнді алғысы. [2, 254]
2. Ақтарып асыл сөздің алтын, жезін
Салатын дүкеніме бар мінезім. [2, 255]
3. Қызықтың айдынына құлаш ұрып,
Армансыз қаздай қалқып, қудай жүзген. [2, 262]
4. Тірегі көңілімнің, бәйтерегім, [2, 308]
5. Құлазып күзді күнгі Көкшетаудай,
Қызықтың көшіп кеткен сар жайлауы. [2,

230]

Ақын поэманың «Толғану» бөлімінде өзін халықтың ескі жыр-аңызына құлақ түріп, соларды жаңғыртып жырлайтынын өз заманының ең өзекті, жаңа кәсібі «инженерге» балап жеткізеді:

Ақтарып асыл сөздің алтын, жезігін,
Салатын дүкеніме бар мінезім.
Ақтарған Арқа астын инженермін,
Ал жұртым, керегіңе тұрса сөзім.

Осы «инженер» мамандығына орай ақын асыл

КИЕЛІ САН ҰҒЫМДАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Рябич Алексей

Жетекшісі: Қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі Шиникулова Салтанат Нұрбековна
Алматы облысы Талғар ауданы Белбұлақ ауылы №10 орта мектеп

сөздің алтын, жезін ақтару деген метафоралық образбен өлең «дүкеніне» сөздің алтын, жезін салатынын кестелі бейнелейді.

а) Адамға қатысты метафоралар:

Метафораларды саралай келгенде, олардың адамға, оның дене мүшелеріне байланысты жасалғандарын көп кездестірілді. Адам өзінің қасиеттерін табиғат құбылыстарына, жансыз нәрселерге ертеден-ақ теліген. Бұған қарағанда адамға қатысты метафоралар - ең көне метафоралар.

«Ауыз» сөзімен құрамдас келетін метафоралар:

Елдің де ескі ауызында жоқ па екен сыр?

«Жүрек, кеуде» сөзімен келетін метафоралар:

Баласы Бекайдардың Батыраш бар,

Өр көңіл, жуан кеуде, бір аусардың.

ә) Жануарға қатысты метафоралар.

Тілімізде жануарлар атауына байланысты метафоралар көптеп кездеседі. Қазақ әдебиетінде, әсіресе, ауыз әдебиетінде, жау жүрек батырды бөріге балау жиі кездеседі. Ілияс Жансүгіров поэмаларында бөрінің қасиеттері алынып метафораланады.

Есітіп Батыраш боп бұлқан-талқан,

Көкжалды қысып кетті-ау, ашу-сайтан.

Шебер ақын Ілияс Жансүгіров Құлагерден айырылып далада қалған

Ақанды байғызбен салыстырады:

Көңіліне Құлагерден құйылып мұз,

Күйкііп отыр таста, Ақан - байғыз.

в) Өсімдіктер дүниесіне байланысты туған метафоралар.

Ілияс поэмаларында қызыл гүлге балау жиі кездеседі:

Қызыл гүл сен болғанда гүл бақшада,

Біз бұлбұл күйін шерткен Ирандағы.

Бәйтерек, қайың сөздерімен келетін метафораларды да ақын туындыларынан кездестіруге болады:

Құлагер, жас күніннен тайым едің,

Солқылдап тауға біткен қайың едің.

Метафора - сөз мәнін өңдендіре өзгертіп айту, суреттеліп отырған затты не құбылысты айқындай түсу үшін, ажарландыра түсу үшін оларды өздеріне ұқсас өзге затқа не құбылысқа балау;

Метафора - сөздің бейнелілік, суреттілік қасиетін арттыратын тіл құралдарының бірі [3].

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қоңыров Т. "Қазақ тілінің тұрақты теңеулер сөздігі" А., 1990.

Қоңыров Т. "Қазақ теңеулері" А., 1978.

2. Жансүгіров І., «Құлагер: Поэмалар мен өлеңдер», «Жазушы», 1994 ж. 356 бет. Әзірлеген С. Дәуітов.

3. Хасанов Б. І. Жансүгіровтің "Құлагер" поэмасындағы метафоралар // Қаз ССРФА Хабарлары / 1962.

4. І. Жансүгіров "Поэмалар мен өлеңдер" А., 1994.



«XXI ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелері анық» деп Елбасының халыққа арнаған жолдауында атап көрсетілгендей, ұрпағы білімсіз елдің келешегі де бұлыңғыр екені баршаға аян. Әрбір мемлекет, әрбір ұлт өз өкілінің білімі мен бойындағы ерекше қасиеттері, таланты мен дарындылығы, өзгелерден ерекше табиғи қабілеті арқылы биіктерден көрініп, басқаларға қарағанда оқ бойы озық тұратынымен бағаланады. Өз ұлтының салт-санасы мен ата-бабасынан келе жатқан дәстүрін бойына ана сүтімен, әке қанымен сіңірген әрбір ұрпақ осы заман талабына сай біліммен қаруланса, ел келешегі еңселі, мәртебесі биік, арманы асқақ, елдің мерейі үстем болмақ.

Қазақ киеге үлкен мән берген халық. Табиғаттың кейбір апаттарын, отты, кейбір жануарлар мен құстарды, көшпелі тұрмысқа қажетті заттарды киелі деп қастерлеген. Сондай-ақ қазақ халқының өмірінде түрлі мәнді ерекше сипат бере отырып жиі қолданылатын сандар тізбегі көп. «3, 7, 9, 40» сандар тізбегін өзіміздің салт-дәстүрімізден, ырым-тыйымдарымыздан, нақыл сөздерімізден, мақал-мәтелдерімізден анық көруге болады.

Наным-сенімге қатысты «киелі ұғымдар» негізінде пайда болған құбылыс.

КИЕЛЕ е т. - Кие санау, құрметтеу. Қазақ баласы жылқы атауына «жарықтық» деген сөз қосып, кейіптендіріп, к и е л е п отырған (Білім және еңбек, 1985, №10, 28).

КИЕЛЕУ - Киеле етістігінің қимыл атауы.

КИЕПЕ з а т. ж е р г. Сазай, жаза. Олар адырандаған адай батырынан киер к и е п е с і н эп-сәтте-ақ киіп шықты (Ә. Кекілбаев, Үркер, 105).

КИЕТЕК з а т. м и ф. - Ескі наным-сенім бойынша халықтың кие тұтатын, табы- натын нәрсесі; тотем. Қазақ халқының наным-сенімі мен салт-дәстүрінде к и е т е к деп санайтын үрдіс күні бүгінге дейін сақталған (А. Сейдімбек, Қазақ әлемі, 218) [1].

Сан атауы сәбидің ана құрсағында болу уақытымен байланысты ерекше қолданысқа ие болған.

1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10 сандарының қадір-қасиетін біле отырып, әрбір сан жайлы ой толғанысын тудыру, білімге құштарлықты оятады.

Қазақ халқының киелі сандарын оқи отырып, сандар мен олардың сырларын терең ұғындыру арқылы өз бойымызға сіңіріп, әрі қарай дамытамыз.

«Сандар әлемді басқармайды, бірақ қалай басқару керектігін үйретеді», - деп ойшыл, әрі ақын Гете айтқандай, сандар төңірегінде үлкен сыр бар екені о бастан-ақ сезілген [2].

Киелі сандар бар кейбір фразеологизмдер мен мақал-мәтелдердің қалыптасу және қолданылу ерекшелігіне қысқаша тоқталмақпыз. Өйткені сан есім қатысқан фразеологизмдер, жалпы сөз тіркестері қаншама зерттеліп келе жатса да, оның қыры мен сыры түгел ашылды деуге болмайды.

Сан атауы сәбидің ана құрсағында болу уақытымен байланысты ерекше қолданысқа ие болған. Сандар адам баласының ертедегі өмірінде уақыт өлшемі, көлем өлшемі жағынан ерекше қызмет атқарған. Мысалы, бұрын бескүндік апта болса, бергін келе апта

жеті күннен тұратын болды.

Сан атаулары фразеологиялық единица жасауда көп қолданылады, қазақ және ағылшын тілдеріндегі діни наным-сенім, әдет-ғұрып, салт-дәстүрге байланысты тұрақты тіркестер тіл байлығы болып саналады, сонымен бірге ерте замандардан бергі рухани өмірдің байлығын, оның қыр-сырларын өз бойына жинап, жан-жақты көрсетеді.

Сан есімдердің ішінде кейбір сандар сандық мәнімен қатар басқа мағынада қолданылуымен ерекшеленеді. Бұндай жағдай осы сандар аңыз-әңгімелерде, жыр-дастандарда, салт-дәстүрлерде және басқа дүниетанымға байланысты қолданылатын тұрақты тіркестерде кездеседі. Сонымен бірге бұл құбылыстың тарихы да арыда жатқаны анық.

Фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерде әртүрлі сан есімдер (екі, төрт, бес, алты, сегіз, елу, жүз, мың т.б.) қолданылады.

Бірнеше мысал келтірейік:

Ердің екі сөйлегені өлгені;

Жыланды үш кессе де кесірткелік әлі бар;

Үш нәрсе тұрақтамайды: бірі - саудаға түспеген мал (дүние), екіншісі - таласқа түспеген ғалым, үшіншісі - саясаты жоқ патша;

Төртеу түгел болса алар, алтау ала болса алдырар;

Айдағаның бес ешкі, ысқырығың жер жарады;

Бес аспап; бес арыз; бес саусақ бірдей емес;

Елу жылда ел жаңа,

Жүз жылда қазан т.б. сан есім құрамында бар тұрақты тіркестер тілде тұтас күйінде жұмсалады.

Сөйтіп халықтың дүниетанымында сандар өзінің сандық, реттік, мөлшерлік мәнімен қатар қасиетті (киелі, яғни сакральды) ұғымды білдіретін киелі сандар да көптеп кездесетінін байқауға болады.

Киелі сандардың мағыналық-мәндік өрісі қазақ халқының ұғым-түсініктеріне байланысты қалыптасқанын тіліміздегі көптеген тұрақты тіркестерден, атап айтқанда, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерден көруге болады.

Тіл тілдегі киелі сандардың беретін мағыналарына келсек, олар әралуан. Бір тілде киелі болып саналатын сан, екінші бір тілде жағымсыз ұғым береді. Мәселен, көпшілікке мәлім, 13 санын ағылшындар, немістер, еврейлер қырсық әкелетін сан деп есептеп, 13 санды үй, кинотеатрларда 13-ші қатар болмайды. Сондай-ақ 66 санын, әсіресе үш алты санын ібіліспен байланыстырады.

Ал енді мұсылман қауымы, оның ішінде қазақтар жұма мен 13 санын ерекше құрметтейді. Жұма – мұсылман қауымы үшін ежелден қасиетті күн. Бірқатар мемлекеттерде осы күні жұрт жақсылап демалып, жуытнып-шайынып, таза киініп, мешіттерде үлкен намазға қатысады. Жұма намазына қатысу – үлкен сауап, міндет болып саналады. Ал 13 саны адамның мүшел жасын, ат жалын тартып мініп, азамат болғанын білдіреді. «Он үште отау иесі» деген халқымыз ұлының қабырғасы қатайып, бұғанасы бекіп, жүткен ұстайтын жасқа жеткендігін анықтайтын сан ретінде ерекше бағалаған.

Қытайлар, 4 пен 7 санын жақсы көрмейді. 8 саны қытайлар үшін жақсы сан болып саналады, өйткені бұл санның дыбысталуы «байлық, баю» деген

мағынаға жуық дыбысталады екен.

Көне заманнан бері «жеті» саны халқымыздың ұғымында киелі сандардың бірі ретінде қалыптасып, халқымыздың салт-дәстүрлері мен дүниетанымына өзіндік, ерекше орын алып, әсерін тигізумен келе жатыр.

Қазақ ұғымында жетінің киелі сипатқа ие екендігін ерте байқаған және оның себебін түсіндіруге тырысқан ғалымдар көптеп саналады. Олардың басым көпшілігі қазақ ұғымындағы жетінің киелі мән алу себебін өзге халықтар мәдениетінен іздейді, атап айтсақ, араб-парсы мәдениетінің әсерінен деп қарау орын алған.

Қазақ тілінде «жеті» саны жақсы, қасиетті сан болып есептелетіндіктен, жеті санына қатысты көптеген фразеологизм мен мақал-мәтелдер сияқты тұрақты тіркестер қалыптасқан. Мысалы: жеті ата; жеті жұрт; жеті жарғы; жеті қазына; жеті нан құдайы; жеті күн, жеті түн; жеті қабат жер астында т.б.

Қазақ тіліндегі сандарға негізделген мақал-мәтелдердің ішінде ең жиі кездесетіндері де жеті санына негізделген мақал-мәтелдер.

Мәселен,

Қарғыс жеті атаға жетеді;

Жеті кедей жиналғанмен ортасынан бір бай шықпас;

Жеті жұрттың тілін біл, Жеті түрлі білім ал;

Жеті атасы би болған, жеті жұрттың қамын жер.

Би болмаған би болса, құлақ-миын шағып жер.

Үш санының киелі семантикасы да өте бай. Көптеген әлем халықтарының дүниетанымында, салт-дәстүрі мен наным-жорамалдарында үш саны басты орынға ие және киелі сан болып саналады.

Қазақ халқы ерте заманнан сан түрлі заттар мен құбылыстарға баға беріп, олардың өздеріне ғана тән қасиеттеріне, сондай-ақ келесі бір заттармен, құбылыстармен ұқсас тұстарына, ерекшеліктеріне ерекше көңіл бөліп, бақылау жасап баға беріп, ойға тоқып, көңілге түйгендерін тілі арқылы сипаттап, суреттеп, сақтаған, киелі сандарға қатысты этникалық білім қорындағы бейнелі пайымдаулар мақал-мәтелдерде былайша көрініс береді:

Үшеудің бірі шарана, төртеудің бірі қаймана,

Үш тағанның бірі қисайса, қалғандары құлайды,

Үш нәрсе тұрақтамайды: Бірі – саудаға түспеген мал (дүние), екіншісі – таласқа түспеген ғалым, үшіншісі – саясаты жоқ патша,

Үш болмайтын екілік жоқ,

Түйе мінген адам үш бүктетіле алмайды,

Жаман мерген теке атқан жеріне үш барады,

Жыланды үш кессе де кесірткелік әлі бар т.б.

«Үш» санына қатысты тұрақты тіркестердің пайда болуына дүниенің бір нүктеде кездесетін үш бағандық тірек пен дүниедегі құбылыстың тұрақтылығын білдіру негіз болған. [3; 17].

Зерттеушілердің еңбектерінде қазақ тілінде «тоғыз» санына қатысты қалыптасқан тұрақты тіркестердің жсалуына дүние тоғыз бөліктен құралады деген көне заманнан келе жатқан наным-сенім, әдет-ғұрыптар негіз болғандығы сөз болады. Мысалы:

Тоғыз айып тартты;

тоғыз саққа жүгіртті;

тоғыз құмалақ;

тоғыз тұрып, тоқсан толғанды;

тоғыз жолдың торабы;

тоғыз татар т.б.

Алтай текті халықтардан басқа арабтарда, парсыларда, қытайларда да тоғыз саны киелі болып саналады [4; 135-137].

Келесі киелі болып саналатын сан – қырық саны. «Қырық» – тіліміздегі көптеген тұрақты тіркестерге, мақал-мәтелдерге ұйытқы болып тұратын, сонымен бірге салт-дәстүрлерімізде мызғымыстай орын тепкен киелі саналатын сандардың бірі:

Қырық жылға дейін бай мен кедей теңесер,

Тұзақтан қорыққан құс қырық жыл ағаш бұтағына қонбайды,

Жақсы атаның аруағы қырық жыл сүйрейді,

Қырық жыл қырғын болса да, ажалы жоқ өлмейді.

Тілімізде «қырық» саны ұйытқы болып келетін көптеген мақал-мәтелдер молынан кездеседі. Бұлардың қай-қайсысының астарында қырық санымен кодқа түсірілген мифтік-танымдық және діни сипаттағы сан-алуан ақпараттар орын алады.

Тілімізде қырық санымен көптеген тұрақты тіркестерде қалыптасқан. Мысалы:

Қырықтың бірі қыдыр;

Қырық жыл жатқан қылыштың қынабындай құны жоқ;

қырық күн шілде;

қырқынан шықты;

қырық жеті (қалың мал);

қыз қырық жанды келеді;

қырықтың қылауынан т.б. Мысалдардан көріп отырғанымыздай, «қырық» санының қатысуымен әдет-ғұрып пен салт-дәстүрге байланысты тіркестер пайда болып, тілімізде сақталған. Олардың ауыз әдебиеті арқылы ұрпақтан ұрпаққа жеткені белгілі.

Төрт санының қатысуымен жасалған Төрт аяғы тең жорға, сүдігерге сүрінеді, Төрт түліктің төресі түйе сияқты мақал-мәтелдер мал шаруашылығына байланысты болса, Дұшпан көзі төртеу, Екі аяқтыда құрдас тату, төрт аяқтыда бота тату деген мақал-мәтелдер достық пен дұшпандыққа байланысты,

Өтірік екеу, шын төртеу,

Өтірік пен шынның арасы төрт елі, көзбен көрсен шын, құлақпен естісең өтірік деп шындық пен өтірікке қатысты айтылса, Төрт тұрманы түгел бай, тырнақтай тарту алады, Төртеу түгел болса алар, алтау ала болса алдырар деп бірлік, ынтымаққа байланысты айтылады.

Қорыта айтсақ, зерттеу барысында сан есімдердің тұрақты тіркес жасаудағы деңгейлері бірдей емес екені байқалды. Тұрақты тіркес құрамында сан атаулының бәрі бірдей қолданылмайтындығы, жиі қолданылатын сандар қатарына «төрт», «жеті», «тоғыз», «қырық» сандарын жатқызуға болатындығы, мақал-мәтелдер мен фразеологизм құрамында есептік сан есімдер жиі қолданылатындығы анықталды.

Сан есімдер сандық мәнімен қатар басқа мағынада қолданылуы арқылуы ерекшеленеді. Мұндай жағдай көбінесе тұрақты тіркестерде, аңыз-әңгімелерде, жыр-дастандарда, салт-дәстүрлерде кездеседі.

Көптеген зерттеушілердің есептеуінше, үш, жеті, тоғыз, қырық сандары – киелі сандар болса, біздіңше, киелі мәнді сан есімдерге он үш, елу, жиырма бес,

алпыс сандарын да қосуға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ совет энциклопедиясы. 8 т
2. Неклюдов С.Ю. Мифы народов мира. Т.2. М., 1982 – 720 с.;
3. Фролов Б.А. Числа в графике палеолита. Новосибирск, 1974, - 239 с.;
4. Миллер Дж. А. Магическое число семь плюс или минус два. М., 1964, - 297 с.;
5. Членов М.А. Чиловая символика и тайные союзы на Моллукских островах и верования народов Восточной и Южной Азии., М., 1973, - 224 с.;

ЕСІМНІҢ ҚҰПИЯСЫ МЕН МАҒЫНАСЫНЫҢ АДАМ ӨМІРІНДЕГІ РӨЛІ

Өмірзақ Амина

*Жетекшісі: Қазақ тілі пәнінің мұғалімі Қарымсақова Гүльнаркүл Несепбековна
Алматы облысы Талғар ауданы Белбұлақ ауылы №10 орта мектеп*

Қазақ антропонимикасындағы кісі есімдерінің арақатысы, түрлері және өзіндік ерекшеліктері туралы ономаст-ғалымдардың пікірлерін негізге ала отырып, өзіндік көзқарасын білдіреді. Тарихи тұлға есімдерінен келтірілген мысалдар негізінде кісі есімдерінің негізгі-қосалқы есімдер, лақап-бүркеншік есімдердің ерекшеліктерін көрсетеді. Есімдердің ортақ және өзіндік ерекшеліктерін нақтылай келіп, оларды ажыратудың критерийлерін ұсынады.

Тіл білімі сөздігінде «Ономастикалық кеңістік» ұғымына «нақты бір тарихи кезеңде бір мекенде орналасқан тілдік қауымдастықтың ақиқат және қиял-ғажайып нысандарды атауы үшін қолданатын барлық жалқы есімдердің жиынтығы /кешені/» деген анықтама берілген [1]. Тілші-ғалымдар ономастикалық кеңістіктің өз бойында өткен дәуірлердің белгісін сақтай отырып, халықтың қазіргі кезеңдегі ұғым-түсінігі арқылы көрінетін әлем бейнесі ретінде анықталатынына зор мән береді [2].

Ресми есімдерге құжаттарда жазылған, мемлекеттік тіркеуде заңмен бекітілген кісінің төл есімі, әкесінің аты, тегі жатса, бейресми есімдерге белгілі бір ортада ғана, көпшілік жағдайда уақытша қолданылатын, таралу ауқымы шектеулі лақап ат, бүркеншік есім және кісінің өз есімінен жасалған не туыстық қатынасты білдіретін құрметтеу, еркелету, жақсы көру мәніндегі қосалқы есімдері жатады.

Яғни адамның бейресми есім түрлерін иемденуі міндетті емес, ал егер де адамның бейресми есімі бар болса, оның міндетті түрде ресми есімі бар деген сөз. Бейресми есімдер — адамның төл есімін толықтыратын, анықтап-ажырататын не жасыратын қосымша атау. Есімдер ресми-бейресми болып екі топқа бөлінгенімен, трансонимизация құбылысы арқылы бір топтағы есімнің келесі топқа өтуі, сол арқылы халық жадында және тарихта адамдардың заңды түрде бекітілген ресми есіммен емес, бейресми есіммен қалуы жиі кездесетін жағдай.

Ұлтымыздың танымдық санасынан мәңгілік орын алған Мөде, Абылай хан, Әйтеке би, Қабанбай, Абай, Шоқан, Сәкен, Балуан Шолақ, Жаяу Мұса, Қаныш, Ев-

6. Кеңесбаев І. Жеті, үш, тоғыз, қырықпен байланысты ұғымдар. Қазақ ССР ҒА хабары. Филология сериясы, 1946, 4/26/ шығарылуы;

7. Дүсіпбаева Қ.С. Қазақ ескіліктерінің сандар жүйесіндегі тілдік көріністері: Фил.ғыл.канд.дис. – Алматы, 2002. – 130б.

ней т.б. сияқты тұлғалардың тарихта кейінгі бейресми есімдерімен қалғаны осының дәлелі.

Түркі тілдері, оның ішінде қазақ тіліндегі кісі есімдері, олармен қатар немесе орнына қолданылатын есімнің басқа да түрлері туралы алғашқы ой-пікірлерді біз түркі халықтарына ортақ тарихи ескерткіштерден кездестіреміз. Ғалым Ғ.Айдаров «Күлтегін ескерткіші» атты ғылыми-зерттеу еңбегінде тарихи тұлғалар, олардың есімдері жайлы нақты тарихи деректерді келтіреді.

ҮШ ғ. мұрасы болып табылатын ескерткіште кездесетін 20 шақты кісі есімі, негізінен, хан, қолбасылардың және Күлтегінді жерлеуге қатысқан әр рудан келген өкілдердің есімдері екені айтылады. Бумын қаған, Білге (Могилян) қаған, Ілтеріс (Құтлұғ) қаған, Істемі қағандармен қатар, Нең (иран сөзі, «жақсы, қайырымды») сеңен (әскербасы), Тадықын Чор — түркі әскерінің қолбасшысы т.б. аталады. Есімдерге берілген түсініктемеден олардың кісінің шын есімі емес, лауазым атаулары мен лақап аттары екендігін көреміз [3].

Қазақ кісі есімдерінің қойылу үдерісіндегі әдет-ғұрып, наным-сенімдердің орны туралы Ш.Уәлихановтың зерттеулерінен кездестіреміз. Ғалым «Қазақ шежіресі» атты еңбегінде ел басындағы құрметті адамдардың есімдеріне түсінік беріп отырады: «Ұлағатты ескі сөздерде Жәнібек ақылдылығымен Өз атанған, қазақтар оны Өз Жәнібек дейді. Өз Жәнібектің дана, білгір, шешен биі — Жиренше Шешен болған. Жиренше Шешен айтыпты деген қанатты сөздер қазақ арасында өте көп. Жиренше есімінің ел арасында тапқырлық пен шешендіктің символы болуы, Жәнібек пен Жиренше Шешеннің қосарлана айтылуы тегін болмаса керек» дей келіп, «шешен» сөзінің түп-төркіні дана, ақылды деген мағынаны білдіретін көне монғол сөзі екенін айтады [4].

Қазақтың ұлы ақыны Абай (Ибраһим) мен тұңғыш ғалымы Шоқан (Мұхаммедқанафия) есімдерінің екеуінің де еркелету мақсатында қойылғанымен, араларында айырмашылық барлығы байқалады. Ұлы ақынның есімі жөнінде С.Мұқанов төмендегідей ойын білдіреді: «Абайдың азан шақырып қойған

аты — Ибраһим — пайғамбар есімі. Кейін шешесі еркелетіп «Абай» деп кеткен. Қазақта «Абай» — сақ, көреген мағынасында қолданылатын сөз. Шешесінің де, халықтың да оны Абай атауы сондықтан болуы ықтимал. Біраз жұрт Абайды «Құнанбайдың Ыбырайы» деп те атаған» [5]. «Есімдер сыры» атты еңбекте келтірілген: «Абай — ел ағасы дегенді білдіреді. Тува тіліндегі абзығай — от ағасы, аға, татар тіліндегі абзыхай, ағай сөздерімен төркіндес» [6]. Ибраһимнің бұл есімге ел ағасы болғанда ғана ие болмағанына, әжесі Зере мен анасы Ұлжанның бала кезінен Абай атандырғанына көңіл аудара отырып, Ибраһим — Ибрай //Ыбырай — Абай тұлғасын кішірейту, еркелету мақсатымен аталған адамның төл есімінен жасалған қосалқы есім, яғни антропонимиялық «аталым», болар деп ойлаймыз. Ыбырай /Ибраһим/ Алтынсариннің есімі де бұл ойымызды дәлелдей түседі. Ал Шоқан есімінің жайы мүлде бөлек. Жазушы-композитор І.Жақанов оның Мұхамедқанафия деген өз есімінің Шоқан аталуына қатысты белгілі архитектор Шота Уәлихановтың: «Естуімше, Шоқан бала кезінде әжесі Айғанымнан бір елі қалмай, қасында тізесіне сүйеніп шоқиып әңгіме тыңдап отыра береді екен. Содан әжесі еркелетіп Шоқаш, Шоқыбай, Шоқан атап кеткен» деген пікірін келтіреді. Осы пікірге біз де қосыла отырып, есімнің берілуіне, біріншіден, естеліктерде сақталғандай, бала кезінде-ақ ойынның соңында кетпей, үлкендердің әңгімесін шоқиып отырып тыңдайтын, әжесінің соңынан шоқандап еріп жүрген жас баланың тұлғасы уәж болса, екіншіден, Шоқан есімінің Мұхамедқанафиядан қысқармайтыны тағы белгілі.

Халқымыз мұндайда «Адам болар баланың кісіменен ісі бар, адам болмас баланың кісіменен несі бар» дер еді.

Қосалқы есімдер, әдетте, отбасы не туыстар арасында ғана қолданысқа ие болса (мысалы, Едіге/Едик, Наурызбай/Нәукен, Мадияр/Мадико), лақап есімдердің таралу ауқымы одан гөрі кеңірек, яғни ауыл көлеміне дейін болуы мүмкін.

Қазақ есімдерінің басым тобы халқымыздың өткен замандардан бастап күні бүгінге дейін мәдени-тарихи өмір бейнесін анық көрсетеді.

Лексикалық тұрғыдан қарағанда, олардың көне қабаттары негізгі де ұйытқы тірек боп табылып, төмендегідей лексика-семантикалық топқа жіктеледі.

Мал шаруашылығымен байланысты есімдер: Бота, Бұқа, Аққозы, Құлыншақ, Жылқыбай, Қозы т.б.

Табиғат құбылысымен байланысты есімдер: Таубай, Боран, Толғанай, Айым т.б.

Аңдар мен үй хайуанаттары және құстармен байланысты есімдер: Арыстан, Түлкібай, Лашын т.б.

Асыл металдар мен қымбат заттар атауларына байланысты есімдер: Алтын, Болат, Маржан т.б.

Өсімдік аттарына байланысты: Қызғалдақ, Райхан, Раушан, Гүлжан т.б.

Жеміс-жидек атауларымен байланысты: Алма, Мейіз, Анар, Жаңғақ т.б.

Туыстық атаулармен байланысты: Атабек, Баба, Туғанбай, Жиенбай т.б.

Жер-су аттарына қойылған есімдер: Алатау, Еділ, Орал, Алтай т.б.

Үй-жиһаздарымен, мүліктерге байланысты: Шара, Табакбай, Айнагүл т.б.

Түрлі тағам аттарына байланысты есімдер: Айранбай, Шырынбай, Шекер, Сүттібай т.б.

Батырлар жырларындағы халық батырлары мен тамаша, ақылды да парасатты тарихи адамдардың дәстүрлі есімдері ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, күні бүгінге дейін қойылып келе жатыр.

Тіліміздегі кеңінен тараған екі не үш сөздерден құралған күрделі тұлғасы есімдердің көбірек кездесетіндері – құрамында бай, бек, би, хан, сұлтан, төре, шах, ханым компоненттері (сыңарлары) бар есімдер. Тарихи сипаты жағынан бұл сөздер архаизм әрі историзм ретінде келмеске кеткен әлеуметтік терминдер.

Қазақ халқы тарихында феодал ақсүйектер – өздерінің әлеуметтік тегін немесе атақ дәрежесін көрсету мақсатымен бай, бек, би, төре сияқты сөздерді өз есімдеріне қосып, қосақтай айтып отырған еді. Бұл анықтауыш сипаттағы тұлғалар сол замандардан бастап жалпы халық есімдері құрамында да жиі кездесетін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Подольская Н.В. *Словарь русской ономастической терминологии*. — М.: АН СССР, 1988. — 192 с.

2 Суперанская А.В., Сталтмане В.Э., Подольская Н.В., Султанов А.Х. *Теория и методика ономастических исследований*. — М.: Наука, 1986. — 256 с.

3 Айдаров Ф. *Күлтегін ескерткіші: Зерттеунама*. — Алматы: Ана тілі, 1995. — 61–64-б.

4 Уәлиханов Ш. *Таңдамалы. 2-бас.* — Алматы, 1985. — 119-б.

5 Мұқанов С. *Қазақ қауымы: тарихтық және этнографиялық шолу*. — Алматы: Ана тілі, 1995. — 275-б.

6 Жанұзақов Т., Есбаева К. *Есімдер сыры*. — Алматы, 1974. — 11-б.

ЕСІМДІ ЫРЫМДАП ҚОЮ ҚҰПИЯСЫ

Торба Ангелина

Жетекшісі: Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Мельдеханова Меруерт Тилегеновна
Алматы облысы Талғар ауданы Белбұлақ ауылы №32 орта мектеп

Балаларға бүгінгі жарқын өмір, бақытты дәуір талабына сай жарасты да лайықты есім қою халық діттеп

отырған мүдделі де маңызды мәселенің бірі болып саналады. Ата-ана дүниеге келген перзентке мағынасы айқын, әдемі де, айшықты сұлу есім беруді қалайды,



бірақ олар қай атты таңдауда, одан кейін оны жазуда қиналысқа ұшырап отырады.

Бұл - өмірлік мәселе. Сондықтан адамдарға есім беру мәселесі барлық уақытта да адамдарды толғанып келді, қазіргі кезде өзекті күйінде қалып отыр. Балаға жарасымды есім беруге ата-ана, олардың туған-туыс, жора-жолдастары ғана емес, жергілікті халық депутаттары кеңестері мен Азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімдері де толық мүдделі. Адам есімі қоғам өмірі мен оны қоршаған ортамен тығыз байланысты.

Адамдарға есім беру мәселесі барлық уақытта да адамдарды толғанып келді, қазіргі кезде өзекті күйінде қалып отыр. Балаға жарасымды есім беруге ата-ана, олардың туған-туыс, жора-жолдастары ғана емес, жергілікті халық депутаттары кеңестері мен Азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімдері де толық мүдделі. Адам есімі қоғам өмірі мен оны қоршаған ортамен тығыз байланысты.

Ұрпаққа жарасымды есім беру - ежелден келе жатқан, ізі суымаған жалпы халықтың игі дәстүрі. Есімдер де халық тіліндегі сөздер сияқты өмір сүріп, ескіріп әрі жаңарып отырады. Олар да ғасырлар үшін қарт шежіре сияқты ұрпаққа жеткізіп отырады.

Балаларға ат қоюды ертеде белгілі дәрежеде ырым мен дәстүр ерекше орын алып отырған.

Қазақтың салты бойынша, жас нәресте туған кезде ата-анасы ең сыйлы, қатты құрмет тұтатын адамына өз сәбиінің есімін қойғызады. Кейде олар келісе отырып, бала есімін өздері таңдайды. Егерде әке-шешесі, ата-әжесі тірі болса, өз немере, шөберелерінің есімдерін солар қояды. Мұндайда үлкен кісілердің айтқаны – заң. Олар айтқан есімді ата-анасының азан шақыртып, сәбиіне қоюы – бұлжытпай орындалатын міндет. Тек есте болатын бір жағдай, сәбиге ат қойғанда айтылуы қиын, қатаң дыбысты, жақсы да жаман мағына беретін, немесе айқайлап тұрған есімдерді қоймаған жөн.

Олардың кейбірін сөздің киелі күшімен де байланыстырып отырушылық көне дәуірден бар құбылыс. Сол ескі замандарда балаларға көз тиюден немесе жын-шайтаннан сақтау мақсатымен елеусіз оғаш есімдер қойып отырған. Мәселен, Итбай, Күшікбай, Жаманбай тағы басқа.

Біздің дана халқымызда «Балаға қандай ат қойылса, оның болашақ тағдыры соған байланысты болады», - деген наным-сенім бар. Адам есімі келешек тағдырына қаншалықты ықпал етеді? Аттас адамдардың көбісінің мінез-қылығы неліктен бір-біріне ұқсас? Адам есімдерін зерттеуші ғалымдардың дәлелдеуінше, есім бала өміріне айтарлықтай әсер етеді, сәбилерді неғұрлым көркем есімдермен атаған сайын, баланың тұла бойы соған сәйкес көркемделе түседі.

Ырымдап ат қою – қазақтың қанына сіңген дәстүрі. Соның ішінде бала туысымен ең алғаш кездескен кісінің атын қою – бұрындары жақсы ырым саналған. Және де ата-бабаларымыз жаңа туған нәрестеге көз тимесін, өмірі ұзақ болсын деген ниетпен баласына әдейі түпкі мағынасы сиықсыз есімдерді де қойған. Мұндай дәстүр қазақтарда ғана емес, орыстарда да бар. Орыс халқында: Клавдия (ақсак), Ардалион (лас), қазақ халқында: Жаман, Қиқым, Шоқпыт, Сасық секілді есімдер сондай ырыммен қойылған. Жалпы, Шоқан Уәлиханов ырымды әдет-ғұрыпқа

жатқызса, Сейіт Кенжеахметұлы «Ырым – халықтың жақсы ниетінен туған ғұрып, халықтың сенімі мен ақ ниетінен, шын көңілінен туған ұлттық ерекшеліктің бір саласы», - дейді.

Олай болса, ырымдап ат қоюдың айыбы жоқ. Қайта ол – жақсы дәстүр.

Тек қазіргі заманда бұрынғыдай мағынасы сиықсыз есімдерді балаға қоймағанымыз дұрыс.

Бұрындары балаға есімді бесікке бөлер алдында қойған. Қазақтың салт-дәстүрін зерттеушілердің бірі Ю.Бошняков бұл туралы былай деп жазады: «Баланы бесікке бөлерде күн ілгері ауыл-аймаққа хабар беріліп, әркім қал-қадірінше той жасайды. Тойға жиналғандар балаға қатысты екі шараны жүзеге асыратын болған. Бірінші кезекте балаға ағайын-туысының ұйғарымымен өздері іштей құптап жүрген есімді қою. Мұны сол ауылдың ең беделді азаматы сәбиді қолына алып азан шақырып, үш рет бала есімін құлағына қайталайды. Ал, ақсүйек әулеттердің баласына есімді молда құран оқып, кітапқа қарап қояды. Мұнда көптеген ырым-жорамал бар. Маңдайы нұрлы болып туған бала тіл-көзден аман жүруі үшін оған Итаяқ, Күшік, Жаманбала, Сасықбай деп, әдейі жиіркенішті есім қоя салады. Баламның аты затына сай болсын деп небір жахангер қолбасшы, дінбасы, пайғамбар есімдерін де беретіндер болған. Бірақ, олардың есімін әке-шешесі ержеткенше жасырын атап жүреді. Себебі, бала ол есімді көтере алмай, өліп қалуы ықтимал деп жорыған» (Ю.Бошняков, Денсаулық, 1991, № 11, 25 бет). Иә, баласының атын ырымдап қою – ата-анасының ниетін білдіреді. Қазір де көп адам баласына ғұлама болсын деп – Марғұлан, Қаныш, ақын болсын деп – Абай, батыр болсын деп – Едіге, Жәнібек, Алпамыс, ақылгөй ана болсын деп – Зере, Айғаным деп ырымдап ат қойып жатады. Кейінгі кезде елімізде Нұрсұлтан есімді балалар да көбейе бастады. Бір ғажабы, кейбір елдерде «тағдыр» деген сөз ат қою деген мағынаны білдіреді екен. Бұл сөздің жаны бар. Өйткені, ертеректе адамдар атын өзгертуді өз өмірін басқа арнаға бұру деп қабылдаған.

Есімдерді ырымдап қою бірнеше топқа бөлінеді. Олар негізінен, мынандай: атақты, белгілі, ғұлама, жақсы адамдарға тартсын деп олардың есімін қою, бала тілеп, тілеуі қабыл болғанда шүкіршілік айтып, соған лайықты атау (Ондай есімдер: Тілеуқабыл, Аллаберген, Құдайберген, Тілеуберген, Тәңірберген). Шаңырақта сәби шетіней бергенде сәби тұрсын деп, жағымсыз аттарды қою. Ат ұстар ер бала тумай, қыз өмірге келе бергенінде қыздың есіміне «ұл» сөзін тіркес етіп, сәбиді, Ұлтуған, Ұлмекен, Ұлбосын, Ұлтуар, Ұлжан тәрізді есімдермен атап, ұл күту. Егерде баланың бойында мені, қалы бар болса, қазақтар ұл-қызын соған сәйкес Қалдыбай, Менді-гүл, Менсұлу деген тәрізді есімдермен де атаған. Тіпті, қазақ халқында ырымға да қатысты мынандай есімдер бар: Ырымкүл, Ырымбала, Ырымтай, Ырымжан. Баласы қайтыс болғаннан кейін шаңырақта тағы да бір сәби дүниеге келсе, біздің ата-бабаларымыз оны өлген ұл-қызының орнына келген санап, сол баланың өтеуі деп, ұлдарын Төлеген, Төлеу, Төлеубек, Төлеукадыр деп атауды ырымға айналдырған.

Тіпті, Шыңғыс атамыздың өзі Шоқан өмірге келгенінде ол Сегізсерідей әрі ақын, әрі батыр болсын

деп оның есімін Мұхаммед – Қанапия қойған көрінеді.

Сәбиге ат қоюда салт-дәстүрге негіздеп ат қойғанда ата-аналардың арқа сүйейтін ең басты он бес салт-дәстүрі бар. Олар:

1. Балаға артық саусағына қарай ат қою. Есімдері: Артық, Артықәлі, Артық-бай, Қосекен.

2. Балаға тіл-көз тимейді деген ниетпен ат қою. Есімдері: Жаманбай, Қойшыбай, Ошақбай, Тезекбай.

3. Баланың дені сау, жаны берік болуы үшін ат қою. Есімдері: Тасболат, Тастемір, Шымырбай, Берік, Қайрат.

4. Баласы шетіней берген үйде жас сәбиге ат қою. Есімдері: Аман, Аманкүл, Есен, Жүрсін, Тоқтар, Тұрсын, Тұрсынкүл т.б.

5. Бала-шағаларының өмірі ұзақ болсын, көп жасасын деген ниетпен ат қою. Есімдері: Жанұзақ, Жүзбай, Жүзжасар, Мыңжасар, Өмірбек, Сексенбай, Тоқ-санбай, Ұзақбай.

6. Бұрын-соңды болған қару-жарақ аттарына байланысты ат қою. Есімдері: Қылышбай, Мылтықбай, Найзабек, Садақбай, Шоқпарбай т.б.

7. Елдің ардақты аза-маттарының атын солардай батыр, дана, өнерлі болсын деген ниетпен жаңа туылған балаға ат қою. Есімдері: Абай, Абылай, Ғабит, Жәнібек, Иса-тай, Қазыбек, Махамбет, Сәбит, Сәкен, Сырым, Төлеби, Ыбырай т.б.

8. Ерекше көзге түскен белгілеріне қарай ат қою. Есімдері: Анарбай, Қалдығұл, Қалдыбай, Құдірет, Мендібай, Мендігұл, Сүндет.

9. Ислам дінінің әсеріне байланысты ат қою. Есімдері: Ғали, Жамал, Зылиха, Иса, Мұхаммед, Омар, Оспан, Сүлеймен, Хадиша.

10. Қыз аттарына аспан әлемінің, аңдардың, асыл тастардың, қымбат маталардың, нәзік өсімдіктердің атын қою. Есімдері: Айман, Алтын, Еңлік, Жібек, Жұлдыз, Күміс, Құралай, Мақпал, Меруерт, Раушан,

Шолпан, Шынар т.б.

11. Мерзімінен бұрын дүниеге келген балаға ат қою. Есімдері: Лекер, Шалабай, Шалабек.

12. Мұрат-максатыма жеттім-ау деген ниетпен ат қою. Есімдері: Арман, Бақыт, Мақсат, Мұрат.

13. Соңғы балаға ат қою. Есімдері: Кенжебай, Кенжегүл, Кенжетай.

14. Төрт түлік мал, аң мен құстарға байланысты ат қою. Есімдері: Арыстан, Аюбай, Бота, Ботагөз, Бүркіт, Қойшыбай, Сандуғаш т.б.

15. Ұлы жоқ үйде қыз туғанда ат қою. Есімдері: Болған, Тойған, Ұлбала, Ұлтуған, Ұлмекен, Ұлбосын, Ұлтуар, Ұлжан, Ұлту т.б.

Басқа халықтан сіңісіп кеткен есімдер қазақ халқының салты бойынша, балаға үш күннің ішінде ат қойылуға тиісті.

Бұл да бұлжытпай орындалатын заң.

1. Бала дәулетті де бай, ауқатты болсын деген тілекпен қойылған есімдер: Байбол, Дәулетбай, Алтынбай, Малбай т.б.

2. Күшті де батыл, қырағы да сақ, ержүрек болсын деп қойылған есімдер: Арыстан, Батыр, Тарғын т.б.

3. Бала сұлу да көрікті, ажарлы да әдемі болсын деген тілекпен қойылған есімдер: Айсұлу, Әсем, Нұрсұлу, Ботагөз.

4. Денсаулығы зор болып, ұзақ жасасын деген тілекпен қойылған есімдер: Ұзақ, Өмірзақ, Мыңжасар.

5. Бала ақылды да тапқыр болсын деген тілекпен қойылған есімдер: Ақылбай, Ақылбек, Данышпан.

6. Бала мырза да жомарт болсын деп қойылған есімдер: Жомарт, Мырзабек, Мәрттай.

Есімдерді таңдап, талғап қоюда бұлардан басқа да белгілер мен түрлі нышан, әр түрлі жағдаяттар болып отырған. Мәселеге, Аманжан, Қаржаубай, Жолай тағы басқа.

ҚАЗАҚСТАНДА ОРМАНДЫ АЛҚАПТАРДА ӨСЕТІН ӨСІМДІК ТҮРЛЕРІ

Нұрлыбекқызы Нурайым

Жетекшісі: Химия, биология пәнінің мұғалімі Куджанова Алтын Күрентайқызы

Алматы облысы Талғар ауданы Белбұлақ ауылы №10 орта мектеп

Түйіндеме. Мақалада Қазақстанда орманды алқаптарда өсетін өсімдік түрлеріне сипаттама берілген.

Қазақстанда ормандар солтүстікте шоғырланған, шығыста, оңтүстікте (таулы аудандарда) кездеседі. Таулы аудандардың ормандары құрамында арнайы өзгеше ағашты және бұталы өсімдіктер өседі. Қазақстанның жазықтағы орманды алқаптарында емен, жөке, үйеңкі, шаған, қарағаш т.б. өседі.

Орманның флорасы әртүрлі тұқымдасқа жататын, морфологиялық ерекшеліктері арқылы айрықша ажыратылатын түрлерден тұрады. Бұл студенттер үшін қажетті материал. Себебі сыртқы ортаның кейбір экологиялық факторларының өсімдіктер құрамына және олардың тіршілік формаларының қалыптасуына әсері нақтылы байқалады. Әрбір орманның доминантты тіршілік формасы ағаш олардың етегінде бұта, жартылай бұта, шөптесін өсімдіктер өседі. Күрделі бірлестік (биогеоценоз) болып есептеледі. Орман-

да өсімдіктердің әртүрлі экологиялық формалары үйлесімді бірігіп өседі. Олар көлеңкеге төзімді, жарық сүйгіш, мәңгі жасыл жапырақты, жапырағы түсіп отыратын өсімдіктер. Орман тек ботаникалық зерттеу объектісі емес сонымен бірге табиғатты қорғау объектісі болып та табылады. Жалпақ жапырақты орманда ағашты өсімдіктердің бөрік басына айрықша көңіл аудару қажет. Кейбір өсімдіктердің бөрік басы бұтақтары сирек, мысалы, шаған күн сәулесін жақсы өткізеді. Басқаларының, мысалы, жөке ағашының бөрік басы тығыз, топыраққа күн сәулесін нашар өткізеді. Нәтижесінде орманда әртүрлі деңгейдегі көлеңке сүйгіш өсімдіктер өседі.

Шөптесін өсімдіктерден көлеңке сүйгіш өсімдіктер жұлдызшөп (звездчатка), қарғакөз (вороний глаз), шашыранқы тарышық (бор раскидистый), шағырбидай (перловник), бетеге (овсяница), орман қоңырбасы (мят-



лик лесной) т.б. өседі. Олардың көпшілігі көлеңкеге төзімді, көпжылдық тамырсабақты өсімдіктер. Бұлардың гүлдерінің түсі ақ, сондықтан күңгірт көлеңкелі орманда жақсы көрінеді. Насекомдар арқылы айқас тозаңданады. Сонымен бірге көпшілігі вегетативті көбейеді. Орманда көктемгі эфемероидтар өседі. Олар көпжылдық шөптесін вегетациялық кезеңі қысқа өсімдіктер. Олар желайдар (ветренница), көктем қоянбұршақ (сочевичник весенний), қазжуа (гусиный лук) т.б. Ағашты өсімдіктер жапырақтары толық жетілгенше гүлдеп жеміс түзіп, көлеңке түскенше жеміс, тұқымдарын таратады. Саңырауқұлақтар түрлері жиналып кептіріледі. Анықталады. Қалпақшалы саңырауқұлақтың нақнұсқасын жасау үшін жинап алынған саңырауқұлақтарды ұзыннан екі бөліп, ішіндегі жұмсағын алып тастау керек. Алдын ала желім жағылған қағазға кесілген жағын ішіне қаратып жапсырып, құрғақ газеттің арасына салып әлсін-әлсін ауыстырып кептіреді. Ол үшін сыртындағы газетін күніне екі рет ауыстырып тұру қажет. Бір жеті өткен соң, саңырауқұлақты астындағы жапсырылған қағазымен қоса қырқып алып, басқа ақ қағазға жапсырып, төменгі оң жағына сипаттамасын жазып, кеппешөп дайындайды.

Сонымен қатар төмендегі зерттеулер жүргізіледі.

1 Ағашты өсімдіктердің түрлерін анықтау. Бөрік басын сипаттау.

2 Орманның өсімдіктерінің ярустылығын анықтау.

3 Шөптесін өсімдіктердің түрлерін, олардың фенологиялық фазасын көрсету.

4 Шөптесін өсімдіктердің жапырақтарының морфологиясына көңіл аудару, доми-нантты түрлерін, олардың тіршілік формаларын, біржылдық, көпжылдық екенін көрсету.

Орманда өсетін 14 тұқымдасқа біріктірілген 22 түрден тіршілік формасы бойынша 4 түр шөптесін, 13 түр ағашты, 5 түр бұталы өсімдіктер кездесті.

Фазасы: «—» - гүлдеген жоқ; «+» - гүлдеп жеміс түзуде; «#» - жемісі пісіп, тұқымы шашылған;

Друде бойынша молшылығы: Soc – фон түзеді; Cop1 - өте көп болып кездеседі; Cop2 – көп болып өседі; Sol - жеткілікті; Sp – бірлі жарым; Un – біреу.

Өсімдіктердің көп түрлілігімен жалпақ жапырақты орман қылқан жапырақты орманнан ерекшеленеді. Жалпақ жапырақты орман салқын болады. Өсімдіктер бірлестіктері күрделі. Тек ағашты өсімдіктердің 2-3 ярусы анық байқалса. Қылқан жапырақты орманда бір ғана ярус болады. Жалпақ жапырақты орманда шөптесін өсімдіктердің түрлері көп болып 2 – 3 ярус түзеді. Бұталы, жартылай бұталы өсімдіктер де 2 – 3 ярус түзеді. Жалпы алғанда жалпақ жапырақты орманда 5-8 ярус болады (1- сурет).

1 - сурет. Ормандағы өсімдіктердің ярустарының (сызба нұсқасы).

Орманда өсімдіктердің таралуы біркелкі емес. Жарық мол түсетін участкілерде өсімдіктер қалың, түрлері де көп болады. Жалпақ жапырақты орманда топырақтың мүк жамылғысы болмайды. Мәңгі жасыл жапырақты өсімдіктер аз. Шөптесін өсімдіктердің түрлері көп, әсіресе көп жылдық астықтар мен қиякөлеңдердің

түрлері көп.

Жалпақ жапырақты орманда ерте көктемде гүлдейтін бәйшешектің түрлері жеткілікті. Қылқан жапырақты орманда олар болмайды. Жалпақ жапырақты орман жаз бойы аспектісін (сыртқы көрінісі) бірнеше рет өзгертеді. Ерте көктемде бәйшешектер сосын бұталы өсімдіктер гүлдейді. Ағашты өсімдіктердің жапырақтары әлі толық жетілмей жасыл түсті болады. Күзде тағы өзгеріп ағашты өсімдіктердің жапырақтары қызарады, сосын жапырақтары түсіп, орман жалаңаштанады.

Ағашты өсімдіктерден жалпақ жапырақты орманда қотыр қайың, көктерек (2,3 суреттер); үйеңкі, жөке, мойыл, шырша, қарағаймен араласып өседі. Жалпақ жапырақты орманда долана, орманжаңғақ (лещина), үшқат (жимолость), таңқұрай (малина), қарақат (смо-родина) сияқты бұталы өсімдіктер де өседі. Орманда өсетін орнына қарай ағашты өсімдіктердің сыртқы пішіні өзгереді. Тығыз өсетін орманда ағашты өсімдік сидам болып өсіп, төменгі жағы бұтақталмаған, бөрік басы нашар болып жетіледі. Ал ашық аланда сирек болып өсетін ағаштар жарықтың мол болып түсуіне байланысты көлеңке аз болып, сыртқы пішіні басқаша болып өседі. Олар онша биік емес, діңі түбінен ұшына дейін бұтақталған, бөрік басы жақсы жетілген болады.

Орманда тіршілік үшін күрес жақсы байқалады. Әртүрлі жастағы ағаштардың тіршілік қабілеті әртүрлі болып, жас ағаштар ересек дараларының көлеңкесінде қалып, баяу өсіп біртіндеп қурап қалады. Сөйтіп тіршілік үшін табиғи жолмен күреседі.

Сурет 2 - Қотыр қайың (береза бородавчатая): 1 – гүл шоғыры бар бұтағы; 2 – біріккен жемістері бар бұтағы; 3 – аталық гүл шоғыры; 4 – аналық гүл шоғыры (дихазий); 5 – жеміс.

Сурет 3 - Көк терек (осина): 1 – аналық гүл шоғыры бар бұтағы; 2 – вегетативті бұтақ; 3 – біріккен жемістері бар бұтағы.

Топырақ, рельеф, ылғалдылыққа байланысты орманның кейбір учаскелерінде құрамы әртүрлі болып топталып ағаштар өседі.

Орман фитоценозында өсімдіктердің ярустылығы айқын байқалады. Ормандағы өсімдік қалдықтарының шірінділерінде сапрофитті қоректенетін саңырауқұлақтар өседі. Студенттер сапрофит саңырауқұлақтармен, микориза құбылысымен танысады. Ағашты өсімдіктердің тамырларынан микоризаны көруге болады.

Орманда ағашты өсімдіктер тұқымдарымен қатар тамыр атпалары, ағаш діңіндегі бұйыққан бүршіктерден өсетін жас бұтақтар арқылы вегетативті жолмен де көбейеді. Бұл құбылыс жалпақ жапырақты орманға тән, қылқан жапырақты орманда кездеспейді.

Орманның өсімдіктер құрамына топырақ және климат әсер етеді. Мысалы, қарағайлы орман құрғақ құмды топырақта, шыршалы орман сазды, ылғалы жеткілікті топырақта өседі. Солтүстіктің салқын ауа райында қылқан жапырақты, қоңыржай белдеуде

жалпақ жапырақты орман өседі.

Орманда ағашты өсімдіктердің әсерінен өзгеше ауа райы микроклимат қалыптасады. Желдің қарқыны төмен, даламен салыстырғанда ауаның температурасы мен ылғалдылығы жоғары. Орман топырақтың түзілуіне әсерін тигізеді. Жыл сайын ағаштар жапырақтарын, бұтақтарын тастайды. Олар орман топырағы бетіне жиналады. Біртіндеп микроорганизмдер (бактериялар мен саңырауқұлақтар) әсерінен қарашірікке – гумуска айналады.

Сонымен бірге төсемікке түсетін жапырақтар мен бұтақтар көктемде қар ерігенде, жазда жаңбыр жауғанда, суды жинайды. Нәтижесінде ағашты өсімдіктер жақсы өседі. Орманды қоршаған территорияда да микроклимат түзеді, температура мен ылғалдылығында кенеттен өзгерістер жүрмейді. Орманға жарық шашырап түседі. Ормандағы бірлестіктер, ондағы доминанттар ярустылығы анық байқалады. Өсімдіктер бірлестігіндегі өсімдіктер көп түрлі болады. Бірақ әртүрлі өсімдіктер туыстарының түрлерінің даралары саны әртүрлі болады.

Кез келген орманда оның негізін түзетін ағашты өсімдіктердің түрлері болады. Оларды орман түзушілер немесе доминанттар деп атайды. Сол өсімдіктерге байланысты қарағайлы орман, жалпақ жапырақты, шыршалы қайыңды орман деп атайды. Әрбір орманда тарихи филогенетикалық даму үдерістерінде тіршілік

үшін күресте өздеріне тән экологиялық ерекшеліктері қалыптасады. Нәтижесінде биоценозда орманда жақсы жетілетін өсімдіктердің ярустылығы қалыптасады.

Жерасты ярустылығы да болады. Нәтижесінде әртүрлі өсімдіктер әртүрлі деңгейден топырақтағы суды және онда еріген минералдық заттарды сіңіреді.

Орманда өсімдіктердің ботаникалық құрамына тек ауа райы мен топырақ қана әсер етіп қоймайды, сонымен бірге жануарлар да әсерін тигізеді. Орманның құрылысына оның өзгеруіне, адам да өзінің іс-әрекетімен ықпал етеді (антропогендік фактор). Көбіне орманның құрылымының өзгерісінде антропогендік фактор шешуші роль атқарады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қожантаева Ж.Ж. «Экология және сыртқы ортаның тұрақты дамуы» Алматы 2011.

2. Мухитдинов Н.М. Геоботаника негіздері. Алматы, 1992.

3. Чувахин В.М. Выотно-зональные геосистемы Средней Азии и Казахстана. Алма-Ата. 1987.

4. Утешев А.С. Климаты Казахстана. Очерки по физической географии Казахстана. Алма-Ата. 1952.

5. Работнов Г.А. Фитоценология. М, МГУ, 1992

ЭКОНОМИКАЛЫҚ КІРМЕ ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚОЛДАНЫСЫ

Ерубаяев Дамир

Орталықазия техника-экономикалық колледжінің 2-курс студенті

Ғылыми жетекшісі: Наурызалиева Майра Кенжалиевна

Қандай сөздерді, яғни, терминдерді «кірме сөздер» (интернационалдық) деп атаймыз ба?» – деген сұраққа ғалымдардың пікірімен жауап береміз.

Ғалымдар А.А.Белецкий, В.В.Акуленко пікірінше, қандай сөз бол-масын кірме терминдер болу кеңінен тараған әлемдік бір-бірімен туыстық жақындығы жоқ тілдерде қолданылуы тиіс екен (1).

Терминтанушы Ю.А.Бельчиков жоғарыдағы пікірді қолдай отырып, кірме терминдердің кем дегенде бір-бірімен туыстық жақындығы жоқ тілдердің ғылым, техника, экономика, әдебиет, өнер т.с.с. салаларда қолданылуы деп есептейді (2).

Біздің пікірімізше, кірме терминология – әрбір кірген тілдің халықаралық лексикалық қоры. Оған құрамында ең кемінде үш бір-бірімен туыстық жақындығы жоқ тілдердегі жазылуы, айтылуы, лексикалық мағынасы бір сөздер жатады. Кірме терминдердің кіруі, қалыптасуы, орнығуы жеңіл мәселе емес. Ол көп жағдайларға байланысты, айталық, өмір қажеттілігі, баламасының болмауы т.б. Мысалы, қазақ тілінің экономикалық терминдер құрамында кірме сөздер аз емес. Солардың ең алғашқыларына араб-парсы тілдерінен кірген сөздерді жатқызуға болады. Бұл сөздер бір жағынан экономикалық, рухани байланыстар арқылы кірсе, екінші жағынан, тікелей тілдік қатынастардың рөлі де аз болған жоқ.

Орта және Таяу Шығыс халықтарының тіл жағынан

дамуында классикалық араб тілі едәуір рөлі атқарды. Бұл дәуірде Таяу және Орта Шығыс халықтарының мәдени өмірінде араб тілі халықаралық тілдің қызметін атқарды. Тап осы күнге дейін түркі, парсы, ауған, тағы басқа кейбір тілдердің сөздік құрамында араб сөздері көптеп қолданылып келеді. Н.К. Дмитриев: «Араб тілінің түркі тілдерімен ара қатынасы, бұл сөздің мағынасында тілдердің әдеттегі өзара ықпал ету шеңберінен шығып кетеді», – дейді. (3). Мұнда біз түркі тілдерінің байырғы сөздігіне сырттай ғана қатқабат қосылып жатқан араб лексикасын емес, қайта одан да гөрі терең, әрі мейлінше табиғи процесті көріп отырмыз. Араб лексикасы тұтас бірқатар түркі тілдері үшін нәр алатын тамырлардың бірі болып табылады.

Араб тілінен: қарз-қарыз (135), ақы (40), хазина-қазына (67), саясат (90), шарт (92), пайда-пайда, олжа, өсім, процент (125), кәсіп-кәсіп, ұтыс, ұтып алу (142), мирас (1073), маалумат-мәлімет (252), мүлік-мүлік (264), сағат-сапа (273).

Араб және парсы тілдеріндегі лексикалық элементтерінің қазақ тіліне ауысуына тағы бір ықпал жасаған нәрсе, көптеген елдердің арасындағы сауда-экономикалық қарым-қатынастар. Орта Азияны Ресеймен, Сібірді Қытай және Монғолмен байланыстыратын үлкен жол қазақ даласы үстінен өтті. Бізге дейін жеткен жазба деректер Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу қалаларының араб елдерімен, Иранмен, Орта Азиямен, Кавказбен, Византиямен, Сібірмен, Шығыс



Түркістанмен тығыз сауда байланысы болғанын, бұл регионның халықаралық саудасында «Ұлы Жібек Жолы» зор рөл атқаратынын дәлелдейді.

Парсы тілінен: барж-баж – бір елден екінші елге алып барылған товар мүліктен алынатын салық (40), базар-сауда-саттық орын, базаркәш-базаршы (92), бәһә-баға сөздері енді (51). Осы тілден гер аффиксы; мұрагер. «Дама»жұрнағы парсы тіліндегі «наме»нің фонетикалық өзгерген түрі. Бұл жұрнақтың қазақ тіліндегі фонетикалық варианттары – деме,-тама,-теме. Парсы тілінде «наме» сөзінің өзіндік дербес мағынасы бар. Намер-хат, грамота, кітап, документ деген сөз. Қазақ тілінде оның дербес мағынасы жоқ. «Дама» және оның варианттары зат есім жұрнақтарының ролін атқарады, әрі есімдерге жалғанып жаңа сөз құрайды. Соның өзінде бұл аффикстік морфема өзінің «хат» деген мағынасын сақтаған: бұрыш-бұрыштама, мәлімдеме (4).

Нарықтық экономикаға байланысты «интернационалды» терминдердің өзі де тілімізге еніп, күнделікті өмірімізден тұрақты орын алып отыр. Олар: акция, брокер, аукцион, вексель, валюта, стандарт, сертификат, дебитор, депозит, дэмпинг, дивиденд, инвестиция, инфляция, капитал, дисконт, маркетинг, консорциум, баратрия, консумент, картель, конгломерат, нотис, монополия, фиксинг, стагфляция, санация, сальдо, рента, т.б. Ең көп қолданылатын сөздердің бірі – «бизнес».

Республикамызда бизнес орталықтары бар. Бизнес сөзінің мағынасы -пайда беретін кез-келген қызмет түрі. Презентация – экономикада бірінші төлемді төлеуге міндетті адамға аударма вексельді ұсыну; екінші таныстыру және жарнамалау мақсатымен фирманы, кәсіпорынды, тауарды т.б. көрсетуі. Ал, осы «презентация» сөзінің мағынасы бүгінде түбегейлі кеңейе түсті. Қазір мерзімді баспасөзде, радио, теледидар хабарларында презентация терминінің орнына «тұсау кесу» деген қазақ тілінің фразалық тіркесін қолданып жүр.

Елімізде экономикалық қатынастар жаңа бағытта өзгере бастаған алғашқы кезеңнен бастап «стандарт» және «сертификат» деген сөздер жиі-жиі естіліп, оның әсерін сан алуан мамандықтың иелері, өндірушілер мен өнім өткізушілер, сатушылар мен тұтынушылар, толып жатқан бақылаушы органдар және тағы басқалары анық сезе бастады.

Стандарт – үлгі, эталон, модель, олар өздеріне ұқсас басқа объектілерді салыстыру үшін негізгі деректер ретінде қабылданады; шама бірлігін белгілейтін нормативтік технологиялық құжат, терминдер мен олардың анықтамалары, өнімге және өндіріс процестеріне қойылатын талаптар – адамдардың қауіпсіздігін және материалдық құндылықтардың сақталуын, т.б. қамтамасыз ететін талаптар. «Мағынаның даму барысында тұрақты мағына да, жаңа мағына да, ауыспалы мағына да, контекстік мағына да туып, кеңейіп, тарылып отыруы – тілдік заңды құбылыс (5).

Сертификат – оның мағынасы белгілі бір фактіні куәландыратын құжат, арнаулы заемоблигацияларының атауы, сыртқы саудада – мемлекеттік инспекциялар мен басқа да уәкілетті ұйымдар беретін тауардың сапасы туралы құжат. Осыдан келіп, «стандарт»,

«сертификатқа» байланысты алдарыңызға тартып отырғандай тіркестер жасалды, олар стандарттық мәміле, топталым, лот, тауар, ақша нарығының сертификаты, сапа сертификаты, тауардың шығарылған жерінің сертификаты, сертификат орталығы.

Жалпы, сөздердің ыңғайына қарасақ, олар жанды организм сияқты жаңа қолданыс тауып, құбылып отырады. Кірме сөздер, яғни шығу төркіні жағынан басқа тілдік сөздер, әрбір тілдің лексикасында бар. Сөздік құрамына басқа тілден сөз енген тіл жоқ деуге болады.

Дүниежүзіндегі түрлі-түрлі тілдерде сөйлейтін халықтар өзара бір-бірімен қарым-қатынаста болады да, бір – біріне сөз ауысады. Шығу төркіні жағынан алып қарағанда сөздердің тілден тілге ауысуының тікелей ауысу және жанама түрде ауысу деп аталатын екі түрі болады. Зерттеулерге қарағанда, экономикалық терминдерде кірме мағыналы сөздер баршылық. Орыс тіліндегі «казна» деген сөз – шығу тегі жағынан араб тілінің сөзі. Макроэкономикада ол төмендегі тіркестермен жиі қолданылады: қазына эмиссиясы, қазына бонасы, қазына міндеттемесі, қазына векселі т.б.

Басқа тілден енген сөздер уақыт озған сайын әбден кірігіп, грамматикалық және семантикалық жақтан игеріліп, сіңісіп кетеді. Қазақ тілінде айыптау, пайдалану, қаржылау, есептеу деген етістіктер, араб тілінен енген айып, пайда есеп, қаржы деген зат есім сөздерге тиісті аффикстер жалғану арқылы жасалған. Шет тілінен енген сөздердің басым көпшілігі өздерінің мағынасын сақтап, семантикалық жақтан өзгеріске көп ұшырамайды. Бұрын қазақ жерін монғолдардың жаулап алуымен байланысты, монғол тілінен де көптеген сөздер ауысқан.

Мысалы, «менеджер» деген термин «manager» деген ағыл-шын сөзінен алынған. Мағынасы – кәсіби басқарушы, іскер адам, өндірісті басқару жөніндегі маман. «Реприманд» та солай, ағылшынша «reprimand» – ауызша сөгіс, деген мағынаны білдіреді.

«Рейтинг» – ағылшын тіліндегі «rating» деген сөзден алынған. Қазіргі таңда олар өте-мөте көп қолданылады. Мағынасы – бағалау, тапқа, дәрежеге немесе категорияға жатқызу; Макроэкономикада жиі кездесетін бұл сөз кредит рейтингі тіркесімен белгілі. Ол – қарыз алушының кредит алу қабілетін, оның міндеттемесінің сенімділігін бағалау, тәуекелдің деңгейіне байланысты әріп белгілері немесе арнаулы есептелетін индекс мағынасын білдіреді (6).

Ағылшын тілі арқылы кірген нарықты экономикаға байланысты шетел терминдері өзгеріссіз алынады. Төменде солардың біразын мағыналарымен берейік: Аванс- бірінші, Материалдық игілік, атқарылған жұмыс және көрсетілген қызмет үшін алдағы төленетін төлем есебінен берілетін ақшалай сома. Екінші, есеп айырысу тәсілдерінің бірі, онда кредитор (несие беруші) келісім шартта көрсетілген банкіден өзіне тиесілі төлемді келісім шарт жасасқан жақтар белгілеген шарттармен және мерзімінде алады. Үшінші, есеп айырысатын құжат немесе ақша құжаты, ол жөнелтілген тауар үшін тауар-көлік құжаттарын арнайы қалдырылған қаражат есебінен немесе аккредитивті ұсынушыға белгілі бір ақша сомасын

беру жөнінде бір кредит мекемесі басқа бір мекемеге жүктейтін тапсырма.

Агент – басқа бір адамның, принципалдың, мүлік иесінің тапсыруы бойынша, оның есебінен және оның атынан белгілі бір операциялар жасайтын, сондай-ақ, келісімнің даярлануын қамтамасыз ететін, бірақ, келісімге қол қоюға құқы жоқ заңды ұйым немесе жеке адам.

Аккредитив – оның екі мағынасы бар. Бірінші, Есеп айырысу тәсілдерінің бірі. Екінші, Кредитор (несие беруші) келісім шартта керсететін төлем.

Актив – есепке алу категориясы, оған нарық субъектісі мүлкінің құны, қарыздарды төлеуге арналған қаржы мен сақтық қорлары кіреді.

Акциз – бағаға немесе тарифке қосылып, тауарға және көрсетілген қызметке салынатын қосалқы салықтың бір түрі.

Кірме терминдер дыбыстық құрамы, тұлғалануы мен дыбысталуы жағынан төл терминдерден ерекшеленіп, окшауланып тұрады. Қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне икемделінбей қабылданғандықтан олар үндестік заңына бағынбай жұмсалады.

Қазақ тілінің экономикалық терминдері де өз бастауын халықтың өмір сүру, күн көрісіне байланысты байырғы, қарапайым сөздерден алған: айырбас, төлем, өнім, күн, қор, несие, мұра, қарыз т.б. Орта ғасырларда қазақ халқының басқа елдермен халықаралық байланысы «Жібек жолы» арқылы күшейген. Бұл дәуірлерде қазақтың экономикалық өз терминдері де

біраз дамыған, сонымен қатар араб, парсы, монғол, қытай тілдерінен де бірқатар экономикалық терминдер енген. Бұл терминдер қазақтың өз терминіне айналып, сіңісіп кеткендігі сондай, этимологиясын ақтарып зерттемесе, қайсысы қандай тілден кірді деп айту да мүмкін емес.

Экономика – өмірдің күре тамыры бола тұрып, ол өз дәуірінде болып жатқан өзгерістерден бейтарап қала алмайды. Әсіресе, қазақ халқының егемендігінің нық болуы, нарықтық экономиканың серпінді дамуы – толып жатқан шетелдік терминдерді де, олардың заттық мазмұнын да қоса әкелді. Бұндай жағдайда кірме терминдер өмірге тез сіңіп, дамыған елдермен байланыс жасауға қолайлы жағдай туғызады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. А.А.Белецкий.т.XIV. Вып.14 (Сб.фил.фак-та. М 8.1955); В.В.Акуленко.1972.стр.18.

2. Ю.А.Бельчиков. «Интернациональная терминология в русском языке.1959. стр 6; В.В.Акуленко.Вопросы интернационализации словарного состава языка.1972.

3.А.А.Ковалев,Г.Ш.Шарбатов. 1960 стр.5-6.

4.Л.З.Рустемов.1982.123-124 беттер.

5.У.Кеңесбаев, Ф.Мұсабаев.1962.33 бет.

7. Ақшалава Б.Н. Макроэкономика. Білім. 1997. (Аударма).

ҚАЗАҚ ТІЛІ ДЫБЫСТАРЫНЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢДЕГІ АРТИКУЛЯЦИЯЛЫҚ ТАЛДАНЫМЫ

Ноғай Ұлжан, 2-курс магистранты

Ғылыми жетекші: **Ф.Ғ.К,проф.м.а Кайдарова Г.К**

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

Түйіндемe:Мақалада қазақ тіліндегі дыбыстардың жаңа кезеңдегі артикуляциялық талданымы қарастырылған. Сөйлеу мүшелерінің құрамы мен реті, айырым белгілердің құрамы мен реті анықталған. Қазақ тілі дыбыстарының айтылымын талдайтын акустикалық әдіс және оның акустикалық ғылыми аппараты жайлы сөз етіледі.

Тірек сөздер: дыбыс, артикуляция, үндесім, фонетика, еріндік, езулік, дауысты, дауыссыз.

Abstract:The article provides an articulatory review of the sounds of the Kazakh language in the new era. The composition and order of speech members, composition and order of distinctive marks. Speaking of acoustic methods and the acoustic science apparatus that analyzes the pronunciation of Kazakh sounds.

Keywords: sound, articulation, harmony, phonetics, lip, spell, vowels, consonants

Қазақ тілінің дыбыс талданым желісінің соңғы нәтижелері академиялық «Қазақ грамматикасының» дайындалуымен тікелей байланысты [1; 3 б.]. Ең алдымен фонетикалық талданымның бағыттары анықталды: қазақ тілі дыбыстарының жасалымын талдайтын артикуляциялық әдіс және оның артикуляциялық ғылыми аппараты; қазақ тілі дыбыстарының айтылымын талдайтын акустикалық әдіс және оның акустикалық ғылыми аппараты; қазақ тілі дыбыстарының естілімін талдайтын перцепциялық әдіс және оның перцепциялық ғылыми аппараты. Сонда әр зерттеу саласының өзіне тән ұғымдары мен атаулары болады. Өйткені жоғарыда айтылғандай, дәстүрлі қазақ фонетикасында артикуляциялық және

перцепциялық ұғым атаулар араласып жүр. Сондықтан артикуляциялық талдау тек артикуляциялық ұғымдар мен артикуляциялық атаулар негізінде жүргізіледі, яғни акустикалық және перцепциялық ұғым/атаулар араластырылмайды; акустикалық талдау тек акустикалық ұғымдар мен акустикалық атаулар негізінде жүргізіледі, яғни артикуляциялық және перцепциялық ұғым/атаулар араластырылмайды; перцепциялық талдау тек перцепциялық ұғымдар мен перцепциялық атаулар негізінде жүргізіледі, яғни артикуляциялық және акустикалық ұғым/атаулар араластырылмайды.

Фонетикалық талдаудың негізі артикуляциялық талдау болғандықтан, бірінші кезекте қазақ тілінің



артикуляциялық базасының (жасалым негізінің) моделі құрастырылды. Модель қазақ тілі дыбыстарының мүмкін болған жіктелім белгілерінің бәрін түгел қамтиды.

Артикуляциялық база моделінің арқасында сөйлеу мүшелерінің құрамы мен реті, айырым белгілердің құрамы мен реті түгел анықталды. Дәстүрлі қазақ фонетикасында жаңсақ түсіндіріліп немесе ескерілмей келген сөйлеу мүшелері аталады. Мысалы, жасалу орны ретінде тілшік сөйлеу мүшесі аталмай келген, ол қазақ тілі дауыссыздарының жасалым белгісі ретінде қамтылып отыр. Сондай-ақ ерін қатысы тек еріндік/езулік болып қана жіктеліп келсе, енді езуліктің өзі ашық езу[лік], қысаң езу[лік] және емеурін езу[лік] болып үшке, ал еріндіктің өзі доғал ерін[дік] және сүйір ерін[дік] болып екіге таратылып отыр. Сонда ерін қатысының өзі бес артикуляциялық белгіден құралады.

Еріндік/езулік атауының мағынасы екіге жіктеледі: ерін/езу (губной/негубной) атаулары дыбыстың жасалу орнын көрсетсе, яғни артикуляциялық атаулар құрамына енеді; еріндік/езулік (огубленный/неогубленный) атаулары дыбыстың үндесім әуезін көрсетіп, перцепциялық атаулар құрамына енеді.

Артикуляциялық белгілердің көлденең қалпы ерін, тіл ұшы, тіл алды, тіл ортасы, тіл арты, тіл түбі және тілшік болып тізіледі. Сонда тілдің қалпының өзі бес белгіден құралады екен: тіл ұшы, тіл алды, тіл ортасы, тіл арты, тіл түбі. Қазақ тілінің артикуляциялық базасының ерекшелігі ретінде тіл алдының дауысты дыбыстарды жасауға (қазақ тілінде тіл алды дауыстылар жоқ), ал тіл артының дауыссыз дыбыстарды жасауға (қазақ тілінде тіл арты дауыссыздар жоқ) қатыспайтынын айтуға болады.

Тілдің тік қалпының өзі ашық, қысаң, жуысыңқы және тоғысыңқы болып таралады. Сонда дауыстылардың ашық/қысаң белгісі жасалу тәсілінің қатарына жататын болып шығады. Әрі қарай жуысыңқы белгісінің өзі жинақы жуысыңқы, жайылыңқы жуысыңқы, жанама жуысыңқы және діріл жуысыңқы болып төртке тарамдалады.

Ендігі бір жаңалық дауыс желбезегінің қатысына байланысты болып отыр. Дәстүрлі қазақ фонетикасындағы «дауыс қатысы» атауының өзі перцепциялық атау болып табылады. Сондықтан оның артикуляциялық баламасы ретінде «дауыс желбезегі» атауы алынған, өйткені ол сөйлеу мүшесін меңзеп тұр. Бұдан келіп бұрынғы «таза дауыс», «салдырдан дауыс басым», «дауыстан салдыр басым», «таза салдыр» тәрізді естілім анықтамалардың (ұғымдардың) естілім түйсінім атауларының (дауысты, үнді, ұяң, қатан) орнына, дауыс желбезегінің тербеліс ауқымын көрсететін «толық тербеледі», «мол тербеледі», «жартылай тербеледі», «тербелмейді» тәрізді артикуляциялық анықтамалардың (ұғымдардың) тактильді түйсінім атаулары (тербелмелі, тербелімді, тербеліңкі, тербеліссіз) алынды. Сөйтіп артикуляциялық талдау мен перцепциялық талдаудың ара жігін ажыратуға мүмкіндік туды.

Қазақ тілінің артикуляциялық базасының негізінде қоспасыз таза артикуляциялық талдаудың жолы ашылды.

Қазақ тілтанымының фонетика саласы үшін

«артикуляциялық база» (жасалым негізі) ұғымы мен атауы тың зерттелім ғылыми аппарат болып табылады. Өйткені бұған дейін «артикуляциялық база» ұғымы мен атауы зерттелім амалы ретінде кездеспейді және көпшілікке таныс емес. Оның үстіне соңғы кезде зерттелім құралы бола бастаған артикуляциялық атаулардың бәрі сол артикуляциялық базаның көрнекі үлгісінен тарайды. Сондықтан да қазақ тілінің артикуляциялық базасының жан-жақты талданым түсініктемесін беру қажет. Себебі артикуляциялық база негізінде қазақ тілі дыбыстарының сингема және аллосингема құрамын анықтап, негізгі және үстеме артикуляциясын сипаттап шығуға мүмкіндік туады. Әлеми тілтаным «Лишь перечень всех аллофонов всех фонем языка составит перечень его звукового состава» [2] деп көрсеткендей, қазақ (түркі) тілі үшін, жоғарыда айтылғандай, барлық сингемалардың барлық аллосингемаларын тапқанда ғана тілдің дыбыс құрамы түгенделеді. Сонда ғана «лишь перечень всех аллосингем всех сингем казахского языка составит перечень его звукового состава» болып шығады.

Қазақ тілінің артикуляциялық базасының моделінен (үлгісінен) дыбыстың жасалым (артикуляциялық) белгілерін көрнекілейтін бөліктерін бөліп алып, өз алдына қиюластырдық. Ұсынылып отырған құрылым төрт бөліктен құралады. Қазақ тілінің сингемалары мен аллосингемаларының артикуляциялық сипаттамасы (анықтамасы) осы айырым белгілердің төрт тобының араласымынан (комбинациясынан) шығады. Ендеше қазақ тілі дыбыстарын сипаттайтын артикуляциялық белгілердің бәрі артикуляциялық базаның ішінен табылады. Артикуляциялық белгі белгілі бір сөйлеу мүшесінің қалпына немесе сөйлеу мүшесінің қозғалысына тән болады.

Қазақ тілінің дыбыс құрамы алдымен дауысты/дауыссыз болып екіге жіктеледі. Әдетте дауысты/дауыссыздардың жіктелім белгісі ретінде ауаның өкпеден шығу жолы, ауыз қуысындағы кедергі және буын құрау мүмкіндіктеріне қарай жіктеледі. Мұндағы алғашқы екі белгі әмбебап жіктелім белгі бола алмайды, ал соңғы белгісі артикуляциялық белгі емес, дыбыстардың тілдегі буынкұрауыштың қызметіне қатысты болып табылады.

Қазақ тілі дыбыс құрамының дауысты/дауыссыз жіктелімі дауыс желбезегінің қатысынан туындайды. Дауыс желбезегінің толымды тербелісінен дауысты дыбыс, ал толымсыз тербелісінен дауыссыз дыбыс жасалады. Сонда бұл таза артикуляциялық жіктелім болып табылады. Дауыс желбезегінің толымды тербелісі барлық дауыссыздарға тән, ал толымсыз тербелісі әрі қарай іштей тағы таратылады.

Дауыс желбезегінің тербеліс түрі күрделі, толымды тербелістен толымсыз тербелістің төменгі шегіне қарай толқын (амплитуда) кеміп отырса, керісінше, толымсыз тербелістің төменгі шегінен толымды тербеліске қарай үдеп отырады. Егер қазақ тілінің дыбыс құрамын дауысты/дауыссыз деп қана жіктейтін болсақ, онда толымды/толымсыз белгісі жетіп жатыр. Алайда дауыссыздардың артикуляциясы дауыстыларға қарағанда күрделі болғандықтан, толымсыз белгісі дауыссыздарды іштей жіктеуге жеткіліксіз болады. Сондықтан толымсыз белгісі әрі қарай тағы тараты-

лып әкетіледі. Сонымен бір ғана дауыс желбезегінің қатысына байланысты дыбыс артикуляциясы күрделі болып шықты. Дәстүрлі қазақ фонетикасында дыбыс жасалуына ерін қатысы да еріндік/езулік деп қарапайым шешіледі. Қазақ тілінің артикуляциялық базасы тұрғысынан қарағанда дыбыс жасалымына ерін қатысының да күрделі екенін көреміз.

Ерін артикуляциясы дыбыстың негізгі және түрленім (үндесім және үйлесім) айтылымдарына бірдей қатысатын белсенді сөйлеу мүшесі болып табылады. Сондықтан да ерін қатысының моделі күрделі екендігі анықталып отыр. Дыбыстың негізгі және әрбір түрленім жасалымына лайық ерін қалпы бар. Ерін артикуляциясының езу/езулік қалпы тік қоршауға, ал ерін/еріндік қалпы қабысыңқы шеңбер қоршауға алынып көрсетілді. Тік қоршау езу/езуліктің, яғни еріннің жазық қалпының моделін бейнелесе, қабысыңқы шеңбер ерін/еріндіктің, яғни еріннің дөңгелек қалпының моделін бейнелейді. Мысалы, дыбыс: ерін қатысына қарай езу дауысты болуы мүмкін, сонымен қатар үндесім әуезіне қарай езулік дауысты болуы мүмкін; жасалу орнына қарай ерін дауыссыз болуы мүмкін, сонымен қатар үндесім әуезіне қарай еріндік дауыссыз болуы мүмкін.

Қазақ тілі дыбыстарының жасалым орны артикуляциясының анықтамаларын толықтырып (жоғын тауып) немесе тиянақтап (артығын алып тастап), сөйтіп қазақ тілі дыбыстарының жасалымына ғана тән артикуляцияны түгендеп шығудың ең тиімді амалын тағы да «Қазақ грамматикасы» ұсынған артикуляциялық базадан тауып отыратын боламыз.

Қазақ тілі дыбыстарының жасалу тәсіліне қатысты толықтырулар жасалған. Бұрын шұғыл/ызың болып екіге ғана жіктеліп келген жасалу тәсілі іштей тағы тарамдалып кетеді. Ең бастысы дауысты дыбыстардың ашық/қысаң белгісі жасалу тәсілінің қатарына жатқызылады. Ал дауыссыздардың жасалу тәсілі тоғысыңқы/жуысыңқы болып жаңаша топталып, жуысыңқылардың өзі іштей тағы төрт топқа бөлінеді. Қазақ фонетика атауларының, оның ішінде артикуляциялық атаулар бар, мыңға тарта төл сөздігі жасалып, жарық көрді. Қазақ тілі дыбыстарының артикуляциялық талданымы дәстүрлі жіктелім кестелеріне өзгерістер ендіруді қажет етеді. Дауыс желбезегінің қатысы қазақ тіліндегі дауысты/дауыссыз дыбыстарды бөліп қарамай, бір тұтас құрамда қарау керектігін көрсетеді. Қазақ тілі дыбыстарының толық құрамы алдымен артикуляциялық екі топқа бөлініп барып, әрі қарай іштей тағы жіктеледі.

Қазақ тілі дыбыстары ерін қатысына қарай да алдымен үлкен жіктелімге, сонан соң іштей кіші жіктелімге тарайды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. – Алматы: Арыс, 2008. – 75 б.

2. Мелиоранский П.М. Краткая грамматика казах-киргизского языка. Фонетика, этимология. – СПб., 1894. – Ч. I.

3. Қазақ грамматикасы. – Астана: Елорда, 2002. – Б. 35-40.

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫ ЕСІМДЕРІ

А.Т.Тұрлығазы

Қайнар академиясының I курс студенті

Ғылыми жетекші: п.ғ.м., аға оқытушы С.Кудабаяева

Түйіндеме. Мақалада Елбасының «Рухани Жаңғыру» бағдарламасының жалғасы «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласын талдауға арналған. Төл тарихымызды білу, оны бағалап қадірлеу келешек ұрпағымызға еш өзгеріссіз жеткізу біздің алға қойған ең үлкен мақсатымыз.

Тірек сөздер: Ұлы тұлға, қазақ хандығы, Нұрсұлтан, энциклопедиялық саябақ

Аннотация: Статья посвящена анализу статьи президентской программы «Духовный подъем» под названием «Семь чудес великой степи». Знание нашей истории, ее оценка и доведение до наших будущих поколений - наша главная цель.

Ключевые слова: Великий человек, казахское ханство, Нурсултан Назарбаев, энциклопедический парк.

Abstract: The article is devoted to the analysis of the article of the presidential program “Spiritual Ascent” entitled “Seven Wonders of the Great Steppe”. Knowledge of our history, its assessment and bringing to our future generations is our main goal.

Key Words: Great man, kazakh khanate, Nursultan Nazarbayev, encyclopaedic park

Қазақстан Республикасының президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жалғасы «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында ашық аспан астында «Ұлы даланың ұлы есімдері» атты энциклопедиялық саябақ ашуды ұсынған болатын. Төл тарихымызды білу, оны бағалап қадірлеу келешек ұрпағымызға еш өзгеріссіз жеткізу біздің алға қойған ең үлкен мақсатымыз. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев өз сөзінде «Таңдамалы сөздер» атты кітабында былай делінген еді «Тарих дегеніміз тек өткеннің сабағы ғана емес. Ол – едәуір дәрежеде

болашақтың да көрінісі» деп айтып кеткен. Тарихымызды білумен қатар тарихта қалған тұлғалардың ерен еңбектерін болашақ жастардың бойына сіңіруміз керек. Тарих беттерін парактасақ қарапайым халық ішінен шыққан көптеген ұлы адамдарды көруге болады. Қазақ елінің тарихы тереңде сонау VII ғасырдан XXI ғасырға дейінгі қазақ тарихынан көптеген ұлы тұлғаларымызды айтсақ болады. Ұлы тұлғалардың көшін, көне түркі мемлекетінің билеушісі Білге қағаннан бастағанымыз дұрыс болар. Білге қаған алты жасында жетім қалады. Байсалдығымен, ақылдылығымен және зор әскери дарынымен ерте ел көзіне түсіп, түрік-қытай



билеушілерінің ықыласына бөленген. 31 жасында қаған тағына отырып, 19 жыл ел билейді. Бітік тасқа кашалған ой орамдарынан елдік пен ерлік жайлы даналық дарындары сезіледі. Білге қағанның халықты бірлікке, ерлікке шақыруы арқылы сол заманнан қазіргі таңдағы жастарға дейін қағанның ерлік істерінен үлгі алады. Қазақ елі тек жауынгерлік өнерге ғана емес оқу білім саласына көңіл бөлген ұлы тұлғаларымен ерекшеленеді, мысалға Махмұд Қашқари – ұлы ойшыл, энциклопедист-ғалым. Қарахан әулетінен шыққан. Қашқарда, Бағдатта білім алған. Түркі тілімен қатар араб және парсы тілдерінде де еңбектер жазған. «Диуани лұғат ат-түрік» бізге белгілі Махмұд Қашқаридің ең ұлы шығармасы. Ұлы тұлғаларды жіпке тізер болсақ өте көп екеніне көбіне аян сол себептен қысқада нұсқа Қазақ хандығының негізін қалаушы ұлы екі тұлғаның бірі-Керей хан. Алғашқы қазақ ханы. Ақ Орданың ханы Ұрыстың ұрпағы. Жәнібек ханмен бірге XV ғасырдың 50- жылдарының аяғында Қазақ хандығының құрылуына қатысты оқиғаларда алғаш рет аты атала бастайды. Жәнібек хан-қазақ тарихында туысқан ағасы Керей ханмен бірге Қазақ хандығының негізін қалаған. Тұңғыш президентіміз айтпақшы «Дешті Қыпшақты билеп тұрған Шайбани тұқымымен ат құйрығын кесіп, қол астындағы ұлыстардың Шу бойын алып келіп, Қазақ деген ел еткен Керек мен Жәнібектің орны бөлек». Осылайша қазақ хандығының құрылуына үлкен үлес қосқан. Қазақ халқының маңдайына біткен дара тұлғалар Керей мен Жәнібек хандарымыздың есімі қазақ тарихында алтын әріппен мәңгілікке қалады. Ұлы тұлғаларымыздың қатарына кіретін Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев бұл кісі қазақ халқының маңдайына біткен биік тұлғамыз. Туып-өскен жері-Алматы облысының Қарасай ауданына қарасты Шамалған ауылы. Днепродзержинск техникалық училищесін (1960), Қарағанды металлургия комбинатына қарасты жоғары техникалық оқу орынын (1967), Кеңес Одағы коммунистік партиясы Орталық комитетіне қарасты Жоғары партия мектебін (1976) бітірген. Экономика ғылымның докторы, академик. Еңбекжолын 1960 жылы Теміртау қаласындағы Қарағанды металлургия комбинатында қатардағы жұмысшы болып бастап, домна пешінің аға газ даушылығына дейінгі жолдан өтті. 1969 жылдан бастап комсомол және партия жұмысына ауысты. Жоғары мемлекеттік және партиялық қызметтерді 1979 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы болып сайланған кезден атқара бастады. Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы Министрлер Кеңесінің төрағасы (1984-1989), әрі Кеңес Одағы Коммунистік партиясы Орталық

Комитеті Саяси бюросының мүшесі (1990-1991), Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы Жоғарғы Кеңесінің төрағасы (1990 жылдың ақпан-сәуірайлары) болып қызмет атқарды. Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1990 жылдың 24 сәуірінде Н.Ә.Назарбаевты Қазақ Кеңестік Социалистік

Республикасының ең алғашқы Президенті етіп сайлады. Қарапайым қазақ отбасында туып өсіп, тәрбиеленіп, ата өсиетін, ана ғибратын өмірлік азық еткендіктен халық тұңғыш президенттерін сыйлайды, құрметтейді, қадірлейді. Шерхан Мұртаза ағамыз айттып кеткендей «Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев адамзатты топан судан аман алып шыққан Нұх пайғамбарға ұқсап, Қазақстанды сонау 90-жылдары Тәуелсіздік жолында басталған күресте аман алып шығып, ел қылды» деп өз сөзі арқылы көркем жеткізген еді. Елбасының ғажайып парасаты мен пайымы, ұлтжандылығы жас ұрпақ біздер үшін өнеге. Адамзат баласына, күллі әлемге танымал болған осындай Елбасымыздың барына қуанамыз да, мақтанамыз да. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Ұлы даланың ұлы есімдері» атты энциклопедиялық саябақ ашуды ұсынған еді. Ашық аспан аясында қазақ елінің ұлы тұлғаларының мүсіндерін энциклопедиялық саябақ та қоюы, Болашақ жастардың сол кісілердің мүсіндерін көруі арқылы, сана сезімдернің дамуына, ұлы тұлғалардың ерлік істерін өз бойына сіңіруге, өте үлкен ықпалын тигізетіні сөзсіз. Бұл іс шараның қолға алынуы Қазақстанға шет мемлекеттерден туристерді тартуға, туристердің де қазақ елінің дара тұлғаларын танып білуге үлкен ықпалын тигізетіні сөзсіз. Энциклопедиялық саябақтың болуы бір шетінен қалада архитектуралық нысанның бой көтеруі, қаланың сәнін келтіреді. Мен үшін бұндай іс шаралардың Қазақстанда көптеп қолға алынып жатқандығы қуантады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. *Тарихи тұлғалар. Танымдық - көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы. "Алматыкітап баспасы", 2009 ISBN 978-601-01-0268-2*
2. *Таңдамалы сөздер» Кітабы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 158.б*
3. *«Егемен Қазақстан» газеті. 2009-10-21 «Абай-ақпарат» 21 Қазан, 2009 Қазақ деген елміз біз!*

ӘБІШ КЕКІЛБАЕВ ТІЛДІК ТҮЛҒАСЫН ТАНУДАҒЫ АВТОРЛЫҚ МЕТАФОРЛАРДЫҢ РӨЛІ

4-курс студенттері: Бекдаулетова Зарина, Совет Мақпал
Ғылыми жетекші: Қанабекова М.Қ.

Резюме:

Аннотация: В статье рассматриваются авторские метафоры, охарактеризующие языковую личность видного писателя, общественного деятеля А. Кекилбаева.

Abstract: The article discusses the author's metaphors that characterize the language personality of a prominent writer,

public figure A. Kekilbaev.

Ұлт жанының жанашыры, кемеңгер жазушы, көсем сөздің білгірі, ойшыл ғұлама Әбіш Кекілбаев тұлғасы – қазақ руханиятында өзінің шығармашылық қолтаңбасы айрықша, рухани-мәдени өресі биік тарлан тұлға ретінде танылады. Қайталанбас қасиетке ие қаламгер тұлғасын танудың бір қыры – автордың танымы мен прагматикалық уәж-мақсатынан туындаған, жазушы тілдік тұлғасын сипаттайтын авторлық метафоралық сөз үлгілері. Ұлы суреткердің мол мұрасынан мұндай көріктеу амал-тәсілдерін танып-біліп, зерделеу үшін нақты деректер келтіре отырып, қысқаша талдау жасағанды мақсат еттік.

Зерттеу еңбектердегі деректерге сүйенер болсақ, метафора (балау) негізгі көріктеу құралы болып танылады. Көркем сөз шеберлері шығармаларында көріктеу құралдарын тосын көркем бейнелер, ерекше экспрессияға құрылған сюжеттер жасау үшін пайдаланады. Қазіргі таңда жарық көрген көптеген ғылыми зерттеу жұмыстар мен мақалаларда метафоралық тілдік бірліктер жазушының «тілдік тұлғасын сомдай түсетін негізгі көріктеу құралы ретінде қарастырылып келеді» [1, 37 б.].

Ғалымдардың пайымдауынша, метафора әлемнің жеке тілдік көрінісін бейнелейді, себебі индивидуальдылық жеке адамның белгілі тілдік құралдарды таңдауына байланысты, яғни әр адамға, сөз суретшісіне, тек сол тұлғаға ғана тән қасиет болып танылады.

Бүгінгі тілтаным ғылымында зерттеушілер метафораны ойлаумен, таныммен, философиямен, психологиямен, поэтикамен (көркем әдебиетпен) шешендікпен, лингвистиканың түрлі салаларымен байланыстырып, түрлі қырынан зерделеп келеді. Бұдан метафораның тек тілге ғана емес, адам ойлауымен байланысты басқа құбылыстарға тән екендігін, оның қолданылу аясының кеңдігін аңғаруға болады.

Негізінен, метафора – адамның ойлау қабілеті мен таным көкжиегіне байланысты туындайтын тілдік құбылыс. Бұл құбылыс жайында зерттеуші А.Салқынбай мынадай ой-тұжырым жасайды: «Метафора – сөздің басқа мағынада қолданылуы. Риторика мен лексикологияда метафора номинациялық құрал ретінде қарастырылады» [2, 124 б.]. Ал белгілі ғалым Б.Хасанов «Қазақ тілінде сөздердің метафоралық қолданылуы» атты еңбегінде метафора құбылысына мынадай сипаттама береді: «Метафора – тіл байлығын құлпытқан қат-қабат мағына туғызушы әрі терең сырлы мән беріп, сөзді астарлай қолдану тәсілі. Метафора – көркем әдебиетке ғана тән құбылыс емес, сөйлеу мәдениетіміздің көне тарихымен құрдас қалыптасқан, образды ойымыздың дамуынан көрініс беретін маңызды элемент [3, 190 б.]. Ғалымның пікірі бойынша, кез келген жазушының шығармасында немесе авторы белгісіз халық туындыларында метафораның екі түрі ұшырасады: бірі – бүкіл халыққа түсінікті, тұрақты ауыс мағына алған, дәстүрлі қолданылып келе жатқан метафоралар, екіншісі – әлі жалпыхалықтық сипат ала қоймаған, жеке тұлғаның сөздік қорынан шыққан метафоралар. Олар көбіне әдебиетте қолданылатын және лингвистикадағы метафора деп ажыратылып, екеуі

екі ғылымның нысаны ретінде қарастырылып келеді. Мәселен, Ә.Кекілбаев тұлғасының жеке сөздік қорын сипаттайтын үзінді келтірілікті:

Одан да тыныш ішіп тапқаныңды,

Өлеңнің біл отына таптануды.

Үмітке жүкті дүние туар бір күн,

Айтар сол бұрқануды, аттануды (Дүние ғапыл) деген өлең үзіндісіндегі үмітке жүкті дүние метафорасы – автордың тілдік тұлғасын сипаттайтын жеке сөз қолданысы болып танылады. Ең алдымен, автордың сөйлемде өзек етіп алған «дүние» сөзінің мағынасына келсек, «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» Дүние ар. зат. 1. Өмір, тіршілік. 2.Зат, мүлік, жиһаз, нәрсе. 3. Әлем, жер жүзі, жиһан. 4. Табиғат, жаратылыс. 5.Табиғат пен қоғамдағы белгілі ортадағы өмір сүретіндердің тобы, жиынтығы. 6. Ауыс. Белгілі сөздермен қосылып, мол, көп деген ұғымды білдіреді [4, 204 б.]. Бұл сөйлемде дүние сөзі қаламгер тілінде сөздікте көрсетілген бірінші өмір, тіршілік мағынасында қолданылған. Яғни өмірдің, тіршіліктің, жақсылықтың нышанын күтуде екенін, үлкен үміттің бар екенін, болашақтың бейнесін автор өзіндік таным-түйсігімен оқырманға әсерлі де шебер жеткізіп отыр. Мұндағы үмітке жүкті дүние қолданысы ұқсас ұғымдардың бір-біріне қатыстылығынан туындаған авторлық (оказионалды) метафора ретінде танылады.

Авторлық қолданысқа негіз болған ұқсастық олардың белгілі бір жағдаятқа байланыстылығы деп білеміз. Метафораның тәсіл ретіндегі басты мақсаты заттар мен құбылыстарға атау беру болғандықтан, олардың жасалуында ұқсастық сезім мүшелерінің көмегімен де жүзеге асады. Ойымыздың дәлелі ретінде Ә.Кекілбаевтың аталмыш туындысынан тағы бір үзіндіге назар аударалық:

Күткен күн келе қоймас сағынғанмен,

Шырпынбас бедеу дүние шабынғанмен

От боп еріт көкіректің тақыр мұзын.

Мұндағы көкіректің тақыр мұзы оказионалды метафорасы автордың поэтикалық ойлау жүйесін, таным қабілетін аңғартады. Мәнмәтінде әбден күдер үзген үміттің, көңілі қалған жүректің, қатып қалған сезімді ояту мақсатында туындаған автор тұлғасына тән ерекше бейнелі метафора деп бағамдаймыз.

Ғалым Б.Хасановтың еңбегінен кейін қазақ тіл білімінде жеке қаламгерлердің шығармалары негізінде метафоралық құбылыстардың денін ұлттық болмыспен, ұлттық таныммен байланыста қарастыру біршама зерттеу нысанына айналып келеді. Соның айғағы – зерттеуші А.Сыбанбаеваның «Метафораның тілдік болмысы және концептуалды метафоралар» атты еңбегін атап өтуімізге болады. Еңбекте қазақ тіліндегі метафораның лингвистикалық табиғаты кеңінен түсіндіріліп, оның ұлт тіліндегі танымдық қызметі мен ғылым тіліндегі маңызы көрсетіледі. Метафораның концептуалдық қызметі, ерекшеліктері мен түрлері, термин жасаудағы рөлі арнайы зерттеліп, оның құрылымдық сипаты айқындалып беріледі [5, 65 б.].

Суреткер тұлғасын танытатын метафора тілді байыта түседі, ол көріктеу тәсілі арқылы бұрын болмаған



тың оралымдар енгізіледі, әсіресе жеке автордың таңымынан туындаған қолданыстар тілдің поэтикалық деңгейін арттыра түседі. Мысалы:

Қараңғылық қымтап алып бір күні,
Жұмылып қап күміс күннің кірпігі.
Сыпырғышы ажал деген тирақтың
Сипап кетсе жүзімдегі күлкіні (Сонда).

Бұл қолданыстағы окказионалдық метафораны жасауда автор адамның бойында болатын нәрсенің (кірпік) күннің бір белгісі ретінде көрсетіп тұр. Сонымен қатар күнді күміске балап отыр. Яғни бір затты, іс-әрекетті, құбылысты басқа бір затқа, әрекетке, құбылысқа балап сипаттағанда, суреттегенде олардың арасындағы ортақ белгі қасиеттер негізге алынады. Сондықтан да образды метафора адамның айналадағы болмысты танып білуінің шығармашылық тәсілі, өмірдегі шындық құбылыстар арасындағы ұқсастықтарды сарапқа салудың, ой қорытудың, пайымдау жасаудың құралы деп те қарауға болады.

Автор тілдік тұлғасын сипаттайтын метафоралар сөзқолданыста елеулі қызмет атқарады. Ол сөзге атау беріп, жаңа мағына тудырады, көркем бейнелер жасайды, сөз мағынасына көркемдік түр беріп қана қоймай, айтылған ойға терең, жанды сипат береді. Сөзге эмоционалды-экспрессивті мән үстейді. Метафоралық қолданыстағы сөз мағынасынан әр тілдің өзіндік ерекшелігі мен өзіндік нақыш-баяуы, ұлттық сипаты көрінеді.

Анадайдан оны көріп бүлкілдеп,
Жорытады атың.
Көзіңе де жылтың кеп,
Қуаныштың домбырасы кеудене

Майда қоңыр күй тартады шіңкілдеп. Бұл үзіндідегі қуаныштың домбырасы метафорасы Ә.Кекілбаевтың өзіндік дүниетаным ерекшелігінен туындаған. Мұндағы домбыра әуен ұғымымен байланысты түсіндірілуі керек еді. Ұлттық мәдени ерекшеліктерден хабар беретін домбыра сөзі автордың жеке таңымымен берілген қуаныштың символы болса, поэтикалық мәнмәтінде қуанып тұрған адам бейнесін көз алдыға елестетеді. Бұл көріктеу құралы – жазушының тілдік тұлғасын ерекше танытатын вербалды-семантикалық көрінісі деп түсінеміз.

Жоғарыда келтірілген мысалдардағы авторлық метафоралардан жазушы ақиқат дүниедегі құбылыстарды бақылай отырып, олардың арасындағы байланысты оқырманға әсерлі етіп жеткізе білген. Шығармашылық әрекеті барысында ол сырт дүниені өзінің көзімен басқаша пішіп, оның ішкі мәнін көрсету үшін өзінің жеке авторлық әлемін жасаған. Метафораға бір-біріне сәйкес келмейтін, үйлеспейтін ұғымдарды байланыстыру амалы тән. Мұндай ой-түсініктен түйетініміз: тілдік тұлғаны айқындаудың бір өлшемі болып табылатын метафоралық құрылымдарға жазушы Ә.Кекілбаевтың жеке қолданыстағы осы қасиеттерді өз бойына жинақтағаны байқалады.

Метафора қолдану сипатына қарай негізінде екі түрге бөлінеді: тілдік (дәстүрлі) метафора; поэтикалық (сөйлеу кезінде туындайтын контекстік) метафора кейде индивидуалды-авторлық метафоралар деп те атайды.

Дәстүрлі не тілдік метафораларда тұтас бір

халықтың ортақ бейнелі ойы, дүниетанымы білдіріледі. Сондықтан олардың білдіретін мағынасы көпшілікке түсінікті болады. Ал авторлық метафоралар жеке адамның дүниені бейнелі қабылдауын, таным ерекшелігін көрсетеді. Жеке қолданыстағы метафора белгілі бір ақынның я жазушының қолданысында өмір сүреді. Белгілі мәнмәтінде ғана ұшырасатын сөздің келтірінді мағынасы қашанда автордың жеке тұлғалық ерекшелігін көрсетеді. Мысалы: Қазақтың бағы жүрсе — кәукілдеген мақтан әңгімесі, гүлеген өсегі, кеңірдегін күнге, кіндігін айға ілген кердең жүрісі көбейіп, қараптан-қарап іші жарылып, бұтқа толы болады (Үркер). Бұл сөйлемдегі кеңірдегін күнге, кіндігін айға ілген кердең жүріс авторлық қолданысы адамның мінез-құлқына байланысты пайда болып, жүріс-тұрысты бейнелеу мақсатында жұмсалып тұр. Жазушы шалқайып, шіреніп жүру мағынасындағы жүрісті бейнелеу үшін бір-бірімен үйлеспейтін сөздерді өзара байланыстыру арқылы окказионалдық қолданыс жасауға мәжбүр болған.

Жеке авторлық қолданыстағы метафоралар тілдік тұлғаның ерекше поэтикалық ойлау мен таным қабілетін көрсетеді. Демек, метафора – жеке тұлғаның әлемді тануы және әлемнің тілдік бейнесін түзуінің бірден-бір көркемдік тәсілі. Бұл тәсіл поэтикалық мәтінде табиғат пен адам белгілерін, қасиеттерін өзара үйлестіріп, бір-біріне ұқсатып, балама жасауда жиі кездеседі.

Қысы-жазы қытырынған Атырау теңіз,
Зәрленіп зытырымнан жатыр-ау деңіз.
Қаскөйдей қабағын ашпай тұнжырайды,
Қапелімде жақпай қалды екен, апыр-ау неміз?

Бұл жерде жазушы Ә.Кекілбаев Атырау теңізінің толқынын зәрленіп, ашуға булығып тұрғанын бейнелеу мақсатында қытырынған баламасы арқылы жеке қолданыстағы метафора жасау уәжін көздеген. Автордың қытырынған бейнелі сөзін қолданудағы уәжі Атырау теңізінің өзіндік қасиеті мен белгілерін оқырманға әсерлі етіп жеткізуді аңғартқандай болады. Жалпы бейнелі сөздердің қолданылуы әлемдегі әрбір болмыстың өзіндік қасиеті мен белгілеріндегі ұқсастықты анықтай біліп, ассоциациялық қор жинақтауға негіз болады. Бұл – әлемнің тілдік бейнесін сипаттаудың ең тиімді тәсілі. Бір заттың бейнесі, оның белгілері мен қасиеттері арқылы екінші зат не құбылысты тануға жәрдем етеді. М ұ н д а й тосын метафоралық қолданыстар жазушының Тілдік тұлға ретіндегі ерекше қолтаңбасын танытады.

Сыпырғышы ажал деген тирақтың
Сипап кетсе жүзімдегі күлкіні.

Мұндағы сыпырғыш, біріншіден, өлімнің, ажалдың метафоралық ойлау нәтижесінде жасалынған көркем бейнесі, екіншіден, ақынның ішкі көңіл-күйі толқынысы мен сезімдерінің жинақталған көркем бейнесі. Бұл жердегі Сыпырғышы ажал деген тирақтың авторлық қолданысы көркемдік үшін алынған жай метафоралық тіркес емес, ақынның дүниетаным түсінігіне тірек болып тұрған концептілік бірлік деп түсінеміз. Жоғарыда көрсетілгендей сөзде заттың өзі белгіленбейді, аталмайды, зат туралы адамның санасында бейнеленген түсінік пайда болады, қандай да бір тірек сөз концепт дәрежесінде танылады.

Сөйтіп, жазушының шығармашылығында кездесетін мұндай метафоралардың белгілі бір уәж-мақсаттарға және әртүрлі жағдаяттарға байланысты туындағанын байқадық. Жазушы тұлғасының тілдік өлшемі болып табылатын авторлық метафоралық құрылымдар жеке тұлғаның бейнелі ойлау жүйесі мен өзіндік дүниетанымын айқын көрсетеді. Жазушы дүниетанымын айқындайтын метафоралар адресатқа ой салу, тәрбие беру, эстетикалық әсер тудыру мақсатында жиі қолданылады.

Ә.Кекілбаев тілдік тұлғасын сипаттайтын авторлық метафоралардың қолданылуының негізгі прагматикалық уәжін анықтау, олардың орны мен ролін айқындау өзекті деп түсінеміз.

МАРАЛТАЙ РАЙЫМБЕКҰЛЫ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ АВТОРЛЫҚ МЕТАФОРЛАР Сапархан Нұрай

5B020500-Филология мамандығының 4-курс студенті

/ Ғылыми жетекшісі: **Ғ.Б. Шойбекова**

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

Көркемдік деңгейдің жоғары болуы – кез-келген ақын-жазушының шығармасына қойылатын басты тілдік талап. Өйткені белгілі бір туындыны көркем деп тану үшін ол шығарма көркемдік талаптарға толық жауап беруі тиіс. Сонымен бірге көркемдік талабы Р.Сыздық айтқандай: «Өлең тілінің сыртқы жылтырақтығы емес, көркемдік, ең алдымен, мазмұн мен қалыптың(форманың) сәйкестігі, яғни ой мен тілдің гармониясы: ақын идеясын білдірген сөздердің оқырман сезіміне әсер ететін экспрессиялылығы мен эмоциялылығы» болуы керек.

Метафора (грекше *metaphora* – қазақша «ауысу») – сыртқы не ішкі белгілеріндегі (тұлғасындағы, атқаратын қызметіндегі, т.б.) ұқсастыққа қарап, бір зат атауының басқа бір затқа атау болуына байланысты сөз мағынасының ауысуы. Ол – белгілі бір топқа жататын заттар мен ұғымдардың, я болмаса құбылыстардың атауларының белгілі бір ұқсастық немесе ортақ сипаттарының болуына байланысты, екінші бір топқа жататын заттар мен ұғымдарды немесе құбылыстарды сипаттау және атау үшін қолданылатын троп немесе тіл механизмі.

Ауысу екі түрлі қызмет атқарады: көркем сөз тудыру және заттар мен құбылыстардың атауларын қайта атау.

Метафораның қолданылу сипатына қарай екі түрге бөлінетіні белгілі:

1.Тілдік метафора

2.Поэтикалық (сөйлеу кезінде туындайтын мәнмәтіндік) метафора.

Тілдік метафора сөзге жаңа мағына қосып, оның семантикалық шеңберін кеңейтіп, әрдайым үздіксіз дамып отырады. Тілдік метафораны жалпыхалықтық сипатына қарай дәстүрлі метафора деп те атайды.

Дәстүрлі метафоралардың мағынасы халықтың таным-түсінігі, ой-өрісі, тіршілігі мен тұрмысына байланысты. Олар мағынасы көпшілікке түсінікті, жиі қолданысқа түсетін бейнелі метафоралар. Дәстүрлі

Пайдаланылған әдебиеттер:

1Имашева Г. Міржақып Дулатұлы шығармаларындағы «Ғаламның тілдік бейнесі»: фил. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2001. – 119 б.

2 Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. – Алматы: Сөздік – Словарь, 1998. – 301 б.

3 Хасанов Б. Қазақ тілінде сөздердің метафоралы қолданылуы. – Алматы, 1966. – 207 б.

4 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1976. – 1-10 т.

5 Сыбанбаева А.С. Қазақ тіліндегі концептуалдық метафораның қызметі: фил. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 1999. – 161 б.

метафораның авторы жоқ. Олар мақал-мәтелдер тәрізді халық қазынасы.

Зерттеуші Б.Хасанов қазақ тіліндегі метафораларды жасалуы жағынан морфологиялық ерекшеліктерді негізге ала отырып, жеті түрге бөліп қарастырады: зат есім метафоралары, сын есім метафоралары, етістік метафорасы, үстеуден болған метафоралар, еліктеуіш сөздерден болған метафоралар, сан есімнің метафоралы қолданылуы, есімдіктердің метафоралық қолданылуы.

Авторлық метафора жөнінде сөз қозғағанда академик Р.Сыздықтың мына пікірін еске алған мақұл: «Поэтикалық тіл әрдайым метафора, эпитет, теңеу сияқты көріктеу құралдарының санымен(көптігімен), тіпті сапасымен(аса көріктілігімен) танылмайды, суреткердің өз міндетіне алған эстетикалық талаптарына сәйкес болмысты тіл арқылы әсерлі де бейнелі түрде көрсете білуінен танылады. Ал әсерлілік пен бейнелілік көркем әдебиетте, оның ішінде поэзияда әрқашан образды метафора, теңеулермен берілмей, ешбір экспрессивтік бояуы жоқ сөздермен немесе сөз тіркестерімен берілуі де мүмкін».

Метафора – көркем сөздің, соның ішінде поэзияның негізгі көрсеткіші, ол автордың ғаламды өзіндік тануының құралы ретінде пайдаланылады.

Авторлық метафора арқылы жазушының немесе ақынның тілдік тұлғасы, оның қолданыстарының табиғаты кең көрінеді. Ақын өзіне тән жеке қолданыстар арқылы халықтың ұлттық танымын сөзбен береді. Оның жекелік сөз мәнерінде ұлтқа тән болмысты жинақтаушы қасиет болады.

Тағы бір нақтылап алатын тұс, тілдік метафора мен авторлық метафоралардың, сондай-ақ авторлық метафоралардың соған ұқсас келетін бірліктерден ара жігін ашып алу мәселесі. Тілдік метафораның семантикалық шеңберінің кең болатындығы мәлім, олар жалпыхалықтық тілге сіңісіп, көптің игілігіне айналып кеткен сөз қолданыстары. Ал авторлық



метафораның жөні бөлек. Зерттеушілер авторлық метафора жөнінде былай деп жазады: «Жеке қолданыстағы (индивидуалды) метафора белгілі бір ақынның я жазушының туындысында өмір сүреді. Бұлар сөздікте сөздік мақаланың мазмұнына ене алмайды. Белгілі контексте ғана ұшырасатын сөздің келтірінді мағынасы қашанда әр автордың өзіндік ерекшелігін көрсетеді». «Қазақ тілінің стилистикасы» оқулығында: «Метафора біткеннің бәрі бірдей жалпылық сипатқа алып келе бермейді... Демек кей сөздің метафоралық мағынасы белгілі бір стильде контекстік қана болып келеді, яғни белгілі бір аяда ғана көрінеді. Мұндай контекстік метафора көбінесе көркем әдебиет стилі мен публицистикалық стильде байқалады. Ол әр автордың өзіндік сөз қолдану шеберлігімен байланысты мәселе». Д.Әлкебаева болса метафораны жалпы және авторлық қолданыстағы метафоралар болып бөлінетінін атап көрсетеді. Келтірілген тұжырымдардан-ақ авторлық метафораны түсінуде, оны атауда соншалықты бірізділіктің жоқтығын аңғарамыз. Авторлық метафора бірде контекстік метафора, енді бірде индивидуалды-жекелік метафора тәрізді атаулармен қолданылады.

Авторлық метафораға қойылатын талап, әрине, оның атауынан да көрініп тұрғандай автордың сөз қолдану даралығы, өзіндік мәнері метафоралық қолданыста болуы қажет. Сондай-ақ мұндай қолданыстардың дәстүрлі қолданысқа айналу мүмкіндігі де бар екенін есте ұстаған жөн.

Авторлық метфораларды кейбір зерттеушілеріміз окказионал қолданыстар деп те жүр. Бірақ та екеуінің ара жігін ажыратып алған жөн. Окказионал қолданыстарға өткінші, бір-ақ рет қолданылу сипаты тән, олардың дәстүрлі қолданыстарға айналуы екіталай. Ал авторлық метафоралардың тілдік, яғни дәстүрлі қолданыстарға айналуы әбден мүмкін, бірақ олардың авторлық екендігі байқалып тұрады, тіпті қай автордың қашан қолданғанына дейін білуге болады.

Қазақ тіл білімінде авторлық метафора мәселесі әрдайым сөз болып отырған. С.Е. Кәрібаева «С.Мұқанов поэзиясындағы авторлық метафоралар (когнитивтік аспект)» атты диссертациясын жазса, А.Д.Есқараева «З.Шүкіровтың поэзиялық шығармаларындағы метафоралық қолданыстар» атты диссертациясында авторлық метафораға кеңінен тоқталады. Ж.Қ.Өмірбекова, А.Сыбанбаеваның еңбектерінде жеке автордың қолданысында пайда болған авторлық метафоралар семантикалық окказионализмдер ыңғайында сөз болады.

Жоғарыда келтірілген метафоралық жіктемеге қоса метафораларды былай топтастыруды көрсетуге болады:

- Жекелік-авторлық;
- Антропоморфтық;
- Зооморфтық;
- Генитив
- Синестезия (кинестезия).

Жекелік-авторлық метафоралар – мағына ауысуындағы субъективті семалардың басымдығымен айқындалады: сұм үміт, көтерем бақыт.

Антропоморфтық метафоралар – адамға тән қасиеттердің жан-жануарларға немесе жансыз заттарға

телінуі: кербез тау, тентек теңіз, сырлас бұлт, т.б.

Зооморфтық метафоралар – керісінше, жан-жануарларға тән белгілердің адамға немесе жансыз заттарға телінуі: айғырдай кісінеген бұлт, мешкей зауыт.

Генитив метафоралар – ілік септігі мен тәуелді тұлғада қолданылады: күйдің кілті, қайғының дауылы.

Синестезия – тілдік метафора, сезімдік, сенсорлық белгілердің семантизациялануынан болады: улы ой, тәтті өмір, құрғақ сөз т.б.

Енді, қазіргі заман әдебиетінің көрнекті өкілі, поэзия тарланы Маралтай Райымбекұлының поэзиялық шығармаларындағы авторлық метафораларды талдасак:

Ақынның «Баба түкті шашты Әзіз бен Баб ата» өлеңінде:

Қызыл ай теріскейде жүзіп барад,

Қызылкөл түстігінде – қызыл манат.

Шашты Әзіз жолбарыстай ыңыранса

Қурайы құла түзді ызылдағат.

Бұл жердегі «Қызыл ай теріскейде жүзіп барад» деген қолданысы айдың жай ғана өз ұясына енуін суда жүзіп, көз алдыңнан алыстаған адамның бейнесіне алмастырып тұр. «Шашты Әзіз жолбарыстай ыңыранса, қурайы құла түзді ызылдағат» деген өлең жолында «жолбарысты» Шашты Әзіз образын танытуда шебер қолданған. Жолбарысты ақын бекерден бекер алмаған. Оның аңдардың ішінде ең мықтысы, қасиеттісі саналатындықтан, ол барша ормандағы аң атаулыға өзінің айбатын таныта алатын бірегей аң бейнесін қасиетті адамдар кие тұтқан Шашты Әзіз бейнесімен ұштастырады.

Осы өлеңінде:

Ғазиздің әзиз көзі жасқа толды,

Қалың жұрт діннен безген қасқа болды – деген жолдар ұшырасады. Мұндағы «Әзиз көз» деген тіркеске назар аударайық. «Әзиз» сөзінің мағынасы – батыл, күшті. Сонда «батыл көз жасқа толды» деу арқылы мықтының да әлсіз тұсы бар екенін айшықты сөз тіркесі арқылы ұтымды жеткізеді ақын.

Арманы жер жүзіне желбірету,

Хазірет Мұхаммедтің жасыл туын – деген өлең жолдарында «Жасыл туын» деген сөз түркесін пайдалануда ақын «Ақ туын, қызыл туын» деген ұғымдарды емес, «Жасыл ту» деп алуының басты себебі – Пайғамбарымыз (с.ғ.с) ең сүйікті түсі жасыл түс болғандығында деп білеміз. Біз көбінесе «Ақ туын желбіретіп», «Ақ туымен аттандап» деген қолданыстарды жиі ұшыратамыз. Бұл да ақынның сөз қолданысының ерекшелігі.

«...Күн шығып Келіншектау нұр еміп бір

Барады бар далаға гүл өніп, гүл...» деген өлең жолдарының алғашқы тармағында «Келіншектау нұр еміп бір» деген қолданысқа назар аударайық. Автордың жаңаша қолданысын байқау қиын емес. «Келіншек» пен «Ана» ұғымдары бір-біріне жақын. «Емшек ему» деген қолданыс бар, «Нұр ему» деген қолданысты ақын шығармасынан көрдік. «Нұр ему» деген қолданыстың астарында жылулық алу, мейірім алу, шуақ шашу деген ұғыммен астарлас.

Ақынның атақты «Кентавр» өлеңінде:

«Тарпаң тұлғалы, кісі бейнелі,

Бабалар бүгін түсіме енбейді

Солардан қалған жүрек қой мынау –

«Жүрегім неге кісінемейді?» деген шумақтағы «Жүрегім неге кісінемейді» деген сөйлемге назар аударайық. «Жылқы кісінейді» деген бар да, «Жүрек кісінейді» деген қолданыс жоқ. Ақын «Жүректі кісінету» арқылы біздің ата-бабамыздан бермен қарай тұрмыстағы серігіміз болып келе жатқан төрт түліктің төресі жылқының бойындағы асыл қасиеттердің қазіргі адамдарда жоқ болып бара жатқандығына қынжылатындығын көрсеткен. Қазақта «Жылқы мінезді» деген қолданыс бар. Бұл қолданыстың өзі тұрмысынан мықты, дара тұлғаларға арналған қолданыс. Сонда ақын жүрегінде өткенді аңсау, қазіргі күнге деген өкпе бар екендігін айқын аңғаруға болады.

«Ғаламат солай басталды бір сәт,

Құйғытып кеттім тастарды турап» өлең жолдарындағы «тастарды турап» тіркесінің мағынасын ашайық. Дәстүрлі қолданыста тек біз тұрмыста кездесетін «нан турау, ет турау» деген тіркесімдермен таныспыз. Тасты турау мүмкін емес, мұнда ақынның ішкі әлемінде аңсау, қалау, биікке ұмтылыс бар. Тасты адамның «нанша» турай алуы мүмкін емес, бірақ ақын тарпаң тұлғалы ертектегі кентавр болуды армандай отырып, қазіргі адамдардың қолынан келмейтін дүниелерді жасай алатынына сенеді. (Кентавр тура мағынасында емес, қазіргі адамдардың майдаланып бара жатқанына күйінген ақынның жан-айғайы).

Ақынның «Бір қыз туралы аңыз» өлеңінде:

Сөнген қызды ауыл болып көмгенбіз,

Өлген қыздың өліміне сенгенбіз – деген өлең жолдарындағы «сөнген қыз» тіркесіне зер салайық. «сөнген от» пен «өмірдің аяқталуын» паралель қоя отырып «сөнген қыз» атты авторлық метафоралық қолданысын шебер пайдаланған. «Сөнген от» оттың өмірінің аяқталғанын көрсетсе, «Сөнген қыз» қыз баласының өмірінің аяқталғанын көрсетіп тұр. Және жас кезінде адамдар от сияқты лапылдап, лаулап жанады. Жас қыздың лапылдап жанып тұрған шағында өмірден өтуі, лаулап жанған оттың кенет сөнуімен астарлас.

Өзінің туған жері Таразға арналған «Көне Тараз» өлеңінің алғашқы шумағында:

Ниет еткен мұсылмандай намазға

Ниет етіп ғазал төктім қағазға

Ғасырлардың саусағындай нұр шашқан

Гаухар жүзік Таразға деген өлең шумағындағы «Гаухар жүзік Таразға» деген тіркесімде киелі, көне қала Таразды тастардың асылы гаухармен алмастырады. Гаухар тас қандай қымбат болса, Тараздың да баға жетпес байлығымыз екенін дәлелдейді.

«Жез қоңырау сөйлейтін күз келгенде

Күз келгенде,

Мектепке біз келгенде» - деген шумақтар кездесетін «Жез қоңырау» атты өлеңіне назар аударсақ. Ақынның «Жез қоңырауды сөйлетуі» өлеңнің оқырманға әсерін күшейтіп тұрғандай. Жазғы демалыс бойы үнсіз қалған қоңыраудың қағылуын, ұзақ уақыт бойы үнсіздікте болған адамның марқайып тіл қатуымен қатар алып бейнелегендей. Қоңыраудың қайта-қайта сыңғырлап соғылуы – айтар сөзі көп адаммен сыр шертіскеніндей.

«Адасқак» өлеңіндегі мына тармаққа назар аударайық:

«... Мен де бір маңып кеткен маралыңмын» деген тармағында ақын өзін мақсатсыз, ойсыз жүрген маралға теңейді. Маралға теңеуінің астарында өзінің есімі жатқан секілді. Себебі өлең ақынның өзінің атынан баяндалған. «Адасқан» ұлының түбінде туған жерге оралаты – өлеңнің түйіні.

«Айнамкөз» өлеңінде:

«Өксік, ыза, өкініш,

Аңсау, сүю...армандай,

Өзіңе өзің үңіліп

Мұң басады малмандай» - деген өлең жолдарында ақын «мұң басады малмандай» тіркесін қолданады. «Үсті-басы малмандай су болыпты» деген дәстүрлі тіркес бар екені белгілі, алайда «малмандай мұң басу» деген тіркесті қолдану арқылы ақын мұңның өне бойынды толықтай жаулағанын көрсете білген. Жай ғана мұң емес екендігін танытқан.

Көңіл күй лирикасына құрылған «Күзгі палитра» өлеңінде:

«...Түндерім тұр - сұры қашып сұрланып,

Гүлдерім тұр – қабақтарын түнерте» деген жолдарға зер салсақ, «Сұры қашып сұрланған түн» және «қабағын түнерткен гүлдер». Табиғаттың бейнесін адамның көңіл күйі арқылы суреттеу арқылы жан жағында болып жатқан дүниелерге табиғаттың да риза еместігін көрсетеді. Ақын жүрегі бұл өлеңде жаралы. Ол өмірден өткен достарын қоңыр күзде еске алады. Қоңыр күз сағыныш кезі. Көңілсіз жанының суретін ол табиғаттың көңілсіз кейпімен салғастыра отырып әсерлі суреттейді.

Оңтүстік Астана, еліміздің мәдениет ошағы саналатын Алматы қаласына арнаған «Алматы» өлеңінде:

«Ұрлап кеткен сенің нәзік назыңды

Астана деп аталатын Тәжінді» деп авторлық метафораны молынан пайдаланған. Алматыны нәзік назды, тәжінен айрылған қызбен алмастырып, өлеңнің өне бойын осы үлгімен өрген. Өлеңнің түйіні «Алматы – қазақтың ардақты қызы» болғанын, алайда қаланың бүгінгі өзгерісін «ары тапталған қызға» теңеп, бұрын мәдениет пен өнердің ошағы болған қаланың күйрегенін «Ақындардың жесіріндей Алматы» деп түйіндейді. Өлеңде бүгінгі күнгі қала бейнесіне көңіл толмаушылық, наразылық бар. Және өлеңде пайдаланылған әрбір метафоралық сөз қолданысы автордың өзіне ғана тән, контекстік мағынаны дәл беру үшін шеберлігімен қиюластырған сөз өрнегі.

Ақынның «Жоғалту» атты өлеңінде:

«Кеше жұртта қалған

Тозған жүрек, сені іздеп» - деген өлең жолдарындағы «тозған жүрек» деген қолданыс, «талған», «қиналған» деген қолданыстардың орнына «тозған» деген сөз қолданысын алу арқылы көркемдік беріп тұр. Біз, «тозған киім», «тозған үй», «тозған дүние» деген тұрмыстық өмірімізге қатысты тіркестер қолдансақ, ақын «тозған жүрек» деп сезімнен шаршаған жүректің бейнесін ашқандай.

«Сентиментальді құбылыс» атты өлеңінде:

Алған – мен

Берген – Сен едің ғой Құранды

Жұмыр жер адасып барады,



Қолында Құраны - деген өлең шумағындағы «Жұмыр жер адасып барады» деген тармаққа назар аударайық. Иә, «адасу» қолданысын ақын «тура жолдан тая, бағытын дұрыс таңдамау» деген ұғымды ашу үшін алған, «жұмыр жер адасу» мүмкін бе? Жоқ, «жұмыр жер» тіркесі арқылы «жалпы жер бетіндегі адамдар» деген ойды ашқысы келген. «адамдар адасып барады» деген қолданысты көп естиміз, ал «Жұмыр жер адасып барады» деу ақынның авторлық қолданысы.

Табиғат лирикасына жазылған «Таң» өлеңінде:

«Бояулар баяу сырғиды
Ұқтырып жұмбақ бір күйді
Кекілі күннің қылтиды

Кім сүйді бүгін, кім күйді?» - деген өлең шумағындағы ақынның «Кекілі күннің қылтиды» деген тіркеске назар аударайық. Өзге поэзиялық шығармаларда «күннің шапағы», «күн ұясы» деген тіркестерді көрсек, ақында жаңа «кекілі күннің қылтиды» деген авторлық метафоралық тіркесті көреміз. Күнді кекілі қылтиған бойжетіп өсіп келе жатқан қыз баласындай суреттейді.

Көріктеу құралдарының ең бастысы – метафораның авторлық-жекелік түрлері. «Жазушының дүниені ерекше көркем түсінуі, сезінуі, оның көркемдік әдісі

міндетті түрде оның шығармасында көрініс табатыны» сөзсіз.

Ақын шығармаларында табиғат пен қоршаған орта заттарының адам жанымен ұқсас тұстарын салғастыра отырып жеткізу орын алған. Және ол қазақ әдебиетінде қалыптасқан дәстүрлі метафоралардан ерекше екендігін әрбір өлеңіндегі авторлық метафораның молдығынан байқауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Хасанов Б., Қазақ тілінде сөздердің метафоралы қолданылуы - Алматы – 1966жыл
- 2.Кәрібаева С.Е., С.Мұқанов поэзиясындағы авторлық метафоралар (когнитивтік аспект) / фил. ғыл.канд. дисс... Астана, 2010
- 3.Райымбекұлы М. Кентавр өлеңдер жинағы. – Алматы
- 4.Райымбекұлы М. Ай: өлеңдер мен поэма. – Алматы. - 2001
- 5.Райымбекұлы М. Асау өлеңдер жинағы. – Алматы. – 2014

**КОНТРАСТИВТІ ЛИНГВИСТИКАНЫҢ
ЛАТЫН ӘЛІПБИЕНЕ КӨШУДЕГІ МАҢЫЗЫ**

Ағайдар Бағила Нұрланқызы

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

Ширек ғасырды артқа тастаған айбыны асқақ азат елдің жаһандану дәуіріндегі рухани кеңістігінің жаңа бастауы - латын графикасына көшу.

Елбасы 2012 жылғы желтоқсан айында жариялаған «Қазақстан-2050» Стратегиясында «2025 жылдан бастап латын әліпбиіне көшуге кірісу керектігін» мәлімдеген болатын. Мемлекет басшысы «... Латыншаға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ ХХІ ғасырдағы ғылыми және білім беру процестерінің ерекшеліктеріне байланысты...»[1.] деп атап көрсетті.

Осылайша жаңа әліпбиге көшу - бүкіл түрік әлемімен бұрынғыдан да жақындаса түсудің, жаһандық өркениет жетістіктеріне бастар басты даңғыл жолы, негізгі факторы. Сонымен қатар өзге елдерде өмір сүретін қандастарымыз үшін өз атамекенімен қарым-қатынас жасауларын жеңілдетеді.

Қазір тіліміздің табиғи заңдылықтары бұзылып бара жатқаны жасырын емес. Өзге тілдің дыбысы мен сөзі тілімізді шұбарлауда. Айтылым мен жазылым арасы алшақтап, бір-біріне сәйкес келмей отыр. Бұл әсіресе тіліміздің фонетикалық жүйесіне қатты әсер ететіні айтпаса да белгілі. Үндестік заңы бұзылды. Бұл деген қазақ тілі әуезділігінен айырылды.

Тіліміз осы заманғы ғылыми-техникалық прогреске икемді болмады, терминологиямыз жетіспейді деумен өзге тілдің сөзін аударамыз деп өзегіміз талды. Басқа тілден сөз ауысу тоқтады. Кірме сөздер қазақтың айтылуына негізделмей, сол тілдің нұсқасында енді. Тіліміз «импорттанған» сөздерге толды.

Өзге тілден сөз алғанда оны басып, жаншып ұлттық дәстүрде алу керек деген принцип далада қалды. Міне, осындай және тағы басқа да факторлар тілімізді дамытуға кедергі келтіріп отыр.

Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде дамыту, әлемнің дамыған тілдерінің қатарына қосу, болашақ тілі болуына жағдай жасау - әрбір қазақ азаматының арманы. Біз бүгінгі күні әліпби ауыстыру арқылы осы уақытқа дейін кеткен кемшіліктерді жоя отырып, жаңа тұрпаттағы тіл дамыту жұмысын саналы түрде қолға алуымыз қажет.

Латын әліпбиіне көшу – тіл реформасының бір сатысы екендігін ескерсек, бұл бағытта ғалымдар алдында жасалануы қажет жұмыстың салмағы ауыр екендігін ұмытпау керек.

Соның бірі, жаңа әліпбиге жасалған реформада контрастивті лингвистикалық зерттеулерді барынша басшылыққа алу. Осы уақытқа дейін салыстырмалы тарихи әдіс жиынтығы тіл тарихын зерттеудің аса маңызды құралы болып келді. Алайда, бұл әдістің ең көкейкесті мәселесі – туыс тілдер жүйесінің тарихи дамуындағы заңдылықтарды анықтау болғандығы жасырын емес.

Қазақ тілі латын әліпбиіне көпше туыс емес тілдер заңдылығын зерттеу қажеттілігі туындайды. Контрастивтік лингвистика негізінде жатқан салғастырмалы әдіс болса бүкіл тілге тән ерекше заңдылықтарды, сондай-ақ туыс емес тілдердің ұқсастықтарын түсіндіріп бере алады. Бұл – латын графикасына көшуде тілдік заңдылықтарымызды өзгертуге біршама мүмкіндік беріп, тіл білімі ғылымына жаңа көзқарас алып келеді.

Контрастивтік лингвистика (салғастырмалы тіл білімі) – жалпы тіл білімінде ХХ ғ. 50 ж. бері қарқынды дамыған бағыт. «Контрастивтік лингвистиканың неғұрлым көлемді салыстырмалы-салғастырмалы саладан бөлініп шығуына контрастивтік зерттеулерге арналған арнайы концепциялар (алғаш рет 1968 ж. АҚШ-та) себеп болды. Контрастивтік лингвистиканың басталуы 1957 ж. Р.Ладонның еңбегімен байланыстырылады. ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасыр басындағы орыс тілі мамандарының (А.А.Потебня, Ф.Е.Корш, Е.Д.Поливанов, В.А.Богородицкий, И.А.Бодуэн де Кортенэ, Л.В.Щерба) еңбектерінде контрастивтік лингвистика жөнінде бай материал сақталған. Дегенмен, контрастивтік лингвистиканың жалпы тіл білімінде алатын орны әлі де анықтауды қажет етеді» [2.159]

Латын графикасына көшу қазақ тілінің дыбыстық жүйесін табиғи қалыпқа түсіріп, жасандылыққа ұрынған артикуляциялық базасынан арылтады. Тиісінше әріп сандары қысқарып, үйренуді жеңілдетеді, жазу сыйымдылығы артады.

Латын әліпбиіне көшуде әріп сандары қысқарып, жазу сыйымдылығы артатыны заңды құбылыс. Осы арада ағылшын тіліндегі жазылымда қысқарып жазылатын сөздерге мән берсек.

Ағылшын тілінде қысқарған сөздің түрі көп кездеседі. Сондықтан олардың өзін жасалу ерекшелігіне қарай топтауға болады:

1-түрдегі қысқарым: sister = sis, telephone = phone, doctor=doc, т.б. Бұл – буындық қысқару түрі.

2-түрдегі қысқарым: amerasian=american+asian (америка-азиаттық адам), botel=boat+hotel (кемедегі мейманхана), fruice=fruit+juice (жеміс шырыны). Бұлар екі сөздің буындық қысқаруынан бірігіп жаңа тұлғажасамдық күрделі сөз құрайды. Қазақ тілінде мұндай тұлғалар бірігу амалының кірігу жолы (кіріккен сөз) болып табылса, ағылшын тілінде бұлар қысқарған сөздер ішіне еніп отыр.

3-түрі – цифрлық қысқарым. Цифрлық технологияның дамуымен жаңа цифрлық тіл де пайда болды, бұл ағылшын тілінің әсерінен қазақ тілінде де орын ала бастады. Бірақ олардың қолданыс аясы әлі тар. Негізінен әлеуметтік желіде қолданылады: CYO= see you online (желіде көрісеміз), FOAF= friend of a friend (достар бір-бірі үшін...), DIKY= Do I know you? (Мен сені танымын ба?)

4-қысқарым түрі – слэнгтер. Бұл ағылшын тілінде көп уақыттан бері қолданылып келеді. Жиі қолданылатын сөздер жазуда да, айтуда бір деңгейге түсіп кетті. Мысалы: Want to=Wanna, Give me=Gimme, Got to=Gotta, Going to=Gonna.

Слэнгтердің ішінде дыбысталуына байланыста қысқарған сөздер де бар. Олар көп жағдайда сол дыбысталған қысқарым түрінде жазылады: «Dollar [ˈdɒlə]» [3.71]=Dolla, «little [ˈlɪtl̩]» [3.181] = lil’, «about [əˈbaʊt]»[3.8]= ‘bout. Қазақ тілінде болса сөздердің дыбысталуындағы қысқару олардың жазылуына әсер етпейді. Мәселен «түрікмен [түр’кмен]»[4.654], «мойны озу [мойн’озуу]» [4.464] Бұл қазақ тілінің орфоэпиялық және орфографиялық заңдылығына байланысты. Бірақ тілімізде морфонологиялық құбылыстар бар. Мәселен, қазақ тілінің лингвистикалық түсіндірме сөздігінде [5] «Барамын-

барам», «келемін-келем», «барғанмын-барғам» сияқты сөздерде соңғы буын түсіп қалатындығын көрсетеді. Сонымен қатар, тілімізде гаплогологиялық құбылыстар (бұл күн-бүгін, алып кел-әкел) бар екендігін айта кеткен жөн.

5-қысқарым түрі – графикалық қысқарту (Graphical shortening): street= St., Mister=Mr., Doctor= Dr., page=p., gram=gm.

Қазақ тіліне графикалық қысқарған сөздер ағылшын тілінен енгені көрінеді: кг, мг, мл, дц, т.б.

6-қысқарым түрі – латинизмдер: ante meridim=a.m. (түстен кейін), example gratia= e.g (мысалы), id est = i.e (яғни). Қазақ тілінде де осы тәсілмен қысқарған сөздер қалыптасқан: тағы басқа – т.б., тағы сол сияқты – т.с.с.

7-қысқарым түрі – апострофтық қысқарым. Ағылшын тілінде көмекші және модаль етістіктер апострофпен (‘) қысқарады: do not=don’t, are= ‘re, have= ‘ve. Қазақ тілінде апострофтық қысқарту кездеспейді.

8-қысқарым түрі – акронимдер ішіндегі математикалық қысқарымдар: &=and, 24/7=around the clock, 404= I do not know.

9-қысқарым түрі – инициализмдер: AGM, CEO, ASAP т.б. Бұл түрі қазақ тілінде де қалыптасты: ҚР, ҰБТ, ҚХР, т.б

Байқағанымыздай ағылшын-қазақ тілдерінде қысқарымдарда ұқсастық бар. Қысқарым – заман талабы. Осы орайда, ағылшынның I’m, It’s секілді қысқарым түрлерін қазақ тіліне латын графикасына ауысу барысында енгізу қажеттілігі бар. Тек қазақ, ағылшын тілдеріндегі аббревиатуралардың кей түрлерін жазу барысында септелу, көптелу, жіктелу жүйесінде салғастырып қарасақ әр тілдегі аббревиатуралардың өзіндік ерекшелігі байқалатынын ұмытпау керек.

1-кесте

Ағылшын тілінде	Қазақ тілінің	латын графикасындағы нұсқасында
I’m	Me’ń (Meniń)	
My father’s name	Me’ń ákem’ń aty	

Жастар қолданысындағы слэнгтер қазірдің өзінде тілімізде қысқарып айтылып жатыр. Латын графикасына көшу барысында қоғам қолданысына қарай лингвистикамызда өзгерістер орын алуы мүмкін. Бұл арада ең негізгі мәселе – үнемдеу, тиянақтылық.

Яғни, кестеден байқағандай, қазақ тіліндегі ілік септігінің жазылымын қысқарту мәселесін қарастыру керек сияқы. Әрине, бұл ұсыныс әлі зерттеуді талап ететін даулы мәселе екенін білеміз.

Латын графикасына ауысуда сөздерді жазуда қысқарым жасаудың ғылыми өзектілігі бар.

Ағылшын тіліндегі қысқарымдар жасалуына назар аударсақ. Ағылшын тілінде зерттеуші О.Кастерина өзінің кандидаттық диссертация авторефератында [6] қысқарған және жаңа сөздіктерді пайдалана отырып арнайы зерттеу жүргізу барысында аббревиатуралардың жасалу тәсілін келесідей топтастырады: «частично-сокращенных сокращений, инициально-словных, слоговых (апокопа, аферезис, синкопа, стяжение), слогнословных, сращений (телескопов или накладок, инициально-слоговых, буквенных, акронимов, совпадающих по форме с уже существующими словами,

акронимов, несопадающих по форме» [6. 13]

Сондай-ақ ағылшын тілінде қысқарған сөздер ықшамдау мақсатында ғана емес, қарым-қатынас үшін де қолданып, оларды «Механизм эвфемизации и табуирования» деп атайды. «Эвфемизмы употребляются для завуалирования уничижительной поотношению к коммуниканту лексики, которая апеллирует к его умственным способностям, а так же «скрывает» употребление некорректных сравнений: AFCPS< Any Fool Can Plainly See, WAG< Wild Ass Guess, AYSOS< Are YoStupid Or Something, LLAL< Laughing Like A Lunatic. Эвфемизмы маскируют лексику, несущую некорректное отношение к возрасту коммуниканта: OL< Old Lady, OM< Old Man, XYL< Ex Young Lady, физическим недостаткам: NTTFLS< Not Till The Fat Lady Sings, расовой, половой и этнической принадлежности: HAB< Hot Asian Babe, BAP< Black American Princess» [6, 16]. Біздің мұнан байқайтынымыз, ағылшын тілінде сөздер тек ықшамдалу мақсатында ғана емес белгілі бір ұлттық таным ретінде қолданылуы. Яғни, қазақ тілінің танымынан пайда болған табу сөздердің орнын ағылшын тілінде қысқарған сөздер алмастырған.

Ағылшын тілінің ықпалы өте күштілігін аңғару артық емес. Мысал келтіретін болсақ, ағылшындардың өздері де емле-ережесінің қиын екендігін мойындайды. Әйтсе де, бұл тіл емле-ережесі өздері үшін ғана. Ағылшын мұншама емле-ережені өздерінің қырықтан аса дыбыстарын бар болғаны 26 таңбамен беру үшін үнемді ескерген. Олар тілінің емле-ережесін өзгертуді мүлдем ойларына да алмайды.

Демек, ағылшын тілінің емле-ережесі – аз таңбамен көп дыбысты қамтудың ең озық үлгісі. Ағылшын жазуы өзіндік емле-ережесімен-ақ бүкіл дүние жүзін игеруде. Олай болса, қай тілдің де ең қиын мәселесі – оның емле-ережесі. Емле-ереженің оңайы болмайды. Екінші бір тілді үйрене алмау – сол тілдің емле-ережесін меңгере алмаудан. Осы орайда айтарымыз, латын әліпбиі мен ағылшын тілінің емле-ережесін шартыстырмау жөн. Әліпби латындікі болса да, емле-ереже қазақтың өзінікі.

Жазуды өзгерту – қоғамның дамуымен байланысты. Латын қарпіне көшу де, қысқарымдардың көбеюі де осының салдары. Ал, контрастивті лингвистикада, қазіргі Еуропа ғылымында жазудың маңызы мен рөлі жоғары бағаланады. Бұл туралы Жак Дерриданьң жазған ғылыми зерттеулерін келтіруге болады [7]. «Вопросы истории письма, процесс его постепенной фонетизации и линеаризации лежат в корнях и основаниях всех наук», - деп жазады Ж.Деррида. Жазудың табиғатын мәдени-философиялық бағытта таразылаған Жак Деррида оның мәдени дамудағы маңызды рөлін анықтайды.

Жаңа қазақ әліпбиін жасаушылар, мұрындық болып, нүктесін қоятындар тілші-фонолог ғалымдар мен әлемдік дәрежедегі техниканың тіліне бейімдей алатын информатик- программист мамандар латын графикасына ауысуда қысқарымдарға да мән берсе.

Қай әліпбиді таңдасақ та ондағы таңбалар қазақ тілінің өзіндік дыбыстық жүйесіне сай келсе болғаны. Қысқарымдарды осыға байланыстыра алсақ болғаны. Көп дүниеден қорқудың қажеті жоқ. Өйткені латын тілі – тек жазуда ғана қолданылатын өлі тіл. Сондықтан

оны ағылшын да, француз да, неміс те, италияндық та, өзбек пен түріктер де пайдаланады. Латын әліпбиі сондай-ақ ғылым мен техникада, әсіресе компьютер тілі ретінде кеңінен қолданылады. Сондықтан латын графикасына негізделген қазақ жазуын жасау – заман талабы, уақыт сұранысы.

Әліпби ауыстыру - өз тілімізді ұмытып басқа тілге көшу емес, ана тілімізді түлетіп, қоғам сұранысы сай ету, қолданыс аясын арттырып, осы замаңғы ғылыми-техникалық прогреске икемді тіл ету. Жаңа әліпбиді игеру бүгін басталып, ертең аяқталатын мәселе емес. Ол арнайы бекітілгеннен кейін өзіндік емле ережелері жасалып, кезең-кезеңмен жүзеге асатын кешенді үдеріс. Жаңа әліпбиді игере алмаймыз деп қорқудың, дабыра қылудың еш қисыны жоқ. Қайта ана тілімізді әлемнің дамыған тілдерінің қатарына қосатын жақсы жаңалыққа үн қосу керек.

«Қазақ графикасы мен орфографиясының фонологиялық негіздері жөнінде зерттеу жүргізген ғалым Н.Уәлиев айтылған сөзді арнайы таңбалармен жазу мәселесін дыбыс – фонема – графема – әріп байланыстары арқылы түсіндіріп, инвариант – вариант тұрғысынан талдайды [8.14]. Сондықтан латын әліпбиіне көшу жұмыстарында дыбыс – фонема – графема - әріп байланыстарын терең түсінетін ғалымдар Ә.Жүнісбек, Н.Уәли, Қ.Күдерінова сияқты т.б. фонолог мамандардың сөзіне құлақ қойған жөн деп білеміз.

Латын графикасына (таңбасы) негіздерген қазақ әліпбиін жасау ісінде тіліміз дыбыс жүйесіндегі төл дыбыстар мен өзге тілден енген кірме дыбыстарды жеке-жеке қарастырып, әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері мен жазу барысында туындайтын әр түрлі заңдылықтары ескерілуі тиіс. Сондықтан Әліпби жобасын жасау ісінде латын графикасын қазақ әліпбиіне икемдеу бағытында өзінің салмақты ойлары мен ғылыми маңызды зерттеулерін көп талқысына ұсынып жүрген білікті ғалым Әлімхан Жүнісбек еңбектерінің маңызы зор деп білеміз» [9.83] Қысқарымдарды латын әліпбиіне ауысуда фонетикалық-графикалық мәселе ретінде қарастыруға болады.

Ойымызды тұжырымдасақ, ағылшын, орыс тілдеріндегі қысқарымдардың жасалу жолы қазақ тілімен салғастыра қаралу қажет. Қысқарған сөздердің тұлғасына қарап сөзжасам саласындағы жаңа аталымдық мағына көрсеткіші деп көрсету дұрыс еместігі де, оның алғышарттары да көрсетілді. Латын графикасына көшуде қысқарымдар саны арта түседі. Оны белгілі-бір лингвистикалық жүйеге түсіру де қажеттігі туындайды.

Сондай-ақ прагмастистикада қысқарымдардың біршама мәселесі бар. Жалпы қысқарған сөздердің әр тілде өзіндік орны бар. Кірмеліктің нәтижесінде қазақ тілінде қысқарған сөздер көбейіп келеді. Бұл бірліктердің прагмастистикада да зерттеу нысанына түсуі белгілі бір жағдайда оң шешімін берері сөзсіз. Осы бағытта зерттеу жүргізу барысында терминология комитетінде қысқарған сөздер сөздігін жасау қажеттілігі де туады.

Латын қарпіне көшу күрделі үдеріс, сондай-ақ оның мақсаты - тілімізді дамыту және оны әлемдік ақпараттық кеңістікке шығару. Бұл үшін әлі атқарылар жұмыстарды жалғастырып, жаңа әліпбиді білім беру

жүйесіне енгізу үшін мұғалімдер мен әдістемелік базаны дайындау қажеттігіне кірісу керек

Жазу – әрбір халықтың рухани, мәдени өсуін, даму деңгейін көрсететін әлеуметтік мәні зор құбылыс. Ол өткен мен бүгінді, бүгін мен келешекті жалғастыратын алтын көпір. Сондықтан жазу, алфавит адамзат тарихындағы құнды дүниелердің бірі ретінде ұрпақтан-ұрпаққа мирас етіп қалдыратын байлығымыз.

Адамзат қоғамы жасаған мәдениеттің биік шыңы осы жазу болып табылғандықтан оның қоғам өміріндегі орны ерекше. Пиктографиялық және идеографиялық жазулардан бастау алатын жазу тарихы адамзаттың жүріп өткен жолынан мол ақпарат беретін басты құндылық деп білеміз. Демек, қазіргі біздің латынға ауысуымыз да болашақ үшін тарихи өзгеріс. Сондықтан, біз заман талабын ескере қысқарымдарды да пайдалануымыз керек.

Біз бұрынғыны қанағат етіп қана қалмай, алға ұмтылған, әлемдегі дамыған озық елдердің деңгейінде ғана емес, алдыңғы қатардан көрінуге мүмкіндігі мол мемлекет ретінде әліпбиіміз бен жазуымызға да мемлекеттік тіл дәрежесіндегі Қазақ тілін әлемге таныта алатындай жағдай жасауымыз қажет. Латын графикасы арқылы таңбаланған қазақ әліпбиі мен жазуы қазақ елін осы биіктерге бастайтынына кәміл сенеміз.

Қорыта келгенде, қазақ тілін реформалау - тарихи мәні бар оқиға, бұл мәселеден ешкім назардан тыс қалмауы қарастырылған.

Ғылымның бар болуы жазумен тікелей байланысты, сондықтан сөйлеу мен жазудың қатынасының басты анықтағышы да, ойлаудың таразыланып, ортақ игілікке айналуының да басты әрі негізгі көрсеткіші – жазу. Жазуды өзгерту арқылы біз көп дүниеге қол жеткіземіз. Елдің, ұлттың тарихы таразыланғанда, рухани мәдениетінің парқы мен нарқы зерделенгенде жазудың қадірі арта түседі.

Латын қарпіне көшу күрделі де қиын, аса жауапкершілігі мол қоғамдық әрі саяси үдеріс, сондай-ақ оның мақсаты - тілімізді дамыту және оны әлемдік ақпараттық кеңістікке шығару. Ол үшін әлі де жаңа әліпбиді насихаттау жұмыстарын жалғастырып, бұдан бөлек, мемлекет басшысы айтып өткендей, жаңа әліпбиді білім беру жүйесіне енгізу үшін мұғалімдер мен әдістемелік базаны даярлау керек. Бұл - жаңа тарих бастауы

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. http://www.akorda.kz/ru/official_documents/strategies_and_programs

2. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі — Алматы. «Сөздік-Словарь», 2005 ж

3. Ағылшынша-қазақша сөздік. Алматы: «Мектеп» баспасы, 2006.

4. Орфоэпиялық сөздік. Алматы: «Арыс» баспасы, 2007

5. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. Алматы: Сөздік-Словарь, 1998. – 304 б.

6. Костерина О.Н. Лексические сокращения в современном английском языке (структурный и прагматический аспект)//Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата филологических

наук. Санкт-Петербург, 2005. – 23 с.

7. Деррида Ж. О грамматологии/ Пер. с франц., Издательство: -М., 2000. С: 512.

8. Уәлиев Н. Қазақ графикасы мен орфографиясының фонологиялық негіздері. ҚДА. – Алматы, 1993. – 25 б.

9. «Латын әліпбиі – рухани жаңғыру мен ұлт тұтастығы негізі» ғылыми материалдар жинағы. – Тараз: Тараз университеті, 2018.-245 б.

II СЕКЦИЯ

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: ӘДЕБИЕТ ПЕН МӘДЕНИЕТ –ҰЛТТЫҢ РУХАНИ ТАМЫРЛАРЫ»

ТҮРКІ МИФОЛОГИЯСЫНДАҒЫ КӨКБӨРІ БЕЙНЕСІ

**Көшекова А.А. - ф.ғ.к.қауымд.проф.м.а.
Құрмашева М.Б.**

*6M011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 2-курс магистранты
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті*

Түйіндеме:Мақалада түркі халықтары көк бөріні аса жоғары дәрежеде қадір тұтқаны және қасиетті жануар санағаны жайында сөз етеді. Көк бөрі – түркі мифологиясында киелі ұғымдардың бірі. Мұның басты себебі шамандық, тотемдік түсініктерде жатыр. Мифологиялық сарындағы ертегілердің де негізгі арқауы – бөрінің адамдарға тылсым сиқыр әлемімен байланысы төңірегінде өрбиді.

Тірек сөздер: мифология, шамандық, тотемдік, тылсым сиқыр әлемі.

Аннотация: В этой статье тюркские народы говорят о наивысшей степени достоинства и освященных животных. Волк - один из священных зверей в тюркской мифологии. Главная причина этого - теневое и тоталитарное понимание. Легендарная сказка о мифологическом происхождении также вращается вокруг связей с таинственным миром.

Ключевые слова: мифология, шаманство, таинственный мир магии.

Abstract: In this article the Turkic peoples speak about the highest degree of dignity and consecrated animals. The wolf is one of the sacred beasts in Turkic mythology. The main reason for this is a shadowy and totalitarian understanding. The legendary tale of mythological origin also revolves around connections with the mysterious world.

Keywords: mythology, shamanism, mysterious world of magic.

Кезінде көшпелі өмір салтын ұстанған Көк түріктің ұрпағы Монғолиядан Еуропаға дейінгі ұлан-ғайыр жерде көшіп-қонып жүріп, көптеген халықтармен араласты, олардың мәдениетін қабылдады, кейбіреулері сол халықтармен сіңісіп кетті, енді бірі отырықшылыққа бейімдесті. Тарих бетінде Түрік қағанаты деген атпен белгілі болған түркі тайпалары кейін жеке-жеке мемлекеттер құрып, өздерінің тарихы мен әдебиетін қалыптастыра бастады.

Алайда, сол түркі халықтарының мифологиясын зер салғанымызда, олардың бастау алатын бұрнағы мекені Алтай мен Сібір, Монғол жерін мекендеген түркі тайпаларының мифологиясына иек артатынымыз да тегін емес. Себебі Алтай мен Сібірді мекендеген түркі халықтарының арасында миф пен мифологиялық әңгімелер басқа түркі халықтарына қарағанда анағұрлым көп әрі өзгеріссіз таза сақталған. Ал, батыс пен батыс-оңтүстікке қарай орналасқан түркі халықтары сол жақтағы отырықшы халықтармен ертеден араласқандықтан біраз өзгеріске ұшырағанын көреміз.

Көк бөрі – түркі мифологиясындағы киелі ұғымдардың бірі. «Қасқырды түркілер «бөрі» дейді (моңғолша – шино/чинно). Көне түркілер қасқырды Көк Құрт деп те атаған. Көк дегеніміз – көк түс, көк аспан. Ал, түріктің «құрт» дегені қазақтың «құртылу» деген сөзінің түбірі. Демек, көк бөрі түркілердің тайпасын ажалдан аман алып қалған, көк аспандағы Көк Тәңірісінің өзі жіберген ерекше қасиетті жануар» [1].

Түркі тайпалары мекен еткен ұлан ғайыр далада қасқырдан басқада жан- жануарлардың мол болуына қарамастан ең басты тотем етіп нақ осы анды алуының өзіндік себептері айқындалды. Көк бөріні тотем тұту қырғыз, қарақалпақ, өзбек, тәжік халықтарының ғұрыптық фольклорында да жан-жақты көрініс алады. Әсіресе, туысқан башқұрт елі өздерінің ұлттық атауын бөрі тотемімен байланыстырады.

М. Жармұхамедов «Оғызнама» дастанында «көк» сөзі айрықша жиі қолданылып, бір – бірінен алшақ үш түрлі мәнге ие болып тұр дейді. Олар:

А) Заттың сын – сипатын білдіретін кәдімгі «эпитет» түрінде («өң – шырыңы көк еді», «көк жарық түсті», «жарық айнадан көгілдірек», «көзі көктен көгірек», «көк бөрі», «көкжал арлан»);

Б) Белгілі бір заттың не кісінің тікелей аты («көк шатырымыз болсын», «оқты көкке атыңдар», «Көк – Оғыздың ұлының аты»);

В) Жаратушы, әмірі күшті Алла («көк тәңірі», «көктен көк жарық түсті», «қыз күлсе, көк тәңірі» мағынасында «тәңірі күлер еді, жыласа көк тәңірі жылар еді», «көк тәңірге мен өтемін») [2].

Бала есейгенше сол қасқырмен бірге тұрған деседі. Кейін жаулар бала жігітті тауып алып, өлтіргенше буаз қасқыр Гауачан тауының терістігіндегі бір үңгірге барып жасырыныпты. Қаншық қасқыр осы үңгірде 10 бала босанады. Он ұл есейіп, үйленіп, көбейіп үлкен елге айналыпты – мыс. Он ұлының ең күштісінің Ашшина есімі олардың жалпы атына айналыпты, кейін халық үңгірге сыймайтын болған кезде Ашшинаның

ұрпағы Асянь – Шад деген елбасы халықты үңгірден шығарып, олар түрік деген атпен Алтайды қоныс еткен [3].

Зерттеуші Н.Келімбетов бұл турасында былай дейді: «Енді «көк бөрі» аңыздарының шындығы қайсы десеніз, б.з. V ғасырының бес жүз үйлі бөрі тайпасы Сарыжазық дейтін өз мекенінен көшіп, Алтайдың оңтүстігіне барып қоныстанады. Бұл заманымыздың 439 жылы болатын. Елді бастап барған бектің аты – Түркіт екен. «Түркіт» - «дулыға» деген сөз – күшті, ержүрек мағынасында айтылады. Түріктер сол заманда – ақ темір қорыта білген. Темірден қару – жарақ, қажетті бұйымдар жасаған. «Көк бөрі» аңызы осындай тарихи оқиғалардың елесі болуы мүмкін [4].

Жан-жануарларға, хайуанаттарға тіл бітіру, адамша әрекеттер жасағанын суреттеу ғалым С. Қасқабасовтың еңбектерінде кеңінен қарастырылған. Жалпы, бөрі ұғымы түрік баласы үшін өзгеше киелі, өзгеше әсерлі болуының осынау құдіретті қуаттың қазақ әдебиетінде небір керемет келісті суреттері барлығының дұрыстығына көз жеткізеді.

Қытай жылнамашылары Бей-ши және Суй-шилердің айтуынша, түріктердің арғы тегі батыс теңізінің жағалауында өмір сүрген ғұн тайпасының Ашин атты ақсүйек руынан шыққан-мыс. Бірде көрші рудың адамдары бұларды бірін қалдырмай қырып кеткен. Тек жалғыз ғана тоғыз жасар ұлдың қол-аяғын бірдей кесіп, азаппен өлсін дегендей өзін көл жағасындағы қалың қамыстың арасына тастап кетеді. Оны қаншық қасқыр тауып алып, асырап, ақырында оның балаларының анасы болады. Жаулардан қашып сол бөрі Алтай тауының аяқ баспас үңгіріне жасырынып, сол апанда он ұл табады. Ендігі бір қисында қаншық қасқыр Тұрфанның теріскейіндегі Шығыс Тянь-Шянь тауларына тығылған дейді. Сөйтіп, оның ұлдарының бәрі Тұрфанның қыздарын таңдаған. Ал Ашинның немересі сол тайпаның көсемі болған. Ашина деген сөз «мейірімді бөрі» дегенді білдіреді. Өздерінің арғы анасы Ашинаға көрсетілген құрмет-парыз ретінде олар өз руының туына бөрінің басын бейнелеген [5].

Қазақ фольклорындағы қасқыр бейнесіне қатысты деректерді жинақтай отырып, оның мифте, ертегіде, эпостық жырлар мен жоқтауларда, мақал-мәтелдер мен жұмбақтарда түрлі қырынан танылатындығын анық байқадық. Халқымыздың мифтерінің барлығында дерлік бөрі – ілкі ата, жорықтардың сәттілігін реттеуші, көктен келген көмекші ретінде беріледі.

Мифологиялық сарындағы ертегілердің де негізгі арқауы – бөрінің адамдарға тылсым сиқыр әлемімен байланысы төңірегінде өрбиді.

Жер шарының басқа аймақтарында да, мысалы Камчаткада да кейбір аңыздарда әйелдің бөрімен байланысы туралы айтылады. Аңызға қарағанда олардан дүниеге егіз бала келеді. Қазіргі арал тұрғындарының арғы тегі солардан тараған дейді. Көктем шыға Камчаткада олардың құрметіне үлкен мереке болады. Сабаннан бөрінің мүсінін жасап, оны айнала ән салып, би билейді. Содан соң араларындағы ең сұлу қызды таңдап алып, шартты түрде оны «бөріге» күйеуге берген тойын қызықтайды [6].

«Оғызнама» эпосында Оғыз қаған жорыққа шығар алдында өзінің тайпаластарына мынадай жалынды сөздерін арнайды: «Мен сіздердің қағандарың болдым. Қолдарыңа қалқан мен садақ алыңдар, ол сіздерге «игілік» таңбасы болсын, «Көк бөрі» ұранымыз болсын!» [7].

Қорыта айтқанда, түркі мифологиясы халықтың рухани әлемін танытып, жалпы адамзаттық дүниетанымның кең шеңбердегі ауқымының көрінісі ретінде ұрпақ санасына орнығып отырды. Фольклорды халықтың рухы деп танысақ, мифология – сол халық рухының тынысы. Фольклорлық жанрлардың барлығы дерлік мифтік ұғым-түсінікті өз бойына сіңіріп, тұтастай халықтық танымға негізделді. Бастапқы кезде таза түсінік күйінде болған мифтер уақыт өте келе фольклорлық шығармаларға кіріп, танымдық, идеялық-көркемдік мақсатқа қызмет етті.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. *Древние тюрки. В 2-х кн. Кн. 2 / Л.Н. Гумилев; сост. А.И. Куркчи. - М.: Институт ДИ-ДИК, 1999. - 480 с.*
2. *М. Жармұхамедов «Көненің көзі» - Алматы «Санат» 1996 ж 54 б.*
3. *Ә. Марғұлан «Ежелгі жыр-аңыздар» - Алматы: 1985 ж.*
4. *Келімбетов Н. Ежелгі әдеби жәдігерліктер. Астана: Фолиант, 2004. 408*
5. *Литература древнего Востока. Иран. Индия. Китай. Москва: МГУ, 1984. 350 с.*
6. *Мифология. Алматы: Жазушы, 1988. 1-том, 288 б.*
7. *Оғызнама. Мұхаббатнаме. Алматы: Ғылым, 1986. 208 б.*

Ғ.ЖАЙЛЫБАЙ ЛИРИКАСЫНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ САРЫН

Б.С. Бегманова - Ф.ғ.к., қауымд. проф.м.а
Н. Сембаева - 1-курс магистранты
Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті
(Алматы қ. Қазақстан)

Түйіндеме: XX ғасырдың сексенінші жылдары қазақ поэзиясының шарықтап, көтерілген тұсы. Бұл кезеңде қазақ поэзиясы түр жағынан да, көркемдік ерекшелігі жағынан да, өлең құрылысы жағынан да байып, көркейген еді. Осы кезеңде поэзия әлеміне қадам басып, бүгінде өзіндік қолтаңбасымен оқырманға танымал болған ақындардың бірі Ғалым Жайлыбай.

Аннотация: Восемьдесятые годы XX века в казахской поэзии ознаменованы особым подъемом. Этот период



отличается видовым разнообразием, художественным своеобразием, структурным изменениями в лирике стиха. И в этот период свой путь и в поэзии и на пути к сердцу читателей начинает поэт Галым Жайлыбай.

Abstract: The eighties of the twentieth century in Kazakh poetry marked a special rise.

This period is characterized by species diversity, artistic originality, structural changes in the lyrics of the verse. And in this period the poet Galym Zhaylybay begins the way both in poetry and on the way to heart of readers.

XX ғасырдың екінші жартысының сексенінші жылдары қазақ поэзиясына келген ақындардың поэзиясындағы өзіндік ерекшеліктер жалпы әлем әдебиетіндегі озық әдеби дәстүрлердің негізінде қалыптасты. Олардың поэзиясындағы көркемдік тәсілдер де әр түрлі сипатта көрінді. Осы кезеңде поэзия әлеміне қадам басып, бүгінде өзіндік қолтаңбасымен оқырманға танымал болған ақындардың бірі Галым Жайлыбай.

70-80-жылдары поэзия әлеміне батыл қадам басқан бір топ талантты ақындардың поэзиясы мен шығармашылығы көптеген қаламдастарымен шабыттана, жарыса дамыды. Сол бәсекелестің жуан ортасында Галым Жайлыбай поэзиясы тұрады десек қателеспейміз.

XX ғасыр поэзиясының бастау көзі сонау Абай поэзиясымен сабақтасып, одан бергі кезеңдерде XIX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің негізін салушыларды алып келген әдеби дәстүр одан әрі жалғасады. Қазіргі қазақ поэзиясында Абай салған дара жол бар. Бұл дара жол бүгінде Галым Жайлыбай поэзиясында дара жолға айналған. Абай дәстүрін қазіргі қазақ поэзиясында жаңашылдықпен көрсете білген. «Жаңа кезеңдегі қазақ поэзиясының толыққанды арнасы ретінде дәстүрден жалғасын тауып, жаңашылдыққа бет бұрды» [1, 83 б.].

Ақын «Жаңғырық» өлеңінде:
Дауысым шықты жаңғырып,
Жан-жағым толған жаңғырық.
Сізден соң өмір-өлеңге
Біз қайдан келдік қаңғырып?
Адасқан күшік секілді

Ойларым жұртта қалды ұлып? [2, 109 б.] деп жырлайды.

Қазақ сөз өнері, оның ішінде қазақ поэзиясы қашанда ішкі сезімді өрнектеуде ерекше сипатқа ие. Өлең жолдарындағы «жаңғырық» ақынның ішкі жанайқайы. Адам баласының жандүниесіндегі «жаңғырық» тіршілік атаулы тірі тұрғанда жалғасын таба бермек. Көкірек көзі ояу, көңілі сергек жан баласы үшін өзін қоршаған ортасында жалғыз сезінуі – бұл қоғамның ұзақ сонар жылдар бойы жалғасын тауып келе жатқан дерті. Қоғамда әр тұлғаның көзқарасы әр түрлі. Сондықтан да адам баласының бірін бірі түсінбеуі, бірін бірі қабылдамауы қалыпты жағдай. Тіршілік бар жерде бұл дерт те бірге жалғасып жүре берері даусыз. Алайда, ақын жандүнесі қоғамдағы келеңсіздікке төзбейді. Сондықтан да мұның өлең жолдарында өрнекейді.

Тұлпар тұяғы кетілді
Алашқа тілеп Арлылық.
Ей, Шыңғыстаудың баласы,
Запыран құстым зар қылып,
Қазақтың қайран даласы –
Жаңғырықтардан мәңгіріп,
Есімнен кетті тандырып... [2, 109 б.]

Ақын Ғ.Жайлыбай қоғамның әр кезеңіндегі осы дертті асқан шеберлік жырлай білген. Ақынның «Жаңғырық» өлеңі тіршілік туралы кең тынысты, кемел толғау болып шыққан. Ой тереңдігі өлеңнен өлеңге ауысып, оқырманды ойға жетелейді.

XX ғасырдың «70-80 жылдардағы қазақ лирикасына тән бір жетістік: шығармада өмір құбылыстарының бәрін тізбектей түсіндіріп, баян етуден аулақ болу, суреттің негізгілерін екшеп, қажет детальдарды іріктей білу белең алғаны дер едік» [3. 436.] деген пікір Ғ.Жайлыбай өлеңдеріне берілген баға іспеттес. Ақын өлеңдеріндегі лирикалық қаһарман негізінен күрескер қаһарман. Күрескер қаһармандардың лирикалық өлеңдерде бар – жоғын кезінде сыншылар ондағы азаматтық пафостың қаншалықты деңгейде көрініс беретініне қарай іздейтін. Азаматтық пафос поэзияның әлеуметтік сипатының өлшемі болып келгені де ақиқат. Бірақ жас ақындар өлеңдерінде өмірдің соқпақтарынан таяқ жеп, оны көрген адамның сезімін егіле жырлау да кейде басым түсіп жататын.

Ақынның «Жетім құлын» өлеңі тіптен өмірдің ауыр, тағдырдың тартысы, келер күннен үміт күте өмір сүру қажеттігіне үндейтіндей.

Айдарынан жел еспей кекілдінің,
Еңку шалды еңіске екінді күн.
«Протонның» уынан енесі өлген –
Көлеңкеде жылайды жетім құлын.
Тамылжыса таң нұры кие көрген,
Бір біріне, қос мұңлық, сүйенер ме ең?
Жетім құлын иесі – Жесір әйел
Өз өзіне қол жұмсап күйеуі өлген. [2, 83 б.]

Ақынның азаматтық позициясы айқын. Қоғамдағы қайшылықтар, ауыр тағдыр ақын жанына батады. Жетім құлын, жесір әйел қоғам көрінісі. Бүгінгі қоғамның ащы шындығы. Жетім құлын мен жесір әйел тағдырын сабақтастыра жырлауы, олардың басындағы қайғы ақын жанын бей-жай қалдыра алмайды. Жесірліктен жанын жабырқатқан жалғыздық сезімді үмітпен алмастыра жырлайды. Келер күннен үміт үзбе. Сенің де серігің табылар деп жаны жалғыздық күйін шерткен оқырманына рух береді. Көңіл көкжиегіне сенімділік ұялатады, қиялына қанат бітіріп, алдағы күнге деген үміт отын жағады. Өмірдің дауылды боранынан ықпай, алға қарай қадам басқан сайын мақсатыңа бір қадам жақындайсың. Ақын айтпақ болған ойы осы.

Жалпы, өмірмен күрес, өмірдің белестеріне көтерілуге талпыну, мұндай көріністер ақын жырларында өте мол. Ақынның ой айтудағы, сұлу сөзді сомдаудағы шеберлігі өлең жолдарында әдемі үйлесім тапқын. Е. Ашықбаев: «Саналы ақынға бағынған тәртіпті ұйқас пен сезім сілкінісінен туған жанды орамдардың ара жігі бәрібір байқалып тұрады». [4].

Белгілі ғалым М. Базарбаев: «Адам баласының бүкіл тарих бойына ілгері өсіп дамуы, қаншалықты тынымсыз, толассыз жүріп жатқан процесс болса, көркем бейне жүйесімен ойлау, дүниені образбен танып баяндау, суреттеу өнері де тоқтаусыз дамып, жаңаланып,

жақсарып келе жатқан құбылыс» [5, 6 б.], – деп айтқан. Ақын лирикасындағы жетім бала мен жесір әйел тағдыры қоғамның әр кезеңдерінде кездесіп отыратын тағдыр. Осы тағдырды Ғ.Жайлыбай суретті сөзбен өрнектеуінде де асқан шеберлік танытқан.

Қайран ауыл!

Құшағын жайған Ана,
Алдан нұр күтеді айдалада,
Жетім құлын жетіліп -тарлан ашып,
Арғымаққа білмеймін айналама? [2, 14 б.]

Өлең соңындағы түйінді шумақ та басқа ақындар секілді болашақтан үлкен үміт күткен ақын жүрегінің үнін естиміз. Халқымыздың «Орнында бар оңалар», «Жетім қозы тасбауыр, түңілер де отығар» деген терең мағыналы нақыл сөздерін ақын басты мақсат етіп ұстанған секілді. «Ұлттық колорит – қайсы бір өнердің болсын келбетін мүсіндеп, көркін ашар, оған шытынамас берік ұстын, ұзақ ғұмыр сыйлар қасиет. Ол поэзияда ақынның мінезі мен тілдік қорынан, жырламақ объектісін таңдап-талғауы мен көру ерекшелігінен құрала келіп, айқын сипатқа ие болады. Туған халқының атынан сөйлеуге толық қақысы бар тұлғалы қаламгерді дүниеге әкелетін де, оның дара болмысын, өзге әдебиеттегі өз тұрғыластары арасындағы орнын сезіндіретін де осы» [6, 139 б.].

Құмшекердей еріген таңдайдағы,
Аштықтағы құйқаның балдай дәмі,
Таңғы нұрдың сәулесі шайқалғаны –
Тағдырымның жазуы мандайдағы.
Ұлтым емес тұр бүгін құлқын бай боп,
Құлқын бай боп,
Содан соң ұртың май боп.
Елегізіп елсізде елеңдедім –
Көшкен елдің көнерген жұртындай боп. [2, 306.]

Ақын қоғамның ащы шындығын жырлайды. Бүгінгі қоғамның көрінісі, болмысы. «Ұлтым емес, тұр бүгін құлқын бай боп, құлқын бай боп, содан соң ұртың май боп». Заманына қарай бейімделе білетін пысық жандар, әлбетте қай кезде болса да бар. «Сыртқы дүниенің сырына үңілген дарын иесі көзімен көргендегісін немесе жанымен сезінгендегісін өзінің тілі, діні, әдет-ғұрып, салт-санасы тұрғысынан ой талқысына салады, яғни, шығармашылық ізденісте ұлттық болмыстың атсалысуы табиғи құбылыс» [7, 39 б.]. Қоғам болмысы ақын жырларында нанымды, ашық көрініс тапқан.

«Адам жаны – күй сандық. Поэзияның оған тіл бітіретін сиқырлығы – адам бойындағы не асыл, ая-

улы, асқақ сезімдердің пернесін баса білетіндігінде болса керек. Ол адамға, оның адам деген атына лайық асқар талаптар қояды, сонысымен жүрек отын маздатады, қанат бітіреді, жақсылыққа жетелейді» [8, 167 б.].

Шарасына шық тұнған бұла белдің,
Төскейіне төгілтіп шуақ өрдім.
Нұрға ғашық жанымды жетегіне ап,
Қырдан асып жүгірген Құлагер-күн.

Құлагер-күн барады асып белден,
Аққу ұшты арманға асық көлден.
Мен ақынмын, әуелден ақ дүниеге –
Жанындағы жайығы тасып келген. [2, 67 б.].

Қырдан асып жүгірген Құлагер-күн – ақынның өмірі. Жастық шақтың алаулаған, албырт кезеңі ұшқан көңіл, күш-қуаты кеудесіне сыймай, соққан жүрек, бәрін ақын сәтті өрбітеді. Ақын «Мен ақынмын, әуелден ақ дүниеге – Жанындағы жайығы тасып келген» деп қайраты мол кезеңдегі іс-әрекетін, жастық шағын есіне алады. Өлең жолдарына «құлагер-күн» секілді тіркестерін өте сәтті пайдаланған. Осы тіркестер өмірдің ауыр кезеңдерінің көрінісін, бейнесін көрсетеді. Бұл кезең кез келген адамның басынан өтетін ауыртпалық. Ақын сол ауыртпалықты өлең жолына арқау ете отырып, өмір бейнесін ашып көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сариев Ш. 60-70 жылдардағы қазақ лирикасы. Көркемдік ізденістер: Филол. ғыл. канд. дис. – Алматы, 1993. – 185 б.
2. Жайлыбай Ғ. Тобылғы жарған. Астана: Фолиант, 2011. – 280б.
3. Қуандық Мәшіһур Жүсіп. «Өлең – сөздің патшасы». Алматы 1998.
4. Ашықбаев Е., «Ақиқаттың алдында». «Коммунизм жолы» 1988ж. 15-ноябрь.
5. Базарбаев М. Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы. – Алматы: Жазушы, 1973. – 256 б.
6. Әбдірашев Ж. Парасат пен парыз. – Алматы: Жазушы, 1973. – 168 б.
7. Жақыпбекова М. Ерлікті бейнелеудің ұлттық өрнектері: Филол. ғыл. канд. дис. – Алматы, 2003. – 124 б.
8. Елеукенов Ш. Замандас парасаты. – Алматы: Жазушы, 1977. – 300 б.

ҚАЗІРГІ БАЛАЛАР ПОЭЗИЯСЫНЫҢ КЕЙШКЕРЛЕРІ

Шербаева Бибінұр Байжігітқызы

БМ011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 1 курс магистранты

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

Қазақстан, Алматы қ.

Түйіндеме: Қазіргі қазақ балалар поэзиясы – ұлт әдебиетінің бірнеше ғасырлар бойында көркемдік даму, толысу кезеңінде іштей жетілген әдебиет саласы. Балалар әдебиеті бала тәрбиесіндегі аса маңызды амал болып саналады. Көркем бейнелер бала дүниетанымын кеңейтіп, қоршаған ортаға көзқарасын қалыптастырады. Жалпы әлемдік әдебиеттің бір бөлігі болған балалар әдебиеті өзіндік ерекшелікке ие, ол дегеніміз баланың психологиялық ерекшелігіне, танымы мен қоршаған ортаны қабылдауына, шындықты суреттеп беруде қолданылатын формаларға байланысты. Балалар поэзиясындағы негізгі назар аударатын мәселелердің бірі – кейіпкер.

Тірек сөздер: Кейіпкер, пафос, эстетика.

Аннотация: Современная казахская детская поэзия – это художественное развитие национальной литературы на протяжении нескольких веков, в период ее переполнения. Детская литература является важнейшим средством воспитания детей. Художественные образы расширяют кругозор детей, формируют отношение к окружающей среде. Детская литература, являющаяся частью общемировой литературы, имеет свои особенности, что связано с психологическими особенностями детей, познанием и восприятием окружающей среды, формами, применяемыми для описания истины. Одна из главных проблем детской поэзии – героиня.

Ключевые слова: герой, пафос, эстетика.

Abstract: Modern Kazakh children's poetry is the artistic development of national literature for several centuries, during its overflow. Children's literature is the most important means of education of children. Artistic images broaden the horizons of children, form an attitude to the environment. Children's literature, which is part of the world literature, has its own characteristics, which is associated with the psychological characteristics of the child, knowledge and perception of the environment, forms used to describe the truth. One of the main problems of children's poetry is the heroine.

Key words: hero, pathos, aesthetics.

Балалар поэзиясы жалпы қоғам мен халықтың рухани жағдайын, мәдени дамуының өзіндік көрсеткіші болып табылады. Ол көптеген ұрпақтар жинаған жалпы адами тәжірибеден жинақталған күрделі әрі сан алуан және бір ыңғай жүйені құрайды. Ең негізгісі, балалар поэзиясы арқылы балалар эмоциясы, таным дәрежесін көре аламыз және де ол мәдениетаралық қатысымға түсуде аса маңызды орынға ие болып тұр. Балалар әдебиеті бала тәрбиелеуде аса маңызды амал болып саналады. Көркем бейнелер баланың дүниетанымын кеңейтіп, қоршаған ортаға көзқарасын қалыптастырады. Жалпы әлемдік әдебиеттің бір бөлігі болған балалар әдебиеті өзіндік өзгешелікке ие, ол дегеніміз баланың психологиялық ерекшелігіне, танымы мен қоршаған ортаны қабылдауына, шындықты суреттеп беруде қолданатын форма мен амалдарға байланысты[1.35].

XX ғасырдың белгілі балалар әдебиетін зерттеушісі Ш.Ахметов «Қазақ балалар тарихының очеркі» кітабында балалар әдебиетінің ерекшеліктерін жазған болатын. Балалардың психологиясына зерттеу жасағанда, олардың ойлау, түсіну қабілеті әңгімеленіп отырған оқиғаның, көркем образдың нақтылығын, дәлдігін, әсіресе көрнектілігін, өз өмірінің айналасынан алынып отыруын қажет етеді және әңгімеленіп отырған оқиғаның барысында лиризм болуы шарт. Баланың ішкі дүниесіне, ой-санасына бірен әсер ететін күшті де мағыналы сөздер айтылуы керек. Балалар әдебиетінде оқиғаны және адам характерін суреттеу өзгешеліктері мен әдістерінің динамикасы ерекше болды. Психологияның дәлелдеуіне қарағанда, балалар алдымен оқиғадан оқиғаның туып отыруына, бұлардың тез өзгеруіне, шешіміне, кейіпкерлер мінездерінің әр жақты болуына қызығады. Одан соң оның неден шыққан себептерін іздестіре бастайды. Баланың жаратылыстың көркем көріністерін, пейзажды шебер зейнеттеуді ұнатады, оған сүйсіне қарайды, соны өз айналасынан іздейді. Көркем әдебиеттегі жаратылыс суреттері олардың байқағыштық, талғампаздық қабілетін арттыра түседі. Эстетикалық тәрбие көбіне ақыл тәрбиесімен тығыз байланысты болып отырады. Өйткені көркемдікке тәрбиелеу – баланың ақыл-есінің тез жетіліп, тез дамуына көмектесіп отырады. Эстетикалық тәрбие сондықтан да көркем өнердің барлық салаларында ұлы шеберлер жасаған көркем өнердің, көркем әдебиеттің аса құнды шығармаларын балалардың терең түсінуін, сол шығармалардан ра-

хаттанып рухани ләззат алуын дамытады. Балалар әдебиеті шығармаларының мазмұн мен идеясы олардың белсенділігін арттырып, өз өмірінің жарқын болашағын танытуға себепкер болуға тиісті. Оларды белгілі мамандыққа үйретіп, еңбексүйгіштікке әуестендіре білуі керек. Балалар әдебиетінің тілі ойнақы, жеңіл, әрі көркем, әрі қысқа, әрі мейлінше түсінікті, айқын да дәл, әсерлі болып отыруға тиісті. Балалар әдебиетінің тілі олардың сөздік қорын байытуға жәрдемдесетін бірден бір құрал болып табылады[2.15].

Балалар поэзиясындағы назар аударуды қажет ететін мәселелердің бірі – кейіпкер. Өйткені кейіпкерлер өз атынан сөйлеу, кейіпкерлердің ішкі ойын, яки әсер-сезімін бейнелеу, кейіпкерлердің диалогтық сөйлесулері, автордың кейіпкерлерге сөйлеуі – балаларға арналған шығармаларда жиі кездесетін әсерлі тәсіл. Бұл тәсілдің әсерлі болатын себебі – I жақтан баяндау өлеңге шынайылық сипат дарытады, бала-оқырман өлеңді тікелей өзіне арнап жазылғандай қабылдайды, өлең кейіпкерімен өзі сөйлесіп отырғандай күй кешеді, сол себепті, ол өлең арқауына алынған мәселеге іштей араласа бастайды, түрлі жағдайларды басынан кешіреді, ойланады, ой түйеді. Бастан кешкен жағдайлардың ізсіз кетпесін ескерсек, жазылған өлеңнің артықшылық себебін де пайымдай алатынымыз анық[3.9].

Балалар поэзиясы кейіпкеріндегі ескерілуге тиісті басты талап – кейіпкер сөзіне жасандылықтың болмауы, қолданылған сөздің кейіпкер жасына, таным-білім деңгейіне, мінез-құлқына, әрекетіне, әлеуметтік ортасына, уақытқа сәйкес келуі. Осы тұрғыдан заманауи қазақ балалар поэзиясының авторы Ә.Ысқақтың «Кино көргіш Шонай» өлеңіне зер салсақ:

Ван Дам, Шварцнегер дегендерді

Жатқа біледі.

Олар білмегендері

«Өмірден қалған» деп күледі.

Ал өзі,

Қобыландыны, Кебекті, Абылайды,

Кім екенін білмейді, танымайды...» .

Көрініп тұрғандай, өлеңде жалт-жұлт бояуда, әсірелей асқақтанқан пафоста жоқ. Солай бола тұра ақын, бүгінгі заман балалары кітап, білім мен дос болудың орнына көбірек теледидар, ғаламтор т.б. бұқаралық ақпараттар құралдарымен жақын екендігі және сол экраннан көрген, тоқығанын күнделікті өмірде қолданары анық, алайда олардың дұрыс

және бұрыс жағыда бар екенін жеткізіп, ақын өз заманымыздың шындығын, бүгінгі кейіпкерді боямсыз суреттеген[1.50].

Өзінің айтар ойы кейіпкерге де, оқырманға да күштеп танылмайды. Автор өзінің айтар ойын оқырманға кейіпкерді нысанға ала отырып, көздегеніне қол жеткізді. Кейіпкерге айтылған түпкі ойды, салыстыра отырып ой түйеді. Ол ой кейіпкерге айтылған - («Қобыландыны, Кебекті, Абылайды, Кім екенін білмейді, танымайды...») өрім алып жатқан авторлық идеямен өзектес.

Қаламгерлеріміз балаларды күлкімен тәрбиелеуді – тәрбиенің ең үлкен түрі ретінде баса назарда ұстайды. Ол әдіс қазақ балалар әдебиетінің бастауында тұрған М.Әлімбаев, Қ.Мырзалиев, Т.Молдағалиев, Ж.Смақов т.б. бастауын алып, бүгінгі ұрпақтары тарапынан кең таралуда. Ақыл айту жасөспірім кезінде бала психологиясына кері әсер етері заңды. Балаға өз кемшілігін түсіндіргеннен гөрі, жағымды юмормен жеткізудің берер нәтижесі мол. Сондықтан да ақындарымыз күлкіге баланы тәрбиелеудің жанды құралы ретінде мән береді. Ал, Қ.Баянбаевтың «Байлауы бала» дейтін өлеңіндегі сатиралық өрнек басқаша.

«Күнде көрем Қуатты,

Телевизор алдынан.

Кәрі мысық сияқты.

От басында қалғыған».

Ақын бүгінгі күнгі бала бейнесін негізге алға отырып, осы бір шумағында әрбір отбасында кездесетін жайттарды еске салады, балалар теледидар, ұялы телефон, ғаламтор т.б. ақпарат пен технология амалдарына әуестеніп, тәрбие мен мінез-құлықтарындағы және адамгершілік сынды адами қасиеттері кері өзгерістерді суреттеген[5.3].

Балалар поэзиясындағы негізгі мәселелердің бірі тілдік қолданыстар жайын сөз еткенде, назар аударуды қажет ететін – кейіпкер тілі. Бастан кешкен жағдайлардың ізсіз кетпесін ескерсек, кейіпкерлердің сөзі үлгісінде жазылған өлеңнің артықшылық себебін де пайымдай алатынымыз анық. Балалар поэзиясы кейіпкер тілі дегенде, ескерілуге тиісті басты талап – кейіпкер сөзіне жасандылықтың болмауы, қолданылған сөздің кейіпкер жасына, таным-білім деңгейіне, мінез-құлқына, әрекетіне, әлеуметтік ортасына, уақытқа сәйкес келуі. Осы тұрғыдан Ә.Жарасқанның «Ат мінген» өлеңінде:

Оқуды күз айға сап,

Қайтпақ болдым қалаға.

Деді атам:

- Той жасап,

Ат мінгізем балама...

Сөйледі де шаттанып,

Өңкей шалды шақырды.

Тойдан кейін

Мақтанып,

Ерттеп берді атымды

Ақынның айтар ойы кейіпкерге де, оқырманға да күштеп танылмайды. Автор өз оқырманының санасына ұлтымыздың асыл қасиетін, өнегелі салт-дәстүрін ардақтай білу қажеттілігін баланың түйсігіне лайықтап сіңіріп тұр. Атаның немереге, нағашының жиенге бәсіре атауы өз ұлтының ежелден келе жатқан

дәстүр екендігін, ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрді сақтау адамға жақсы әсер ететінін өз басынан кешіре отырып сезінген кейіпкермен бірге, бала халықтық дәстүрге құрметпен қарау қажеттігін балалық түйсігімен сезінері анық[3.9].

Келесі тағы бір ерекшелік, кейіпкер үнемі бір ыңғай жақсы не жаман мінезден құралмайды. Кейіпкерлердің жағымдысы да, жағымсызыда болады. Қ.Әбілдақызының «Әкеге қарап...» тақырыбындағы өлеңінен бүгінгі күн сипатын, ұлттық мінез-құлықтың кері болмысын көреміз.

« - Әке, сіз қайда тудыңыз?

- Атаңдар туған ауылда.

- Қалада неге тұрдыңыз?

- Не бар дейсің ауылда?

- Әке, мен де өскенде.

Шет елде тұрамын.

Туған жерде не бар деп,

Әке жолын қуамын!»

Кейіпкерлердің диалогтік сөйлесуінен туындаған дәл осы өлеңінде ақын, көкейкесті мәселені алға тартады, ұлттық болмысы, келіп шығуы, ата тегінен бас тартқан одан ұлттық болмысынан бас тартары анық, дәл осындай тәрбие алған бала ел болашағына немғұрайлықпен қарап оны дамыту, көркейту орнына қара басының қамын ойлап шет ел асып, өз білігін өзге ел қызметіне жұмсары анық. Негізінен айрыла бастаған, ұлттық бастауын есінен шығарып алған тұлғадан өз түп-тамырын танымас адамдар туарына көз жеткізе бастағандаймыз. Кейіпкер баланың сөзі арқылы өкенің шектеулі түсінігін танимыз. Бір ғана жағдаяттағы әрекеті ғана емес, өз тегін бағалауды естен шығарып бара жатқан тұтас бір ұрпақты сөз өрнегімен жеткізген[1.56].

Ақын Е.Елубаевтың «Сұхбатта» деп аталатын өлеңінен ақын мектеп жасындағы барлық бала айтатын, армандайтын «Кім болам?» тақырыбына арнаған, күні кеше шахтер, малшы, бағбан, құрылысшы болам деп қоғамның әр саласының дамуына септігін тигізетін балалардың, бүгінгі ұрпақ тек «іскер», «банк қызметкері», «заңгер», т.б. ақша мен жеңіл табыс, физикалық ауыртпалығы жоқ қызметтері тандауы олардың өмір ауыртпашылықтары мен қиыншылықтарына төтеп бере алмайтын жаңа өскелең ұрпақтың болу біздің қоғамымызда бар екендігін ашық, шынайы баяндайды.

«Сонда кім қазбақ көмірді,

Кім қорытпақ темірді,

Кім бақпақшы қойларды,

Кім салмақшы жолдарды,

Кім шығармақ күліңді,

Кім жыртады жеріңді,

Кім қорғамақ еліңді?»

Шынында да, ұлттық балалар поэзиясы – әдеби көркемдік дәстүрі ежелгі жәдігерлері мен халықтық әдеби мұралардан енші алып, балалар дүниесіне арнайы бет түзеген кезеңінен бергі аралықта тақырыптық-идеялық жағынан да, жаратылыс сырын көркемдік-шығармашылық тұрғыдан игеру және танып білгенін бала болмысына лайықты ұсыну жағынан да, тәрбиелік-тағылымдық қуат жағынан да кемелденіп келе жатқан, толассыз ізденіс үстіндегі



әдебиет саласы[4.57].

Бүгінгі балалар поэзиясы гнесологиялық жағынан тамары тереңде, типологиялық өрісі әлемдік кеңістікке құлаш жайған, көркемдік-шығармашылық тәжірибиесі мол, педагогикалық-тәрбиелеушілік мүмкіндігі жан-жақты ашылып үлгерген, кемелдікке бет түзеген әдебиет саласы. Себебі тақырыптық жағынан еркін кеңістікке шығып үлгерген, қазіргі қазақ балалар поэзиясы - өз оқырманын ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде гуманистік арнаға жан-жақты жетілген тұлға етіп тәрбиелеуге бағдар ұстанған, бұл мақсаттағы шығармашылық әлеуеті де, ізденіс арнасы да молайған поэзия.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Д.Розиева «Балалар поэзиясындағы дәстүр және үндестік» докторлық диссертациясы Алматы. 2010 жыл. 35-56-бет

2.Ш.Ахметовтың «Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы» Алматы: «Мектеп» 1980 жыл. 7-15-бет.

3.А.Әлтаевтың «Қазақ балалар поэзиясы – кемелденген әдебиет» мақаласы. Алматы. 2009 жыл. 9-бет

4.Ж.Саткенованың «Балаларға арналған поэзиялық шығармалар тілі» ғылыми мақаласы. ҚазҰУ 2016 жыл. 57-59-бет.

5.А.Әлтаевтың «Қазақ балалар поэзиясы» Астана. 3-5-бет

ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ТАРИХ ПӘНДЕРІ САБАҚТАРЫНДАҒЫ КІРІКТІРІЛГЕН ОҚЫТУ

Әбсен Еркеғали - филология факультетінің 4-курс студенті

Ғылыми жетекшісі: **ф.ғ.к., доцент Рүстемова Ж.А.**

Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ, Қарағанды

Түйіндеме. Мақалада әдебиет және тарих пәндері мақсатының бірігуіне мүмкіндік беретін кіріктірілген оқыту мәселесі қарастырылады. Кіріктірілген екі пән бойынша қолданылатын оқу материалдарының өзіндік ерекшеліктерін сабақ үстінде танытудың жолдары сараланады. Әдебиет және тарих пәндері бойынша өткізілетін кіріктірілген сабақ әдіс-тәсілдері «Қазақ әдебиеті» мен «Орыс әдебиеті» пәндері мысалдары негізінде түсіндіріледі.

Тірек сөздер: әдіс, тәсіл, кіріктірілген сабақ, әдебиет сабағы, бағдарлама, пәнаралық байланыс

Аннотация: В статье рассматривается проблема интегрированного обучения, позволяющая объединить цели предметов литературы и истории. По двум интегрированным предметам будут проанализированы пути представления специфических особенностей используемых учебных материалов на уроках. Методы и приемы интегрированного урока по литературе и истории объясняются на примере дисциплин «Казахская литература» и «Русская литература».

Ключевые слова: метод, подход, интегрированный урок, урок литературы, программа, межпредметная связь

Abstract: The article deals with the problem of integrated learning, which allows to combine the goals of literature and history. For two integrated subjects will be analyzed ways of presenting the specific features of the training materials used in the classroom. Methods and techniques of the integrated lesson in literature and history are explained by the example of the disciplines "Kazakh literature" and "Russian literature".

Key Words: method, approach, integrated lesson, literature lesson, program, interdisciplinary communication

Әдебиет және тарих пәндеріне байланысты материалдар тоғысып келгенде және екі пән бойынша деректер мен мәліметтерді біріктіріп беру мүмкін болған жағдайда дуэт сабағы өткізіледі. Мәселен, «Бұқар жырау толғауларындағы Абылай» тақырыбындағы әдебиет сабағында бір мезетте екі пән бойынша білім тереңдетіліп беріледі. «Соңғы кездерде туыстас пәндерді бір арнада біріктіре оқыту тәжірибеге жиі еніп келеді. Сондай-ақ интегративтік оқытудың бір тәсілі – дуэт сабақтар, трио, гармония сабақтары да кең етек алуда. Әдебиет пәні тақырып ерекшелігіне байланысты кейде тіл, тарих, музыка, бейнелеу өнері, география пәндерімен дуэт, трио сабағы ретінде өткізіліп келе жатыр»[1, 10 б.].

Мазмұндық байланыстарды әдебиет сабағында орнату мұғалімге оқушылардың білімін философиялық және әлеуметтік тұрғыда жалпылай қорытуға септігін тигізеді. Басқаша айтқанда, әдеби білімді қоғамдық-тарихи, философиялық және көркем-әсемдік білімнің жалпы жүйесіне қосу, оны тереңдетуге мүмкіндік ту-

ады. Әдістемелік пәнаралық байланыстардың басқа түрі – қалыптасатын дағды мен ептілік, оқушылардың танымдық іскерлігінің жалпы тәсілдері негізіндегі ойлау операциялары бойынша белгіленетін байланыстар, яғни, операциялық байланыстар. Олар коммуникативтік іскерлік, шығармашылық, танымдық қабілеттіліктерді мақсатты дамыту арқылы және оқушылардың жұмыс формалары мен тәсілдеріне түрлі жалпы талаптарды қою арқылы жүзеге асырылады.

Заманауи ғылыми-әдістемелік зерттеулерде тарихи-әдеби деректердің, тарихи және әдеби білімнің өзара байланысының(А.В.Дановский, С.А.Леонов, А.Ф.Лукаш, И.А.Подругина және т.б.) негізгі бағыттары белгіленген. Белгіленген пәнаралық байланыстың мазмұнды негіздерінің болуы – қалыпты нәрсе. Оқытылатын пәннің ерекшелігі неғұрлым толығырақ пайдаланылса, бұл жағдайда пәнаралық байланыстарды қолдану көбірек дидактикалық әсер береді. Мәселен, Махамбет өлеңдерін оқытуда

оқушылардың туған жерге деген патриоттық сезімін ояту мақсатында ақын поэзиясын көтеріліс тарихымен тұтастықта қарастырған жөн. «Тарихи, әдеби білім негізінде жастардың отансүйгіштік рухани құндылық бағдарлары мен көзқарасы қалыптасады. Әдебиет пәні оқушыны тарих ғылымын жан-жақты зерделеп, жақсы түсініп білуге бағыттайды»[2, 31 б.]

Кіріктірілген оқыту – тақырып бойынша нақты деректерді, теориялық ережелерді терең түсіндіру үшін өнердің кейбір түрлерін, жапсарлас ғылымдарды тартатын құбылыс. Кіріктірілген сабақтарда әр түрлі ғылымдар және өнер туралы мағлұматтар бір-бірін тек толықтырып қана қоймай, оқушылардың пәнді оқуына қажет, ұғынуға керек маңызды кешен қалыптастырады. Кіріктірілген оқыту әдеби бағыттары әр түрлі жазушылардың шығармашылығын саралауға оңтайлы. «XVII ғасырдағы Франция әдебиетіндегі және өнердің басқа түрлеріндегі классицизм» тақырыбындағы орыс әдебиеті сабағында шығармашылық бағыттардың тарихи тамырлары көрсетіліп, XVII ғасырдың көрнекті мемлекеттік қайраткерлері және өнер қайраткерлері туралы түсінік беріледі. Кіріктірілген сабақ шығарманы талдау сабағының жүйесіне кіре алады. Мысалы, А.С.Грибоедовтың «Ақылдың азабы» шығармасын оқыту жолдарын, әдіс-тәсілдерін таңдауда әдебиетшілер мен тарихшылардың біріккен қимылы қажет. «М.Әуезовтің алғашқы әңгімелеріндегі қорғансыздар проблемасы, жазушы қорғансыздарын қалай қорғайды?» тақырыбындағы 11 сынып әдебиет сабағында «М.Әуезовтің «Бала Мұхтар» кітапшасы бойынша «Қорғансыздың күні», «Көксерек» әңгімелерінің жазылу тарихы туралы деректер жина», «Оқыған азамат» әңгімесіндегі кейіпкерлердің прототиптерін анықта(Жұмағұл – Смағұл Әмзешұлы, Ақтай – Ахмет Әуезов, Мейірхан – Мұхтар Әуезов)» деген тапсырмалар беру арқылы әдебиет пен тарихтың арасын біріктіру мүмкіндігі бар. Мұндай сабақтарды әдеби тақырыпты қорытындылау мақсатында өткізген тиімді.

Көркем шығарманы тарихи-функционалды тұрғыда талдау жеміс береді. Өйткені шығарманы түсіндіруде оның әр дәуірдің оқырмандық санасында өмір сүруі назарға алынады. Бұл шығарманың пайда болу кезеңінде мәңгі саналған, қазіргі уақытта мәнді болып табылатын жақтарына тоқталуға мүмкіндік береді. Мәселен, М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясында тарихи-нақты тартыс маңызды емес, әке мен бала арасындағы тартыстың, қарама-қарсылықтың философиялық мәні маңызды болуы мүмкін.

Мектепте шығарма трактовкасын іздеуде немесе таңдауда психологиялық аспект ескеріледі, яғни оқушылардың қызығушылығын туғызу, мәтінмен жұмыста белсенді талдауға араластыруға деген қажеттілік. Сондықтан мұғалім үшін оқушылардың пікірін білу, олардың қабылдауын ескеру мәнді саналады. Ереже бойынша, мұғалім оқушылардың назарын өз беттерімен оқыған мәтіндегі түсінуге қиындық келтірген тұстарға аудартады. Мұғалім таңдаған концепция талдаудың фундаменті болып табылады, ол оқушылардың шығарманың түрлі идеялық-көркемдік жақтарына қатысты байқаған нәрселерін байланыстырады және біріктіреді.

Кейде, педагогикалық практикада кіріктірілген сабақтың «панорамалық сабақ» деген шартты атауы қолданылады. Себебі кіріктірілген сабақ кейіпкер немесе уақыт бейнесін әр түрлі ғылым немесе көркем шығармашылық позициядан түсіндіруді білдіреді. Кіріктірілген сабақта дәстүрлі кезеңдерге нақты бөліну жоқ. Сабақтың жалпы дидактикалық үлгісінде – үй жұмысын тексеру, жаңа білімді хабарлау, материалды бекіту және қорытындылау тән. Осы оқу кезеңінің барлығы оқытылатын пәннің ішінде толық немесе жартылай вариативті үйлеседі.

«XVIII-XIX ғасырлардағы жазушылардың, суретшілердің және тарихшылардың көзқарасындағы Екатерина II бейнесі» атты сабақта әдеби шығармалар мен көптеген тарихи еңбектер негізінде орыс патшайымының образы сараланады. Кіріктірілген сабақ Екатерина II тұлғасының және іскерлігінің, әр түрлі құпияларының ашылуын, патшайымның әр түрлі мемлекеттік және жеке өміріндегі оқиғалар туралы тарихи, әдеби материалдардың көп қатпарлы құрылымын, ішкі кезектесуін қолдану қажеттілігін туғызады. Кіріктірілген сабақты өткізу ерекше технологияны талап етеді. Бұл ерекшелік оқушының кіріктірілген сабақтағы білімді шындаудағы шығармашылық іскерлігін іске асыруымен, оқушының тұлғасындағы дарындылық пен жеке-ше шығармашылық қабілеттілігінің танылуымен байланысты. Берілген сабақ түрі шығармашылық іскерліктің әр түрлі формаларының – ғылыми және көркем-эстетикалық мінезді, тұлғаның жанданған және шығармашылық елесінің дамуына, әсерлі әлемнің баюына себепші болатын ойлау, сөйлеу, коммуникативтік іскерлікті талап етеді. Кіріктірілген сабақ барысындағы оқушының іскерлігі олардың тұлғасының рухани қалыптасуымен, ішкі әлемінің байытылуымен байланысты.

Кіріктірілген сабақтарда тұлғаның шығармашылық даралығын дамытатын іскерлік-танымдық тәсіл алдыңғы қатарда болады. Кейде ол субъектіден дәуірдің мәдени өміріне «сүңгуін» талап етеді, мұны қалай іске асырудың мысалы, «Көне гректік театр» сабағындағыдай болмақ. Мұндай «сүңгудің» нәтижесіне – ол дәуір туралы және оның рухани компоненттері жайлы ақпаратты игеру ғана емес, сол дәуірде жазылған көркем шығармаларды толық танудағы және сөйлеу іскерлігін дамытудағы, оны байытудағы маңызды мәселенің бірі – сол дәуірдегі сөйлеу стилін игеру де жатады.

Кіріктірілген сабақтардағы іскерліктің екінші түрі дәуір контекстіне тура сүңгуді талап етпейді; оның көмегімен ол сырттай сараланады, яғни бүгінгі белсенді оқырманның және көрерменнің, зерттеуші-тарихшының, өнертанушының, экскурсия жетекшісінің, әдебиет сыншысының, биографтың, библиографтың, актердың, театртанушының көзімен зерделенеді.

Кіріктірілген сабақты құруда басқа да тәсіл бар, оны шартты түрде центрикалық дейміз. Бұл тәсілде деректер әр түрлі ғылыми тәртіпке және көркемдік шығармашылық талқылау заңының айналасына топтасады. Мұндай топтың мақсаты – осы деректерді өзара салыстыру, ортақтықты және дәуірге тәндігін,



өзгешелігін, жалпылығын анықтау, мемлекеттік қайраткерге немесе басқа тарихи тұлғаға, көркем шығармаға, талқыланған затқа, объектіні саралауға өзгеше тұрғыдан қарау, тек білімнің осы саласына тән өнердің тәсілдерін, оның көркем іске асуының тәсілдерін қарастыру.

Кіріктірілген әдебиет сабағын құрудағы центрикалық тәсілде орта ретінде тарих және әдебиеттану тұрғысынан оқушылар тобымен немесе оқытушымен түсіндірілетін шығармашылық мәтінді алуға болады. Сол сәтте «Өнертанушы» (өнертанушы рөлін атқаратын оқытушы немесе оқушы) әр түрлі өнер шығармаларындағы берілген сюжеттің іске асуының мүмкіндігін саралайды. Осылайша біз жан-жақты түсініктеме аламыз.

Н.А. Некрасовтың «Ресейде кімге өмір сүру жеңіл» поэмасы оқырмандар тарапынан мәнерлеп оқылып жатқанда, мәтінін түсіндіруде тарихшы мезгілге, оқиғаларға, есімдерге, 1861 жылғы шаруалық реформаның реалиясына, әр түрлі қауымдық бағыттардың өкілдерінің оған қарым-қатысына ерекше көңіл бөледі. Әдебиеттанушы бұл жағдайда авторлық ұстанымды білдіретін шығармашылық тәсілдерді түсіндіріп, шығармашылық аспектіде Некрасов туындысындағы ертегілік бастама, саяхат, бақытты адамды іздестіру тәрізді фольклорлық әдістердің қолданылу ерекшеліктеріне назар аударады.

Кіріктірілген сабақтың («панорама-сабақ») барлық белсенді қатысушыларының қызметіне материалды дайындау, әр түрлі жанрда және түрлі монологтік пікір мен диалогтерді дайындау кіреді. Бәрінен бұрын кіріктірілген сабақтағы оқушылардың іскерлігін дұрыс ұйымдастыру үшін шынайы диалогтік қарым-қатынас орнату керек. Ғылымда диалогтің екі түрі ерекшеленеді: эротикалық (әңгіме, соқраттық диалог, емти-

хан) және дискуссияны, диспутты, таласты білдіретін эвристикалық. Ақпараттық және интерпритациялық диалогтер белгіленетін тағы бір классификацияны білу маңызды. Алғашқысы өзара білім жарысына қатысушылардың білім деңгейінде ала-құлалық болған жағдайда пайда болады. Олардың білім деңгейлері бірдей болған кезде диалогтің екінші түрі іске асады. Диалогтік тілдесудің қатысушыларының пікірі әңгімелесушілердің пікірлерінен құралады, олар өзгелерге ықпал етеді. Демек, сабаққа дайындық барысында оқытушы диалогке қатысушылардың ортақ қимылын әдеби материал және тақырып бойынша ұйымдастыру керек.

Кіріктірілген сабақтар оқушылардың сөйлеу мәнерін ғылыми негізде дамытуға мүмкіндік береді. Көркем мәтін және ғылыми сипаттағы материалдар негізінде оқушылардың стилистикалық (лингвистикалық, әдебиеттанымдық, өнертанушылық) ептіліктері жетіледі. Қазақ тілінің көркем бейнелеу құралдарымен және олардың әдеби шығармашылықтағы көркем ойлы функциясымен де әр түрлі ғылымда сөйлеу шеберліктері жетіледі. Бұл бағыттарға пән мұғалімі оқушыларды сабаққа дайындау кезінде сүйеніп, сол негізде әдебиеттің өзге пәндермен, соның ішінде тарих пәнімен пәнаралық байланысын іске асырады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бітібаева Қ. *Әдебиетті оқыту әдістемесі мен технологиясы.* – Алматы: Мектеп, 2003. 336 б.
2. Жұмажанова Т. Қ. *Әдебиетті оқыту әдістемесі.* – Алматы: Білім, 2009. -288 б.

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ДІНИ ТАНЫМ КӨРІНІСІ

Акерке Исмаил - Қазақ филологиясы және әлем тілдері факультетінің 2-курс студенті
Ғылыми жетекшісі: п.ғ.д., профессор **Ж.Н. Сүлейменова**
Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті

Аннотация: В статье рассматривается творчество великого казахского поэта Магжана Жумабаева. Он яркая звезда казахской поэзии, следуя примеру великого сына Абая выражает свою мысль.

Все это дает нам полную картину эпохи, воображаемой Магжаном. Магжан подробно описывает образ эпохи. Вот почему «образное слово» Магжана - уникальное выражение. Стихи Магжана Жумабаева образец воспитания в обучении, в образовательном пространстве будущих поколений.

Ключевые слова: Магжан Жумабаев, великий поэт казахского народа, творчество.

The statue is considered by the great Kazakh poet Magzhan Zhumabayeva. The ten star poetry of the Kazakh poetry, following Abay's great poem, is about to be his.

All this gives us his only cover of the era imagined Magzhan. Magzhan explicitly describes the epoch. Do not worry about the "word of mouth" Magjana - unique degeneration. Stihy Magzhan Zhumabaeva is a lecturer in the teaching of education, in the creative space of future generations.

Keywords: Magzhan Zhumabayev, the great poet of the Kazakh people, creativity.

Мағжан Жұмабаев өз орнын үнемі іздеумен өткен, бар ғұмырын соған сарп еткен суреткер. Оның творчествосының бір қырында, яғни таразы басының бір жағында мұңлы толғаныс, өкіну және қайғы қасірет, күйініш жатса, таразының екінші басында

– романтикалық өршілдік махаббат, сүйініш, арман, мақсат, үміт жатады. Көп қайғы-қасірет шеккен, азап пен уайым тауқыметін тартқан ақын осы екі оттың жалынына шалынып, соған шарпылған! Оның творчествосында тарих тұңғығын терең түсіну, өткенді бажайлау, болашақты болжай білу, бүгіннің ақиқатына

көз жеткізу сияқты терең толғаныстар замананың астан-кестен, аласапыран жайымен астасып жатады [1].

Ақынның діни таным ұстанымының алғашқы баспалдағы – медреседен білім алуы. Мағжан бала кезінде ел ішінде есейген соң, шетке барып, Үпіндегі татар медресесі «Ғалияда» оқыды. Медресе «Ғалияның» оқытушылары Мысырдан, Стамбулдан оқып шыққан татар зиялылары болған. Ұлтшылдық, түрікшілдік, қала берсе исламшылдық туын көтеріп, медресе «Ғалия» өз заманында қазақ, татар, башқұрт сияқты уақ ұлттардың жасына недәуір сенім кіргізді. Россия қол астындағы түрік баласын оятып, жауыз патшаның арамза саясатына қарсы тұрғызбақ болды. Патшаның отаршылдық, озбырлық саясаты кімнің болса да, арқасына аяздай батты. Қазақтың жерін тілгілеп, келімсек мұжықтарға аударып әпере бастады, тілін бұзуға, дінін бұзуға ауылнай, школ, миссионерлер тартты, әдет-ғұрпын, салт-санасын өзгертіп, орысқа бас игізуге жаңа закон, мировой судья, крестьянский начальниктер шығарды. Қазақтың бұрынғы елдегі берекесі кетті, партияға кіруге, азуға, тозуға айналды: ұлыққа жағынып, шен алуға, кектескен жауын мұқатуға ел билеген жуандардың аяған құралы болған жоқ. 1905 жылы өзгерістен былай қазақтың камын ойлаймын деген азаматтар ұлт мұңын сөйлеп, ұлт мәселесін қолға ала бастады. Қазақ баласын оқуға беруі көбейді. Қазақ баспасөзі газет-журналдары шыға бастады. Қазақтың жақсы боламын деген жасы ұлтшылдық сезіміне жабысуға айналды. Міне, сол жастың біріне Мағжан да қосылды [2].

Екіншіден, ақын күллі пайғамбарлардың қызықты өмірлерін жатқа білуі де бір дәлел деп айтсақ артық етпес. Оның себебі, Мағжан өлең жазумен тым кішкентай күнінен шұғылданды. Өйткені әкесі Бекен ақ пен қараны айыра білетін адам еді. Сондықтан да ол өз балаларын замана перзенті ету мақсатымен үйіне кітапты көп жиятын. Сол кездегі Қазаннан, Орынбордан, Ташкенттен шығатын газет-журналдардың бір де бірін қалдырмай үйіндегі шағын кітапхананың қорын молайтумен болған адам. Оның үстіне Әшірбек атты ірі оқымысты, әрі іскер қазақтың үйінде дүниеге келген Мағжанның шешесі Гүлсім бәйбіше сол кездегі бірінің артынан бірі шығып жатқан қазақтың әдеби кітаптарының үлкен қамқоршысы болатын. Сол кітаптарды ұқыпты ұстап, жыртқызбай, ешкімге ұрлатпай ересек балаларының қолына беріп оқытатын да, ал хат танымайтын кішкентай балаларына өзі оқып мазмұнын ертек етіп айтып отыратын. Мысалы, «Қиссасы Ұль-Әмбия» («Библия») атты кітапты Мағжанның жеті жасында түгелдей оқып шығып, күллі пайғамбардың қызықты өмірлерін түгелдей жаттап алған [3].

Үшіншіден, ақынның діни білімінің шығармаларынан көрініс табуы мысал бола алады. Мағжанның әр өлеңінен Жаратушысына деген махаббат пен сенімнің, тәуекелдің көрініс табуы 10-12 жыл бойы үздіксіз алған діни білімнің әсері, соның бойына әбден сіңгендігінен болар. Қазақта «Абай – ақылдың ақыны, Мағжан – ақынның ақыны» деген сөз бар. Ал академик-жазушы Зейнолла Қабдолов оған: «Қазақ өлеңінің Абайдан кейінгі алыптарының,

айтулы алтын дінгектерінің бірі ғана емес, бірегейі – Мағжан Жұмабаев» деп баға береді. Міне, сол Мағжан Кеңес үкіметі тұсында «ескішілі», «діншілі» деп айыпталды. Олай айыпталуы да заңды да. Ақын қандай қиындық көрсе де, «тар жол, тайғақ кешуден» өтсе де өлендерінде Алладан үмітін үзбейді, бар керегін Жаратушысынан сұрайды: «Айға» атты мына бір өлеңінде:

Ант етіп айырылмасқа біргейік,

Ас-сусыз, мың бейнетпен жол шегейік

Тыңдайтын бар ғой тілек әділ Алла,

Көл қылып, қан аралас жас төгейік, - деп Алла тағаланың әділдігін жырға қосады.

Міржақып Дулатовқа арнаған «Жауға түскен жанға» өлеңінде:

Мейірімі кең күшті Ием,

Сорлы жұртты оң баста.

Дұшпан-құлаш, біз-сүйем,

Рақмет ұшқынын таста!

Көбейсін елде қайратты ер,

Жұрт үшін болсын қара тер.

Сорлы жұртты бастасын

Жасаған, соған көмек бер! - деп бар жан-тәнімен Құдайға жалбарына сөйлейді. Ал ақын ұстазы бостандыққа шыққанда «М.Д. абақтыдан шыққанда» деген өлең жазып:

Зор қуаныш – қара түн өткеніне,

Алтын таңды ашық күн жеткеніне.

Қан аралас төгілген көп көз жасты

Тәңірі қабыл, мейірім ғып, еткеніне:

Ерік құсы қайта ұшып келгеніне

Душар болмай дұшпанның мергеніне

Қайта шықты батқан Күн, нұр шашылды

Мың шүкірлік тәңірінің бергеніне, -деп бұл жақсылықтың Алла тағала тарапынан болғанын айтып, Жаратушысына шүкірлік етеді [4].

Мағжан жүрегіндегі халқына деген махаббат оның поэзиясынан ерекше орын алады. Ол езу көрген, қорғансыздыққа ұшыраған, күйзелу үстіндегі халықты қанша аяса да, жаралы жанның ыңыранған ауыр күйін суреттесе де,

халықты бейшаралыққа айналдырмайды. Ол жырлаған халық тағдырына қол қусырған, жерге ғана үнілген, аяғының астынан арыны көрмейтін, титығы жеткен мүсәпір халық емес. Мағжан поэзиясында үнемі ой үстінде, қимыл үстінде көрінетін халық бар. Кең даладағы шапқан ат, ат құлағында ойнаған, асаумен алысқан, сағыныштарын ән-күймен түсіндіретін, жасыл даласын, шайқалған орманын, көл-дариясын сүйетін халық бар. Адам мен жер – Мағжан поэзиясының ең күшті халықтық рухы. Халық атамекенін қалай сүйсе, Мағжан да солай сүйген.

Құшам Мұса аяғын

Өлеңім –ізгі таяғым.

Көкшеге мен де шығамын.

Аяқ басып арсыға,

Жүгініп барып қарсына

Тәңірінің тілін ұғамын, - («Көкшетаудан») дейді ақын. Қайда барса асасымен жол ашқан, аққан дарианы тоқтатып өтетін Тұр тауында тәңірмен тілдесетін Мұса пайғамбарға біздің ақын ағамыз да өзін теңейді. Өзінің де, туған халқының да ірілігін көрсетеді. [5]

«Туған жер» өлеңінде өскен ортасын



кимай, көңілі елжірейтін бала жігіт «адамның ба-сын» «Алланың добына» теңейтін мұсылман қауымына таныс ұғымды еске алып, өзінің бұлдыр болашағын іштен сезінгендей қамығады. Қанша ыстық болғанмен, албырт жастық, ізгі мұрат, базарлы өмір балғын қанатын сілкуге жарап қалған суреткер кең дүниенің қайталанбас сәттерін түсіне, мойындай тұрып, қамығады, «кіндік кесіп, кір жуған» тұңғыш мекенімен жүйрік ойдың үзеңгісін қағып, қоштасады.

Асау арман алыстан сағымдай қол бұлғағанына назаланатын Мағжан шарасыз халде бәрін де тағдыр үкіміне санап, қара басы ғана емес, «қалың елі қазағының» сормандай қалпынан құтылу үшін Құдайдан жәрдем күтіп, жасаған иеге жалбарынады. «Тәңірі» өлеңінде:

«Басқаға орын бердің жақсы жайдан-
Зенгір тау, түпсіз дария, терең сайдан.
Үмітсіз, тілегі жоқ, тұрағы жоқ,
Қуылған дәрғаһиңнан біз бе шайтан.
Бізге отсыз шөл даланы орын қылдың,
Бақ-даулет, өнер – білім қырын қылдың.
Кесір деп кек алатын өгей балаң
Біз бе едік, көп төбетке жырым қылдың!
Жібердің басқа жұртқа жолбасшылар
Әр жұрттың жолбасшымен көзі ашылар.
Не елші, не жол сілтер кітабың жоқ,
Алашқа әлде жазғаны бар да шығар!»

- деп толғанатын саяси-әлеуметтік көзқарасын діни сенім-нанымның табиғи жарысымы нәтижесінде өрнектейді. Мағжан Тәңірді ең ұлы жарылқаушы күш ретінде жер бетіндегі барша жұртқа қарайтын әділет отанына санайды. Сөйте тұрып, ортақ қамқоршыдан рахым сұрап, орналасқан жері де, тұрмысы да, жайсыз қазақ қауымының бағын жандыруды, сан ғасырлық қыруар бейнеттен арылтуды аңсайды. Көршілес халықтарды қызғанбағанмен, алаштың табиғаттан алған үлес-салмағының азығына налиды, күпірліктен сақтана отырып, наз білдіреді.

Автор Алладан елші сұрағанда пайғамбарларды еске алған. Халықты дұрыс жолға бастайтын ерен дарынды хакім-қайсар көсем іздеу бар. Қалың қауым әр жаққа тартпай, түгел тыңдап, бас шұлғитын ой кемел, шын мәніндегі имандылыққа бой алдырған. Абай айтатын «толық адамның» қажеттігін тану айқын. Ж.Аймауытовтың «Түйе баққан жалаңаш араб құрлы көрмегенің бе? –деп құдайға тілі тиеді» дейтін сөзі осы туындыға байланысты. Ақынға тән қызуқандылықпен ағат кеткен мінезін Мағжан түсінеді, тағы да жаратушыға тағзым етіп, қателік сезімінің себебін ашады:

«Кеш, тәңірім сорлы құлға қаһар етпе,
Рақым қыл, біз сорлыны шетке теппе.
Сөз шықты жан ашумен әділ тәңірім,
Тиген соң ащы тұяқ тұщы етке!» [6].

Ақын мешіт туралы пікірін әке мен бала арасындағы диалогты сөз қолданыстары арқылы былайша білдіреді. Мешіттің ішкі мән-мағынасын ашып, бала санасына жеткізудегі әке ықпалы былай көрсетіледі:

Бұл үйді мешіт дейді, құлыншағым,
Ерігіп, қуған болып ата заңын,
Анда-санда домалап бармағы үшін
Салдырған өзіне арнап, «жуан қарын»

Бес минут «жатып-тұрып» жуып алмақ,
Былғанған бұзықтықпен ұят-арын.

Шығатын жоғарыға молдасы да,
Азанмен құттықтайды қарын таңын.
Бұл –мешіт, көк үйі емес, «қарын үйі»,
Көргің келсе, барып көр мал базарын, -дейді.

Онда жекелеген дін иелері тарапынан жіберілген кемшіліктер мен халыққа жасаған озбырлықтарын өздері іштей мойындап, мешітке тек кешірім сұрау үшін баратын кейбір адамдардың істері сынға алынады. Арнаулы діни оқу орындарын тәмамдамай-ақ, құранның жекелеген сөздерін жаттап алып, молдалықты мал табудың көзіне айналдырып, ел үстінен күнелтіп жүргендерді мінейді. Дін иелерін сынау Мағжанға дейінгі, діни-ағартушылық көзқарастағы ақындар поэзиясында, тіпті, Абайдың «Абралыға» деп аталатын өлеңінде де, намазды дұрыс оқи алмайтын Абралының әрекеті арқылы сынға алынған. Оған Шәді Жәңгіровтың өлеңдерінен де мысал етер едік. Ол – мұсылмандық дінді уағыздаушылардың, діни кітаптардың мән-мағынасын түсінбесе де, өздерін «құдайдың өкілдері» санайтын діни қараңғылықтарын ажуалап сынайды. Дін жан тазалығы дей отырып, діни сүйіспеншілікке имандылық тұрғыдан қарауды талап етеді. Одан Мағжанның да үлгі алғандығына жоғарғыдағы пікірі дәлел.

«Жамандықтың басы –құдайға сенбеуден емес, соны насихаттаған бола отырып, оны жеке бастарының игілігі мен дәулетіне айналдырғандық», - деп біледі Мағжан. Адамдық пен тазалықты идеал жасағың келсе, өзін де күнәдан тазар дегендей болады, әр түрлі шумақтардан тұратын «Мағарри сөздер» деп аталатын өлеңдердің бірінде. Сөйтіп дін иелерінен өздерін дұрыс ұстауды талап етеді. Мінбелерде үгіт айтқан молдалар, оңаша қалса, сәлделерін сандыққа салып, бастарына бөрік киіп, бозбала желікке еріп, нәпсі артынан кетпесін. Бес мезгіл намаз оқып, ораза ұстадым екен деп өзінді өзін алдама. Сөз бен ісің қабыспай жаста, ол – екіжүзділік. Өйтіп арамдық еткенше, адал ісіңмен, Аллаға жаққаның дұрыс деп, шариғат жолында қалай жүруді дін иелеріне өзі үйретеді. Бұдан діннің адам тәрбиелеудегі пайдалы тұсын мүлде түсінбеді деген ой тумаса керек. Керісінше, психологиялық күйзеліске ұшыраған адамның, Алладан қуат сұрау арқылы, өз-өзіне деген сенімін оятып, қиындықты жеңіп шығып, жанына таяныш табатындығын жақсы білген [7].

Қорытындылай келе, Мағжан – сыршыл, өршіл, рухты ақын. Өйткені ол қазақ поэзиясының жарық жұлдызы ұлы Абайға еліктей отырып, ұлы ұстаз жолын ұстанғанмен, өзінше жол табудан жалықпай, көп ізденген жан. Өлеңдеріндегі табиғат суреттері, оның тылсым шақтары ақын көңіл-күйімен, мұң-қайғысымен, қуаныш-шаттығымен қат-қабат келіп отырады. Осының бәрі тұтаса келіп, Мағжан суреттеп отырған дәуірдің бейнесін толық ашып береді. Сондықтан да бейнешілдіктің шырқау биігінде көрсету үшін, ақын өз басындағы қайғы мен қасіретті, мұң мен зарды халық басындағы ауыр күндерін астастыра жырлайды. Ол қандай сөз қолданса да талғап, ой таразысынан өткізіп, өлеңнің ішкі-сыртқы тұтастығының сай келіп отыруын көздеген. Қай өлеңін алсаң да, белгілі бір ырғақпен, әдемі әуезбен,

сөз өнерінің сиқырлы әлемін тарта береді. Сондықтан да Мағжанның «суретті, кестелі, көркем сөзі» ешкімге ұқсамайтын өзіндік өрнек. Өйткені Мағжан Жұмабаев шығармаларының келешек ұрпаққа діни сипаты жағынан да, тәрбиелік тұсынан да берер тағылымы мол деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жұмабаев М. «Таңдамалы». - Алматы, Ғылым, 1992 ж 10-11б
2. Жұмабаев М. Шығармалар 3 томдық. - Алматы, «Білім», 1996ж 370-371б

3. Абдуллин Х., Қасенов Қ. Мұстафа мен Мағжан-Тұран елінің даналары. - Алматы, 1993ж 35б

4. <http://islam.kz/kk/articles/islam-jane-tulga/magjan-aqyn-ozin-nege-paigambar-atady-1467/#gsc.tab=0>

5. Жұмабаев М. Шығармалар 3 томдық. - Алматы, «Білім», 1996ж 469 б

6. Майтанов Б. «Мағжан Жұмабаевтың поэтикасы». - Алматы, Қазақ университеті, 2001ж 14-15б

7. Қанарбаева Б. «Мағжан поэзиясындағы заман шындығы». - Алматы, Экономика баспасы, 2014ж. 21-22 б.

ӘДЕБИ-ӨЛКЕТАНУШЫЛЫҚ БІРЛЕСТІК ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖҰМЫС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Токишева Құралай - Филология факультетінің 4-курс студенті

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., доцент **Рүстемова Ж.А.**

Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ, Қарағанды

Түйіндеме. Мақалада сыныптан тыс жұмыстардың бір түрі саналатын әдеби-өлкетанушылық бірлестікті мектеп өмірінде тиімді пайдалану мәселелері қарастырылады. Жаңа білім беру стандарттарын жүзеге асыру аясында әдеби-өлкетанушылық бірлестікке қатысушылармен жұмыс оқытушыға ғана емес, тәрбиеленушіге де үлкен мүмкіндіктер ашады. Әдеби-өлкетанушылық бірлестіктің дұрыс ұйымдастырылған жұмысы білім алушылардың оқу әрекеттері жүйесін дамыту мен жетілдіруге бағытталған қазіргі заманғы әдістерін пайдалануға жол ашады.

Тірек сөздер: өлкетану, бірлестік, туған өлке, шығармашылық бағыт, экскурсия

Аннотация: В статье рассматриваются вопросы, связанные с эффективным использованием таких форм внеклассной работы как литературно-краеведческое объединение. В рамках реализации новых образовательных стандартов работа с обучающимися в литературно-краеведческом объединении открывает большие возможности как учителю, так и его воспитанникам. Правильно организованная работа литературно-краеведческого объединения предполагает использование огромного количества современных методов, направленных на развитие и совершенствование системы учебных действий обучающихся.

Ключевые слова: краеведение, объединение, родной край, творческое направление, экскурсия

Abstract: The questions related to the effective use of such forms of extracurricular work as a literary-regional association are examined in the article. Within the framework of realization of new educational standards work with student in a literary-regional association opens large possibilities to both the teacher and his pupils. The correctly organized work of literary-regional association supposes the use of enormous amount of the modern methods sent to development and perfection of the system of educational actions of student.

Key Words: local history, association, native land, creative direction, excursion.

Жас ұрпақтың әлеуметтік ортадағы іс-әрекетін ұйымдастыру барысында халықтық тәжірибе мен ізгі қасиеттерді олардың бойына дарыту қашаннан басты мақсат болып келеді. Бүгінгі таңда оқушыларға жан-жақты білім мен тәрбие беру мектепте ұйымдастырылатын сыныптан тыс жұмыстар арқылы жүзеге асады.

Мектепте әдеби-өлкетанушылық жұмыстар сабақ уақытында және сабақтан тыс уақытта бір-бірімен тығыз байланыста жүргізіледі. Қатысушылардың өлкетанымдық қызығушылықтары сыныпта әдебиеттерді зерттеу барысында, сыныптан тыс әдеби-өлкетанушылық жұмыстардың кезінде қалыптасады. Осы екі бағытты біріктіру нәтижесі мектептің әдеби-өлкетану жұмыстарының ерекшеліктерінің бірі болып табылады. Мектепте әдебиетті оқыту барысында сыныптан тыс жұмыстарға ерекше көңіл бөлінуге тиіс. Әдебиет – өнер, сөз өнері пәні. Бағдарламада берілетін

арнаулы сағаттарда мұғалімдер білім негіздерін қалыптастыру жұмыстарымен айналысады. Сөз жоқ, оқушының икем-дағдысын дамыту, тәрбиелеу, қабілетіне, дарынына әсер ету істері білім берумен қоса жүреді. Бірақ осы жұмыстардың барлығын сабақ процесінде жүзеге асыру мүмкін емес. Оқушыларды сөз өнеріне тарту, көркем шығармаларға деген қызығушылығын арттыру, эстетикалық талғамын дамыту сияқты білім мен тәрбие берудің басты-басты мәселелері сыныптан тыс жұмыстарды тиімді ұйымдастыру арқылы жүргізіледі

Мектептегі әдеби-өлкетанушылық жұмыс жоғарғы сыныптарда көп таралған. Жетекшінің болуы жұмыстың нәтижелі болуына септігін тигізеді. Әдеби өлкетанымдық бірлестіктер туған өлкенің өміріне, табиғатына, тұрмысына, тарихы мен мәдениетіне қызығатын орта және жоғары сынып оқушыларын біріктіреді. Бірлестіктің жұмысына қатысу туған жердің әдебиетін зерттеу мен жинау жастардың



шығармашылық қабілеттерін дамытуға көмектеседі.

Әдеби-өлкетанушылық бірлестіктің жұмысына арналған П.Г.Воробьевтың кітабында келесі тапсырмалар көрсетілген:

1) сыныпта алған әдебиет білімі бойынша білімді бекіту және тереңдету;

2) осы алған білімдерді туған өлкенің әдеби өмірін зерттеуде қолдану

3) жергілікті және жалпы халықтық әдебиеттің өзара байланыстарын түсіну;

4) туған өлкенің өткені мен қазіргі уақыттағы әдебиетін сынып жұмыстарында байланыстарын іздеу;

5) қоғамдағы жазушылардың ролін анықтау;

6) зерттеу жұмыстарының жаңашылдығын көрсету және ашу; пән бойынша фактлермен жұмыс жасау және іздемпаздылықтарын арттыру»[1, 90 б.].

Әдеби-өлкетанушылық бірлестіктер қатысушыларға туған әдебиет шығармаларына деген махабатты оятып, көркемдік талғамдарының қалыптасуына көмектеседі. Жас өлкетанушылар жергілікті фольклорды жинап, жергілікті жазушылардың шығармаларын оқып, талқылайды, әдеби-өлкетанымдық материалдарды іздейді. Әдеби-өлкетанушылық бірлестіктер фольклор, тарихи-әдеби, әдеби шығармашылық бағыттары бойынша тығыз байланыста болады.

Бірлестіктің жұмысы сөйлеу қабілеттерін тереңдетіп, шығармашылық қабілеттерін аша түсіп, әдеби білімдерін жетілдіріп, балалардың жеке бас қызығушылықтарын ескеруге мүмкіндік береді. Негізгі бірлестіктерде бір не паралель не аралас сыныптардың оқушыларынан біріктірілген 20-30 қатысушы болады. Бірлестік жұмысының бағыты қатысушылардың бейімділігі мен белсенділігіне байланысты. Балалардың өз қалауларымен таңдап, қатысулары бірлестік жұмысының ролін арттыра түседі. Бірлестік жұмысының жоспарлары негізінен жарты жылдыққа немесе айына 2-3 жұмыстан тұратындай құрылады. Әдеби-өлкетанушылық бірлестіктің жұмысы жергілікті халықтың жұмысымен байланысты болуы керек, ұйымдастырушылар қойылымдар, әдеби тақырыптарға арналған әңгімелесулер, прозадан үзінді, олендерді мәнерлеп оқуды ата-аналардың жиналыстарында да ұйымдастырулары керек. Бірлестіктің жұмысына әдеби кештерді дайындау, кештерге көрмелерді, қабырға газеті, альбом сияқты дүниелерді ұйымдастыру жатады. Бірлестік жұмысына әдебиеттанушылармен, тілшілермен, жазушылармен кездесу кештерін ұйымдастыру жатады. Бірлестіктің жиналыстарында қатысушылардың шығармашылық жұмыстары, қабырға газетке арналған мақалалар, шығармалар, олендер мен әңгімелер талқыға салынады. Ең жақсы материалдар қабырға газетіне не журналға жарияланады.

Әдеби-өлкетанушылық бірлестіктер туған өлкенің өміріне, табиғатына тұрмысына, тарихы мен мәдениетіне қызығушылықтары бар ортаны және жоғарғы сынып оқушыларын біріктіреді. Бірлестіктер жұмысына қатысу туған жердің әдебиетін зерттеуші мен жинаушының ролін сомдауға мүмкіндік береді, жастардың шығармашылық қабілеттерін дамытады.

Әдеби-өлкетанушылық бірлестіктің жұмыстарының мақсаты:

1) сыныпта алған әдеби білімі бойынша білімді бекіту және тереңдету;

2) осы алған білімдерді туған өлкенің әдеби өмірін зерттеуде қолдану;

3) жергілікті және жалпы халықтық әдебиеттің өзара байланыстарын түсіну;

4) туған өлкенің өткені мен қазіргі уақыттағы әдебиетін сынып жұмыстарындағы байланыстарын іздеу;

5) қоғамдағы жазушылардың ролін анықтау;

6) зерттеу жұмыстарының жаңашылдығын көрсету және ашу;

7) пән бойынша деректермен жұмыс жасау және ізденімпаздылықтарын арттыру[2, 90 б.].

Өлкетанушылық ізденістер негізінен ұстаздардан бастама алады. Бұл жұмыстар қатысушының туған өлкеге және оның мәдениетіне деген құрметін қалыптастырады.

Әдеби-өлкетанушылық бірлестікте келесі жұмыстар атқарылады:

1.Қатысушылардың республика өмірінен әңгімеге арқау болатын материалдар немесе қазақ тілі мен әдебиетінен жазу жұмыстарын жинау мақсатындағы өзіндік жұмысы;

2.Республика жазушыларымен хат алмасу немесе кездесу;

3.Жазушылардың өмірі мен шығармашылықтарымен байланысты жерлерге топтық серуен жасау;

4.Жазушылардың туған жерлеріне арналған шығармаларын зерттеу[3, 74 б.].

Мектептің әдеби үйірмесіндегі әдеби-өлкетанушылық сапарларының алар орны орасан зор. Қатысушылардың әдеби-өлкетанушылық сипаттағы сапарларын келесі түрлерге жіктеуге болады: 1) қосымша әдебиеттерді жинақтау, әдеби жұмысты зертеуде зерттелетін дүниені іздестіру мақсатындағы серуендер; 2) экскурсияны сипаттайтын әдеби ескерткіштері бар жерлермен танысу мақсатындағы серуендер; 3) жазушының шығармаларын зерттеу мақсатындағы серуендер.

Әдеби-өлкетанушылық жұмыстар тәжірибиелеріне сүйенетін қатысушылар бір ғана мақсатты ұстана отырып, жолға шығады. Бірақ серуен кез келген әдеби экспедицияда негізгі болып саналады. Бірлестіктер тарихи-әдеби және әдеби шығармашылық бағытта өтулері мүмкін. Тарихи-әдеби бірлестіктер туған өлкенің әдебиеті мен мәдениетіне қызығушылық танытқан жоғары сынып оқушыларын біріктірсе, әдеби шығармашылықтағы бірлестіктер туған өлкенің табиғаты мен әдебиеті қызықтыратын жас ақындар мен прозашыларды біріктіреді.

Өлкетанымдық клубтар үлгі бойынша бірлестіктерге ұқсас, алайда бір айырмашылығы қатысушылардың санының көп болуында. Клуб жұмысының түрлері: әдеби-өлкетанушылық экскурсияларға, серуендерге, экспедицияларға қатысу болып келеді. Олар онда жазушылар, ақындар жайлы материалдар жинайды, олардың болған жерлерімен танысады, табиғат ескерткіштеріне барып қайтады. Көрген-білгендері бойынша, қатысушылар баяндама жазып, не альбом шығарып, не әдеби-өлкетанушылық карталар құрастырады. Жасалған жұмыстарды қорытындылау

мақсатында, кештер, кездесулер немесе өз беттерімен мұражай немесе концерттік бағдарламалар ұйымдастырулары мүмкін.

Қорыта айтқанда, осы айтылғандармен мектептегі бірлестіктің немесе клубтың жұмыстары бітпейді. Бұлар – тек қана тәжірибие жүзінде тексерілген танымал түрлер мен үлгілер.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. *Внеклассная и внешкольная работы по литерату-*

ре. Сб.ст./ под ред. Я.А. Ратковича. - Москва: Просвещение, 1970. -224 с.

2. *Уроки внеклассного чтения/Под ред. Я.Г. Нестурх. - Москва: Просвещение, 1980.*

3. *Богуславский С.Р. Школьный литературный клуб: книга для учителя: из опыта работы. - Москва: Просвещение, 1989.*

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІМЕН БАЙЛАНЫСЫ

Қуанбаева Б.С. - *1-курс магистранты*

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., аға оқытушы Есіркепова Г.Е.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Сымбатына үңіліп сынық айдың,
Ұмытамыз кей-кезде Ар-намысты.
Маржандай өлең-жыры Ыбырайдың,
Әлемдік әдебиетпен байланысты.

Түйіндеме. Қазақ халқынан шыққан халық ағартушыларының бірі, ірі жазушы, ұстаз, қазақ балалар әдебиетінің атасы Ыбырай Алтынсарин қазақ әдебиеті тарихында ғана өзіндік сара жолын салып қоймай, орыс, парсы-тәжік, араб жалпы айтқанда әлем әдебиетімен аралас-құралас болып, жан-жақты байланыс жасаған. Ы.Алтынсарин өзінің ұстаздық қызметіне байланысты қазақ жастарын оқытып-тәрбиелеу мәселесін ең негізгі, басты мәселе деп есептеп, соның жолында ел мен жер аралап, әлемдік әдебиетпен тереземізді тең ету жолында қажымас қайсарлық танытып, есте қаларлықтай еңбек етті. Бұның бәрі келешек ұрпақ үшін еді. Сондықтан жазба әдебиетіміздің төрінен заңды түрде орын алып тұрған Ыбырай Алтынсариннің артында қалған мол мұрасын болашақ ұрпақтың санасына сіңіру біздің басты міндетіміз.

Аннотация: Один из воспитателей казахского народа, великий писатель, педагог, отец казахской детской литературы Ибрай Алтынсарин, не только много сделал для истории казахской литературы, но и имеет обширную связь с русским, персидским, таджикским и арабским языками. Ибрай Алтынсарин считал проблему образования казахстанской молодежи самой важной проблемой в своей карьере, и он помнил и усердно трудился над страной и миром, чтобы сбалансировать мировую литературу. Все это было для будущих поколений. Поэтому наша главная задача - поглотить богатое наследие, которое стоит за наследием нашего писателя Ибрая Алтынсарина, которое юридически закреплено в будущем.

Abstract: One of the outstanding educators of the Kazakh people, a great writer, a wonderful teacher, grandfather of Kazakh children's literature Ibrai Altynsarin not only built his way into the history of Kazakh literature, but also talked with Russian, Persian-Tajik, Arabic literature in General and talked with the world literature. In connection with his teaching activities, Ibrahim Altynsarin believed that the problem of training and education of Kazakh youth is one of the main tasks on the way to which he visited the country and the land, showed inexhaustible dedication and memorable work on world literature and the window. All this was for future generations. Therefore, our main task is to instill in the minds of future generations the rich heritage of Ibrai Altynsarin, which legally occupies a place in the history of our written literature.

Иә, қазақ халқынан шыққан халық ағартушыларының бірі, ірі жазушы, тамаша ұстаз, қазақ балалар әдебиетінің атасы Ыбырай Алтынсарин қазақ әдебиеті тарихында ғана өзіндік сара жолын салып қана қоймай, орыс, парсы-тәжік, араб жалпы айтқанда әлем әдебиетімен аралас-құралас болып, жан-жақты байланыс жасаған. Оған себеп, Ыбырайдың заманында қазақ халқының әдебиеті бүгінгі күндегідей тамырын кеңге жайып, өсіп-өркендеп, романтизмдік, постмодернизмдік бағытты ұстанбаған еді. Сондай-ақ, қазақ әдебиетіне Ыбырай атамыз әлем әдебиетімен байланыс жасау арқылы өзінің әдеби таным-түсігін кеңінен дамытуды көздеді.

Осы қарқынмен Ыбырай Алтынсарин 1864 жылы Шығыстану ғылымымен шұғылданушы Ильминскийге хат-хабар жазады. Ильминскийдің шақыруымен 1867 жылы Ресейге табан тіреп, біраз уақытқа Петербург, Қазан қалаларында аяндайды. 19 ғасырдақ өзінің белгілі бір білім жүйесін қалыптастырған орыстардан көптеген әдіснамалық принциптерді санаға сіңіріп, үйрену жолында көп уақыт бойы еңбектеніп жүреді. Ресейдің «қазақ халқын ілім-ғылымнан хабарсыз дүбара санауының бір себебі, қазақтардың әлі күнге дейін оқу құралының жоқ екендігінен» деген талай сыпсың сыбыстардан хабардар болып жүрген Ыбырай Алтынсаринді намыс қысып, оқу құралды жасау жолдарын орыс



көкелерімнен үйреніп алады да, елге келіп кітап шығару мәселесіне толықтай кірісіп кетеді [1,4746]. Талай ұйқысыз түндермен, күлкісіз күндерді атырғаны нәтижесінде Ыбырай ағамыз 1879 жылы Орынборда алғашқы Қазақ хрестоматиясын дүниеге әкеледі. Дәл осы жыл, қазақ халқының білімге қарай бір емес бірнеше баспалдаққа көтерілуінің ең үлкен бір себепшісі болған еді. Қазақ хрестоматиясының ішінде орыс алфавиті негізінде жасалған, балаларға арналған новеллалар мен шағын ғана өлең-жырлар жазылған еді. Ұлы ағартушы оқулық жазу барысында орыстың талай «мен» деген ғұламаларымен танысып, әдебиет пен мәдениетке қатысты пікір алмасып, Паульсонның «Книга для чтения и практических упражнений в русском языке», К.Д. Ушинскийдің «Детский мир», «Родное слово», Л.Н. Толстойдың балаларға арналған кітаптарынан мәтіндерді тұңғыш рет қазақ тіліне аударып, қазақ хрестоматиясына енгізеді. Орыстың ұлы педагогтарымен тәжірибе алмасып, халық ағарту қызметкерлері – Я.П.Яковлев, А.А.Мазохинді Қазақстанға қонақ етеді. Сол күннен бастап олар «Біз қазақтар жайлы қате пікірде болыппыз. Шын мәнісінде олар өнерлі әрі өте білімге құштар жандар. Тек үйретсем, оқытсам (оқытушылар) деген жандар аз» деп жанға жағымды субъективті көзқарастары мен ыстық лебізін білдіріп кеткен екен [2,2266]. Осыдан-ақ, Ыбырай Алтынсариннің Ұлы Ресейге қуыста жатқан Қазақтың жәй халық емес екендігін дәлелдеп кеткендігін аңғара аламыз.

Осы тұста Ыбырай Алтынсарин шығармашылығының тәжік-парсы әдебиетімен байланысы үдей түсті. Фердаусидің «Иусиф вэ Зулайха», Низами «Ескендір намасында», «Қисас-и Рабғузи» кітабындағы Лұқман дастандарын өзінше өндеп, қайта жырлаған Ыбырай Алтынсарин қазақ әдебиетіне жаңа леп, тың серпіліс әкелген болатын. Ы.Алтынсарин Құрандағы, Шығыс аңыз-әңгімелеріндегі адамгершілік идеясын балалар санасына сіңіруді көздеп, «Өсиет өлеңдерінде» енді Ескендір жайында әңгімелейді. Мәңгілік өмір сүруге себепші болатын өмір сусынын іздеген Ескендірдің шарасыз күйге түскенін Низамиден сәл бұрмалап аударып кішкентай ғана оқырмандарға ұсынады. Ал Абай Ескендірді өзінше аударады. Естіген құлаққа, көрер көзге сенсек Абай мен Ыбырайдың тәжік, парсы, араб елдерімен әдеби тығыз байланыста жүрген бірден-бір ұлы ақындар екенін тілге тиек етеді. Алайда екеуі бір-бірімен кездесіп, сөйлеспеген, шығармаларымен де таныс емес Ыбырай мен Абайдың Ескендір туралы жырларындағы ой-пікірлерінің бір жерден шығып, тоғысуы таң қалдырады [3,1126].

Фердаусидің «Иусиф вэ Зулайха» дастанында Ыбырай өзіндік ой-өрнегімен аударып, басылым беттеріне жариялайды. Кейіннен Қазақ халқының басына қиын күн туған тұстарда отаршыл ел Ыбырайдың Жүзіп-Зылихасын тарих сахнасынан күштеп алып тастайды. Әйтпегенде, бүгінгі күні Ыбырайдың кіршіксіз, пәк, махаббат дастаның жатқа оқып отырар едік. Әттең...

Ал, «Қисаси Рабғузи» кітабындағы Лұқманың Ыбырай араб тілінен қазақ тіліне тәржімалайды. Қазіргі мектеп бағдарласында оқытылып жүрген,

Лұқман хәкім Ыбырайдың аса ірі туындыларының бірі әрі бірегейі болып саналады. 1310 жылы жарық көрген БурХанеддинұлы қазы Несреддиннің Лұқманынан ешбір кемшілік байқалмайды. Есесіне өзіндік бір рең, түрлі палитралды бояуын қосқан ба деп қаласын...

XIX ғасырдың орта шенінде пайда болған Көрғұлы киссасының Ыбырайда кейбір үзінділері үзік-үзік кездессе, атақты «Шахнама» шығармасының сырлы сюжеттері мен ауырлау тілі Ыбырайда ара-тұра, астыртын байқалады. Бұл оның әлем әдебиетімен сусындап өскенінің айқын көрінісі.

Ыбырай Алтынсариннің тәжік әдебиетімен байланысының бірден-бір дәлелі ретінде тәжік совет энциклопедиясын айта аламын. Себебі, тәжік совет энциклопедиясының 8-ші томында Қазақстанға арналған мақаласында Алтынсариннің де есімі аталыпты. Онда «Қазақтарда Ыбырай деген ұлы адам бар. Ол ең алғашқы оқулықты қазақ халқына тарту етіп, қараңғы халықтың көзін ашты. Бабалардың жүрегіне нұр септі» деп жазылған көрінеді [1,4686]. Соған қарағанда Тәжіктердің де арасында Ыбырайдың мәшхүр аты танымал болғанын байқай аламыз. Ал ұлы Араб әдебиетінің байланысының бір көрінісі ретінде, Ыбырайдың мына бір жыр-дастанын назарларыңызға ұсынайын.

«Иманды ер құдайынан ұялады,

Ұялып иесінен сый алады...

Нәпсіге баспаса яки қор болмайды.

Аллаға сыйынады, ар жинайды»

Ыбырайдың осы бір өлең жолдарына үңілсек «иман», «нәпсі», «Алла», «ар» деген сөздер жиі кездеседі [4,166]. Бұл Ыбырайдың Ислам әдебиетіне жақындығы ғана емес, Араб әдебиетін ерекше ықыласпен құрметтейтінінің боямасыз болмысы. Тіптен бәрімізге танымал «Кел, балалар, оқылық! Бір аллаға сыйынып» деген тармақтары осыған дәлел. Жоғарыда берілген «Нәпсіге баспаса яки қор болмайды» деген жолдар қасиетті Құран кәрімде, әр аятта, әр хадисте берілген. Әрине, Ұлы ұлыны алыстан таниды емес пе?! Ыбырай Алтынсарин Араб әдебиетімен байланыс жасамады, қызықпады дегенді естісем өз құлағыма өзім сенбейтін едім. Шығыс шайырларын қазақша тәржімалау жұмысын Абай, Шәкәрім, Ыбырайдан кейін Т.Ізтілеуов, Қ.Бекхожин, Қ.Шаңғытбаев, Ж.Нәжімеденов, М.Әлімбаев, Х.Ерғалиев, С.Әліпбайлар жалғастырды. Осы орыда басқа да әлем халықтары әдебиетімен тығыз қарым-қатынас орнатқан Ыбырай Алтынсарин «Мейірімді бала» әңгімесін аудару барысында жеке азаматтық пікірін қосты. Ғафиз ғазалдарын мәнер-мәйегімен, сын-сипатымен, таза сұлулық болмысын сақтап оқырмандарға ұсынды. Мұндағы өрнек, сөз өнерінің иірімді тұстары, үлгілі тіл мәдениеті Ыбырайдың атының әлем арасында кеңінен танымал болуына септігін тигізді. Дейтұрғанмен Ыбырайдың аудармашылық қасиетіне қарап, аударма өнері оңай екен деп баға беру қате болар еді. Себебі, аударма өнері тіл білушілікпен қана шектеліп қалмайды. Басында білімін, тіл байлығын әрі шалқар шабыттың да болуы тиіс. Әртүрлі елдердің рухани әлемін бір-біріне жақындата білген пәрменді құрал аудар-

ма өнері қазақ халқы үшін ең керегі еді. Өмірінің соңғы жылдарында Ыбырай Алтынсарин осы аударма саласында тағы екі-үш рет қалам тербеген еді. Ол Түрік әдебиетімен де үлкен байланыс жасап, алдымен түріктердің тілін меңгеруге тырысты. Түркі тіліне толықтай арқа сүйерлік дәрежеге жеткеннен кейін, атақты ақындарынан біраз аудармалар жасаған екен. Бірақ, өкінішке орай уақыт кеңістігіне жұтылған құнды шығармалардың қатарында Ыбырайдың Түркі тілінен тәржімалаған шығармалары да кеткен екен. Иә, қамқау көңілімізге аздап қимастық ұялатады...

Қорытындылай келе, Ыбырайдың софылық түсініктерімен іліктес ой-сарындары, күрмеуі қиын ғылыми зерттеулері, өсиетке негізделген өшпес өлең-жырлары мен қатар, әр баланың көңіліне жағатын әңгімелері, қарап отырсаң бәрінің әлемнің түкпір-түкпіріндегі әдебиетпен байланысы бар екенін аңғаруға болады. Жалпы айтқанда, Ы.Алтынсарин өзінің ұстаздық қызметіне байланысты қазақ жастарын оқытып-тәрбиелеу мәселесін ең негізгі, басты мәселе деп есептеп, соның жолында ел мен жер аралап, әлемдік әдебиетпен тереземізді тең ету жолын-

да қажымас қайсарлық танытып, есте қаларлықтай еңбек етті. Бұның бәрі келешек ұрпақ үшін еді. Сондықтан жазба әдебиетіміздің төрінен заңды түрде орын алып тұрған Ыбырай Алтынсариннің артында қалған мол мұрасын шашауын шығармай, болашақ ұрпақтың санасына сіңіру біздің басты міндетіміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Қамзабекұлы Д. *Алаш және әдебиет.* – Астана: Фолиант, 2002.- 468 - 474 беттер.

2.Дербісәлин Ә. *Ыбырай Алтынсарин (өмірі мен қызметі туралы).* – Алматы: Қазақстан, 1965. – 226 б.

3.Ы.Алтынсарин. *Қазақ хрестоматиясы.* – Алматы: Білім баспасы. 2-басылым. 2007. – 112 бет.

4.Ы.Алтынсарин. *Қазақ хрестоматиясы. Құрастырушыдан / Сұлтанғали Садырбаев, Алматы қаласы, 2003 жыл;/ Сөз басы / Ибраһим Алтынсарин, Торғай қаласы 1879жыл/ 16-18 бет.*

ҚАЗАҚ ЭПОСЫНДАҒЫ ҚАҺАРМАННЫҢ КЕРЕМЕТ ЖАҒДАЙДА ДҮНИЕГЕ КЕЛУІ

У.К. Онласын –

БМ011700-«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 1-курс магистранты

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,

Қазақстан, Алматы қ., e-mail: onlassyn.u@gmail.com

Түйіндемe: Қазақ эпосындағы қаһарманның керемет жағдайда дүниеге келуі осы уақытқа дейін арнайы түрде жазылған зерттеудің нысанына айналып, кешенді түрде қарастырылмаған. Сондықтан оған қатысты көптеген мәселелерді тәуелсіздік мұраттары тұрғысынан қайтадан зерделеу аса қажет. Бұл үшін тек қазақ эпосы емес, әлем халықтарының фольклоры жүйелі, тарихи-салыстырмалы әдіс қолдану негізінде ықтиятты талдануы керек. Мақалада қазақтың қаһармандық эпосындағы өмірбаяндық сарындардың генезисі, дүниетанымдық, тарихи негіздері сөз болады. Аталған сарынның қоғам мүшелерінің ой-санасын, қоғамдық белсенділігін арттыруға ықпалы да басты назарда болады.

Тірек сөздер: фольклор, эпос, мотив, жанр.

Аннотация: Биографические мотивы казахского эпоса до настоящего времени не было специально изучено и не было специально исследовано. Поэтому необходимо пересмотреть многие проблемы об этом. Это требует изучения на регулярной основе не только казахского эпоса, но и фольклора народов мира. В этой статье будет рассмотрена сущность биографической генезиса и мировоззрения казахского героического эпоса. Основное внимание уделяется влиянию вышеупомянутого мышления членов сообщества и социальной активности. Широко анализируется древние казахские поэзии и героические произведения.

Ключевые слова: фольклор, эпос, мотив, жанр

Abstract: Still researches biographic the directions and forms, on Kazakh the epos in a special way it is in a complex not provided. Many issues of studying and on it in terms of independence ideals are demanded again. For this purpose on the basis of application system, folklore, and not just on Kazakh eposes of people of the world a method background - relative laborious to the analysis. In article, genesis of the biographic directions and world outlook, the historical bases the speech will be a feat the epos by Kazakhs. A thought consciousness specified the directions of public activity and members of society, influence on increase in attention will be. songs, the heroic epos, and on Kazakh epos biographic the directions and to the analysis, everyone their justifications types widely is going to show secrets.

Key words: folklore, epic, motive, genre.

Қазақ халқының эпикалық мұрасы-ата-бабамыздың танымдық-тағлымдық, эстетикалық-көркемдік сұраныстарына жауап беріп, ғасырлар бойы сандаған ұрпақтың дүниетанымын, моральдық-этикалық ұстанымдарын қалыптастыруда маңызды қызмет атқарған рухани қазына. Қазақ фольклорының бұл саласы көлемімен де, көркемдігімен де мазмұнының

тереңдігімен де ерекшеленеді. Сондықтан бұл жанрдың үлгілеріне қазақ зиялыларымен қоса өзге жұрттың да озық ойлы азаматтары айрықша назар аударып, өздерінің саликалы ойларына арқау еткен. Эпос зерттелген Кеңестік дәуірде рухани мұра негізінен коммунистік идеологияның талаптарына бейімделе отырып, талданып, таптық, халықтық және атеистік ұстанымдарға қайшы келетіндей жайттардың



сөз болуына ашықтан-ашық тыйым салынғаны белгілі. Сондықтан халықтың ежелгі діни наным-сенімдері. Қоғамдық көзқарастары, бейнеленіп отырған оқиғалардың этнографиялық, тарихи негіздері туралы айту мүмкін болмады. Еліміз егемендік алғанға дейін қазақ эпосы туындыларының басым көпшілігі тыйым салынған рухани мұралар санатына жатқызылды. Бұрын діни эпос туралы айтуға мүлде болмайтын. Ал, жүзден астам тарихи жырлардың бесеуі ғана көпшілікке таныстырылып келді. Отыздан астам төлтума ғашықтық жырларының үшеуі ғана бұқара халыққа мәлім болып келді. Халық жырларының қоғамдық қызметін «Эпос-болғанның көшірмесі емес, болуға тиісті арман, үміт, құбылыстарды, тарихи оқиғаларды халықтың өзінше түсініп, бағалауының көрсеткіші», – [1.54] деп бағалаған академик Р.Бердібайдың эпостануға әкелген ең үлкен жаңалығы – қазақтың эпостық туындыларын жанрлық-стадиялық тұрғыдан төрт топқа (архаикалық, қаһармандық, ғашықтық (романдық), тарихи) жүйелеуі.

Академик Р.Бердібайдың «Қаһармандық эпос» деп аталатын ғылыми мақаласында эпикалық дамудың барлық кезеңдері жүйеленеді. Ең әуелі батырлық жырдың басты қаһарманының дүниеге келуі, өмір есігін ашуы дегенге ғалым әлемге танымал «Алпамыс батыр» жырындағы Байбөрі мен Аналықтың перзентсіздік зарын тартуын төмендегідей жүйе бойынша көрсетеді:

1. Баласыздық зары. 2. Жебеуші «күштерге» жалбарыну. 3. Әзірет сұлтанға бала тілеп аттану. 4. Әулиеге түнеу, садақ үлестіру. 5. Баба түкті шашты Әзиз әулиеге сапар шегу. 6. Намаз оқып, мінәжат ету. 7. Тәңсәріде ақ сәлделі, қолында асасы бар диуана келіп, бұларға бір ұл, бір қыздарың болады деп аян беруі. 8. Аналықтың қабылан етіне жерік болуы. 9. Алпамыстың дүниеге келуі. 10. Ұлан-асыр той жасалуы [1.100].

Қаһармандық жырлардың басты кейіпкері – болашақ жүрек жұтқан батырдың өмірге келу жүйесі қай эпоста болмасын аталғандай кезеңдерден тұрады. Қаһармандық эпостағы батырдың дүниеге келуі осындай сипаттан ешбір ауытқымайды. Жырдың экспозициясында әдетте батыр дүниеге келместен бұрын орын алған жағдайлар суреттеледі. Өйткені көрсетілгендей ғажайып туысқа ие нәрестеден ғана келешекте ел қамын ойлап, жұрты үшін жанын аямай жауға шабатын батыр шығатынына халық кәміл сенген. Болашақ батырдың керемет жағдайда дүниеге келуін бейнелеу сарынының қазақтан басқа түркі, моңғол тілдес басқа халықтардың эпосында да жиі кездесетініне зерттеуші ерекше мән береді. Сонымен қатар Р.Бердібай батырдың ерекше жағдайда өмірге келуі барлық жырда түгел тізіліп, жүйелі баяндала бермейтінін, оның себебі жырдың айтылу дәстүріне, варианттылығына, не қысқарып, не ұлғайып отыратын табиғатына байланысты екенін де ескертеді [1. 101].

Батырдың ғажайып боп тууы, қаһармандық жырлардың бәрінде бірдей кездесе бермейді. С.Қасқабасов өзінің «Эпос пен ертектің сюжеттік типологиясы» атты еңбегінде аталған жанрларда ғайыптан туудың төрт түрі көрініс беретініне тоқталып, олардың алғашқы үшеуін: «1. Батырдың басты кейіпкердің орасандығын атап көрсету үшін

қалық қиялы ежелгі аналық заманда пайда болған ғайыптан туу мотивін кең түрде қолданған. Жай ғана қолданбаған. Ол мотивті әр дәуір талабына сәйкестендіріп, творчестволық жолмен пайдаланған. Айталық өзінің алғаш шыққан кезінде (яғни матриархат дәуірінде) бұл мотив анасынан ешбір некесіз туды. Оның әкесі- не күннің шуағы, не жел, не өсімдік, не басқа зат. II Кейін матриархаттың заманы бітіп, өмірге патриархат келгенде, ғайыптан туу мотиві жаңа сипатта көрінді. Болашақ батыр енді тотемдік атадан туады. Яғни, оның әкесі- тайпалық тотем. Бұрынғы өсімдік пен табиғат құбылыстарына қарағанда, тотем белсендірек. Ол кейіпкердің жай ғана әкесі ғана емес, сондай-ақ оның жебеушісі.

Патриархалдық-рулық қауымның дамуымен байланысты қаһарманның ерекше бітімі, құдіреттілігі енді басқаша түсіндіріледі. Ол тайпалық тотем мен аталар аруағының ғажайып түрде желеп-жебеуінің нәтижесі деп білінеді.

III. Аталық ру заманының шарықтаған кезінде ежелгі ғайыптан туу тотемдік аңның орнына жәрдемші, жебеуші етіп аталар аруағын алады. Яғни, мұнда реалдық түсінік басымырақ. Перзентсіз кемпіршаддың түсіне ақсақал кіріп, аян беруі болашақ батырдың шын әкесі өзінің әкесі екенін айта отырып, ол баланың тууына ата аруағының қатысы бар екенін көрсетеді. Сондықтан ол өмір бақи «өз баласын» демеп, жебеп жүреді», деп сипаттаған. [2.264-265]

Бас қаһарманның аталар аруағы желеп-жебеуі арасында дүниеге келуі «Жәнібек батыр» жырында көрсетіледі. «Едіге» жырының Әбубәкір Диваев нұсқасы: «Бұрынғы өткен заманда бір бай болыпты. Өзі дәулетті кемеңгер, керемет әулие адам екен. Өзінің ешбір перзенті болмапты. Тек біреудің ұлын, біреудің қызын көрсе, іші күйіп: «менде де осындай перзент болса, арманым болмас еді-ау»- деп жүреді екен» [3.85], - деп басталады. Басты кейіпкерлер эпоста қарапайым кісілерден тумайды. Патшаның, ханның, ең болмағанда ірі байдың тұқымы болып шығады. Мұның өзі-жарық дүниеге келген баланың елден ерекше болатынын түсіндіретін тәсіл. Өйткені эпостың табиғаты осыны керек етеді.

Баба Түкті Шашты Әзиз қазақ эпостарында баласы жоққа бала беретін әулие есебінде көрінеді. «Алпамыс батыр» жырында Байбөрі мен Аналық ақыр соңында бір белгісіз әулиенің басына барып, жетіп қонады. Сарғайып таң атқанда, ақ сәлдесі басында, көк есегі астында, сырлы асасы қолында, Шашты Әзиз келіп түртіп оятады. «Ноғайлы Қара Қыпшақ Қобыланды батыр» эпосында да Шашты Әзиз Қыдырбайдың түсіне еніп, аян береді. Қобыландыдай ұлды болатынын, Хансұлудай қызды болатынын айтады [4.174 б.]. «Едіге» жырында осы Баба Түкті Шашты Әзиз Едігенің тура өз әкесі болып шығады. Бұл Едігенің Алпамыс, Қобыланды сияқты айрықша жағдайда дүниеге келуін анық көрсетіп тұр.

Едігенің керемет болып тууы - оның шешесінің пері қызы, атасының Шашты Әзиз, арғы ата-бабаларының ел тұтқасын ұстаған әулие-әмбиелер екендігінен көрінеді. Мәселен, Ноғай нұсқасында бір күні Барқая (Баба-Тұқылас Шашты Әзиз) Шекерлі көлден боз ала таңда жылыммен балық аулап жүрсе, көл жағасына

тоғыз аққу келіп қонады. Қанаттарын қағып-қағып жіберіп, аққу киімдерін шешіп тастап, тоғызды да ішкен суы тамағынан көрінген сұлу қыздарға айналады. Жігіт біреуіне үйленеді. Біраз уақыт өткенде әйелдің аяғы ауырлап, айы-күні жақындайды. Бар-қая бірде аннан келсе, қосында жылап бала жатыр. Әйелі жоқ. Аққу болып ұшып кетіпті. Баланың атын Құттықия қояды. Аңшы болып өседі. Тоқтамыс ханның сұңқарларын бағады. Бұл ертектің арғы жағы баска варианттағылармен бірдей, Құттықиядан Едіге туады [5.19-21].

Жалғыз баланың ерекше жағдайда дүниеге келуі, оның батыр болып, өз тайпасына, руына қызмет етуі-дүниежүзі фольклорында ежелден бар мотив. Батырлар жырының классикалық үлгілерінде өмірбаяндық сарындар-батырдың ғажайып болып тууы, ерекше балалық шағы, тым ерте жасаған алғашқы ерлігі, үйлену үшін жорыққа шығуы, керемет жағдайда қайтыс болуы тұрақты түрде әрі кеңінен сөз болса, ел өміріндегі елеулі саяси қақтығысты бейнелеу алдына негізгі мақсат етіп қойылған тарихи жырлар дейді. Қаһармандық эпостағы өмірбаяндық сарындардың ерекшеліктерін қысқа мақала аясында жан-жақты да толық ашып көрсету мүмкін еместігін ескере отырып, біз бұл жерде көрсетілген сарынның арнайы әрі кешенді түрде зерттелуі-қазақ фольклортануының маңызды мәселелерінің бірі екеніне көпшілік назарын аударуды мақсат тұттық. Бұл сарынның

қаһармандық эпос кейіпкерлерінің образдарын ашып көрсетуде елеулі қызмет атқарып, жыр арқылы бейнеленген халық арманын, асыл мұратын қалың бұқараға ұқтырудың тиімді тәсілі болып табылғанына зерттеушілердің барлығы да тоқталған. Бүгінгі күннің басты міндеті сондай ұлағатты пікірлерді жаңа заман талаптары тұрғысынан қайтадан зерделеп, рухани жаңғыру мәселелерін шешуге пайдалану деген ойдымыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Рахманқұл Б. *Бес томдық шығармалар жинағы. Эпос-елқазынасы. Бірінші том.-Алматы: «Қазығұрт», 2005.-464, бет.*

2.Қасқабасов С. *Эпос пен ертектің сюжеттік типологиясы//Қазақ фольклорының типологиясы. Алматы, 1981.264-265-б.*

3.Диваев Ә. *Тарту. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 256 б.*

4.Байтабынов А. *Қобыланды-Жаскілең. –Ақтөбе, 2007. – 174 б.*

5.«Ноғайлы Қарақытшақ Қобыланды батыр». *Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Орталық ғылыми кітапханасының қолжазбалар қоры. №828 бума.*

6.Сейілбек С. *Қазақ фольклорының типологиясы. Оқу құралы. «Қыздар университеті» баспасы. Алматы, 2013.*

ҚАЗАҚҚА АТЫ МӘШЬҮР АДАМЖҮСІП

Қаршыбек А.К.

*БМ011700-«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 1-курс магистранты
Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., қауымдастырылған проф. Қожекеева Б.Ш.
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті*

Түйіндемесі: Қазақ фольклорын жинаушы, философиялық ойлардың иесі, құнды мұралардың, діни ойлардың авторы – М.Көпеев. Бұл мақалада ақынның поэзиясындағы дәстүр жалғастығы, философиялық еңбектерінің көркемдік ерекшелігі талданады. Өзі өмір сүріп отырған дәуірдің тұрмыс-тіршілігін сипаттай отырып, келер ұрпаққа мол мұра қалдырды. Бұл мақала М.Көпеев шығармаларының ерекшелігін айта отырып, оның кейінгі ұрпаққа берер асыл мұрасын ескере отырып, Серік Нұрмуратов, Бақытжан Сатершинов, Алмасбек Шағырбаев, Х.Сүйіншалиев, Тұрышев А.Қ. сияқты ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып жазылды.

Аннотация: М.Көпеев - Казахский фольклорный коллекционер, автор философских мыслей, автор ценных наследий, религиозных идей. В данной статье анализируется преемственность поэтической поэзии, художественные особенности философских произведений. Описывая образ жизни эпохи своего существования, он оставил богатое наследие будущим поколениям. В данной статье написано специфика работ М. Копеева, его благородное наследие для следующего поколения, основанный на работах ученых

Серик Нурмуратов, Бақытжан Сатершинов, Алмасбек Шағырбаев, Х. Суюншалиев, Турышев А.К.

Abstract: M.Kopeev is the author of the Kazakh folklore collector, the author of philosophical thoughts, author of valuable heritages, religious ideas. This article analyzes the continuity of poetry, artistic peculiarities of philosophical works. Describing the lifestyle of the epoch of his existence, he left a rich legacy for future generations. Taking into account the specifics of M.Kopeev's works, taking into consideration his noble heritage for the next generation, Serik Nurmuratov, Bakhytzhhan Satershinov, Almasbek Shagyrbaev, H. Suyunshaliyev, Turyshev AK as well as on the works of scientists.

Қазақ халқының сан ғасырлық тарихына назар аударып, оны тарихи-философиялық тұрғыда зерделеуден өткізетін болсақ, онда бүгінгі күнге дейінгі кезеңдерінің барлығы қатпар-қатпар қиындықтар мен қайшылықты кезеңдерге толы болғанын байқаймыз.

Дегенмен каншама ауыртпалы заман болса да жасындай жарқырап еліміздің өткен күндерінде көптеген дарынды тұлғалардың болғанын ауыз толтырып айтамыз. Тәуелсіздіктің сындарлы жылдары уақыттың қадірін білуді үйрендік. Өткен кезеңдер мен өмір сүрген па-



расатты тұлғаларды қадірлеуді үйренудеміз. Рухани мәдениетімізді електен өткізу бағытында көптеген жұмыстар атқарылғаны баршамызға белгілі. Осы тарихи мүмкіндіктерді пайдалана отырып өз халқымыздың өнегелі тұлғалары өрнектеген рухани құндылықтарды әртүрлі қырларынан зерттеу мүмкіндіктері туындап отыр, солардың бел ортасында, ақын, данагөй ағартушы, өз халқының патриоты – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы да бар. Бар ғұмырын болашақ ұрпаққа мол рухани мұра қалдыруды мақсат еткен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өзінің ғұмырын өнегелі тіршілікке айналдырады. Сондықтан да оның барлық рухани мұрасын зерттеу және осындай асыл перзентінің ұлағатты өмір жолы мен ерең еңбегін лайықты бағалау, құнды тұстарын қордалау кейінгі ұрпақтың міндеті мен өшпес парызы екені рас. Тарихын қадірлеген әр қазақ өз зиялысын ұмыт қалдырған емес, керісінше ұрпақтан – ұрпаққа мирас етіп қастерлеп жеткізіп отырғаны бесенеден белгілі. Мәшһүр Жүсіп Орта жүз Арғыннан тарайтын Бес Мейрам әулетінен тарап, бүгінгі күннің абызына айналып отыр. Мәшһүр Жүсіптің шыққан руы Сүйіндік – Мейрамның бір үлкен бұтағы болып келеді. Кезінде ұлағатты Абылай хан екі сөзінің бірінде айттып отырады екен: – «Осы, «Бес Мейрамның баласы» деген ел, пайғамбар мен шадияр тумалы демесендер, адамның бұлбұлы мен дүлділі түгел туған ел. Батыры көп, жаудан қорықпайды, шетінен шешен туады да, даудан қорықпайды», – деп жазады кемелгер Мәшһүр Жүсіп бабамыздың өзі.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы әкесі Көпжасардың 42 жасында, шешесі Ұлбаланың 18 жасында, 1858 жылы қазіргі Павлодар облысы, Баянауыл ауданы Найзатас деген жерде ережеп айы, жұма күні, бесін уақытында Көпей шаңырағында дүниеге келген. Туғанда азан шақырып қойылған есімі – Адам Жүсіп. Кейіннен 9 жасында қисса-дастандарды жатқа айтып, ел көзіне түскен кезде жиынды шақырып отырған Мұса Шорманұлы Адам Жүсіпті ұнатып, тақиясына үкі таққызып: «Өз заманында халқына Мәшһүр болатын бала екен» – деп, лепес қылуымен Мәшһүр Жүсіп атанып кетеді. Жасынан өнер білімге, әдебиетке құмар болған жас ақын ауыз әдебиеті үлгілерімен жас кезінен танысып халықтық жырдастандарды жаттап өскен. Мәшһүр Жүсіптің: «Айрылдым дәл он бесте ақыл естен, Жабысып бір дауасыз ауру төстен», деген жыр жолдарына қарағанда оның ақындық жолға бой ұруы, алғашқы шығармашылық қадамы он бес жасында басталған. Ол туралы ақынның өзі: Жабысты маған өлең он бес жаста, Жұрт айтты: «Не қыласың» – деді таста. Дегенмен қоя алмадым үйренген соң, Мінім жоқ қылған жұртқа мұнан басқа. Шүкірлік, бергеніне, құдай патша, Он бесте шабыттандым жүйрік атша. Бір күндер ұйықтап жатқан мезгілімде, Кеудеме өлең толды сызған хагша – дейді. Ақынның дүниетанымының өзіндік философиялық келбетін барынша айғақтап беретін жоғарыдағы жыр жолдары өмірдің мәніне көңіл аудартып, оны жете түсінбеген пендемен сұхбаттасуы болып табылады. Ойшылдың пайымдауынша, бұл дүниеде ерекше қабілет берілмеген адам болмайды, тек соны белгілі бір салада паш ету керек, өнердің көзін тауып, адам қоғамға пайдалы болуы тиіс. «Білгеннің жүрген жері – бәрі жарық» деген

тұжырымның ар жағында әрбір пенденің бақытты болудың кілті бар екеніне меззейді. Әрине, адамда адал еңбек пен шығармашылыққа деген ынта, зейін, ұмтылыстар болмаса, сонымен қатар оған қарай бағытталған белгілі бір деңгейдегі саналы-жігерлену қадамдары болмаса, онда ол тіршіліктегі уақытын бос кетіргені, берілген мүмкіндіктер топтамасын рәсуа еткені. Білімнің керемет қасиетін түсінбейтін жандарға ойшыл ескертпе жасап тұрғандар әсер қалдырады.

Қазақ халқының тарихи және заманауи философиялық және әлеуметтік ойын зерттеуші ғалымдар осындай ерекшеліктерді ескеріп, «ұлттық әдебиетті ұлттық философияның өмір сүру сипаты» ретінде түсінгені, көркем әдебиет туындыларын салыстырмалы талдау әдісін қолдана отырып зерделегені, жеке тұлғалардың поэтикалық мұрасындағы философиялық мазмұнды ашып көрсету үшін оны философиялық ойлау құралдары көмегімен қайта саралағаны талаптануын қолдауға болады. Философиялық танымның негізгі мақсаты қоғамдағы адами өлшемдердің терең мағынасы мен мәнін анықтау, адамға берілген өмірдің құндылықтық мәнін айқындау болып табылады. Осы бағытта жасалынатын әрбір қадамдардың өзіндік ерекшеліктері болады. Философиялық ойды поэзия тілімен бере білу рационалдық тұжырымдарды барынша эстетикалық формаға келтіреді және оны көркемдік нақыштармен безендіреді. М.Ж.Көпеевтің шығармашылығы осы бағытта қалыптасқан өзіндік өнер философиясы деп атауға болады.

М.Ж.Көпеевтің ұстазы, алғашқы буын ағасы болған Абай Құнанбаев еді, ол адам өмірінің мәнін анықтарда алдымен «Мен мен менікінін» сипаттарын ажырата білу қажеттігін айта отырып, адамның тәні мен жанының мәндік айырмашылығы бар екенін атап өткені белгілі. Жанның құдіреті адам өмірінің мәнін кіргізіп тұрғаны туралы түсініктерге ақын жақын келеді. Шыныменде «Мен» мен «Менікіні» бір-бірімен ажыратпай, оларды бір-біріне абсолютті түрде таңып қойған пенде бұл дүниенің ұзақтығын «бес-ақ күн деп ойлайды», оның «жалған дүние» туралы түсініктері тереңдей береді. «Адамның барлық ғұмыры денесінің қуаты біткенінше екен» деп Ақиқат туралы терең мағлұматты білмегендіктен надандыққа ұрынады. Мәшһүрдің пайымдауынша, Алла жаратқан дүниеде өзгеріс, даму тән, әлем бір қалыпта тұрмайды, ол үнемі өзгеріс күйінде болады. Табиғатта барлығы да жанды да, жансыз, табиғат заттары да өзгерісте, өзгеріс пен қозғалыс болмай қоймайтын мақсатты, қажетті іс. Өзгеріс ұғымын толқын арқылы көрсетеді. Ойшылдың өлеңдері мен қара сөздерінде диалектика элементтері елеулі мәнге ие. «Қазақ философиясында «терме» жанры осы «өмір», дүние дегенді ағып жатқан су екен деген негізге құрылған. Бұл – қазақ философиясында ертеден бар түсінік» [20]. Мәшһүр Жүсіп дүниенің бірлігі мен мәңгілігінің бастапқы жаратушысы – құдіретті күші шексіз Құдай мен жаратылған дүниенің мәңгілігі мен шексіздігін көрсетумен анықтай отырып: Бір жарық түн басына таң атады, Мейлің Ай, мейлін Күн бол бір батады. Дарияның толқынындай дүние жүзі, Толқында тауып тыныштық кім жатады, – деп Аспан әлемі жер бетіндегі заттар мен құбылыстар,

табиғат процестері мен заңдылықтарының өзара әрекеттілігі мен себепті байланыстары негізіндегі болып жатқан өзгеріс пен қозғалыс дүниенің мәңгілігінің негізгі бастауы деп ой топшылайды.

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің қазақ фольклоры нұсқаларын жинау ісімен көп шұғылданғаны мәлім. Олардың ішінен «Желкілдек», «Ер Көкше», «Көрұғлы», «Алтын бас, күміс аяқ», «Сайын батыр», «Қырғызға барған батыр» сияқты нұсқалармен қатар Бұхар жырау, Сақау, Шөже, Шортанбай, Орынбай т. т. көптеген ақын сөздерін де кездестіреміз. Мәшһүрдің ескі сөздердің қалпын бұзбай дұрыс жазып алуды борыш санағандығы сондай, жыр нұсқалары табиғи көне түрін мол сақтағандығымен көзге түседі. Мұның бір себебі – ол дастандарда, халықтың жайын, түрлі аңыздарын жетік білетін кәрі құлақ даналар, жыраулар сарқыны мол кезде жинап үлгерген. Бұл салада қалдырған мұрасының әдебиет ғылымы үшін қаншалықты құнды екені өзінен-өзі түсінікті болса керек. Тек сол материалдарды екшеп, татымдыларын кітап етіп жарыққа шығаруды ойластырған абзал. М.Ж. Көпеев жинағандарының бірі – «Желкілдектің» оқиғалық, композициялық, тілдік т. т. ерекшеліктері жөнінде толып жатқан қажетті қорытындылар жасауға болады. «Желкілдек» батырлар жырына кей жағынан ұқсай да бермейді. Әдетте батырлар жырында кездесетін қара сөздерде шұбалыңқылық байқалатынды. Одан гөрі оның (жырдың) өлеңдік жағына көбірек назар салынатынды. Ал, «Желкілдекте» қара сөздің ырғақтылығын молайтып, сөздің шұбалыңқылығын азайтуға, интонацияға көңіл қойғандық сезіледі. Мұны мына бір үзіндіден-ақ көруге болады. Нармамбеттің екі қызы болған, бірінің аты – Күнікей, бірінің аты – Тінікей болған. Екі қыз ұйықтағанда түс көрген, таңертең жеңгесіне келеді. Бір шапанды жамылады, екеуі бір жеңнен басын шығарады, жеңге, дейді: бір түс көрдік, от жағалай іс көрдік, екіде қара тең көрдік, жоры, жеңге.

«Жылама әкем деді: жауға мен барайын, бір келгенін бір қырайын, екі келгенін екі қырайын, біріне бірін қоспайын. Әкесі айтты балаға: сенің алар жауың жоқ, бойың сенің өскен жоқ, бұғанаң әлі қатқан жоқ, балақта жүнің өскен жоқ». Ақынның «Миғраж», «Хаятбақыш», «Қорқыт», «Гүлшат–Шеризат» деп аталатын қисса, дастандарын, публицистикалық, этнографиялық еңбектерін, халық ауыз әдебиетін жинаудағы қыруар жұмысын атасақ та жеткілікті. Бұл жөнінде академик М.О. Әуезов былай деп тұжырымдайды: «Ал, өз шығармаларын былай қойып, басы ашық үлгілерді жазып алып, біздің дәуірімізге жеткізген еңбек Мәшһүрде мол екенін және естен шығармау керек. Сондықтан қазақ ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің ғылымдық бір саласы историография бөлімінде Мәшһүрдің ол түрдегі еңбегіне әрдайым орынды баға берілуі шарт».

Мәшһүр Жүсіптің бөліп айтуға тұрарлық айырықша бір ерекшелігі – өлеңдерін жазып шығарған. Ол әрбір жырын қағаз бетіне түсіріп, рет-ретімен тәртіппен, шашау шығармай ықтияттап жинап отырған. Оның алғашқы өлеңдері «Дала уалаяты» газетінде 1889 жылдан бастап көріне бастады. Ақын 1889 және 1890 жылдар аралығында бірнеше мақаламен қоса, бес өлең жариялады. Олар мыналар: «Әңгіме», «Бәрі қысқа,

еркін дүниеге келеді екен», «Кедейлікке үш қырсық оралады», «Күн шықпай ерте тұрып», «Білмейді ел өнерлісін, аулақ болар». Бұл өлеңдердің бәрінің сарыны ортақ, ой арнасы біреу – ол жастарды еңбекке, өнер-білімге, егін салуға, сауда істеуге шақырады. Ал, ел ішінде бос тентіреп кәсіпсіз жүрген кейбір желбуаз бозбаланы сынап мінейді: Өзінің малын күтіп баға алмайды, Бір тиын қолдан кетсе таба алмайды. Бір саңлау оймен іздеп табары жоқ, Біреудің айтқан тілін тағы алмайды.

Елдің өткен-кеткен тарихын, әдет-ғұрпын, халықтың мінез ерекшеліктерін, тұрмыс-салтын көрсету – Мәшекең атқарған жұмыстың көп бөлігі. Қазақ фольклорын жинақтауының үлкен бір себебін халық дүниетанымының бір көзі деп білген. Рас, бұл салада Потанин, Радлов, Диваев секілді ғалымдар өте көп еңбек сіңірді. Бірақ, олардан Мәшекеңнің артықшылығы – алдыңғылары кімнен жазып алғанын көрсетпейді. Ал Мәшһүр атамыз «мен пәленбайдан жазып алдым. Ол түгенбайдан естіген» дегенді ешқашан ұмытпайды. Сол себепті оның жазғандары аңыздан гөрі ақиқатқа жақын. Әрі сол кездегі адамдардың сөйлеу стилін сақтап отырған. Халық поэзиясы үлгілерін, мақал-мәтелдерді, ақындар айтысының тың үлгілерін өз қолжазбасында белгілі бір тәртіппен, реттілікпен берген. Хандар, билер, батырлар туралы тарихи әңгімесі өте көп. Біздің заманымызға Бұхар жырау, Шортанбай, Шөже, Көтеш сынды ақын-жазушылардың өлең-толғаулары Мәшһүр Жүсіп арқылы жетті. «Ер Көкше» мен «Сайын батыр» да солай. Бұл кісінің жазбаған, зерттемеген саласы жоқ, Астрономия, биология, медицина, этнография, т. б. жөнінде жазды. Жалпы Мәшекең қолжазбасында қазақ халқының тарихына қатысты деректер мол. Осыларға қарап, жалпы, оның фольклористік концепциясы демократиялық-ағартушылық көзқарастарынан туындағанын тануға болады.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының жинақтаған, өзі шығармашылықпен қалыптастырған өлең, жыр, дастандары адамды адамгершілікке шақырып, ар-ұятты, мейірімді, адал болуға үйретеді. Міне ақынның замандастарын осы руханилыққа баулу қасиеттері мен талпыныстары ұлттың өзіндік санасын жетілдіруші күшке айналғанын да атап өту керек. Әрине, өмір адам үшін тек күліпойнап, ләззат алуға ғана берілмегені анық. Ол алдымен кез келген пендеге тіршілік тұңғиығында терең дүниетанымдық сауалдарды қояды. Сондықтан әрқайсымыз міндетті түрде төмендегідей сұрақтарды алдымызға қойып отыратын кездеріміз де болады: «Өмірдің мәні неде?», «Не үшін өмір сүріп жатырмын?», «Қандай құндылықтар дүниеде бәрінен маңызды?», «Қайда барамыз, не істеу керек?» деген сияқты сауалдар кімді болсын он ойландырып, тоғыз толғандыруы мүмкін. Осындай өмірдің мәні мен адам болмысын ұғынуға жетелейтін терең философиялық сұрақтарды қазақ ғұламалары өз шығармашылығының негізгі нысанына айналдырған. Философиялық мағынадағы жоғарыдағы сауалдарға жауаптар іздеген ақын, біріншіден, адам ешқашан жалқаулыққа салынбай өнер іздеп, білімге құштар болуды насихатты, екіншіден, ол өз ойларын халыққа етене түсінікті стилде өлең жолдарымен баяндайды. Қазағым,



өнер ізден, ұрлық-зорлық, Қыласың бір-біріңе неге озбырлық, Болғаннан алты ауыздан ынтымақсыз, Басыңа келген жоқ па талай қорлық. Халықты нағыз тұтастанған халық ететін терең рухани құндылықтар жүйесі осы қысқа шумақ жолдарында паш етілген, көркем пішінде өрнектелген.

Бұл өлең жолдарында ақынның қазақ халқының тағдырын тереңнен ойлап, еңбек етпей, өнер ізденбей бос әурешілікпен уақытты зая кетіріп жүрген кейбір жастарға налып айтқан уәжі суреттелген. XX ғасырдың басында әлемге өзін танытқан қазақ зиялыларының жалпы құндылықтық бағдарлары бір жерде түйіскенін де байқаймыз. Ақынның осыған ұқсас данагөй ойлары көптеген шығармаларында көрініс тапқан, ақын бұл туындыларында өз жұртына, қазағына арнап өсиет қалдырғандай, оны қалың ұйқыдан ояту мақсатында кейінгі ұрпаққа бір жолдау арнағандай болады. Өмір өз кезегімен өтіп жатқан жол сияқты, ал адамдар болса, сол жолды басып өтетін бір жолаушы. Әрі ол жол қауіп-қатерге және түрлі күтпеген оқиғаларға толы. Кейде өмір белестері адам бақытына кедергі жасайтын оқиғаларға толы. Сондықтан да адам баласы барлық нәрсеге дайын болумен қатар, өздігінен нақты шешімдерді де жасауы керек дей келе, ақын қаншама қиын қыстау заманда өмір сүрсе де еш мойымай тек халқының жайкүйін ойлаумен болады, сонымен қатар кейінгі ұрпаққа аманат етіп қалдыру үшін аянбай ізденіп, ел арасынан сан-алуан көне тарихи жазбаларды, фольклорлық жыр-дастандарды рухани және мәдени мұра етіп қалдыруды өзіне басты мақсат етіп қойды.

Бүгінде ойшыл ғұламаның шығармашылық мұрасын насихаттау бағытында әртүрлі шаралар ұйымдастырылып келеді. Елімізде ауыз толтырып айтатындай Мәшһүртану саласы қалыптасты, Мәшһүр Жүсіп оқулары жыл сайынғы дәстүрге айналып, жас ұрпақ ұлы ғұламаның еңбектерін санасына терең сіңіруде. Заманында қатарынан озық туған көрнекті тұлға ақындығымен қатар тарих, әдебиеттану, өлкетану, шежіре жинақтау салалары бойынша мол мұра қалдырды. Бірақ өкінішке орай ақынның қолжазбаларының көбі түрлі себептерге байланысты сақталмаған. Әсіресе, Кеңес заманында көптеген шығармалары қасақана құртылды. Мәшһүр Жүсіптің ел ішінде көріпкел-әулиелігімен танылғаны белгілі. Оған өзінің дүниеден қайтатын ай-күніне дейін дәл айтып, ол жылдары қазақтың жаппай аштыққа ұшырайтынын біліп, бір жыл бұрын өзінің асын бергізіп кетуі дәлел. Қарапайым сана үшін бұл әдеттен тыс әрекет болары анық. Бірақ даналықтың биігіне көтерілген ойшыл өмір мен өлімнің өзара қатынасын терең философиялық мағынада түсінетінін дәлелдеп берген. Ақынның шығармалары жиырма томдық көлемде басылып жатыр. Бірнеше ғылыми диссертациялар ақын шығармашылығына арналып қорғалды.

Елімізде ғылыми мақалалар көптеп жарық көруде. Зерттеуші ғалымдардың пайымдауынша, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының зерттелмеген жеке мұрасының өзі әлі талай ұрпаққа рухани азық болары сөзсіз. Қазіргі заманда индустриалдыинновациялық заманда прагматистік сипаттағы дүниені түсінуге бет бұрғанымыз белгілі. Бір қарағанда бұл қазіргі

жаһандану заманының өзіндік ағымы, тарихтын толқыны іспетті. Дегенмен, өзінің рухани әлемін түгендеп, оны дамытып отырмаған елде ешқашанда өзгенің алдында сыйлы бола алмайды. Жастары өзінің болашағына қатысты рухани бағдарларды жөнді анықтай алмай тұтынушы қоғамның қисынынан шыға алмай қалуы да мүмкін. Осыған орай жоғарыдағы жинақта негізінен халық болып рухани түлеуімізге медет болатын дүниелер қордаланды. Соңғы уақытта Мәшһүртану ісіне абыз ойшылдың ұрпақтары тікелей атсалысуда. Ақынның туған немерелері филология ғылымдарының докторы, профессор Қуандық Мәшһүр Жүсіптің зерттеу еңбектері және Сүйіндік Көпеевтің ғұмырнамалық естелік-деректері мерзімді

Мәшһүр Жүсіп Көпеев шежірелері – қазақ тарихына қатысты генеалогиялық дереккөздердің бірі. Оларды тереңірек зерттеп, өзге шежірелермен салыстыру барысында халқымыздың қалыптасу кезеңдеріне қаныға түсеріміз де анық.

Баспасөз беттерінде жарық көрді. 2001 жылы Павлодар қаласында қасиетті Мәшһүр Жүсіп атындағы Орталық мешіт ашылды. 2003 жылы С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің алдындағы алаңда қоладан бюст-ескерткіші орнатылды. 2006 жылы Мәшһүр Жүсіп әулиенің басына зәулім де әсем кесене тұрғызылды. Осы іс-шаралардың барлығының түпкі мақсаты еліміз азаматтарының руханият әлемінің, руханилық деңгейінің көтерілуімен астасып жатуы шарт. Ойшылдың өз заманында дйттеген мақсаты сол болатын. Ол өзінен гөрі өзгенің мүддесін көбірек ойлағанын аңғаруға болады. Осындай қатынасты рухани ерлікке балауға болады. Ұлы бабамыз жастарға тәрбиелік мәні бар: – «Жігіт күнінде жаннан кеш те іс қыл, өлсең өлерсің, өлмесең адам болып шығарсың», – деп намыс пен жігерді жанып, рухын қайсар қайратқа бағыттап, ұран тастағандай болды. Сонымен, қазақ халқының руханият тарихында Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің алатын орны ерекше және мәртебелі. Өзі өмірден озса да, артына мәңгі өшпес рухани мұра қалдырған қасиетті Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы бабамыздың тағылымының бізге және бізден кейін келер талай ұрпаққа берері мол екені даусыз. Ендеше, сол рухани мұраны көзіміздің қарашығындай сақтап, кейінгі буын үлгі аларлық кәдеге жарату бәріміздің қасиетті парызымыз деп есептейміз.

Қорыта айтар болсақ, М.Ж. Көпеев заманының озық ойлы, алдыңғы қатарлы азаматы болған. Туған халқының мұңын мұндап, жоғын жоқтаған, сөйтіп, онымен бірге қуанып, бірге қайғырған шын мәніндегі өрелі ақын дәрежесіне көтерілген. Сондай-ақ, атадан балаға мұра болар ауыз әдебиетінің асыл қазыналарын жинақтап көзінің қарашығындай сақтаған. Міне, осынау ұланғайыр мол дүние бүгінгі таңда әлі де болса терең зерттеп, жан-жақты бағасын беретін әділ насихатшысын күтуде.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. <https://mashhur.psu.kz/biograf-kaz.html>
2. Серік Нұрмұратов, Бақытжан Сатеришинов, Алмасбек Шағырбаев «МӘШҺҮР КӨПЕЕВ»
3. «Қазақ әдебиетінің тарихы 3-том»
4. Тұрышев А.Қ. «М.Ж.Көпеев және қазақ әдебиеті»

БИЛЕР ШЕШЕНДІГІ

Дилфуза Моминова - 5B011900-«Шет тілі:Екі шет тілі» мамандығының

2-курс студенті

Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., қауымд. проф.м.а. А.А. Көшекөва

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

Түйіндеме. Мақалада ежелгі әдеби философиялық мәселелер талқыланды. Атап айтқанда, қара қылды қарғанды билердің дүниеге деген, яғни дүниетанымдық көз-қарастарын жан - жақты қарастырған. Сонымен қатар мақала көптеген риторикалық сұрақтардан тұрады. Және де сөз өнерінің, яғни қазақ әдебиетінің, қазақи сөзсаптаудың өзекті мәселелері қозғалады. Мақалада сол сұрақтар мен мәселелер өзіндік шешім мен жауап табады.

Тірек сөздер: риторика, дүниетаным, философия, сөзсаптау.

Аннотация: Статъя посвящена древним философским вопросам. В частности, он рассматривал мир снов, то есть мировоззрение. Статъя также включает в себя много риторических вопросов. А также актуальные вопросы речевого искусства: казахская литература, казахская фраза. В статье эти вопросы и проблемы будут решаться своими решениями и ответами.

Ключевые слова: философия, речевая искусства, риторика.

Abstract: The article is devoted to ancient philosophical issues. In particular, he considered the world of dreams, that is, the worldview. The article also includes many rhetorical questions. As well as current issues of speech art: Kazakh literature, Kazakh phrase. In the article, these questions and problems will be solved by their decisions and answers.

Keywords: philosophical, rhetorical.

Бұл мақалада қазақ халқының билер шешендігі туралы айтылады. Шешендік өнер- халық даналығынан туған асыл қазына. Шешендік өнер қай қоғамда болса да халыққа, қалың көпшілікке әсер ететін, сезімін баурап, жігерін тасытатын қуатты құрал болып келген. Ол өнер күні бүгінге дейін сол күшін, қасиетін жоғалтқан жоқ. Демек, халық алдында баяндама жасап, дәріс оқитын ғалым, жазушы, жалпы әрбір білімді, мәдениетті адам үшін шешендік өнердің тарихымен танысу әсте артық емес.

Шешендік сөздерді халық өміріндегі, ел ішіндегі алуан түрлі оқиғалардың нәтижесінде туған келелі ойдың қорытындысы деуге болады. Қазақтың шешендік сөз тарихы Майқы би мен Аяз билерден басталып, Жиренше шешен, Асан қайғы есімдерімен қатысты қалыптасып, өркендей түсті. Бұхар, Шортанбай, Дулат, Мұрат, Төле, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке билерге жалғасты.

Қазақ би-шешендері сөз өнерін барлық өнерден жоғары қойып, «Шешеннің тілі - семсердің жүзі; Шешеннің сөзі - мерген, Шебердің көзі - мерген; Шешеннің сөзі дәмді келер, ақыл берер, мәнді келер» [1,79] деген сияқты көптеген қанатты сөздер мен мақал-мәтелдері арқылы қазақ халқының қымбат сөздің, киелі сөздің құдіретіне бас игеніне көз жеткіземіз.

«Дауды шешен бітірмейді, би бітіреді» [1,77] деген қазақ халқында билердің атқаратын қызметі ерекше болған. Би - тектілерден, бай, ықпалы күшті ру басылардан, тақуа ортасынан шыққан бекзада, құрметті адам. Халық қалағанда ғана би билік жүргізе алған. Билер адамгершілігі мен үлгілі, әділеттілікке деген қатандығымен халықтың алдында ерекше беделге ие болған.

Ертедегі ділмәр шешендердің көсем де, шешен сөздері кім туралы, кімге, не мақсатпен айтылғаны әр түрлі жағдайларда жүзеге асқан. Би-шешендердің құнды ойлары тегіннен-тегін айтыла салмаған, орынды жерде, белгілі бір мақсатта жүйелі қолданыс тапқан.

Би-шешендердің сөздері - халықтық тәлім-тәрбие құралы. Қазақ халқының отбасылық ортасынан бастап, ауыл-аймақпен, байтақ атамекендегі ағайын-туыстармен, көпшілікпен қарым - қатынас жасау мәдениетінің адамгершілік асыл қасиеттер аясында қалыптасуында би-шешендер сөздерінің ықпалы зор болды. Ата-ананы, аға-ініні, бірге туысқан үлкенді - кішілі қыздарды, жеңгені, келінді, нағашыны, жиенді, қайын жұртты, көршіні, ауылы аралас ағайынды, қандас халықтарды, бүкіл адамзатты - бәрін де құрметтеу мәселелері би-шешендер сөздерінде қамтылған.

Ал енді сол би-шешендер мен олардың айтқан даналық ойларына тоқталайық.

Қазақтың тұңғыш биі атанған Майқы би - ұлттық, шешендік өнеріміздің атасы. Халқымыздың аңыз-әңгімелері бойынша, Майқы әділ бітім айтып, шешім шығарған парасатты, ақылды би болған. Майқы халқына адал болып, оның бейбіт өмірін жақтаған адам. «Түгел сөздің түбі - бір, түп атасы Майқы би» [1,82],- деген халық даналығы да осыдан шыққан. Майқы бидің айтқан, ел есінде сақталып, мақал, нақылға айналып кеткен аталы сөздерден адамгершілік, ар-намыс, ел бірлігін сақтау самалы есіп тұрады. Ондай ойлы, сары алтындай салмақты сөздердің көбісі өз тұсындағы хандарға, би, бектерге, бағыштай айтылғанын да көре аламыз.

Майқы би :

«Хан – халықтың қазығы,

Қараша – ханның азығы;

Хан қарашасыз болмас,

Дау арашасыз болмас;

Дауыл болмай жауын болмас,

Даулы болған қауым болмас.

Егіз ешкі сауын болмас,

Екі жалқау ауыл болмас» [2,16],- деп түрлі мәселелерге сөз тартқан. Оның көп тебіреністері қоғам дамуына, ел тірлігіне арналады. Ел мүддесі, мемлекеттік бірлік пен



береке туралы Майқы би өз толғамдарымен ұрпаққа өшпес өсиет сөз қалдырған. Қазақтың тұңғыш ғалымы Шоқан Уәлиханов «Ұлы қырғыз-қайсақ ордасының аңыз, әпсаналары» атты еңбегінде Майқы би туралы толымды түсінік берген.

Сонымен қатар, қазақ халқының тарихында «Қара қылды қақ жарған», еліміздің ынтымағы үшін күрескен, кемеңгер үш бидің орны ерекше.

Солардың бірі, ұлы жүздің биі-Төле би. Қазақ ауыз әдебиетінде Төле би туралы аңыз-әңгімелер, шешендік сөздер көп. Солардың көпшілігінде Төле ақылды, әділ, шешен және халық қамын ойлаған қайраткер бейнесінде суреттеледі. Оған біз Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Батырда Қаракерей Қабанбайдан асқан батыр жоқ, Үйсін Төле биден асқан би жоқ» [3,15],- деген сөздері арқылы да көз жеткізе аламыз.

«Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» [5,8], - деп қара қылды қақ жаратын, Төле би өз халқының шешендік өнерінің дәстүрлерін жастайынан бойына сіңіріп өскен, зерделі, сауатты адам болған. Он бес - жиырма жасынан билердің бас қосқан жиналысына қатысып, өзінің әділдігі мен шешендік өнері арқасында барша жұртқа таныла бастаған. Бала күннен жас Төле әкесіне еріп жүріп ел көреді, жұрт таниды, қазақ халқының ақындық-шешендік өнерінен тәлім алады. Он бес жасынан ел билігіне араласып, ақыл-парасаттылығы, әділ шешімі, шешендік өнерімен көзге түседі.

«Бірлігі кеткен ел жаман, егсіп өткен ер жаман; Ауруын жасырған ажалсыз өледі, Қиянаттан қорыққан амалсыз көнеді» [6,65],-деген сияқты даналық ойлардың авторы болған даналарымыздың бірі-Қазыбек би. Қазыбек есімі халыққа қазақ пен қалмақ арасындағы шапқыншылық кезінде екі елдің арасына бітімші, бүтінші болған батыл елші, парасатты мәмлелер ретінде мәлім. Халық аңызына қарағанда, Қазыбек Тайкелтір би бастаған қазақ елшілерінің құрамында қалмақ ханы Қоңтәжіге барып, батылдығымен әрі сөзге шешендігімен ерекше көзге түскен. Қазыбектің табандылығы мен тапқырлығының арқасында ғана осы сапарда қазақ елшілері теңдікке жетіп, қалмақ шапқыншылары байлап әкеткен адамдарын, айдап әкеткен малдарын қайырып алып қайтады. Осы жолы Қазыбек «Қаз дауысты Қазыбек» деген құрметті атаққа ие болады.

Артына аталы сөзі қалаған, есімі ел жадында сақталған қазақ шешендерінің бірі - Әйтеке. Шоқан Уәлиханов белгілі билердің бірі ретінде Әйтекенің есімін Төле бимен қатар атайды.

Әйтеке бидің шешендік сөздерін қастерлей жинап, ол жөнінде зерттеу мақала жазған білгір ғалым Балтабай Адамбаев былай жазады:

"Қазақ руларының басын біріктіріп бір орталыққа бағындырған және туысқан қазақ, қарақалпақ, қырғыз халықтарын одақтастырып, жоңғар- қалмақ

шапқыншылығына қарсы бірыңғай халық майданын құрған Тәуке ханның кеңесші, көмекшілерінің бірі Әйтеке болған. Сайып келгенде, Әйтеке - шешендігімен бірге кезінде ел басқарған, заң жасасқан, феодалдық қазақ мемлекетін құрысып, нығайтуға үлес қосқан қоғам қайраткері"[4,114].

Ел аузында Әйтеке айтқан билік, шешендік сөздер, толғаулар, баталар көп сақталған. Солардың бірі : «Бай болсаң, халқыңа пайдаң тисін,

Батыр болсаң, жауыңа найзаң тисін.

Егер бай болып, елге пайдаң тимесе,

Батыр болып, жауға найзаң тимесе,

Елден бөлек үйің күйсін;

Өмірім халқымдікі, өлімім ғана өзімдікі» [6,93],-деген нақыл сөздерін айта аламыз. Оның айтқан әрбір нақыл сөзі әртүрлі тақырыпқа арналған. Осы даналық ойдың әрбіреуінің тәрбиелік мәні мен мағынасы терең, ұрпаққа беретін тәлім-тәрбиесі де зор.

Қорыта келгенде кезінде Ахмет Байтұрсынов: "Әділ билердің қолындағы билік қазақтың неше түрлі дертін жазатын жақсы дәрі еді"[7,264],-деді. Демек бұл қастерлі мұра - шешендікпен айтылған билер сөзі ұмытылмайды, қай кезде болса да халық жадында қазақ би-шешендерінің елді басқарушылығы, қазылық-төрешілік, батагөйлігі, халықтарды біріктіруші-бітімгершілігі, тағы басқа сан салалы әлеуметтік қызметі арқылы сөз өнерінің мемлекеттік қолданысы қалыптасқан. Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебеде қолданылуының Қазақ хандығы дәуіріндегі нығаюы да осы би-шешендер қызметінің мемлекеттік-құқықтық мәртебеде қолданылуымен, әсіресе Тәуке ханның тұсындағы би- шешендерге мемлекеттік билік берген тұста айрықша нығайған. Ал қазіргі күнде би-шешендері ғасырлар бойы ұрпақтарды сөйлеу мәдениетін игеруге қалыптастыруда.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. *Өтебай Тұрманжанов «Қазақтың мақалдары мен мәтелдері» Алматы: «Білім» 2004ж.*

2. *Нысанбек Төреқұлов, Мұхтар Қазбеков «Қазақтың би-шешендері» Алматы «Жалын» 1993ж.*

3. *Мәшһүр Жүсіп Көпеев «Ел аузынан жиналған әдебиет үлгілері» Алматы «Ғылым» 1992ж.*

4. *Б. Адамбаев «Асыл қазына» Алматы «Ана тілі» 2009ж.*

5. *Сәрсенбі Дәуітов «Төле би» Алматы «Мұраттас» 1991ж.*

6. *Шешендік шиырлары Алматы «Қайнар» 1993ж.*

7. *Ахмет Байтұрсынов «Ақ жол» Алматы «Жалын» 1991ж.*

ҚАЗАҚ ШЕШЕНДІГІНІҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Исмаил - «5В011700- Қазақ тілі мен әдебиеті»,

Ғылыми жетекші: **ф.ғ.к., қауымд. проф.м.а. А.А. Көшекбаева**

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

Түйіндеме. Бұл мақалада қазақ шешендігінің өзіндік ерекшеліктері жайында сөз болады. Шешендік сөздер – ғасырдан-ғасырға ұласып, халықтың игілігіне жарап келе жатқан ұлттық мұрамыздың бірі екендігіне тоқталып кетеді. Қысқаша айтылған бейнелі, мағынасы терең бұл сөздер тыңдаушының көңілінен шығып, тыңдаушыны айтарына сөзсіз иландырады.

Аннотация: В данной статье речь идет о специфических особенностях казахской ораторской культуры. Ораторские слова-это одно из национального наследия, которое сочетается с веком-веком и служит во благо народа. Эти слова, кратко выраженные, глубокие смысловые, несомненно, заставляют слушателя восхищаться.

Abstract: In this article we are talking about the specific features of the Kazakh oratory. Oratory is one of the national heritage, which is combined with the century-century and serves for the benefit of the people. These words, briefly expressed, deep semantic, undoubtedly, force the listener to admire.

Адам баласының қай-қайсысы болмасын шаршы топ алдында немесе қандай да бір ортада өз ойын шебер де шешен жеткізуге тырысады. Алайда ондай мүмкіндік екінің біріне бұйыра бермейтін қасиет. Шешендік сөз өнері өзге өнер түрлеріне қарағанда жасампаз жанр. Ол үнемі жаңғыру мен жаңарудан тұрады. Өйткені адам баласының ең басты қаруы – тіл. Шешендік сөздің астары тек тапқырлықтан тұрмайды. Ол ой салу мен ойлантудан, насихат пен даналықтан тұрады. Елді елдік пен бірлікке шақыруда, халық тарихын байыппен саралап, бүгінгі ұрпақ санасына жеткізуде шешендік сөздердің маңызы ерекше. Халқымыз "Сөз қадірін білмесең, өз қадіріңді білмейсің", "Сөз сүйектен өтеді", "Шешеннің тілі қылыштан өткір, қылдан нәзік" деп, сөз өнерін ерекше тани білген.

Қазақ шешендік өнері де, қазақ халқының қалыптасуымен, оның қоғамдық әлеуметтік өмірінің, тілінің ауызша және жазбаша әдебиетінің дамуымен тікелей байланысты болды. «Қазақ шешендік өнерінің жалпы шешендік өнерден өзіндік ерекшеліктері бар. Ең алдымен, қазақ шешендерінің сөздері ауызекі айтылып, ауызша таралған, қағазда емес, халық жадында сақталған. Сондықтан да олар бастапқы қалпында емес, бізге, кейінгі ұрпаққа ұзын-ұрғасы, үзік-жұрнағы ғана жеткен, бізге олардың өзі де ауыздан-ауызға ауыса жүріп, өңдеу-жөндеуге ұшыраған, әлденеше ұрпақтың, талай таптың санасынан, сарабынан өткен, сөйтіп, қысқарып, ұстарып, жалпы халық шығармасына айналған...» деп жазады Б.Адамбаев.

Шешендік сөздердің қай уақытта шығып, қалай қалыптасқанын кесіп пішіп айту қиын. Алайда, біз білетін қазақ шешендерінің атасы –Жиренше. Ел аузында сақталған шешендік сөздердің көнесі де – Жиренше есімімен байланысты» деп жазды Б.Адамбаев. Бұдан бөлек ғалым Жиренше, Қарашаш, Алдаркөсе, Қожанасыр сияқты есімі шешендік сөздермен байланысты аталатын қаһармандардың жиынтық образдар екенін атап өтеді.

Айтушысы белгілі ең көне шешендік сөздер қазақта Майқы бидің есімімен байланысты. «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би» дейтін ұлағатты осы жәйтті әйгілеп тұрғандай. Ұлы ақын Абай Майқы биді Шыңғысты хан көтеруге қатысқан он екі бидің бірі дейді. Көне шежірелерді байқасақ, Майқы би Шыңғыс заманында өмір сүрген, ханның сенімді кеңесшілерінің бірі болған. Әділ билік жүргізгені үшін, болашақты болжай білетін көріпкел адам болғаны үшін халық оны әулие деп таныған.

Ғалым Б.Адамбайұлы өзінің «Алтын сандық» атты кітабында «Аяз би де тарихи адам. Ол қырық жылдай Хиуа ханының қойын жайған, сауатты, білімді кісі

болған. Хиуа хандығының шежіресін жазып жүргенін біліп, хан өзіне уәзір етіп алған. Кейін Аяз би Хиуаға хан болған» деген мәліметтер береді. [1]

Жиренше шешеннің сөздері мен тағдыры да Аяз биге ұқсас, бұл да ханға түйе жайып жүріп кездеседі, ханның қырық уәзіріне тапсырған жұмбағын шешіп, Әз Жәнібекке уәзір болады, қазақ хандығын құруға қатысады. Халық оның сөздерін хандарға, өзі қорлық көрген бай-мырзаларға қарсы қояды. Кейде қанаушыларды әшкерелейтін уытты сөздерін, мысқыл-мысалдарын Жиренше атынан айту да жалпы салтқа айналған. М.Әуезовтің сөзімен айтқанда: «Жиренше әңгімесінің көпшілігі бұқара санасынан туған. Мұндағы негізгі әңгімелердің мазмұны – сол бұқараның шешендікті, тапқырлықты, қоғамдық, таптық құрал етіп пайдаланғаны көрінеді. [2]

Қазақ шешендік өнері туралы сөз қозғасақ, ойымызға бірден билер тобы оралады. Өйткені билер хандарға ақыл-кеңесін айтумен бірге, кез келген даулы мәселелерді шешуде тапқырлығымен, даналығымен жұртты таң қалдырған. Қазақ халқының тарихында «би» сөзі ежелгі түркінің «бек», қырғыздардың «маннап» ұғымдарымен үндес, мәртебесімен ұқсас деген болжамды көрнекті ғалым Бартольд В.В ұсынды. Қазақ қоғамының тарихында би ұғымы, негізінде төрт мағынада – елге иелік етуші, төреші-сот, батагөй шешен, ел бітістіруші елші ретінде қолданылды. Қазақтың тарихында ру-тайпалық қатынастар кең таралған және ел басқарудың көне түріне жатады. Сол ру-тайпаларды негізінде билер, батырлар басқарды. Ел басқарған би-батырлар көп болған және көне дәуірден өз салт-дәстүрін сақтаған. Талабы таудайлардың міні аз, жарастығы саз болды. Махамбет айтпақшы, «екі кісі тең барса, онды төре береді, ақылға жетік би адам» өмірге келеді. Елдің басында, жақсылықтың қасында болғандарды «билер» деді. Халық сотының алдында билердің бірі талапкердің, ал екіншісі айыпкердің сөзін сөйлейді, ал үшіншісі – төбе би болып төрелік – қатыстық сөзін айтады.

Нағыз билер – жарық дүниенің жарасымдылығын аңсағандар. Олардың болмысына екі ерекшелік ортақ: біріншіден, даналыққа толы тағылым, тек түбіне бойлай білетін сабақтастық, екіншіден, ойдағы даналыққа толы толғау, түсінігі терең сын көзқарас. Даналық – ой дәлдігі мен дәйектілігінде, көңілдегі көкейкесті сыр мен мұңды ашық жеткізе білуінде. Сын көзқарас – адамды, оның тұрмысы, қоғамдық өмірді түзетудің, жөнге салудың пәрменді құралы. Екі түсінікке ортақ өлшем бар. Оның бірі: «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін табу». Екіншісін, Бұқар жырау: «Би жігітке жарасар, халқына тиген пайдасы» деп білдіреді. Еліне қызмет еткен билер хақ жолын күзетті, сол үшін



әділетпен жүріп, әдепті іске ақылмен кірісті. [3]

Қазақтың шешендері мен шешендік өнеріне қазақ ауыз әдебиетін алғаш зерттеуші ғалымдар да назар аударған. «Билер сотының ертеден келе жатқан халықтық түрі» туралы айта келіп, Ш.Уәлиханов былай дейді: «Би атағын беру қазақта халық тарапынан бір сайлау арқылы немесе халықты билеп отырған үкімет тарапынан бекіту арқылы болған емес, тек сот ғұрыптарына әдбен жетік, сонымен қатар тілге шешен қазақтар ғана бұл құрметті атаққа өз бетімен ие болып отырған. Мұндай би атағын алу үшін би болам деген қазақ өзінің заң ісіне жетіктігі және шешендік қабілеті бар екендігін халық алдында сан рет көрсетуге тиіс болған. Ондай адамдардың атағы бүкіл қазақ даласына тез жайылып, олардың аты жұрттың бәріне мәлім болып отырған. Сонымен, бұл би деген атақ келіп билік айтуға және төрелік сөз сөйлеуге патент сияқты нәрсеге айналған. Шоқанның бұл пікіріне қарағанда, қазақ қауымында би атағын алу үшін екі шарт: бірінші – әдет-ғұрып заңын жетік білу, екінші – шешендік қабілеті болу керек. Дәл осыған ұқсас пікірді Абай да айтады: «Бұл билік деген біздің қазақ ішінде әрбір сайланған кісінің қолынан келмейді. Бұған бұрынғы «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолын», Өз Тәуке ханның Күлтөбенің басында күнде кеңес болғандығы «Жеті жарғысын» білмек керек. Һәм, ол ескі сөздердің қайсысы жаңа заман өзгергендіктен ескіріп, бұл жаңа заманға келіспейтұғын болса, оның орнына татымды толық билік шығарып, төлеу саларға жарарлық кісі болса керек». Шоқан мен Абай бұл пікірлерімен дау шешіп, билік-бітім сөз сөйлеу үшін әдет заңын білумен бірге шешендік өнер –патент сияқты маңызды рөл атқарғанын орынды көрсетеді. [4]

Би, шешендер даулы мәселені түйінді бір ауыз сөзбен шешкен. От ауызды, орақ тілді, қара қылды қақ жара, әділ билік айтатын шешен билерді халық қадірлеп, сыйлап, олардың айтқан кесімді, бітімді сөздері ауыздан-ауызға таралып, халық оны жаттап, жадында сақтап келген. Солардың мысалы ретінде Қазыбек бидің мына шешендік сөзін келтіруімізге болады:

Өркенім өссін десең,
Кекшіл болма -
Кесапаты тиер еліңе.
Елім өссін десең,
Өршіл болма -
Өскенінді өшірерсің.
Басына іс түскен пақырға
Қастық қылма -
Жанашыры жоқ жарлыға
Қайғысы көшер басына.

XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТИ

Ұ. Қожамқұлова

6M011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының I курс магистранты

Ғылыми жетекші: **Ф.ғ.к., қауымд. проф.м.а. А.А. Көшекбаева**

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухы-

Жәрдемші бол асыға,
Киын - қыстау күндерде
Өзі келер қасыңа.
Бүгін сағы сынды деп,
Жақыныңды басынба! [5]

Шешендік сөз, шешендік өнер - өнердің кәусар туындысы. Ол халық өмірінің терең және мөлдір қайнарынан шымырлап шығып, халқымыздың рухани сусынына айналды. Ата-бабамыздан ұрпаққа мұра болып қалған бұл өнерде халық даналығының, кемеңгерлігінің ізі самаладай сайрап жатыр. Бұл өнердің де басқа өнерлер сияқты жасампаз күші – халық қажетіне жарамды, пайдалы болуында. Менің ойымша, жастар тәрбиесімен айналысушы оқытушы-ұстаздар, ата-аналар бабалар өсиетін келешек ұрпақтың жүрегіне берік ұялатағындай із қалдыруы керек. Шешендік сөздер арқылы болашақ жастарымыздың бойына адамгершілік, ізгілік, парасаттылық құндылықтарын дарыта білу ата-ана, ұстаздар тәрбиесінің басты парызы. Қазіргі таңда жас ұрпаққа адамгершілік пен рухани тұрғыдан тәрбие беру өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Ғасырлар бойы тарих қойнауында сақталған шешендік сөз нұсқаларынан халықтың тіл байлығын, ақыл-ой қорын және шебер сөйлеу мәнерін үйрену бүгінгі ұрпаққа міндет. Ана тілімізді терең меңгеріп, оның терең сырларына үңіліп, шешендік өнерден тәлім аламын деген әрбір ұрпақ қазіргі шешендер сөзімен қоса, шешендік толғаулар мен билер сөзінің көркемдігіне назар аударғаны жөн. Қорыта айтқанда, қазақтың дәстүрлі шешендігі көп көріп-білуді, білгенді көкейге берік тоқуды, айтыстартыстарға түсіп, жалықпай жаттығуды тілейтін өнер ретінде қалыптасқан. Сондықтан да қазақ шешендерінің даналық сөздері, өткір де кесімді ойлары келешек ұрпақ үшін тәрбиелік мәні зор.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Көшекбаева А. «Шешендік өнер». - Алматы, 2017 ж 92 -95б
- 2.Адамбаев Б. «Алтын сандық». - Алматы, Жазушы 1989 ж 72-73 б
- 3.Молдабеков Ж. «Шешендік» оқу құралы. - Алматы, Қарасай 2009 ж. 174-179 б
- 4.Адамбаев Б. «Халық даналығы». - Атамұра, Рауан 1996ж 81-82 б
- 5.Авторлық ұжым. «Шешендік шыырлары». – Алматы, Қайнар 1993 ж 69 б

мыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс. Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күй-лері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің

бір парасы ғана. ... ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды» - деген сөздерін негізге ала отырып, ұлтымыздың өткен тарихы арқылы болашағын жандандыру мәселесінің көкейкестілігін ұғынамыз. Еліміздің болашағы жастардың қолында. Жастарға қандай тәрбие мен білім берілсе, еліміздің болашағы да сондай болмақ [1].

Жастарға берілетін білім мен тәриенің жан-жақтылығы барлығымызға мәлім. Балаларды жан-жақты білім беру мен тәрбиелеудің бір саласы – ана тілінде әдеби шығармалармен таныстырып, сол шығармаларды оқу болып табылады.

Қазақ балалар әдебиеті қазақ қоғамымен бірге туып, біте қайнасып келе жатқан рухани іргелі сала. Балалар әдебиеті ертеректе еуропалық кейбір елдердегідей арнайы салаға жүйеленіп жазылмауы мүмкін. Бірақ, сол халық, сол ұлттың мол рухани қазынасы аралас жүреді. Аралас жүріп те балғын бөбек, бүлдіршін жасты сұлулыққа құштарландыратын, отансүйгіштік, ерлік рухына ұмтылдыратын тәрбиешілік қызметін жасай береді [2].

Қазақ халқы ертеден бала тәрбиесіне басым көңіл бөліп, бала тәрбиелеу дәстүрі халық ауыз әдебиетінен көрініс алады. Балаларға ел болашағы ретінде қарап, оларды шыр етіп дүниеге келген кезінен-ақ бесік жырымен, өлеңдермен, аңыз-әңгімелермен, ертегілермен, жырлармен тәрбиелеген.

Қазіргі уақытта да бала тәрбиесі халық ауыз әдебиетінен басталады. Оған мектеп жасына дейінгі балаларға әжелерінің, ата-анасының, балабақша тәрбиешілерінің ертегілер айтуы дәлел. Осыған орай, халық ауыз әдебиеті балалар әдебиетінің негізгі қайнар көзі десек қателеспейміз.

Қазақ балалар әдебиеті 19-ғасырдың соңы мен 20-ғасырдың басында жеке сала болып қарастырыла бастады. Балалар әдебиетін ең алғашқы болып қолға алған Ы.Алтынсарин еді. Ол 1879 жылы алғашқы рет ана тілінде «Қырғыз хрестоматиясын» басып шығарды. Бұл хрестоматияда Ы.Алтынсариннің өлеңдерімен қоса әңгімелері де ендірілді.

Ы.Алтынсариннің "Қыпшақ Сейітқұл", "Киіз үй мен ағаш үй", "Аурудан аяған күштірек", "Асыл шөп", "Малды пайдаға жарату", "Жан-жануарлардың дауласқаны", "Байұлы", "Сәтемір хан", "Жәнібек батыр", "Оқудағы балалардың үйіне жазған хаттары" сынды әңгімелері көшпенді қазақ халқын отыршылдыққа шақырып, қайырымдылық пен бауырмалдық, сабырлық пен шыдамдылық, шешендік пен тапқырлық, әдеп пен әділдік, қанағатшылдық пен жомарттық, сақилық пен тазалық, ізеттілік пен бауырмалдық секілді қасиеттерді тәрбиелеуге арналған.

Ыбырай әңгімелерін үш топқа бөлуге болады: оның бірі-новелла, екінші тобы-ауыз әдебиетінде қалыптасқан ертегі-аңыз үлгісіндегі әңгіме, үшінші тобы-шағын көлемді мысал үлгісіндегі өнеге сөздер. Мазмұны жағынан Ыбырай әңгімелері өз кезінің келелі мәселелерін қамтиды, әділдікке, ізгілікке, адамгершілікке, талаптылыққа, өнерпаздыққа, тапқырлыққа, еңбекке, тазалыққа, ақылды іске, білімділікке, жомарттыққа, қайырымдылыққа, зеректікке, отырықшылыққа, кәсіпқорлыққа, шынайы достыққа шақырады. Тәкаппар, еріншек, ұқыпсыз

болмауға, жақсылыққа әуестеніп, жамандықтан аулақ болуға баулиды. Балаларға ақыл айтып, ой салмайтын оның бірде-бір әңгімесі жоқ. Жалпы алғанда оның әңгімелері – негізінен, дидактикалық прозаның жақсы үлгілері [3].

20-ғасырдың басында балаларға арналған оқулықтар көбейе бастады. Сол уақытта С.Көбеев, М.Көшімов, М.Нұрбаев, Е.Можитов, М.Дибердиев, Т.Жомартбаев, С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгіров, О.Тұрманжанов, М.Әуезов сынды қоғам қайраткерлері мен жазушылардың қазақ балалар әдебиетіне қосқан үлестері зор.

Қазақ балалар әдебиетін дамытуда елеулі еңбек еткен педагог-жазушы С.Көбеев болды. С.Көбеев орыс ақын-жазушыларының мысалдарын қазақ тіліне аударып, оған өзінің төл шығармаларын қосып, "Үлгілі тәржіма" атты кітап және "Үлгілі бала" оқулығын шығарған.

Жазушы педагог ретінде «Үлгілі бала» оқулығын бастауыш мектеп оқушыларына арнаған болатын. Оқулыққа табиғат құбылыстарымен, жануарлар және өсімдіктер әлемімен таныстыратын әңгімелер жинағын, сондай-ақ өзі қазақ тіліне аударған А.А.Крыловтың мысалдарын және басқа да орыс жазушыларының балаларға арналған шығармаларын енгізген.

1910 жылы басылып шыққан «Үлгі тәржіма» атты оқулығы арқылы С.Көбеев жастардың мінез-құлқын түзете отырып, оларды білімге, адамгершілікке, өнерге, әділдікке тәрбиелеуді мақсат етті. 1912 жылы шыққан «Үлгілі бала» оқулығы екі кітап болып басылды. Бірінші кітапта 62 тақырып және екінші кітапта 32 тақырып бойынша өлеңдер мен әңгімелер жинақталған.

20-ғасыр басында С.Көбеевпен қатар қазақ балалар әдебиетіне үлесін қосқан жазушылар мен олардың еңбектері келесідей:

-М. Көшімовтың "Әдеп" (1907), "Ақыл" (1908) атты жинақтары;

-М. Нұрбаевтың "Көргенді бала - үлгілі ана" (1908);

-Е. Можитовтың "Қазақ шәкірттеріне ақыл" (1910);

-М. Дибердиевтің "Қазақ балаларына қирағат кітабы" (1910);

-Т. Жомартбаевтың "Балаларға жеміс" (1912).

С.Сейфуллиннің «Маузер», «Бандыны қуған Хамит», «Балалар», «Келіншектің бесік жыры», «Ананың хаты», «Анаға жауап», «Пионерлер», «Біз комсомол», «Совпарттағы қарындасыма» шығармалары балаларға арналып жазылды. «Бандыны қуған Хамит» әңгімесіндегі Хамиттің еңбекқор, шыншыл, адамгершілігі мол азамат, өз отынының патриоты ретінде сипатталған кейпі балаларға үлгі болды.

Б.Майлиннің «Раушан - коммунист», «Өтірікке бәйге», «Кемпірдің ертегісі», «Жазғы қалып», «Жазғы кеш», «Бұлтты күн», «Байшұбар», «Тәй, тәй, қақ, қаз», «Әлди – ана жыры», «Қағынғыр – ананың ашуы», «Қос жетім», «Кемпірдің ертегісі», «Өтірікке бәйге» сияқты өлеңдері мен әңгімелері балаларға арналған.

І.Жансүгіров күш-жігерін балалар фольклорын жинауға да жұмсады. Ауыз әдебиеті үлгілерін жинақтап, оларды салыстыра сұрыптап, таңдаулыларын сала-салаға бөлді. «Балалар әдебиеті - әлі де жасалмаған



әдебиет. Сондықтан менің бар ойым осы әдебиеттің жасалуына көмектесу еді. Бұл туралы «Балаларға тарту», «Балаларға базарлық», «Малта», «Жұмбақтар» деген біраз еңбектер жаздым» деп жазды ақын. «Өтірік» жинағы негізінен балаларға ыңғайланып дайындалды. «Ел өтірігі – үлкендерден гөрі балалардікі, балалар әдебиетіне жатады. Себебі, бізде балалар әдебиеті әлі жасалмай, жадағай жатыр, балалар жанына жағымды жаңа кітаптар жоққа тән. Жасалғанда да табан тасы, табалдырығы ауыз әдебиетінің үлгісінен өсуі тиіс. Осы оймен бұл кітапша балаларға бейім жазылды» - дейді автор [4].

І.Жансүгіров 1929 жылы басылып шыққан «Малта», «Шәркей» атты суретті кітапшалары жөнінде С.Сейітов былай дейді: «Әңгіме қалай тартымды басталса, солай қызықты аяқталған. Жазушы баланы балаша сезіндіріп, балаша ойландыра білген. Сөзінде де, мінезі мен ісінде де жасандылық жоқ» [5].

М.Әуезов қазақ балалар әдебиетінің дамуына ғылыми тұрғыда үлсе қоса отырып, балаларға арналған «Қорғансыздың күні», «Жетім», «Көксерек» әңгімелері, «Қараш-қараш оқиғасы» атты шығармаларын жазған. «Қорғансыздың күні» әңгімесіндегі бас кейіпкер Ғазиза, «Жетім» әңгімесіндегі бас кейіпкер Қасым тағырлары сипатталған. 1928 жылы жазған

«Көксерек» әңгімесінде Құрмаштың көңілінің пәктігі, адалдығы және өзі асыраған қасқыр бөлтіркінен қаза болуы арқылы жыртқыш аңның қолға үйренбеуін де сипаттаған.

Қорығта келе, 20 ғасыр басында қазақ бала әдебиетінің үлкен бір сала ретінде қалыптасуына және қазіргі уақытта жетіліп, дамуына үлкен үлес қосқан - жоғарыда аттары аталған ғұлама қазақ халқының мақтан тұтатын тұлғаларының еңбектері зор.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы

2.А.Мұхамеджанова Қазақ балалар әдебиеті сынының кейбір мәселелері / AVRASYA Uluslararası Araştırmalar Dergisi Cilt:4 •Sayı:9•Temmuz 2016•Türkiye 3. <https://baribar.kz/student/13051/ybyray-altynsarin-qazaq-balalar-adebietinin-negizin-salushy/>

4. <http://engime.org/balalar-edebiyeti-penine-arnalfan-ou-edistemelik-materialdar-20.html?page=8>

5.Сейітов С. Ильяс Жансүгіровтің балаларға арналған шығармалары /«Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы. №1, 1958 ж. 39-бет

ХАЛЫҚ ЕРТЕГІЛЕРІ БАЛА ҚИЯЛЫН ДАМУЫ ҚҰРАЛЫ РЕТİNДЕ

**П.ғ.к. Бораш Рыскүл Байділдақызы,
2 курс магистранты Байболат Фариза Уалиханқызы,**

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

Түйіндеме. Ертегілер халық қазынасының қайнар көзі. Баланың ой-өрісін кеңітіп, қиялы мен ой ұшқырлығын дамытатын, психологиялық тұрғыда дамып, жетілуіне мол үлесін қосатын фольклорлық мұраның бірі болып табылады. Ертегілермен жұмыс жасау мәтінді өз бетінше түсінуге, шығармаларды және олардың бөліктерін мәнерлеп оқуға бейімдейді. Оқушылар авторлық ұстанымды ұғынып, оқиғалар мен кейіпкерлерге жеке көзқарасы туындап, сондай-ақ мәтіннің бейнелік және эмоциялық мазмұнын ұғыну нәтижесінде оқу міндеттерін түсінеді. Мақалада ертегілердің бала тәрбиесіндегі басты мақсаты, қазақ тілін оқытпайтын мектептерде ертегілерді тиімді жолмен оқыту тәсілдері баяндалған.

Тірек сөздер: халық ауыз әдебиеті, ертегітану ғылымы, оқыту әдістері, бала психологиясы, қиял.

Аннотация: Сказки являются источником народных сокровищ. Это одно из фольклорного наследия, которое расширяет мысли ребенка, способствует психологическому развитию и развитию воображения. Работа со сказками способствует самостоятельному пониманию текста, выразительному чтению произведений и их частей. Учащиеся осознают авторскую позицию, понимают задачи обучения в результате личностного подхода к событиям и героям, а также осмысления образного и эмоционального содержания текста. В статье указан основная цель сказок в воспитании детей и методика эффективного преподавания сказок в школах с неказахским языком обучения.

Ключевые слова: Устная народная литература, сказки, методика обучения, детская психология, воображение.

Abstract: Fairy tales are the source of folk treasures. It is one of the folklore heritage that extends the thoughts of the child, contributes to psychological development and development of imagination and thought. Working with fairy tales promotes independent understanding of the text, expressive reading of works and their parts. Students are aware of the author's position, understand the tasks of learning as a result of a personal approach to events and characters, as well as understanding the imaginative and emotional content of the text. The main purpose of fairy tales in child upbringing is to teach fairy tales in schools that do not teach Kazakh.

Key Words: fairy-tale, fairy tales, teaching methods, literature, child psychology, imagination.

Бала тәрбиесінде елеулі орын алатын, баланы әдептілік пен адамгершілікке, ақылдылық пен батырлыққа, қайырымдылық пен адалдыққа тәрбиелейтін ауыз әдебиетінің озық үлгісі – ертегілер.

Қазақ халқының ертегілерінде халықтың мақсаты, мүддесі, оның армандары мен мұраты, тұрмыс-тіршілігі суреттеледі.

Ертегінің тәрбиелік мәні жөнінде М.Әуезов: «Табиғатты баурап, танып алғанша адам қиялымен та-

нып меңгеріп, оған өз ықпалын жүргізуді арман еткен ол ертегі, аңыз, әңгіме түрінде туындап тараған...

Ертегілерде қоғамдық тартыста, күштілердің көпшілікке көрсеткен қиянатын, зорлық-зомбылығын және халықтың әділет, арман туралы ұғым-нанымы түгел жинақталған... Біз ауыз әдебиетін зерттей отырып, халық санасындағы отаншылдық сезімді, халық ұғымындағы халықтың үміті, оптимизмді... сол халықтың өткендегі өмірін, аңсау арманын, әдет-ғұрпын, халықтың коллективтік тәрбиесінің жемісін көреміз» – дейді. [1, 249]

Ертегілерді этнографиялық мұра ретінде көпшілікке танытқан ғалым – Әбубәкір Диваев. Ә.Диваев 1920-1921 жылдары Сырдария мен Жетісу аумағында фольклорлық экспедицияда болады. Сондағы жазып әкелген материалдарының бір толқыны қазақтың ертектік эпосының этнографиялық материалдары екенін айтып, ертегілерді тақырыптық жағынан:

- ақыл, алғырлық;
- әйелдер;
- шындық және әділеттілік;
- сараңдық және жомарттық;

Байлық және жомарттық туралы ертегілер деп бес топқа бөледі [2, 25]

Ал қазақ ертегілерін топтастыруда алғаш еңбек сіңірген ғалым Мұхтар Әуезов ертегілерді мазмұндық жағынан мынадай топтарға бөледі:

- аңыз ертегі;
- салт яки үлгі ертегісі;
- мысқыл-мазақ ертегілері;
- өтірік әңгімелер. [3, 68-70]

Фольклортанушы ғалым Едіге Тұрсынов аталған ғалымдардың топтастыруындағы ертегілердің өзара жігінің ашылмауы, жанрлық сипаты мен ішкі мазмұнының ескерілмеуі секілді кемшіліктерді атап көрсетеді. Бірақ, зерттеулердің қазақ фольклористикасы тарихындағы алғашқы қадам екенін ескере келе және ғалымдардың ертегілерімізді қазақ халқының қадім заманнан келе жатқан төл туындысы ретінде қарастыруы құптарлық жәйт екенін айтады. Осылайша П.Фалевтің «қазақ ертегілері қазақтың төл туындылары емес, олар өзге халықтардың фольклорынан енген сюжеттерден келіп құралады» деген пікіріне қарсылыған танытады. [4, 77-78] Зерттеушінің бұл пікірі өте орынсыз екені даусыз. Себебі әр халықтың дәстүріне, тұрмысына қарай туындаған даналығы болады. Ал халықтардың өзара қарым-қатынасқа түсуінің нәтижесінде ертегілердегі кейбір сюжеттерінің алынуы мүмкін.

Осы турасында Б.Кенжебаев: «Халық біткеннің қай-қайсысы болсын, азды-көпті, жаманды-жақсылы ертегі жасайды, әр халықтың өзінің қолтума, байырғы, өз өмірінен алып жасаған ертегі легендалары, эпостары, тағы басқа өнерлері болады. Ертегі деген нәрсе халықтың қоғамдық тұрмыстыршілігінің жемісі, нәтижесі. Сондықтан әр халықтың өзінің тарихтық, экономикалық-әлеуметтік дамуы дәрежесіне, соған мәдениетінің, салт-санасының дәрежесіне лайық болады... Халықтар өзара қарым-қатынас жасай жүре ертегілердің де сюжеттерін бірінен-бірі қабылдай берген. Және де әр халық өзіне ұнаған, рухани тілегіне, мақсат-мүддесіне сай келген сюжеттерді

ғана алып отырған. Ол сюжеттер кейін сол халықтың фольклорлық дәстүріне бағынып, өзіндік түр-таңба тауып төлтума шығармаға айналып кете берген» – дейді. [5, 79-80]

Кейінгі кезеңде М.Әуезов Л.Соболевпен авторлық бірлестікте жазған «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» деген көлемді мақаласында ертегілерді қиял-ғажайып ертегілер, хайуанаттар туралы ертегілер, тұрмыс-салт ертегілері, балаларға арналған ертегілер, аңыз-әңгімелер, күй аңыздары деп жіктеді. Ертегітану ғылым саласының біртіндеп дамуына өз септігін тигізген ғалымдар біртіндеп арта берді. Аса көп назарға ертегілердің түрлері және өзара байланысы, көркемдігі, ертектілер және ертегілердің дамуы секілді мәселелер болды. Осы тақырыптарды ой қорытып, өзіндік жіктеуін, пайымын ортаға салған Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, Ә.Марғұлан, М.Ғабдуллин, Н.Смирнова, Г.Потанин, Ш.Ахметов, Қ.Жанпейісова, С.Қасқабасов және т.б. ғалымдар болды.

С.Қасқабасовтың 1972 жылы шыққан «Қазақтың қиял-ғажайып ертегілеріндегі көне дәуірдің қалдықтары» атты мақаласында қазақ ертегілердегі анимизм, тотемизм, магия, шаманизм белгілерін шолып, «қазақ ертегілері туған кезде, адамдар мифологиялық (анимистік және магиялық) түрде ойлау қабілетінде болған; соның әсерінен алғашқы қауымда пайда болған көптеген мотивтер, образдар мен сюжеттер мифологиялық сарынға келтірілген» деген қорытынды жасайды. [6, 12]

Ә.Қоңыратбаевтың жоғары оқу орындарының филология мен журналистика факультеттеріне арналған «Қазақ фольклорының тарихы» атты оқу құралын студенттерге бастапқы білімді меңгертудегі құнды еңбектің бірі деп айтсақ болады. Ғалым фольклор және фольклористика ғылымының мәні, фольклористика тарихы туралы айта келіп, тұрмыс-салт жырларына, аңыздар мен ертегілерге, батырлар жыры мен лиро эпостық жырларға, тарихи жырлар мен айтыс поэзиясына жеке-жеке тоқталады. Соның ішінде ертегілерді мифологиялық (қиял-ғажайып) ертегілер, хайуанаттар (жан-жануарлар) жайындағы ертегілер, реалисттік (тұрмыс-салт) ертегілер деп бөледі.

Қазақ фольклорының тарихында ертегілердің халық қорында жинақталуы, мазмұнына қарай түрлерге жіктелуі, «сюжет сіңіру» және т.б. мәселелер төңірегінде біршама пікір қайшылықтары кездеседі. Дегенмен, қазіргі таңда ертегітану ғылымы қалыпты жүйеге түсіп дамып келеді.

Ертегі баланың оқуға деген қызығушылығын туындыратын балалар әдебиетінің ең озық үлгісі. Ертегілерді оқытуда оның жанрлық ерекшелігі мен сюжеттік құрылымын басты назарға алған жөн. Осыдан кейін баланың ертегілерді өздігінен аударып, түсіне білуге және түсінгенін ауызша баяндай білуге дағдыландыру қажет. Балаға берілген сөз еркіндігі, ой еркіндігі ертегідегі қаһарман кейіпкерлерді ақтап, өз мұратына жеткізеді.

Қазақстандағы орыс тілді мектептерде 1958-1959 оқу жылынан бастап «Қазақ әдебиеті» пәні енгізілді. Оның басты мақсаты оқырманды халықтың көркем әдеби мұраларымен, салт-дәстүрімен таныстырып,



эстетикалық талғамын қалыптастыру болды. Бүгінгі таңда өзге ұлтты мектептерде ертегілер 5-9 сыныптар аралығында оқытылып келеді. Әдебиет сабақтарында әдеби теориялық ұғымдарды сөз өнерінің озық үлгілерімен қатар алып жүреміз. Осы тұрғыда оқушы біріншіден ертегілердің тақырыптық, жанрлық ерекшелігі туралы білімді меңгеруі қажет.

Білім мазмұнын жаңарту жағдайында жасалған жаңалықтың бірі - оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген. «Қазақ тілі мен әдебиеті» оқу бағдарламасының негізгі міндеттері:

1) шығармашылық тұрғыда жұмыс істеуге, сын тұрғысынан ойлауға дағдыландыру;

2) білім деңгейі жоғары, ой-өрісі дамыған тұлға қалыптастыру;

3) туындаған мәселелерді шеше білетін, шынайы өмірге бейім жаңашыл ұрпақ тәрбиелеу;

4) оқушыларды сөйлесім әрекетінің түрлерін әлеуметтік ортада қолдана білуге үйрету;

5) оқушылардың тілдік дағдысы мен ойлау қабілетін дамыту;

6) оқушыны қазақ халқының мәдениетімен, әдебиетімен, ұлттық салт-дәстүрімен таныстырып, мәдени ортада пайдалануға баулу, қазақ еліне, мемлекеттік тілге деген құрмет сезімін тәрбиелеу делінген. Осы бағдарламада ертегілердің бала тәрбиесіндегі мәні ескеріліп «Қазақстандағы жан жануарлар мен өсімдіктер әлемі» тарауында жан - жануарлар туралы ертегілер, «Ең үлкен байлық» ертегісі, жұлдыздар туралы аңыздар, ертегілер оқу жоспарланған.

Қазақ ертегілерінде әртүрлі мақал-мәтелдер, жұмбақтар, өлең-жырлар мен нақыл сөздер кездесіп отырады. Көп жағдайда өлең жолдары жиірек кездеседі. Олардың барлығы ертегінің көркемдігін, әсерлілігін арттырып, жандандыра түседі. Ертегілік прозадан халық өмірінің әр сатысы көрініс тапқан. Әр елдің басынан кешкен оқиғалары мен тұрмыс-тіршілігінің негізінде бір-біріне ұқсас сюжеттер және мотивтер туындаған. Мұндай типологиялық ұқсастықтар – заңдылық. Себебі, ешбір ел бір-бірінен алшақ, әдеби, мәдени байланыссыз өмір сүрмек емес.

Өзге тілді аудиторияға ертегілерді оқытуда оның мазмұнын, ондағы айтылатын ойды, идеяны жеткізуде диалогтың орны ерекше. Ертегідегі диалог балалардың тіл байлығын дамытуға көмектеседі. Бала дайын мәтін арқылы қарым-қатынасқа түсіп, ертегі кейіпкерінің рөліне енеді. Ертегіні рөлге бөліп оқыту – оқушыларға мазмұнды меңгертудің ең тиімді тәсілі.

Ертегі мазмұнын меңгертіп, оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыратын, өздігінен оқуға, ойлануға жетелейтін тағы бір құрал – сұрақ тапсырмалары. Жаңа сабақты өту барысында мәтін бойынша бірнеше сұрақ берілуі тиіс. Сұрақтар баланы ойландыратын, жауабын тауып, шығарма мазмұнын ашуға итермелейтіндей болуы қажет. Мысалы, ертегі кейіпкерлерінің ерекшелігі қандай? Олар қалай бейнеленген? Ертегідегі сөз қолданыстары қандай? Ертегі кейіпкерінің мақсаты қандай? Ертегідегі жағымды және жағымсыз кейіпкерлердің бойынан қандай қасиеттерді байқайдындар? Ертегідегі бас кейіпкер мақсатына жету үшін қандай әрекет жасады? Сен ертегі кейіпкерінің орнында болсаң қандай шешім қабылдай едің, қандай айла қолданар едің, деген секілді сұрақ тапсырмалары баланы ойландыры анық.

Ертегілерді оқыту арқылы әсемдікті, адамдар арасындағы қарым-қатынасты ұғындыру бала тәрбиесіне, олардың қоршаған ортаны қабылдауына көп көмегін тигізеді. Женілден ауырға қарай берілген ертегі мәтіндері өмір шындығымен бірге беріліп отырса, баланың дүниетанымы дұрыс қалыптасады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. М. Әуезов. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1999. -249 б.
 2. Н.Смирнова, М.Гумарова, М.Сильченко, Т.Сыдықов. Казахская народная поэзия. – Алма-ата, 1964. - 17-18.
 3. М. Әуезов. Әдебиет тарихы. – Қызылорда –Ташкент, 1927. -197 б.
 4. Қазақ фольклористикасы. – Алматы: Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы. 1972. -79 б.
 5. Б. Кенжебаев. Қазақтың ертегілері туралы. «Әдебиет және искусство». -1940. №1. -79-80 б.
 6. С. Қасқабасов. Елзерде: Әр жылғы зерттеулер. – Алматы: «Жібек жолы», 2008.-126

МЫРЗАТАЙ ЖОЛДАСБЕКОВ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ «КҮЛТЕГІН» ЕСКЕРТКІШІ АУДАРМАСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

Даукенова Алия Болатқызы

Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық

университетінің 2 курс магистранты

Ғылыми жетекшісі: **ф.ғ.д., профессор Ержанова С.Б.**

Ғалым, зерттеуші Мырзатай Жолдасбеков алғашқы зерттеушілік қадамынан бастап көне түркі жазба ескерткіштерін сүбелі зерттеп келе жатқан бірден-бір түрколог ғалым. Ғалымның ескі жазба ескерткіштерді қазақша сөйлетіп қазақ мағынасын жасаған. Ғалымның өз кезінде айтылған өткір пікірлері бүгінгі

күнде маңызды аргументке айналып келеді. Кез-келген тұжырымы терең зерттеуді қажет еткендігін бірнеше еңбектерін ақтарып отырғанда байқайсыз. Әсіресе, Мырзатай Жолдасбековтың мына пікірі: «634-635 жылдары Түркі қағанаты (шекарасы Іле өзені болып) Батыс және Шығыс Түркі қағанаты деп бөлінген. Ескерткіштер түргеш-бұлардың бес аймағы, он оң

халқының бір бөлігі еді деген сөз бар». Ендеше олар кейін қазақ халқының құрамына кірген арғын, керей, уақ, алшын, найман одағының жалпы аты болу керек. Түркеш дулаттың бір тайпасы екені анық, оны ғалымдар мойындаған. Бірақ оның Орхон түріктерімен туыстығы ауызға алынбаған. Ал енді Орхон түріктерінің бір кезде Ілеге қайтып келгендігін еске алсақ, онда олардың қазақ халқының көне тайпаларынан екеніне де көз жетті деп ойлаймыз» деген пікірі ғалымның сол жәдігерлерді барынша терең зерттеп отырған жан-жақты мағлұматы мол, зерттеулері әлі күнге дейін дау тудырмайды [1]. Күлтегін ескерткішіндегі жазу екі бөліктен тұрады. Оның бірі - кіші жазу, ал екіншісі – үлкен жазу. Ғылымда олар «Кіші Күл тегін» және «Үлкен Күл тегін» деп аталатынын айтты. Орхон жазба жәдігерліктерінің композициялық құрылысының өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл ерекшеліктер сол дәуірдің әдеби дәстүрін байланысы болса керек. Біз әңгіме етіп отырған (Күлтегін) және (Тоныкөк) жырлары өз заманының белгілі бір әдеби талаптарына сәйкес жазылғаны мәлімдейді. Немат Келімбетовтың: Тасқа қашап түсірілген бұл жазулардың әрбір руналық жолында, яғни құлыптастағы әрбір қатар жазуды бір емес, бірнеше сөйлем бар. Дәлірек айтсақ, ұзыннан-ұзақ етіп құлыптасқа бедерлеп жазылған руналық бір жол жазудың өзі - бір ғана ойды білдіруге арналған бірнеше сөйлемне, яғни бір топтамаға, циклға қамтылған сөйлемдерден тұрады. Мұнда автордың оқырманға айтпақ болған негізгі ойы әдеттегідей бір сөйлемнен екіншісіне емес, бір циклдан екінші циклға беріліп жатады. Бір цикл көлемі жағынан – руналық жазудың бір жолына шамалас болып келеді» [2,12-15 б] деген пікірі М.Жолдасбековтың пікірін нақты түседі..

Егер «Үлкен Күлтегін» Түркі ордасы тарихының негізгі бөлігі болса, «Кіші Күл тегін» жазуды мерзімі жағынан кейін тұрғанына қарамай осы тарихтың кіріспе бөлімі іспеттес. Бұл кіріспе бөлім Көк Түрікке арнай айтылады, кейінгі бөлімде баяндалған тарихтың сабақтары жинақталып, қорытылып, тұжырымдалып айтылады да, келесі сөзді – «Үлкен Күл тегінде» «Ел тұтқысы» («Ел өсиеті») деп атайды. Одан кейін кіші жазу деген бөлікті ұсынады.

Кіші жазу. Ол 13 жолдан тұрады. Мұнда алдымен Күлтегіннің туған ағасы Білге қаған (Могилян) жөнінде біраз сөз болады. Оның таққа отырғандығы, батыс пен шығыс, солтүстік пен оңтүстік арасындағы халықтарға, әсіресе тоғыз оғыз бектеріне, өз тумалары мен жақындарына жасаған үндеуі баяндалады. Осы баяндауларды былайша қазақша сөйлетеді:

Теңрі тег теңіреді болмуш
Теңгідей тәңіріде болған
Түрк Білге қаған бу өдке
Түрк Білге қаған бұл кезде
олуртым. отырдым.

Сабымын түкеті өсідгіл
Сөзімді түгел естідіңдер,
оғланым кейінгі іні-жиенім, оғланым,
бірікі оғушым, будыным.
бегі тайпам, халқым.[3]

Көптеген түркі тайпалары, Білге қаған ел билігін өз қолына алғанша, тұрмыстық қиындығына шыдамай, әр жаққа бытырап көшкен еді. Білге қаған мемлекет басына отырғаннан кейін, енді олар Білге қаған маңына қайта жиналып, ел бола бастайды. Қағанның ұйғаруы бойынша олардың астанасы енді Өтүкен тауы болды.

Өтүкен йыш олурсар, ште буң йоқ – Өткен тауында отырса, елде мұң (қайғы) болмас.

Сөйтіп, Білге қаған түркі тайпалары үшін көп еңбек етті. Оларды жинады, Күлтегін ел қатарына қосады. Ол үшін Қолтайдағы Шандун провинциясына дейін, Тоғыз Ерсенке, одан әрі Тибетке, кейіндегі Иінчу (Сырдария) өзенінен өтіп, Темір қақпаға дейін жетеді. Мұның бәрі ескерткіште біркелкі әңгіме болады.

Ел арасында бейбітшілік орнату үшін көрші елдермен, оның ішінде, табғаштермен қарым-қатынас жасаудың өте қажет екендігі ескерткіште арнайы сөз болады. Алайда қаған қоластындағы бірсыпыра тайпалар ел арасындағы болып жатқан қиыншылық пен күйзеліске шыдамай, өз жұртын тастап, еорші табғаштарға бағынғаны да баяндалады.

Теңрі йарылқадук үчүн,
Тәңірі жарылқағаны үшін,
өзүм қутым бар үчүн қаған
өзімнің құтым болғаны үшін олуртым.

қаған болдым.
Қаған олурып, йоқ чығай будунығ
Қаған болып, жарлы халықты
Бай қылтым, аз будунығ үкүш
бай қылдым, аз халықты көп
қылтым. қылдым.

Бұдан кейінгі Білге қағанның ойы, мақсаты киелі жазудың соңғы жолдарында әңгіме етіледі:

Түрік беглер, будун, буны есідің.
Түрк бектері мен халқы,

Неңнең собым ерсер, беңгү ташқа бұны
есітіндер. Қандай сөзім
уртым. Табғач қағантa беззчі бар болса,
мәңгі тасқа
келуртім, бедізтім. Менің себы- жаз-
дым. Табғаштан оюшылармын сымады.
әкелдім.

Ойғыздым. Менің сөзімді бұзбады. [4]

Кіші жазудың ең соңында өздері ұйғарған жерге қойылған ескерткіш туралы сөз болып, оның бетіндегі жазуларды жазған қағанның туысы Иоллығ тегін екені әңгіме болады.

Беңгү таш тоқымдым, бітедім.
Мәңгі тас (ескерткіш) орнаттым,
Ана көрүп, анча біліңі.
жаздым. Оны көріп, ұғындар.
Бұл
Бу біті бітігіме атысы жазуды жазған туысы
Иоллығ тегін.
Иоллығ тегін.

«Күлтегін» (кіші жазу) жыры әрқайсысы өз алдында дербес, әрі сюжеттің жағынан бір-бірімен тығыз байланысты сегіз циклдан тұрады. Әрбір цикл – мазмұны жағынан бір-бір хикая болып келеді. Оның бірінші циклы қағанның өз халқына қарата айтқан үндеуі; екінші циклы – Түркі қағанаты жерінің кендігін суреттейді;



үшінші цикл – түріктердің әскери жорықтарын хикая етеді; төртінші цикл – көршілес табғаш халқының қастандық әрекеттері туралы әңгіме; бесінші цикл – табғаштармен қатынасу түріктерге ажал қатерін төндіретіні жайында хикая; алтыншы цикл – түркі халқының көреген емес екенін өкінішпен жырлауға арналған; жетінші цикл – түркі халқының даңқын көкке көтерген Білге қаған екендігі жөнінде айтылған жыр; сегізінші цикл – осы ескерткіш-жырды жазуға себеп болған жәйттерді баяндауға арналған.

Ежелгі түркі поэзиясына тән дәстүр бойынша, осындай әрбір циклдың өзі міндетті түрде мынадай үш элементтен тұратын болған: 1. Оқиғаның басталуы; 2. Сол оқиға желісінің біртіндеп ұлғая түсуі; 3. Осы циклда айтылуға тиісті ой-пікірдің түйіні. Мәселен, «Күлтегін» (кіші жазу) жырының екінші циклы – Түрік қағанаты жерінің ұланғайыр кең екендігін суреттеуге арналған.

Міне, осы екінші топтаманың алғашқы үш жолы оқиғаның басталуы – Білге қағанның қол астындағы халыққа қарата айтқан үндеу сөзі болып келеді:

Toquz oyuz baglari buduny
By sabymyn adguti asid
Qatyudy tynla [4, 71].

(Тоғыз оғыз бектері, халқы,

Бұл сөзімді мұқият тыңда, Терең ұқ.) [4,140].

Екінші топтаманың бұдан кейінгі төрт жол өлеңі жырда айтылып отырған оқиғаның өрістей түскені болып табылады. Бұл төрт жол Түрік қағанаты жерінің кеңдігін суреттеуге арналған:

Iıqar kun toysuqqa
Birqar kun ortusynaru
Quryaru kun batsqyna
Juryaru tun ortusynaru [4, 71].
(Ілгері – күн шығысында,
Оң жақта – күн ортасында,
Кейін – күн батысында,

Сол жақта – күн ортасында) [4,40].

Сөйтіп, «Күлтегін» (кіші жазу) жырында сегіз цикл, яғни, сегіз хикая бар. әрбір цикл өзі үш элементтен (оқиғаның басталуы, өрістеп ұлғаюы, түйіні) тұрады.

Ал «Ел тұтқысы» деп аталатын «Үлкен Күлтегін» үш бөлімнен тұрады: бірінші – 550-716 жылдардағы тарих, екінші – Күл тегіннің 700-716 жылдардағы жүргізген ішкі-сыртқы жорықтарының тарихы, үшінші – Күл тегін некролог. Бірінші бөлімнің өзі төрт желіге құрылған: Түркі қағанатының құрылуы; Бұмын қаған билігінен соң түркі бектерінің ала ауыз болуы, жат жұртқа тәуелді күйге түсті; Елтеріс қағанның Елтеріс пен Қапағанның Елтеріс балалары Білге шад пен Күл тегіннің ішкі-сыртқы жорықтары.

Ал «Күлтегін» некрологы үш бөлек: бірінші – Күл тегінге арналған «Қоштасу сөз» (жоқтау); екінші – Күл тегін асына (жерленуіне) қай-қай елдерден кімдердің келгені жайлы ұзын тізім; үшінші, Күл тегіннің қашан, қанша жасында өлгені, ескерткіш тастың қай кезде қойылғаны жайлы дерек.

Енді Күлтегін ескерткішінің үлкен жазуы мәтінінің композициялық құрылысына талдау жасап көрейік. Үлкен жызудағы Күлтегін жыры көлемі жағынан 428 өлең өлең жолынан тұрады. Мұның өзі құлыптастағы руналық жазу бойынша есептегенде ұзыннан-ұзақ 53

қатар жазу болып шығады.

Жырдың ерекшелігі – осы жыр бір-біріне толық дербес тұрған алты хикаядан, яғни алты оқиғадан құралған деуге болады. Бірінші хикая – түркі халқының ұлы ата-бабалары туралы; екінші хикая – түріктерді табғаштардың бағындырып алғаны жөнінде; үшінші хикая – Елтеріс қағанды сипаттауға арналған; төртінші хикая – Қапаған қаған туралы; бесінші хикая – Білге қағанды жыр еткен; алтыншы хикая – Күлтегін туралы жыр. Түрік халқының ата-бабалары ұлы адамдар болғаны жырлауға арналған бірінші хикая – құлыптастағы руналық жазудың бірінші – төртінші жолдарын толық қамтиды [5.122б.]

Бірінші хикая – төрт циклдан тұрады. Бірінші циклда – түрік халқының үстіне билік жүргізу үшін бір кезде Білге қағанның ата-бабалары отырғаны жырланады; екінші цикл – Білге қағанның ата-бабалары жасаған әскери жорықтары туралы; үшінші цикл – түрік халқының арғы ата-тегінің адамгершілік қасиеттері жоғары болғаны жайында; төртінші цикл – Білге қағанның ата-бабаларын жоқтап-жылауға арналған. Мұнда да әрбір цикл өз ішіне міндетті түрде үш элементті қамтиды – бастаушы (орысша «зачин»), осы циклдағы оқиғаның өрістеуі және түйіні. Осы циклдың басталуы үш жол өлеңнен тұрады. Мұнда жер мен көктің және адамның жаралу туралы әңгімеле болады:

Uza kok tanri
Asra jayuz jir qylyntuqda
Akin ara kizi oyly qylynmys [4, 74].
(Биікте Көк тәңірі,

Төменде қара жер жаралғанда,

Екеуінің арасында адам баласы жаралған) [4,44].

Бұдан кейінгі жолдарда Күлтегіннің соғдыларға қарсы күресі, табғаштың бес мың әскерімен болған соғысы жыр болады. Мұнда «Күлтегін жауға жалғыз ұмтылды» деген сөз бар. Ол жауды жеңіп, қаруларын қолға түсіреді. Сонымен, алтыншы хикаяның екінші топтамасында Күлтегіннің туған жер үшін жүргізген қанды шайқастары жырланады. Ал, топтаманың қорытынды бөлімінде Күлтегіннің теңдесі жоқ жеңістері зор мақтанышпен айтылған. Соның нәтижесінде түрік елі өзінің егемендігін алып, дербес халық болғандығы баяндалады: II jamai il bolty

Budun jama budun bolty [4,47].

(Еліміз қайта ел болды,

Халқымыз қайта халық болды) [4,47].

«Күлтегін» жырының бұдан кейінгі хикаялары түркілердің түргеш, соғды, оғыз, т.б. қарсы соғысы Күлтегіннің тайсалмай сол қанды майдандарда ұлы Еркін, Құшы Тұтық, аздардың елтебері сияқты жаулармен жекпе-жек арпалысы суреттеледі. Жырда Күлтегін түркі елінің «төрт бұрышындағы» барлық жауды жеңіп, елде тыныштық, бейбіт өмір орнатады. Күлтегін түркі халқын тәуелсіз етті, байлыққа кенелтті деген пікір айтылады. Жырдың басты идеясы – түркі халқын ауыз бірлікке, сыртқы жауға қарсы ұйымдасқан күреске, ата-баба жолын берік ұстауға шақыру болып табылады.

Автор түркі халқы ата-баба дәстүрін берік ұстаған кездерінде ешкімге тәуелсіз, жақсы өмір сүргенін жырлай келіп, ол жолдан тайып, дұшпаннан алданған

сәттерінде: Бек ұлдары – құл болды,

Пәк қыздары – күң болды, - дейді [4,44].

Жыр соңында Күлтегін өлгенде бүкіл түркі халқы қатты қайғырып, аза тұтқаны, оны жоқтап-жерлеу салтанатына әлемнің төрт бұрышынан көп елшілер, батырлар, тас қашайтын шеберлер, таңбашылар (мөр иесі), бектер, т.б. келгені айтылады. Күлтегін батырды жерлеуге татабы елінен келгендерді Удар-Сенгун, табғаш қағанынан – Исиі-Лікең бастап келді. Күнбатыстағы Соғды, Бершекер, Бұхар ұлыстарының халқынан – Нең-Сенгун, Тархан ұлы, «он оқ» елі мен түргеш қағаннан – Мақраш таңбашы және Оғыз Білге таңбашы, қырғыз Тардуш Чур Күлтегінді жерлеуге қатысқаны жырда зор шеберлікпен баяндалған. «Күлтегін» (кіші жазу) жыры әрқайсысы өз алдында дербес, әрі сюжеттің жағынан бір-бірімен тығыз байланысты сегіз циклдан тұрады. Әрбір цикл – мазмұны жағынан бір-бір хикая болып келеді. Оның бірінші ци-

кль қағанның өз халқына қарата айтқан үндеуі; екінші циклы – Түркі қағанаты жерінің кеңдігін суреттейді; үшінші цикл – түріктердің әскери жорықтарын хикая етеді; төртінші цикл – көршілес табғаш халқының қастандық әрекеттері туралы әңгіме; бесінші цикл – табғаштармен қатынасу түріктерге ажал қатерін төндіретіні жайында хикая; алтыншы цикл – түркі халқының көреген емес екенін өкінішпен жырлауға арналған; жетінші цикл – түркі халқының даңқын көкке көтерген Білге қаған екендігі жөнінде айтылған жыр; сегізінші цикл – осы ескерткіш-жырды жазуға себеп болған жәйттерді баяндауға арналған.[6]

Түркітанудың деңгейі өсіп, өрісі кеңейіп, ендігі жерде тіл, тарих тарапынан қарастырмай, ғылымның әр саласы бойынша зерттейтін мүмкіндікке жетіп отыр. Бұрынғы зерттеулердің табысын жан-жақты пайдалана отырып жетілдіру – бүгінгі ғылымның талабы.

ҚАДЫР МЫРЗАЛИЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰСТАЗ БЕЙНЕСІ

Керімхан М.Б.

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің магистранты

Ғылыми жетекшісі: **ф.ғ.д., проф.м.а. Жанұзақова Қ.Т.**

Түйіндемесі. Мақалада Қадыр Мырзалиев шығармаларындағы ұстаз бейнесінің сомдалу ерекшелігі мен ақынның суреткерлік шеберлігі жайында қарастырылады.

Тірек сөздер: өлең, жанр, әдебиет, поэзия

Аннотация: В этой статье рассматриваются особенности образа учителя в произведениях К.Мырзалиева и о художественном мастерстве поэта.

Ключевые слова: стихи, жанр, литература, поэзия

Abstract: The article illustrates the nature of the role of a teacher in works of Kadyr Myrzaliev and his creative writing skills as a great poet.

Key words: poetry, genre, literature, poesy

Ұрпақ тәрбиесі - бұл тұтас ұлттың болашағы. Тәуелсіз мемлекетімізді өркендетке жетелер жолдың бастауы – мектеп десек, мектептің басты тұлғасы, жүрегі- ұстаз. Адамзат тарихында ілім мен ғылымның пайда болған шағынан бастап, білім көшін ілгері жылжитқан ұстаздарын шәкірт ұлықтаудан айнымаған. «Ұстаздық-ұлы құрмет. Себебі, ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбекқор егіншісін де, кеншісін де ұстаз өсіреді... өмірге ұрпақ әкелген аналарды қалай ардақтасак, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да сондай ардақтауға міндеттіміз» деген халқымыздың батыры Бауыржан Момышұлы.

Мұғалім бақыты- шәкірттің құрметі. Біліммен санасы нұрланған әрбір түлектің ұстазына деген айрықша лебізі ән мен өлеңге, көлемді шығармаларға арқау болды. Бұл қазақ әдебиетінде проза, поэзия жанрларында өзіндік ерекшелігімен «ұстаз» бейнесін қалыптастырды. Ақындық мұрасы мен ұлттық поэзияның тың белестерге көтерген қазақ әдебиетінің классигі Қадыр Мырзалиев шығармаларында осы бір ұстаз тұлғасы ерекше дәріптеледі. Мұның себебі өзі алғысы мол шәкірт, өнегелі ұстаз болғандықтан деп білеміз.

Болса да армандаған халқым ғалым,
Беріпті бізге ұстаздың салқын қанын.
Ол кіріп келген кезде
Отыратын

Баса алмай отыз бала алқынғанын.

Ғұлама ғалым аға құдіреттей.

Біз оны ұмытпаспыз ғұмыр өтпей.

Ақырын түсіп сабыр сабамызға,

Ақылын тыңдайтынбыз қыбыр етпей. [1 ;204]

Ақын өзінің оқушы күнідерінің естелігіндей мына бір жыр шумақтарында ұстазын білімімен құдіретті, ғұлама ғалым деп таниды. Ұстаз тұлғасының биіктігі оның салқын қандылығымен, сыныпқа енгеннен бар баланың назарын өзіне аударып, тыныштық орнатуымен байқалады. Нағыз мұғалімнің құдіреті білімді тәрбиемен, тәрбиені тәртіппен ұштастыра білуінде.

Қадыр Мырзалиев поэзиясы бірнеше буынды тәрбиеледі. Балалардың сүйікті ақыны жыр-дан базарлықты жас оқырманынан да аяған емес. Ана тілінде сауат ашқан әрбір бүлдіршін ақынның «Мұғалима» өлеңін жатқа біледі десек артық айтқандық емес.

Мынау менің сезгенім:

Ол-кластың анасы.

Өзінің де,

Өзгенің

Баласы оның баласы.

Қай кезде де ол анық,

Қайғырмайды өзі үшін.

Біздер үшін қуанып,

Қызарады біз үшін.

Жақсы болсаң, шынында,
Қартаймас деп айта алам.
Жаңа оқу жылында,
Жасарады қайтадан.[2;237]

Жас пен кәрі жатқа оқитын бұл өлеңінде автор мұғалімді бар кластың анасына теңейді. Бар ғұмырын шәкірт шырағын жағуға арнаған ұстаздық қызметтің қиынын бала тіліне жеңіл әрі түсіндіре жеткізген шумақтардан жас шәкірттің санасында ұстазға құрмет қалыптастыра жатталатыны сөзсіз. Француз жазушысы, философ Ж.Ж.Руссоның «Ұстаз болу - өз уақытыңды аямау, өзгенің бақытын аялау» деген канатты сөзінің мәні ақын өлеңімен үндесетіндей.

Қадыр ақын тек поэзия жанрында ғана емес, прозада да тың дүниелер жазды. «Жазмыш», «Иірім» сынды туындылар қазақ әдебиетіндегі ерекше естеліктерге толы, эссе жанрының қалыптасуына үлес қосты. Ақын «Иірімінде» өткен күндерінен естеліктер жазып өзінің ұстазға деген құрметінен шығарманы бастайды. Университетке түсу үшін емтихан тапсырған жас абитуриентке жақсы білген тарих пәнінен «төрттен» артық баға қоймай, орысшаға шорқақ ауыл баласының жауабынан ертеңіне үміт артқан орыс тілі мұғалімінің «бестік» қойған сәтін оқырманымен бөліседі.

«Маған ойламаған жерден «бес» қойған жомарт мұғалімнің кім екенін де кейін білдім. Қыз күніндегі фамилиясы беймәлім. Сол кездегі фамилиясы Поссе. Аты –жөні Татьяна Владимировна... Саяси қуғынға ұшыраған қазақ, орыс және еврей интеллигенциясына батыл ара түсіп, біразын аман алып қалыпты. Жовтистің осы әңгімесінен кейін мен ол туралы өлең жаздым. Біраз жылдардан кейін «Қылыш пен қызыл» кітабыма кірді. Өлең «Тұсаукесер» деп аталады.»[3;8] деп осы өлеңнің толық нұсқасын кітабына енгізеді.

...Жақсы ойларды тілімдеп
Жатса-тілім кінәлі.
Көзәйнегі күлімдеп,
Сөйлеп берді мұғалім:

-Әріптестер еншілес
Мүмкін маған тағар сын:
Орыс тілің онша емес
Оны түзеп аларсың!

Күндердің бір күнінде
Ұғатындар ұғады.
Жаңылмасам
Түбінде
Сенен кадр шығады!

Адаммын мен сыйлаған
Апа мен ағаны...
Қазақтарым қимаған
Қиды ол үлкен бағаны.

Мен зымырай жөнелдім,
Көңіл әбден өскесін.
Дана қызы ұлы елдің
Тұсауымды кескесін! [3;9]

Ақын орысшаға нашар екендігіне қарамай, қойылған сауалға дұрыс жауап айтқанынан жақсы әдебиетші

шығатынына сенім білдірген ұстазын еске ала отырып, «Осы бір азамат әйелдің, көрген ұстаздың алдында мен адам ретінде, ақын ретінде де мәңгі қарыздармын. Мен оны ешқашан ұмытқан емен. Өмірдің әр белесіне шыққан сайын Татьяна Владимировнаны бір еске алам. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне депутаттыққа ұсынылып, сайлаушыларыммен алғаш кездескенде де мен ол кісіні есіме алып. Қарыздар адам ретінде атын атап өттім.»[3;9]-деп өз алғысымен естелігін аяқтайды. Естелік кітабынан алынған осы бір оқиға ұстаздың ұлығы шәкірт шығар шыңды бағдарлап, бейімін тани білу екендігіне дәделі сынды.

Ұлттық поэзияны тың белестерге көтерген Қадыр Мырзалиевтың өзі де өнегелі ұстаз болғанын біреу білсе, біреу біле бермеуі мүмкін. «Ал бізге келгенде Қадекең ел мойындап, жұрт қол қойған шешен-ді. Шешен болғанда да, Ахмет Байтұрсынұлы айтпақшы «білімір шешен» еді. Оның үстіне бізге оқитын пәні ақынға, ақындыққа қатысты болған соң, ол шешілмей кім төгілсін!»[4]-деп есіне алады ақынның дәрісін тыңдаған Ө.Әбдиманұлы. «Әрбір сабағын тақырыпқа сай құрып, одан ауытқымай, тақырыптың жан-жақты ашылуына күш салатын. Махамбет жайлы көп білетіні соншалық, тақырып аясы кеңейіп, кемелінен асып төгіліп жататын. Қоңыр дауыс, күмбір үн де небір деректер мен дәйектерді санаға тоғыта еселей күйіп, айтар ойды шегелей бекітіп жататын. Қадекең Махамбеттің бар өлеңін жатқа біледі десем, өтірік айтқандық емес, 90 минуттық бір сабақта сан өлеңнен үзінді оқып, оларды тақырып танымын ашуға шешуші дәлелдер ретінде келтіріп отыратын.»[4]. Бір тақырыпқа әңгіме айту бір бөлек, ғылыми дәріс оқу бір бөлек дүние екені белгілі. Осы орайда ақынның ұстаздық қырын ғана емес, зерттеу мен зерделеудің нәтижесінде «Махамбеттануға» бастау болған еңбегін, ерекше атап өткен жөн деп білеміз.

Қадыр поэзиясы кішкене балдырғаннан бастап, бірнеше толқынды тәрбиелеген құрал. Адамзат саналы, білімді меңгерген шақтан бастап, ұстазға әрдайым қарыздар. Жас ұрпақтың бойында ұстазға деген, мектепке деген құрметтен, білім алуға құлшыныс, отанға деген құрмет пен сүйіспеншілікке бастау алады. Дана Абай «Адамның адамшылығы жақсы ұстаздан болады» деп бекер айтпаса керек. Қадыр Мырзалиев шығармаларынан талданған туындылардың тәрбиелік мәні бүгінгі педагогтың тұлғасын қалыптастырып, құрметке лайық, бәсекеге қабілетті болуында, ұрпақ тәрбиесіне әлі де қызмет етпек. Ақын шығармаларындағы ұстаз бейнесінің сан қырынан танылып, оқырманына естеліктері арқылы жетуі де өзінің біліммен шырағы жанған адал шәкірт, өнегелі ұстаз болғандығынан деп білеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мырзалиев Қ. Таңдамалы жинақтар. - Алматы, Балалар әдебиеті, 2006.
2. Мырзалиев Қ. Үш томдық шығармалар жинағы. - Алматы, Жазушы, 1989.
3. Мырза Әли Қ. Иірім. Таңдамалы туындыларының көп томдығы. - Алматы, Қазығұрт, 2010.
4. Әбдиманұлы Ө. Менің ұстаздарым. - Алматы, Қазығұрт, 2013.

III СЕКЦИЯ

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫНА ЖАҢА БАҒДАР

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ЗАМАНАУИ ТАЛАПТАР

Ш.Л. Ерхожина

Сүлейман Демирел атындағы университет

Қазіргі орта білімнің бағдарламалары жаңартылған кезеңде, оқулықтардың да мазмұны өзгеріп, оқыту үрдісі де жаңа сипатты иеленіп отыр. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісінде қызмет ететін педагог қауымының да өз білімін жетілдіріп, әлемдік озық үлгілермен қаруланып, оларды өз тәжірибесіне көптеп енгізуі басты талап болуда. Білім беру парадигмасы талаптарына сай, жаңа көзқарастар, жаңаша қарым-қатынас, оқушы мен мұғалімнің сабақ үдерісі тұсындағы іс-әрекеттеріне ерекше назар қойылуда. Еліміздің қарқынды дамуы нәтижесінде қоғамдық өмірдің барлық салаларында, соның ішінде білім беру саласында жүріп жатқан демократияландыру мен ізгілендіру мектепті осы күнге дейінгі дағдарыстан шығаратын қуатты талпыныстарға жол ашты. Білім беру саласының барлық жағынан жаңаша көзқарас, жаңаша ойлау қалыптасуда. Елімізде терең ойлы, жан-жақты дамыған, өзіндік пікірі қалыптасқан, ой қорытуға икемді, қоғам өміріне белсене араласа алатын жеке тұлға тәрбиелеу міндеті қойылды. Сондықтан жеке тұлға тәрбиелеу міндеті мектептен басталмақ. Ұрпақты бастан тәлімді етіп тәрбиелеудің маңыздылығы осы орайда айрықша рөл атқарады. Тәрбие мен білімнің тұтастығы білім ошақтарындағы ұстаздардың біліктілігімен ұштасады. Қазіргі таңда білім беру саласында оқытудың озық технологияларын меңгермейінше жан-жақты, шебер маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Озық тәжірибелермен қаруланған ұстаздардың шәкірт болашағы үшін үлесі басым болуы көзделеді. Осы орайда мұғалімдердің әдістемесінің сапалы, тиімді, ұтқыр болуы маңызды.

Қазақ тілін меңгертуде оқушының төрт әрекетіне құрыла ұйымдастырылған сабақтың нәтижесінен тиімділік көрінді. Тілдік дағдылар: айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым оқушылардың меңгеру жүйесінде ойын жинақтауға, тыңдағанды дұрыс қорыта білу, дұрыс сөйлеу, жазу дағдыларын қалыптастырады. Әрекеттердің төртеуі де маңызды рөл атқарады. Олар бірін-бірі толықтыруы арқылы оқушының тұтас білімдік қорын құруға және тұлғалық әлеуетін жоғарылатуға себепші болады. Тыңдалым

әрекеті кез келген ақпаратты тыңдау арқылы түсіну, сөйлеу әрекетін қалыптастырады. Егер оқушы тыңдаған ақпараттарынан өзіне қажетті мәліметті тауып үйренсе, оны жүйелеп айта алады, оған өз пікірін білдіре алады және басқалармен қарым-қатынас жасай алады және тақырыпқа қатысты деректі түсініп оқып, мәселеге қатысты өз көзқарасын жазбаша да жеткізе алатын болады. Тыңдалым дағдысы бойынша оқушының

негізгі ойды түсіну, ақпаратты анықтау, түсінгенін практикада қолдана білу,

ақпаратқа өз көзқарасын білдіру, ой қорыта білу дағдыларын игеруге мүмкіндік болады. Айтылым дағдысы бойынша белгілі бір тақырыпқа қатысты ойын білдіру, өз көзқарасын дәлелдеу, шешім шығару, қорытынды пікір жасау, зерттеушілік (анализ, синтез), ақпаратты өңдеу дағдыларын алады. Оқылым дағдысы бойынша мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты ажырата білу, астарлы ойды анықтау, шығарма кейіпкерлерін салыстыра білу, зерттеп оқу, сыни тұрғыдан бағалай білу дағдылары берілсе, жазылым дағдысы бойынша тақырыпты аша білуі, өз ойын сыни тұрғыда дәлелдеуі, қорытынды шешім шығаруы, өз көзқарасын дәлелдеуі, цитатамен жұмыс істеу дағдылары бағаланады. Осы төрт дағдыны жүйелі қалыптастыра білу – педагогтың алдына қойылған оқытудың талабы. Дегенмен дағдының барлық түрін бір сабақтың үстіне қалыптастыру мақсаты бала жүйкесіне салмақ түсіру мүмкіндігін ескертеді. Осы тұрғыдан, әрбір педагогтың алдында тұрған басты мәселе – білімгерлердің оқу бағдарламасын сапалы игеруін қамтамасыз ететін білім алу құзыреттіліктерін дамытатын құралдар мен әдістерді іздестіру. М.Ж. Жадрианың пікірінше, құзыреттілік оқушының мәселелерді өзіндік даму, өзіндік басқару, білім, икемділік, дағдыны пайдалана отырып шешумен ерекшеленеді [1].

ҚР Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында: «Орта білімге кері әсер ететін факторлар – ескірген әдіснамалар мен білім беру мазмұнын іріктеу қағидаттары. Ақпараттың шамадан тыс болуы оқуға деген ынтаның төмендеуіне және оқушылар денсаулығының нашарлауына әкеледі»[2] деп, анықтап берілген білім берудің кереғар тұстарын ескере келе, олардан алшақтататын тәсілдерді жүйелеу мақсат етіледі. Қазіргі кездегі барлық білім берудің жаңа әдіс-тәсілдерінің алдына қоятын басты



мақсаты – білім алушының жеке басының дара және дербес ерекшеліктерін ескеріп, олардың өз бетінше ізденуін арттырып, шығармашылығын қалыптастыру болып табылады. Ал оқу мақсаттары белсенді оқыту топтық, жеке, жұптық жұмыс түрлерін қолдану арқылы іске асырылады. Мұғалімнің іс-әрекеті оқушыны бақылауға, бақылау нәтижесін өңдеуге, бағыт-бағдар беруге, күтілетін нәтижені анықтауға арналады. Оқушының іс-әрекеті өз көзқарасын салыстыруға, топтық, жұптық жұмыста бірлесе шешім шығаруға, өз жетістіктерін бағалауға арналады. Білім берудегі инновациялық технологиялардың тәжірибеге енуі мен оны тиімді қолданудың өзіндік рөлі бар. Әлемдік озық үлгілер ғана жинақталып, тиімділігі танылған, нәтижелілігі мойындалған әдіс-тәсілдер қолданыстан шықпайды. Жаңашыл педагогтар мен шебер ұстаздар тәжірибесінде оқыту әдістері өзгеріп отырады. Ұзақ уақыт бойында оқыту үдерісінің елеулі бөлігі болып табылатын әдістердің алуан түрі жинақталған. Алайда олардың ара қатынасы, артықшылығы, нақты толысуы мектептің мақсаттық бағыттарына қарай өзгеріп отырады. Ахмет Байтұрсыновтың «Ұстаз үздіксіз ізденгенде ғана, шәкірт жанына нұр құя алады»[3.68]-деген сөзі қай ғасырдың ұстазына болсын, әрдайым ізденімпаз, жаңашыл болуды меңзейді. Мұғалім үнемі ізденіс үстінде болу керек. Жаңашыл ұстаз ғана заман ағымына ілесе алады. Қазіргі білім талаптары:

1. Мұғалім оқыту кезінде билік жүргізу әдісінен арылуы керек.

2. Оқыту үрдісі кезінде сабақтағы басты тұлға білім беретін мұғалім емес, осы білімді қызыға қабылдауға дайын оқушы болуы тиіс.

3. Балалардың оқуға деген ынтасын күшейту керек

4. Өз дербестігін, белсенділігін дамыту қажет.

5. Оқу, дамыту жұмысын ұтымды жүргізу үшін баланың табиғи талабын, қасиетін дер кезінде айқындау керек.

«Қазіргі сабақ – бұл тану, ашу, іс-әрекет, қарама-қайшылықтар, даму, өсу, білімге апаратын саты, өзін-өзі тану, жетілдіру, қызығушылық, таңдау, кәсіпкершілік, алға бастау, сенімділік, қажеттілік сабағы және қазіргі сабаққа тән ерекшелік – оқушылардың белсенді (өздігінен) оқу қызметі. Ал оқу қызметі – адамның оқу міндеттерін шешу үдерісінде теориялық білімдері мен тәжірибелік білігін игеруіне бағытталған негізгі қызмет түрлерінің бірі»[4.5]. Мұғалімнің жұмысында ең бастысы – сабақтық білім беру, тәрбиелеу және дамыту міндеттерін дұрыс үйлестіру арқылы осы қызметтерді басқару. Сабақтың дамытушылық мақсаты, білімгердің ойлау, қорытынды шығару, қабілетінің дамуына ықпал ету, қоршаған ортаға сай мінез-құлық дағдысын қалыптастыру, танымдық әлеуетін арттыру болып саналады. Оқушылардың танымдық іс-әрекеті белсенділігін арттырудың түрлі тәсілдері бар. Сабақ мазмұнына сай ойлаудың түрлерін үйрету, яғни саралау, жинақтау, салыстыру, маңызды ақпаратты іріктеп алу, қорыту, тұжырым шығару секілді білік, дағдыларды меңгерту білімгердің оқу-танымдық үдерісін шыңдайды. Сабаққа жаңа тұрғыдан мақсат қою мен оқу нәтижелерін анықтау; қойылған мақсатқа

және оқу нәтижелеріне қол жеткізу үшін оқытудың жаңа әдістерін қолдану; оқушы және мұғалім рөлін өзгертеді. Топтық жұмысты ұйымдастыру арқылы оқушының дағдысын дамыту, танымын кеңейту, ойын, сөйлеу тілін дамыту, сыни ойлауды дамыту іске асырылады. Оқушылармен сабақ сайын кері байланыс жасау тәсілі – оқушыларға ойын еркін жеткізу мен тұжырым шығаруға көп көмектеседі. Оқушылар сабақта өздік, жұптық, топтық жұмыс түрлерін игереді. Белгілі тақырыпты меңгерту аясында оқушының ойына түрткі болатындай сұрақтар қойылады. Мұғалім ылғи мәселе туындатады, оқушылар оны постер, кейс-стади, фиш-боун, пирамидалық талқылау, т.б. әдістер арқылы қорғайды. Оқушылардың сабаққа деген ынтасы, қызығушылығы оянады. Оқытушы мен оқушының іс-әрекетін әрекеттестікте ұйымдастыру қазір басты назарда. Соңдықтан олардың барлық оқулары дидактикалық ойын түрінде, өмірлік жағдаяттарды сабақтағы қызықты әдістерге айналдыру, тіршілік жағдайларымен, мысалдармен кеңейтіліп оқу барысында меңгерген білімдерін, іскерліктерін және тәжірибеде қалыптасқан дағдыларын қолдануларына мүмкіндік жасайтын, олардың қызығушылықтары артатын жағдайларды және еңбек әрекеттерімен толықтырылуы керек.

Оқыту үрдісінің заңдылығы – құбылыстар мен үрдістердің дамуын бейнелейтін, объективті, қажетті, мәнді байланыс.

Жалпы заңдылықтар:

-оқыту талаптарына сәйкес оқыту үдерісін сәйкестендіру;

-білім берудің тәрбие және дамыту процестерімен байланысы;

-оқыту процесі оқушының нақты оқу мүмкіндігі мен сыртқы жағдайына тәуелді болуы;

-білім беру мен оқу процесі заңды түрде өзара байланысының болуы;

-оқытудың мазмұны ғылымның даму логикасы және деңгейіне, қоғамның талабын көрсететін міндеттеріне тәуелді болуы;

-оқытудың әдістері мен құралдары және оқуды ынталандыру, оқу іс-әрекетінің бақылау және өзіндік бақылауды ұйымдастыру білім беру мазмұнына және міндеттеріне тәуелді болуы;

-оқытуды ұйымдастыру формалары оқытудың міндетіне, мазмұнына және әдісіне тәуелді болуы;

-үйлесімді жағдайға сәйкес оқу процесін барлап, заңдылықтары мен компоненттерінің өзара байланысын оқытуда берік, саналы және іс-әрекетті, нәтижелі қамтамасыз ету.

Оқыту мақсаты мен оның мазмұны және әдістері арасында бір-бірімен тұрақты байланыс бар. Яғни мақсат оның мазмұнын, әдісін анықтайды, ал соңғысы мақсатқа жетудің шарты болып табылады. З а н д ы л ы қ т а р о қ у ш ы м е н о қ ы т у ш ы н ы і с - ә р е к е т і н ің с и п а т ы н а , о н ы ң қ о л д а н а т ы н құ р а л д а р ы н а , о қ ы т у ә д і с т е р і ж әне о қ у м а т е р и а л ы н ы ң м а з м ұ н ы н а т ә у е л д і б о л а д ы . Б е л с е н д і о қ ы т у т і л д і к д а ғ д ы л а р д ы қ а л ы п т а с т ы р у д а – о қ ы т у д ы д а м ы т у , ө з д і г і н е н д а м и т ы н , д ұ р ы с ш е ш і м қ а б ы л д а й а л а т ы н , ө з і н - ө з і ж е т і л д і р е т і н т ұ л ғ а қ а л ы п т а с т ы р у ғ а н е г і з б о л а d ы . С о ң ы м е н қ а т а р , б і л і м а л у ш ы л а р д ы ң ө з б е т і м е н і з д е н у і н а р т т ы р у м е н ш ы ғ а р м а ш ы л ы қ

кабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Сабақ процесі оқушыны белсенді іс-әрекет пен белсенді ойлауға, белсенді оқытуға бағытталады. Белсенді оқыту арқылы - білім алушының жеке басының дара және дербес ерекшеліктерін ескеріп, олардың өз бетінше ізденуін арттырып, шығармашылығын қалыптастыру болып табылады. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының басымдықтары, білім беру саласында көш басында келетін прогресшіл елдерге тән заманауи мақсаттармен және құндылықтар жүйесімен барабар. Жаңашыл мақсат әрбір ел үшін маңызды болып табылатын рухани, мәдени және адамгершілік құндылықтардың негізінде жастарды өз елінің мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу, екіншіден-жастарды жылдам өзгеріп жатқан әлемде өзіне сенімді және табысты болуға мүмкіндік беретін дағдылары мен түсініктерін дамытуға, өмірлік жағдайларда өз білімдерін қолдануға ықпалын тигізетін сыни тұрғыдан ойлауға үйретуді қамтиды. Білім беру саласында

жүргізілген әлемдік зерттеулердің нәтижелері тиісті кәсіби қасиеттерге ие, оқыту және оқу үдерістерінің қажетті дағдылары мен терең түсініктерін игерген мұғалімдер жастардың білімін сапалық тұрғыдан өзгерте алатынын көрсетіп отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер

1.М. Ж. Жадрин. Логико-дидактический подход к определению ожидаемых результатов обучения в школе // Творческая педагогика. - 2005. - №2.

2.ҚР Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Астана, -2010

3.Байтұрсынұлы А. VI томдық шығармалар жинағы. III том. А.1992.

4.Қазіргі сабақты жобалау және ұйымдастыру. Оқу-әдістемелік құрал.

– Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2014. – 48 б.

«АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАТИВТІК» ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ САТЫЛАЙ КЕШЕНДІ ОҚЫТУ

Назерке Ерғазы

Қазақ филологиясы және әлем тілдері факультетінің 2-курс студенті

Ғылыми жетекші: п.ғ.д., профессор Ж.Н. Сүлейменова

Аннотация: Использование информационных технологий поможет улучшить качество знаний учащихся. В статье рассматриваются проблемы использования коммуникационно-информационных технологий в обучении казахскому языку.

12-летнее обучение – требование нашего времени. А использования новых технологии обучения помогают реализовать передовые идеи обучения языкам.

Ключевые слова: обучение, информационные технологии обучения. 12-летнее образование

Abstract: The use of information technologies can help to improve the quality of the data. The problem is the use of communicative-informational technologies in teaching the Kazakh language.

12-year education - the required time. Using new technologies in teaching helps to realize the idea of traching.

Keywords: training, information technology training. 12 year education

Бүгінгі таңда Қазақстанда білім берудің деңгейі мен сапасына жаңа талаптар қойылып отыр. Білім беру саласында білім беру сапасының әлемдік деңгеймен сәйкес келуін қамтамасыз ету, сол арқылы әлемдік сұранысқа ие бола алатын мамандарды даярлау және бәсекеге қабілетті білім беру негізгі міндеттерді құрайды. Сапалы білім беру – оқыту мен тәрбиелеудің үздіксіз үдерісі. Қазіргі кезде білім берудегі мақсат – жан-жақты білімді, өмір сүруге бейім, өзіндік ой-танымы бар, адамгершілігі жоғары, қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру. Тәуелсіз елді өркениетті әлемге танытатын, дамыған елдер қатарында терезесін тең ететін күш – білім және білімді ұрпақ.

Жас ұрпаққа білім беруде, оларды болашақ еліміздің тұтқасы етіп тәрбиелеу – әр ұстаздың, әрбір мектептің ең басты міндеті. Осы міндеттерді орындау мақсатында білім беру саласында да елеулі әрі ауқымды өзгерістер өрістеуде. Білім беру барысында жаңа технологиялар мен әдіс-тәсілдерді жан-жақты, тиімді әрі жүйелі түрде қолдана білу – заман талабы [1].

Бүгінде еліміздің білім жүйесінде қолданылып жүрген көптеген технологиялар бар. Олар: «Тірек

сигналдары арқылы оқыту», «Деңгейлеп оқыту», «Модульдік оқыту», «Сын тұрғысынан ойлау», «Саралап оқыту» т.б. технологиялар. Әр технологияның өзіндік ерекшелігімен қатар айырмашылығы бар.

Соңғы кезде мектептерде кеңінен қолданысқа енген технологиялардың бірі – Н.А.Оразахынованың «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы. «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы бүгінгі таңда балабақшаның мектепалды даярлық топтары мен мектептерде, жоғары оқу орындарында қолдану өз нәтижесін беруде.

Бұл технологияның маңызы – оқушылардың жазбаша және ауызша сөйлеуінің жоғарғы деңгейде дамуына үлесін қоса алады. Оқушылардың ауызша сөйлеу мәнері мен оның сөйлеу мәдениеттілігіне тәрбиелей отыра, тіл байлықтарының молаюына септігін тигізеді. Сондай-ақ, ғылыми – теориялық жағынан білімін кеңейтуге мүмкіндік береді және теориялық білімдерін практикалық тұрғыдан дәлелдеуге көмектеседі [2].

«Сатылай кешенді оқыту» технологиясының бір ерекшелігі – оқушыларды жақсы, жаман, орташа деп бөлмей, тек материалды өте жылдам, жылдам, баяу қабылдауына қарай тапсырманы оң деңгейге икем-



деп, барлық баланың дамуы үшін қолайлы жағдайды туғызуды мақсат тұтады [3].

Енді «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы мен «Ақпараттық-коммуникативтік» технологияның байланысына негізгі нысан ретінде қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін ала отырып тоқталайық. Жоғарыда аталған технология бойынша біз оқушыларға белгілі бір сөзді не сөйлемді немесе автор шығармасын береміз. Оқушыға қойылатын талап – тізбектелген сатылар бойынша талдау жасау.

12 жылдық білім беру бағдарламасына сәйкес танымдық іс-әрекеттің тыңдалым, жазылым, айтылым, оқылым түрлері де «Ақпараттық-коммуникативтік» технологияның аясында жүзеге асады. Әдебиет сабағында сатылай кешенді талдау жасату үшін оқушыларға автордың өмірбаяны немесе шығармаларын бейнежазба, аудиожазба, электронды оқулық, таспалар арқылы көрсетеміз не тыңдатамыз. Бұл тұрғыда іс-әрекеттің тыңдалым түрі жүзеге асады. Бейнежазбадан я аудиожазбадан тыңдаған дүниесін оқушы ойын жүйелеп, сатылай талдау жасайды. Сонда интербелсенді такта арқылы көрген немесе естіген шығармасын баяу қабылдайтын оқушының өзі композициялық құрылысына талдай алады.

Іс-әрекеттің екінші түрі – жазылым. Бұл іс-әрекет бойынша интербелсенді тактамен жұмыс жасату ұсынылады. Интербелсенді тактамен жұмыс жасау уақытты үнемдеу мүмкіндігімен және оқушыларды жаңа заманауи техникаларды басқара білуге бейімдеумен тиімді. Сатылай сызбаны дайын күйінде интербелсенді тактаға шығарып қою, оқушының ойын тез жинақтауына, сондай-ақ көз алдында тізбектеліп, орындалатын тапсырма реті айқын көрініп тұрған соң белсенді болуына септігін тигізеді.

Айтылым іс-әрекеті бойынша оқушылар талдаған сөйлемдерін, шығармаларын бір біріне оқып, түсіндіріп ақпарат алмасады.

«Сатылай кешенді оқыту» технологиясы не үшін қажет? Қазіргі білім беру жүйесінде оқу бағдарламасы да, оқулықтар да жаңа өзгерістерге ұшырады. Өз іс-тәжірибемде жаңа формат бойынша сабақ барысында қазіргі оқулықтар бойынша грамматикаға көп көңіл бөліне бермейтіндігін байқадым. Жаңа бағдарлама оқушылардың танымын арттырып, әлемдік ақпараттарды бере алады. Оқушы грамматикалық тақырып бойынша ғана жұмыс жасамай, өз ойын қорытып, пікірін ашық білдіре алады. Бұл үшін де оқулықта арнайы сұрақтар, сілтемелер немесе мәтіндер берілген. Мәтінмен жұмыс жасау барысында да негізгі тапсырмалар беріледі.

Атап айтқанда:

- мәтінге ат қой;
- мәтінге жоспар құр;
- мәтін бойынша бірнеше проблемалық сұрақтар дайында;
- мәтіннің идеясының негізінде диалог құрастыр.

Алайда, оқушы 9-сыныпқа келгенде ОСЖБ (БОУД) жүргізіледі. Осы сәтте оқушылар ақсап жатады. Сол үшін де бір мезгілде барлық ұғымдар мен теорияларды қарастыру үшін сатылай кешенді оқытудың маңызы бар. Сатылай оқытуда оқушы әр сатыға түсе отырып талдағанда, сөзді, сөйлемді немесе шығарманы

неліктен дәл солай талдағандығын себебін айту арқылы түсіндіреді. Бұл дегеніміз әр талдауда оқушы ережені қайталап, есінде сақтай алады деген сөз. Демек, сабақтың бір бөлшегінде ғана қарапайым талдау жасату арқылы ережелерге шолу жасата аламыз. Дегенмен оқушының жас ерекшелігін ескере отырып, талдау деңгейін және талдауды түрлендіре беруді назардан тыс қалдырмау қажет. Сайып келгенде талдауды оқушыға түрлендіре беру үшін «ақпараттық-коммуникативтік» технологияны қолданамыз. Төмендегі кестеден дәстүрлі оқыту мен сатылай кешенді оқытудың нәтижелерін салыстырмалы түрде көре аламыз.

Дәстүрлі талдау СКТ АКТ

- Оқиды
- Мағынасын түсінеді
- Мазмұнын айтады
- Есте сақтайды – Оқиды
- Тақырыбын, идеясын табады
- Түсініксіз сөздерді анықтайды
- Құрылымын үйренеді
- Мәтінді құрап тұрған тірек сөздерді табады
- Қанша сөзден, сөйлемнен, абзацтан тұратындығын анықтайды
- Есте ұзаққа сақталады

Білім беруде оқытушы екі маңызды жүйеден ауытқымауы қажет. Олар грамматика мен ақпарат. Әр мұғалім осы екі технологияны негіз қылып алса, қос жүйеден ауытқымайды. Яғни оқушыға грамматиканы меңгерте отырып, жаңа, тың, әлемдік мәліметтермен де таныстырады [4].

Ақпараттық-коммуникативтік технология арқылы сатылай кешенді оқытудың тиімді жақтары:

Мұғалім үшін:

- Жаңашыл мұғалім тұлғасын қалыптастырады
- Мұғалімнің жұмысы жеңілдейді
- Ақпараттарды көбірек бере алады
- Уақытты үнемдейді

Оқушы үшін:

- Ынтасы, белсенділігі, қызығушылығы артады
- Тапсырманы мұқият орындайды
- Интерактивті такта, компьютерлік талдау арқылы оқушылардың ақпараттық-коммуникациялық сауаттылығын жетілдіріледі
- Ести отыра жазуға үйренеді
- Тыңдай білуге үйренеді

Қорыта келгенде, оқыту үрдісінде жаңа педагогикалық

технологияларды қолдану білім сапасын жақсартуға көмектеседі. Технологияларды біріктіре отырып білім берсек, бірінің толмас жерін бірі толықтырып, оқушыға жүйелі әрі толық білім беріледі. Қазіргі 12 жылдық білім беру жүйесі бойынша қолға алынып жатқан лексикалық тақырыптар мен грамматикалық тақырыптарды оқушыға қатар меңгертуде жоғарыда аталған технологиялардың пайдасы зор деп есептеймін. Себебі, «Ақпараттық-коммуникативтік» технология арқылы оқушыға тың әрі қызықты мәліметтерді беретін болсақ, «Сатылай кешенді оқыту» технологи-

ясы арқылы теориялық білімдерін жаңғыртып отырамыз. Ал қос технологияның бірігуінен баланың зейінін сабаққа аударып, белсенді жұмыс жасауына түрткі боламыз деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Салимова Н.Т. Рухани жаңғыру жағдайында жоғары білім жүйесінде мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыру мәселелері. – Алматы, 2017

2. К.Ә.Әбдірейімова, Р.Б.Сәкенова,

А.А.Оспанова, Ж.Ө.Ниязқұлова. Қазақ әдебиеті (Н.А.Оразахынованың «Сатылай кешенді талдау» технологиясының негізінде). – Алматы, 2012.

3. Н.А.Оразахынова, Р.М.Шалова. Бастауыш сыныпта тілдік бірліктерді сатылай кешенді талдау. – Алматы, 2012

4. <https://infourok.ru>

СТУДЕНТТЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ПӘНДЕР БОЙЫНША ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН БАҒАЛАУ

А. Шайзада

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің 1 курс магистранты

Түйіндеме. Мақала шығармашылық мамандықта оқитын студенттердің оқу жетістіктерін бағалаудың тиімді жолдары мен ерекшеліктері туралы айтылады. Қазіргі жаһандану заманында әр пәннің оқытушы студенттің жан-жақты дамуын, құзыреттілігінің жоғары болуын талап етіп отыр. Осыған орай студенттің шығармашылық пәндерден қабілетін байқап, оны дамытып, дербестігі мен белсенділігіне дұрыс бағыт беріп, бағалау жүйесін жетілдіру қажет.

Кілт сөздер: бағалау, шығармашылық мамандық, біліктілік, рейтинг, критериалды бағалау.

Аннотация: В статье рассказывается об эффективных способах и особенностях оценки учебных достижений студентов по творческим специальностям. В современном мире модернизации каждый предмет требует полноценного студенческого развития и компетенции. В связи с этим необходимо соблюдать умение студента осваивать творческие дисциплины, развивать его и совершенствовать систему оценки и самостоятельности.

Ключевые слова: оценка, творческая профессия, квалификация, рейтинг, критериальная оценка.

Abstract: The article describes the effective ways and features of the evaluation of students' educational achievements in creative specialties. In the modern world of modernization, each subject requires full-fledged student development and competence. In this regard, it is necessary to observe the student's ability to master creative disciplines, develop it and improve the system of evaluation and independence.

Keywords: assessment, creative profession, qualification, rating, criterial assessment.

«Біздің жастарымыз оқуға, жаңа ғылым-білімді игеруге, жаңа машықтар алуға, білім мен технологияны күнделікті өмірде шебер де тиімді пайдалануға тиіс. Біз бұл үшін барлық мүмкіндіктерді жасап, ең қолайлы жағдайлармен қамтамасыз етуіміз керек» - деп Елбасы жолдауында айтқандай, қазіргі білім беру жүйесінің ең басты мақсаты — бәсекеге қабілетті маман дайындау.

Қазіргі жаһандану заманында әр пәннің оқытушы студенттің жан-жақты дамуын, құзыреттілігінің жоғары болуын талап етіп отыр. Осыған орай студенттің шығармашылық пәндерден қабілетін байқап, оны дамытып, дербестігі мен белсенділігіне дұрыс бағыт беріп, бағалау жүйесін жетілдіру қажет. Бүгінгі заман талабына сай білім берудегі шынайы мақсат студентке белгілі бір білімді жеткізу ғана болып табылмайды, ол оның рухани, адамгершілік тұрғыдағы тұлғасын дамыту. Шығармашылық студенттердің өмірден өз орнын табуы үшін бойындағы дарыны мен қабілетінің ашыла түсуіне де көмектесу қажет. Студенттердің шығармашылық пәндер бойынша бағалауын жетілдіру оның өзін-өзі жетілдіріп, басқадан үлгі алуға, өз бетінше шешім айта алуына, әр іске жауапкершілікпен қарауға ұмтылдырады. Осы жолда оқытушыға үлкен шығармашылық пен ізденіс қажет етіледі. Онсыз оқытушыға шығармашылық пәндерден студент жүрегіне жол табуы мүмкін болмайды. Бүгінгі таңда қоғам шығармашылық қабілеті

бар, дарынды мамандарға зәру болып отыр.

Біліктілік арттыру жүйесінде педагогтардың оқу қажеттіліктері нақты білімнің мәнін түсінуге, соның нәтижесінде өзіндік іс-әрекетке еруге және жеке өміріндегі тәжірибені жетілдіру мақсаттарына байланысты қалыптасады. Қазіргі заманғы оқытушы оқуға үлкен потенциалдық мүмкіндіктермен келеді.

Студенттердің шығармашылық пәндерден теориялық және практикалық жұмыстарын жүргізу барысында, олардың шығармашылық қабілеттерін айқындау, шыңдау қызметі ерекше орын алады. Оқытушы студенттердің сабақ барысында шеберліктерін шыңдап, жан-жақты білім мен тәрбие саласын тереңінен меңгертеді. Олар болашақ үлкен өмірге дұрыс қадам жасаудың бағытын меңгереді, ұлтжанды ұрпақ деген ұғымның қандай екенін біліп, соған жетуге ұмтылады [3].

Біздің тәуелсіз мемлекетіміз қазір толығымен кредиттік жүйе бойынша оқиды. Кредиттік жүйге өтуде бастапқыда біршама қиыншылықтар болды. Ең маңызды мәселенің бірі – студенттерді оқу-әдістемелік кешендермен, яғни силлабусбен қамтамасыз етілуі. Одан кейін мамандықтарға сәйкес базалық және кәсіптендіру пәндері бойынша оқулықтардың аздығы бұл әсіресе шығармашылық пәндерден қиындықтар туғызды, оқулықтардың мүлдем жоқтығы оқу-әдістемелік кешендерді дайындауға кедергі болып тұр.

Сонымен қатар, студент білімін бақылау және тексе-



ру кредиттік оқыту жүйесінің негізгі ажырамас бөлігі болып табылады. Студенттердің оқудағы жетістіктерін бағалау рейтинг жүйесі бойынша: ағымдағы, аралық және қорытынды бақылаулар арқылы жүзеге асады. Бұл жерде студенттерді шығармашылық пәндер бойынша бағалаудың да өзіндік ерекшеліктері мен қиындықтары да кездеседі.

Рейтинг жүйесі – білімді бағалаудың жаңашы көрсеткіші болып табылады. Бұл жаңа жүйе арқылы оқытушы студенттердің жеке, дара шығармашылық қабілеттерін, мүмкіндіктерін және жеке тақырыптарды игерудегі де кемшіліктерін нақты бақылай алады. Рейтинг жүйесін қолдануда оқытудың барлық кезеңі аралығында студенттердің тұрақты өзінің жұмысын қамтамасыз етеді, материалды терең және сапалы игеруге ықпал ете алады [2].

Ағымдағы бақылау ол әр пәннің оқу бағдарламаларына сәйкес оқытушылардың күнделікті жүргізетін сабақтарын студенттің меңгеруін тексеру болып табылады.

Шығармашылық пәндерден студенттің пәнді игеру дәрежесін және білімін тексеру үшін күнделікті бақылаудың келесідей түрлерін қолданылуға болады:

- бақылаудың ауызша түрі, (тараудың бір немесе бірнеше тақырыптарын өткен соң, оның меңгерілуін тексеру мақсатында теориялық тұрғыда сұрақтарға жауап немесе ситуациялық талдау түрінде өткізілуі мүмкін);

- жазбаша бақылау, (курстың белгілі бір тарауын өткен соң, оның меңгерілуін тексеру мақсатында мысалы, суретші-әрлеуші мамандығына белгілі бір тақырыпқа сурет салу, практикалық тапсырманы орындау арқылы жүргізіледі);

- ауызша және жазбаша бақылау (бір немесе бірнеше модуль бойынша ауызша және жазбаша түрде жауап беру түрінде жүргізіледі);

- үй тапсырмасын қорғау және презентациялау (үй тапсырмасының меңгерілуінің дұрыстығын, өткізілген тақырыптарды қорыта алуын, олардың арасындағы логикалық байланыстарды анықтап, оны көпшілік алдында дәлелдей алуын тексеру мақсатында жеке не топ болып орындау);

- дискуссия, тренинг, дөңгелек стол т.б. (студенттің жеке көпшілік жағдайында немесе ойын түрінде проблемалық сұрақтарды талдай, ойлай және шешім қабылдай алуын, сонымен қатар, оның меңгерген дағдыларын тексеру мақсатында өткізіледі);

КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ – ОҚУШЫНЫҢ БІЛІМ НӘТИЖЕСІНІҢ КӨРІНІСІ

Макешева Е.О. -

БМ012100 – «Қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы,

2-курс магистранты

Ғылыми жетекшісі: п.ғ.д., профессор Сүлейменова Ж. Н.

Аннотация: В статье рассматриваются проблемы критериальной оценки, как новый метод в школе. Система критериальной оценки- это оценка уровни знаний по новой технологии. Существует два типа систем оценки на основе критериев: 1) формирующая оценка; 2) итоговая оценка. Формирующая оценка - это устная или письменная оценка уровня знаний во время урока каждого ученика, текущая оценка. Итоговая оценка – это оценка ученика за четверть.

Ключевые слова: обновленная образовательная программа, система оценки, критериальная оценка, формиру-

ющая оценка, квартальная кумулятивная оценка, система баллов.

Abstract: The article deals with the problems of criterion assessment, as a new method in school. The criterion assessment system is an assessment of the level of knowledge of the new technology. There are two types of criteria-based assessment systems: 1) formative assessment; 2) the final grade. Formative assessment is an oral or written assessment of the level of knowledge during the lesson of each student, the current assessment. The final grade is the grade for the student for a quarter.

Keywords: updated educational program, assessment system, criterial assessment, formative assessment, quarterly cumulative assessment, scoring system.

Заман өзгерген сайын қоғамда түрлі өзгерістер мен жаңа бастамалар пайда болып, «ескінің» жаңа түрге енетіні, инновациялар мен ғылыми жаңалықтардың көрініс табатыны айқын. Сол жаңашылдықтың басынан білім мен ізденістің, жаңа бағыт пен шығармашылықтың сабақтастығы орын алады.

Білім – мәңгілік ізденіс, өйткені ол ешқашан таусылмайтын бұлақ. [1] Бүгінгі таңда еліміздің барлық мектептері білім берудің жаңартылған бағдарламасына көшкені мәлім. Мысалы 2016-2017 оқу жылдарында 1-сыныптар, 2017-2018 оқу жылында 1,2,5,7 – сыныптар, 2018-2019 оқу жылында 1,2,3,5,6,7,8-сыныптар жаңартылған білім мазмұны негізінде оқытылуда. Білім берудің жаңартылған бағдарламасына сәйкес білім алушының өзі емес, оның білімі және сабақ барысындағы жұмысы бағаланады. Бұл бағалау критериалды бағалау жүйесі негізінде жүзеге асады.

Критериалды бағалау жүйесі – оқушының білім деңгейін бағалау. Критериалды бағалау жүйесінің екі түрі бар: 1) қалыптастырушы бағалау; 2) жиынтық бағалау. Қалыптастырушы бағалау дегеніміз – білім алушының әр сабақ соңындағы білім деңгейінің ауызша немесе жазбаша түрде бағалануы. Оқу бағдарламасына сәйкес сабақ беру және оқыту бөлігі ретіндегі мұғалімдердің жүргізетін ағымдағы бағалауы. [2.10]

Критерий – ұсынылған талаптарға сәйкес бір нәрсені бағалау бойынша шешім қабылдау ережесі, негіздемесі және белгісі. Әр критерийдің дискрипторы болады, онда оқу тапсырмасының орындалу нәтижесінің дұрыстығы туралы нақты түсінік беріледі. Дискрипторға сәйкес бағалау оқушының қойған мақсатына жетуін анықтайды.

Қалыптастырушы (ағымдағы) бағалау – сабақта күнделікті жүзеге асатын, білім мен дағдыны меңгеру деңгейін анықтайтын бағалау. Қалыптастырушы бағалау білім беру процесінде оқушы мен мұғалімнің арасындағы өзара тығыз байланысты жүзеге асырады.

Ішкі жиынтық бағалау – оқу ақпараты блогын оқып болғаннан кейін білім және оқу дағдысының қалыптасу деңгейін анықтау.

Сыртқы жиынтық бағалау – оқу дағдысы мен білімін қалыптастыру деңгейін анықтайды, оқытудың есеп беру кезеңінің қорытынды бағасын анықтауға негіз болып табылады.

Модерация – білім беру процесінің нәтижесі мен сапасын айтарлықтай арттыруға мүмкіндік береді.

Критериалды бағалауды мектептерге енгізудің мақсаты оқыту сапасын жоғарлатудан, мектеп оқушыларының білімін халықаралық стандартқа сәйкестендіруден туындап келді. Сондай-ақ, оның басты ерекшеліктері белгіленді.

Критериалды бағалаудың басты ерекшелігі:

Ø Алдын ала ұсынылған бағалау шкаласы;

Ø Анық, айқындылығы;

Ø Бағаның әділдігі;

Ø Оқушының өзін бағалауына мүмкіндіктің берілуі.

Сонымен қатар критериалды бағалау жүйесі бұрынғы бағалауға қарағанда қалыптастырушы және жиынтық бағалаумен ерекшеленеді. Қалыптастырушы бағалау оқытуды, әдістерді және осы мүмкіндіктерді іске асыру түрлерін жақсарту мүмкіндіктерін анықтауға бағытталған болса, жиынтық бағалау мақсатты баға қою және сертификаттау немесе оқытудың алға жылжуын тіркеу үшін оқыту қорытындысын шығару үшін қажет.

Критериалды бағалаудың мақсаты бағалау критерийлерінің негізінде оқушылардың оқу жетістіктері туралы шынайы ақпарат алу және оқу үдерісін жетілдіре түсу үшін оны барлық қатысушыларға ұсыну.

Критериалды бағалаудың міндеттері:

1. Оқу үдерісінде бағалаудың қызметі мен мүмкіндіктері аясын кеңейту;

2. Жүйелі кері байланыс орнату арқылы оқушылардың өзін-өзі үнемі жетілдіріп отыруына жағдай жасау;

3. Бірыңғай стандарттарды, сапалы бағалау құралдарын, механизмдерін қалыптастыруға көмектесу;

4. Қолжетімді, нақты, үздіксіз:

– оқушыларға олардың оқу сапасы туралы;

– мұғалімдерге оқушылардың ілгерілеуі туралы;

– ата-аналарға оқу нәтижелерінің деңгейлері туралы;

– басқару органдарына ұсынылған білім беру қызметінің сапасы туралы ақпараттар ұсыну. [3]

Критерийлер оқу тапсырмасының дұрыс орындалу жолдарының айқын, нақты көрсетілген көрсеткіштерінен тұрады, ал сол көрсеткіш бойынша бағалау – оқушының белгіленген мақсатқа қаншалықты жеткендігінің дәрежесін анықтау. Ол тіл пәндерінде «тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым» деп аталады. Оқу мақсаттары оқушы бойында осы дағдылардың қалыптасуына негізделген. Сабақтарда белсенді іс-әрекеттерді, топтық жұмыстарды ұйымдастыра отырып, оқушыны білуге жетелеу, ұмтылдыру мұғалімнің кәсіби шеберлігін қажет етеді. Қалыптастырушы бағалау тапсырмаларын да ұтымды әрі нақты құру жақсы нәтиже бермек.

Осы орайда критериалды бағалаудың артықшылықтарын атап өтуге болады:

Оқушының жұмысы дұрыс орындалған жұмыс үлгісімен салыстырылады;

Оқушының жеке басы емес, тек қана жұмысы бағаланады;

Үлгі оқушыларға алдын-ала белгілі болады;

Оқушыға бағалау алгоритмі алдын-ала белгілі бо-



лады;

Білім беру сапасының артуына жол ашылады;

Оқушылар мұнда нәтижені талдау үшін бағалау критерийлерін білуге, түсінуге, рефлексияға қатысуға, яғни өзін және өз достарын бағалауға, нақты тапсырмаларды орындауда өз білімдерін қолдануға, ойларын еркін жеткізе білуге, сын тұрғысынан ойлай білуге дағдыланады. Қалай оқу керектігін пайымдайды. “Балаға өз бетімен зерттеуге мүмкіндік туғызған сайын одан әрі жақсы оқи түседі”- деген Питер Клайнның сөзін [4] ескерсек, сабақ барысында топтық әңгіме, зерттеушілік әңгіме, ашық және жабық сұрақ түрлерін құру сынды т.б. жұмыстар оқушы тарапынан қызығушылықты тудырып, өз бетінше ұмтылысын арттырады.

Критериалды бағалаудың қағидаттары (принциптері):

•Оқыту мен бағалаудың өзара байланысы. Бағалау оқытудың ажырамас бір бөлігі болып табылады, ол оқу бағдарламасындағы максаттармен, күтілетін нәтижелермен тікелей байланысты.

•Шынайылық, сенімділік және валидтілік. Бағалау дәл және сенімді ақпаратты ұсынады. Қолданылатын критерийлердің, құралдардың оқу максаттарына жетуге, күтілетін нәтижелерді бағалайтынына сенімділігі болады.

•Ашықтық және қолжетімділік. Бағалау түсінікті, айқын ақпараттарды ұсынады, сондай-ақ, барлық жау үдерісіне қатысушылардың қызығушылығын, жауапкершілігін арттырады.

•Үздіксіздік. Бағалау оқушылардың оқу жетістігінің ілгерілеуін дер кезінде және жүйелі қадағалап отыруға мүмкіндік беретін үздіксіз үдеріс болып табылады.

•Дамуға бағыттау. Бағалау нәтижелері оқушылардың, мұғалімдердің, мектептің, білім беру саласының даму бағытын анықтайды және ынталандырады.

Критерийлер оқу тапсырмасының дұрыс орындалу жолдарының айқын, нақты көрсетілген көрсеткіштерінен тұрады, ал сол көрсеткіш бойынша бағалау – оқушының белгіленген максатқа қаншалықты жеткендігінің дәрежесін анықтау. Критериалды бағалау жұмыстары барысында оқушылар өз ойын жеткізу жолдарын, әңгімелерді баяндау және өздерінің армандары мен үміттері, жоспарлары туралы сөйлесу барсында айтып, тілдесім мен аудиовизуалды материалды тыңдауда өз көзқарастарын білдіре отырып жауап беру; әдеби және әдеби емес мәтіндерге максатқа сай қорытынды жасау және анализ жасау; қысқа жүйелі мәтіндерді жазу барысында қажетті және қызықты ақпараттарды пайдалана білу дағдыларын меңгеруде. Және бұл әлі де тереңірек зерттеуді, нақтылай түсуді қажет ететін мәселе. [5]

Мысал: Бөлім бойынша жиынтық бағалауға мысал. 8-сынып, қазақ тілі пәні.

«Биоалуантүрлілік. Қызыл кітапқа енген жануарлар мен өсімдіктер» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Оқушының аты-жөні, сыныбы: _____

1-тапсырма: Мәтінді мұқият оқы, неліктен бөкен Қызыл кітапқа енгізілген жоқ? Пікір білдір. Қарамен белгіленген сөйлемді сөйлем мүшесіне және сөз тіркесіне талда.

Адамның табиғатқа әсерінен жануарлар мен өсімдіктер қырғынға ұшырауда, соның салдарынан ағзаның көптеген түрлері жойылып кету шегіне жетті. Мәселен, 90-жылдардың ортасына дейін, 40 жыл бойы бөкен Қазақстандағы негізгі кәсіптік жануар болды. 1991-1993 жылдарда 800-900 мың бөкендер бар еді. 1998 жылы - 470 мың, 2001 жылы - 80 мың, ал 2003 жылы бар болғаны 21 мың бөкен қалды. Үкімет қаулыларымен бөкендердің барлық түрін аулауға тыйым салынды. Бөкен Қызыл кітапқа енгізілген жоқ, бірақ осал, тіпті қиын-қыстау қауіп төнген түр мәртебесінде тұр. Оның санын қалпына келтіруде едәуір қаржы салынып, аң шаруашылығы мен өзге ұйымдардың қарқынды күш жұмсауы қоса тапсырылды. Сөйтіп бөкен саны 30 мыңға жетті. Бірақ 2015 жылы бөкен ауруға ұшырап, 30 мыңнан бөкеннен 10 мың бөкен қалды.

2-тапсырма: Қорық дегеніміз не? Қазақстанда қанша қорық түрі бар? Өзің білетін қорық туралы қысқаша ақпарат жаз.

3-тапсырма: «Тірі табиғатты бірге қорғайық, досым!» тақырыбында сыныптас досыңа үндеу хат жаз. Хатыңда Қызыл кітапқа енген құстар мен өсімдіктер туралы ақпарат бер.

Дескриптор:

Тапсырма: Оқушы орындай алады: Тиісті ұпай саны: Жинағаны:

1-тапсырма: Мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтайды Мәтінде берілген ақпаратты түсінеді және негізгі мәселені анықтайды 1

Бөкеннің Қызыл кітапқа енген себебін түсіндіреді 2

Берілген сөйлемді сөйлем мүшесі мен сөз тіркесіне талдайды 2

2-тапсырма: Қорықтар туралы ақпарат біледі Қорық туралы толық біледі 2

Қазақстан аймағындағы қорықтарды түгел біледі (бір қорық туралы ақпарат береді) 2

3-тапсырма: Өз білімін пайдаланып үндеу хат жаза алады Қызыл кітапқа енген құстар мен өсімдіктер туралы ақпарат біледі 1

Өз білімін пайдаланып үндеу хат жазады

2 Қатесіз, сауатты жаза алады 2

Барлығы : 14

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сабырбаева Ш. Білім – мәңгілік ізденіс. – <http://sabaqtar.kz/gilimi/288-blm-mglk-zdens.html>(23.09.2014)

2. «Критериалды бағалаудың кіріктірілген моделі» әдістемелік ұсыныстар, «НЗМ» дербес білім беру ұйымы, Астана - 2013 ж. (10 - б)

3. Назарбаев Зияткерлік мектептері ДББҰ, «Қазақ тілі пәні бойынша оқу бағдарламасы» – 2012 – Қазақстандағы Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы

4. <http://bilimdiler.kz/ustaz/4850-okushylarga-surakoyu-zhane-olardyn-zhauaptaryna-karay-areket-etuturaly.html>(23.09.2014)

5. Красноборова А.А. Критериальное оценивание в школе. Учебное пособие

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫНА ЖАҢА БАҒДАР

Абитаева Эльза Мирлановна

№1 Алматы қазақ мемлекеттік гуманитарлық – педагогтік колледж

Тәуелсіз елдің негізгі тірегі - білімді ұрпақ. Қазіргі таңда білімдіалға түсіп, бәйгеден озып келетін заманы енді туды. Мемлекет болашағының кепілі - жастарға білім мен тәрбие беру мәселесінен өткір мәселше жоқ екені белгілі. Қазақтың кемел талантты ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынов: «Елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керек», - деген. Қазақстан Республикасының білім беру реформаларының негізгі мақсаты – білім беру жүйесін жаңа экономикалық ортаға бейімдеу. Бұл тұрғыда ел Президенті Н.Ә.Назарбаев еліміздің әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылуы туралы міндет қойғаны мәлім. Білім беру жүйесін жетілдіру осы мақсатқа қол жеткізуде маңызды рөл атқарады. Болашақта өркениетті, дамыған елдер қорына ену үшін заман талабына сай білім қажет.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстандық жол – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында еліміз дамуының барлық Стратегиялық бағыттарын жүзеге асыратын міндеттер қойылды. Республика болашағына бағдар беретін бұл жолдауда « XXI ғасырдағы дамыған ел дегеніміз – белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар» - деген.

Ал, дамудың негізі білім мен ғылымға келіп тіреледі. Сондықтан да, әлемдегі дамыған елдер сияқты Тәуелсіз елімізде білім жүйесі сапасын жетілдіру ең негізгі өзекті мәселелердің бірі болып отырғаны белгілі. Осыған орай, білім беру жүйесінде жастарға сапалы білім беріп, олардың үйлесімді дамуы мен тұлға ретінде қалыптасуында ұстаздың кәсіби шеберлік көрсеткіштерінің бірі – жалпы педагогикалық, ғылыми – теориялық, әдістемелік жаңалықтар мен озық тәжірибені жетік меңгерудің маңызы зор. Қазіргі ұстаздар алдындағы міндет: ғылым мен техниканың даму деңгейіне сәйкес оқушының білімі терең, іскер және ойлауға қабілетті, әлемдік стандарттар негізінде жұмыс істей алатын құзырлы тұлғаны қалыптастыру.

Мұндай талапқа сай қызмет істеу үшін ұстаз үздіксіз ізденісте кәсіби білікті болуы тиіс. Инновациялық оқыту нәтижелері оқушының өз бетінше әрекет етуі арқылы білімді меңгеруіне ықпал етуі тиіс. Оқушының ой – өрісін кеңейтіп, дүниетанымдық көзқарастары мен танымдық белсенділігін арттыруда, зерттеушілігі арқылы шығармашылық икемділігін дамытуда, біліктілікке ұмтылуда, яғни тұлғаны жан – жақты дамытуда жүзеге асыруда оқу үдерісіне инновациялық технологияларды енгізу шешуші рөл атқарады, оң нәтиже береді.

Жаңартылған білім бағдарламасы оқушы үшін де, мұғалім үшін де тиімді бағдарлама. Мысалы: Д.С. Брунер оқытудағы маңызды тәжірибені дамыту бойынша бірнеше өте маңызды кеңестер ұсынды. Д.С.Брунер теориясының ажырамас бөлігі « Жаңалық ашу» және « Егер оқушыға бөліктерді бір жерге жинауға және өзін ашушы болуға рұқсат етілсе, алынатын нәтижелер шынайы» деген ұғымдар болды. Оқытудың мұндай типінің артықшылығына төрт аспектінің арасында; біріншіден, зияткерлік мүмкіндіктердің өсуі арқылы; екіншіден, сыртқы марапаттаудан ішкі марапаттауға өту арқылы; үшіншіден, жаңалық ашу арқылы және соңғысы, жадыны дамыту үшін осындай оқытудың тиімділігі арқылы қол жеткізіледі. [1,486]

Жаңартылған білім беру бағдарламасының ең негізгі мақсаты – білім алушылардың оқу нәтижелерін жетілдіру болып табылады. Орта білім мазмұнын жаңартудың көптеген компоненттері, соның ішінде мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы осы мақсатқа бағытталған.

Бағдарламаның міндеттері:

1. Пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасының құрылымымен, ондағы материалдардың күрделілігінің өсу ретімен, мазмұнымен және мақсаттарымен таныстыру;

2. Пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес келетін педагогикалық



тәсілдерді түсінуін және қолдана білуін қамтамасыз ету;

3. Пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасындағы оқу мақсаттарына қол жеткізу мақсатында критериалды бағалау жүйесін түсініп, қолдана білуін қамтамасыз ету;

4. Мұғалімдердің бойында орта білім мазмұнын жаңарту жағдайында пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасын іске асыру үшін қажетті дағдыларды қалыптастыру.

Бүгінгі күні барлық елдер жоғары сапалы білім жүйесімен жұмыс істеуде.

Өйткені қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі оның азаматтарының парасаттылығымен анықталады, сондықтан білім беру жүйесі болашақтың талабына сәйкес дамуы тиіс. Оқушыларды заманауи тиімді оқыту мен оқу тәсілмен оқытып, ой – өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігіде осы себептен туындап отыр. Оның үстіне білім берудің жүйесін қарқынды дамытқат бұл үрдістің жалпы білім беретін мектептерге де енгізіле бастауы көңілді қуантады. Жаңа бағдарламаның мәні, баланың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде пайдалана білу керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттелді. Оқушылардың бойында ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады. Үйренгеніміз де, үйренеріміз де көп Үнді халқының тарихи тұлғасы Махатма Гандидің «Егер сен болашақтағы өзгерісті байқағың келсе, сол өзгерісті уақытында жаса» деген ілімін негізге ала отырып, оқушы бойындағы қабілетті жетілдіріп, оқушыларды болашаққа жетелеп, жақсы істі бастағалы отырмыз. Жаңартылған білім – болашақтың кепілі. [2,186]

2.1. Кіріктірілген білім беру бағдарламасында қазақ тілі пәнінің берілу жайы да өздеше. Бағдарлама оқушының төрт тілдік дағдысын: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым жетілдіруге бағытталған. Бұл сөйлеу әрекеттеріне төмендегідей анықтама беруге болады:

Тыңдалым – дыбысталап жатқан сөйлеуді бір сәтте қабылдау қызмет.

Тыңдалым оқушының сөйлеу әрекетінің дамуына стимул береді отырып, оқыту үдерісін дұрыс басқаруды қамтамасыз етеді. Оқушы тыңдалым арқылы жаңа тілдік, сөйлеу және ел танымдық материалдармен танысып, сөйлеу әрекетінің барлық түрлеріне қатысты дағдысы мен шеберлігін дамытады.

Оқылым – мәтіндегі жазылған ақпаратты алуға бағытталады, яғни жаттығуды оқи отырып, тапсырманы түсіну үшін қажет. Сондай – ақ мәтіннің мазмұнын айту үшін, ең алдымен, оны оқу керектігі белгілі. Жалпы алғанда, оқылым – тілді меңгерудің бір тәсілі, сөздік қорды көбейтудің құралы; оқылым – грамматикалық құрылымдарды есте сақтауға мүмкіндік береді; сол тілде сөйлеуге, айтылымды жетілдіруді қамтамасыз

етеді.

Айтылым – қабылдау және сөйлеудің туу үдерісімен байланысты. Барлық адамның сөйлеу ағзалары бірдей болғанымен, артикляциялық базасы түрліше. Мұнда орфоэпияға көп көңіл бөлген жөн, өйткені қазақ тіліндегі сөздердің барлығы жазылуына қарай айтыла бермейді.

Жазылым – айтылған мәтіндегі сөздер мен сөйлемдерді сауатты жазуға бағытталады. Жазылым арқалы оқушылардың сөздік қорын көбейтуге болады. Сондай – ақ оқушылар өзінің жеке басына қатысты хат жаза білуге; құжаттарды толтыруға үйренеді; ұсынылған тақырып көлеміндегі мәселелер бойынша өз ойын қысқаша жазбаша білдіре алады.

2.2. Бағдарлама Джерон Брунердің Спиральділік қағидатына негізделген.

Оның пікірінше, ең күрделі материалдың өзі дұрыс құрылымдалып, дұрыс ұсынылатын болса, оны тіпті кішкентай балалар да түсіне алады. Брунер адамның танымдық қабілеті шартты түрде бөлінген үш сатыдан тұрады деп тұжырымдайды:

- Белсенді (жұмыс үдерісінде білім алу)

- Бейнлік (суреттер мен бейнелердің көмегімен білім алу)

- Таңбалық (сөздер мен сандардың көмегімен білім алу)

Бұл спиральді білім беру бағдарламасы тұжырымының дамуына себеп болған. Брунердің жұмысына негізделген спиральді білім беру бағдарламасының негізгі ерекшеліктері:

- Оқушы мектепте оқығаны кезде тақырыпты немесе пәнді бірнеше рет қайталап оқиды;

- Әр бір қайталап оқыған сайын тақырыптың немесе пәннің күрделілігі арта түседі;

- Жаңа білім алдыңғы біліммен тығыз байланысты және бұған дейін алынған ақпарат тұрғысынан қарастырылады.

Жаңартылған білім бағдарламасы негізінен үш құжаттан тұрады, ол оқу бағдарламасы, оқу жоспары және бағалаудың түрлері.

Жаңа оқу бағдарламаларының тағы бір ерекшелігі – олардың пәндік білім мен дағдыларды ғана емес, сондай – ақ, кең ауқымды дағдыларды қалыптастыруға бағытталуы. Оқу мақсаттарының жүйесі мынадай кең ауқымды дағдыларды дамытудың негізі болып табылады: функционалдық және шығармашылық түрінде білімдерін қолдану; сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалану, қарым – қатынастың әртүрлерін қолдану, жеке және топта жұмыс істей алу, мәселелерді шешу және шешімдер қабылдау.

Жаңартылған оқу бағдарламаларының икемділігі мен жан – жақтылығы оның маңызды сипаттамасы болып табылады. Мұғалімдер тараудың және тиісті тоқсанның аясында тараулар мен бөлімдерді оқытудың ретін өзі анықтауға құқылы. Мұғалімдер бірнеше мақсатқа жетуге бағытталған тапсырмаларды құрастыра алады. Оқу бағдарламасы мұғалімдердің оқу мақсатын жиынтықта орындаған жағдайда оқу бағдарламасындағы оқу мақсатына жетуге әкелетін бірнеше мақсаттарға бөлуіне мүмкіндік береді. Мұғалімдер тақырыпқа оқу мақсатына берілген

сағат санын өз бетімен анықтауларына болады. Бұл шешім оқу – әдістемелік бірлестігінің отырысында қабылдана алады. Жоспарлау кезінде мұғалімдер бекіту және қайталау сабақтарын ескерулері тиіс. Оқу бағдарламасындағы пәндер бойынша оқу жоспарлары ұсыныс сипатында берілген. Оқу мақсаттарының жүйесі мен оқу тәсілдеріне негізделген ұзақ мерзімді және орта мерзімді жоспарларда мұғалімдер үшін тақырыптар мен бөлімдер бойынша сабақтарды өткізу, білім алушыларды сабақтарда ұйымдастыру бойынша ұсыныстар берілген, сондай – ақ оқыту ресурстары (интернет, мәтіндер, жаттығулар, бейне және аудиоматериалдары және т.б.) көрсетілген.

Әрбір оқу пәні бойынша мазмұнын жобалаудың принципі өзгерген – сызықтық принципі «шиыршық» принципіне ауысты, яғни білім мен біліктің бірге – бірге тігінен де, көлденеңінен де ұлғаюы (дағдылардың тақырыптары және сыныптар бойынша күрделенуі). Жаңартылған білім мазмұны өзіндік ерешеліктері жүзеге асады.

3. Бүгінгі таңда жеке тұлғаны емес, оның даму үрдісін басқару қажеттігі айқындалып отыр. Білім алушының түрлі ақпараттың толассыз ағынында бағытталуы қиынға түсіп отыр, ол үшін оның талдау, құрылымдау, жүйелеу, мәселені шешу дағдылары жетік дамытылуы тиіс. Ал бұл, педагог жұмысындағы тікелей жасалатын әдістерден, бас тартылып, артық дидактизмнен, ғибаратты сарыннан тежелуді; оның есесіне бірінші орынға қарым – қатынас жасаудың сұхбаттық әдістерін, шындықты бірлесіп іздеуді, сан алуан шығармашылық әрекетті тәрбиелеуші шарттарды жасау арқылы дамытуда білдіреді.

Қазіргі таңдағы білім мазмұнында біршама өзгерістер бар екені белгілі.

Жаңа әдіс – тәсілдердің пайда болуы, олардың оқытуда өз нәтижесін көрсетуі білім беру саласындағы үлкен жетістік. Жаңа бағдарлама бойынша көбінесе

сын тұрғысынан ойлау, белсенді оқыту, интербелсенді оқыту технологияларының әдіс – тәсілдері кеңінен пайдаланылады. Олардың ішінде қазақ тілін оқытуға арнайы негізделген түрлеріде жетерлік.

Қорыта айтқанда, еліміздің барлық ұстаз қауымы жаппай жаңартылған білім мазмұнына бейімделу үшін талмай еңбек етуде. Жаңа білім жаңа әдістерге, тәсілдерге, технологияларға бастар жол. Қазақ тілін оқыту ешқашан шет қалмайды, сондықтан тіл білімін оқытуда жаңаша оқыту жолдары мен жаңаша идеяны болуы бәріміз үшін үлкен қуаныш. Оқытушыға, оқушыға да жаңартылған білім мазмұны өзінің нәтижесін көрсету үшін шебер әдіскерлер мен мұғалімдер керек. ХХІ ғасыр – ғылым ғасыры. Мақсатты білім беру – тұлға дамуын жүзеге асыратын мәселе. Ал осы жалпы еуропалық стандартқа сай жаңа білім беру – жеке тұлғаның жан – жақты дамуына әкелетін бірден – бір жол!

Бұл жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша: алдымызға бір мақсат қоя отырып, сол мақсатқа жету жолында шәкірттердің жүрегіне жол тауып, әрекеттендіре білу шеберлігіне жетсек, егемен елдің ұл – қыздары білімді де білікті болып шықпақ. Соның арқасында біз бәсекеге қабілетті, іргесі мықты ел боламыз. Ұстпаздықтың ұлы жолында әрбір білім беруші бар күш – жігерін салып, еліне пайдасын тигізіп жатса, бұл ғаламда одан артық бақыт жоқ деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сарбасова Қ. «Инновациялық педагогикалық технологиялар» Алматы, 2002
2. Мұғалімге арналған нұсқаулар (екінші басылым) «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ педагогикалық шеберлік орталығы, 2015
3. Н.Қ. Мухамадиева, Н.Ә. Үстемір «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» Алматы, 2002

БІРЛЕСКЕН ӘРЕКЕТТЕР–ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ОҚЫТУДЫҢ НЕГІЗІ

Тұрғанбай А., Тыныштық Н.

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
5В011700-қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 3-курс студенттері*

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., аға оқытушы Қондыбай Күлшат Әбдіғанымқызы

Түйіндемесі: Мақалада ЖОО-нда және мектептерде бірлескен әрекеттер арқылы интербелсенді оқытудың қазіргі заманауи сабақтарда білім алушылардың топпен, жұппен, барлық топпен жұмыс істеудің, үйренудің, үйретудің артықшылықтары мен ерекшеліктері сөз етіледі. Нақты өткізілген сабақтар барысындағы студенттердің топпен жұмыс барысындағы білімдерінің сапалылығы айтылады.

Тірек сөздер: бірлескен әрекет, топтық жұмыс, жұптық жұмыс, үйрену, үйрету.

Аннотация: В статье рассматриваются преимущества и особенности работы, обучения, обучения обучающихся в группах, парах, всех группах на современных уроках интерактивного обучения посредством совместной деятельности в вузах и школах. В ходе практических занятий оговаривается качество знаний студентов в работе в группах.

Ключевые слова: совместная деятельность, групповая работа, парная работа, учить, учить.

Abstract: The article describes the benefits and features of working, learning, teaching of students in groups, pairs, all groups on the contemporary lessons of interactive learning through collaborative activities in universities and schools. In the course of practical training, the quality of students' knowledge in group work is stipulated.

Key words: joint activity, group work, pair work, teaching.

Интербелсенді әдіс – қарым-қатынасқа жағдай жа- сайтын жаңа тәсілдер және оларды сабақта қолдану. Интербелсенді оқу/оқыту - әрекет көмегімен және



әрекет арқылы, яғни әрекет жасай отырып үйрену/үйрету, - дейді А.Әлімов. Шынында, студенттердің, білім алушылардың, оқушылардың өзара бірлесе жұмыс істеуі, демек, бірге жұмыс жасау барысында әрекет ете отырып үйрену.

Дәстүрлі білім беру жүйесінің басты мақсаты «нәтиже» болып, мұғалім өзінің барлық күш-жігерін «үйретуге» бағыттайды, шәкіртін қорытынды нәтижеге ең қысқа жолмен жетелеуге тырысады. Бұл білім беру жүйесінде оқытудың нәтижелігі ең алдымен ақпаратпен байланыстырылады: үйрету процесі оқушыға ақпарат «беруге» бағытталады, оны жаңа, тың мәліметпен қамтамасыздандырумен шектеледі. Дәстүрлі оқытуда білім беру процесі көп жағдайда оқушының сабаққа «таза парақ» (tabula rasa) күйінде келіп (немесе іші қуыс ыдыс секілді), мұғалімнің оны сабақта білім мен «толтырумен» айналысатын құбылыс деп түсініледі.[1, 31] Оқушы сабақ үстінде ғана жаңа білім алып, сабақтан кейін оны бекіту жұмысымен ғана айналысуы қажет. Ал интербелсенді оқытуда - үдеріс, яғни үйрену үдерісінің өзіне, шәкірттердің қалай және қандай әдіс-тәсілдер арқылы үйренетіндігіне аса назар аударады. Мұндағы міндет - оқушылардың өзара белсенді әрекеттер жасауы арқылы өздігімен мәліметтерді игеруінде, оны ізденуінде және де құрастыруында. Демек, интербелсенді білім беру барысында білім алушылар өзара әрекет ете отырып, білім алады, ақпараттарды іздейді, игереді, оны сіңіреді, қабылдайды, құрастырады. Мұндай сабақтарға оқушылар дайындықсыз келмей, алдын-ала мәліметтермен танысып келеді, кейін сабақ барысында тақырып бойынша өз түсініктері мен пікірлерін келтіріп, әрі қарай оларды дәлелдеу жүйесін құрады, пікірталас жүргізеді, өзге пікірлерді тыңдап, балама көзқарастарды үнемі ескеріп отырады. Басқаша айтқанда, шәкірт өмірде өзіне қажетті білім-дағдыларды қалыптастырады. Ол сабақтан кейін сол білімдерін өздігімен дамыта түседі. Сол себепті де интербелсенді оқыту жүйесінде үйренушілер мынандай әрекеттерді атқаруға дайын болуы керек:

- бірлескен , яғни жұптық, топтық, ұжымдық жұмыстар;

- белсенділік таныту, көшбасшылық;
- кері байланыс жасау;
- проблема шешу;
- шешім қабылдау.

Біздің оқу орнымызда, яғни Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінде филология факультетінің біршама оқытушылары дәл осы интербелсенді әдісті қолдана отырып, жаңа технологиялармен жабдықталған аудиторияларда студенттерге білім беруде. Сабақ барысында түрлі әдіс-тәсілдер қолданылады. Атап айтсақ, қазақ әдебиетін, қазақ тілі салаларын оқытуға арналған пәндерді үйрету барысында жұмыстар үнемі топтық жүйеде өткізіледі. «Интербелсенді» дегеніміздің өзі біреумен қоян-қолтық қарым-қатынаста болу,онымент бірлесе әрекет жасау деп түсіндіріледі. Интербелсенді оқытудың негізгі қағидасының өзі ортаны қалыптастыру болып табылады. Сондықтан да оқытушы студенттерді «қағаз қиындылары» әдісімен әр түрлі топқа бөліп, «Джигсо», «Ақылдың алты ойлау қалпағы», «Insert», «Smart

мақсат» т.б әдістерімен сабақты одан әрі дамыта түседі. Бұл кезде студенттер топ болып, жұп болып жұмыс жасау арқылы алған білімдерін игеру барысында түрлі әдістерді пайдалана отырып, бірлесе, жұптаса отырып жұмыс түрлерін орындап, соны өзгелерге түсіндіреді, пікірлерін білдіреді, ортақ пікірге келеді, сұрақтар қояды, қорытынды жасайды, өзгелердің айтқандарын талдап, өзпікірлерін білдіреді, бағалайды, кері байланыс жасайды (1-сурет).

1-суретте студенттер топ болып жұмыс істеу үстінде.

Интербелсенді оқытудың тиімді жақтары өте көп. Бұл білім беру жүйесінде оқушылар қашан да белсенді, өзіндік пікір қалыптастырып, өз ойларын дұрыс жеткізе білуге, өз көзқарасын дәлелдеуге, пікірталас жүргізуге, басқаларды тыңдауға, өзге пікірді сыйлауға және онымен санасуға үйренеді. Мұндай сабақтарда бір ғана дұрыс жауап болмайды, өйткені басты мәселе дұрыс жауапты табуда емес, керісінше үйренушінің жеке тәжірибесіне негізделген іздену процесінің өзі болып табылады. Интербелсенді оқу/оқыту жоғары оқу орындарында келесі жұмыс түрлері мен әрекеттер арқылы жүзеге асырылады:

- бірлескен жұмыстар (жұптық, топтық, бүкіл аудиториямен),
- жеке және бірлескен зерттеу жұмыстары,
- оқу, рөлдік және өндірістік (іскерлік) ойындар,
- пікірталастар,
- ақпараттың әртүрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, Интернет, құжаттар, мұражай, т.б.),
- шығармашылық жұмыстар,
- жағдаяттар (ситуациялар) арқылы үйрену: нақты ситуацияларды талдау, кейс-стади,
- презентациялар,
- компьютерлік оқыту бағдарламалары,
- тренингтер,
- интервью,
- сауалнама, т. б. [2, 34]

Интербелсенді оқытуда бірлесе үйрену идеяларын ұстанатындықтан, бұл жерде әсіресе бірлескен топтық жұмыс әдістерінің маңызын ашып айту керек: біріншіден, олар өзін-өзі мен басқа адамдарды танудың тиімді құралы болып табылса, екіншіден, дүниетаным қалыптастырып, тұлғаның өзіндік дамуы мен басқалардың іс-әрекеттері мен олардың себептерін түсінуге ықпал жасайды. Топтық жұмыстар барлық үйренушілердің жұмысқа белсене қатысуын қамтамасыз етеді. Мұндай жұмыста шәкірттер өздерінің коммуникативтік дағдыларын, нақтылай айтсақ, тыңдай білу, ортақ шешім қабылдау, жанжалдарды болдырмауды іс жүзінде қолданады. Бірлесе үйренуде әрбір оқушы немесе студент оқу, үйренудің ортақ мағынасына және қорытынды нәтижесіне өзінің үлесін қоса отырып, басқалармен өз білгенімен, идея, ойларымен алмасып отырады. Сонымен бірге тиімді нәтижеге немесе білімге қандай бірлескен үйрену әрекеттері арқылы жете алатындығын анықтайды. Қарым-қатынастағы бірлескен әрекеттер бірін-бірі жақтыру, өзара сыйласымдық пен қолдау атмосферасында өтіп, тек қана тың, жаңа білімді игеруге жағдай жасап қана қоймай, оған қоса таным процесін

ынтымақтастық пен бірлесу деңгейлеріне көтереді, яғни қарым-қатынас пен оның негізгі нысаны диалогты танымның басты құндылығына айналдырады. Сонымен, бірлескен жұмысты еңбек пен танымның ең тиімді және өнімді әрекеті деп ұйғаруға әбден болады. «Егер есек болмасаң» атты сопылардың хикаясы да осы жәйтті баса айтады: - Ұстаз, айтыңызшы: адам жалғыз жүріп ақиқатқа жете ала ма? - Ақиқатты іздеу-құм басқан құлазыған далада мөлдір суы бар құдық іздеумен тең. Егер құм ішіне жалғыз аттансаң, мүмкін жыртқыш аңдардың тырнағына түспей, құдықты табарсың, алайда сен жалғыздықтан мол қайғыға батасың. Есек те жалғыздан жалғыз құм даланың бір шетінен екінші шетіне жете алады, бірақ дұрыс бағытта жүруі үшін оны қаншама тепкі мен қамшы астына алу керек! Сондықтан да, егерде есек болмасаң, сапарға жалғыз шықпа [3, 240]. Студенттер шаршаған сәтте топ болып, жұп болып сергіту жасаудың да пайдасы бар екені маңызды.

2-сурет. Суретте студенттер сергіту сәтін өткізуде.

Яғни, интербелсенді оқыту барысында, оқушы, студент, білім алушылар, жұптық, топтық, барлық оқушылар жұмыс істейді, олар да түрліше жеткізіледі. Топпен жұмыс барысында ақпараттарды іздейді, оқиды, оны қалай жеткізу керектігін ойласады. Топтық жұмыс жасау барысында топ мүшелері бірлесе жұмыс істейді, одан соң пікірлеседі, қорытындылайды, кері байланысқа түседі, рефлексия жасайды. Демек, топтық, жұптық және барлық топпен жұмыс студенттерді өзара белсенді жұмыс жасаудың нағыз мысалы болып саналады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әлімов А. *Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері Алматы 2013 ж*

2. Әлімов А. *Интербелсенді әдістер Алматы 2013 ж.*

3. *Студенттерге арналған нұсқаулық «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2015*

ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОҚЫТУДЫҢ РӨЛІ

Құдайбергенова Гүлдана

«Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 2 курс магистранты

Ғылыми жетекшісі: п.ғ.д., профессор Рахметова Р.С.

Абай атындағы ҚазҰПУ

Түйіндеме. Бұл мақалада оқушылардың шығармашылығын дамытуда ескерілетін негізгі бағыттар, оқыту барысында қолданылатын шығармашылық тапсырмалар түрі, шығармашылық қасиеттердің жеке тұлғада көрініс табуы жайлы мағлұматтар қарастырылды.

Тірек сөздер: оқыту үрдісі, шығармашылық, даму, тұлға.

Аннотация: В данной статье рассмотрены основные направления, учитывающие развитие творчества учащихся, формы творческих заданий, используемых в процессе обучения, сведения о проявлении творческих способностей личности.

Ключевые слова: процесс обучения, творческий, развития, личность.

Abstract: This article describes the main directions that take into account the development of students' creativity, the forms of creative tasks used in the learning process, information about the manifestation of the creative abilities of the individual.

Key Words: learning process, creativity, development, person.

Қазіргі таңда мектепті оқу үдерісін тиімді ұйымдастыруды қамтамасыз ететін тұжырымдамаларды іріктеуде, білім берудің негізгі мақсаты жеке тұлғаны дамытуды көздейтін бағыттарының маңызы зор. Педагогикалық технологияларды қолдану танымдық, ізденушілік, зерттеушілік оқытуды қамтамасыз етеді. Шығармашыл жеке тұлғаны қалыптастыру үдерісін жүзеге асыру үшін: педагогикалық технологиялардың басты қағидасы, білім беру үдерісінің барлық кезеңдерінің жүйелілігі мен бірізділігі, оқытудың дамытушы сипатта болуы және тұлғаға бейімделген бағыттағы дараландыру қағидасы болуы керек.

Оқушылардың шығармашылығын дамытуда ескерілетін негізгі бағыттар: оқу себептілігі, эмоционалдық сезінуі, өзара қарым-қатынас, зейін, есте сақтау, ойлау, білім сапасы. Мұғалім педагогикалық технологияларды пайдалана отырып, өздерінің

де шығармашылық әрекетін үздіксіз жетілдіріп, оқушылардың шығармашылығын дамытуға арналған оқытудың басқа да әдіс – тәсілдерін анықтаулары қажет. Оқыту технологияларын меңгеру мұғалімнің кәсіби даярлығының аса қажетті де маңызды құрамдас бөлігі, өйткені қоғамды демократияландыру мен ізгілендіруге байланысты жаңа білім жүйесінде оқыту технологияларын қолдану талап етіледі. Қазірде бұл мәселелерге айрықша көңіл бөлініп, оқушының қоғамдағы мәселелерді, өзгерістерді бағалау, оны өз тұрғысынан шешу қабілеттіліктерін дамытуға күш салынууда. Оқушыларды өз пікірін білдіруге үйрету, олардың өзіндік көзқарасын қалыптастыру, тұлғаның психологиялық дамуына жағдай жасау, оның жеке қасиеттерін ескеру де назардан тыс қалмақ емес. Оқу әрекеті барысында оқушы тұлға ретінде дамуға мүмкіндік алады. Оның тұлға ретінде дамуы дайын білімді меңгергенде емес, өздігінен жұмыстануға, ізденуге талаптанған әрекеті барысында жүзеге аса-



ды [1, 74 б]. «Орта білімді дамыту тұжырымдамасының» жобасында: «Шығармашылық – бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі керек», - деген түсініктеме берілген [2].

Орыстың педагог-ғалымдары Ю.К. Бабанский, М.М. Поташник, А.И. Кочетов, Г.Ю. Ксензова, Г.К. Селевко, В.А. Сухомлинский, В.В. Давыдов, Л.С. Выготский, қазақстандық ғалымдар Ә.Қоңыратбаев, Т.Ақшолақов, Ж.Қараев, Қ.Тасболатов, Ф.Ш. Оразбаева т.б сынды ғалымдар еңбектерінде шығармашылық іс-әрекеттер қарастырылып келеді.

Шығармашылық сөзінің түп-төркініне орыс ғалымы М.Поташник былай анықтама береді:

- «жаңа өнім жасау немесе бұрынғы өнімді жаңалап жетілдіру;

- іс-әрекеттегі қайталанбайтын, өзгеде жоқ, нәтижелі өнім».

«Шығармашылық» сөзіне берілген ғалым пікірі нақты тұжырым болғанмен, оның мәні бұл тұжырымнан да терең, кең. Шығармашылық – қабілет, дарын, өнерпаздық деген ұғыммен үндес. Сол себептен ол тұлғадағы дарын, қабілет, өнердің көзін ашу, сол қасиеттерді дамыту мәселесіндегі ерекше іс-әрекет болып табылады [3, 78б].

Шығармашылық қасиеттердің жеке тұлғадағы бір көрінісі – оның тілі. Шешен де көркем, бейнелі сөйлеу білу, ойды шебер тілмен жеткізу – тұлғаның шығармашылық қасиеттерінің бірі. Дәстүрлі оқытуда да шығармашылық жұмыстарды жеке тұлғаға бағыттау, оқушыларға еркіндік беру, оқушы мен мұғалім еңбегін өнімді іс-әрекетке негіздеу, оқушыға субъект ретінде қарау негізге алынбады. Қазіргі білім беру үрдісінде тапсырмалар түрлері көп. Оларды жинақтай, саралай келе, төмендегі бағытта топтауға болады:

Тапсырмалар түрі Түсініктеме
Типтік тапсырмалар

Аналитикалық, яғни сараптау, талдауға негізделген тапсырмалар

Шығармашылық бағыттағы тапсырмалар

Өзін-өзі оқытуға негізделген тапсырмалар
Бұрын игерген білімді, әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, оқушы жаңа мақсатқа жетудің жолдарын табады.

Алгоритмдерді саралай, талдай отырып, оны жаңа мақсатқа пайдаланады.

Жаңа шешімді іздеу, табу, нәтижеге жету. Оқушылар бұл жұмыста өзіне белгісіз жаңалық ашады, оның жолдарын жүйелейді (сызбаға, модельге айналдыруы мүмкін).

Әсіресе жаңа білімді бекіту, бақылау кезеңіне қолайлы, тиімді. Оқушылар қол жеткізген шешімдерін

берілген үлгі-көмек, нұсқаулар арқылы талдайды. Мұнда да мұғалім бірінші кезекте тұрмайды, керісінше оқушылар іс-әрекеттері арқылы өзін-өзі оқытады.

Осы тапсырмалардың қай түрінде болмасын, технология талаптары басшылыққа алынған. Оқушы-субъектінің дербес іс-әрекеті, білімді өз ізденісімен алуы ескерілген [4, 27 б].

Шығармашылық тапсырмалар жүйесін жасауда мына мәселелерге ерекше көңіл бөлінді:

- оқушылардың танымдық қызығушылығын туғызуға түрткі жасау (жалпылау, жинақтау, талдау, топтау, салыстыру, дамыту бағыты);

- мониторинг жүйесіне жүгіну, яғни, тапсырмалар тез, қарқынды, нәтижелі өнім беретін бағытта беру;

- диагностика мен болжауға сүйену, белгілі бір уақытта мақсатқа жетуді болжау;

- даралап, саралап, деңгейлеп оқытуды басшылыққа алу. Оқушы мүмкіндігі, қабілетін ескеру;

- оқушы білімін оқушылық деңгейден шығармашылық деңгейге көтеруді болжау;

- дамыта оқытуға негізделген тапсырмалар жүйесі арқылы жеке тұлғаны жан-жақты дамытуды көздеу;

- жеке тұлғаның шығармашылық қабілеттерін дамытуда аналитикалық, альтернативтік ойлауын жетілдіруді мақсат ету.

Шығармашылық жұмыстардың тәлім-тәрбиелік, үлгі берерлік жағына да назар аударылады. Қай жұмыстарда болмасын баланың өзін-өзі тәрбиелеуі, бір-біріне үлгі бола білулері ескеріледі, жеке тұлғаның рухани әлемінің жан-жақты дамуына көңіл бөлінеді. Бұл саралаудан оқытуды технологияландыру кезеңіндегі шығармашылық жұмыстардың дәстүрлі оқытудағы шығармашылық жұмыстардан ерекшелігі, айырмашылығы келіп шығады.

Шығармашылық жұмыстардың жүйесін жасағанда оқушылардың сөздік байлығын дамыту, сөздік жұмыстардың тың, өнімді жолдары қарастырылады. Сондай-ақ оқушылардың ауызекі сөйлеу тілі мен жазба тілін жүйелі түрде бір-бірімен ұштастыра, бірлікте қарау жан-жақты ойластырылады.

Шығармашылық жұмыстарды жүргізер алдында мұғалім төмендегі мәселелерді анықтап алғаны жөн:

- оқушы тапсырмалардағы сөздердің мәнін, мағынасын түсіне ала ма?

- мақсатын, міндетін, мазмұнын ұғады ма?

- толық түсіну үшін тағы қандай ақпараттар, құжаттар, құралдар керек?

- оқушының білім деңгейіне, мүмкіндігіне сәйкес пе, оларды тапсырмалар қызықтыра ма, ынталандыра ма?

Шығармашылық жұмыстарда оқушылардың қабілеті, іскерлігі, икем-дағдылары есепке алынады. Оны міндеттемей, оқушылардың қызығушылығы, ынтасына қарай таңдап алуларына жағдай туғызу, бір тақырыптың өзіне бірнеше тапсырмалар жүйесін жасап ұсыну нақты нәтижеге жеткізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Қараев Ж. Оқулықтар, оқу-әдістемелік кешенді әзірлеуге қойылатын дидактикалық талаптар. – Алматы, 1998ж. – 103 бет.

2.Қазақстан Республикасының орта білімді дамыту тұжырымдамасы. (Жоба).// Қазақстан мұғалімі,

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУДА ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Оспанжанова Н.

БМ011700-қазақ тілімен әдебиеті мамандығының I курс магистранты
Ғылыми жетекші: Ш.А.Қыяхметова ф.ғ.к, қауымд. профессор
Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған

Түйіндеме. Мақалада Мағжан Жұмабаев шығармаларын жаңа, заманауи технологияларды пайдаланып мектеп оқушыларына өтудің тиімді жолдары қарастырылады. Оқушылардың білімін арттыру үшін әдебиет пәнін оқытуда жаңа технологияларды қолдануда мәтінге терең баруды, мәтінді талдауды бірінші кезекте ұстау керектігі туралы айтылады және оқытудың тиімді жолдары ұсынылады.

Тірек сөздер: лирика, технология, әдіс, тәсіл, педагогика, мәтін, талдау, поэзия.

Аннотация: В статье рассматриваются эффективные способы передачи работ Магжана Жумабаева школьникам с использованием новых, современных технологий. Для повышения знаний учащихся использование новых технологий в преподавании литературы направлено на глубокое чтение, анализ текста и наиболее эффективные способы обучения.

Ключевые слова: лирика, технология, метод, подход, педагогика, текст, анализ, поэзия.

Abstract: The article discusses effective ways to transfer the work of Magzhan Zhumabayev to schoolchildren using new, modern technologies. To increase students' knowledge, the use of new technologies in teaching literature is aimed at deep reading, text analysis and the most effective ways of learning.

Key words: lyrics, technology, method, approach, pedagogy, text, analysis, poetry.

Әдебиетті, сөз өнерін, оны жасаушылардың еңбегін оқытатын, оның әсемдік әлемі, көркемдік құпиясы туралы терең зерделенетінін, әдебиет тарихындағы үлес-салмағы нарықталатындығы себепті пәнді оқыту, игерту барысында үнемі жадымызда ұстайтын мәселе-мәтін, мәтінтану жайлы болып қала бермек. Сондықтан да оқушылардың білімін арттыру үшін әдебиет пәнін оқытуда жаңа технологияларды қолдануда мәтінге терең баруды, мәтінді талдауды бірінші кезекте ұстау керек. Әр заман бедерінде оқытудың әрқилы заманауи әдіс-тәсілдері дүниеге келіп жатады. Ол дегеніміз соның бәрін қойыртып қалайда өз ісіңе асыру керек дегенді білдірмейді. Мәтінді талдауда, оқушыларды толық қамтып, сабаққа ынтасын арттыру мен атсалысуында және ең бастысы сабақты оқушы жадына берік нығайтуда көмекке келетін түрін таңдап ала білу мұғалімнің ең басты қағидасына айналуы тиіс.

Осы кезекте сөз қозғап отырған мәселеміз ақын Мағжан Жұмабаев шығармашылығының мектепте оқытылу жайы. Мағжан поэзиясының тіл кестесі, лирикасындағы нәзік сезім мен терең ой тоғысы ерекше ілтипатқа бөленген ақын. Мағжан поэзиясы – одан рухани азық алып, жандүниенді байытып, өмір құбылыстарына деген көзқарасыңды кеңейтіп, қоршаған ортаның қыр-сырын түсінуге көмектесетін көркем дүние. Мағжан – сыршыл да өршіл маржан жырларының құдіреті арқылы өзінің бүкіл болмысы мен поэзиясының ерекшелігін танытып кеткен ұлы ақын. Құбылмалы өмір күйінен өз әуезін таба білген ақын қашанда тек ұлтының керегін іздеп, мұңы мен зарын жоқтауға, қуанышын көркейтуге, жаманын жасырмай, жақсысын асырмай жырлауға берік бекінген. Мағжанның алғаш жарық көрген өлеңінің өзінен-ақ ақынның кейінгі ұлы мақсаттары көзге шалынды.

Тұтасымен алғанда Мағжан өлеңдері қазақтың сөз өнері үшін жаңа дүние. Ақын өлеңдерін оқи отырып, оның түйсіну, қабылдау қабілетінің айрықша мол, әрқилы екенін аңғарасың, терең эстетикалық талғамды сезінесің. Біз Мағжанды сыршыл ақын дегенімізде, көбіне оның махаббат, сүйіспеншілік тақырыбына жазылған өлеңдері төңірегінде ой қозғап келеміз. Бірақ азамат ақын бұл тақырыптағы өлеңдерінде де азаматтық жүкті алға қояды. Біршама өлеңдерінде ол махаббат, сезіміне тән азығы емес, жан азығы ретінде қарайды. Ұлы күрестер жолында бойға қуат күш берер рухани азық деп біледі. Мағжан шығармашылығын оқытуда жалпы, әдеби шығармаларды оқытуда «Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясы өзінің өміршеңдігін көрсетеді. Сын тұрғысынан ойлау сабақтарының құрылымы (оқушының қызығушылығын ояту, мағынаны ажырату, ой толғаныс). Осы жобаман жұмыс жасау барысында мұғалім оқушының өзін ізденуге жетелейді, ойлануға үйретеді. Педагогикалық технология оқушылардың жеке басын дамыту мен білім беру мақсатына жету жолындағы педагогикалық қызметтің, іс-әрекеттің жүйелі дамып отыратын жобасы ретінде оқушы белсенділігін арттыруды көздейді. Ал, оқушы белсенділігінің артуы оны шығармашылыққа жетелейді. Шығармашылық дегеніміз – адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға, жаңалық ашуға, жаңа тәсілдер табуға ұмтылуы, ізденуі. Шығармашылық қабілет әр баланың табиғатында болуы мүмкін. Біздің міндетіміз – оқушыға оның бойында жасырынып жатқан мүмкіндіктерін ашып көрсету.

-Тақырыпты мазмұнына қарай жинақтау, арнаулы бір тақырыпқа пікірталас тудыру /ой қозғау, «инсерт» кестесі/

-Берілген тапсырманы түрлендіру бағыттағы жұмыс



/эссе, шығарма, сауаттылықты ашатын хаттар т.б стратегиялар/

-Әңгіменің ұқсастығын салыстыру, бөліктерге бөлу, ат қойғызу,

мәтіндегі ұқсастық пен айырмашылықты табуға / Венн диаграммасы, аялдамамен оқу стратегиясы/

-Қиялдау арқылы сурет салғызу /сурет салу стратегиясы/

-Кейіпкерге мінездеме беру өз ойын жазғызу / авторға, кейіпкерге хат жазу стратегиясы

-Шығармада екі кейіпкердің қарама – қарсы элементтерін сипаттау /қарама-қайшы элементтер стратегиясы/

-Өлең шумақтарын құрастыру / 5 жолды өлең/

«Сын тұрғысынан ойлау» бағдарламасының модулдерін ұтымды пайдалану оқушылардың шығармашылық қасиетін анықтауда, күшейтуде, оқытудың тиімділігін, сапасын арттыруда ерекше маңызды.

Мағжан өлеңдерінің рухани дүниені байытатындығын және бала тәрбиесінде алатын орнын бағамдағанда оның «Педагогика» атты оқулығын айналып өтіп кету мүмкін емес.

М.Жұмабаев орыс, батыс педагог-психолог ғалымдар еңбектерін оқи отырып, сонымен бірге тәрбиенің ұлттық ерекшеліктерін ескере өзінің «Педагогика» атты оқулығын жазудағы ұстанымын былайша сипаттайды: “Тәрбие ғалымдарының пікірлерін таңдап алуға ұмтылдым. Шамам келгенше қазақ жанына қабыстыруға тырыстым... Бізде бұрын пән тілі болмағандықтан түрлі терминдерге тап басқанда қазақша сөз табу көп күшке тиді. Қалайда курстарда оқыған мұғалімдердің жәрдемімен таза орыс сөздері қазақшаға айналдырылды. Ал енді жиһан тілі болып кеткен сөздері қазақшаға аударам деп азаптануды тиіс таппады” [1, 149 б].

Шынында да ол кезде қазақша педагогикалық терминдер жоқтың қасы еді. М.Жұмабаев жүздеген педагогикалық жаңа терминдерді ойлап тауып, тілімізге енгізген. Мағжан Жұмабаевтың педагогикасының мақсаты: 1. Ақыл тәрбиесі, 2. Құлық тәрбиесі, 3. Сұлулық тәрбиесі, 4. Дене тәрбиесі.

Ақыл тәрбиесі – түзу ойлайтын, дұрыс шешетін, дәл табатын болса. Құлық тәрбиесі – жамандықтан жаны жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратын болса. Сұлулық тәрбиесі – сұлу сөз, сикырлы үн, әдемі түрден ләззат алып, жан толқытатын болса. Дене тәрбиесі – ыстық –суық, аштық-жалаңаштық, тұрмыста жиі ұшырайтын. Тәрбиенің бұдан басқа да бірнеше түрлері бар. Автордың төрт тәрбиеге баса көңіл бөлуі сол заманның талабынан туған көзқараспен астасып жатыр. Бүгінгідей экономикалық, экологиялық және

құқықтық тәрбие ол жылдарды (1930) онша актуальды мәселе болмаса керек. Автор осы тәрбиенің төрт түрін тәптіштеп түсіндіре келіп, былай дейді: “Егер де адам баласына осы төрт тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны. Бала берік денелі болса, түзік ойлайтын, дұрыс шешетін, дәл табатын ақылды болса, сұлу сөз, сикырлы әуен, әдемі түрден ләззат алып, жан толқындарлық болса, жамандықтан жаны жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратын құлықты болса ғана адам баласының дұрыс тәрбие алып, шын адам болғандығы... Балам адам болсын деген ата-ана осы төрт тәрбиені дұрыс орындасын...” – [2] деу арқылы М.Жұмабаев тәрбие мақсатын айқындап береді.

Педагогика пәнін М.Жұмабаев 5-ке бөледі: 1. Жалпы педагогика. Адамның дене һәм жан күштерін тәрбие қылу жолдарын көрсетеді. 2. Дидактика. Оқытудың негізгі жолдарын көрсетеді. 3. Методика. Оқытудың негізгі жолдарына негіздеп, белгілі бір пәнді қалай оқыту жолдарын көрсетеді. Мысалы, мектепте қазақ тілі пәнін қалай оқыту керек екендігін үйрететін пән қазақ тілінің методикасы деп аталады. 4. Мектепті басқару. Бұл пән мектеп қалай салынуға, қалай басқарылуға тиісті, сынақтарға шәкірттерді қалай бөлу керек, оқу уақытын қалай белгілеу керек. Міне осылар сықылды мектеп құрлысы жолдарын көрсетеді. 5. Педагогика тарихы. Түрлі заманда түрлі тәрбиеге адамзат қалай қараған, қандай жолдармен жүрген, тәрбие дүниесінде қандай білімпаздар өткен, олар қандай жаңа жолдар тапқан. Педагогика тарихы осыларды баяндайды. [3, 187 б]

Мағжан Жұмабаев еңбектері ұлт тәрбиесін қалыптастыруда бірден бір көмекші құрал болары сөзсіз.

Автордың туған халқының тәлім-тәрбиелік бай мұрасын игеру жөніндегі бағыт-бағдары да құптарлық. “Ұлт тәрбиесі – деп жазды ол, – баяғыдан бері сыналып келе жатқан тастақ жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші сөз жоқ, ұлт тәрбиесі мен таныс болуға тиіс. Сол ұлт тәрбиесі мен тәрбие қылуға міндетті” [4] деген.

Мағжан қазақтың халық педагогикасын ғылыми тұрғыда зерделеп, болашақ ұрпақтың тәлім-тәрбиесіне қажетті құнды дүниелер қалдырып кеткен.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қалиев Қ. *Этнопедагогика. Астана. 2003 ж.*
2. С. Сеңкібаев. *М.Жұмабаевтың тәрбиелік ілімі – жасырлар тоғысында*
3. Жұмабаев М. *Педагогика. Алматы. 1992 ж*
4. М. Бағыбаева. *М.Жұмабаев және ұлттық тәлім-тәрбие // Ұлағат.*

МУЗЫКА САБАҒЫН ЖАҢА БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫНА САЙ ӨТКІЗУДІҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Жалғасбаева Қ.Б.

Музыкалық білім мамандығының I курс магистранты

Ғылыми жетекші: п.ғ.к., профессор м.а. Уразалиева М.А.

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

Түйіндеме. Мақалада музыка сабақтарын оқыту тәжірибесінің жолдары және оның жаңа әдіс-тәсілдерін меңгерту мен өзіндік ерекшеліктері қарастырылады. Отандық әдіскерлермен қатар, орыс әдіскерлерінің де музыка пәнін оқытуға қатысты ой-пікірлері қаперге алынады.

Тірек сөздер: музыка, педагог, инновация, үдеріс, жаңартылған білім.

Аннотация: В статье рассматриваются пути уроков музыки новый метод обучения и рассматриваются способы и особенности отечественными методистами, а также принимаются во внимание мнения изучение предмета музыки русских методистов.

Ключевые слова: музыка, педагог, инновация, процесс, обновленное обучения.

Abstract: The article examines the paths of music lessons to a new teaching method and discusses the ways and features of domestic methodologists, and also takes into account the opinions of studying the subject of music of Russian methodists.

Key words: music, teacher, innovation, process, updated learning.

Дамыған қай елдің болмасын өсіп-өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейі мен даму бағытына байланысты екені баршамызға мәлім. Болашақ мемлекет кепілі бүгінгі жастарға берген білім мен тәрбие мәселесіне қатысты. Қазақтың талантты ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов: «Елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керек», - дегендей, жас ұрпаққа сапалы да саналы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру - бүгінгі күннің басты талабы болып отыр.

Мемлекетіміз қашанда білім мен тәрбие беру мәселесіне ерекше маңыз бен көңіл бөліп келеді. Бұған нақты дәлел – Елбасымыз Н.Назарбаев белгілеген «100 нақты қадам» бағдарламасы болып табылады. Аталған Ұлт жоспарының әрбір жолының мазмұнында «Біздің ел, біздің ұлт, біздің болашақ» атты жасампаз бағдар айқын көрініс тауып отыр. Ендеше, еліміздегі білім беру жүйесі жаңартылады. Яғни, білім – әлемдік, тәрбие ұлттық деңгейде болуы қажет. Бұл ретте педагог мамандарға жүктелер міндет жүгі де ауыр екендігі де айдан анық [1].

Шындығында мұғалімнің алдындағы үлкен жауапты міндет ол оқушыларға білім мен тәрбие беруде болып тұр. Қазіргі заман талабына сай әрбір оқушыны оқытып тәрбиелеуге байланысты мәселелерді өздігімен және шығармашылық ынтамен шешуге қабілетті жаңашыл мұғалім керек. Білім жүйесіндегі заман талабына сай енгізілген жаңартылған оқу бағдарламасы аясында жаңа, тез өзгермелі, білімді де білікті, тың серпіліске, өзгеруге дайын және жаңа талап межесінен көріне алатын шығармашыл да кәсіби шебер мұғалімдерді қажет етіп отырғанына көзіміз жетіп отыр. Қазіргі таңда оқушылардың мектепте жақсы әрі табысты оқуы ғана маңызды емес, олардың болашақ өмірде де табысты болуы мұғалімнің қабілетіне, оның кәсіби құзыреттілігіне байланысты екенін баршамызға мәлім. Мұғалім оқушылар үшін қандай да бір пән бойынша білім беретін адам ғана емес, сондай-ақ олардың оқудағы еңбегін қызықты, тиімді ұйымдастыра алатын, оларға үлгі болатын ерекше тұлға болуы тиіс. Жаңа заман мұғалімінен күнделікті сабақ барысында оқушылармен қарым-қатынас барысында әрбір жағдаят үстінде ерекше білім деңгейін көрсетуді және шығармашыл шешім қабылдай алуын талап етіп отыр. Бұндай талапты орындау үшін қазіргі заманның мұғалімі жаңашыл, икемді, өзгерісті тез қабылдай алатын, яғни жаңартылған білім бағдарламасын жетік әрі жан-жақты игерген, жаңа педагогикалық инновациялық технологияларды меңгерген болуы

қажет.

Соңғы жылдары білім беру саласында айтарлықтай өзгерістер болып жатыр. Білім берудегі жаңғырту мен инновациялық үрдістердің дамуына ықпал етудің маңызды шарттарының бірі мұғалімнің кәсіби шеберлігі болып табылады. «Мұғалім көп әдісті білуге тырысуы керек. Оны өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдануы керек», - деп ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қазіргі заман талабына сай білім беру мәселесі сол қоғам талабына сай болуы қажет. Өз ісінің шебер мұғалімі ғана жоғары жетістіктерге жете алады. Қазіргі таңда пәнді жақсы, терең білетін, күнделікті сабақтағы тақырыпты толық қамтитын, оны оқушыға жеткізе алатын, әр түрлі деңгейдегі тапсырмаларды білу іскерлігі, оқытудың дәстүрлі және ғылыми жетілдірілген әдіс-амалдарын, құралдарын еркін меңгеретін, оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыра отырып дарындылығын дамытудағы іздену-зерттеу бағытындағы тапсырмалар жүйесін ұсыну өмір талабы.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының ең негізгі мақсаты – білім алушылардың оқу нәтижелерін жетілдіру әрі дамыту болып табылады. Орта білім мазмұнын жаңартудың көптеген компоненттері, соның ішінде мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы осы мақсатқа бағытталып беріліп отыр [2].

Өнер пәні ретінде ән-күй сабақтарын ұйымдастыру проблемалары жөнінде О.А. Апраксина өз еңбектерінде тұжырымды пайымдаулар жасады. Оның пікірінше, музыка мектеп пәні ретінде өзге сабақтармен ортақ ұқсастығы бар болуымен қатар, оған мынадай ерекшеліктер де тән:

1.Өзге пәндер сияқты музыка сабақтарының құрылымы психологиялық-педагогикалық заңдылықтарға сүйенеді;

2.Өзге пәндерді оқыту сияқты музыка сабақтары жалпы дидактикалық принциптерді ұстанады;

3.Музыка пәнін оқыту өзге пәндермен және ұйымдастыру формаларымен байланысты болады;

4.Ұйымдастыру формаларының әртүрлілігіне қарамастын, музыка сабағы бір тұтастықта болуы тиіс;

5. Өзге пәндермен ортақтастығы – онда негізгі оқыту әдістері де қолданылатындығында.

О.А.Апраксина музыка сабақтарының басқа да ерекшеліктерін ашып көрсетті:

- Бірінші ерекшелігі – музыка сабағы өнер сабағы. Себебі музыка өнері оқушының сезімі мен эмоциялық сферасын қамтитын болмысты бейнелейтін ерекше формасы. Музыкаға оқытуда танымдық процестің өзі



тек ой-сананың әрекеті ғана емес, эмоция мен ойдың, сана мен сезімнің бірлігінде жүзеге асырылады;

- Екінші ерекшелігі – музыка адамның психикасына, моторикасына және физиологиялық процестерге кешенді түрде ықпал етеді. Яки адамды түрлі психикалық кейіпке түсіреді, оның бойында түрлі психикалық процестер мен физиологиялық процестер жүріп жатады;

-Үшінші ерекшелігі – міндетті түрде саналылық пен эмоционалдық бірлестік болуына байланысты, сабақтың әр элементі балалардың белсенді қызығушылықты қарым-қатынасын тудырады;

-Төртінші ерекшелігі – музыка сабағында эмоционалдық пен саналылықтың бірлігі ғана емес, көркемдік пен техникалық бірлік те орын алады. Сондықтан тыңдауға, ән салуға арналған репертуар мен қатар жаттығулар да көркем болуы тиіс. Тіпті унисонда орындалған бір дыбыстың өзі де әдемі, әрі көркем орындауды талап етеді. Ондай көркемдік орындаушылық техникасын меңгеруге тікелей тәуелді болады. Сондықтан оқу материалдары ретіндегі музыкалық шығармалардың мәнері образдылығы, көркемдік пен техникалықтың бірлігінде жүзеге асырылуы тиіс [3,с.127].

Сонымен, музыка сабақтары мектептегі өзге пәндермен ортақ белгілерін сақтай отырып, өзіндік ерекшеліктерін де сақтауы тиіс. Ондай ерекшелік, біріншіден, оқу материалы; екіншіден, оқушының танымдық, сондай-ақ оқушының жалпы жалпы және арнайы қабілеттерінің дамуы; үшіншіден, оқыту әдістері; төртіншіден, қолданылатын техникалық құралдар; бесіншіден, музыка пәні мұғалімінің тұлғалық, кәсіптік мүмкіндіктері арқылы көрініс табады.

О.А. Апраксина өнер пәні ретінде музыка пәнінің өзіне тән ерекшеліктерін және оқыту заңдылықтары мен принциптерінен туындайтын білім беру, тәрбиелік, ұйымдастыру талаптарын былай қарастырады: музыка сабағының білім беру міндеттерінің нақты айқын болуы; музыка сабағының мазмұны оқу бағдарламасына, сабақтың мақсатына, оқушының даярлық деңгейлеріне сәйкес анықталуы; музыка оқыту әдістерін қолайлы етіп таңдау; педагогикалық байланыстардың болуы; музыкалық білім беру педагогикасының ғылыми жетістіктерін пайдалану; жеке тұлғаның барлық сферасын дамыту; жалпыпедагогикалық іскерліктердің дамуы; музыкалық білім, іскерлік, дағдыларын меңгерту; музыкалық тәрбие міндеттерінің нақты қалыптасуы; музыкалық дүниетанымын дамыту; оқушылардың танымдық қызығушылықтарын қалыптастыру; музыканы оқытудың психологиялық ерекшеліктерін ескеру; педагогикалық әдеп, оқушылардың адамгершілік сапаларын дамыту; музыка сабақтарын нақты жоспарлау; музыка сабақтарының белгіленген құрылымын сақтау; музыка оқытудың түрлі құралдарын қолдану.

Музыкалық білім беру педагогикасында музыка сабақтарын өзінің дидактикалық мақсаты, мазмұны және оқыту әдістемесіне қарай түрліше жүйелеу ұсынылған. Соңғы жылдары педагогикалық технология идеясының жандануы, білім беру саласына ғылыми-техникалық жетістіктердің ендірілуіне байланысты сабақ беруді жетілдіру, оны ұйымдастырудың

тын жолдары іздестірілуде.

Осы орайда: «Глубокое и всестороннее познание истории музыкальной педагогики — это не просто знание различных концепций, теорий, не просто критическое усвоение их во избежание односторонности точки зрения или повторения уже совершенных ошибок. Добротное знание истории, как писал А.Ф.Лосев, есть воспроизведение в уме эволюции сознания, приведшей к его наличному состоянию и движению дальше, к новым высотам» –деген ойларды қаперге алуымыз қажет.[4, с.494].

«Музыкалық білім беру педагогикасының жанры» - дегеніміз музыкалық-педагогикалық туынды ретіндегі сабақтың өзіне тән образын, эмоционалдық сферасын, музыкалық-педагогикалық құрылымдарын бейнелейтін мазмұны мен ұйымдастырылуының жиынтықты сипаттамасы. Сөйтіп, сабақтың музыкалық-педагогикалық поэма құрылымдарына сәйкес, ода, аңыз, фреска, вернисаж сияқты түрлі жанрларды тиімді пайдалана білуге болады. Сонымен бірге рондо, вариация, реприза сияқты музыкалық формалардың құрылымы музыка сабақтарының құрылымына сай келеді.

Музыка сабағы - музыкалық білім беру процесін ұйымдастырудың негізгі формасы. Оның мақсаттары мен міндеттері, мазмұны, әдіс-тәсілдері музыка сабағының типтері мен құрылымын анықтауға арқау болады. Басқа да оқу пәндері сияқты музыка сабақтары мұғалімнің жоғары музыкалық-педагогикалық даярлығын, оқушылардың педагогикалық-психологиялық ерекшеліктерін білуді, музыка сабақтарын ұйымдастырудың бұған дейін белгілі болған амал-жолдарын біліп қана қоймай, оның жаңа жолдарын іздестіруді, сөйтіп музыка сабақтарын оқыту тәжірибесін үнемі байытып отыруын талап етеді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық Үшінші (негізгі) деңгей. 2012ж
2. Жалпы білім беретін мектептердегі педагогика кадрларының кәсіби даму бағдарламасы. «Тәжірибедегі рефлексия». Тренерге арналған нұсқаулық. 2016 ж.
3. Апраксина О. А.Методика музыкального воспитания в школе : [Учеб. пособие для пед. ин-тов по спец. 2119 "Музыка и пение"] / О. А. Апраксина. - М. : Просвещение, 1983. - 222 с.
4. Луначарский А. В. В мире музыки. Статьи и речи — М.: Сов. композитор, 1971. 540 с.

VI СЕКЦИЯ

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ САНАНЫҢ КЕМЕЛДЕНУІ

«ҰЛЫ ДАЛА ЕЛ» ИМИДЖІНІҢ БІРІ – ҚАРА ШАҢЫРАҚ

**Абдешова Айгул Амантаевна,
Беделбаева Диларом Туеловна**

*«Қаныш Сәтбаев» атындағы орта мектеп КММ
Тарих пәнінің мұғалімдері*

Түйіндеме. Мақалада көшпенділер өркениетінің, оның ішінде қазақ халқының әлемдік дамуға қосқан сүбелі үлесінің бірі боп саналатын – киіз үйдің бөлшегі шаңырақ атауының халқымыздың санасындағы бейнелеуі, ұлттық-танымдық дәрежесіне көтерілуін қарастырылады. Шаңырақ – киіз үйдің қасиеті, киелі мүлкі. Қазақтың көптеген жақсы сөздері осыған байланысты айтылады. Шаңырақ «үй, отбасы» деген мағынаны да білдіреді. «Шаңырағың биік болсын» деген тілек бар. Сондай-ақ қазақ киіз үйінің шаңырағының пайда болу тарихы сөз болады.

Тірек сөздер: Ұлы Дала, көшпенділер өркениеті, имидж, қазақ киіз үйі, қара шаңырақ, тарих жәдігері.

Мемлекет басшысының, саясаткердің тарихқа деген көзқарасы, ол елдің тарихи рөлі мен болашағына деген бағдар екендігі белгілі. Тарихты өткен, бүгін және ертеңгі ракурстармен сараптау ұстанымы да тұтастыққа деген ұмтылыс. Бұл да кешегі «еуропацентристік» тенденциялар мен танымдарға деген жауап болса керек. Расында, бүгінгі жастарымыздың өз тарихы мен құндылықтарын деген жаттануын, өз қағынан жеруін көріп отырып, ой мен сөзді іске көшірмесек кеш болатыны белгілі болды. Сондықтан Елбасы тарихқа оң көзқарас қалыптастырудың кешенді іс қимылы мен ұсыныстарын «Ең бастысы, біз нақты ғылыми деректерге сүйене отырып, жаһандық тарихтағы өз рөлімізді байыппен әрі дұрыс пайымдауға тиіспіз» деп тұжырымдады.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында «Кеңістік – барлық нәрсенің, ал уақыт – бүкіл оқиғаның өлшемі. Уақыт пен кеңістіктің көкжиегі тоғысқан кезде ұлт тарихы басталады. Бұл – жай ғана әдемі афоризм емес.

Шын мәнінде, немістердің, италиялықтардың немесе үнді халықтарының жылнамасына көз жүгіртсек, олардың мыңдаған жылды қамтитын төл тарихындағы ұлы жетістіктерінің дені осы елдер қазір мекен етіп жатқан аумақтарға қатыстылығы жөнінде сұрақ туындайтыны орынды. Әрине, ежелгі Рим деген қазіргі Италия емес, бірақ италиялықтар өздерінің тарихи тамырымен мақтана алады. Бұл – орынды мақтаныш.

Сол сияқты, ежелгі готтар мен бүгінгі немістер де бір халық емес, бірақ олар да Германияның мол тарихи мұрасының бір бөлшегі. Полиэтникалық бай мәдениеті бар ежелгі Үндістан мен бүгінгі үнді халқын тарих толқынында үздіксіз дамып келе жатқан бірегей өркениет ретінде қарастыруға болады...» деп басқа шетелдік халықтардың тарихын қадірлеуді, сақтауды дәріптегенін сөз етеді.

Ұлт санасының тереңде жатқан менталдық құрылымдары мен ұлтқа, адамзатқа тән адами құндылықтар жүйесінде өзіндік орны бар тұжырымдамаларды айқындау – кезек күттірмейтін мәселе. Осындай тұжырымдамалардың бірі ретінде «Шаңырақ» ұғымы қазақ халқы үшін де, қазақстандықтар үшін де айырықша символдық мәнге ие. Байырғы және қазіргі танымдағы бұл ұғымға қатысты төмендегідей танымға негізделген мәнді ұғымдарды бөліп көрсетуге болады.

Қазақстан – күллі түркі халықтарының қасиетті «Қара шаңырағы». Бүгінгі қазақтың сайын даласынан әлемнің әр түкпіріне тараған түркі тектес тайпалар мен халықтар басқа елдер мен өңірлердің тарихи үдерістеріне елеулі үлес қосты. Еуразия даласының ежелгі көшпенділері – скифтерге, сақтарға, массагеттерге, сарматтарға, үйсіндерге, ғұндарға – киіз үйінің дәстүрлі түрінде, сірә, әлі белгілі бола қоймаған болса керек. Мысалы, Анфестерийдің мазарында кейінгі кездегі киіз үйдің елеулі нышандары: керегесі, шаңырақ уықтары және шаңырақтың өзі де көрінбейді.



Сонымен бірге бұл тұрғын үйдің пішіні шаршы немесе тік төртбұрыш болған. Кейбір авторлар үйсіндерде киіз үй болғанының дәлелі ретінде қытай ханшасының өлеңін тілге тиек етеді. Алайда біз бұл өлең жолдарынан әміршінің киізбен қапталған үйде тұрғанын ғана біле аламыз. Қолда бар деректерге қарағанда, тек Ұлы дала белдеуінің ежелгі көшпенділері тұрғын жай ретінде доңғалаққа орнатылған жиналмайтын жылжымалы жеңіл құрылыстарды және киізбен қапталған жиналмалы шатырларды немесе күркелерді пайдаланғаны туралы айтуға болады. (Дегенмен, Еуразияның ежелгі көшпенділерінің құрылмалы – жиналмалы киіз үйді пайдаланғаны туралы мәселе белгілі бір дәрежеде ашық күйінде қалып отыр.) Орталық Азия мен Оңтүстік Сібірде б. з. Д. I мыңжылдықта уықтарды иіп жасаған жарты шар пішіндегі күркелер де кең таралған болатын. Мұндай тұрпаттағы тұрғын жайлар Алдыңғы Азияның көшпенді халықтарының бірқатарында күні бүгінге дейін қолданылады.

Көшпенділердің тұрғын үйін дамыту барысында түбегейлі кезең тік қабырғалардың жиналатын әрі буындарға бөлінетін қаңқасын ойлап табу болды. Бұл сындарлы шешімді киіз үйдің дәстүрлі түрін жасап шығару барысындағы басты шешім еп тануға болады. Тұрғын жайдың құрылымының өзгеруі зерттеушілердің айтуынша, Алтай, Тарбағатай, Тяньшань аймақтарында пайда болса керек.

Түркі киіз үйінің моңғол киіз үйінен елеулі айырмашылығы бар. Егер түркі киіз үйінде шынайы күмбездік тоғыспа жасау міндетті шешімін тапса, (ал шатыр уықтарының иілігі мен ішкі кеңестікті кеңдігі осыдан келіп шығады), керісінше, моңғол киіз үйі жалған, яғни кермесіз күмбез түзеді. Моңғол киіз үйінің шаңырақ уықтары тік болады да, олардың бір ұшы өз кезегінде орталық ішкі бағаналарға бекітілетін, жарық пен түтін шығаруға арналған шеңберге тіреледі. Сол себепті моңғол киіз үйлерінің тік қабырғалары аласа (бір жарым метр шамасында), тоғыспалы өңіс және соған сәйкес биіктігі шамалы. Мұның бәрі ішкі тіреулердің ұзындығы мен салмағын көбейтпеу үшін жасалады. Батысқа қарай жылжу барысында моңғолдардың өз киіз үйінен бас тартып, түркі киіз үйінің қабылдауға мәжбүр болғаны кездейсоқ емес. Өзінің ежелгі бейнесін моғол киіз үйі негізінен Моңғолияда сақталған.

Киіз үй жасаушы шеберлерінің бірнеше буын еңбегінің нәтижесінде киіз үйді жергілікті жағдайларға бейімделген, көші – қонға ыңғайлы етіп жасады. Қазақтардың, қырғыздардың, қарақалпақтардың, түркімендердің, ноғайлардың, башқұрттардың, алтайлықтардың мәдени мұра үлгілерін бейнелейтін, түркі тұрпатындағы киіз үйлердің толып жатқан нұсқалары жасалды.

Қазақтың киіз үйі қазақ халқының өзімен бірге өмірге келіп, өмір бойы бірге жасасып келеді. Қазақ халқы үшін қандай да бір зат жасауға материал жарамды болуы үшін ол физикалық талаптармен қоса, символикалық талаптарға да сай келуі керек болған. Материал адамдардың сыртқы тіршілікке берген өмір, қуаныш, тазалық, бақыт тағы басқа да жағымды ұғымдарға сәйкес келсе ғана оны зат жасауға қолданған. Ертедегі қазақтардың затты жасау

әдісі Құдайдың Әлемді жасау жобасының үлгілерінен туған, белгілі бір зат жасарда өзінің «Қолбасшысы», дем беруші Құдайын ұмытпаған. Нақтырақ айтсақ, қазақ халқы табиғатпен етене жақын болғандықтан, табиғат жасаушы (беруші, өндіруші) бастама ретінде қабылданады. Адам өз тіршілігі үшін (егіннің түсімі, мал басының өсуі) табиғатқа тәуелді болды.

Киіз үй - «Атамыз – Алаш, керегеміз – ағаш», «Киіз туырлықты, ағаш уықты қазақпыз» деп, аталы сөз айтып қалдырған ата – бабаларымыздың негізгі баспанасы. Киіз үй тек қазақ халқының ғана емес, бүкіл түркі, тіпті оған көршілес елдердің де тұрақ жайы. Солай бола тұрса да, оны қастерлеп ұстап, ғасырдан ғасырға оның мән – маңызын өзгертпей жеткізген біздің қазақ халқы екенін әрдайым екенін мақтанышпен айтамыз. Шығу тарихы біздің заманымызға дейінгі ғасырларда пайда болған киіз үйді біздің халық қасиетті, киелі қара шаңырағымыз деп дәріптейді. Өйткені киіз үй қазақтың тұрағы, құтты мекенжайы, еншісі, баспанасы, мүлкі, мақтанышы деп бағаланды. Шынында да, арғы – бергі тарихымыз бен мәдениетімізді зерделей қарасақ, киіз үйіміздің атқарған қызметі мен ролі зор екеніне көз жеткіземіз. Ғұламалар айтып кеткендей, осы киіз үйден қазақ халқының аспан әлеміне, есептеу жүйесіне, экономикалық біліктілігі, мәдениет пен өнердегі талғамы – жалпы өмір тәжірибесіндегі іске бейімділігі аңғарылады. Ал 12-13 ғасырлардағы мемлекеттердің Алтын Орда, Ақ Орда, Көк Орда деп аталуының өзі осы киіз үйге байланысты екенін Шоқан Уәлиханов айтқан.

Тағы бір ерекше айта кетерлік жай: біздің киіз үйіміз тек баспана ғана емес, ол сәулет, құрылыс, сурет, қолөнер сияқты бірнеше өнердің басын құрайтын ғажайып туынды. Қазақтың киіз үйі ағаш, киіз, ши, ішінара күмістен құрастырылады. Дала тұрғындарының тапқырлық шешімін осы тұрғыдан қарап, бағалаған әлем ғылымы, мәдениеті мен өнерінің білімпаз сарапшылары дүниежүзілік, халықаралық этнографиялық көрмелерде қазақтың осы өнеріне әрқашан жоғары баға беріп отырған. Мысалы, 1861 жылы Алмас деген кісі Париждегі Дүниежүзілік этнографиялық көрмеге киіз үй апарып, еуропалықтарды таңғалдырып, бәйге алған. 1876 жылы Мейрам қажы Жанайдарұлы Петербургке, 1890 жылы Ибраим Әділов Қазандағы көрмеге киіз үй апарып, қазақ мәдениетін Еуропаға паш еткен. 1827 жылы Бөкей ордасының ханы Жәңгір Ресей патшасы I Николайға киіз үй сыйлап, патша ағзам оған өте риза болған (Ә.Марғұлан). Жазушы Шыңғыс Айтматов Батыс Еуропадағы белгілі мұражайлардың бірінен қазақтың киіз үйін көргендігін жазды. Сондай-ақ қазір Германияның Гамбург, Майндағы Франкфурт қалаларындағы мұражайларда қазақтың киіз үйлері бар.

Көкшетаудағы Абылайдың ақ ордасы, Шыңғыс төренің 24 қанат ордасы, Жетісудағы Тезек төренің ордасы, Ырғыздағы Самырат байдың үйі, Ақмоладағы паң Нұрмағамбеттің үйі сияқты елге аңыз болған үйлер көп болған. Киіз үй ішін жабдықтауға қазақ азаматтары байлығын аямаған және сол арқылы қазақ дәулеті мен мәдениетін таныта білген.

Қазақтың осындай байлығы мен сән-салтанатының куәсі болған киіз үйлер тәркілеу, соғыс, аштық, қол-

хоздастыру сияқты жауыздық әрекет салдарынан құрып кетті. Сөйтіп, XX ғасырда қазақ мәдениетінің баға жетпес мұрасы – киіз үйдің құны мен маңызы төмендеді. Оның орнына кеңестік тәсілмен қалай болса солай жасалған, бір-екі жылдан артық тігуге келмейтін, қара құрым жабылған сапасыз бірденелер көптеп шығарылды да, ол киіз үй атты қасиетті, құтты орынның құнын түсірді.

XX ғасырдың тоқсаныншы жылдары Қазақ мемлекетінің жеке шығуы ұлт мәдениетін, оның ішінде киіз үйдің қадірі мен орны өз дәрежесінде қайта дәріптелуі, оларға лайықты ас пен тойлардың өткізілуі және соған сәйкес ұлттық мәдениет рөлінің артуы киіз үйге деген көзқарасты айқындады. Енді той-думан тігілген киіз үй сән-сәулетімен, өнер шеберлерімен, ұлттық дәулетімен, түрлі спорт жарыстарымен дәрежеленетін болды. Мысалы, тоқсаныншы жылдар басында Абылай хан, Қабанбай, Бөгенбай, Шақшақ Жәнібек батырлардың, Бұхар жыраудың, ұлы Абайдың, Жамбылдың тойында киіз үйлер жүздеп, мыңдап тігіліп, оларға бәйгелер белгіленді. Осы тойларда тігілген киіз үйлердің ішінде халықты таңқалдырған Торғай ордасы жұрттың әлі есінде. Алғаш рет Көкшедегі 1991 жылы Абылай хан асында тігілген бұл орда басында 12 канат, кейін 18 канат болып көлемі ұлғайтылды. Ол 1992 жылы қазақтардың Дүниежүзілік құрылтайында, 1993 жылы Есет батыр, Шақшақ Жәнібек батыр асында, 1995 жылы Абай тойында тігіліп, бірнеше рет жүлделі бәйгелерге ие болды. Бұл орданы дайындап, ұмыт болған істі батылдықпен қолға алған Торғай азаматтары сол кездегі Жанкелдин ауданының әкімі Жақан Қосабаев пен Ахмет Байтұрсынұлының жерлестері – Аңсаған Қоңқабаев және Болғанбай Қойшиндер еді.

Бұл киіз үйді XX ғасырдағы қазақ ордасының басы десе де болады. Орданың биіктігі 8 метр, ішіне жүздеген адам еркін сияды. Киіздері ақ тоқтының жүнінен басылған. Іші-сырты тек қана ұлттық бұйымдармен, киімдермен, тұрмандармен жабдықталған. Желбау, басқұр, тұскиіз, ыдыс-аяғы, ең ақыры, төсенішіне дейін қолдан шыққан қазақы дүниелер. Осы үйде болған қазақ зиялылары, мемлекет қайраткерлері Халифа Алтай, Е.Әуелбеков, М.Сағдиев, Ө.Жәнібеков, К.Сағадиев, М.Қозыбаев, М.Жолдасбеков, Ш.Мұртаза, Ә.Кекілбаев, Ф.Оңғарсынова, С.Жүнісов, Ш.Шаяхметов сынды білімді азаматтар, шетел өкілдері орданың ғажап шеберлікпен жасалып, тігілгеніне риза болды. Бұл жерде осыған өлшеусіз үлес қосқан Ахмет ауылының қыз-келіншектерінің баға жетпес еңбегін айтпай кетуге болмайды. Бұл орда бір ауылдың емес, бүкіл қазақ елі мәдениетінің, өнерінің үлкен табысы деп бағаланды.

Елбасымыз Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында «Біз ұлттың тарихи санасын қалыптастыру жұмысын жалғастыруымыз керек» дей келе, ондағы зиялылардың міндетін қадағалап көрсетіп, «интеллигенция қалыптасқан мемлекет

кезенінде жаңа жалпыұлттық құндылықтар жасауда алдыңғы қатарлы күш болуы керек. Олар заманға сай және болашаққа құлшынысты болуға тиіс. Интеллигенция менің пайымдауымдағы «Қазақстан –2050» Жаңа саяси бағыты негізінде ел болашағының ментальды, дүниетанымдық үлгісін жобалауда негізгі рөлді қолға ала алады және алуға тиіс» деп атап көрсетумен бірге, «Мәңгілік ел» идеясы мен «Ұлы Дала елі» имиджін қалыптастыру жөнінде нақты тапсырмалар берген еді.

Философтардың айтуынша, ұлттық идея тамырын тереңнен алады және этностың тарихымен және мәдениетімен байланысты болып, оның болмыстық табиғатын түзеді. Ұлттық идея этникалық сезімдердің негізінде пайда болады. Ал идеология қоғамдық сананың жоғары даму сатысы болып табылады. Егер ол ұлттық идеяға негізделсе, оны құндылықтармен толықтырса, күшке ие болады. Олай болса, дәстүрлі дүниетанымның ұлттық идеологияға негіз болуы кездейсоқтық емес. Сондықтан «Мәңгілік ел» мен «Ұлы Дала елі» идеясы қазіргі гуманитарлық ғылымдардың басты бағдарына айналуы тиіс.

Шаңырақ:

–біріншіден, киіз үйдің басты бөлігі, киіз үй мен көк әлемінің арасын қосып тұратын қасиетті ұғым;

–екіншіден, «ата-баба - әке-шеше – бала...» бірлестігі мен ұрпақтар сабақтастығын, отбасылық сыйластық пен дәстүр мен қадір-қасиетті айқындаушы киелі мәдени ұғым.

–үшіншіден, отбасы - әулет –ру, ел- мемлекет ұғымдарын сыйғыза алатын үлкен коннотаттық мәнге ие әлеуметтік ұғым;

–төртіншіден, мемлекет құрушы қазақ халқы мен өзге де ұлттардың идеяларын бір арнаға тоғыстыратын идеологиялық құрал болуға ең әлеуеті зор ұжымдық сипаттағы, қоғамдық ұғым (қазақ – «шаңырақ», уық – «этностар», кереге – «ынтымақ»).

Қорыта айтқанда, шаңырақ – көшпенділік өмір салты туғызған кәрі тарих жәдігері, рухани мәдениет үлгісі, ата-бабалардың асыл аманаты ғана емес, болашаққа бағдар болып, ұлт болып ұйысудың, бірлік пен берекенің, ұлт пен мемлекеттің баға жетпес құндылығы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Қайдар Ә. «Қазақтар ана тілі әлемінде»: Адам 1 том (Этнолингвистикалық сөздік) – Алматы: Сардар, 2013.

2.Ислам Айбарша. Ұлттық мәдениет контекстіндегі дүниенің тілдік суреті. Фил. ғыл. докт. дисс. авторефераты. – Алматы, 2004. – 251 б.

3.Қайдар Ә.Т. Халық даналығы (қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу). – Алматы: Тоғанай Т, 2004. – 560 бет. 272 б.

INNOVATIONS IN ENGLISH LANGUAGE TEACHING

Mazybaeva Galia Torekhanovna
Absattarova Saltanat Saparbekovna

English Language Teacher

Keywords: teaching, technology, language, tools, multimedia, videos, devices, mass media.

1. Introduction

Second language learning is a process as complex as second language teaching: various factors contribute to and combine together in order to achieve the success of this endeavour. To result in a favourable outcome, teachers have to devote a lot of time and effort to determine the most satisfactory, suitable and effective methods of teaching. Not only everyday reality is affected by the new technology, but also the development of language skills started to depend on it. As the number of English learners is ever increasing, fortunately, more and more modern tools and technology devices are implemented into the process of teaching. Currently, teachers tend to use tools such as videos, podcasts, worksheet banks, e-learning platforms, applications, and websites, accessible through electronic devices such as personal computers, or smart phones. These inventions facilitate classroom environment and diversify learning activities.

2. Multimedia in English language teaching

A wide range of multimedia can be implemented to enhance the quality of education and boost the effectiveness of second language teaching. The boredom and the routine of using only a course book and repeatedly drilling the same types of exercises can be easily avoided.

As the issue of the comprehension of spoken language is crucial, teachers should try miscellaneous resources of podcasts. Traditional course books usually offer gap filling and true or false exercises, which do not really give a sense of real communication. Students very often complain that podcasts going along with course books seem to be artificial and fake. Fortunately, a wide range of free podcasts made specifically for language learners, is currently accessible on iTunes, YouTube, SoundCloud etc. Another reliable source that can be used for a purpose of listening practice is the radio. It offers news broadcasts and interviews which are available on their websites. Moreover, teachers might even use songs played currently on the radio as most of the students recognize them easily and are more familiar with the lyrics even though they do not know the meaning standing behind the words. Nowadays, almost everyone owns a computer or a smartphone. Due to this fact, students are able to create podcasts and recordings on their own which give them a chance to practice their pronunciation.

Заман талабына сай білім беру оқушылардың адамгершілік, интеллектуалдық дамуының жоғары деңгейі мен білімін қамтамасыз етуге бағытталған оқытудың үздіксіз үрдісі десек, оның тиімділігі мен сапасын арттыру мұғалімнен оқу процесінің ғылыми теорияға негізделген және оқушының қабілеті мен бейіміне негізделген оқытудың таңдамалы әдістеріне көшуді талап етеді. Ондағы негізгі мақсат оқушыға сапалы білім беру болып табылады.

Бүгінгі таңда жас ұрпаққа кезкелген пәнді ұғындырудың тиімді жолы – жаңа технология негіздері болып табылады.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда жаңа технологияларды пайдалану мұғалім үшін қандай маңызды болса,

оқушы үшін одан да маңызды.

Тірек сөздер: Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтары, инновациялық әдістер, технологиялар, интербелсенді абзал.

Педагогикалық қызметтің басты мақсаты — жаңа педагогикалық технологияларды ұтымды пайдалану.

Білім беру үрдісін ақпараттандыру – жаңа инновациялық әдістер мен оқыту технологияларын қолдану арқылы, дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу- тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарлатуды көздейді. Бүгінгі күннің талабына сай білім саласында жаңа технологиялар қолданудың маңызы зор.

Заман талабына сай білім беру оқушылардың адамгершілік, интеллектуалдық дамуының жоғары деңгейі мен білімін қамтамасыз етуге бағытталған оқытудың үздіксіз үрдісі десек, оның тиімділігі мен сапасын арттыру мұғалімнен оқу процесінің ғылыми теорияға негізделген және оқушының қабілеті мен бейіміне негізделген оқытудың таңдамалы әдістеріне көшуді талап етеді. Ондағы негізгі мақсат оқушыға сапалы білім беру болып табылады. Бүгінгі таңда жас ұрпаққа кез келген пәнді ұғындырудың тиімді жолы – жаңа технология негіздері болып табылады.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда жаңа технологияларды пайдалану мұғалім үшін қандай маңызды болса, оқушы үшін одан да маңызды. Жаңа технологиялар оқушылардың білім сапасын арттыруға, өздігінен жұмыс істеу мүмкіндігін молайтуға көп көмегін тигізеді.

Осы тұрғыда жаңа технологияларды қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында кеңінен пайдаланамыз.

Соңғы жылдары оқытудың жаңа технологиялары білім беру саласында кеңінен қолданылып келеді. Олардың ішінде отандық әдіскер ғалымдар жасақтаған «Модульдік оқыту технологиясы»(М.Жанпейісова), «Деңгейлеп оқыту технологиясы» (Ж.Қараев), «Сын тұрғысынан ойлау» т.б. технологиялары мұғалімдердің қызығушылығын арттырып, оқу үдерістеріне кеңінен ендірілуде. Мұндай әдіс – тәсілдер мен оқытудың жаңа технологиялары туралы арнайы еңбектер мен ғылыми – әдістемелік тұрғыдан баяндайтын құралдар, түрлі курстар мен білім сатысы оқулары арқылы мұғалімдердің әдіскерлік шеберліктерін ұштауларына мүмкіндіктер мол. Сондықтан түпкі нәтижені таңдаудың, оны мақсатқа сай ұйымдастыра білудің маңызы зор. Оқыту әдістерінің кез келген түрін белсенді әрекетке айналдыру – мұғалімнің әдіскерлік шеберлігі мен шығармашылық ізденісіне байланысты болмақ. Оқыту әрекетінде жеке, топтық, ұжымдық жұмыстарды оқу мазмұны мен мақсатқа сәйкес, үйлесімді түрде жүргізудің қажеттілігі осыдан туындайды.

Қазіргі заманның әлеуметтік экономикалық жағдайында оқушылардың білім деңгейін көтеру белгілі бір дәрежеде жеке тұлғаның өзін – өзі жан – жақты танып білуі мен қалыптасуына жағдай жасауға бағытталған. Бүгінгі оқыту жүйесінде әртүрлі жаңа технологияларды пайдалану тәжірибеге еніп, нәтижелер беруде. Әрбір сабақта оқытудың тиімді әдіс – тәсілдерін енгізіп жүрсе, білім сапасына елеулі әсер етеді. Кез келген сабақты қызықты өткізу үшін әрбір ұстаз жаңалыққа ұмтылып, ізденіс үстінде болғаны

Қазіргі оқыту барысында қолданылып жүрген көптеген технологиялар жеке тұлғаның жетілуіне, оқытудың тиімділігінің негізін құруға бағытталған.

Білім беруде оқушыны білім ақпаратымен қамтамасыз етіп қана қоймай, олардың бойында бағдарламалық дағдылар мен икемдерді де қалыптастырып, шығармашылықпен жұмыс істеуге үйретуіміз керек. Тиімді әдістердің бірі- электрондық оқулықтармен жұмыс істеу. Компьютермен өткізілген әрбір сабақтан соң оқушы тест, бақылау жұмысы арқылы өз білімдерін бекітеді. Бала өз білімін өзі тексере алады, оқушы өз бетінше оқуға қызығады, өз білімін көтеруге ұмтылады. Қазіргі таңда компьютерге тест, бақылау жұмыстарын, тәжірбиелік тапсырмалар әзірлеу дәстүрге айналды.

Қазақ тілін оқыту үрдісінде ақпараттық коммуникациялық технологияны қолдану оқушының білім алу ынтасын арттырады, танымдық қызығушылығын көтереді және де өз бетімен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыруға көмектеседі. Оқушылардың көпшілігі естігенінің 5% және көргенін 20 % есте сақтайтыны белгілі. Аудио және видео ақпаратты бір мезгілде қолдану есте сақтауды 40-50% дейін арттырады. Оқушылар теориялық білімін өздерін — өздері тексеру арқылы әрі қарай жандандырады. Сабақта қолданылатын тапсырмалардың көлемі ұлғайып, оқушылардың ойлау, жұмыс істеу қабілеті дамиды. Өз беттерінше де ізденіп, бағдарлама дайындауға шығармашылық шабыт алады. Ал, ақпараттық технологияны қолдану оқушыға не береді?

Оқыту үрдісінде ақпараттық технологияны қолдану білім сапасын жақсартуға көмектеседі. Сонымен бірге кейде қол жетпейтін көрнекіліктерді пайдалануға, білім мен мәліметтерді әр түрлі формада ұйымдастыруға, қажетті модульге тез арада қол жеткізуге көмектесе алады.

Оқушылар World, Power Point, Excel, Актив студио т.б программалардың көмегімен жаңа тақырыптарды және мәтіндер жазу, оқу, талдау, сурет салу жұмыстарын үйренеді. Қазақ тілі сабағында компьютерді қолдану мәтіндер мен ақпаратты білуге жол ашады. Тіпті нашар оқитын оқушылардың өзі компьютермен жұмыс істеуге қызығады, өйткені кейбір жағдайларда компьютер білмеген жерін көрсетіп, көмекке келеді. Интерактивті технологияларды әр сабағымызда пайдалана алсақ интеллектуалдық қабілеті дамыған, коммуникативтік дағдылары қалыптасқан, алған білімдерін практикада пайдалана білетін бәсекеге қабілетті жеке тұлға қалыптастыра аламыз деп ойлаймын.

Тыңдап-түсіну, көріп-байқау құралдарының ішінде сабақ берудің барлық сатысында қолдануға болатын түрі – аудио құралдар, радио мен теледидар хабарлары, сұхбаттар жазылған ұнтаспа, т.б. Аудиоматериалдар сабақта мынадай мақсатта қолданылады: *біріншіден, қажетті ақпаратты күшті әсерлілікпен жеткізеді;

*екіншіден оқушының бақылаушылығы мен талдау дағдыларын жетілдіреді;

* үшіншіден, өз пікірін, ойын тұжырымдап айтуға

үйретеді.

Таспа арқылы тыңдалатын мәтін оқушының тілін дамытады. Тіл дамытудағы тыңдау сөйлеумен тығыз байланысты. Оқушыға таспадан естігенін тілінде пайдалану қажеттігі туады. Таспадан тыңдалған мәтін бойынша сұрақ қою ең тиімді жол, өйткені оқушы сұраққа дұрыс жауап беру үшін мәтінді ынтамен тыңдап, мәнін түсінуге тырысады. Бейне сабақтарды оқу материалына тиімді енгізу сабақтың сапасын арттырады.

Бұған әсер ететін жағдайлар мынандай:

-есту және көзбен байқау арқылы қабылдаудың әр түрлі жолдарында оқушының түсінігіне жан-жақты мүмкіндік беру;

-оқушының дербес қабылдау мүмкіншілігін ескеру бейнесабақты жүргізудің нәтижесінде қамтылады;

-оқушының қызығушылығын арттыру, эстетикалық және эмоционалдық сипаттарды тудыру.

Тек бейне көріністерді көрсетуде есте сақтауды қажет ететін негіздер:

-бейне көріністер оқушының жасына, қабылдауына қарай сұрыпталуы керек;

-бейне көріністер бағдарлама бойынша өтілетін тақырыппен мазмұндас болуы шарт.

Мысалы,

Сабақ барысында бір ғана тәсілмен шектелмей, өз сабақтарымда қазіргі таңдағы инновациялық технологияларды оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты тандап қолданамын. Атап айтсақ, модульдік технология, сын тұрғысынан ойлау, тірек-сызба, дамыта оқыту, деңгейлеп-саралап оқыту т.б. Мен үшін әрбір сабаққа жаңалықтарды, озық тәжірибелерді пайдалану үлкен жетістіктерге жетелейді. Өзімнің әрбір сабағымда озық технологияларды пайдалану жақсы нәтижелер бергенін көрудемін. Кез келген сабағымды тақырып бойынша жаңалықтармен таныстыру арқылы бастау дәстүрге айналды. Қызығушылықты арттыру арқылы сабақты бастау сол сабақтың аяғына дейін қызық өтуіне себеп.

Қазақ тілі пәнін оқытуда жаңа технологиялардың элементтерін қолдана отырып, деңгейлеп оқыту технологиясына ерекше көңіл бөлемін. Өйткені, бұл технология баланың жеке мүмкіндігіне бағытталған. Ғалымдар Л.Выготский, В.Давыдов, Д.Эльконин т.б. осыны түбегейлі зерттеп, оқыту мен даму арасындағы тығыз байланысты анықтаған. Сабақ барысында қандай оқушы болмасын І деңгей тапсырмасын орындайды, Әрбір оқушы І деңгей тапсырмасын орындауға міндетті және одан жоғары деңгейдің тапсырмаларын орындауға құқылы.

Деңгейлеп – саралап оқытудың тағы басты қажеттілігі, оқушыны өз бетімен ізденуге үйрету, олардың шығармашылық бейімділіктері мен икемділіктерін дамыту.

Жеке тұлғаның қалыптасып, ой – өрісінің дамуы, белсенділігі, білім алу қажеттілігі, оны өмірде іс – тәжірибеде қолдану, шығармашылық міндеттерді ойдағыдай шешудің негізгі құралының бірі – оқушылардың өзіндік жұмысы болып табылады.

Деңгейлеп – саралап оқытудың және бір бағыты – тәрбиелік. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі тиіс. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы», деп Әбу Насыр әл – Фараби айтқан.

Қазіргі педагогикада пайдаланып жүрген технологиялардың бірі және бірегейі – модульдік оқыту технологиясы. Бұл технология қазіргі қазақ тілі пәнін оқытудағы тиімді әдіс болып саналады. Оқушылар түрлі тараулар мен тақырыптар бойынша дайындалған тірек кестелерімен, басқа да ізденімпаздық, шығармашылық бағытта орындалатын жұмыс түрлерімен өздерінің іскерлік дағдыларын қалыптастыра алады.

Осы орайда қазіргі қазақ тілі, тіл біліміне кіріспе пәндері бойынша шығармашылық жұмыс түрлерін көбірек ұсыну, ойын түрлерін беру, оны кейін практикалық тұрғыда қолдана білуге үйрету жұмыстары өз нәтижесін беріп келеді.

Әсіресе, оқу сабақтарында модульдік оқыту технологиялары бойынша ұйымдастырылған ойын түрлерін сөйлесу бөлімінде шебер ұйымдастыра білу оқушыларды шығармашылыққа, ізденімпаздыққа жетелейді.

Модульдік оқыту технологиясының ерекшеліктері:

*білімді меңгерту емес, тұлғаның танымдық қабілеттерін және танымдық үдерістерді арнайы жасалған оқу және танымдық жағдайлар арқылы дамыту;

*тұлғаның қауіпсіздігін, өзін-өзі өзектілендіру, өзін-өзі бекіту, қарым-қатынас, ойын-танымдық және шығармашылық қажеттіліктерін қанағаттандыру;

*белсенді сөздік қорын дамыту (ауызша және жазбаша);

*дарынды балалармен тұрақты және жүйелі жұмыс істеу мүмкіндігін тудыру.

Жаңа әрі пайдалы ізденістердің бірі қазақ тілі мен әдебиеті сабағында қолданылып жүрген әдістердің бірі – «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау» технологиясы. Бұл технология 18 елдің тәжірибесіне енгізілген. Бұл технология оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады, ойлау белсенділігін, тапқырлығын, өзіне деген сенімділігін, іскерлік дағдысын қалыптастырады. Сыни тұрғысынан ойлау технологиясы бойынша сабақ құрылымы қызығушылықты ояту, мағынаны ажырату, ой толғаныс кезеңдерінен тұрып, әр кезеңдегі тәрбиелік және оқу мақсаттары әр түрлі стратегияларды қолдана отырып, алға мақсат қою, мәселені зерттеу, жауап іздеу, оқушылардың өз ойларын ашық айта білуге тәрбиелейді.

Жалпы айтқанда, «Оқу мен жазуды сын тұрғысынан ойлау» стратегиясы сабақты жоспарлауда өте тиімді. Сын тұрғысынан ойлау әдісі оқушының еркін сөйлеуіне, өз пікірін айтуға, достарының ойын тыңдауға, жағдаяттарды шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты шешуге бағытталған бағдарлама. Сыни тұрғыдан ойлау дегеніміз- ой қозғай отырып, оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген -білгенін талдап салыстырып, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасау.

Мұнда оқушының ойы шындалып, өз даму деңгейіне сай жетістіктерге жетуге болады. Сын тұрғысынан ойлау жобасы мынадай үш құрылымнан тұрады:

– қызығушылықты ояту;

– мағынаны тану;

– ой толғаныс.

Бұл технологияда бұрынғы білім мен жаңа ұғым ұштастырылады. Соңғы кезеңде оқушы өз шығармашылық қабілетін таныта алады.

Оқшыларды ойлауға үйретуде, тілдерін дамытуда РАФТ, INSERT, екі түрлі түсінік күнделігі, еркін жазу, дөңгелек үстел, үш қадамдық сұхбат, бес жолды өлең, эссе, түртіп алу сияқты стратегиялардың тиімді де ұтымды жақтары көп.

Осы аталған стратегиялардың бірнешеуі әр сабағымызда қолданыс табады. Мазмұны өте күрделі шығармалардың мәнін жете түсінуде, еске сақтауда сыни тұрғыдан ойлау стратегиялары оқушыларға көп көмегін тигізеді. Тақырыпты толық ашып түсінуде көмектесетін оқыту стратегиясы «INSERT» стратегиясын жиі қолданамыз. Шығарма бойынша оқушыға оқу, тақырыппен танысу барысында

«V»- білемін;

«-»- білмеймін

«+»- мен үшін жаңа ақпарат

«?»- мені таң қалдырады белгілерін қойып отырып оқу тапсырылады. INSERT – оқығанын түсінуге, өз ойына басшылық етуге, ойын ашық білдіруге үйрететін ұтымды құрал. Оқушылардың ерекше қызыға орындайтын тапсырмалардың бірі «Екі түрлі түсініктеме күнделігін толтыру». Балаларға дәптердің бетін ортасынан вертикаль сызықпен бөліп, мәтінді оқи отырып:

Бөліктің оң жағына мәтіндегі қатты әсер еткен тұстарды, үзінділерді жазады. Сол жағына сол әсер еткен үзінділер жайлы пікір жазады.

Әр оқушы мәтінмен танысып, дәптерлеріне жазбаша тапсырманы толтырып біткен соң бірінші жұппен, одан кейін топпен талқылау ұйымдастырылады. Топ ішінен өз жұмыстарын бір-бірден шығып қорғайды.

Осындай сын тұрғысынан ойлауға арналған тапсырмалар оқушыларды топпен бірігіп жұмыс жасауға үйретеді. Мәтінді өз бетінше меңгеруге жағдай жасайды. Сонымен қатар сабақтан тысқары қалатын оқушы болмайды, оқыған мәтінді түсіну оны түсінікті етіп айттып беру, оған қатысты ойын, пікірін білдіру арқылы оқушының тілі дамиды.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың еркін ойлау мүмкіндіктерінің ашылуына себеп болған стратегия – ой толғаныс сатысы. Ой толғаныс сатысы кезеңінде, жаңа алынған білімдерді айқындайтын және ұштайтын деңгейде оқушыда шешім қабылдай алатын мүмкіндік болу керек.

-оқығанын өзіндік ойлау тұрғысынан көрсете білу;

-өз сұрақтарын қою және оған жауаптар табу;

-болжау жасай білу және олардың дұрыстығын тестілеу;

-жаңадан пайда болған жағдайларды тез түсінуде осы білімді қолдану;

Сабақтың ой толғаныс кезеңінде «Еркін жазу» стратегиясын қолдану өте тиімді. Оқушыларға мәтіндегі негізгі оқиғалар жайлы, одан алған әсерін, не үйренгенін, нені әлі де біле түсу керек екенін тағы басқа өз пікірлерін қағаз бетіне түсіру тапсырылады.

Қазақ тілі пәнін оқытуда стратегияларды оқу бағдарламасына сәйкес бірізді жүйелі түрде қолдану тиімді.

I – қызығушылықты ояту фазасында ой қозғау

(шақыру).

II – мағынаны ажыратуда түртіп алу жүйесі, 5 жолды өлең.

III ой толғаныс фазасында Венн диаграммасы, еркін жазу т.б. стратегиялар арқылы баланың дамуына, оның бойындағы жеке қабілеттердің ашылуына, шығармашылықпен ізденуіне жол саламыз.

СТО бағдарламасына қатысудың нәтижесінде сабақта жеткен нәтижелерім:

1. Сабағымда сабақтың жаңа құрылымы пайда болды.

Сабақтың жоспары:

1. Психологиялық дайындық.

2. Ой ашар.

3. Үй тапсырмасын тексеру.

4. Жаңа сабақ.

I. Қызығушылықты ояту.

а) Ой қозғау.

ә) Өзіндік жұмыс.

б) Түртіп алу – +? v (INSERT)

II. Мағынаны тану сатысы.

1. Топпен жұмыс.

2. Бес жолды өлең. «Синквейн»

III. Ой толғаныс сатысы.

1. Венн диаграммасы.

2. Бағалау.

3. Үйге тапсырма.

2. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту сабақтарының негізінде сабақта оқушылар арасында:

— бір-бірінің пікірін тыңдауға, сыйлауға ынтымақты қарым-қатынастың негізі қаланды;

— өзін жеке дара тұлға ретінде тануға жол ашуға;

— бір-біріне құрметпен қарауға;

— өз ойын ашық, еркін айтуға, пікір алмасуға;

— өзін-өзі, бірін-бірі бағалауға;

— мұғаліммен еркін сөйлесіп, пікір алмастыруға;

— достарының ойын тыңдай отырып, проблеманы шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты шешуге көмектесуге;

— белсенді шығармашылықты ойлауға негіз қаланады.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жаңа технологияларды қолдану арқылы оқушылардың таным белсенділігін арттыру, қазіргі қоғам талабына сай ой-өрісін дамыту, шығармашылығын кеңейту, дамыту, терең білімді, бәсекеге қабілетті тұлғаны жасау, заман сұранысына сай ізденімпаз тұлғаны қалыптастыру. Қорыта айтқанда, оқыту процесінің нәтижелі болуы оқытушының сабақ беру шеберлігіне, сабағын қызығалықты жүргізіп, зейін қойдыра білуіне, оқушылардың өздігінен білім алуға үйренуіне байланысты. Қандай да болмасын жаңа әдіс-тәсілдер әрбір оқушының өз бетімен оқып үйренуіне сенімін ұялатып, шығармашылықпен жұмыс істеуіне, қорытынды жасай алуына, сөйлеу мәдениетінің өсуіне ықпал етеді, білім сапасын арттырады. Оқыту технологияларын сабақта қолдану оқушылардың білім сапасын арттырып қана қоймайды, олардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына әсерін тигізеді. Жаңа әдіс-тәсілдерді мән-мағыналарына, ерекшеліктеріне қарай таңдап қолдана білсек, балаға білім беруде ұтарымыз анық.

Сондықтан оқытушы үшін сабақтың жүргізілу

жүйесін жетілдіріп, оқу – тәрбие жұмыстарын жүйелеп, сапасы мен тиімділігін арттырып, өзгерістер енгізуге барлық күш – жігерін жұмсауы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Садуова Ж.Н. Жаңа педагогикалық технологиялар арқылы болашақ мұғалімдердің кәсіби бағыттылығын қалыптастыру

2. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы 2012ж.

3. Бұзаубақова К.Ж. «Жаңа педагогикалық технологиялар» Тараз 2003ж.

4. Орта білім берудің мазмұны: Дәстүрлер мен өзгерістері халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция мақалаларының жинағы. Астана 2012ж.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ НА УРОКАХ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ

Симакова Лариса Александровна

Преподаватель физической культуры РВМК

Новое время выдвигает перед учителем задачи поиска более совершенных способов для подготовки учащихся к жизни в условиях стремительно меняющегося мира. В настоящее время сложилось значительное количество образовательных концепций, технологий, которые пришли на смену технологиям «Традиционной школы».

Когда слышишь фразу «компьютер на уроке физической культуры», то сразу возникает недоумение и вопрос: разве это совместимо? Ведь физкультура – это, прежде всего движение.

Уроки физической культуры включают большой объем теоретического материала, на который выделяется мало часов. Дети не любят слушать правила по технике безопасности, теоретические сведения по предмету, поэтому использование современных информационных технологий позволяет эффективно решать эту проблему. Используя компьютерные технологии, урок становится более интересным, наглядным. Многие объяснения техники выполнения разучиваемых движений, исторические документы, биографии спортсменов, освещение теоретических вопросов различных направлений не могут быть показаны ученикам непосредственно. Поэтому необходимо использовать различные виды наглядности. Сам факт проведения урока физической культуры в кабинете, оснащенном компьютерной техникой, интригует детей, у них появляется внешняя мотивация. Из внешней мотивации «вырастает» интерес к предмету.

XXI-й век - век высоких информационных и компьютерных технологий. Сегодня современное образование ставит перед педагогом задачу совершенствовать традиционные технологии и находить новые подходы к организации учебно-воспитательного процесса. Исходя из этого, формулируются основные цели современного образования:

- развитие у учащихся самостоятельности и способности к самоорганизации;
- развитие способности к созидательной деятельности, сотрудничеству; воспитание толерантности, терпимости к чужому мнению;
- формирование коммуникативных умений и навыков.

Возможным выходом из этой ситуации является применение информационных компьютерных технологий

(ИКТ), представляющих собой накопление информации, её хранение и переработку, математический анализ, моделирование и прогнозирование. Составными частями ИКТ являются электронный, программный и информационный компоненты, совместное функционирование которых позволяет решать задачи, поставляемые развитием общества.

Следовательно, наша цель – найти применение компьютерным технологиям в процессе физического воспитания учащихся как средство методической поддержки учебно-воспитательного процесса. Компьютерные технологии способны сделать учебно-воспитательный процесс интенсивным, эффективным и качественным. Они побуждают учащихся к заинтересованности, активизации познавательной деятельности, углублению межпредметных связей. В настоящее время принято выделять следующие основные направления внедрения ИКТ в образовании:

• использование компьютерной техники в качестве средства обучения, совершенствующего процесс преподавания, повышающего его эффективность и качество;

• использование компьютерных технологий в качестве инструментов обучения, познания себя и действительности;

• использование средств новых информационных технологий в качестве средства творческого развития обучаемого;

• использование компьютерной техники в качестве средств автоматизации процессов контроля, коррекции, тестирования и психодиагностики.

Современные педагогические технологии, в частности использование новых информационных технологий, Интернет – ресурсов, позволяют учителю достичь в ходе проведения уроков максимальных результатов в решении таких задач, как:

1. Интенсификация всех уровней учебно-воспитательного процесса за счет применения средств современных информационных технологий:

- повышение эффективности и качества процесса обучения;

- повышение активности познавательной деятельности;

- увеличение объема и оптимизация поиска нужной информации.

2. Развитие личности обучаемого, подготовка к комфортной жизни в условиях информационного общества:

- развитие коммуникативных способностей;
- формирование информационной культуры, умений осуществлять обработку информации;
- формирование умений осуществлять экспериментально-исследовательскую деятельность.

3. Работа на выполнение социального заказа общества:

- подготовка информационно грамотной личности;
- осуществление профориентационной работы в области физической культуры.

В общеобразовательных учреждениях структура каждого предмета разнообразна, но общий принцип, один – задача учителя состоит в том, чтобы создать условия практического овладения знаниями. Применяя этот принцип к уроку физической культуры, можно отметить, что задача учителя заключается в выборе таких методов обучения, которые позволили бы каждому ученику в полной мере проявить свою активность, своё творчество, активизировать двигательную и познавательную деятельность. Специфика урока физической культуры не позволяет использовать информационно-коммуникативные технологии в том объеме, в котором они используются на других уроках, так как основное направление обучения предмету — двигательная активность. Но реалии современной жизни таковы, что ученик и учитель должны не просто уметь пользоваться компьютером, а органично вписывать работу с ним в урок, процесс подготовки к нему, либо во внеклассное мероприятие. Первоначально одной из форм использования ИКТ для учителя физической культуры - это составление текстовых документов в программе «MS Office Word»:

- Календарно – тематическое планирование;
- Годовое планирование учебного процесса и тренировочных занятий;
- Планы работ по триместрам и поурочное планирование;
- Все виды текстовых документов: заявки, отчёты, положения о соревнованиях, протоколы соревнований, объявления, поздравления, печатание грамот и др.

Следующая форма при работе на ПК – работа с таблицами в программе «MS Office Excel». Даёт возможность использования электронных таблиц и работа с ними при проведении соревнований различного уровня с большим количеством участников, быстрое подведение итогов соревнований и т.д.

Способ накопления информации:

- быстрый способ поиска информации через систему интернета;
- способ хранения информации;
- быстрый поиск необходимого материала.

Уроки физической культуры включают большой объём теоретического материала, на который выделяется минимальное количество часов, поэтому применение электронных презентаций позволяет эффективно решать эту проблему. Электронная презентация – это логически связанная последовательность слайдов, объединённая одной тематикой и общими принципами оформления.

Одной из главных задач учителя физической культуры является разумное использование в учебном процессе наглядных средств обучения. Наглядность играет важную роль в развитии наблюдательности, внимания, развития речи, мышления учащихся. Богатейшие возможности для этого предоставляют современные информационные компьютерные технологии. В отличие от обычных технических средств обучения ИКТ позволяют не только насытить обучающегося большим количеством готовых, строго отобранных, соответствующим образом организованных знаний, но и развивать интеллектуальные, творческие способности учащихся. Наглядность материала повышает его усвоение учениками, т.к. задействованы все каналы восприятия учащихся - зрительный, механический, слуховой и эмоциональный. Просмотр и обсуждение учебного материала увеличивает степень запоминания. Использование презентаций целесообразно на любом этапе изучения темы и на любом этапе урока. Данная форма позволяет представить учебный материал как систему ярких опорных образов, что позволяет облегчить запоминание и усвоение изучаемого материала. Подача учебного материала в виде презентации сокращает время обучения, высвобождает ресурсы здоровья детей.

Другой формой использования ИКТ явилось применение тестирующих программ.

Как средство улучшения образовательного процесса в педагогической деятельности учителя широко используется блог. Термин «Блог» (blog) происходит от английского слова, обозначающего действие – блоггинг – вход во Всемирную паутину или веб, в которой человек ведёт свою коллекцию записей. Каждое сообщение, опубликованное внутри блога, имеет свой URL-адрес, по которому к сообщению можно обратиться. Каждый учитель может оформить блог в соответствии со своими требованиями, выделить самые важные сообщения, разместить необходимые ссылки. Дизайн блога можно сделать как с помощью шаблонов, так и с использованием своих рисунков, тем и т.д. С помощью блога учитель может проводить тестирование, размещать домашние задания, дополнительные материалы к уроку. Блог позволяет выкладывать презентации, видеоматериалы, текстовые документы, изображения.

Постоянное использование блога сможет дать ученикам:

- использование материалов уроков в режиме on-line; дополнительную информацию по предмету;
- изучение пропущенных тем в случае болезни;
- повысить мотивацию к обучению;
- постоянный личный контакт с учителем.

Участие в блогосфере может помочь учителю в определённой своей профессиональной позиции, наладить непосредственный контакт с учащимися, повысить интерес к предмету, расширить кругозор учащихся.

Другой из важных форм работы современного учителя является создание и использование личного интернет-сайта. Сайт может быть важнейшим инструментом организации учебно-познавательной деятельности учащихся вне урока. Главное его назначение – помочь

ученикам через тематические странички сайта получить дополнительные материалы к урокам, зачётам. Использование интернет-сайта учителя помогает формировать информационную компетенцию учащихся, повышает эффективность обучения, сайт учителя экономит время и средства на подготовку к уроку, позволяет использовать материалы сайта для домашних заданий и работы на уроках, для подготовки к экзамену по предмету. Сайт для современного учителя – это, своего рода, одно из условий его профессионального роста, презентация своего педагогического опыта большой аудитории коллег.

Компьютерные технологии всё шире входят в нашу жизнь, хотя они не могут заменить непосредственное общение ученика с живым человеком, учителем. Однако использование этих технологий в качестве дополнительного инструмента для качественного обучения своих подопечных – необходимая потребность современного и будущего времени. Использование ИКТ позволяет учителю повысить уровень владения предметной информацией, развить имеющиеся и приобрести новые навыки работы с информацией в условиях постоянного совершенствования компьютерного оснащения, перейти от объяснительно – иллюстрированного способа обучения к деятельностному, при котором ученик становится активным субъектом учебной деятельности. Применение новых информационных технологий позволяет сформировать у учащихся устойчивый интерес к физической культуре, оказывает влияние на качество знаний, на результативность обучения, развитие учащихся. При этом новые информационные технологии сами становятся инструментом познания, обучения, выполняют обобщающую, исследовательскую, развивающую, воспитывающую и контрольно-корректирующую функции. Новые информационные технологии являются полезным дополнением к уроку.

Таким образом, считаю, что при организации и проведении современного урока физкультуры необходимо

использование ИКТ, что позволяет успешно совмещать не только физическую, но и умственную работу, развивать интеллектуальные и творческие способности учащихся, расширять общий кругозор. Я использую на уроках физической культуры электронные презентации. Это позволило мне при использовании компьютерных технологий в образовательном процессе, сделать урок более демонстративным. Создавая презентацию необходимо учитывать возраст учащихся. Для первых классов необходимо создавать слайды по проще, содержащие больше цветных картинок, меньше текста и схем. Четвертым классам уже более сложные, где они могут анализировать уже знакомые движения, изучать технику выполнения новых движений.

Сегодня физическая культура – это не погоня за результатами, а кропотливая работа учителя и родителей, над укреплением здоровья детей. На уроках необходимо учитывать желания, настроение, темперамент каждого ребенка и каждого учителя саморегуляции, адаптации, релаксации.

Уроки физической культуры необходимо выстраивать, руководствуясь принципами гуманизации и демократизации, воспитания культуры здоровья, используя психолого-педагогические и психолого-физиологические теории обучения, воспитания и развития личности.

Использованная литература:

1. Селевко Г.К. *Современные образовательные технологии*. М.1999г.
2. Лехтина Л.П. *Модели педагогических информационно-коммуникационных технологий (электронный ресурс)*
3. «ИТО – Ростов -2010» - Дядюшкина Т.С. *Использование информационных технологий на уроках физической культуры*

ТАРИХЫН БІЛГЕН ЕЛ ҒАНА ЖЕТІСТІКТЕРГЕ ЖЕТЕДІ

Шукеева Калима Абдижапаровна

Республикалық жоғары медицина колледжінің тарих пәнінің оқытушысы

Тарих — құрметтей білуді жақсы көреді ! «Ұлы даланың жеті қыры» атты Елбасы мақаласы кез-келген Қазақстан Республикасы азаматының ойынан шығып, жүрегімізде кең даламызға деген мақтанш сезімін оятты. Жалпы, еліміздің басынан кешкен тарихынан тағылым алар тұстары көп екені айқын. Елбасы мақаласында еліміздің сонау қола заманынан басталған кемел ескерткіштерінің тамаша үлгілері туралы таңғаларлық дәйектер келтіріледі. Тарих нағыз жады, еліміздің басынан кешірген небір зұлматтарынан бөлек, мақтанш оятар тұстарымыз баршылық екен. Елбасы тарихымызды білу арқылы жастарымызды адал болуға, патриот болуға шақыратыны айдан анық. Сондықтан, археологтарымыздың топырақ пен тастардан аршып алған жәдігерлерімізді әлемге паш ететіндей, туристер таң қалатындай, еліміздің

өркениетіне әлем қызығатындай жаңаша ғылыми тұжырымдамалар жасалғаны дұрыс сияқты. Біз еліміздің тарихы арқылы әлемдік тарихқа есек, танылсақ үлкен зор монографиялар жазылса, ол құнды еңбектер әлем тілдеріне аударылса құба құп болар еді. Елбасы «атқа отыру» өнерінің дамызда кең қанат жайғаны туралы айтып кетті, сол мақалада айтылғандай шынында біздің еліміздің қанатты аттары «Алтын адам» қорғандарынан табылып, еңсемізді көтеріп отыр. Сол алғашқы «Алтын адамның» бас киіміндегі «қанатты аттар» бізге мәңгілікке қызмет ете берері сөзсіз! «Ұлы Жібек жолы» бойындағы қалалардың орындары елімізді қуатты көршіміз- Қытай Халық Республикасымен тату-тәтті көрші болуға мәңгілік өсиет еткендей ғой, тіпті ! Жалпы, тарих дегеніңіз кешегі күннің дәлелі, ата-бабаларымыздың ұлы мұраларына



үлкен жауапкершілікпен қарауды талап ететін секілді. Мысалы, Елбасы өз мақаласында жазған «Отырарды» алайық, елімізде Отырар болған тұста 200 –дей елді мекен болған екен, ал тарихта ерекше көзге түскені де «Отырар!!». Себебі онда үлкен тарихи шайқастар, ерліктер, опасыздықтар да орын алған болатын, Елбасы жазғандай тарихи қаланы қалпына келтіру – туристерді қызықтыруға да сеп болары сөзсіз! Тарих жалпы, ертеңімізге ерекше киелі орындарымызды аман жеткізуге үндеп отырғандай. Елбасы бізге архивтер, яғни елімізден шет жерде орналасқан архивтердегі еліміз атрихына қатысты мұраларға -тереңнен зерделеп қарауды мұқият тапсырып отыр! Ол кезде ғалымдар оны өздерінің саяхаттауына айналдырып жібермей, көптеген архивтегі тың құжаттармен терең отыра, академиялық түрде жұмыс жасаулары қажет деп ойлаймын! Елбасының түрлі бастамалары әсіресе тарих саласына қатысты болып келегені өте керемет болды! Біз, еліміздің тарихшылары тыңнан түрен салып, игі бастамаларды қолдап хәм өз шама шарқымыз жеткенше үлес қосуға да міндеттіміз ғой!

Елбасы Н.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы мәдени-рухани салаға тың серпіліс әкелді. Бұл – тарих ғылымын жүйелі түрде, жаңаша көзқараспен жазу, қазақ даласындағы өркениеттердің мәдени даму үдересіне қосқан үлесін айқындау. Елбасы: «Кейінгі жылдары табылған тарихи жәдігерлер біздің бабаларымыздың өз заманындағы ең озық, ең үздік технологиялық жаңалықтарға тікелей қатысы бар екенін айғақтайды. Бұл жәдігерлер Ұлы даланың жаһандық тарихтағы орнына тың көзқараспен қарауға мүмкіндік береді. Еуропацентристік көзқарас сақтар мен ғұндар және басқа да бүгінгі түркі халықтарының арғы бабалары саналатын этностық топтар біздің ұлтымыздың тарихи этногенезінің ажырамас бөлшегі болғаны туралы бұлтартпас фактілерді көруге мүмкіндік берген жоқ...» деген болатын.

Мұрамыздың мол екеніне мән беріліп отыр. Уақыт тұрғысынан айтылып отырған мәдени жетістіктердің қазақ халқының ұлт болып қалыптасуына ықпал етті және олардың осы Ұлы Дала елінде пайда болғаны анық. Осының бәрі, әсіресе, оның ішінде тарихи жәдігерлер, өз уақытындағы өркениетті дамудың негізгі қозғаушы күші болғанын және технологиялық дамуға айтарлықтай септігін тигізген дәлелдер мақалада жан-жақты айтылған. Нақты ғылыми деректердің негізінде қазақ тарихының бүкіләлемдік тарихтағы өзіндік ерекше орны бар екенін мақтанышпен айта аламыз.

Ұлы даланың жеті қырының кез келгені қазақ елінің өміріндегі ерекше мұра. Атқа міну мәдениеті, ежелгі металл өндіру мен өңдеу технологиясы, өз жазуы

мен мифологиясы бар озық мәдениетті Қазақ Елінің рухани байлығының айшықты белгісі – «аң стилі өнері», бүкіл әлемді тамсандырған Дала өркениетінің жәдігері - «Алтын адам» жауынгері, түркі әлемінің бесігі саналатын Алтайдан бастау алатын Түркі тарихы, әлемдік экономиканың өркендеуіне септігін тигізген - Ұлы Жібек жолы жүйесі, Қазақ Елінің ұлттық брендіне лайықты алма мен қызғалдақтар, еліміздің аумағында орын алған тарихи жәйт қана емес, сонымен қатар әрбір Қазақ үшін де аса қымбат құндылықтар болып табылады.

Жаһандану кезеңінде, ұлт тарихының мәдениеті мен құндылықтарын білу, насихаттау, әрі сақтау елді бекемдеудің тікелей кепілі. Айтылып өткен мәдени құндылықтарымыздың қоғам санасының тарихи жаңаруы үшін Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев ұсынып отырған жобалар толықтай жауап беретіні анық. Оның ішінде, ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі кезеңді қамтитын барлық отандық және шетелдік мұрағаттар дүниесіне елеулі іргелі зерттеулер жүргізу үшін «Архив-2025» жеті жылдық бағдарламасын жасау еліміздің тарихын түгендеуге мүмкіндік береді. Түркі әлемі ежелден Қазақстанды - күллі түркі халықтарының қасиетті «Қара шаңырағы» ретінде мойындайды. Ал, Түркістан халқымыздың рухани орталығы ғана емес, сондай-ақ, бүкіл түркі әлемі үшін киелі орын болып саналады деген сөздер әрбір қазақтың жүрегіндегі мақтаныш сезімін оятады деп ойлаймын. «Түркі өркениеті: түп тамырынан қазіргі заманға дейін» атты жобаның аясында Түркістан қаласында, тарихи мұраларымыздың негізінде Түркі әлемінің орталығын – музейін ашу, өткенмен қазіргі уақыттың тығыз байланысын көрсетумен қатар, келесі ұрпақ үшін де маңызы зор болар еді.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының жалғасы болатын Елбасының тарихи сананы жаңғыртуға бағытталған ұсыныстары мемлекетіміздің нығаюына септігін тигізетініне толық сенімдімін. Өйткені, тарихын білген ел ғана өткеннен сабақ алып, жарқын болашаққа жол тауып жетістіктерге жетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы. <https://aikyn.kz/2018/11/21/73794.html>

2. Лойко О.Т. и др. Семьюсфера социальной памяти и ее абберации в образовании. Журнал «Ценности и смыслы». - Москва: Институт эффективных технологий. № 3(37) 2015. – С. 35-43

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ БОЙЫНША ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

**Мусаева Куралай Сакеновна,
Сосанова Сауле Кенесхановна**

КММ «Лицей 134»

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері

Түйіндеме. Мақалада жаңартылған білім беру мазмұны бойынша бағдарламаға сәйкес алынған тәсілдерді сабақта тиімді қолданса, баланың танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуға, шығармашылығын

калыптастыруға ықпал етеді, оқушылар оқудың қызықты жеңіл өтетіндігін, ұжымда бірлесіп жұмыс жасауға үйретіндігін, білімнің тереңдігі, әрі тиянақтылығы артатындығын баяндайды.

Тірек сөздер: жаңартылған білім беру мазмұны қазақ тілін оқыту, интербелсенді әдіс-тәсілдері.

Білім беру мазмұнын жаңарту білім берудің қазіргі заманғы үрдістерін және қазақстандық білім берудің үздік практикасын кіріктіруге бағытталған. Білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде қазақстандық педагог-практиктердің және ғалымдардың ұсыныстары ескеріліп жасалды.

Педагогикалық әдіс-тәсілдер

- құндылықты-бағдарланған;
- әрекетті;
- тұлғалық-бағдарланған;
- кіріктірілмелі;

коммуникативті әдіс-тәсілдер пән бойынша оқу бағдарламаларының құрылымы мен мазмұнын құрудағы негізгі бағдарлар болып табылады.

Оқушылар барлық пәндерді оқу кезінде АКТ қолдану дағдыларын дамытады. Ақпаратты іздеу және өңдеу барысында ұжымда идеялармен алмасады, өз жұмыстарын бағалайды және жетілдіреді, түрлі жабдықтар пен қосымшалардың кең ауқымын пайдаланады. АКТ оқушы білімінің, оларды тиімді қолдану бойынша дағдыларының дамуына жәрдемдеседі.

Оқу бағдарламаларында оқу мақсаттарының жүйесі түрінде берілген күтілетін нәтижелер тұжырымдалған. Күнделікті білім беру үдерісі оқу мақсаттарына жетуге және оқушыларда алынған білім мен дағдыларды кез келген оқу және өмір жағдайында шығармашылық пайдалануға дайындығын қалыптастыруға бағдарланған.

Оқыту әдіс-тәсілдері:

Құндылықты-бағдарланған тәсіл-оқушының құндылықтар жүйесін қалыптастырушы оқу-тәрбиелік үдерістің сәйкесінше формалары арқылы тұлғаның өзін-өзі танытуы үшін алғышарттар құруды көздейді.

Орта білім беру құндылықтары: қазақстандық отансүйгіштік және азаматтық жауапкершілік; құрмет; ынтымақтастық; еңбек және шығармашылық; ашықтық; өмір бойы білім алу.

Тұлғалық-бағдарланған тәсіл - педагогтің назарын оқушы тұлғасының тұтастығына, оның тек ақылолы, азаматтық жауапкершілік сезімінің ғана емес, сондай-ақ эмоционалды, эстетикалық, шығармашылық нышандары мен даму мүмкіндіктерімен қоса рухани дамуы туралы қамқорлыққа шоғырландыруды көздейді.

Жүйелік-әрекетті тәсіл - оқу-тәрбие үдерісінде оқушының өз бетінше білім алуына бағытталып, осы мақсатта мұғалімнің тиімді іс-әрекеттің түрлі формаларын қолдануын көздейді.

Коммуникативтік тәсіл-бірінші кезекте оқушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын дамытуға, қарастырып отырған мәтін, қатысып отырған әңгіме мазмұнын түсініп, туындаған жағдаятқа сәйкес тілді қолданып үйренуге бағытталған.

Интеграциялық тәсіл-оқу үдерісін жобалау және өткізу кезінде әр түрлі оқу пәндерінің мазмұнын өзара кіріктіру есебінен оқушыда әлемнің тұтас бейнесін қалыптастыруға жәрдемдеседі.

Қазақ тілін оқыту мазмұнына ортақ тақырыптарды енгізу әр түрлі пәндік салалардан білімдерді

кіріктіруге және сол арқылы алынатын білімдердің функционалдығына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Зерттеу тәсілі — зерттеушілік әрекет дағдыларын дамытуға, ғылыми таным әдістерімен танысуға жәрдемдеседі, оқушыларда танымдық қызығушылық қалыптастырады.

Интербелсенді әдіс

Интербелсенді әдіс— үйретуші мен үйренушілердің өзара әрекеттесуін оқытудың негізі деп танытын және сондай қатынасқа жағдай жасайтын әдістер. (inter – аралық, бірнеше, action- әрекет дегенді білдіреді) Өзара әрекеттестік әдетте, белгілі бір мәселені шешу, ол шешімнің тиімділігі Біз оқытуды және білім беруді, егер сабақ барысында мұғалім мен оқушы арасында өзара әрекеттестіктің жоғары деңгейіне қол жеткізсе, «интерактивті» деп атаймыз. Интерактивті сөзі – ағылшын тілінен аударғанда туралы әңгімелесу, талқылау түрінде өтеді.

Ең бастысы, мұнда мәселені шешу процесі жауапқа қарағанда маңызды екендігін түсіну қажет. Бұл интерактивті әдістің мақсаты– тек ақпаратты беру ғана емес, оқушыларға жауаптарды өз бетінше табу дағдысын меңгерту екендігімен байланысты.

Интерактивті негізде оқу мақсаты – білу емес, үйрене білу

•өзіне деген сенімге тәрбиелейді

•шешендік өнерін жетілдіреді

•танымның мәнін түсінуге көмектеседі (яғни, кейде абсолютті шындық болмайтынын)

•сыни ойлау дағдыларын дамытады

•өз пікіріне деген құқығын түйсінуі артады

Интербелсенді оқыту- әрекетпен және әрекет арқылы оқыту, бұл ұстаным үлкен нәтижелерге жеткізетін тиімді жүйе деп есептеледі, себебі адам санасында бірінші кезекте өзінің әрекеттері мен өз қолымен жасаған істер қалады. Кезінде көне қытай ғұламасы Конфуций (Күн-цзы) былай деген екен : «Маған айтып берсең – ұмытып қаламын, көрсетсең – есте сақтармын, ал өзіме жасатсаң – үйренемін!» деген пікірі дәлел болады. Сондықтан интербелсенді оқыту оқушылардың оқу үдерісіндегі белсенді әрекеттерін үйренудің негізгі құралдары ән тәсілдері ретінде танылады.

Интербелсенді әдісте оқушылар төмендегідей білім, білік, дағды, машықтарға үйренеді:

•терең ойлану, жеке рефлексиялық қабілеттерді дамыту;

•өз идеялары мен әрекеттерін талдау және оларға баға беру;

•ақпаратты өздігімен түсініп, жан-жақты талдап, таңдап алу;

•өздігімен жаңа түсінік пен білім құрастыру;

•пікірталастарға қатысып, өз ойы мен пікірін дәлелдеу;

•шешім қабылдау және қиын мәселелерді шешу;

Сол себепті интербелсенді оқытуда оқушылар келесі әрекеттерді атқаруға дайын болу керек:

•бірлескен жұмыс;

•танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік тұрғыдан белсенділік таныту.



Интербелсенді әдістемесінің жұмыс түрлері мен әрекеттері:

- бірлескен жұмыстар (жұптық, топтық, ұжымдық),
- рөлдік және іскерлік ойындар, пікірталастар,
- ақпараттың әртүрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, интернет,
- құжаттар, мұражай т.б.)
- презентациялар,
- тренингтер,
- интервью,
- сауалнама т.б.

Интерактивтік әдістеме өзара қарым-қатынастың мол ауқымын қамтиды. Дегенмен, әдістемелік амал қандай болса да, оқушылардың өздерінің өмірлік тәжірибелерін білім берудің негізгі көзі саналады. Оқу процесінің барысында мынадай қарым – қатынасқа түседі:

- Мұғаліммен (оқушылар мұғалімнің сұрағына жауап берген кезде);
- Өзге балалармен (қосақталып жұмыс істеу барысында)
- Шағын топтармен (3-5 баламен);
- Балалардың үлкен тобымен (көбіне пікірталас, сынып болып әлдебір мәселені талқылау барысында);
- Балалардың тобымен және халықпен (топ әлеуметтік сауалнама жүргізеді);
- Кейбір техника түрлерімен (мысалға , компьютермен);

Оқыту мен оқудың бұл тәсілі оқытудың сындарлы тәсілімен тығыз байланысты, себебі оқушылар бірлесіп жұмыс істей отырып, пәндердің аралығындағы мәселелерді талқылайды, зерттейді. Оған дәлел: Ми неғұрлым белсенді жұмыс істеген сайын, оқу үдерісі соғұрлым қарқынды жүзеге асады деген Хэтти (2014)

Оқушылар тек тыңдаумен айналыспай, білім алуда белсенді әрекет етуі керек екенін көрсетеді. Белсенді оқу аясында көңілді білім алады. Жаңарту және критериялды бағалау жүйесін енгізу тұрғысынан мұғалімдер өз шеберлігін көрсетеді. Мұғалімдер әр сабақ соңында оқушыдан күтілетін нәтижелерін анықтайды, яғни бүгінгі тақырыпқа деген жаңаша түсінік пайда болды ма, немесе жоспар іске асты ма деген сияқты т.б.

Интербелсенді әдістер қолданылған сабақтарда сыныпты екі немесе үш, төрт ұялы топтарға бөліп, барлығына бірдей бір тапсырма не әр ұялы топқа бөлек-бөлек тапсырма беруге болады.

Оқыту тәжірибесі барысы пікірталасқа негізделген және оқыту үдерісінде қолданылатын дидактикалық ойындар сияқты интербелсенді әдістерді пайдалану тиімді екенін көрсетеді. Соның ішінде дидактикалық ойындар оқушылардың білім алуға деген ынтасын, белсенділігін арттырып, алған білімдерін тәжірибеде дұрыс қолдануына көмектеседі. Ойын барысында оқушылардың бойында жағдаятты (ситуацияны) бағдарлау, яғни жағдайға талдау жасай білу, жағдаят (ситуация) кезінде өзінің атқаратын рөлін сезіну, әңгімеге қатысушы әріптестері арасында байланыс орнату, қарым-қатынас жасауда тілдік ұғымдарды дұрыс пайдалана білу сияқты қабілеттері жетілетіндігі байқалады.

«Маршрут» ойыны.

Бұл ойын чейнворд ұстанымы бойынша жүреді.

Чейнворд (ағыл. chain – шынжыр және word – сөз) бас қатыру есебі – ойланып табылған сөздің әріптерін, алдыңғы сөздің соңғы әрпі, кейінгі сөздің алдыңғы әрпі болып табылатындай етіп, бірінің соңына бірі тізбектеле орналасқан торкөздерге сөздер толтырады.

Мысалы, Алматы-ыдыс-сабын-нар-рахмет-тарақ,- қарбыз т.б.

«Екі әріп» ойыны.

Бірінші қатысушы бір сөз, зат есімді айтады. Келесі қатысушы сол сөздің соңғы екі әрпінен келетін сөзді ойлап табады, бірақ дауыстап айтпайды, тек өз сөзімен түсіндіреді, үшінші қатысушы мұның не туралы айтып жатқанын түсінеді де, сол сөздің соңғы екі әрпіне сөз ойлап табады. Бір қызығы балалар сөзді жасырушының не туралы айтып жатқанын біледі, бірақ ешкім оны дауыстап айтуына болмайды.

«Еске түсіру» ойыны.

Қатар отырған оқушылар бір-біріне теріс қарап отырады да, парталасының аты кім, көзінің түсі қандай, киімі қандай, аяқ киімі қандай, егер қыз бала болса юбкасының түсі қандай, құлағында сырғасы бар ма, осы сияқты белгілерді айтып шығады. Бұл ойын балалардың бір-бірін жақсы тануға, қарым-қатынасын реттеуге көмектеседі. Балалардың есте сақтау қабілеті, бақылағыштығы жақсарады.

«Екі ассоциация» ойыны. Екі баған сызады да, оған төрт сөзден жазады. Бағанға кез келген адам, жануар, заттардың атын жазады. Осы екі жақтағы сөзді байланыстырып, ерекше бір ассоциация ойлап табуы керек. Мысалы егер бірінші бағанға мысық, екіншісіне жарық деп жазылса, екі сөзді қосып «жарыққа жылынған мысық», «лампочка спиралы мысық мұртына ұқсайды», «лампочка сияқты» мысық томпақ және жылы», «мысықтың басы лампочка сияқты» т.б. ерекше ұқсастықтар табады. Орындауға 5 минут уақыт беріледі. Жазғандардың ішінен ең қызықты ассоциация таңдалады.

Жаңартылған білім бағдарламасының мазмұндық ерекшеліктері оқытудан күтілетін нәтижелерге оңтайлы қол жеткізуге мүмкіндік беретін стратегияларды, әдіс-тәсілдерді жетік білуді және таңдап қолдануды талап етеді.

Бұл жаңартылған білім бағдарламасы оқушы үшін де, мұғалім үшін де тиімді бағдарлама. Мысалы: Брунер оқытудағы маңызды тәжірибені дамыту бойынша бірнеше өте маңызды кеңестер ұсынды. Брунер теориясының ажырамас бөлігі «Жаңалық ашу» және «Егер оқушыға бөліктерді бір жерге жинауға және өзін ашушы болуға рұқсат етілсе, алынатын нәтижелер шынайы» деген ұғымдар болды. (1962) Оқытудың мұндай типінің артықшылығына төрт аспектінің арасында; біріншіден, зияткерлік мүмкіндіктердің өсуі арқылы; екіншіден, сыртқы марапаттаудан ішкі марапаттауға өту арқылы; үшіншіден, жаңалық ашу арқылы және соңғысы, жадыны дамыту үшін осындай оқытудың тиімділігі арқылы қол жеткізіледі.

Осы кезде оқушы оқу үдерісіне белсенді қатысқанда ғана материалды терең меңгереді. Басқаша айтсақ, оқушыға бағдарланған оқыту ортасында мұғалім оқушылардың сыныпқа келген кездегі бастапқы сенімдерін, білімін және өзіндік ойын негізге ала отырып, өз пайымдарын жасауға қабілетті екенін

түсінеді. Егер оқу үдерісі оқушы мен оқу материалын жалғастыратын «көпір салуға» негізделсе, онда осы үдерісті үйлестіретін мұғалімдер көпірдің екі жағын да қадағалай білуі тиіс. Мұғалімдер оқушылардың не білетінін және нені жасай алатынын, сондай-ақ олардың қызығушылықтарын, әр оқушының нені жақсы көретінін және не істегісі келетінін түсінуге тырысады.

Жалпы қорыта айтқанда, аталған бағдарламаға сәйкес алынған тәсілдерді сабақта тиімді қолданысқа енгізсеңіз, баланың танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуға, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал етеді, оқушылар оқудың қызықты жеңіл өтетіндігін, ұжымда бірлесіп жұмыс жасауға үйретіндігін, білімнің тереңдігі, әрі тиянақтылығы артатындығын баяндайды. Яғни, оқушы өз ой-пікірін ашық еркін айтады, бір-бірін тыңдауға үйренеді сыныпта ынтымақтастық атмосферасы қалыптасады. Сондықтан басқа пәндердің де осындай оқыту формасымен оқытылса, тиімді болатындығын айтуға болады. Осы бағдарламаны меңгергенде ғана жан-жақты дамыған, болашағы айқын, бағдары анық, бәсекеге қабілетті рухани бай тұлға қалыптастыра алатынымызға сеніміміз мол.

МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫНДА КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

**Муфтуллина Ақмарал Қуспанова,
Сұлтанбекова Талшын Полатбековна**

*«Қаныш Сәтбаев» атындағы орта мектеп
Математика пәнінің мұғалімдері*

Түйіндеме. Білім сапасын көтерудің бір үлкен көрсеткіші – бағалау. Бағалау-одан арғы оқу туралы шешімді қабылдау мақсатымен оқытудың нәтижелерін жүйелі түрде жиынтықтауға бағытталған қызметті белгілеу үшін қолданылатын термин. Критериалды бағалау жүйесінде ең маңызды нәрсе-оқу процесінің өзі, сол арқылы оқушы өзін-өзі бағалауды үйреніп, өз білімінің артықшылықтары мен кемшіліктерін көріп, әрі қарай қалай даму керектігін түсінеді, яғни бұл жүйеде оқушының қалай жұмыс жасағаны, қалай ойланғаны бағаланады.

Критериалды бағалаудың екі түрі бар - жиынтық және қалыптастырушы.

Жиынтық бағалау - оқытудың нәтижелерін жіктеу, сертификаттау және тіркеу мақсатында оқытудың қортындыларын шығару. Қалыптастырушы бағалау – мұғалімдерді, оқушыларды және педагогикалық үдерістің басқа да қатысушыларын оқуды жетілдіру үшін қажет ақпаратпен қамтамасыз ететін оқудың ағымдағы бағалануы.

Тірек сөздер: Критерийлер, критериалдық бағалау, жиынтық бағалау, қалыптастырушы бағалау.

Қазіргі кезде білім сапасын бағалау жүйесін жаңарту өзекті мәселелердің біріне айналды. Бес балдық бағалау қазіргі заманға сай білім жүйесін қанағаттандырмайды.

Озық технологияларын қолданып, білімді меңгерту әдістері жетілдіргенімен бағалау бұрынғы жүйеде қалды. Сондықтан оқушы танымдығы өзгерістер мен жетістіктерді бағалау сипаты арасында қайшылықтар қалыптасты. Әлеуметтік сұраныстардың өзгеруі білім сапасын бағалау жүйесін жаңартуды талап етіп отыр.

Осыған байланысты оқушылар арасында өзара түсіністік және ұжымды қарым-қатынасты орнату, оқушылардың өздеріне деген сенімсіздіктерін жою, мүмкіндіктерін арттыруға жол ашу үшін критериалды бағалауды қолдану керек.

Критерийлер - оқытудың міндеттерін жүзеге асыратын өлшемдер, атап айтқанда, оқушылар жұмыс бары-

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н. *Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына.* – Егемен Қазақстан, 2006, 27 мамыр.

2. *2005-2010 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы.* – Астана, 2004. – 46 б.

3. *Қазақстан Республикасының ақпараттық кеңістіктің бәсекеге қабілеттігін 2006-2009 жылдарда дамыту тұжырымдамасы.* – presscenter.kz.

4. Аванесов В. С. *Теоретические основы разработки заданий в тестовой форме: Учебное пособие.* М.: Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов, 1995. – 96 с.

5. Айзенк Г. Дж. *Узнай свой собственный коэффициент интеллекта.* - М.: «Ай кью», 1996. – 160 с.

6. Бахтин М. М. *Проблемы поэтики Достоевского.* - М., 1963. – 363 с.

7. Бек Э. Б. *Критическая грамотность на уроке.* - Перемена, *Международный журнал о развитии мышления через чтение и письмо*, 2005, том 6, № 2. - С. 3-9.



бағалауды үйретеді, оқушыларды сыни ойлауға өз ойын айтуға өзінің білімін көрсетуге мүмкіндік береді. Мұғалімдер сапалы нәтижеге әкелетін критерийлер құрастыру арқылы оқушылардың білім алу барысындағы қателіктері мен олқылықтарын айқындауға, бағдарламаға сәйкес оқушының дайындық деңгейін анықтауға мүмкіндік алады. Оқушы білім алу барысында алған өз бағасының әділдігіне көз жеткізеді. Білімнің меңгерілуі туралы оқушы мен мұғалім мен ата-ана арасында кері байланыс орнайды. Критериалды бағалауда тек оқушының жұмысы бағаланды. Оқушы орындаған жұмысын алдын-ала белгілі үлгімен салыстырды. Оқушы өзінің жұмысын бағалауға мүмкіндік беретін нақты бағалау алгоритмін біледі. Жіберілген қателермен жұмыс істеп оқушы өзінің даму жетістігін бақылап отырады.

Критериалды бағалау екі түрлі бағалауды қамтиды: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау.

Қалыптастырушы бағалау:

-оқу үрдісі кезінде жүргізіледі (шағын өз беттік жұмыс, тест т.б.);

-оқушыларға өзінің жұмысын түзетуге, үлкен жетістіктерге жетуге көмектеседі;

-мұғалімге әр оқушының материалды меңгеруі туралы ақпарат жинайды, талдау жүргізіп алдағы жұмысты жоспарлайды, оқу үрдісін сапалы жүргізді.

Жинақтаушы бағалау:

-тақырыптық немесе бөлімінің оқытуды аяқтау кезінде жүргізіледі (бақылау жұмыстары немесе зачеттар).

-оқушыларға оқылған тақырып бойынша жетістіктерін көрсетуге мүмкіндік береді.

-мұғалімге оқушылардың жетістігі туралы қорытынды баға қоюға мүмкіндік береді.

Қалыптастырушы бағалау кері байланыс қызметін атқарады. Оқушы өзінің жетістігі мен кемшілігі туралы ақпарат алады. Егер оқушы аралық жұмыстарды жеткілікті түрде жақсы орындамаса, оның қорытынды жұмысқа дейін уақыты бар. Сондықтан аралық жұмыстардағы бағасы қанағаттанарлықсыз болса, оны оқушы өзіндік тәжірибелерін жетілдіруге берілген ұсыныс ретінде қабылданды. Себебі тоқсандық бағаны жинақтаушы бағалау негізінде қою ұсынылады. Тоқсан ішінде жиынтық бағалау үшін үш-төрт қорытынды жұмыстар жүргізіледі, оның нәтижесімен тоқсандық баға шығарылады.

Математика пәні бойынша оқушылар жетістігін бағалау үшін төрт критерий алынды. Критерийлердің атауы мен олардың қысқаша мазмұнының сипаттамасын төмендегідей таблицанда ұсынып отырмын.

Математика пәні бойынша критерийлердің мазмұны:

Критерийлер

Дескрипторлар

Білу және түсіну

Оқушы оқылған материалды білетін және түсінетінін көрсетеді, алған білімдерін стандартты және өзгертілген жағдайларда қолдана біледі

Қолдану

Оқушы қандайда бір есепті математикалық әдістерді қолданып зерттейді, заңдылықтарды анықтайды, математика тілінде олардың өзара байланысын сипаттайды

Сыни ойлау және зерттеу

Оқушы қандайда бір есепті шығару кезінде керекті формулалар, теоремаларды, ақпараттарды талдайды, синтездейді, қолдана алады

Коммуникация және рефлексия

Оқушы сәйкесінші ғылыми терминологияны және шартты белгілеулерді қолданып, ақпарат бере алады

Критериалды бағалауда міндетті түрде дескрипторлар құрылуы керек. Дескрипторлар оқушының жетістік деңгейінің дәл сипаттамасын және оларға берілетін ұпай санын көрсету керек.

Оқушы осындай аралық жұмыстарды орындай отырып, өзінің жетістігін бағалайды, қорытынды бақылауға дайындалады. Қорытынды бақылауға берілетін тапсырмаларға осындай критерийлер ұсынылады, тек тапсырмаларды күрделендіріп алуға болады. Тоқсан ішінде математика пәні бойынша жиынтық бағалау үшін екі-үш қорытынды жұмыстар жүргізіп, соның негізінде тоқсанды баға шығару ұсынылады.

Тексеру бетшесі тақырыпты меңгерудің жоспары іспетті. Тексеру бетшесі тақырып бойынша қалыптасатын негізгі біліктерді айқындап, олардың қалыптасу деңгейін оқушылардың өздерінің тексеруге мүмкіндігін береді, тексеру бетшесі үш рет толтырылады. Оқушылар тексеру бетшесінің бірінші бөлімін толтырады, егер оқушы өз біліміне сенімді болса, - «+» белгісін, дәл білмесе – «+/-» белгісін, мүлдем білмесе – «-» белгісін қояды. Үшінші баған қорытынды бақылау жұмысының алдында толтырады 2-ші бөлімді мұғалім өзбеттік жұмыс пен бақылау кесінділерін тексеру кезінде толтырады.

Барлық оқушыларды оқу үрдісіне қатыстыра отырып, тексеру бетшесінің жүйелі жұмыс істеу, критериалды бағалауды қолдану оқушылардың оқуға деген мотивациясын арттырады. Оларды оқу үрдісіне белсене қатыстырып, өзін-өзі дамытуға жетелейді. Өздерінің мүмкіндіктерін ашуға көмектесіп, жеке тұлға ретінде дамуға мүмкіндік береді.

DEVELOPMENT OF MULTIMEDIA APPLIED IN ENGLISH TEACHING

Nurzhakipova Assem Dauletzhankyzy


Almaty Automobile College

Teacher English Language

Keywords: teaching, technology, language, tools, multimedia, videos, devices, mass media.

Multimedia in English language teaching

A wide range of multimedia can be implemented to enhance the quality of education and boost the effectiveness



of second language teaching. The boredom and the routine of using only a course book and repeatedly drilling the same types of exercises can be easily avoided.

As the issue of the comprehension of spoken language is crucial, teachers should try miscellaneous resources of podcasts. Traditional course books usually offer gap filling and true or false exercises, which do not really give a sense of real communication. Students very often complain that podcasts going along with course books seem to be artificial and fake. Fortunately, a wide range of free podcasts made specifically for language learners, is currently accessible on iTunes, YouTube, SoundCloud etc. Another reliable source that can be used for a purpose of listening practice is the radio. It offers news broadcasts and interviews which are available on their websites. Moreover, teachers might even use songs played currently on the radio as most of the students recognize them easily and are more familiar with the lyrics even though they do not know the meaning standing behind the words. Nowadays, almost everyone owns a computer or a smartphone. Due to this fact, students are able to create podcasts and recordings on their own which give them a chance to practice their pronunciation.

The key role in eliminating the monotony from the classroom is occupied by videos, which support both the expansion of the vocabulary and the development of listening skills. While children prefer watching cartoons or animated stories, older learners are more likely to watch documentaries or travel journals. Lyric videos are very entertaining and give numberless options considering the fact that the teacher can use students' favourite songs. As a result of such activities, students can experience the language not only aurally but also visually. It gives them a better context and insight into the natural use of English.

A majority of young students have access to, and are actually fond of using the Internet as much as possible. In this case the teacher can use countless resources with online games, which stimulate and improve every aspect of language skills. The Internet provides the classroom environment with a diverse range of games that are free and available for everyone. These games are designed to practice and examine for instance target vocabulary, a specific grammar construction, or comprehension of a text. Moreover, students have a chance to practice their skills at home by downloading applications and games on their phones or computers. Digital versions of hangman, Scrabble, crosswords, or even memory games are entertaining for all age groups. The teacher might even display these games on the interactive whiteboard and engage the whole class.

The concept of the enhancement of writing skills by encouraging students to create online blogs is also worth considering. Blogging platforms such as Blogger, or WordPress, give students an opportunity to create blogs for free. Sometimes students find blogging engaging and encouraging because they can write about anything they find interesting. The fact that not only the teacher can read their virtual journals, but basically everyone with the access to the Internet, makes them put more effort into writing. Getting feedback from a larger audience may have a positive influence on the development of one's skills as well. If the idea of blogging weekly or daily does not

appeal to the students, they can use their blogs as digital portfolios of their best works.

Multimedia is a recent and popular term in the field of computer usage. Generally speaking, multimedia is the combination of text, sound, pictures, animation, and video. Typical set-ups include CD-ROM, CD-ROM player, sound equipment, and special hardware, which allow the display of sophisticated graphics. With the rapid development of the internet, which has become a powerful medium for it provides a number of services including "e-mail, the World Wide Web (WWW), newsgroups, voice and video conferencing, file transfer and exchange and numerous corporate services delivered through specialized programs". In the context of teaching, multimedia can be called an integrated media, which consists of various media forms such as text, graphic, animation, audio, etc. to browse, query, select, link and use information to meet pupils' requirement. Smith and Woody defined multimedia as "the use of both visual aids and verbal descriptions to illustrate concepts" [1].

According to Mudge, Multimedia applied in English teaching may include four stages. The original stage can be dated back to the 1950s when only a few foreign language institutes started to employ phonograph, broadcast, movie, tape recorder and other current media in foreign language teaching. During that time, audio and video were once considered a significant revolution to the teaching of foreign language. Following in the 70s and 80s, audio and video developed dramatically with the advancement of electronic technology. Electronic taping, slide projectors, videocassette players, language labs and other electronic devices were included in this era. By the turn of 90s, multimedia technology was becoming increasingly available in foreign language instruction because of the development of computer technology and the coming of the digital revolution. In the early 2000's, the internet became a powerful medium for the delivery of computer-aided learning materials. The internet provides a worldwide means to get information, lighten the work load, and communicate with each other at any time and at any place. CALL which is Computer Assisted Language Learning came into play during the later part of the 20th century. Warschauer divided the history of CALL into three stages: behavioristic CALL, communicative CALL, and integrative CALL. Behavioristic CALL applied in 1960s and 1970s was based on the behaviorist learning and featured repetitive language drills. The computer was regarded as a mechanical tutor to deliver the materials to the pupils. An example of a behavioristic CALL strategy is PLATO [2].

PLATO (Programmed Logic for Automatic Teaching Operations), the best-known tutorial system, is a special hardware consisting of extensive drills, grammatical explanations, and translation tests at various intervals. The next stage, communicative CALL, appeared in the late 1970s and early 1980s. It focused on the communicative teaching method and encouraged pupils to generate original utterances through the process of discovery, expression and development rather than just repeat the prefabricated language. Pupils were supposed to make use of the computer or the hardware to assist them in language learning. What they actually work with is not



the computer but their classmates or teachers. In this model, the computer is viewed as stimulus or tool. Popular CALL software developed in this period included word processors, spelling and grammar checkers. Following this stage is the third stage, integrative CALL which included the development of multimedia computers and the Internet. This model not only integrates various skills (e.g. listening, writing, speaking and reading) but also bonds different technologies serving as effective and comprehensive tools for language learning and teaching. With integrative CALL, teachers were moving away from communicative perspective of teaching to a more social way, which emphasizes the language use in authentic social environments. Applying this multimedia networked computer in the language class provides pupils a more effective means to learn English. For instance, pupils can have rapid access to the background, grammatical or vocabulary explanations, pronunciation information while the main lesson is in the foreground. Besides, pupils under this model are usually encouraged to engage in their own language development rather than learn in a passive way. The history of CALL suggests that multimedia can serve a variety of purposes for language teaching. It can serve as a tutor to offer language drills or a stimulus to stir pupils to think. With the advent of the advanced technology and internet, computer usage in language teaching provides an authentic environment for pupils to communicate with

native speakers in an Nevertheless, the application of multimedia in English teaching is not as widely used as expected. A reason for this could be the underdevelopment of technology and immature pedagogy about using multimedia in teaching foreign languages. For example, multimedia cost is high and not all educational institutions can make use of this tool. In addition, many teachers are not trained in using multimedia to teach English. According to Gong & Zhou, some teachers who have been aware of the applicability of multimedia teaching tend to focus on the flowery and fancy courseware and neglect the teaching aim, teaching object and teaching content, so the whole English classroom would become a demonstrating hall of computer functions.

References:

1. David *Communicative Language Teaching* – 2204.
2. Brown, D. (2001). *Teaching by principles: An attractive approach to language pedagogy*. New York: Longman.
3. Scott, W.A. & Ytreberg, L.H. (2000). *Teaching English to children*. New York: Longman.
3. Rodriiguez, R.J. & White, R.N. (2003) *From role play to the real world*. Rowley, MA: Newbury House Publishers, Horner & McGinley, 2000.
4. Berer, Marge and Frank, Christine and Rinvoluceri, *Challenge to think*. Oxford University Press, 2002.

ИНФОРМАТИКА САБАҒЫНДА КЕРІ БАЙЛАНЫС ТҮРЛЕРІ

**Нуртаева Салтанат Нургалиевна,
Табылганова Асель Куришбековна**

*Информатика және физика пәнінің оқытушылары
Автомобиль-жол колледжі*

Түйіндеме. Бұл мақалада оқыту үрдісінде қолданылатын кері байланыстың түрлеріне тоқталып, оның оқу мен оқытудағы тиімді тұстарын атап көрсетеді. Дұрыс жүргізілген кері байланыс арқылы оқушылардың өзіндік пікірін білуге болатынын және оқытушының кері байланыс жасай отырып, өз ісіне сыни көзбен қарайтыны туралы баяндалады.

Оқытудың жаңа технологиясын пайдалану - сапалы білім негізі. Қандай салада болмасын жұмыстың нәтижесі әрине сапамен өлшенеді.

Тірек сөздер: информатика, жаңа технология, кері байланыс, қоғам, ақпарат ғасыры.

XX ғасырда әлем елдерінде болып жатқан экономикалық өзгерістер қарқынды әлемдік білім беру жүйесін қайта қарау қажеттілігіне әкелді. Білім беру саласындағы өзгеріс негізі оқушылар үшін білім мен дағдылардың теңдей дәрежеде екендігі, бағдарлама ерекшелігі оқушылардың алған білімдерін жай ғана иеленіп қоймай, білімдерін өмірде қолдана білуіне басты назар аудару болып табылады. Қазіргі уақытта түрлі ақпараттың көптігі ұстаздың ізденуіне, өз білімін жетілдіруге асығуымыз керек деп отырғандай.

Болашақтың бүгіннен де нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын күдіретті күш тек білімде ғана. Қай ел болсын, өсіп-өркендеуі, әлемде өзіндік орнын алуы сол мемлекеттің біліміне, білім сапасына байланысты екенін ел Президенті Н.Ә. Назарбаев жыл сайынғы халыққа Жолдауында ерекше айтуы да сондықтан. Қазақстан Республикасының білім берудегі басты мақсаты-жан-жақты дамыған,

білімді, өмір сүруге бейім, өзіндік ой-толғамы бар, адамгершілігі жоғары, бәсекеге қабілетті жеке тұлға тәрбиелеу.

Информатика пәніне оқушылардың қызығушылығы мол. Сол себепті осы пәнді оқытуда оқушылардың қызығушылығын жоғалтып алмай,оны одан әрі жалғастыру мұғалімнің міндеті. Қазіргі кезде оқушының қажеттілігін қанағаттандыра алатын сабақтар ұйымдастыру қиынға соқпайтын жәйт. Оған дәлел оқу үрдісіндегі түрлі озық технологиялар дәлел бола алады. Осы технологияларды тиімді қолдану арқылы оқушының компьютерлік сауаттылық мәдениетін қалыптастыра аламыз.

Информатика пәні ол ақпараттық қоғаммен тығыз байланыста. Заман сұранысы - ол білімді, білікті маман.

XXI ғасыр – техниканың озық дамыған ғасыры. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың сындарлы саясатының арқасында білім беру реформасы – Қазақстанның

бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдардың бірі болып отыр. «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп көрсеткендей жас ұрпаққа білім беру жолында жаңа озық технологияларды көбірек қолдану қажет.

Кері байланыс - нақты іс-әрекетке, жағдаяттарға, сұрақтар мен жұмыстардың дұрыс-бұрыстығына көз жеткізе отырып баға беру немесе пікір айту үдерісі. Кері байланыс мұғалімге оқудың қалай жүріп жатқанын, оқушы жетістігі мен қиындығы туралы хабардар етіп, жетістік деңгейі мен қиындығын шешуге көмектеседі.

Кері байланыстан күтілетін нәтижелер:

-Мұғалім мен оқушы арасындағы қарым -қатынас жақсарады.

-Оқушыға өзінің мықты және осал тұсын көрсетіп, алға жылжуға ықпал етеді.

-Оқушы тек бағалауды ғана емес, өз жетістігімен хабардар бола отырып, оқуға қызығушылығын арттырады.

-Мұғалім оқушы кері байланысына қарай, өз жұмыстарын тиімді ұйымдастыруға бағытталады.

-Формативті бағалаудың түрлерін тиімді пайдалана алады.

-Кері байланыс мұғалім мен оқушы арасында, оқушы мен оқушы арасында, мұғалім мен мұғалім арасында жүзеге асырылады және ауызша да, жазбаша да қолдануға болады.

Кері байланысты қалай ендіруге болады?

- Жазбаша пікірлер.
- Экспресс - с ұрақтар.
- Жалпы сұрақтар.
- Кері байланыс күнделігі.
- Өзіндік бақылау парағы.
- Сабақтағы сан сұрақ.

Информатика пәні сабақтарында топтық-жұптық-жеке жұмысты ұйымдастыру, оқушыларды сыни ойлауына бағыттау, бағалау, алған білімдерін өмірмен байланыстырып қолдана алу бойынша берген деңгейлік тапсырмалары арқылы оқушыларды ойлауға, ізденуге, бірлесе жұмыс істеу, талқылау арқылы тақырыптың мәнін ашуға толық мүмкіндік берді.

Информатика сабақтарында топтық жұмыста оқушылардың постерлері оқушылармен бірге сабаққа қатысқан мұғалімдерге де ой салды. Дұрыс ой тастай білсең, оқушылардың ізденісте шыңдалатындығы сияқты, мұғалімдердің өзара бірлесе ізденіп, ортада ынтымақтаса талқылау арқылы ортақ шешімге келуге дағдылана бастады. Сабақтарды жоспарлау барысында әдіс-тәсілдердің тиімділігіне кері байланыс, өзін-өзі бағалау арқылы көз жеткізуге болады.

1.Өзгеріс енгізу бағытында сындарлы оқытудың жаңа әдіс тәсілдерін, соның ішінде топтық-жұптық оқытуда жүйелі жүргізу арқылы оқушылардың оқу белсенділігінің артуына әкелетіні анықталды.

2. Іс-әрекеттегі зерттеу сабақтары арқылы мұғалім өз тәжірибесін өзгертуге, дамуын бақылауға, кері байланыс жүргізуде маңыздылығы анықталды.

3.Мұғалімдердің кәсіби қауымдастығы арқылы, іс-әрекеттегі зерттеу бойынша мұғалімдердің

ынтымақтаса, сенімділік арқылы, нақты іс-әрекеттерді орындауда белсенділікпен бірлескен жұмыс дағдыларының қалыптасатыны анықталды.

4.Зерттеу барысында шығармашыл топ мүшелері өзара ынтымақтастығын дамытып қана қоймай, туындаған кедергілерді шешу жолында жан-жақты ақпарат алмасу мен жаңа тың ойлардың туындатудың осы мәселе бойынша өзге тәжірибелермен бөлісу анықталды.

XXI-ғасыр – ғылым ғасыры. Сондықтан жас ұрпаққа, жас буынға жаңаша білім беру жолында түбегейлі өзгерістер жүріп жатыр. Заман талабына сай оқытудың әр түрлі әдіс- тәсілдері бақыланып, жаңашылдық ұстаздардың іс-тәжірибиесіне енгізілуде. Алайда жаңа озық технологияны меңгеруде мұғалімнің жан-жақты, білімі қажет.

Кері байланыс оқушының оқыту үрдісі қалай өткені және қандай нәтижеге қол жеткізгендігі туралы ой-пікірін тыңдауға негізделеді. Кері байланыс сабақтың соңында ғана емес, сабақ барысында оқушылардың өз бетімен орындайтын тапсырмаларының соңында жүргізіліп отыруы керек.

Рефлексия мақсаты-еске түсіру, өзінің сабақ бойындағы іс-әрекетіне баға беру, талдау және мәселелердің шешу жолдарын іздестіру. Мұғалім оқушының кез келген кері байланыс парағын оқи отырып, жұмысының сәтсіз шыққан тұсын және сәтті шыққан қадамын, ендігі іс-әрекетін қалай жақсартуға болатынын алдын-ала біледі. (1,37-б) Сонымен қатар кері байланыс парағы арқылы оқушының үніне құлақ түріп, оқу мен оқытудағы кездесетін кедергілерді айқындап, келесі оқытуға бұдан да жақсырақ дайындалуына түрткі болады.

Рефлексия сөзі латын тілінен аударғанда reflexio - кейінге айналым мағынасын білдіреді. Бұл терминді Джон Локи 17 ғасырда енгізген. «Рефлексия- адамның өз істерінің мәнін түсініп, оны ойлану барысында өзіне- өзінің нені, қалай жасағаны туралы толық және анық есеп беруі.

Иә, бұл қасиет бойымызда бұрыннан бар деуге болады. Күнде кешкілік бүгінгі ісімізді, айтқан сөзімізді ойша шолып, есеп беріп, ертеңімізге жоспар құрып аламыз. Демек, "рефлексия" деп ат қойып, айдар тақпағанымыз болмаса, бұл әрекет қанымызда бар нәрсе. Бірақ соны қағазға түсіру немесе жүйелі күнделікті түрлендіріп, осы атпен сабақта қолдану болмағаны ақиқат. Осы бағдарлама бойынша білімді дайын күйінде беруден гөрі оқушыны өзі қорытынды жасауға ықпал ету және кері байланыс есебінде түрлі әдістермен рефлексия жасату тиімді екеніне көзіміз жетті. Кері байланыс жүргізу бір күннің іс-әрекеті емес, оған көп уақыт, ізденіс қажет. Мұғалім рефлексия арқылы алынған нәтиженің «дұрыс» не «бұрыс» болғанын дәлелдеп, қолданылған әдіс-тәсілдерінің тиімді не тиімсіз болғанын анықтап, орындалған іс-әрекетін зерделейді. Ең алдымен, мұғалім кері байланыс жасауға оқушыларын дағдыландырып алу қажет. Сонда ғана бұл оң нәтиже береді. Оқушылардың ой- өрісінің дамуы оқу үрдісі кезінде болады, ол оқушының өз бетімен толықтыруы мен өзін-өзі дамытуды қамтиды. Оқушы білім алудың мақсатын саналы түрде түсінсе ғана белсенді бола алады. Қолайлы оқу



үшін адамдарға кері байланыс пен мадақтау қажет, сондықтан кері байланыс жүргізілуі тиіс. Ашық сауалдар, оқыту міндеттерімен алмасу сияқты әдістер оқушылардың өз біліміне белсенді қатысу қабілетіне әсер етеді. Оқушылар жұппен де, өз беттерімен де өз білім деңгейлерін бағалауға және оған жеткенін түсінуге мүмкіндіктер бар. (1,36 б)

Рефлексияны әр түрлі әдіс-тәсілдермен сабақтың әр кезеңінде: тақырыптың соңында, сабақ бөлімдерінен кейін және тарау соңында жүзеге асыруға болады. Кері байланысты түрліше өткізуге болады: топтық рефлексия түрінде, әңгімелесу түрінде т.б. Кері байланысты ауызша және жазбаша да жүргізуге болады.

Негізінен рефлексия адамның үш қасиетін: өз бетімен білім алуын, шешім қабылдай білуін, бақталастыққа түсе білуін қалыптастырады. Өйткені бұл - ХХІ ғасырдың талабы. Сонымен қатар кері байланыс арқылы оқушылар өз-өзіне есеп беріп, өз-өзін реттеуге дағдыланады. Оқушылар ойлауға, сөйлеуге, өзін-өзі дамытуға еркін қол жеткізе алады. Кері байланыс жасауға сабақтың белгілі бір уақытын бөліп, олардың ой-пікірлерін шыдамдылық танытып тыңдау қажет. Кері байланыс жасау арқылы бұрынғы сабақтарда ен-жар отыратын оқушының себебін анықтап, олардың белсенділігін арттыруға жол іздеуге болады. Кері байланыс оқушы үшін-өз жетістіктері мен қателіктері туралы ойлану, алға жылжу үшін ұсынба алу; мұғалім үшін өз қызметіне қажетті өзгерістер енгізу мақсатында алынатын ақпарат (2,22 -б)

Кері байланысты жасағанда мына жайттарды есте ұстаған жөн: кері байланысты жұмысымызды жақсартудың ең тиімді нысаны ретінде сабырлылық таныту, кері байланыстың субъективті болатынын ескеру, кері байланыс жасалған істі бағалау емес, не жасалу керектігін көрсету. Сонымен бірге кері байланыс оқумен оқытудың қалай жүріп жатқандығын, оның сапасын анықтауға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келгенде, рефлексия - көп қырлы, кіріккен әрекет. Бұл әрекет оқушының психикалық қызметінің өзгеруіне ықпал етсе, ал мұғалімнің кәсіби әрекетін жоғары шығармашылық деңгейде жүргізуіне

көмегін тигізеді. Рефлексия, яғни кері байланыс-нәтижелі білімнің жоғары көрсеткіші екенін бүгінгі күндегі оқушылардың жеткен жетістіктері арқылы толық сеніммен айта аламыз.

Бүгінгі таңда күнделікті сабақтарымызда рефлексия жасауды дағдыға айналдырып келеміз. Рефлексия арқылы оқушының қажеттіліктерін біліп, оларды жинақылыққа тәрбиелеуге болатынын түсіндік. Сабақтағы оқушының ой-пікірін, көңіл-күйін біліп қана қоймай, сабақ мазмұнын қай деңгейде меңгергенін анықтауға болады. Сонымен, кері байланыстың тиімділігіне тоқталар болсақ: Оқушылар үшін: 1-ден, рефлексия-оқушыны өз-өзіне есеп беруге баулиды; 2-ден, рефлексия арқылы оқушының қажеттілігін біле аламыз; 3-ден, рефлексия арқылы оқушының өзіндік көзқарасы қалыптасады; 4-ден, рефлексия арқылы білім беру барысының сапасын жақсартуға болады және рефлексияның нәтижесінде оқушының сыни көзқарасы қалыптасады, өз-өзіне баға бере алады.

Кері байланыстан күтілетін нәтижелер:

-мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас жақсарады;

-оқушы өзінің мықты, осал тұсын анықтайды және алға жылжуға ықпал етеді;

-оқушы тек бағалауды ғана емес, өз жұмысынан хабардар бола отырып, оқуға қызығушылығын арттырады;

-мұғалім мен оқушы кері байланысына қарай өз жұмыстарын ұйымдастыруға бағытталады;

Сондықтан да кері байланыстың тиімділігі арқылы оқыту мен оқу сапасын жақсартуға болады деп ойлаймыз.

Пайданылған әдебиеттер:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші басылым-2012 жыл

2. «Оқытудың нәтижелерін бағалаудың әдістемесі» - Зулкашева Ш.М. Орал 2013

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ БОЙЫНША ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖАҒЫНАН ДАМЫҒАН ЖЕКЕ ТҮЛҒАНЫ ТӘРБИЕЛЕУ

**Рыскулова Раушан Рахмашевна
Мейркулова Қарашаш Салмарбековна**

КММ «Лицей 134»

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері

Түйіндеме. Жаңартылған білім мазмұны бойынша үйренгеніміз де, үйренеріміз де көп. Үнді халқының тарихи тұлғасы Махатма Гандидің «Егер сен болашақтағы өзгерісті байқағың келсе, сол өзгерісті уақытында жаса» деген ілімін негізге ала отырып, оқушы бойындағы қабілетті жетілдіріп, оқушыларды болашаққа жетелеп, жақсы істі бастағалы отырмыз. Жаңартылған білім – болашақтың кепілі. Осы мақсатқа жету үшін қазіргі мұғалімдердің, әсіресе, мемлекеттік тілді үйретуші ұстаздардың алдында үлкен міндет тұр. Ол - білімі мен қабілеті жаңа заманға, жаңа Қазақстанға сәйкес жеке тұлғаны тәрбиелеу.

Тірек сөздер: Жаңартылған білім мазмұны, ұлттық модель, жаңа технология, жеке тұлға.

Қазақстан 2030 стратегиялық бағдарламасы білім берудің ұлттық моделінің қалыптасуымен және Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім

беру кеңестігіне кіріктірумен сипатталады. Қазіргі таңда қазақ тілі-мемлекеттік тіл, қарым-қатынас тілі – орыс тілі және ағылшын тілі – әлемдік кеңістікті тану тілін оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану-заман талабы болып отыр. Оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр.

Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы - заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама. Қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа сапалы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру-бүгінгі күннің басты талабы.

Шындығында мұғалімнің алдында оқушыларға білім мен тәрбие беруде үлкен жауапкершілік тұр. Әрбір оқушыны оқытып тәрбиелеуге байланысты мәселелерді өздігімен және шығармашылық ынтамен шешуге қабілетті жаңашыл мұғалім керек. Жаңа, тез өзгермелі, білімді де білікті, тың серпіліске, өзгеруге дайын және жаңа талап межесінен көріне алатын шығармашыл да кәсіби шебер мұғалімдерді қажет етіп отырғанына көзіміз жетті. Оқушылардың мектепте табысты оқуы ғана емес, өмірде де табысты болуы мұғалімнің қабілетіне, оның құзыреттілігіне байланысты екенін терең түсіндік. Мұғалім оқушылар үшін қандай да бір пән бойынша білім беретін адам ғана емес, сондай-ақ олардың оқудағы еңбегін қызықты, тиімді ұйымдастыра алатын, оларға үлгі болатын ерекше тұлға болуы керек.

Жаңа заман мұғалімен күнделікті оқушылармен қарым-қатынас барысында әрбір жағдаят үстінде ерекше білім деңгейін көрсетуді және шығармашыл шешім қабылдай алуын талап етіп отыр. Оны қанағаттандыру үшін қазіргі заманның мұғалімі жаңашыл, икемді, өзгерісті тез қабылдай алатын, жан-жақты, жаңа педагогикалық инновациялық технологияларды меңгерген болуы керек. Соңғы жылдары педагогикалық теорияда және оқу-тәрбие үдерісінде айтарлықтай өзгерістер болып жатыр. Білім берудегі жаңғырту мен инновациялық үрдістердің жалғасуына ықпал етудің маңызды факторының бірі мұғалімнің кәсіби шеберлігі. Солай бола тұра «кәсіби шебер» түсінігіне пәндік, дидактикалық, әдістемелік, психология-педагогикалық білім мен дағды ғана емес, педогогтің жеке тұлғалық потенциалы, кәсіби құндылықтары да жатады.

Білім мазмұнын жаңарту тікелей шығармашылық ізденістегі мұғалімнің кәсіби шеберлігіне байланысты. «Мұғалім көп әдісті білуге тырысуы керек. Оны өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдануы керек», - деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қазіргі заман талабына сай білім беру мәселесі сол қоғам мүддесіне сай болуы керек. Өз ісінің шебері ғана жоғары жетістіктерге жетеді. Қазіргі таңда пәнді жақсы,

терең білетін, күнделікті сабақтағы тақырыпты толық қамтитын, оны оқушыға жеткізе алатын, әр түрлі деңгейдегі тапсырмаларды білу іскерлігі, оқытудың дәстүрлі және ғылыми жетілдірілген әдіс-амалдарын, құралдарын еркін меңгеретін, оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыра отырып дарындылығын дамытудағы іздену-зерттеу бағытындағы тапсырмалар жүйесін ұсыну өмір талабы.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі спиральді қағидаға берілуі. Оған оқу мақсаттарын зерделей отыра тапсырмаларды, ықшам сабақтарды құрастыру барысында көз жеткіздік.

Бағалау жүйесі де түбегейлі өзгеріске ұшырап, критериялық бағалау жүйесіне өтеді. Критериялық бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшенеді. Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау. Бұл бағалау түрлері баланың жан-жақты ізденуіне ынталандырады. Критериялық бағалау жүйесі Филиппин, Сингапур, Жапония, Франция, Финляндия сынды дамыған елдерде пайдаланылады. Бұл бағалау жүйесінің артықшылығы, баланың ойлау қабілетін дамытып, ғылыммен айналысуына ықыласын туғызады.

Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқыту мен оқу үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады және тоқсан бойы жүйелі түрде өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз жүргізіле отырып, оқушылар мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және балл не баға қоймастан оқу үдерісін түзетін отыруға мүмкіндік береді.

Жиынтық бағалау оқу бағдарламасынның бөлімдерін (ортақ тақырыптарын және белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы, орта білім деңгейі) аяқтаған оқушының үлгерімі туралы ақпарат алу мақсатында балл және баға қою арқылы өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау барлық пәндер бойынша қолданылады.

Кіріктірілген білім беру бағдарламасында қазақ тілі пәнінің берілуі жайы да өзгеше. Бағдарлама оқушының төрт тілдік дағдысын: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым жетілдіруге бағытталған.

Осыған орай, педагогикалық ғылым алдында да нақты міндет туындауда: ол баланың жеке тұлғасын дамытуға бағытталған жаңа оқыту технологияларын ойлап табу, яғни оқытудың жаңа инновациялық технологиясын қалыптастыру. Атақты ғалым В.М.Шепель «Технология, бұл - өнер, шеберлік, іскерлік әдістерінің жиынтығы, жағдайдың өзгеруі» десе, М.Чошанов «Технология, бұл - дидактикалық жүйенің құрылымдық бөлігі» деп анықтама берген болатын.

Қазіргі таңда әлемдік оқу үрдісінің өзегі жаңа технологиялар екені мәлім. Әлемнің бірнеше елінде сынақтан өткізілген жаңаша оқыту технологиясы төрт бағытты қамтиды. Олар мыналар:

1. Модульдік технология
2. Рейтингік жүйе
3. Дамыта оқыту технологиясы
4. Сын тұрғысынан ойлау

Әрбір технология өзіндік жолда әдіс - тәсілдермен ерекшеленеді. Көрнекті ғалым В.А.Сухомлинский



«Сабақ жасөспірімдердің интеллектуалды өміріне құр сабақ болып, мұғалім білімді түсіндіріп қоюшы, бақылаушы, бағалаушы емес, толық іс-әрекетті ұйымдыстыратын ұжымдық істердің ұйытқысы», - деп түсінік береді. Тек осылай оқыту ғана баланың интелектісінің көзін ашып, шығармашылығын дамытады. Оқушы тұлғасының дамуына, қабілетінің артуына жаңа технологиялар айтарлықтай ықпал жасайтыны сөзсіз және бұл қазіргі таңдағы білім беру жүйесінің дамуындағы елеулі бағыт. Сондықтан да болар қазіргі кезде біздің ұстаздар да осы жаңа технологиялар элементтерін өздерінің тәжірибелерінде пайдаланып жүр. Қысқаша осы технологияларға шолу жасайық.

Модульдік оқыту технологиясы

Модуль – белгілі бір жүйенің өзіндік бөлшегі (С.И.Ожегов). Модульдік оқыту технологиясының ерекшелігі – тұлғаның танымдық қабілеттерін

және танымдық процестерді арнайы жасалған оқу және танымдық жағдайлар арқылы дамытуға, тұлғаның қажеттілігін қанағаттандыруға белсенді сөздік қорын дамытуға бағытталуы. Бұл технология тұлғаның даму ерекшеліктері туралы психологиялық ғылым мәліметтеріне, тұлғаның қызығушылық аясын дамытуға, тұлғаның танымдық құрылымын дамыту ерекшеліктеріне негізделген. Мұндағы қызығушылық немесе қызығу дегеніміз – ынталық, алғырлық, тұрақтылық және білуге құмарлық тәрізді бөліктерден тұратын, белгілі бір нәрсеге зейін қою арқылы эмоция тудырып, жүзеге асатын жеке басқа тән ерекшелік. Ал танымдық процестерге жады, ойлау, ынта, зейін, қабылдау, ес, елестету, т.б. жатады.

Модульдік технологияның оқыту мақсаты – қазақ тілінде ауызекі сөйлеуді меңгеру.

Мәселелері:

1. Модульдік технологияны нақты нәтижелерге жету үшін пайдалану.

2. Модульдік технология оқу процесінің жоспарлығын, жүйелігін, тақырыпқа бөлуін талап етеді.

Жоспарлау:

Оқу процесін жоспарлағанда мұғалім оқыту сапасын көтеру үшін бүгін, ертең, жыл бойы қалай жұмыс істейтінін күні бұрын нақты жоспарлауы керек.

Тақырыпқа бөлу.

Оқу материалын тақырыптарға бөлу. Модульдік технология нақтылы бір тақырыпты өтуді көздейді.

Бір модульдің тақырыбымен тығыз байланыста болу керек.

Жүйелеу.

Модульдік технология оқу процесін жүйелеп оқытуды талап етеді. Жүйелеп оқыту көптеген тақырыпшаларды бір-бірімен байланыстырып, ретке келтіреді.

Сонымен ол біртұтас грамматикалық және лексикалық блок болып табылады.

Модульдік оқыту нәтижесінде оқушы неге дағдылану керек:

1. Өзіне тілді үйрену мақсатын қою.

2. Оқу материалын қабылдау үшін ойлау қабілетін белсендіру керек. Алған білімін, талдап, жинақтау керек.

3. Керекті сөздерді, сөз тіркестерін, сөйлемдерді есте

сақтау.

4. Тілдің 4 әрекетін пайдалану арқылы қазақ тілін үйрену.

5. Талдаудың барлық түрлерін (морфологиялық, синтаксистік, фонетикалық) жасай білу керек.

6. Грамматикалық және лексикалық материалдарды ауызекі сөйлеу дағдысын қалыптастыру үшін пайдаланып үйрену.

7. Әр түрлі жазба жұмыстарын орындай білу: шығарма, мазмұндама жазу, жазба жұмыстарын орындай білу.

8. Оқу, сауатты жазу, мәтінді түсіне білуі керек.

9. Сөз тіркестерін, Сөз тіркестерінен сөйлемдерді, сөйлемдерден сөз тәртібін сақтай отырып мәтін құруға дағдылану.

10. Диалог құрастырып, сапалы түрде монолог айтып үйрену,

11. Жатталған өлеңдерді, әндерді, мақал – мәтелдерді, жұмбақтарды және басқа тілдік материалдарды есте сақтау.

Келесі оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға арналған технология- СТО (Сыни тұрғыдан ойлау)

Сыни тұрғыдан ойлау дегеніміз не?

«Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарлама бойынша ол

- шындалған ойлау, кез келген даму деңгейіне байланысты мәселелерге сын көзбен қарау;

- күрделі мәселелерді шешуге, аса маңызды, жауапты шешім қабылдауға құштарлық;

- үйрету мен үйреу бірлігінен, үйренудің қызығушылығынан тұратын, үйренушінің сеніміне негізделген құрылым.

«Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту» технологиясы үш кезең бойынша қолданылады:

1. Қызығушылықты ояту.

2. Мағынаны тану.

3. Ой толғанғыс.

Осы кезеңдердің ұтымды өткізілуі мынадай нәтиже береді:

- оқушылар басқалармен қарым-қатынас жасай біледі;

- басқаларды тыңдауды, кез келген жауапқа сыйластық, түсіністікпен қарауға;

- өз ойын топ алдында ашық айта алу, қорғай білуге;

- керек кезде өз көзқарасын өзгертуге үйретеді, дамуын қамтамасыз етеді;

- оқушының оқу мотивациясы өзгереді, өз бетінше ізденуге үйретеді;

- ең бастысы сабаққа қызығушылығы артып, балалардың белсенділігі өте жоғары болады.

Коммуникативтік оқыту технологиясы- қарым-қатынас негізінде оқыту.

Балаларды сөйлеуге, сөйлесу арқылы оқуға, тыңдауға үйретуге болады.

Ең алдымен олар мына жаттығуларды орындайды.

Тіл үш салаға бөлінеді.

а) лексикалық

ә) грамматикалық

б) фонетикалық

Олар бір бірімен тығыз байланысты, сондықтан сөзді жекелей үйретуге болмайды. Белгілі бір тілді

үйрену үшін тілдің өзін емес, қоршаған ортаны сол тіл арқылы үйрену керек.

Технологияның ерекшелігі

Берілген әдістеменің мақсаты болып табылатындар

- білім беру үрдісінің нәтижесін жоғарлату;

- белсенді және толық қатынасқа үйрету;

- белгілі жағдаятқа байланысты оқушылардың ауызкей сөйлеу үрдісінің қалыптасуына мүмкіндік жауау.

Аталған технологиялар арқылы шығармашылық жағынан дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеу жолында түрлі әдіс- тәсілдерді пайдаланып жүрміз. Олар:

Ассоциация (Әр оқушы жауаптарын дәптерге жазады, мұғалім тақтаға жазады, оқушылар жеке топтарға бөлінеді, әр топ өз жобасын көпшілік алдында қорғайды)

« Миға шабуыл» (проблемалық сұрақ туғызу, сұрақтарға жауап сұрау, талдау)

Түртіп алу (V, +, + -, -, ?)

Токтап оқу (Мәгінді бөліп, әр бөлікті жеке талдау)

Дискуссия (Берілген сұраққа екі жақты жауап беруге болады. Иә,..... Жоқ,.... Әр топ өз пікірін төрт, бес сөйлеммен дәлелдейді. Басқа топтың оқушыларымен пікірлесуге түседі, мәселені талдайды.

Дебаттар. Кубизм. Эссе. Үш деңгейлік интервью.

Тірек сөздер. Даналық ағашы. «Жиксо» әдістеріне ауызша тоқталып өтейін.

«Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса, азаматтық намысың болса, қазақтың ұлттық жалғыз мемлекетінің нығайып - көркеюі жолында жан терінді сығып жүріп еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі өзін екенінді ұмытпа!», - деген Елбасымыздың сөздерін сол елдің, сол тілдің иесін тәрбиелеуші, соларға білім беруші ұстаздармыз, сондықтан да біздің міндетіміз өте зор дегім келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Аванесов В. С. *Теоретические основы разработки заданий в тестовой форме: Учебное пособие. М.: Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов, 1995. – 96 с.*

2. Айзенк Г. Дж. *Узнай свой собственный коэффициент интеллекта. - М.: «Ай кью», 1996. – 160 с.*

3. Бахтин М. М. *Проблемы поэтики Достоевского. - М., 1963. – 363 с.*

4. Бек Э. Б. *Критическая грамотность на уроке. - Перемена, Международный журнал о развитии мышления через чтение и письмо, 2005, том 6, № 2. - С. 3-9.*

ФИЗИКА САБАҒЫНДА СЫНИ ТҮРҒЫДАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

**Сарсенбаева Гаухар Низаматдиновна,
Бейсенбаева Гаухар Какимовна**

*«Қаныш Сәтбаев» атындағы орта мектеп КММ
Физика пәндерінің мұғалімдері*

Түйіндеме. Мақалада физика сабағында сыни тұрғыдан ойлау технологиясын пайдаланудың әдіс-тәсілдері жайында қарастырылады. Ұстаздар қауымы қандай болмасын жаңалыққа құлақ түре жүретіні айқын. Жаңа технологияларды сабақта қолданудың тиімділігін қашан да жолға қояры анық. Қазіргі кезде білім беру үрдісінде көптеген технологиялар қолданылады. Соның бірі «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясын басшылыққа алынады.

Тірек сөздер: Физика, жаңа технология, сыни тұрғыдан ойлау, әдіс-тәсіл.

Қазіргі кезде білім берудің сапасын жақсату, әдістемелік негізін өзгерту заман талабына сәйкес туындап отырған қажеттілік. Өйткені мектептің әр күні көптеген ғылыми жаңалықтарға, терең элементарлік өзгерістерге толы. Бұрын оқу үрдісінде мұғалім басты роль атқарған болса, қазір оқушының белсенділік көрсететін кезі туды.

Сабақ мұғалімнің емес, оқушының іс әрекетімен бағаланады. Қазіргі заманда нені оқыту емес, қалай оқыту маңыздырақ болып отыр. Сабақ барысында оқушының ізденуі мен зерттеу дағдыларын қалыптастыра отырып, пәнге деген қызығушылықтарын арыттыру мақсатында қолданылатын технологиялар баршылық. Солардың бірі сын тұрғысынан ойлау технологиясы.

Физика пәнін оқушыларға оқытып үйретуде мұғалім үнемі өзінің ой-өрісін кеңейтуге, біліміне білім қосуға тиіс және оқытудың жаңа технологияларын меңгеруі қажет.

Педагог-ғалымдар қазіргі кезде қолданып жүрген

білім беру технологиясы терминін әр қырынан ашып көрсетуде. Түсіндірме сөздікте «Технология – бұл қандай да болсын істегі, шеберліктегі, өнердегі амалдардың жиынтығы» делінген.

Б. Лихачев педагогикалық технология оқу үрдісінде белгілі бір мақсат көздейтін педагогикалық ықпал десе, В. И. Беспалько «Оқу үрдісін жүзеге асырудың мазмұндық техникасы» деген анықтама береді.

М. Кларин «Педагогикалық технология – белгілі мақсатқа қол жеткізу жолында қолданылатын барлық қисынды ілім, амалдар мен әдіснамалық құралдардың жүйелі жиынтығы және жұмыс істеу реті» деп жазады.

Мектеп оқушыларының танымдық белсенділігі мен ізденімпаздығын қалыптастыру мәселесінде белгілі ғалым Сократтың оқыту үрдісіне көңіл бөлемін. Оқу сапасын арттыру үшін күнделікті сабақта жаңа технологияларды пайдаланады.

Осы негізде география пәнін оқытуда «сыни тұрғыдан ойлау» жобасы стратегияларын қолдану тиімді. Бұл – американдық ғалымдардың идеялары негізінде құрылған жоба. Сыни ойлау дегеніміз –



оқушының қоршаған ортаға, ақпарат әлеміне, өзінің іс – әрекетіне сын тұрғысынан қарауын жетілдіру деген сөз.

«Сыни тұрғыдан ойлау» жобасының стратегияларын пайдалану өз сабақтарында тиімділігі сол, оқушылар бұдан өздерін бақылап, талдау жасап үйренеді. Білімді өз еңбектері арқылы ой елегінен өткізе отырып, алады.

Бұл технологияны пайдаланудың тиімді тұстары мыналар:

1. Оқушының пәнге деген жеке қызығушылығын оятады;
2. Танымдық қабілеттілігін қалыптастырады;
3. Әлеуметтік мәдени тәрбие қалыптастырады;
4. Оқушыны шығармашылық жұмысқа баулиды;
5. Оқытушының уақытын үнемдейді
6. Қосымша мәліметтер береді.
7. Оқушыларға сенімділік білдіріледі;
8. Талантты, қабілетті балалар өздерінің қабілеті мен икемділігін одан әрі бекіте түседі, әлсіздер оқуға ниет білдіріп, өзіне деген сенімсіздіктен арылады.

9. Білім дәрежесі бірдей оқу топтарында оқу жеңілдейді.

СТО технологиясын пайдаланудың мұғалімге де берері мол:

1. Барлық баланы оқыту;
2. Оқу тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруға көмектесу;
3. Білім берудің формасын оңайландыру міндеттерін атқару;
4. Оқушының жеке қабілетін айқындау, іздену;
5. Оқушы үнемі үй тапсырмасын оқып, орындауға дағдыланады.
6. Оқушыда жылдам ойлап шешу әрекетін қалыптастырады.
7. Сұрақтарға қысқа, нақты жауап беруге машықтанады.
8. Сынып оқушыларының білім сапасын неғұрлым тез айқындауға мүмкіндік береді.
9. Оқушының қай тақырыпты меңгере алмағанын анықтауға болады.

Мысалы, 8 – сынып «Тұрақты электр тогы» тарауы

1. Қызығушылығын ояту:

Білім турнирі /сұрақ - жауап/

2. «Кім тез» ойыны Сөзжұмбақ шешу.
3. А/Физикалық диктант және бірнеше шағын өзендер кесіп өтеді.

Әрбір сабақтың қалай өткенін мұғалім кері байланыс арқылы білуге болады.

Кері байланыс

1. Мен бүгін істей алдым
2. Маған қ и ы н болды
3. Мені таң қалдырды
4. Қызықты болды
5. Мен енді істей аламын

Көптеген сыныптарда тақырыптар мазмұнына сәйкес білім бекіту мақсатында мынадай кестені толтыруға болады: Не білеміз? Не білгім келеді? Не білдім?

Бұл бағдарламаның мені қызықтырғаны сол баланың өзі ізденіп, дәлелдеуі. Ол бұрын тыңдаушы болса, енді ізденуші, ойлаушы, өз ойын дәлелдеуші, ал

мұғалім осы әрекетке бағыттаушы, ұйымдастырушы. Сын тұрғысынан ойлау – өз алдына сұрақтарға жауап іздеп, жан – жақты пікірлесу, талдау жасап отыру, яғни оқушы санасын сол тақырыпқа байланысты ояту, ой шақыру, ойын жеткізу оны дәлелдей алу. Сонымен қатар қасындағы оқушының пікірін тыңдау, сол пікірлерді салыстыру.

Бұл технологияның негізгі ұстанымдар: әлсін – әлі қайталау, міндетті кезеңдік бақылау, тіректерді пайдалану, келіспеушіліктің болмауы, оқушының жетістіктерінің жариялығы, қателерді түзеуге мүмкіншілік жасау, барлық балалар дарынды, табысқа жетуге жағдай жасау, оқыту мен тәрбиенің бірлігі. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту күрделі процесс болып келеді. Сыни ойлау ақпараталудан басталып, қаралатын мәселеге байланысты шешім қабылдаудан аяқталады. Сыни ойлау кез – келген жас аралықтарына тән. Сыни ойлау күрделі үрдіс болғандықтан, оқушыға сыни ойлау ортасын жасау қажет. Мұнда әр оқушының ойы шындалып, өз даму деңгейіне сай жетістіктерге жетуге болады. Сыни тұрғысынан ойлау қалыптасқан ортада оқушы: Нақты мақсат қоюға дағдыланады. Өзіне деген сенімі артады. Оқу процесіне белсенді қатысады. Жолдастарының пікірін сыйлайды. Өзін толғандыратын, проблемалық сұрақтар қоя біледі. Сараптауға, бағалауға дағдыланады. Пәнге деген қызығушылығы артады.

Сын тұрғысынан ойлау жобасы мынадай үш құрылымнан тұрады.

Қызығушылығын ояту Мағынаны тану Ой толғаныс Оқушының дербес ойлауын дамыту үшін физика сабағындағы бұл технологияның тиімділігі бұрынғы білім мен жаңа ұғым ұштастырылады. Ал соңғы кезеңде оқушы өз шығармашылығынан қабілетін таныта алады. Мұнда оқушыға ойланып толғануға уақыт берілуі керек, ойын айтуға оқушы шығармашылығын қалыптастыратынын атап өту керек. «Қызығушылығын ояту» кезеңінде алдыңғы өткен тақырыпты тексеру мақсатында тест жұмыстарын өткізу арқылы оқушы білім деңгейін қадағалап, жаңа сабақты бастар алдында «Топтастыру» стратегиясы арқылы оқушылармен бірлесе жұмыс жасауға болады. Сабақтың қай құрылымында болмасын осындай стратегияларды қолданғанда «Мен не үйретемін?», және «Оқушы үйреніп шығады? деген сұрақтарды есінен шығармауы керек. «Мағынаны тану» кезеңінде оқушыларды топқа бөлу арқылы сұрақтар дайындап оны «Куббизм» стратегиясы арқылы жүзеге асыруға болады. Сұрақтар үш деңгейде әзірленеді.

Дайындаған сұрақтарға оқушылар өз ойларын білдіріп жауап береді.

Бұл технологияның келесі бір кезеңі – ой толғаныс. Мұнда «Венн» диаграммасын қолдану арқылы тақырыптардың ұқсастығымен мен айырмашылығын көрсетуге болады. Осы кезеңде пікір – сайыс немесе «5 минуттық эссе» жаздыруға болады. Мұндағы мақсат оқушылардың өзіндік көзқарасын қалыптастыру. Эссе жазғанда сабаққа қабілеті төмендеген оқушылардың 5 - 6 сөйлемнен тұратын ойын жазса, соның өзі оқушыны сабаққа тарта білгеніміз.

Білім беру мазмұнын жаңарту, оқыту әдістерін жетілдіру оқушылар мен мұғалімдердің өзара қарым

- қатынасын жоғары деңгейде ұйымдастыру секілді міндеттердің қай - қайсысы да әрекетсіз іске аспайды. Оқу - адамның саналы өміріндегі басты әрекет. Оқу әрекеті мұғалімнің басшылығы арқылы оқушының сана - сезімін дамытуға бағытталады.

"Әрбір бала - болашақ данышпан» деген ойлы қағидаға мән берсек, яғни табиғи таланттарды ашу, жас талапкерлердің жарқырап көрінуі үшін мұғалімге жүктелер міндет аз емес. Ол міндет - оқушылардың шығармашылық қабілетін, танымдық белсенділігін, ой - өрісін дамыту үшін аянбай еңбек ету, оқушының жеке тұлғалық күшін дамыту.

Осы идеяларды дамыту үшін оқытудың және тәрбиелеудің жаңа технологияларын қана отырып, жеке тұлғаның дамуына қолайлы жағдай жасау, негізгі құндылық - оқушы және оның жеке тұлғасы. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік рухани, азаматтық, басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді. Өзін - өзі дамытып, оқу - тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруға көмектеседі. Қазіргі кезде Джорж Соростың ашық қоғам институты мен «Сорос Қазақстан» қорының «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясы кеңінен енгізіліп жүр. Сын тұрғысынан ойлау әдісі оқытуда дамыту технологиясына жатады. Бұл иллюстративті түсіндірмелі, ішнара іздену, пікір сайыс ойын, шығармашылық, өзін өзі дамыта оқыту әдістерінің бірі.

Сын тұрғысында ойлау әдісі мұғалім қызметінде ұйымдастыра отырып, оқушылардың жеке, топпен жұмыс жасау негізінде білім алуымен ұштасады. Бұл стратегия оқушының жекелеген мүмкіндіктерін ашуға бағытталған. Бұл әдістің ерекшелігі оқу әдісінде қолданылады. Оқушылардың ауызша, жазбаша тілін, ойлау есте сақтау қабілеттерін, әрбір ақпаратты сонымен бірге өзінің және басқаның шығармашылығына сынап қарауы шығармашылық қабілетін дамытады.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту арқылы:

– Әр оқушы сабаққа толық қатыстырылып, деңгейін анықтай алады;

– Жеке тұлғаның танымдық белсенділігін арттыра-

ды;

– Қызығушылығын оятады;

– Сұрақ қойып, өз ойын еркін айтуға;

– Мазмұнын толық түсінуге жағдай туғызады.

– Әр сабақтарымда осы сын тұрғысынан ойлауды дамыта оқыту технологиясының элементтерін тиімді қолданамын. Оқытудың әр түрлі технологиясын қолдану арқылы жеке тұлғаның қоршаған ортаға, дүниеге өз көзқарасын қалыптастыруға жол ашады. Жеке тұлғаның қиялын дамыту барысында оларды бақылауға, зерттеуге, ойлауға, сөйлеуге, ойын толық жеткізуге үйретіледі.

Білім сапасын арттырудағы жаңа технологияларды оқып, үйреніп, сараптай келе, мынадай тұжырым жасауға болады:

- білім алушылардың білім, білік сапасын арттырудағы жаңа технология түрлері сан алуан, оларды таңдау және одан шығатын нәтиже оқытушының кәсіби біліктілігіне тікелей байланысты;

- жаңа инновациялық технологияларды енгізу жүйелі әрі мақсатты түрде жүргізілгенде ғана жетістікке жетуге болады;

- жаңа оқыту технологияларын енгізу барысында әрбір оқу орнының материалдық - техникалық базасының бүгінгі талапқа сай еместігі, әрі жетіспеуі, кадрлық әлеуметтің төмендігі көп кедергі жасайды.

Қазіргі жас ұрпақтың саналы да сапалы білім алуының бірден - бір шарты - оқу орындарындағы білім беру процесіне жаңа технологияларды енгізу екендігі сөзсіз түсінікті. Сондықтан ғылыми - техникалық прогрестен қалыспай, жаңа педагогикалық инновацияларды дер кезінде қабылдап, өңдеп, нәтижелі пайдалана білу – әрбір ұстаздың негізгі міндеті болып табылады. Біздің ойымызша, оқу орындарында жаңаша басқару жүйесін енгізіп, оны жүзеге асыру міндет.

Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің зейін – зерделік, кәсіптік, адамгершілік, рухани қасиеттерінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін – өзі дамытып, оқу-тәрбие сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

СОВРЕМЕННЫЙ УРОК МАТЕМАТИКИ В РАМКАХ ОБНОВЛЕНИЯ СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ

Сесярова Нурбаням Уйгуровна

Учитель математики КГУ

Таскарасуская СШ с ДМЦ

села Чарин Уйгурского района

Сисарова Назирям Узбековна

Учитель математики и информатики КГУ

Таскарасуская СШ с ДМЦ

села Таскарасу Уйгурского района

В соответствии с Государственной программой развития образования Республики Казахстан на 2016-2019 годы (далее Программа) Государственный общеобразовательный стандарт среднего общего образования должен быть «ориентирован на результаты, обеспечи-

вающие личное саморазвитие, самостоятельность в приобретении знаний, формирующие коммуникативные навыки, умения управлять информацией и технологиями, решать проблемы, предприимчивость и креативность».

На реализацию задач Программы направлены кур-

сы по предмету «Русский язык» в школах с казахским языком обучения в рамках обновления содержания среднего образования Республики Казахстан. Пополнение лингвистического капитала народа Казахстана – одна из важных задач учителя русского языка: формирование полиязычия есть основа формирования поликультурной личности, способной на социальное и профессиональное самоопределение, знающей историю и традиции своего народа, владеющей несколькими языками, стремящейся к саморазвитию и самосовершенствованию.

Реализация задач Программы осуществляется через:-

-концептуальные основы и принципы построения содержания образования;

-обновление содержания образования в соответствии с современными запросами социально-экономического развития общества;

-обеспечение вариативности и личностной ориентации образования;

-целостность и преемственность содержания образования, обеспечение внутри- и межпредметных связей;

-направленность на конечный результат через выстраивание системы учебных достижений учащихся;

-требования к условиям организации и реализации образовательного процесса.

Новая модель образования предъявляет новые требования в подготовке педагогических кадров: к изменению целей и способов педагогической деятельности; к работе в рамках инновационного подхода в обучении; к изменению программного и методического обеспечения образовательного процесса; к новым способам и формам оценивания учебных достижений учащихся.

План коучинг-занятия "Современный урок математики в рамках обновления содержания образования"

План коучинг-занятия

Тема занятия Современный урок математики в рамках обновления содержания образования.

Общие цели: Оказать содействие участникам коучинг - занятия в понимании обновления содержания образования. Совершенствование потенциальных профессиональных способностей участников коучинга. Показать необходимость обновления содержания методики обучения математике; способствовать повышению качества практики преподавания и обучения математики; предоставить обстоятельные знания о том, как происходит обучение; учить сотрудничать с коллегами, оказать помощь учителям математики в их профессиональном развитии и совершенствовании, в выборе направления работы.

Результаты обучения:

Участники коучинг – занятия поймут цели и содержание обновления образования в Казахстане, роль современного урока математики. Обладание прочными навыками в области интерактивных методов; совершенствование потенциальных профессиональных способностей; непрерывное рефлексирование в ходе своей практики, обучение на своём опыте.

Ключевые идеи:

Необходимость обновления содержания образования в условиях мировой глобализации, возможность выпуска ученика, востребованного на мировом рынке

труда. Сущность нового подхода: знание процесса обучения; обучение тому, как учиться.

Задания

Создание положительной атмосферы в группе: Ролик «Красивая музыка, цветы!».

В начале проводим разминку. Деление на группы. Командообразование «Атомы и молекулы» , деление на 4 группы.

Установление благоприятного климата и доверительного настроя на ход коучинг - занятия.

1.Цель: Оказание содействия участникам коучинга в

понимании обновления содержания образования..

1-метод.Ментальная карта.

- На стикерах запишите вопрос, касающийся темы нашего коучинга, на который вы бы хотели сегодня получить ответ. Приклейте свой вопрос на флипчарт.

Просмотр презентации «Обновление содержания образования».

Задание-1: После изучения теоретического материала предлагается ответить на вопрос:

• Скажите, пожалуйста, о каком таком обновлении содержания образования вы узнали, и в чём его суть?

Цель задания: Учителя понимают сущность и значимость обновления содержания образования.

Инструкции к заданию: Ознакомьтесь с содержанием материала по теме «Обновление содержания образования» и заполните ментальную карту.

Критерии оценивания: Учителя понимают сущность и значимость обновления содержания образования.

Стратегия ФО: Взаимооценивание «Две звезды и одно пожелание».

Задание-2: задаётся вопрос «Традиционный урок/ Современный урок. Современный урок, что отличительного от традиционного?»

Инструкции к заданию: Обсуждение вопроса с помощью приема «6 шляп Боно».

Стратегия ФО: Взаимооценивание «Светофор».

Вы когда-нибудь задумывались о цифрах, которые нас окружают?

1.10. Задумайтесь об этом числе. Быть может вы сможете назвать 10 имён близких друзей, а может быть и нет. Но именно столько популярных профессий 2017-го года, ещё даже не существовали в 2010.

В настоящее время мы готовим учащихся к профессиям, которые ещё не существуют. К использованию технологий, которые ещё не изобретены. Решать задачи, о существовании которых мы ещё не знаем.

2. 3000. Быть может именно столько книг вы полностью прочитали за всю свою жизнь? Сегодня 3,000 электронных книг публикуется каждый день.

3. 1 Миллиард 320 миллионов. Во всем мире ежемесячно более 1,32 миллиарда активных пользователей «Facebook». Если бы «Facebook» был страной, он был бы третьей самой большой страной в мире.

4. 2.700.000.000. Ежемесячно в сети насчитывается более 2.7 миллиарда поисковых операций в «Google». Общее количество текстовых сообщений, посылаемых каждый день превышает население Земли.

5. Новейшая волоконная оптика может переносить 10 триллионов бит информации в секунду. Это 1,900 компакт дисков или 150,000,000 телефонных звонков в секунду.

6.1 - А это Вы каждый по отдельности! Но в современных условиях при решении проблем обучения вы не одиноки. Сейчас Вас в группах как минимум 4.

Демонстрация видео «Вот каким будет следующее поколение».

Как же учить современного ребёнка? Каким должен быть урок?

Современный урок должен быть плотным, настрой детей на нём – деловой. Содержательным и продуманным, с чёткой постановкой проблемных вопросов или с созданием проблемных ситуаций, в разрешении которых организовано сотрудничество «сильных» и «слабых» учащихся, детей и учителя. Педагог должен умело управлять этим процессом. Перед объяснением нового материала необходимо активизировать знания,

имеющиеся у детей, подвести их к раскрытию темы урока. На этапе объяснения нового материала идти от мыслей детей, путем проб и ошибок приходиться к правильному решению, т. к. то, что добыто путем поиска, усваивается прочнее.

Задание-3: Составить на постере модель современного урока математики с обновлённым содержанием образования.

Инструкции к заданию: На основе полученных знаний попробуйте составить на постере модель современного урока математики с обновлённым содержанием образования.

Стратегия ФО: Взаимооценивание «Две звезды и одно пожелание».

2. Цель: Расширить знания о приёмах и методах обучения и умения применять их на современном уроке математики с обновлённым содержанием образования.

Групповая работа.

Запишите на листе бумаги ключевые моменты обновления содержания образования применительно к уроку математики.

Затем по кругу передавайте свою работу соседней группе.

Каждая группа внимательно изучает постер соседа и маркирует: если согласен с утверждением - ставим галочку; если не согласен – восклицательный знак; если возникает вопрос – вопросительный знак.

Для каждой группы маркер определённого цвета для маркировки работы.

Обсуждение возникших вопросов.

Задание-4: Составить «Дерево предсказаний».

(Где ствол дерева - тема, ветви - предположения, которые ведутся по двум основным направлениям - "возможно" и "вероятно"

(количество "ветвей" не ограничено), и, наконец, "листья" - обоснование этих предположений, аргументы в пользу того или иного мнения)

Цель задания: расширить знания о приёмах и методах обучения и умения применять их на уроке математики в обновлённом содержании образования.

Инструкции к заданию: На основе полученных знаний попробуйте составить «Дерево предсказаний».

Критерии оценивания: Знают методы, приёмы и понимают пути их применения в обновлённом содержании образования.

Стратегия ФО: Взаимооценивание «Две звезды и одно пожелание».

Рефлексия дня: На стадии рефлексии прием «Стрекоза и муравей»: учителя определяют свой вклад в достижении цели коуч-сессии.

Для установления обратной связи с коучем пишут на стикерах какие проблемы они хотели рассмотреть на следующей коуч –сессии и вывешивают на карту «Звездного неба»

Таким образом, внедрение инновационных методов, решений и инструментов в отечественную систему образования позволит активизировать деятельность педагога в новом формате.

ҚАЗАҚСТАНДА ЕРЕКШЕ ҚОРҒАЛАТЫН ТАБИҒИ АУМАҚТАР – ҚОРЫҚТАР МЕН ҚОРЫҚШАЛАР

Тілеулинова Нагира Нурсупатовна

*География пәнінің оқытушысы
Алматы автомобиль-жол колледжі*

Алимбай Салтанат Серикбайқызы

*География пәнінің мұғалімі
Шоқан Уәлиханов атындағы №12 гимназия*

Ландшафтарды қорғаудың ең жоғарғы формасы – қорықтар ұйымдастыру. Бүкіл дүниежүзілік тәжірибелерге сүйенсек жер шарының жекелеген елдерінде қорық ұйымдастыру XIX ғасырдың басқы кездерінен бастап жүзеге аса бастағаны көрсетіледі. Ал, оны алғашқы нәтижелердің бірі – тіптен 1872 жылы Америка жерінде ұйымдастырылған алғашқы ұлттық парктер (бақтар). Одан соң Канада, Африка, Австралия, Жаңа Зеландия, т.б. материктерде қорықтар мен ұлттық парктер ұйымдастырылғаны белгілі. Ресейде 1874 жылы Аскания – Нова ұлттық бағы құрылған болатын.

Қазіргі кезде жер шарында қорықтарға қарағанда ұлттық бақтардың саны әлдеқайда көп. Оның себебі, шет елдерде қорықтар аймақтары шектелген табиғат қорғау жүйесі болғандықтан, табиғатты қорғау үшін ұлттық бақтар ұйымдастыру әлдеқайда ұтымды екенін дер кезінде түсіне білді. Шын мәнінде, табиғатты қорғау оның аймағымен шектелмеуі тиіс, керісінше барлық жер адам баласы үшін саялы бақ, құтты қонысы болуы керек. Ал, Қазақстан Республикасы бойынша 9 мемлекеттік қорық, 66 қорыққор (оның 44 зоологиялық, 20 ботаникалық, 2 палентологиялық), 6 ұлттық парк және 24-тен астам табиғат ескерткіштері бар. Әрине, біздің аумақтың көлеміне шаққанда қорғалатын жерлер барлық жердің 3 пайызын қамтиды. Мұның өзі табиғат қорғау проблемасының өз шешімін таппай отырғанын көрсетсе керек. Дегенмен, республикамызда қорықтар ұйымдастыру соңғы жылдары қолға алына бастады. Мәселен, соңғы жылдары Батыс Алтай мен Алакөл қорығының ұйымдастырылуы, Алтынемел, Ордабасы, Қарқаралы, Іле Алатауы ұлттық парктерінің құрылуы осының айғағы болса керек. Егеменді Қазақстан жері жақын жылдары Қаратау, Қапланқыр, Балқаш, Ерейментау, Торғай т.б. көптеген қорықтар мен ұлттық парктердің отанына айналары сөзсіз. Негізінен ландшафтарды қорғаудың 10 категориясы бар: қорықтар, қорыққорлар, ұлттық парктер, табиғат ескерткіштері, қорғалатын ландшафтар, табиғат ресурстарының қорық-қорлары, биосфералық қорықтар, микроқорықтар (омыртқасыз жәндіктер мен өсімдіктерге арналған), табиғат объектілері және көп қасатта қорғауға алынған жерлер (Сурет-1).

Қазақстанның қорықтары
(ҚР экологиялық проблемалары ОӘК 2010ж автор

Қазақстан жері жасыл өсімдіктер әлемі мен жабайы жануарлар дүниесі өкілдеріне бай өлке. Өздеріңізге белгілі, олардың арасында туған өлке топырағына

ғана тән хайуанаттар мен өсімдіктердің эндемикалық түрлерімен қатар, сонау мұздану дәуірінен бері бізге жеткен реликт және толып жатқан себептерге байланысты азайтып кеткен түрлері де аз емес. Айталық, жойылып кету қаупі бар және сиреп кеткендер тізіміне хайуанаттардың 87, өсімдіктердің 306 түрі іліккен екен. Қайткен күнде де, олардың жерімізден ғайып болып кетпеуіне жағдай жасау мол міндеттер жүктейді. Бұл міндеттердің дұрыс шешілуінің көптеген жолдары бар. Солардың ішіндегі ең тиімді жолы-қорықтар мен табиғи парктер, қорыққор мен табиғат ескерткіштерін ұйымдастырып, ботаникалық бақтар мен хайуанат парктерін құру. Осы аталған табиғат лабора- торияларына жүктелген жауапкершілігі мол игі істер жайын қарастырып көрелік.

Қорықтар - бұл табиғат объектілерін қорғаудың ең жоғарғы формасы. Қорық аймағы шаруашылық айналымынан босатылып, онда кен өндіру мен құрылыс жұмыстарын жүргізу, аң-құс атып, балық аулау, шөп шабу мен мал жаю және ағаш дайындау сияқты табиғат байлықтарын нұсқан келтіретін әрекеттерге тыйым салынған. Сонымен қатар, қорық жеріне улы химикаттарды шашуға және басқа жерлердің өсімдіктері мен хайуанаттарын жерсіндіруге болмайды. Бір сөзбен айтқанда, қорық ұйымдастырылған жердің табиғаты, сол аймақтың ландшафтылы-географиялық белдеуінің үлгісі, ретінде қорғалуы қажет. Бұл жерлердегі экологиялық процестердің барлығы адам араласуы- сыз табиғи жағдайда өтеді.

Мониторинг-1

Қазақстанның облыс аймақтары бойынша қорық, қорықша, ұлттық саябақ мониторингі

Адам оның бақылаушысы, зерттеушісі ғана. Сол себепті де қорықтарды соңғы кезде ашық аспан астындағы нағыз « табиғат лабораториясы » деп те атап жүр. Өйткені, мұнда ұзақ жылдар бойына табиғат комплекстерін табиғи жағдайда ғылыми терең зерттеу, «табиғат жылнамаларын » жүргізу сияқты алуан түрлі жұмыстар жүзеге асырылады. Қорықтарда тек саны азайып, жойылып кетуге жақын тұрған хайуанаттар мен аса бағалы өсімдіктер ғана қамқорлыққа алынып қоймай, сонымен қатар, өлкеміздің көрікті табиғат ландшафтылары, жалпы табиғат комплекстері сол қалпында сақталады. Міне, сондықтан да болашақ ұрпаққа табиғат байлықтарын кемелі- не келтіре көркейген қалпында табыс етуде қорықтардың алатын орны ерекше[20].

Шындығында да, кең-байтақ республикамызда қорықтардың жетіспеуі кімдіболса да ойландырмай қоймайды. Қазақстанда әр жылдары ұйымдастырылған « Аксу-Жабағылы» (1926), «Ал-

маты» (1934), «Наурызым» (1959), «Барсакемес» (1939), « Қорғалжын » (1968) және «Марқакөл» (1976), «Үстірт» (1984), «Батыс Алтай» (1992), «Алакөл» (1998) қорықтары бар Осы орайда Қазақстан қорықтары республикамыздың табиғат байлықтарын қорғау ісіне орасан зор үлес қосып отыратындығын айта кетпеске болмайды. Енді, Қазақстандағы қорықтардың бүгінгі жайымен танысып, республикамыздағы қорық ұйымдастыру ісінің ертеңіне көз жібергеніміз жөн секілді.

Наурызым мемлекеттік қорығы. Қорық- Қостанай облысының Наурызым және Семиозер аудандарының территориясында 1934 жылы ұйымдастырылды. Ол кезде жер көлемі 320 мың гектар болатын. Бұдан кейін бірнеше рет басқа ведомстволарға ауысып, қайтадан өзгеріп отырды. Әрине, бұл ізсіз қалған жоқ, күтімсіздікке ұшырады, бірнеше рет өрт болды. Жер көлемі де кеміді. Наурызым қорығы бірнеше жеке учаскелерден тұрады. Онда Терсек, Сыпсын және Наурызым орман алқаптары мен Жаркөл, Ақсуат, Сарымойыл көлдері бар. Олардың құрамына 5 мың гектар бетегелі-жусанды тың жазық дала кіреді.

Наурызым қорығы Қостанай облысының Торғай ойпатында орналасқан. Ғалымдардың деректері бойынша бұдан 20 мың жыл бұрын бұл жерді мұз басып жатқан. Мұз ери келе оның суы «Торғай қақпасы» арқылы Арал теңізіне құйыла береді. Ғасырлар бойы мұз терістікке қарай шегіне берді, сонымен бірге суыққа төзімді өсімдіктер мен жануарлар да шегінді. Бұл арада ауа райы құрғап, жылына бастады. Сөйтіп, қазіргі Наурызым ауданының жерінде жартылай шөлейттің белгілері бар дала пайда болды.

Наурызым мемлекеттік қорығы 1959 жылы ұйымдастырылды.

Наурызым қарағайлы орманы көне заманның жұрнағы. Орман алқабы негізінен қайыңнан тұрады. Оның шет жағасында далалы жерге тән бұтақтар кездеседі. Бұта мен ағаштардың аралықтарындағы аралдарда көбіне құм селеу немесе құм бетеге кездесетін құмды дала орналасқан. Бұл ормандар құстар мен хайуанаттарға жақсы пана болады.

Наурызым қорығы- арнайы жасалған табиғи музей десе де боларлық.

Сонымен қатар, қорық жерінде Жаркөл, Ақсуат, Сарымойын атты көлдер бар. Аталған көлдер, әсіресе, көктем мен күз айларында нағыз құс базарына айналады. Мұнда солтүстікте тіршілік ететін құстар жылы жаққа барар және қайтар жолда дем алуға отырады. Селеу өскен жазық далалар мен ормандар арасында аң мен құстардың көптеген түрлері кездеседі. Жалпы қорық аймағында құстар 200-ден астам, сүт қоректілердің 30, қос мекенділер мен бауырымен жорғалаушылардың 10-нан астам және омыртқасыздардың 700-ге жуық түрі мекендейді. Ал, өзен-көлдерде балықтың 10-ға жуық түрі тіршілік етеді [15].

Қорғалжын мемлекеттік қорығы. Бұл қорық Ақмола облысының Қорғалжын ауданында орналасқан. Ол Тың өлкесінің табиғатының әсем де бағалы жерін қорғау мақсатында 1958 жылы ұйымдастырылған. Қорық қорғалжын көлінің оңтүстік жағалауын алып жатыр. Жер көлемі 183,7 мың гектар, құрамына Асаубұлақ,

Қокай, Есей, Қорғалжын және Теңіз көлдері енеді. Бұл жерде қорық ұйымдастырудың өзінше ерекшелігі бар. Көктемде осы су торабы арқылы Каспий теңізі жағалауында, Пакистан, Үндістанда және Солтүстік Африкада қыстап шыққан жыл құстарының солтүстікке қарай ұшу жолы өтеді. Бұл кездерде көптеген құстардың мамырлауына өте ыңғайлы орын [5].

Қорғалжын көлінде суда өсетін өсімдіктердің 22 түрі кездеседі. Олардың ішінде құрақ, қоға, көл қамысы және жебе жапырақ кең тараған. Ал көл жүйесінде де түрлі өсімдіктер көп-ақ. Әсіресе, көлдің оңтүстік жағалауының едәуір жерінде құрақ қалың өседі. Суда қалқып жүретін және суға батып тұратын өсімдіктерден балық оты және қаз оты жиірек өседі. Судың асты-үстінде және оның бетінде қалқып өсетін өсімдіктердің жиынтығы көлдің барлық көлемінің шамамен 80 пайызын алады. Мұнда фитопланктонның – суда қалқып жүретін жиынтығының 167 түрі бар. Олардың арасында, әсіресе көкжасыл балдырлар көбірек кездеседі. Фитопланктондар су құстары мен балықтардың қорегі. Теңіз көлінде судың бетінде өсетін өсімдіктер болмайды, бірақ мұнда кейбір балдырлар мен фитопланктондар мол кездеседі. Қорықтағы өсімдіктер бірлестігін қорғаудың жан-жануарлар дүниесі үшін мәні зор. Қорғалжын қорығының ауа райы, өсімдіктері сияқты жер жағдайына сәйкес жануарлар дүниесі де әртүрлі. Қорғалжын мемлекеттік қорығы ЮНЕСКО белгілеген халықаралық маңызы бар сулы-батпақты резерваттар қатарына жатқызылған. Қорық аймағында құстардың 225 түрін, сүт қоректілердің 30 түрін, қос мекенділер мен бауырымен жорғалаушылардың оншақты түрін кездестіруге болады. Қорғалжын көлінде балықтардан шортан, мөңке, қарабалық, аққайран, шабақ, алабұға, сазан мекендейді. Қорғалжын және Теңіз көлдерінің басты табиғи байлықтарының бірі- су құстары. Бұл көлдерде олардың 119 түрі жұмыртқалайды, 106 түрі мұнда қоныс аудару және қыстайтын жеріне қайту кезінде мекендейді. Олардың барлығы да қамқорлыққа алынған. Әсіресе, дүниежүзі бойынша сиреп кеткен қоқиқазды қорғап, қорын молайтуда қорықтың алатын орны ерекше. Бұл елімізде, тек Қазақстан жерінде-осы Теңіз көлінде ұялап, жұмыртқа салады (Сурет-2).

Сурет-2

Қорғалжын көліндегі қоқиқаздар

Қоқиқаздан басқа қорық жерінде өте сирек кездесетін аққу, бұйра бірқазан, қызыл жемсаулы қарашақаз, аққұтан, дуадақ, безгелдек сияқты құстар тіршілік етеді.

Марқакөл қорығы. Республикамыздағы ең жас 1976 жылы 4 тамызда ұйымдастырылған Марқакөл мемлекеттік қорығы Шығыс Қазақстан облысындағы Күршім мен Азу жоталарының аралығында жатыр. Үстіміздегі ғасырдың басында Марқакөлдің атағы көп әйгілі болатын. Бұған себеп болған көлдің балықтары еді. Көктемде балықтар уылдырық шашу үшін өзендерге орын ауыстырған кезде де көп ауланып келді. Ол кезде Марқакөлде жеті жүздей балықшы кәсіп жасапты. Осы жолмен көл балығын жүйесіз аулаудың салдарынан балық қоры азайып кеткен. Сонымен бірге көл төңірегіндегі тау беткейлерінен



орман ағаштарын жаппай кесу етек алғаннан кейін, жалаңаштанған тауларда бұрын тіршілік еткен өзен кәмшаты мүлде жойылып кетті, бұлғын, марал, тиін және суыр азайып кетті, оларды көру қазір қиын. Марқакөл айналасындағы табиғат байлығының азаюы облыс жұртшылығын барынша алаңдатты. Көл өңірінде 1947 жылы орман алқабын қорғайтын орман шаруашылығы құрылды [4].

Ал 1970 жылы көл жағалауын қорғау аймағы пайда болды. Қорықтың ұйымдастырылғандағы негізгі мақсаты- маңайда сирек кездесетін бағалы аңдарды, құстарды, өсімдіктерді және көктемде балық уылдырық шашатын өзендер арналарын қорғап, сонымен бірге орман мен айдын көлдерін, тау өзендерінің әсем табиғатын табиғи қалпында сақтау.

Марқакөл мемлекеттік қорығының аумағы 71 369 гектар. Марқа жағалауы жасыл желек жамылған ну орманға тұнып тұр. Ақ қайың тал, көктерек, үйеңкі, долана, мойыл көздің жауын алады. Тауға таяу және оның баурайында көкке тік шаншылған балқарағай бой түзеді. Жайқалып өскен шөптесін өсімдіктер дүниесі де өте бай. Көлде балықтың негізгі төрт түрін айырықша атауға болады. Атап айтқанда, жергілікті тұрғындар «Қызыл қашаған» деп атап кеткен майқан немесе қаяз балығы, хариус, талма, теңге балық (пескарь) ойнақ салады. Майқан балығының көлемі 46-70 см келетін шоғырланбай, бытырап жүріп тіршілік ететін балық. Хариус-өте бағалы, еті дәмді, мұз ерісімен уылдырық шашып көбейетін, көлемі 20-30 см, салмағы 450 грамға жететін балық. Теңге балықтың денесінің көлемі 20-30см, салмағы 450 грам, уылдырығын мамыр-маусым айларында шашады. Талма балығы-көбірек ауланатын, кәсіптік мәні бар балық, соңғы жылдары азайып кетті.

Кейінгі кезде жүйесіз жинаудың нәтижесінде өндірістік мақсат үшін алтын тамыр қорының азайғандығы байқалып отыр. Өндірістік мақсат үшін алтын тамыр шикізатын жинаған кезде мынадай жағдайларды ескеруі тиіс. Шөп тоғайының 20 пайызын ғана жинап, 80 пайызын қалдыру керек. Бұдан көп жинаса табиғи шөп тоғайы қайтадан қалпына келе алмайды. Өндірістік мақсатта көптеп жинаудың салдарынан бар болғаны жиырма жылдың ішінде алтын тамырдың табиғи қоры күрт азайып, табиғат қорғаудың одақтық Қызыл кітабына еніп отыр. Алтын тамырды өндірістік мақсатта пайдалану үшін ғылыми негізделген, жоспарлы түрде жұмыс істейтін арайы комплексті шаруашылықтар ұйымдастыру керек. Ол мынадай мақсатты көздеуі тиіс :

-табиғи қорын азайтпай, қолдан тұқымын себу арқылы көбейте беру;

-олардың өнімін, құрамындағы экстракт заттарын табиғаттағысынан жақын етіп арттыру;

- өнімді және шипалы сапасы жоғары формаларын, сорттарын шығару.

Бұл шараларды орындауға бүкіл ел болып атсалысқан жағдайда алтын тамырды болашаққа сақтап қалуға болады.

Басакелмес мемлекеттік қорығы. Арал теңізінің солтүстік-батыс бөлігіндегі өзі аттас шөлейтті аралда орналасқан.

1929 жылы аралда аң шаруашылығы ұйымдастырылған болатын. Сол кезде аралға терісі

бағалы зорман, сұр кекілік, қырғауылдар, ор коян, қарақұйрықтар және ақбөкен сияқты бағалы хайуанаттар жіберілді. Олар аралда жақсы жерсініп, 1935 жылдың өзінде жоспарлы түрде аулана бастады. Осы аңшылық шаруашылығының негізінде қорық ұйымдастырды.

Аралдағы назар аударуға тұрарлық өсімдіктің бірі- жыңғыл. Жыңғыл тоғайы алыстан қызғылт, күлгін түсті ғажайып орман болып көрінеді. Жыңғылдың ұзын шашақ тәрізді гүл шоғырында өте ұсақ мыңдаған гүлдер өседі. Әлгі бүкіл тоғайды түрлі түске бояп тұрған осы гүлдер. Жыңғылдың осы қасиетіне байланысты ауыл-селоларды көгалдандыру жұмысына пайдалануға болады. Сондай-ақ, жыңғылдың құмды, қарды тоқтатуға үлкен мәні бар. Жыңғыл орманын алуан түрлі құстар, жан-жануарлар пана етеді. Сондықтан бұл өсімдікті қорғаудың мәні бар.

Қорықта жыртқыш аңдардың түрі онша көп емес. 1948-1949 жылдардың өте аязды қысында аралға мұз арқылы түлкі және қарсақ енген. Әсіресе түлкі бұл жерде тез көбейді. Қорықта таралған жан-жануарлардың арасындағы көбірек кездесетіні-құстар. Жыл құстары келер және көктемде жылы жаққа сапар шегер кезде аралда құстардың көптеген түрлері жиналады. Солардың ішінде қарабауыр бұлдырық, итала қаз, қарақал, ителгі, бөктергі, бозторғайлар мекендейді. Бауырымен жорғалаушылардан жұмырбас және жүгіргіш кесірткелерді, ысылдағыш гекконды, қалқантұмсық жыланды ұшырастыруға болады. Көп жылдар бойы қорықта тұяқты жануарларды зерттеу жұмыстары жүргізілді. Арал теңізінің қазіргі проблемасына байланысты бұл қорықты сақтау, ондағы қазіргі күнде жүріп жатқан табиғи даму процестерді және болып жатқан өзгерістерді ғылыми зерттеу ғалымдардың міндеті.

Ақсу-Жабағайлы мемлекеттік қорығы. Республикамыздағы ең ежелгі қорықтарының бірі- Ақсу-Жабағайлы. Қорық 1926 жылы құрылған. Ол Шымкент пен Жамбыл облыстарының шекарасына орналасқан, жер көлемі 74 416 гектар. Қорық Талас Алатауы мен Угам жоталарының ең бір шұрайлы, табиғаты көркем жерінде жатыр. Ұшар басын қар басқан тау шыңдарының биіктігі 4 мың метрге дейін жетеді. Оның етегінде әдетте шалғынды шөптер болмайтын тундралық аймақ болып келеді, одан төменіректе альпі белдеуі басталады. Бұл белдеудің негізгі өсімдігі аршалар. Қорықтың аты Арыс өзенінің салалары - Ақсу және Жабағайлының атына байланысты қойылған. Ағысы қатты бұл тау өзендерінің қос аңғары жарқабақты тік келеді [3].

Ақсу-Жабағайлы қорығының негізгі өсімдігінің бірі- арша. Қара арша қорық- тың Кіші және Үлкен Балдыбірек өзендері төңірегінде 3300 гектардай жерді алып жатыр. Сауыр аршасы қорықта басқа арша түріне қарағанда көбірек таралған, көлемі 5200 гектардай. Оны 1700-1900 метр биіктіктен көреміз. Балғын аршасы қорық жерінде субальпі белдеуіне тән тұтасып өседі, мұнда 11 мың гектардай жерді алып жатыр. Қара арша Ақсу өзені маңында тау жынысының күңгей бетін ала, 1200 метр биіктіктен бастап өседі. Қазір арша орманының көлемін ұлғайту мақсатымен қорықта біраз жұмыстар істелуде [9].

Жалпы Ақсу-Жабағылы қорығы мен оның айналасында өсетін мыңнан аса өсімдік түрлерінің 18 түрі одақтық Қызыл кітапқа енген. Өте аз және құрып кету қаупі бар түрлерге жабайы өсетін недзвецкий алмасы және иском жуасы жатады. Бұлардан басқа аз кездесетін өсімдіктерге мыналар жатады: примула, маргаритка шуровскиясы, Культиясов шренкиясы, аққаңбақ түсті бозтіккен, ірі жапырақ кузиния, Грейг қызғалдағы, Кауфман қызғалдағы, Северцев коральковиясы т.б. Грейг қызғалдағы өте сирек кездесетін түр болғандықтан қорғауға алынып, Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген. Грейг қызғалдағы Ақсу-Жабағылы табиғи қорығының аумағында теңіз деңгейінен 2300-2400 метр биіктіктегі тау бөктерлерінің құрғақ тасты беткейлерінде арша мен бұта өскен жерлерде кездеседі. Оның сабағы тік, жанырақтары қою жасыл түсті, әрі тығыз болып келеді (Сурет-3).

Сурет-3

Грейг қызғалдағы

Сурет-4

Жануарлар дүниесі

Үстірт қорығы. Қорық 1984 жылы Батыс Қазақстандағы Маңғыстау аймағы Ералив ауданында құрылған еді. Қорықтың жалпы көлемі 223,3 мың гектар. Орталығы қорықтан 200 шақырым жердегі Жаңа Өзен қаласы. Қорықтың алып жатқан жері Арал мен Каспий теңіздерінің аралығындағы тегіс жазықтық пен көтеріңкі үстірттерден тұрады. Суға тапшы келеді. Жер үсті сулары жоқ. Құрылуының негізгі мақтаныш-шөл белдемдеріндегі ерекше табиғи ландшафттарды, сирек кездесетін жануарлар дүниесін, табиғаттың қайталанбайтын көне дәуір ескерткіштерін сақтап қалу болды. Қорық аймағында Қазақстанның «Қызыл кітабына» енген түз тағыларының 12 түрі кездеседі. Әсіресе, халықаралық деңгейде қорғауға алынған қарақұйрық, үстірт қойы (муфлон), қабылан, қарақалдардың тіршілік етуі ерекше орын алады. Сол сияқты қорық аймағында құлақты кірпі, құм тышқандары, қосаяқтар, кесірткелер мен жыландардың да көптеген түрі сақталған. Қорықтың өсімдіктер жамылғысы ерекше. Мұнда қатаң климатқа бейімделген қара сексеуілді ормандар, изен-жусанды жайылымдар, жыңғыл, күйреуік, сораң, баялыш, эфемерлер өседі. Ал, тоқтау суларда, бұлақтар төңірегінде қамыс, қоға жайқалып тұрады [11].

Қорықта жиі ұшырасатын құмды алқаптардың

табиғаты ерекше келеді. Онда өсімдіктерден ерекше шөп, жүзген, жоңышқа, түйетікен, жусан, ебелек, жыңғыл, қара сексеуіл кездеседі (Сурет-5). Қазіргі кезде Үстірт қорығында үстірт қойының, қарақұйрық, үнді жайрасы, қарақал, қабыландардың табиғаттағы саны өсіп, әрі тұрақтанып келеді. Бірақта, соңғы жылдары қорықта аталған хайуанаттардың саны азаюы байқалған.

Сурет-5

Үстірт қорығы

Батыс Алтай қорығы. Батыс Лениногор, Алтай қорығы Шығыс Қазақстан облысының және Зырян аудандарының аймақтарын қамтиды. Ол 1992 жылы құрылған. Жер көлемі 30,73 мың гектар. Қорық қазақстандық Алтайдың Линей, Холзун, Кокшин атты тау сілемдерін алып жатыр. Қорық аймағында Ақ және Қара Уба өзендері мен Кедрово және Щербакова көлдері, т.б. кішігірім су жүйелері бар. Қорықтың климаты Азия және Оңтүстік Сібір аймақтарына тән құбылып отырады.

Алматы мемлекеттік қорығы. Іле Алатауының төрінен орын тепкен Алматы мемлекеттік қорығы қаламыздан небәрі 25 шақырым қашықтықта жатыр. Бұл қорық 1934 жылы 6 мамырда құрылды. Бастапқыда қорық ұйымдастырған жердің көлемі 15 мың ғана гектар алқапты қамтыса, кейіннен оған көптеген жерлерді қосуға байланысты 40-шы жылдардың басында Алматы қорығының жалпы аумағы 857 мың гектарға жетіп, ол ерекше маңызды бар қорықтар қатарына енді. Сол кезде, оның қамтыған аймағы бүкіл Іле Алатауынан, сонау Сөгеті жазығынан Каскелен өзені аңғарына дейінгі аралықты алып жатқан болатын. Оның құрамына Іле өзенінің жағалауы да кірген еді. Алайда, соғыстан кейінгі жылдары түрлі себептерге байланысты қорықтың көлемі бірнеше рет өзгеріп, тіпті кейіннен жабылып та қалды.

Алакөл қорығы. Алакөл қорығы Алматы облысының Алакөл ауданының аймағында орналасқан. 1998 жылы құрылған ең жас қорық. Көлде су өсімдіктерінің 22 түрі өседі. Олардың негізгілері сары дүңгіршек, атқы жапырақ, су тұңғығы.

Алакөл қорығының фаунасы да сан алуан. Мұнда сүтқоректілердің 28 түрі кездеседі. Сүтқоректілерден: қабан, елік, түлкі кездессе, ал су айдынында құстар жыртылып айырылады. Құстардың 180 түрі тіркелген. Оларды сулы-батпақты, су жағалауында тіршілік ететіндер деп топтауға болады. Әсіресе, шағалалар, бірқазандар, аққу жиі кездеседі. Мұнда соңғы жылдары ғылымға тіркелген реликті шағаланың орны бөлек. Ол ТМД елдерінің қызыл кітабына енген құс.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ: ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНДЕРІН ОҚЫТУДА ТІЛДІК ДАҒДЫЛАРДЫ ДАМУ

Тажиева Нуржамал Сагадуллаевна

Қарасай ауданы Қаныш Сәтбаев мектебі

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Айгараева Эльмира Шакизадаевна

Қарасай ауданы Қаскелең қаласы

Қаныш Сәтбаев мектебі

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Түйіндеме. Қазақ тілі және қазақ әдебиеті пәндері бойынша оқу бағдарламаларының негізгі мақсаты пәннің мазмұнын сапалы меңгеруді қамтамасыз ету, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, сонымен қатар, басқа пәндермен сабақтастық арқылы жалпыадамзаттық құндылықтардың, ұлттық әдебиет пен мәдениеттің үздік дәстүрлерінің негізінде оқушылардың шығармашылық және зияткерлік деңгейін дамыту болып табылады. Бұл оқушылардың ақпаратты есте сақтап, алған білімдерін ұғынуын, түсінуін және әртүрлі салада қолдана білуін талап етеді. Білімді дәл осылай қолдану оқушыларға кең ауқымды құзіреттілікті меңгеруге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында Білім беру жүйесінің басты міндетті - ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған технологиялардың, жаңа әдіс-тәсілдердің оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттырудағы маңызы – білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделеді. Қазіргі кезде табысты болу үшін оқушыларға білім қандай қажет болса, дағды да сондай қажет деген ойдың жақтастары көбейіп келеді.

Технология, коммуникация мен ғылым салаларындағы елеулі өзгерістер әлемдік экономикаға айтарлықтай ықпал ете отырып, әрбір азаматқа ХХІ ғасырда табысты болу қажетті білім мен дағдыларды алға тартады. Сонымен қатар, қарқынды жаһандану ұлттық экономикаға да ықпал етуде, оның үстіне қазіргі уақытта экономикалық дамуды қамтамасыз етуге бағытталған халықаралық бәсекелестік артып отыр.

Білім беру жүйесін жаңартуға арналған бұл экономикалық дәлелдерге қоса, қазіргі жиырма бірінші ғасырда басқа да негіздер бар: өзара қарым-қатынасты арттыру; әлеуметтік өзгерістер; ауа райының өзгеруімен байланысты проблемалар; бүкіл әлемдегі халық санының қарқынды өсуі; шектеулі ресурстарға деген сұраныстың өсуі; осылардың барлығы мектеп оқушылары қазіргі заманда және келешекте табысқа қол жеткізу үшін бұрынғыға қарағанда анағұрлым көп дағдыларды меңгеруі қажет екенін көрсетеді.

Бүкіл әлемде білім беру жүйелерінің келешек ұрпаққа қандай білім беретіні туралы мәселе қайта қаралуда. Осы мәселе аясында Балалар ХХІ ғасырда табысты болу үшін нені үйрену керек? және Оқытудың тиімді әдістері қандай деген сияқты негізгі сауалдар туындайды. Бұл сауалдар оқу бағдарламасымен және оқу бағдарламасын жүзеге асыруда қолданылатын педагогикалық тәсілдермен тығыз байланысты.

Әрбір мұғалімнің негізгі мақсаты – сабақ сапасын көтеру, түрін жетілдіру, оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру, олардың ізденуін, танымын қалыптастыру. Осыған орай жаңа экономикалық және әлеуметтік-мәдени жағдайларда

Технология, коммуникация мен ғылым салаларындағы елеулі өзгерістер әлемдік экономикаға

айтарлықтай ықпал ете отырып, әрбір азаматқа ХХІ ғасырда табысты болу қажетті білім мен дағдыларды алға тартады. Сонымен қатар, қарқынды жаһандану ұлттық экономикаға да ықпал етуде, оның үстіне қазіргі уақытта экономикалық дамуды қамтамасыз етуге бағытталған халықаралық бәсекелестік артып отыр.

Білім беру жүйесін жаңартуға арналған бұл экономикалық дәлелдерге қоса, қазіргі жиырма бірінші ғасырда басқа да негіздер бар: өзара қарым-қатынасты арттыру; әлеуметтік өзгерістер; ауа райының өзгеруімен байланысты проблемалар; бүкіл әлемдегі халық санының қарқынды өсуі; шектеулі ресурстарға деген сұраныстың өсуі; осылардың барлығы мектеп оқушылары қазіргі заманда және келешекте табысқа қол жеткізу үшін бұрынғыға қарағанда анағұрлым көп дағдыларды меңгеруі қажет екенін көрсетеді.

Бүкіл әлемде білім беру жүйелерінің келешек ұрпаққа қандай білім беретіні туралы мәселе қайта қаралуда. Осы мәселе аясында Балалар ХХІ ғасырда табысты болу үшін нені үйрену керек? және Оқытудың тиімді әдістері қандай деген сияқты негізгі сауалдар туындайды. Бұл сауалдар оқу бағдарламасымен және оқу бағдарламасын жүзеге асыруда қолданылатын педагогикалық тәсілдермен тығыз байланысты.

Барлық оқушылар өздері өмір сүретін әлемде жұмыс істеуге дайын болуы өте маңызды. Оқушылар күн сайын БАҚ және түрлі технологиялар арқылы орасан зор ақпаратпен танысатындықтан, тыңдалым, айтылым, оқылым және жызылым мүмкіндіктері оқушыларды барған сайын артып келе жатқан жаһандану жағдайындағы қоғамда қарым-қатынас жасауға дайындайды. Бірінші кезектегі және негізгі тіл болып табылатын қазақ тілі мен қазақ әдебиеті бойынша сапалы білім алу оқушылардың өздерінің ойлары мен эмоциясын басқаларға жеткізе алу үшін еркін оқуына және жазуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар, оқылым және тыңдалым арқылы басқалар да олармен қарым-қатынас жасай алады.

Оқушылар оқу арқылы мәдени, эмоциялық, зияткерлік, әлеуметтік және рухани жағынан дамуға мүмкіндік алады. Оқу оқушылардың жаңа білімді меңгеруіне де, сондай-ақ алған білімін әрі қарай дамытуына да мүмкіндік береді. Қоғамның толыққанды мүшесі болу үшін адамдарға барлық тілдік дағдылар айтарлықтай маңызды болып табылады.

Қазақ тілі және қазақ әдебиеті пәндері бойынша оқу бағдарламаларының негізгі мақсаты пәннің мазмұнын сапалы меңгеруді қамтамасыз ету, оқушылардың

функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, сонымен қатар, басқа пәндермен сабақтастық арқылы жалпыадамзаттық құндылықтардың, ұлттық әдебиет пен мәдениеттің үздік дәстүрлерінің негізінде оқушылардың шығармашылық және зияткерлік деңгейін дамыту болып табылады.

Тіл қарым-қатынас құралы болып табылады. Тілді оқытудың әдіс-тәсілдері оқу ортасы мен мәнмәтінді ескере отырып, оқушыны тиімді білім алу үшін ауадай қажет болып табылатын дербестікке ұмтылуға оң ықпал етуге тиіс. Қазақ тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілі оқу бағдарламасының бөлімдері төрт тілдік дағдыны қамтиды: тыңдалым және айтылым бір бөлімге біріктірілген.

Тыңдалым – анағұрлым маңызды тілдік дағды деуге болады, бірақ қадағалау анағұрлым қиынға түсетін дағды. Дыбыстық ақпаратты түсініп, меңгеріп, бағамдау үшін тыңдалымның тиімді стратегиялары қажет. Тыңдалым дағдысын дамытуға арналған сабақты өткізудің негізгі мақсаттарының бірі оқушыларды тиімді тыңдауға үйрету, яғни ақпаратты түсіну үшін онымен не істеу керек екенін үйрету болып табылады.

Айтылым оның кімге арналғанына, мақсаты мен мәнмәтінге тығыз байланысты: бір мезгілде көптеген адам ауызша қарым-қатынасқа түсе алады немесе оның барысына ықпал ете алады. Жазылым тіліне қарағанда, айтылым тілінде грамматика толық сақталмайды, шаблонды фразалар мен қайталамалар жиі қолданылады. Оқушыны сөйлетудің алуан түрлі мақсаттары бар, айталық, қатысу (араласу) үшін сөйлеу, түсіндіру үшін сөйлеу, өз білімін байқау үшін сөйлеу, бағамдау үшін сөйлеу. Әр мақсат барлық төрт үдерістің болуын көздейді, алайда әрбір кезеңге жұмсалған уақыт ерекшеленетін болады.

Оқылым белсенді немесе бейтарап болуы мүмкін. Бейтарап оқылым – оқушылар мәтінге сыни талдау жасауды мақсат етпей, өзінің қызығушылығын қанағаттандыру үшін оқу. Мұғалім оқушыларды өз қызығушылығын қанағаттандыру үшін бейтарап оқылымды қолдануға түрткі бола білгені дұрыс, алайда сыныпта басты назарда белсенді оқылым тұруы қажет.

Белсенді оқылым – тілді оқытудың негезгі элементтерінің бірі, мұндай оқылым барысында оқушы өзінің сыни талдау дағдыларын дамыту мен жетілдіру үшін мәтінмен жұмыс істеудің әртүрлі кезеңдерінде бірқатар әдіс-тәсілдерді қолданады.

Оқылым әдіс-тәсілдері 3 кезеңді қамтиды:

Жазылым бұл оқушылардан үйлесімді мәтін құру үшін көптеген күрделі дағдыларды меңгеруді талап ететін міндет. Дегенмен, оқушылар өздері меңгерген шеберліктерін үнемі көрсете бермейді, өйткені жазу барысында олар өз назарларын басқа дағдыға шоғырландырғандықтан, айталық, бай сөздік қорын көрсету мақсатында әдемі тілдік құралдарды қолданамын деп, тыныс белгісін назарсыз қалдыруы мүмкін.

Жазылым үдерісін жоспар-нобай-түзету-жетілдіру түрінде модельдей отырып, әрі оқушыларға осы ретпен жұмыс істеуге жағдай жасай отырып, мұғалімдер оқушыларға кідіріс жасап, жазылым жаттығуы үшін

талап етілетін барлық дағдыларға тоқталып, ойлануға мүмкіндік беретін жағымды ахуал қалыптастырады.

Оқушыларды оқытудың ең жоғары стандарттарын қамтамасыз етуде мұғалімдердің қолданатын оқыту тәсілдері (яғни, педагогикалық әдістемелер) маңызды.

Оқытудың барлық аспектілері сындарлы оқыту теориясымен үйлеседі. Сындарлы оқыту тәсілдері оқушылардың алдыңғы білімдерімен ұштастыра отырып, жаңа білім алуы туралы тұжырымдамаға негізделген. Бұл жерде ең маңыздысы: оқушылардың алдыңғы алған дағдылары жаңа дағдыларды меңгеруге үлкен ықпалын тигізеді, ал егер ол ескерілмесе, онда білім тереңге бармай, үстірт меңгерілген таяз білім болады. Мұндай үстірт білім оқушыға қазіргі әлемде жетістікке жету үшін қажетті сын тұрғысынан ойлау, рефлексия және басқа да дағдыларын, алған білімін қолдануына кері әсерін тигізеді. Оқушылар білімді толықтай меңгеру үшін ақпаратты енжар қабылдамай, сабаққа белсенді қатысу керек. Оқушылардың алған білімдерімен жұмыс істеуіне, оны әрі қарай өңдеп, өз дағдыларын арттыруға мүмкіндік беретін жаттығулар орындауға мүмкіндік беру аса маңызды болып табылады.

Қазақ тілі және Қазақ әдебиеті пәндерінің мұғалімдері оқушыларды өздігінен білім алуға, шешім қабылдауға қабілетті ынталы, қызығушылығы жоғары, өзіне сенімді, жауапкершілігі жоғары, өзінің және өзгенің іс-әрекетіне талдау жасай алатын жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған қағиданы ұстанады.

Қазақ тілін оқытуда қолданылатын педагогикалық әдіс-тәсілдер

Оқу-танымдық әрекетті ұйымдастыру және жүзеге асыру әдістері:

Тілдік әдістер (әңгіме, дәріс, семинар, диалогтік оқыту, топтық оқыту, бірлесе оқыту);

Көрнекілік әдістері (иллюстрациялар, көрсетілім, таныстырылым);

Тәжірибелік әдістер (жаттығулар, тәжірибе жасау, қолмен түрлі бұйымдар (постер, кластер, буклет) жасау;

(7-сынып. Қазақ тілі Әлеуметтік желілер тақырыбында оқылымға берілген мәтіннен негізгі ақпарат бойынша кластер жасау, әлеуметтік желілердің зияны мен пайдасына қатысты постер жасау)

Репродуктивтік әдістер;

Проблемалық-ізденушілік әдістер; (7-сыныпта қазақ тілі сабағында оқылымға берілген мәтіннен негізгі ақпаратты тауып, проблемалық сұрақтар құрастыру)

Өзіндік жұмыс әдістері (мұғалім басшылығымен және өз бетімен);

Оқу-танымдық әрекетті ынталандыру және уәжді арттыру әдістері.

Оқу-танымдық әрекеттің тиімділігін бақылау және өзіндік бақылау жасату әдістері. Оқушылар жалпы білім беретін негізгі мектеп бағдарламасындағы барлық пәндерді оқу барысында ақпаратты табу, құрастыру және басқару, мәліметтер және идеялармен бөлісу, бірлесіп әрекет ету, түрлі жабдықтар мен қосымшаларды пайдалану арқылы өз жұмысын жетілдіре және бағалай отырып, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану дағдыларын дамытады.



-Қазақ әдебиетін оқытуда қолданылатын педагогикалық әдіс-тәсілдер ауқымды мәнмәгін бойынша топтық зерттеу жұмысын жүргізу және белгілі бір мәселе бойынша автордың көзқарасын талдау;

-жанрларды түрлендіру (драманы хикаятқа немесе хикаят тарауларын драмалық шығармаға айналдыру) және оның әсерін бағалау; (8-сынып, Д.Исабеков Әпке драмасын рөлге бөліп ойнату) рөлдік ойындар арқылы автордан сұхбат алып, сұрақтар қою (мүмкін болса, авторлармен, фильмді түсірушілермен кезең-сулер ұйымдастыру);

-оқушылардың сөйлеу және сын тұрғысынан ойлау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған пікірталас, ми шабуылы, дебат, стратегияларды қолдану;

-оқушының бүгінгі қоғамға лайық жеке тұлғалық қасиеттерін, оның рухани жан дүниесін байытатын қазақ тілінің этно-мәдени лексикасын, даналық сөздерін меңгерту, ана тіліндегі қарым-қатынас жасаудағы сөз әдебіне баулу, жағдаяттық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда ізгілендіру технологиясын қолдану;

-оқу үдерісінде түрлі жағдаяттар, рөлдік ойындар, дөңгелек үстел, брифинг, баспасөз конференциялары, Көңілділер, тапқырлар клубы және монолог пен диалогке, әңгімелесуге жағдай жасау;

-оқу үдерісінде түрлі ұнтаспаларды, бейнетаспаларды, медиаматериалдарды, бейнероликтерді, интернет материалдарын, электронды оқулықтарды, компьютер мен лингафондық ақпараттарды, белсенді оқыту әдістері мен пәнаралық байланыс сабақтастығын кеңінен қолдану.

Педагогикалық білім – білім берудің жалпы негіздерін, оқыту мақсаты мен міндеттерін білуге негізделетін оқыту мен оқу үдерістері, тәжірибесі мен әдістері туралы терең білімділік. Кез келген мұғалім үшін осы білімдер кешені қажетті болып табылады

және оқушыны оқыту үдерісіне, сыныпты басқаруға, сабақты жоспарлау және өткізуге, оқушыларға баға қоюға қатысты мәселелерді қамтиды. Сонымен қатар педагогикалық білім құрамына сабақта қолданылатын тәсілдер мен әдістерді білу, мақсатты аудитория сипаты, оқушылардың оқу материалын меңгеріп алуын бағалау стратегиясы кіреді. Білікті мұғалім оқушылардың білімді меңгеруінің және дағдыларды қалыптастыруының үдерістерін түсінуге көмектесетін терең педагогикалық білімге ие, олардың ақыл-ой қасиеттерін, оқуға деген эмоциялық жағымды қатынасын дамытады.

Оқушылардың бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын күдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады. Жаңартылған білім – болашақтың кепілі.

Пайдаланылған әдебиеттер :

1. *Жаңартылған білім беру мазмұны аясында критериялды бағалауды жоспарлау және ұйымдастыру 2017ж*

2. *Мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы (екінші басылым) Назарбаев Зияткерлік мектептері ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015*

3. *Жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне арналған критериялды бағалау басшылығы Астана 2016*

4. *Мұғалімге арналған нұсқаулық (екінші басылым) Назарбаев Зияткерлік мектептері ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015*

5. *Қазақ ұстазы республикалық ғылыми – педагогикалық журнал № 2 2017, №7 2016*

МҰҒАЛІМ МӘРТЕБЕСІ ТУРАЛЫ ЗАҢ МӘРТЕБЕЛІ МАМАНДЫҚ МҮДДЕСІН КӨЗДЕЙДІ

Жумагалиева Райгуль Халиковна

№96 мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Алматы қаласы

Резюме: В статье рассматривается проблемы Закона «О статусе педагога».

Summary: The article deals with the problems of the Law «On the status of the teacher».

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың дәстүрлі жолдауында Білім және ғылым министрлігіне «Педагог мәртебесі» туралы заң қабылдауды тапсырған еді. Елбасы Жолдауын орындау мақсатында ҚР БҒМ «Педагог мәртебесі туралы», оқушы және мұғалім жүктемесін азайту сұрақтары бойынша кейбір заңнамалық актілерге өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Заңдарының жобаларын әзірлеуде. Осы заң жобаларын әзірлеу мақсатында жұмыс тобы құрылды. Бұл жұмыс тобы педагог мәртебесіне арналған заң жобасының шынайы, мәселені нақты қоя және шеше алатын педагогикалық өмірдің мәселелерін білетін ортада талқыланып, жүзеге асуына ықпал етеді. Осыған бай-

ланысты БАҚ беттерінде, әлеуметтік желілерде Мектеп, колледж, ЖОО педагогтарын, мемлекеттік органдар өкілдерін, ата-аналарды әзірленіп жатқан заң жобаларын талқылауға шақырды. ҚР БҒМ барлық мүдделі азаматтар мен заңды тұлғалары осы талқылауға қатысты. Біз де өз тарапымыздан осы Заңның дұрыс әзірленуіне, қазақ елінің барлық педагогтарының мәселелерінің оңтайлы шешілуіне мүмкіндігімізше өз үлесімізді қостық.

«Ұстаздық мінез-құлық нормасы мынадай болуға тиіс: ол тым қатал да болмауы керек, тым ырыққа да жығыла бермеуі керек. Өйткені аса қаталдық – шәкіртті өзіне қарсы қояды, ал тым ырыққа көне беру – қадірін кетіреді, берген білімі мен ғылымына

шәкірті селқос қарайтын болады», – деп ұстаздардың ұстазы Әбу Нәсір әл-Фараби айтқан екен. Қай заманда да қоғам ұстаз мәртебесіне селқос қарамаған. Өйткені ұстаз ұлды ғана емес, тұтастай ұлтты тәрбиелеуші. Бір айта кетерлігі, соңғы уақытта бала оқытып, педагог болудан, кейінгі жас буын басын алып қашады. Өзі ұстаздан тәлім алса да, келешегін білім-ғылым саласымен байланыстырып елестете алмайтындар қатары көбейгені сөзсіз. Неге? Ұлы ақын Абай Құнанбайұлының «Адамның адамгершілігі жақсы ұстаздан болады» деген сөзін бала кезден санамызға сіңірдік, енді балаларды да осы тұрғыда тәрбиелеп келеміз.

Ал мұғалімдік еңбек өте күрделі – еңбек. Оның ерекшелігі, еңбегінің нәтижесі күнбе-күн немесе жылма-жыл көрінбеуі мүмкін. Осы жағдайды «Мұғалім мәртебесі туралы заңда» бір жүйеге келтіру керек.

Білім саласына қызмет етіп жүргеніме біраз жыл болғандықтан, бұл саланың қиыны мен қызығын бір адамдай білетіндіктен, өзімнің көңілге түйген ұсыныстарымды жеткізуді жөн көріп отырмын. Кез-келген мамандықтың мәртебесін көтеру сол мамандықта жұмыс жасап жатқан адамның еңбегін бағалаудан басталады деп ойлаймын.

Жоғары білім алып мұғалімдік еңбек жолын бастаған жас маман 21-22 жаста болады деп есептесек зейнеткерлік жасқа жеткенше 40-тан астам жыл жұмыс жасайды екен. Осындай кезде мұғалімнің ұзақ жылғы еңбегін дұрыс бағалау керек сияқты.

Сондықтан:

– 35-тен жоғары жыл тұрақты білім саласында үзбей еңбек жасаған адамға «Білім саласына еңбегі сіңген ұстаз» төс белгісін беру;

– 30 жылдан жоғары еңбек етсе «Ы.Алтынсарин» атындағы төс белгісін беру;

– 25 жылдан жоғары еңбек етсе «Ұстаз даңқы» төс белгісін беру;

– Жақсы жұмыс жасап, жақсы нәтиже көрсеткен жастарды аудандық, облыстық, республикалық деңгейдегі марапатпен кезек күттірмей марапаттап, «Білім беру ісінің үздігі» төс белгісіне дейін беру; (Жас қой кейін алады деп шегеруге болмайды. Бізде ондай жағдай көп. Жастардың да еңбегін дер кезінде бағалау керек.)

– Бұрынғы 25 жылдық еңбек өтілмен зейнеткерлікке жіберуді қалпына келтіруді ұсынамын.

Жиырма бес жылдан артық тер төгіп еңбек еткен мұғалім ақырындап елу жасқа аяқ басады. Жас кездегідей қарқын болмайды. Бірақ тәжірибе бар. Көп мұғалім жасы келген кезде: «Жас кезімізде істедік енді жастар істесін» дегенге сайдырады. Өйткені, еткен еңбек бағаланбады. Енді ақырын жүріп, зейнеткерлікке шықсақ болды дейді. Дәл осы кезде қолдау көрсетіп, көп жылдық еңбегін бағалап, еңбек өтіліне сай марапаттау жасаса, мұғалім де аянып қалмасы анық.

Ұзақ жылдар еңбек еткеннен кейін көп мұғалімдер денсаулықты жоғалтады. Әсіресе жүйке жүйесі тозады. Ұмытшақтық, ашуланшақтық, қалтырауықтық тағы басқа көптеген аурулардың нышаны пайда болады. Кей жағдайда оқушыларына күлкіге айналуы да кездеседі. Осындай кездерде көп нәрсеге жүйке жүйесі

шыдас бермей қалатын, оқушыларына әртүрлі сөз айттып қалуы, қатты ұрмаса да қол тиіп кетуі мүмкін. Соңғы кездерде мұндай оқиғалар жиі кездесе бастады. Зейнеткерлікке кетейін десе жасы жетпейді. Басқа жұмысқа ауысуға мүмкіндік жоқ. Жасы келіп қалған адамды кім жұмысқа ала қойсын. Дәл осы жағдай білім саласын бүгін үлкен тығыраққа тіреп тұр. Сондықтан бұдан шығатын жалғыз жол – 25 жылдан кейін 75 пайыздық көрсеткішпен мұғалімдерді зейнеткерлікке жіберу. Жалпы мұғалімдерді 63 жасқа дейін ұстау дұрыс емес.

Ауылдық жерде жұмыс жасайтын мұғалімдердің әлеуметтік жағдайына баса назар аударған дұрыс. Әртүрлі вариативтік сабақтарды жергілікті бюджетті үнемдеу мақсатында әкімдер төлемейді. Оны мұғалімдерге тегін үйретуге тапсырады. Тегін жұмысты мұғалім жүргізгісі келмейді. Сондықтан мектеп әкімшілігі өтірік құжат толтыруға барады.

Білім беру саласының бюджетін жергілікті әкімшілікке қарату – мұғалімдерді қосымша жұмысқа тартудың үлкен бір себебі. Біз ақша төлеп отырмыз деген желеумен мұғалімдерді қыспаққа алу, ақысыз демалысқа мәжбүрлеп өтініш жаздыру сияқты мұғалімге бағытталған жағымсыз көріністер бар.

Сондықтан мұғалімдерді әлеуметтік жағынан қорғауды жергілікті әкімшілікке тапсырмай тура мемлекеттік бюджеттен қаржыландыру керек. Даулы сұрақтардың барлығын жан-жақты ойластырып заңда біріздендірсе, жақсы болар еді. Сонымен қатар Педагог мәртебесін айқындайтын заңға енуі тиіс баптар ретінде мыналарды көрсеткім келеді:

1. Білім басқармаларын жергілікті әкімшіліктен ҚР Білім және ғылым Министрлігінің құзіретіне өткізу керек. Мектеп мұғалімдерін өз міндетіне жатпайтын жұмыстардан осы қадам ғана құтқара алады. Заң бабына қосымша ретінде, «Мұғалім міндетіне жатпайтын жұмысқа жұмсаған адам қылмыскермен теңестіріліп, қылмыстық жауапқа тартылуы тиіс» деп көрсету керек).

2. Мектеп мұғалімінің орташа жалақысы Парламент Мәжілісінің депутаты мен министрдің жалақысының кем дегенде 70 %-на тең болуы тиіс. Жалақының жоғары болуы мамандыққа деген бәсекені күшейтеді. Бәсеке болған жерде сапа болады.

3. Ер мұғалімдерді 55 жастан, әйел мұғалімдерді 50 жастан зейнетке шығару керек.

5. Бюджеттен мектептерді жөндеуге бөлінген қаражат БАҚ бетінде жариялануы тиіс.

– Заң жобасын дайындауға қатардағы мұғалімдер де тартылуы тиіс

– Заң жобасы БАҚ беттерінде ашық талқыға түсуі керек.

Мағжан Жұмабаев айтқандай, «Алты алаштың баласы бас қосса, төр - мұғалімдікі» болатын заман туатыны сөзсіз.

Педагог мәртебесі туралы заңмен қатар білім туралы заңға, бала құқығы мен ата-ананың жауапкершілігі туралы да нормативті құжаттарға өзгеріс енгізілуі керек. Осы заң негізінде әркім өз жұмысын атқарса, онда тәртіп болады. Ал тәртіп болған жерде нәтиже болары анық.

Педагог мәртебесін қарастырғанда өзге ел-



дер тәжірибесінен де үлгі алған дұрыс. Жапонияда ағарту саласы қызметкерлері туралы арнайы заң бар. Сол заңда мемлекеттік, префектуралық және муниципалдық білім беру мекемелеріндегі мұғалімдер мәртебесі мемлекеттік қызметкер деп белгіленген. Бірақ осы Алматыда, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде өткен мұғалімдерді мемлекеттік қызметкер ретінде қарай алмаймыз. Себебі мемлекеттік қызметкерлер тек мемлекеттің ғана рұқсатымен шетелге шыға алады. Бұдан өзге де шектеулер болады. Сондықтан да біздің мұғалімдерге мемлекеттік қызметкер дәрежесін бере алмаймыз деген болатын. Білім беру саласына жан-жақты дайындалған, білікті маманды тарту үшін олардың жалақысы өзге қызметкерлерден жоғары болу керек. Дамыған елдердің көпшілігінде мұғалім жалақысы жоғары деңгейде. Финляндияда, Қытайда мемлекеттік қызметкер жалақысынан кем емес ақы алатындықтан, барын ұлты, мемлекеті үшін салатын мұғалімдер ұрпақ тәрбиесінде, білім беруде аянбай еңбек етеді.

Уақыт дәлелдегендей, денсаулық пен білім мәселесі қай заманда да қажеттілігін жойған емес. Бірақ ұстаз

орнын ешкім баса алмайды. Қай заманда болсын, әріп үйретіп, қолға қалам ұстататын жанның қажеттілігі жойылмақ емес. «Ұстазсыз шәкірт – тұл, шәкіртсіз – ұстаз тұл» деген тәмсіл мәні осыны аңғартады. Президент Нұрсұлтан Назарбаев халыққа жолдауында: «Келесі жылы «Педагог мәртебесі туралы» заңды әзірлеп, қабылдау қажет деп санаймын. Бұл құжат мұғалімдер мен мектепке дейінгі мекемелер қызметкерлері үшін барлық игілікті қарастырып, жүктемені азайтуға, жөнсіз тексерістер мен міндеттен тыс функциялардан арашалауға тиіс», – деді. Елбасының дәл осы қамқорлығы барша әріптестерімді қуантқаны сөзсіз. Осы арқылы көз ұшынан ғайып болып бара жатқан Ұстаз статусы жаңғырып, педагог мәртебесі қалыптасады. Білім қызметкерлерінің I құрылтайында Елбасымыз: «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушыларын мұғалімдер қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады», – деген еді. Ұстаз мәртебесін айқындайтын заң – болашақ жаңа Қазақстанның бейнесін қалыптастыруға септігін тигізеді деген ойдамыз.

БАСТАУЫШТА ОҚЫТУДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ДЕҢГЕЙІ

**Архабаева Багила Байтилеуовна,
Архабаева Самал Байтилеуовна**

Алматы қ. 96 мектептің бастауыш сынып мұғалімдері

Резюме: Мақалада бастауыш сыныпта оқытудың шығармашылық деңгейі қарастырылады.

Summary: The article discusses the creative level of education in primary school.

Адамзат баласының өмірден үйреніп, «білім» жинақтауы – образды түрде айтар болсақ, ана құрсағында жатып-ақ басталмақ. Өмірге келген әрбір адам баласы тек қана үйренумен, үйретумен өз өмірін мәнді ете алмақ. Өмір университетінен үйренгені бір бөлек, ал мектеп табалдырығын аттап, ғылымның алғашқы баспалдағына көтерілу өзге әңгіме. Ендеше білім берудің алғашқы басқышы – бастауыш білім деуге толық негіз бар. Осыған сәйкес оқушыға белгілі бір көлемдегі білік, білім, дағдыларды меңгертумен бірге кеңістік, табиғат, қоршаған дүние туралы түсініктерін кеңейте отырып, оларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту мұғалімнің басты міндеті. Әр бала жас кезінен еркін ойлауға алдына қойған істі жоспарлап оны сонына дейін жеткізуге, кедергілерге қарсы тұруға бейімделгені жөн.

Шығармашылық – бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі қажет. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өшуіне жол бермеу, оның рухани күшін нығайтып, өмірден өз орнын табуға көмектеседі. Өйткені адам туынды ғана емес жаратушы да. Міне, біздің жоғарыда айтқан пікіріміздің дәлелі ретінде адам туынды болатындығы үйренуден, ал жаратушы ретінде үйретушінің қызметін атқарады.

«Шығармашылық» сөзінің төркіні этимологиясы

«шығару», «ойлап табу» дегенге келіп саяды. Демек жаңа нәрсе ойлап табу, сол арқылы жетістікке қол жеткізу деп түсіну керек. Философиялық сөздікте «шығармашылық қайталанбайтын тарихи-қоғамдық мәні бар, жоғары сападағы жаңалық ашатын іс-әрекет», -деп түсіндіріледі.

Бұл – үлкен жауапкершілік артатын күрделі мақсат. Оны шешу үшін, ең алдымен, оқыту мазмұны жаңартылып, әдіс-тәсілдің озығы өмірге келуі, олар әрбір азаматтың жеке басының қасиеттерін, қабілеттерін дамытып, шығармашылығын, талантын ұштайтындай болып ұйымдастырылуы қажет. Сонда ғана мектептерден өз өміріне өзгеріс енгізе алатын, өз бетінше өмір сүру жолдарын таңдай алатын азаматтар тәрбиеленіп шығады.

Баланы бастауыш сыныптардан бастап шығармашылық ойлауға, қалыптан тыс шешімдер қабылдай алуға, практикалық әрекеттерге дайын болуға әкелудің жолдарын көрсету керек. Шығармашылық – бүкіл тіршіліктің көзі. Адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері шығармашылықтың нәтижесі. Әр жаңа ұрпақ өзіне дейінгі ұрпақтың қол жеткен жетістіктерін меңгеріп қана қоймай, өз іс-әрекетінде сол жетістіктерді жаңа жағдайға бейімдей, жетілдіре отырып, барлық салада таңғажайып табыстарға қол жеткізеді.

Баланың шығармашылық қабілетін дамыту мәселесін талдау ең алдымен «Қабілет» ұғымының мәнін терең

түсініп алуды қажет етеді. Философияда «Қабілетті» тұлғаның белгілі бір әрекеті орындауға жағдай жасайтын жеке ерекшеліктері дей келе, олар қоғамдық-тарихи іс-әрекеттердің нәтижесінде қалыптасып, әрі қарай дамып отыратындығын атап көрсеткен.

Демек, бастауыш сынып оқушыларының тұлғалылығын тәрбиелеу үшін, ең алдымен олардың қабілеттерін дамытудың мәні зор. Бірінші – адамдардың қабілеттер деңгейі жағынан тең дәрежеде болмауы. Қабілеттердің бірдей емес екендігін сыныпта отырған оқушылардың әрқайсысының әр пәнге және әр деңгейде қабілетті болатындығымен дәлелдеуге болады. Бірі есепке жүйрік болса, екіншісі тілге бай, ал енді біреулері сурет салғанды тәуір көреді. Олардың қабілеттерінің құрылымы да, оны құрайтын компоненттер де әртүрлі болады. Мәселен, математикалық қабілеті басым балаларда ойлау операциялары тез, дәл болады да, бейнелеу өнеріне қабілетті балаларда нақты заттардың бөліктерінің ара-қатынасын жылдам анықтай білу сияқты белгілер басым болады. Музыкаға қабілетті бала есту, ырғақты түсіну, сезімталдық сияқты сапаларымен ерекшеленеді.

Екінші – адамдар бойында қабілеттің бір түрі ғана бола ма, әлде әр түрлі қабілеттің белгілері бола ма деген сауал төңірегіндегі пікірлер жайлы. Ғалымдар керісінше көзқарастардың бар екендігіне қарамастан, адам бойында әрекеттің бірнеше түрін айқындай алу мүмкіндіктерін бар екендігін дәлелдейді. Мысалы ақындығымен қатар музыкаға, суретке қабілетті адамдар.

Психологтар қабілеттілердің екі түрлі деңгейінің болатындығын дәлелдейді: 1) репродуктивті – іс-әрекетті, білімді берілген үлгі бойынша қабылдай алу деңгейі; 2) шығармашылық – жаңалық ойлап табуға бағытталған қабілеттер деңгейі.

Бастауыш сынып оқушыларының қабілеттері екі түрлі әрекетте дамиды. Біріншіден, кез келген бала оқу әрекетінде адамзат баласының осы кезге дейінгі жинақталған тәжірибесін меңгерсе, екіншіден кез-келген оқушы шығармашылық әрекеттер орындау арқылы өзінің ішкі мүмкіндіктерін дамытады. Оқу әрекетінен шығармашылық әрекеттің айырмашылығы – ол баланың өзін-өзі қалыптастыруына өз идеясын жүзеге асыруына бағытталған жаңа әдіс-тәсілдерді іздейді. Проблеманы өзінше, жаңаша шешуге талпыныс жасайды. Біздің ойымызша, бүгінгі бастауыш сынып оқушыларының кез келгені шығармашылық тапсырмалар шешуді табыспен меңгере алады. Тек ол жұмысқа дұрыс басшылық, шебер ұйымдастырушылық қажет.

Оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулып, олардың белсенділіктерін, қызығушылықтарын, шығармашылық қабілеттерін арттыруда түрлі: 1) мәтін, ертегі, әңгімені өз бетінше аяқтау; 2) ақын, жазушылардың дайын мәтіндерін басқаша аяқтау; 3) белгілі мақал негізінде әңгіме жазғызу; 4) мәтін бойынша мақал құрастыру; 5) табиғат құбылыстарына, заттарға және жеке суреттерге қарап жұмбақ құрастыру; 6) әңгімелерді салыстыру, бөліктерге бөлу; 7) шығарма, мәтін, ертегі құрастыру. (тақырып бойынша, жоспар бойынша, тірек сөздер арқылы); 8) өлең, мақалдар құрастыру; 9) шығармадағы әңгімелерге ұқсас оқиғалар айтқызу; 10) кейіпкерге мінездеме

беру; 11) шығарма бойынша сурет салғызу, ауызша суреттеу, қиялдау арқылы суреттеу, мүсіндеу; 12) рөлге бөліп оқыту; 13) логикалық ойлауын дамытатын ойындармен берілген тапсырмаларды шешкізу (анаграмма, сөзжұмбақ, ребус); 14) диалог-ертегі; 15) образға кіру т.б. секілді әдіс-тәсілдерді өз сабақта қолданамыз.

Баланың білімді жүйелі меңгеріп, қабілетті деңгейін арттыруда «Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясын бастауыш сыныптарда оқытуда маңызы ерекше.

Бұл технологияның кез келген мазмұн түсінікке сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға, сапалы шешім қабылдауға сабақтарда бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін арттырады сөзсіз.

Бағдарлама құрылымы үш деңгейден тұрады.

1. Қызығушылықты ояту. Үйрену процесі бұрынғы білетін және жаңа білімді ұштастырудан тұрады. Оқушы жаңа ұғымдарды, түсініктерді, өзінің бұрынғы білімін жаңа ақпаратпен толықтырады, кеңейте түседі. Осы кезеңде қызмет ететін «Топтау», «Түргіп алу», «Ойлану», «Болжау», «Жұпта талқылау», «Әлемді шарлау» т.б. әдістері жинақталған. Оқушы бұл кезеңде жаңа білім жайлы ақпарат жинап, оны байырғы біліммен ұштастырады.

2. Мағынаны ашу (Түсіне білу). Бұл кезеңде оқушылар жаңа ақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды. Оқушылардың тақырып бойынша жұмыс жасауына көмектесетін оқыту стратегиялары бар. Соның бірі INSERT. Ол бойынша оқушыға оқу, тақырыпты танысу барысында V-«білемін», -- - «мен үшін түсініксіз», + - «мен үшін жаңа ақпарат», ? - «мені таң қалдырады» белгілерін қойып отырып оқу тапсырылады. INSERT – оқығанын түсінуге, өз ойына басшылық етуге, ойын білдіруге үйрететін ұтымды құрал.

3. Ой толғаныс. Күнделікті оқыту процесінде оқушының толғанысын ұйымдастыру, өзіне, басқаға сын көзбен қарап, баға беруге үйретеді. Оқушылар өз ойларын, өздері байқаған ақпараттарды өз сөздерімен айта алады. Бұл сатыда оқушылар бір-бірімен әсерлі түрде ой алмастыру, ой түйістіру, өз үйрену жолын, кестесін жасау мақсатында басқалардың әр түрлі кестесін біліп үйренеді. Осы кезеңді тиімді етуге лайықталған. «Бес жолды өлең», «Венн диаграммасы», «Еркін жазу», «Семантикалық карта», «Г кестесі» сияқты стратегиялар әр сабақтың ерекшелігіне, ауыр жеңілдігіне қарай лайықтала қолданылады. Осы стратегияның 25 бөлімі бар. Бұл стратегияларды қолданғанда оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы артып олардың бір-бірімен пікір таластырып, ашық сөйлеу, еркін сөйлеу дағдылары қалыптасып, өздеріне сенімсіздік білдіріп отырған оқушылар өз ойларын аз да болса жүйелеп, еркін айта алады. Сондықтан да әр сабақта оқушының жан дүниесіне еніп бар білімді сан түрлі тәсілдер арқылы оқушы бойына дарытқан жөн деп санаймын. Осы сияқты жұмыс түрлерін жүргіземіз. Енді осы шығармашылық тапсырмалардың кейбіреуіне тоқтала кетейік. Олар: образға кіру, талдау және қиялдау, суырып салма ақын, диалог-ертегі, жұмбақ-мақалдар құрастыру.



I тапсырма «Образға кіру». Жансыз заттардың, өсімдіктердің, жануарлардың орындарында өздері қандай күй кешетіні, қандай қызмет атқаратынын сезіну. Мен-Гүлмін. (Қасықпын, Шыршамын, Бағдаршаммын, Доппын) деген әр түрлі тақырыптарда әңгіме жазғызу. I оқушының әңгімесі: Мен-Гүлмін. Мен жерде өсемін. Маған ауа, су, жылу, жарық, қорек қажет. Мен адамдарға қуаныш сыйлаймын. Адамдар мені аналарына, мұғалімдеріне бақыт, қуаныш әкелсін деп сыйлайды. Мені адамдар төрге қояды. Мен әр түрлімін. Менің иісім хош, жақсы. Мені адамдар жақсы көреді. Мен ешкімге жамандық істемеймін. Осы арқылы оқушылардың ой-өрісі кеңейтіліп, тілдері дамиды.

II тапсырма «Талдау және қиялдау». Бастауыш сынып оқушыларының ой-санасын, қабілетін, шығармашылығын дамытуда шығарманы, көркем әдебиет үлгілерін талдаудың әсері мол. Талданбаған шығарма бала жүрегіне жетіп, оны тебіренпейді.

Осы шығармашылық тапсырмаларды пәндерге бейімдеп қолданудан, оқушылардың пәнге қызығушылығы артады; оқушылардың білім сапасы көтеріледі; оқушылардың логикалық ойлауы,

шығармашылық іс – әрекетке қабілеті артады. Ол үшін жалықпай жаңа инновациялық технологияларды өз жұмысымызда пайдаланып, сонымен қатар оқушыларды мадақтап, ынталандырып отырған орынды. Баланың қиялын дамыта отырып, ойын дамытамыз. Ойы дамыған шәкірттің танымдық қызығушылығы артып, шығармашылық әрекеті жоғары деңгейге көтеріледі.

Қорытындылай келе, Елбасы еліміздің рухын көтеретін ұлы мақсаттарға жеткізетін «Мәңгілік ел» ұлттық идеясын жариялады. Бұл – тұғырлы идея. «Қазақстан -2050»-Мәңгілік елге бастайтын ең абыройлы, ең мәртебелі жол. Осы жолдан айнымайық, қадірлі халқым! – деген Елбасымыздың қорытынды сөзімен баяндамамызды аяқтаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

3 *Бастауыш сыныпта оқыту мен тәрбие ісі.* №1, 2015

4 *Бастауыш сыныпқа арналған әдістемелік құралдар*

ИСААК НЬЮТОННЫҢ ФИЗИКАДАҒЫ АШҚАН ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

Қаржаубаева Гүлхан Абдухалықовна

*№96 мектептің физика пәнінің мұғалімі
Алматы қаласы*

Исаак Ньютон – Корольдік қоғамның мүшесі, ағылшын физигі, математигі, астрономы, табиғи философия, алхимигі және теологі. Оның 1687 жылы жарық көрген Табиғи философияның математикалық бастамалары (латынша: «Philosophiæ Naturalis Principia Mathematica») деген кітабы ғылым тарихындағы ең ықпалды шығарма болып саналады. Осы еңбегінде Ньютон бүкіләлемдік тартылыс заңын және қозғалыс заңдарын тұжырымдап, содан кейінгі үш ғасырда үстемдік еткен және қазіргі заманғы инженерлік ғылымның негізі болып табылатын классикалық механиканың негізін қалады. Ньютон өзінің тартылыс заңы мен Кеплердің ғаламшарлар қозғалысының заңдарының арасындағы сәйкестікті дәлелдеп, жер бетіндегі заттардың қозғалысы мен аспан денелерінің қозғалысы бірдей заңдарға бағынатынын көрсетті. Осылайша ол гелиоцентризм туралы соңғы күмәнді сөйлтіп, ғылыми революцияның басын бастап берді.

Механикада Ньютон импульстың және бұрыштық импульстың сақталу заңдарын алға тартты. Оптикаға қосқан үлесі: ол рефлекторлы телескоп жасап шығарып, үшбұрышты призманың жарықты көзге көрінетін жеті түске бөлетінін ашты. Ол Ньютонның суу заңын тұжырымдап, дыбыстың жылдамдығын зерттеді. Математикада Ньютон Готтфрид Лейбницпен қатар дифференциалдық және интегралдық санақты ойлап шығарды. Сонымен қатар ол биномдық теореманы көрсетіп, функцияның нөлін шамалауға қолданылатын Ньютон әдісін тапты. Дәрежелік қатарларды зерттеуге де үлес қосты.

Ньютонның дінге деген қызығушылығы да зор болды, оның діни еңбектері көлемі жағынан ғылымға

қосқан үлесінен үлкен. Денелердің Орталық күш әсерінен қозғалу траекториясы конустық қима болатынын, оған себеп барлық планеталар мен кометалардың Күнге, ал планета серіктерінің өз планеталарына ара қашықтықтың квадратына кері пропорционал күшпен тартылуы екенін дәлелдеп, бүкіләлемдік тартылыс заңын тұжырымдады. Физикада Ньютон қызған денелердің суыну заңын, ақ жарықтың монохромат сәулелерге жіктелуін, сфералық мөлдір денелердің түйіскен нүктесінің айналасында интерференциялық сақиналардың пайда болатынын, т.б. ашты. Ол – термометрді ойлап шығарған алғашқы ғалымдардың бірі. Астрономияны телескоптық бақылау мен математикаға сүйенетін жаңа ғылыми сатыға көтерді. Өзі жасаған екі айналы телескоп арқылы (1668) аспан құбылыстарын тікелей бақылады. Аспан денелерінің қозғалыс теориясын жасап, аспан механикасының негізін салды. Ньютонның астрономиялық еңбектері механика мен физикадағы табыстарына ұштасып жатады. Математикада дифференциалды және интегралдық есептеулерді (Г.Лейбницке тәуелсіз) ойлап тапты, шамалардың ең үлкен және ең кіші мәндерін табу, қисық сызыққа жанама жүргізу, қисық сызықтың ұзындығын, жазықтықтағы тұйық сызықтың қоршайтын ауданын табу, функцияларды қатарларға жіктеу, т.б. жаңалықтар ашты. Бұлар математикалық анализдің негізі болып табылады. Ньютонның ғылыми шығармаларының жинағы 5 том болып 1779-85 жылдары Лондонда латын тілінде басылған. 2005 жылы өткізілген сауалнамаға сұралғандардың көпшілігі Ньютонның ғылым тарихына жасаған ықпалы Альберт Эйнштейндікінен әлдеқайда күшті болған деп ойлайтындарын айтқан [4]. Бүкіләлемдік тартылыс заңы,

Ньютона тартылыс заңы – кез келген материялық бөлшектер арасындағы тартылыс күшінің шамасын анықтайтын заң. Ол И. Ньютона 1666 ж. шыққан "Натурал философияның математикалық негіздері" деген еңбегінде баяндалған. Бұл заң былай тұжырымдалады: кез келген материялық екі бөлшек бір-біріне өздерінің массаларының (m_1 , m_2) көбейтіндісіне тура пропорционал, ал ара қашықтығының квадратына (r^2) кері пропорционал күшпен (F) тартылады: мұндағы G — гравитациялық тұрақты. Гравитациялық тұрақтының (G) сан мәнін 1798 ж. ағылшын ғалымы Г. Кавендиш анықтаған. Қазіргі дерек бойынша:

$$G=6,6745(8) \cdot 10^{-8} \text{ м}^3/\text{кг}\cdot\text{с}^2=6,6745(8) \cdot 10^{-11} \text{ м}^3/\text{кг}\cdot\text{с}^2.$$

Айдың Жерді, планеталардың Күнді айнала қозғалуын зерттеу нәтижесінде И. Ньютон ашқан бұл заң табиғаттағы барлық денелерге және олардың барлық бөліктеріне қолданылады. Бүкіләлемдік тартылыс заңы аспан денелерінің қозғалысы жайындағы ғылым – аспан механикасының іргетасын қалайды. Осы заңның көмегімен аспан денелерінің қозғалу траекториясы есептеледі және олардың аспан күмбезіндегі орындары алдын ала анықталады. Уран планетасының осы заңға сәйкес есептелінген орбитадан ауытқуы бойынша 1846 ж. Нептун планетасы ашылды. Плутон планетасы да 1930 ж. осындай тәсілмен анықталды. 19-20 ғасырларда бұл заңды алдымен қос жұлдыздарға, сонан соң шалғай орналасқан галактикаларға да пайдалануға болатындығы белгілі болды. Жалпы салыстырмалық теориясының ашылуы (1916) нәтижесінде тартылыс күшінің табиғаты онан әрі айқындала түсті. Шындығында кез келген дене кеңістікте тартылыс өрісін туғызады. Денелердің арасындағы тартылыс күші осы өріс арқылы беріледі. Өте майда бөлшектерден тұратын микродүниедегі (атом, атом ядросы, элементар бөлшектер, т.б.) құбылыстарда Бүкіләлемдік тартылыс заңының әсері сезілмейді. Өйткені онда күшті, әлсіз және электр магниттік өзара әсерлер тәрізді өрістік әсерлер басым болып келеді. Табиғаттағы барлық денелер бір-біріне тартылады. Осы тартылыс бағынатын заңды Ньютон анықтап, бүкіл әлемдік тартылыс заңы деп аталған. Осы заң бойынша, екі дененің бір-біріне тартылатын күші осы денелердің массаларына тура пропорционал, ал олардың ара қашықтығының квадратына кері пропорционал болады: $F = G \frac{m_1 m_2}{r^2}$, мұндағы, G - гравитациялық тұрақты деп аталатын пропорционалдық коэффициент. Бұл күш бір-біріне әсер ететін денелер арқылы өтетін түзудің бойымен бағытталған. Формула шамасы бойынша бір-біріне тең F_{12} және F_{21} күштердің сандық мәнін береді. Суреттегі өзара әсерлесетін денелер біртекті шарлар болса, m_1 және m_2 – шар массалары, r - олардың центріннің ара қашықтығы. Сонымен, шарлар материялық нүктелер ретінде өзара әсерлеседі, ал олардың массалары шар массаларына тең және олардың центрлерінде орналасқан. Гравитациялық тұрақтының сандық мәні, массалары белгілі денелердің бір-біріне тартылатын күшін өлшеу жолымен анықталған. Осындай өлшеу кезінде көп қиыншылықтар кездеседі, өйткені массалары тікелей өлшенетін денелер үшін тартылыс күштері өте-өте аз болып шығады. Мысалы, әрқайсысының

массасы 100 кг, бір-бірінен қашықтығы 1 метр болатын екі дене бір-біріне шамамен 10-6 Н, яғни 10-4 Г күшпен өзара әсер етеді. Инерция (лат. inertia – әрекетсіздік), материялық денелердің механикадағы Ньютона 1-және 2-заңдарында көрініс табатын қасиеті. Денеге сыртқы әсерлер (күштер) болмаған кезде немесе олар теңгерілген кезде, инерция дененің инерциялық санақ жүйесі деп аталатын жүйеге қатысты өзінің қозғалыс күйін немесе тыныштығын сақтайтындығынан білінеді. Егер денеге күштердің теңгерілмеген жүйесі әсер етсе, онда инерция дененің тыныштық күйі немесе қозғалыс күйі, яғни дене нүктелерінің жылдамдықтары лезде өзгермей, біртіндеп өзгертіндігін көрсетеді. Бұл жағдайда дене инерциясы неғұрлым көп болса, дене қозғалысы солғұрлым баяу өзгереді. Дене инерциясының өлшемі – масса. Сондай-ақ «инерция» терминін әр түрлі аспаптарға да қолданады. Бұл ретте инерция деп аспаптың белгілі бір тіркелетін шаманы кешіктіріп көрсететіні түсініледі. Инерция заңы – сыртқы күштер (өзара әсерлер) әсер етпеген немесе әсер етуші күштер өзара теңескен жағдайда, инерциялық санақ жүйесімен салыстырғанда, дене өзінің қозғалыс не тыныштық күйін өзгертпей сақтайтындығын тұжырымдайтын механиканың негізгі заңдарының бірі. Жекелей алғанда, бұл жағдайда материялық нүкте тыныштық күйде болады не түзу сызық бойымен бірқалыпты қозғалады. Инерциялық санақ жүйесі – инерция заңы орындалатын санақ жүйесі. Инерциялық санақ жүйесімен салыстырғанда ілгерілемелі, бірқалыпты және түзу сызықты қозғалған кез келген санақ жүйесі де инерциялық санақ жүйесі болады. Сондықтан теория жүзінде, физика заңдары бірдей орындалатын (салыстырмалылық принципі) инерциялық санақ жүйесімен бір мәндел жүйенің саны көп болуы мүмкін. Сондай-ақ кез келген инерциялық санақ жүйесінде Ньютона 2-заңы және қозғалыс мөлшерінің (импульстің) сақталу заңы, қозғалыс мөлшері моментінің сақталу заңы, т.б. орындалады. Инерциялық санақ жүйесімен салыстырғанда үдей қозғалатын санақ жүйесі инерциялық санақ жүйесі бола алмайды және онда инерция заңы мен жоғарыда аталған заңдар орындалмайды. «Инерциялық санақ жүйесі» ұғымы ғылыми абстракция болып есептеледі. Нақты (реал) санақ жүйесі әрдайым қандайда бір нақты денемен (мысалы, Жермен, кемеңің не ұшақтың қорабымен, т.б.) байланыстырылады және оларға қатысты қандайда бір нысанның қозғалысы зерттеледі. Табиғатта қозғалмайтын денелер болмайтындықтан, кез келген нақты санақ жүйесі инерциялық санақ жүйесіне белгілі бір дәрежеде жуық жүйе деп есептеледі. Инерциялық санақ жүйесінің біреуінен екіншісіне ауысқан кезде, кеңістіктік координаттар мен уақыт үшін Ньютона классикалық механикасында Галилей түрлендіруі, ал релятивистік механикада Лоренц түрлендірулері орындалады [3]. Ньютона механика заңдары – И.Ньютон тұжырымдаған (1687) классикалық механиканың негізгі үш заңы. Бірінші заң: "Егер денеге сырттан күш әсер етпесе, онда ол тыныштық күйін немесе бірқалыпты түзу сызықты қозғалыстағы күйін сақтайды". Екінші заң: "Дененің қозғалыс мөлшерінің өзгеруі түсірілген күшке пропорционал және ол күшпен бағыттас болады". Үшінші



заң: "Әрбір әсерге оған тең, бірақ кері бағытталған қарсы әсер болады, басқаша айтқанда, екі дене бір-біріне шама жағынан тең, бағыты жағынан қарама-қарсы күштермен әсер етеді". Ньютонның механика заңдары Г.Галилей, Х.Гюйгенс, И.Ньютон және басқа ғалымдардың бақылаулары мен зерттеулерінің нәтижелерін қорытындалу арқылы тұжырымдалды. Қазіргі көзқарас және терминология бойынша бірінші және екінші заңдардағы денені материалдық нүкте деп, қозғалысты инерциалдық санақ жүйесіне қатысты қозғалыс деп түсіну керек. Классик. механикада екінші заңның математикалық түрі: немесе $m\alpha = F$, мұндағы m – нүктенің массасы, v – оның жылдамдығы, a – үдеу, t – уақыт, F – әсер етуші күш. Ньютонның механика заңдары микроәлем нысандары (атом, молекула, элементар бөлшектер) үшін және жарық жылдамдығына жуық жылдамдықпен қозғалған денелерге қолдануға келмейді. Ньютонның бірінші заңы Біздің дәуірімізге дейінгі 4 ғасырдан бастап, жиырма ғасырға созылған уақыт бойы гректің ұлы ойшылы Аристотельдің және оның жолын қушылардың идеясы үстемдік етті. Олардың көзқарасы бойынша дене тұрақты жылдамдықпен қозғалу үшін, оған үнемі басқа дене әрекет ету керек деп есептелінді: дененің табиғи күйі тыныштық деп саналды. Алғаш рет италиян ғалымы Галилео Галилей (1564-1642) ғасырлар бойы қалыптасқан бұл қағидадан бас тартты. ол өзінің

жүргізген тәжірбелер негізінде Аристотель мен оның жолын қушылар ілімінің жалған екендігін дәлелдей білді. Егер денеге басқа денелер әрекет етпесе немесе олардың әрекеті теңгерілген болса, онда дене не тыныштықтағы күйін сақтайды, немесе түзу сызықты және бір қалыпты қозғалысын жалғастырады деген қортындыға келген болатын. Бұл өздеріне таныс инерция заңы. И.Ньютон инерция заңын механика негізіне енгізді, сондықтан бұл заңды Ньютонның бірінші заңы деп атайды. Инерция заңы орындалмайтын санақ жүйелері болады екен. Мұндай санақ жүйелерінде дененің қозғалыс жылдамдығы өзара әрекеттесуден ғана емес, сол жүйенің үдемелі қозғалысынан да туындай алады. Ондай санақ жүйелері инерциялық емес санақ жүйелері деп аталады. Ньютонның екінші заңы Қарапайым бақылаулар, егер әр түрлі денелерге бірдей күшпен әрекет жасаса, олардың түрліше үдеу алатынын көрсетеді. Ньютонның екінші заңы төмендегіше тұжырымдалады: Денедің туындайтын үдеуі оған әрекет етуші күшке тура пропорционал, ал оның массасына кері пропорционал: $a = F/m$ Ньютонның екінші заңының формуласы $F = ma$ Ньютонның үшінші заңы – әрекет етуші күшке әрқашан тең қарсы әрекет етуші күш бар болады.

ЖАМБЫЛ ӨЛЕҢДЕРІН БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУЛЫҚТАРЫНА ЕНГІЗУ

Байкенова Назира Бериккановна

*«Новотәубинка» мектебінің бастауыш сынып мұғалімі
Шығыс Қазақстан облысы, Жарма ауданы*

Резюме: В статье раскрывается роль творчества Жамбыла Жабаева и внедрение в учебниках начального класса.

Summary: The article reveals the role of creativity Zhambyl Zhabaeva and the introduction of primary school textbooks.

Жамбыл өлеңдері жоғары сыныпта молынан оқу бағдарламасына енгеніменен, бастауыш сыныпта мүлде оқытылмайды десе де болады. Бұрынғы оқулықтарда Жамбыл өлеңдерінен бір-екеуі оқу бағдарламасында берілген болатын. Ал бүгінгі бастауыш сынып оқулықтарында мүлде берілмейді. Қазақтың әлемге әйгілі, классик ақындарының көш басында Абай мен Жамбыл тұратыны барлығымызға да аян. Ендеше, Жамбыл өлеңдері бастауыш сынып бағдарламасына қайта еніп, оқытылу қажет деген ой білдіргіміз келеді.

Осы зерттеу мақаламызда біз бастауыш сынып оқушысының қабылдауына лайықты өлеңдерін ұсынғымыз келеді. Жамбылдың бала кезінде жазылған «Шағым» деген өлеңін беруге бола қоймас. Себебі бұл өлеңі баланың қабылдауына жасына сәйкес емес деген ой айтамыз. Бір кездегі қоғам саясатына сәйкес келгенмен бұл өлең, тәрбие мәселесіне қайшы келеді деп санаймыз. Әрине, «Өлең кірген түсіне, Жөргегінде мен болам» деген жолдарды беріп, бала ойын қанаттандыруға болады.

«Әкеме» деген өлеңінен:

Батаңды маған бер, әке,
Тіліме менің ер, әке.
Жапаның ұлы ақын боп,
Жақсы істепті дер, әке!
Домбыра алып сөйлейін,
Күнде жасап мереке.
Мерекелі болған соң,
Елде болар береке...

деген өлеңі – Жамбыл өмірінің бір көрінісі. Осы өлең – балаларды отбасыдағы әке мен бала арасындағы еркіндікті бейнелейтін, кеңдікті көрсететін, қазіргі кішілік пен болашақтағы кішіліктің бет-бейнесін қалыптастыратын туынды.

Оқушылардың білім деңгейі мен қабылдау ерекшелігіне байланысты мұғалім өзі жатқа әрі мәнерлеп оқу үлгісімен бала бойында ақын өлеңдерінде деген қызығушылықты оята алады.

Сол кезеңдегі өмірдің шынайы көрінісін сипаттайтын «Сараң бай мен жомарт кедей» атты өлеңін де 3-4 сыныптардың оқулықтарынан көргіміз келеді. Бұл жастағы балалар бұл өлеңнің мәнісін ұға алатын

дәрежеде.

Малы көп бай жылайды қар жауғанда,
Бәрін тастар ниеті малға ауғанда.
Жерден алтын тапқандай кедейлер жүр,
Әйелі шелек толы сүт сауғанға.

Малы көп бай ертемен жейді қаймақ,
Қой шығарып, кедей жүр қозыны айдап.
Ең болмаса, айранға тойғызса деп,
Жатса, тұрса тілейді «а, құдайлап».

Сараң байдың үйіне қонақ келсе,
Қояды кәрі қойын ол ыңғайлап.
Кедей жомарт үйіне мейман келсе,
Жалғыз қойдың тұрады басын байлап [1].

Өлең-қоғамдық тұрмысты ең шоғырлы түрде бейнелеп беретін, терең идеялық мазмұнға, күшті де нақты сезімге, аса бай бейнелеу қуатына, жанды да бейнелі тілге, белгілі ұйқас пен ырғаққа ие ең ықшам әдеби форма. Демек, адам өмірінің қысқа да нұсқа көрсетілетін Жамбыл өлеңдерінде ықшамдылық пен нақтылық қатар өріліп беріліп отыр.

Бай жалтаң, кедей қалтаң, халық дархан,
Көп жердің дәмін таттық сыбай-салтаң.
Елімнің азаматын таныс қылған,
От жырым, қызыл тілім, сенің арқаң!-
деген жолдар бала қиялына қанат бітіріп, ертеңге жетелейтін өлеңдер қатарынан орын алады. Ендеше, бұл шумақ та бастауыш сынып бағдарламасынан көруге лайық тәртіпте.

Жамбыл бабамыздың «Жылқышы» атты өлеңі Сұлтанмахмұт Торайғыровтың замана шындығын бейнелейтін өлеңдерімен идеялас, сарындас. Мысалы Жамбыл атамыз:

Сары түнге сарылып, кірпік ілмей,
Салқын күзде бір жылы үйді білмей.
Сахарада салақтап күндіз-түні,
Бұралқы ит пен малшының сиқы бірдей.

Саяқ іздер саркемер, Сартауқұмнан,
Табылса деп, жонымыз бір тілінбей.
Байтал түгіл бас қайғы болып жүріп,
Қайтпекші едік, төсектен біз түңілмей!-

десе [1], Сұлтанмахмұт «Кедей» туындысында:

Күзгі түн, шөптің басын қырау көмген,
Ызғар шашып, бұлт мынау жерге төнген.
Қараңғы, итпен бірге қой күзетіп,
Мен ояу, ел ұйқыда, оттар сөнген.
Ұзақ түн, жолдасым жоқ иттен басқа,
Бүтін киім менде жоқ жаурамасқа,
Бір бүтін, кірсіз киім кигенім жоқ,

Туғаннан міне шықтым талай жасқа- деген жыр жолдарын төккен.. Бастауыш сынып оқушыларына екі өлеңнің мазмұнын, идеясын, тіпті қолданылған сөздерін салыстыру арқылы бейнелеу құралдарына назар аударта да болады.

Жыраулар сарынымен жазылған «Артықша туған азамат» толғауы өсіп келе жатқан бала үшін бағдаршам секілді болары сөзсіз.

Жігіттіктің кезінде,

Жігерлі болса, ер болар.
Тұрмаса жігіт сөзінде,
Нәсілі оның кем болар.
Қажырлы болса майданда
Халыққа сөзі ем болар.
Ел үшін туған ерлердің,
Алды-арты дария кең болар.
Бірлігі кетсе, ағайын,
Әркімдерге жем болар,
Білімсіз болса жолдасың,
Қылған қайырың сел болар.
Артықша туған азамат,
Халыққа үлкен бел болар [1].

Міне, байқап отырғанымыздай, Жамбыл өлеңдерін бастауыш сыныпта беруге болады, олардың беретін тәрбиесі, білімі өмірлік тәжірибе жинақтауға молынан жетеді.

Өлеңде шындық өмір мен адамдардың көңіл-күй сезімі аса шоғырлы түрде жинақталып бейнеленеді.

Өлең аса күшті сезімге және мол көркемдеу амалына сүйеніп, өмірді жинақы да бейнелі бейнелейді, әсіресе, сезім өлеңнің жаны ретінде есептеледі. Сезімнен айырылған өлең өзінің өміршеңдік қуатынан да айырылады. Өлеңдегі бейнелі ой басқа жанрларға қарағанда тіпті де күшті. Өлеңнің мазмұны шындық өмірдің өскелең дәрежедегі ықшам көрінісі болғандықтан, оның тілі ықшам, дәл, анық, бейнелеу қуаты күшті, өлеңдік бояуы қанық.

Қазіргі таңда бастауыш сыныптарда Мұқағали мен Абай өлеңдерін мәнерлеп оқуға көп көңіл бөлінеді. Алайда Жамбыл өлеңдерін мәнерлеп оқыту жоқтың қасы. Жамбыл өмір сүрген дәуірді, сол кезеңдегі тарихи оқиғаны қысқаша сипаттау арқылы ақынның әрбір туындысының сол дәуірмен тығыз бірлікте екенін оқушылар санасына сіңіре береді. Мұның өзі әдебиетті тарихпен байланыстыру болып табылады.

Жамбыл - әрі эпик, әрі айтыс ақыны; абыз жырау әрі жауынгер жыршы. Ол шын мағынасындағы биік парасатты өнерпаз, азаматтық саяси поэзияны қалыптастырушы. Жамбылдың ұлылығы оның тек ақындық шеберлігімен ғана емес, сонымен бірге халық поэзиясының бұтақ жайған жаңа бір бәйтерегі болуымен, басқаша айтқанда, халық ақындарының жасампаздық рухтағы жаңа ұлы көшін бастаған даралығымен де өлшенеді.

Оның сөздері ұранға айналып, өзі халық поэзиясының атасы аталды. Ол жыраулардың байтақ эпикалық дәстүрін, қазақ сөз өнеріндегі ғажайып импровизациялық үрдісті бүтіндей жаңа арнаға бұрып, оған жаңа мазмұн дарытты. Жамбыл – ізгілік жолындағы азатшыл азаматты нәсіліне, ұлтына бөлмеген шын мәніндегі интернационалист ақын. Оқулықта жоқ құнды деректерді косымша пайдалану мұғалімнің шеберлігі.

Жүз жыл өмір кешкен ақында неше жүз жылдар өнері мен шеберлігі түйіскен. Жамбыл ақындығын түсіну үшін, оның ауызша айтқыш, айтысқыштығын талдап ұғыну қажет. Халық бұл алуандас ақындарға "суырыпсалма" ақын деп атақ берген. Қынаптан қылыш суырғандай жалт еткіш, отты, өткір өнерді айтқаны. Біз бұны ақпа ақын, төкпе ақын десек жарайды. Шабыты келген ақпа ақын бабындағы аш қыранға меңзес.



Тұрпыдан томағасын тартқанда алғыр қыран бар өңірді сәтте көріп, шолып өтіп, қимыл еткен шөп басын, қыбыр еткен тышқан жүрісін, қылт етіп бұққан түлкі түгін лезде шалып қалғандай, айтыс ағымындағы ақпа ақын да сондайлық көмескіні көргіш, бұлдырды білгіш болған. Халық ақыны Жамбыл ел өнерінің бөлеуінде, алтын бесігінде өскен. Әсіресе, ел бұлағының қайнар бір көзінен, мөлдір бір тасқынынан туған. Осы орайда Жамбылдың алдындағы ақындарын, тұстас, тұрғылас ақындарын еске ала кету шарт. Алдыңғыдан Жамбылға ең жақын ақын Сүйінбай болса, ол туралы Жамбыл:

Менің пірім - Сүйінбай,
Сөз сөйлемен сиынбай.
Сырлы сұлу сөздері,
Маған тартқан сыйындай.
Сүйінбай деп сөйлесем,
Сөз келеді бұрқырап,
Қара дауыл құйындай, - деген екен.

«Жамбыл жырлары теңіз түбінде шашылып жатқан маржан секілді. Оны жинап алып халқының қолына беру – біздің әрқайсымыздың азаматтық борышымыз» - деген еді Сәкен Сейфуллин. Жамбыл - жырдың толассыз бұлағы, өшпес өнегесі, тозбайтын асылы. Осы ұғымды оқушы санасына ұқтыру біздің парызымыз деп білемін. Ендеше, ақынның мерейтойына арналған конференцияда қабылданатын резолюцияға біздің айтқан ұсыныстарымыз ескеріледі деген сенімдеміз.

Пайдаланылған әдебиет:

1)Жабаев Ж. Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы. – Т.І. революцияға дейінгі шығармалары (Құрастырушылар Садырбаев С., Сейдаханов К.)- 1982. -336 б.

СӨЙЛЕУ АКТИСІНДЕГІ АДРЕСАТ ПЕН АДРЕСАНТТЫҢ СТРАТЕГИЯЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУ ДӘРЕЖЕЛЕРІ

Даулетбаева Эльмира Серикказиевна

*№182 жалпы білім беретін мектептің орыс тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі
Алматы қаласы*

Резюме: В статье раскрываются языковые особенности разных коммуникативных стратегии и тактики.
Summary: The article reveals the language features of different communication strategies and tactics.

Тілдік қарым-қатынас – адам баласы тіршілігінің алғышарттарының бірі. Біз түрлі коммуникацияларға түсу нәтижесінде психологиялық, мәдени және әлеуметтік тұрғыдан жетіле, дами түсеміз. Белгілі бір ортада өмір сүргендіктен біз өмір бойы ортамыздың басқа мүшелерімен олардың психикалық, әлеуметтік табиғатын ескеріп, қарым-қатынас жасау біліктіліктерімізді жетілдіріп отырамыз.

Адамдар, негізінен, белгілі бір формада орын алатын тұлғааралық тілдік қатысым кезінде ғана өз ойлары, пікірлері, сезімдері, қалаулары мен тілектерін толыққанды түрде коммуниканттарына жеткізе білу мүмкіндігіне ие болады. Ол мүмкіндіктердің бірі әрі біздің тарапымыздан ең жиі қолданылатыны – вербалды сөйлеу әрекеті. Сөйлеу адамдардың тіл арқылы қарым-қатынас жасауының тарихи қалыптасқан формасы. Сөйлеу адамдардың қарым-қатынас кезінде бір-біріне ойларын жеткізудің негізгі құралы, дегенмен, ол ойлаудың негізгі механизмінің бірі боп саналады. [98, 427]. Тіптен психологиялық ойлау үрдісінің абстрактылы түрінің орын алуын сөйлеу мен тілсіз елестету мүмкін емес [1, 427].

Сонымен қатар, сөйлеу үрдісінде қатысушы коммуниканттардың көңіл күйлері мен сезімдерін саралайтын психологиялық контекст те қарастырылады [2, 16]. Демек, тілдік қатысым барысында сөйлеушінің сойлеген сөзі мен тыңдаушының сол сөзді интерпретациялау әрекетіне олардың психологиялық көңіл күйлерінің әсері зор.

Сөйлеудің экспрессивтік қызметі – әртүрлі хабарлар мен жай-жапсарлардың мәнерлі сөзбен, құлаққа жағымды үнмен, дауыс ырғағымен адамның

жан дүниесін тебіренітіп, өзгелерге жеткізу тәсілі. Экспрессивті сөйлеуде әрбір айтылған ой адамның сезіміне әсер етеді. Сондықтан сөйлеу әрекетінің бұл түрі сөздерді нақыштап айту мен ой жүйесінің қисынды болуын талап етеді. Сөйлеген сөз, айтылған ой – адам психикасына күшті әсер ететін құрал.

Алғыс не қарғыс мәнді айтылымдардың экспрессивтік қызметі шынайы әрі олар спонтанды түрде айтылады. Мәселен, көбінесе жасы үлкен адамдар өзінен жасы кіші бейтаныс адам өзіне көмек берген жағдаятта оған ризашылығын білдіру мақсатында алғысын айтып «Рақмет, қарағым, бақытты бол!», «Рақмет, балам, үлкен азамат бол!» деп өзінің ақ тілегін жаудырады. Берілген мысалдағы секілді сөз орамдары (айтылымдар) адресанттың бойында көңіл күй өзгерісін тудырады. Сөйтіп марқайып қалу секілді психологиялық өзгеріс орын алады. Немесе күнделікті қарапайым тұрмыстық ауызекі дискурстарда жиі байқауға болатын жасы кіші жасөспірімнің өзінен жасы үлкен кісімен амандасқанда соңғысының біріншісіне «Дәу жігіт бол!» деген жауабы және жас келіннің қайын жұртының үлкен мүшелеріне сәлем салғанда олардың келінге «Бақытты бол, келінжан!» деп ризашылығын білдіруі де ризашылық стратегиялары екендігінен хабар береді.

Жоғарыда келтірілген мысалдар адресанттың көңіл-күйіндегі оңтайлы, жақсы өзгерістерге байланысты айтылған қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерінен болса, енді сөйлеушінің көңіл күйіндегі адресат туғызған кері өзгеріске байланысты айтылған қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерін қарастырамыз. Мәселен:

-Жаман... шірік... – деді ол тістене сөйлеп. -сенен күтіп-ақ ем осыны! Не әкеңнің құны қалды? Не болды

енді? Өлдің ғой... өлсең етті мұнан да... [3, 20]

-Өй, аузыңды ұрайын, жаман неме! – деді атам жекіріп. – Тұржанның тепкісін Аянмен бірге көрсең етті.. жаны тәтті шірік, көрінбе көзіме!.. [102,30]

Берілген айтылымдардан оларды айтушы адресанттың сөйлесім жағдаятында өз адресатына ашуланып тұрғанын аңғару қиын емес. Демек, қатысымның психологиялық контексті қарым-қатынастың әрімен қарай өрбу факторына ерекше ықпалын қалдырмақ.

Бұл өз кезегіде «ойлау мен сөйлеу арасындағы байланыс адамдарға өзара ойларымен алмасуға мүмкіндік береді» делінген Р.С. Немовтың психологиялық сөздігіндегі сөйлеу жайындағы тұжырымдаманың ақиқаттығының дәлелі. Себебі сөйлеу мен сөйлеу актісінің берілген анықтамаларынан біз сөйлеу актісінің тілдік қарым-қатынас барысында сөйлеушінің ойлау үрдісін жүзеге асырып барып, сөзіне интенционалдық мағына бергеннен кейінгі сөйлеуі деп түсінеміз. Яғни, орын алған коммуникативтік актісі барысында ойланып-толғанып, сөзін ой елегінен өткізіп барып, арнайы бір мақсатқа қол жеткізу үшін сөйлеу үрдісі сөйлеу актісі.

Коммуниканттардың қатысымдық құзыреттіліктерінің бір компоненті – стратегиялық құзыреттіліктер. Ал енді осы құзыреттіліктерді құраушы – коммуникативтік (сөйлеу) стратегиялар мен тактикалар. Стратегиялық құзыреттілік дегеніміз – тұлғаның коммуникативтік стратегиялар мен категорияларға байланысты біліктіліктері мен білімдері. В.А.Звегинцев адам сөйлеуде тек тілдік бірліктерді пайдаланбайды, сонымен қатар сөйлеу үрдісінде ойдың, ым-ишараның атқаратын қызметі ерекше, сондықтан сөйлеу құбылысының қасиетін түсіну үшін оны үш жақты қарастыруда тіл – сөйлеу – ой арасындағы қатынас маңызды деп көрсетеді. Ғалымның пікірінше, тіл мен сөйлеу бір-біріне тәуелді деген пікір ұстанады [4, 140].

Тілдік қатынастың туындауына әлеумет, қоғам қажет екені белгілі. Бірақ, тіл мен сөйлеу өзара байланысты болса да, сөйлеудің даралығын адамның психикалық қабілеттері мен қасиеттері анықтайды.

Демек, сөйлеу үрдісінің нәтижесі белгілі бір іс-әрекетті сөйлеу арқылы жүзеге асырып отырған – сөйлеу актісі болса, сөйлеу актісінің коммуникативтік акт барысында қолданылуының мақсатын анықтап, бағдарлап отыратын иллюкутивтік актінің алғышарты адресанттың интенциясы. Екіншісі, вербалды және бейвербалды бірліктердің көмегімен коммуникативтік мақсатқа қол жеткізуге арналған сөйлеу әрекеттерінің жалпы жоспары ретінде бағаланатын – сөйлеу стратегиялары. Үшінші, нақты жағдаяттарда алдын ала қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін орын алатын сөйлеу амалдары – коммуникативтік (сөйлеу) тактикалар.

Сөйлеу стратегиясының «сөйлеу стратегиясы дегеніміз сөйлесім жағдаятының нақты шарттары мен коммуниканттардың тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып, тілдік қатысымды жоспарлау мен сол жоспарды тілдік қарым-қатынас барысында жүзеге асыру [5, 252]» деген анықтамасына байланысты коммуниканттардың бұл әрекетін сөйлеудің фаза-

лары мен сөйлеу әрекетінің психология ғылымында көрсетілген сатыларының ішінен: сөйлеуге даярлық және жоспарлау сатыларына жатқыза аламыз. Ал өз кезегінде психология ғылымында сөйлеу фазалары мен сөйлеу әрекетінің сатылары: а) сөйлеуге даярлық; ә) жоспарлау; б) жүзеге асыру; в) бақылау сатылары деп төрт негізгі фазалар мен сатыларға бөлінген [6, 157].

Сонымен коммуникативтік стратегия дегеніміз коммуникативтік мақсатқа қол жеткізуге бағытталған сөйлеу әрекеттерінің жоспары десек, қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерін тілдік қатысым барысында біз түрлі психологиялық көңіл-күйімізді жеткізу, өтініш айту, құттықтау, өкініш білдіру үшін қолданамыз. Олар:

(Сурет 1).

1. Алғыс айту стратегиясы. Алғыс айту стратегиясы адресанттың адресатқа қатысты оңтайлы түрлі көңіл-күйін жеткізу мақсатында айтылатын қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерін айтқанда сөйлеушінің ұстанатын стратегиясы. Бұл стратегияны басшылыққа ала отырып тыңдаушысына қалауы мен тілегін білдірген сөйлеуші сөзін өз рахметін айтуымен бастайды. Мысалы:

«Рақмет, қарағым, өркенің өссін!»

«Рақмет, балам, қолдарың дерт көрмесін!»

Сөйлеу актілерін осылайша айтылу кезінде адресанттың басшылыққа алатын коммуникативтік стратегиялармен тығыз байланыста зерттеудің өзіндік орны бар. Қазақ тілінде алғыс айту стратегиясын басшылыққа ала отырып, тілдік қатысым барысында айтылған қалау, тілек мәнді айтылымдар халқымыздың ұлттық сөйлеу әдебіне тән ерекшеліктерінің бірі десек те болады. Ал қазақ ұлтының әлеуметтік, тілдік сөйлеу әдебі мен нормаларының өзіндік ерекшеліктеріне байланысты бұл типтегі айтылымдар қалау, тілек мәнді айтылымдар санатында танылып, ондағы «Рақмет» сөзі тек қана фатикалық қызмет атқарады.

2. Құттықтау стратегиясы. Құттықтау стратегиясын сөйлеушілер адресанттың өміріндегі айтулы күн немесе оқиға және әртүрлі мемлекеттік, діни т.б. мерекелерге байланысты айтылатын қалау, тілек мәнді сөйлеу актілерін тыңдаушысына жолдаған кезде басшылыққа алады. Бұл типтегі құттықтау мәнді сөйлеу актілерінің алдында көбінесе құттықтау сөзінің өзі айтылып, соңынан адресанттың ақ тілегі ілеспек. Мысалы:

А. Жаңа жыл құтты болсын! Жаңа жыл тың шығармашылық ойлар, биік кәсіби жетістіктер, керемет оң өзгерістер, жарқын кездесулер мен қуанышты оқиғалар, тамаша бастамалар мен оң шешімдер жылы болсын.



Ә. Туған күнің құтты болсын! Өмір жасың ұзақ болсын! Әрдайым ата-анаңның үмітін ақтап, бәрімізді осындай қуаныш пен шаттыққа бөлеп жүр!

Құттықтау стратегиясының аясында жұмсалған қалау, тілек мәнді айтылымдар пропозиционалдық мағынасы кең әрі сан алуан бола білмек. Бұл арада оппозитивті айтылымдардың пропозиционалдық мағынасына әсер етуші факторларға сөйлесім жағдаятының әлеуметтік, прагматикалық аспектілері, яғни коммуниканттардың өзара қарым-қатынас жақындығы, жас және жыныстық ерекшеліктері жатады.

3. Қарғыс стратегиясы. Сөйлеушінің тілдік қатысымда аталмыш коммуникативтік стратегияны басшылыққа ала отырып өзінің теріс мағыналы қалау, тілек мәнді сөйлеу актісін айтуының алғышарты оның тыңдаушысына, не үшінші жаққа қатысты ашулануы, ызалануы, налуы іспетті психологиялық көңіл-күйі.

А. - Құдай атсын сен екеуңді! (7, 64).

4. Өкініш стратегиясы. Тілдік коммуниканттардың ішкі жан дүниесімен, көңіл күйімен тығыз байланыста қатысым үрдісі оны құрушы болады. Тілдік бірліктер арқылы біз өз сезімдерімізді жеткізіп отырамыз. Сондай сөйлесім жағдаяттары орын алған мезетте біздің қынжылу, ішкі өкінішімізді қоршаған ортамыздың бүгінгі таңдағы біздің қалауымыздан шыға бермейтін болмысын айтып жеткізу үшін өкініш стратегиясын қолданамыз. Өкініш стратегиясының жүзеге асуының сөйлеу тактикаларының бірі қалау, тілек мәнді сөйлеу актілері. Мысалы:

А. – Барлық әріптерді тезірек неге үйретпейді екен. Шіркін, ағама хат жазар едім, - деп күңкілдейтін (7, 17).

Ә. - Әттең, оқуың бөгет. Әйтпесе, сені өзіммен бірге ала кетер едім (101, 207).

Берілген мысалдардан біз сөйлеушінің өткен іске өкінішін, оның өзін қоршаған ортаның шындығы басқаша болғанын қалайтындығын түсіне аламыз.

5. Ұсыныс стратегиясы. Ұсыныс стратегиясын қолданып өз қалауы мен тілегін тыңдаушысына жеткізер кезде адресант көбінесе өз сөзін сұраулы сөйлем мақымында құрады. Мысалы:

А. - Жүр, ойнайсың ба? – деп дауыстай сөйледі [7, 26].

ә. - Әй, мен сендерге бір қызық айтайын ба, - деді ол сүйінші сұрағандай қуанышты үнмен [7, 27].

Б. - Мен жатақханаға барып келсем қайтеді?

Бұл мысалдардан біз ұсыныс стратегиясын арқылы қалау мен тілекті жеткізерде сөйлеушінің өз дауыс ырғағын түрлендіретінін байқай аламыз. коммуниканттардың олай етуінің себебі өз адресатының назарын аударту.

6. Қоштасу стратегиясы. Аты айтып тұрғандай қоштасу стратегиясын олданып сөйлеушілер өз қалаулары мен тілектерін тілдік қатысымды тәмамдау барысында жеткізбек. Әйтсе де, бұл қарапайым сөйлесім жағдаяты емес, өзара хақын қарым-қатынастағы адамдардың ұзақ мерзімге қоштасарында орын алатын сөйлесім жағдаяты. Сол себептен, мұндай жағдайда адресант көбінесе аінің жан дүниесінен шыққан шынайы қалауы мен тілегін білдіреді. Мысалы:

А. – Қарағым, жолың болсын, - деді жыламсырап. - Жақсыдан қалған тұяқ ең, қайда жүрсен де аман бол. Адам болсаң тауып келерсің әлі... (7, 37).

7. Жұбату стратегиясы. Адресаттың өмірінде орын алған түрлі оқые жағдайларда оның психологиялық жағдайы мен көңіл күйіне оңтайлы әсер етпек мақсатында біз оған жақсы тілектерімізді тілейміз. Мысалы:

А. - Уайымдамаңыз, Жұмеке. Әуелі басыңыз аман болсын. Жер бетінде несібе көп. Бірлесіп күнелтіс жасармыз, - деді Сали [8, 51].

Күнделікте өмірде бір кісінің науқастанғанында немесе бір жақынынан айрылғанда біз оған тілегімізді жұбату стратегиясын басшылыққа ала отырып жеткіземіз.

Аталмыш коммуникативтік стратегияларды пайдалануда «Мен сені үйге шақырар едім» сөз орнына «Мен сені үйге шақырғым келіп тұр» немесе «Сені үйге шақырғанды қалар едім» айтылымдары грамматикалық ерекшеліктері мен берер мағынасы бойынша болса да олардың баламалы айтылымдар ретінде қарастыруға болады. Алайда осы айтылымдарды қарымқатынастың әр түрлі жағдаяттарында қарастырсақ мағыналары мүлдем өзгеріп кетеді. Сөйлеушінің айтайын деген ойын түсіну үшін осы сөйлемдерді талдап көрелік. Мысалы, «Мен сені үйге шақырар едім» деген айтылымда сөйлеуші белгілі бір иллюкутивті мағынаны білдіруі мүмкін:

1. Не қалайсың?
2. Маған жақын адамсың.
3. Қазір орындалмайды, кейін шақырамын.
4. Өткен іске өкініш.

Ал «Сені үйге шақырғанды қалар едім» деген айтылымда сөйлеуші белгілі бір иллюкутивті мағынаны білдіруі мүмкін:

1. Өз құқығым өзімде емес.
2. Менімен санаспайды.
3. Мен бұл жерде кішкентай адаммын.
4. Өкініш

Демек, берілген жағдаяттарында өкініш стратегиясы басшылық алынып отырған кезде қалау, тілек мәнді сөйлеу қолданылып отыр. Ал ол тілдік қатысымда адресанттың қынжылуы мен өткен актілері сөйлесім іске өкінішін сөйлесім жағдаятының психологиялық контекстін сипаттап тұр.

Ал «Мен сені үйге шақырғым келіп тұр» деген айтылымда сөйлеуші белгілі бір иллюкутивті мағынаны білдіруі мүмкін:

1. Мен қалаймын.
2. Менің айтқаныммен жүресің бе?
3. Көңілімді қалдырмайсың ба?
4. Үйге келгеніңді қалап, тілеп тұрмын.

Демек, контекстік мағынасы бір сөйлемдер болса да, олардың ар жағында әртүрлі мағына бары көрінеді. Сондықтан барлық ортативтерге бір негізгі семантикалық мағынаны белгілеу қиын. Мұндай айтылымдарды қолдану адамның танымдық қабілетіне тікелей байланысты екені белгілі. Егер тіл арқылы адам айналасындағы дүниені танып-білсе, танымының молдығы мен сөздік байлығы арқылы мағынасы жасырын сөйлемдерді айта алады. Ал қарапайым айтылымдарға үлкен мағынаны, контекстік ойды

сыйғызу үлкен шеберлікті талап етеді. Ал оны дамыту үшін сөйлеу үрдісінің психологиялық контекстімен тығыз байланыстағы тілдік қатысымға дейінгі кезеңге тиісілі, ойлау үрдісінің нәтижесі болып табылатын коммуникативтік стратегиялар мен сөйлеудің аффективтік іспетті қызметтерін оқыту керек. Әрі олардың сөйлеу актісімен арасындағы байланысты естен шығармаған да жөн.

Сөйлеу барысындағы тілдік құбылыстардың ерекшелігін тану арқылы коммуниканттың логикалық ойлауына оң әсері болады. Дәл осы ойлау жүйесінің дамуы, ең алдымен, оның өзін-өзі тануына алғышарт. Бұл өз кезегінде тілдік қарым-қатынасқа түсушінің рефлексиясын дамытады, яғни өз ортасындағы орнын тани бастауы оның өзіндік санасының қалыптасуына мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Мецержков Б.Г., Зинченко В.П. *Большой психологический словарь*. М., Наука, 2003. 480 с.

Етістікке оқушының қызығушылығын оятып, оның қажеттілігіне көз жеткізетін дидактикалық талаптардың бірі – оқушыға етістіктен берілетін теориялық білімнің практикалық мәні екі жүйеде қатар, сабақтастырыла жүргізілуі тиіс: біріншіден, етістіктен өткеннен кейін оқушы оның қай сөз табына жататынын, қай сөз таптарымен қалай қатынасқа түсетінін, сол сыныптағы бағдарлама көлемінде меңгеруге міндетті. Бұл ұғым – түсініктер оқушының етістіктен біліктілігін қамтамасыз етеді.

Екіншіден, етістіктегі теориялық материалды құрғақ ереже болып қалудан баланың ішкі қажетіне айналдыруды қамтамасыз ету мақсатында жасалатын әдістемелік жүйе бойынша етістік тақырыбы оқушының ауызекі сөйлеу, жазба тілдерін дамытуға қарай ыңғайластырылуы тиіс.

Әдіс - А.Байтұрсыновтың сөзімен айтқанда, кезекшіліктен шығатын нәрсе-әдістің жақсы, жаман болғаны жұмсалатын орнының керек қылуына қарай [3, 111].

Сабақтың дұрыс өтуіне, нәтижелі болуына әсер ететін бірнеше факторы бар. Олардың барлығы да



мұғалім сабақтың мазмұнына сай оқушылардың іс-әрекетін қаншалықты үйлестіре алуына қарай өзіндік тиісті мәнге ие болады. Ал, сыныптағы балалардың білім, білік өрісіне сәйкестендірілмеген оқыту формалары жасанды жұмыс түрінен аса алмайтыны анық.

Проблемалық сұрақтар оқушылардың белсенді әрекеттерін туғызуға түрткі болып өздігінен ой түйіндеулеріне әкеледі. Мұнда баланың танымдық дербестігін, шығармашылық дағдыларын қалыптастыру үшін салыстыру, талдау, жинақтау, ой қорту секілді ойлау операциялары жүзеге асырылады.

Оқушыға етістік сияқты күрделі сөз табын меңгертуде қазіргі заманға сай жаңа технологиялар мен инновациялық әдістерді қолдану арқылы біз оқушының ойлау қабілетін арттырумен қатар, оқушылардың тілін дамытуға, сыни тұрғыдан ойлауға, өз бетінше ізденуге дағдыландырамыз. «Біреу балаларға сұрақ қоюды үйрететін кітап жазса ғой, сонда ол нағыз педагогика болар еді» деп ғалымдар атап көрсеткендей сұрақтар стратегиясын қолдану тиімді тәсілдердің бірі.

1) Сұрақтар стратегиясы.

Тақырып бойынша екі түрлі сұрақ қойылады. Бірі – күрделі, екіншісі – жеңіл. Оқушыға сұрақ қоюды үйретудің маңызы зор. Сұрақ неден туады? Қызығушылықтан, білмегендіктен, біреулерді тексеру үшін т.б. Сұрақ – ойдан туады. Өз тыныштығын қалаған, ешнәрсеге қызықпаған адам сұрақ қоймайды, өйткені сұрақ – ойымызды мазалауы мүмкін. Қандай сұрақ қоямын, қалай қоямын? т.б. Сұрақ қою әдісін сабақтың үш кезеңінде де қолдануға болады.

2) Венн диаграммасы стратегиясы.

Айқасқан екі шеңбердің екі жағына салыстыруға берілетін объектілердің сипаттамалары жазылады. Ал айқасқан жерге екеуінің ортақ сипаттары тізіледі. Венн диаграммасын «Мағынаны тану» бөлімінде қолдану тиімді.

2) Топтау стратегиялары.

Тақырыптың мазмұнын ашатын негізгі сөздерді графикалық бейнелеу. Бір-бірімен байланыстыра отыра, тақырыпты дөңгелектер мен сызықтар арқылы жүйемен толтыру. Мысалы ең ортасындағы дөңгелек тақырып, ал айналасындағы осы тақырып мазмұнын ашатын негізгі ұғымдар.

Мысалы, сен көсемше туралы не білесің деген тақырып бойынша оқушының жасаған жұмысы:

Осындай талаптарға сай ұйымдастырылған, қолданылған байқау әдісі оқушыларға тілдік фактілерді тануға, соның негізінде етістік жөнінде ереже /ой қорытындысын/ айтуға және сол ережені фактілер арқылы берік, саналы түрде еске сақтауына, белсенділігін арттыруға, өздігінен жұмыс істеу қабілетін дамытуға мүмкіндік жасайды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Исабаев Ә. Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері Алматы, “Қазақ университеті” 1993ж
2. Жапбаров Л. Қазақ тілін оқыту арқылы тіл дамытудың әдіснамалық және әлістемелік негіздері (У-ІХ сыныптар) - П.ғ.д., ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған дисс. авторефераты. - Алматы, 2004ж.
3. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. Алматы. Ана тілі. 1992. – 448 б.

ЕҢБЕК САБАҒЫНДА ҚОЛӨНЕР БҰЙЫМДАРЫН ЖАСАТУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТАЛҒАМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Юсупов Таиржан Алимжанович

Алматы облысы, Панфилов ауданы
А. Розыбакиев атындағы ОМ КМ,
көркем еңбек пәнінің мұғалімі

Резюме: Статя посвящена формированию эстетического воспитания учеников через обучение рукодельному искусству на уроках художественного труда. Изучена роль казахского национального рукодельного искусства в воспитании личности.

Summary: The article is devoted to the formation of aesthetic education of students through the training of needlework at the lessons of artistic work. The role of the Kazakh national needlework art in the education of the individual has been studied.

Қазіргі кезде теориялық білім берумен қатар, сыни тұрғыдан ойлай алатын, шығармашылық жеке тұлға қалыптастыру - кез-келген ұстаздың міндеті. Еңбек сабағында қазақтың қолөнер бұйымдарын жасату арқылы, оқушылардың тұлғалық қасиеттері мен ұлттық болмысын, эстетикалық талғамын қалыптастыру оқу үдерісіндегі маңызды педагогикалық мәселе болып табылады

Жеке тұлғаның дамуы дегеніміз, ең алдымен, оның қасиеттері мен сапасындағы сандық өзгерістер процесі. Тұлға көптеген әлеуметтік тұрмыстық және моральдық біліктерге, еңбек дағдылары мен әдеттерге ие болады. Алайда, адамның жеке тұлға ретінде дамудағы ең бастысы – оның бойында болып жатқан сапалық өзгерістер (танымдық, сезім, моральдық – жігерлік т. б.). Мінез – құлықтың реактивті формалары белсенді түрде қалыптасып келе жатқан

іс - әрекеттілікке айналады, дербестік пен өз мінез – құлқын билей алу қабілеттілігі артады. Осы және басқа да өзгерістер адамның жеке тұлға ретінде даму процесін сипаттайды [1,69]

Пендені екі қолды етіп ерекше жаратқандықтан, осы табиғи денелерді игеріп, өз қажеттеріне жарату адамның қолында еді. Сонау миллиондаған жылдар бұрын олар осы мүмкіндікті пайдаланып, сұлулыққа сұқтана, жаңа нәрселер ойлап шығаруға тырысады. Біртіндеп тастан, ағаштан, саз балшықтан, теріден, кейіннен темірден күнделікті тұрмысқа қажетті құрал – жабдықтарын жасап шығарған. Оған дәлел Қазақстан жерінде бұрын – соңды жүргізілген археологиялық зерттеулердің нәтижесінде анықталған ежелгі мәдениеттің үлгілері. Уақыт көшімен алға бір қадам баса отырып, ұсақ заттан ірі заттарға дейін ойлап шығаруға адамдардың мүмкіндіктері де, әрі логикалары да жеткілікті еді. Бірте – бірте адамдар арасынан ата-бабалардан қалған қолөнерге мұрагерлік жасап, мал өнімдерін өңдеп, ағаштан түйін түйіп, металдан алуан түрлі бұйымдар даярлайтын, әр түрлі құрал – жабдықтар жасауға ептілері іріктеле бастады. Жалпақ тілде оларды шеберлер деуге болады [2,104]

Өз ұлтының өнерін білетін, әрі сүйетін оқушының бойында адам баласына тән ізгі қасиеттер, әсем мінез-құлықты қалыптасады. Адамның асыл, нәзік қасиеттерінің бірі эстетикалық сезімді оятып, өсіретін, эстетикалық талғам мен көзқарасты қалыптастырып, кісінің эстетикалық мәдениетін дамытатын, жетілдіретін факторлардың ішінде ең үлкен орын алатын, шешуші рөл атқаратын өнер екендігінде дау жоқ. Байқағанымыздай, өнердің эстетикалық тәрбиеде атқаратын қызметі баға жетпес.

Көптеген шетел ғалымдары қазақ ұлтының тарихын, тұрмыс – тіршілігін, киім үлгілерін әсіресе археологиялық бұйымдарын зерттеуге көңіл бөлген және қолөнер тарихы туралы аса құнды деректер жазып қалдырды. Мәселен, А. Янушкевич, И. Ф. Русанов, Н. М. Ядринцев, П. И. Лерх, Д. Львович, Э. Ю. Петри, М. И. Манаев, А. И. Якоби, Г. Н. Потанин сынды ғалымдар. Әсіресе XVII – XIX ғасырдағы қазақ қолөнерінің гүлденіп, мазмұны байып, шарықтау шегіне жеткен шағы еді. Бұл жайында академик Ә. Марғұланның : «Қазақтар тек қолөнер әлемінде ғана өмір сүреті», - деген сөзі осының айғағы іспетті. Осы ғасырларда жұртшылықтың керек – жарақ мүлкі, үй жабдықтары, киім – кешек, әшекейлері ел байлығына айналды. «Алтын кемел белге сән, асыл жиһаз елге сән» деген халық нақылы осы кезеңнің көрінісін суреті тәріздес. Сірә, бұл кезде асыл тастарды қолдана бастаса керек [3,87]

Ғасырлар бойы әр түрлі қолөнер түрлері қалыптасады. XIX ғасырда және XX ғасырдың бас кезінде қазақ халқының қолөнері ішінде киіз үйдің сүйегін, ағаш төсек жасау, ағаш өрнектеу, кесте тігу, өрнек тоқу, киіз басу кең орын алды. Бұл кезде жас қыздарға арнап сәукеле, шашбау, білезік, сырға жасап, оларды түрлі түсті өрнектермен әшекейлеу өнері де өрістей түсті. «Қарыс қазы балықта, қалың қазына халықта» деген мақал осы өнер молшылығынан туған десе де болады. Қазақ халқы үшін арулар әр кез ардақты болғандықтан, оларға арнап көптеген

әшекейлі бұйымдар ойлап тауып отырған.

Қазақ қолөнерінің «алтын кезеңі» өзге ұлт ғалымдарын да елең еткізбей қоймады. Орыстың атақты тарихшысы Я. К. Палтароцкая Алтай, Тарбағатай елді мекендерінде болып, аталмыш өнер саласына байланысты зерттеулер жазып, соның ішінде бас киімнің түрі сәукелеге арнайы тоқталады. Мұндай ғажап дүниені бұрын – соңды кездестірмегендігін айттып, аса жоғары бағалайды. Сондай – ақ Г. Н. Потанин, В. В. Стасов, Э. Масанов, Р. Ходжаев, И. Захарова еңбектері де зор үлес қосты. Тарих парағы әр салаға әсерін тигізбей өтуі, әрине мүмкін емес – ті. Бір кездерде жалпы жұртшылық шұғылданатын қолөнер, 1917 жылы төңкеріс қарсаңында дереу тежеді. Тіпті жаңа жағдайға байланысты тұрмыстағы сұранысын жойды деуге болады. Сол кезде әлсіреп кеткен бұл өнер түрі, әлі де әлсіз, өз мәнінен төмендеген. Оған себеп болып отырғаны тұтыныс бұйымдарына шеттен әкелінуі, техникалық құралдардың көмегімен жасалуы болып отыр. Бұның өзі еліміздің елеулі проблемасы деп айтуға тұрарлық. Қазір «қазақ қолөнер бұйымдары қолданыстан тыс» қалды деген сөздер де жиі айтылып жүр. Көкірегі ояу, көзі ашық ағайларымыз бұл зор проблеманың шешімін іздеп, өз ұсыныстарын білдіріп жүр. Солардың бірі ғылыми ізденуші Ісләмов Оралбек өзінің «Қазақ қолөнері қалай зерттелуде?» деген мақаласында қазақ қолөнерін қайта жаңғырту үшін мынадай жұмыстар ұйымдастырылған жөн деді.

1. Қазақ қолөнерінің XIX ғ. соңындағы үлгілерін басшылыққа алып, XX ғасырдағы дәстүрлі сабақтастығын көрсету. Яғни ұлттық қолөнер мәдениетінің XIX ғасырдағы тарихи деректеріне сүйене отырып, оны этнографиялық деректерін анықтау. Сол деректер арқылы қолөнердің XX ғасырдағы жалғастығын көрсету.

2. Осы айтылған сабақтастықты көрсете отырып қол кәсібінің дәстүрлі технологиясын тәжірибелік жұмыс барысында анықтау.

3. Қолөнер өнімдерінің қазақ мәдениеті тарихындағы орнын көрсету. XX ғасырдағы деректермен толықтыру, халық санасымен, тарихымен тығыз байланыстылығын нақтылау.

4. Қазақ қолөнер тарихын саралай отырып оның ұлт мәдениетіндегі орнын анықтау, соның ішінде қолөнер бұйымдарының даму дәстүрін тың деректерін көрсету.

5. Қолөнердің мал шаруашылығы өнімдеріне икемделген саласының өткені мен бүгінін салыстыра отырып, көне технологиясын айқындау.

6. Аймақтық салыстырмалы материалдарды қолданып, қазақтың жүн өнімдерін ұқсату мен пайдаланудағы ұқсастықтары мен ерекшеліктерін сипаттау.

7. Әсіресе «жүн кәсібі» саласының қоршаған ортамен, ұлттық салт – дәстүрмен бірлікте дамитындығын дәлелдеу басты назарда болуы қажет [3, 97]

Еңбек сабағында теріден, ағаштан, темірден қолөнер бұйымдарын жасауды үйрету оқушыларды еңбекке баулуға, эстетикалық талғамын қалыптастыруға ықпал етері сөзсіз. Еңбек сабағында оқушылармен бірлесе бірқатар қолөнер бұйымдарын жасауға болады. Бұл әрі еңбексүйгіштікке, әрі қолөнер түрлері мен тарихы бойынша оқушылардың білімдерін қалыптастыруға



мүмкіндік береді. Мысалы, сабақта төмендегідей қарапайым ағаштан, теріден жасалатын бұйымдарды жасап үйретуге болады. Алдымен оқушыларға бұйымдарды жасауға қажетті материалдар табу (ескі тері, ағаш заттар немесе кепкен ағаш жинау), оларды өңдеу (жону, кесу, түрлеу, тазалау) және олар жайында мәліметтер жинау (тарихы және қалай жасалатыны туралы оқып танысу) сияқты тапсырмалар беріледі.

Қазақ халқы теріден үй тұрмыс – тіршілігіне, шаруашылық қажетіне жарайтын ерлердің сыртқы киім – кешегі, ер- тұрман, қамыт – сайман, айал - әбзелдерін, азық түлік салатын қаптарды, сұйық су-сын сақтайтын ыдыстарды жасаған. Әсіресе көнек, торсықтар өзіне лайық үлгілермен безендірілген. Теріге басылатын күрделі оюлар өсімдік тектес алуан түрлі де, не ыдыстың түріне қарай тұйықталған шағын да болып келеді. Көннен көнек жасау, жабдық жасау, даярлауда үлкен табысқа жетіп, көркемөнерге бірсыпыра үлес қосқан Талдықорған облысының шеберлерін айырықша атауға болады. Ертедегі халық дәстүрінің кейбір бөлшегі бүгінде басқа мазұмында жүзеге асып отыр.

Кебеженің әлдеқайда үлкен түрі абажа деп аталады. Абажаға ыдыс-аяқтар мен азық-түлік сақтаған. Кебеже қарын, кең құрсақ (семіз, денелі кісі туралы айтылады), кебеже қарын шұбар төс (би, болыс деген мағынада) т.б. Қазақ шеберлері жасаған сандықтың қол сандық, әбдіре сандық (үлкен сандық), шай сандық, тай сандық (үлкен сандық), ақ сандық, алтын сандық, күміс сандық, кеусандық (киім-кешек салатын үлкен сандық) т.б. атаулар олардың әртүрлі көлемде әшекейленіп жасалатын бұйым екенін аңғартады. Сандық атауының қатысуымен жасалған тұрақты тіркестер: сандық тас (үсті тегіс, текшеленіп біткен тас), ақ сандық, ақ сандықтың ішінде көк сандық (бірінің ішінде бірі, түбі жоқ), кеудесі алтын сандық(шежіреге бай, көп білетін) т.б.

Ағаш шеберлері ағаштан ойып, қымызға арналған ожау, тегене, саптыаяқ, зерен, күбі, табақ, астаулар (ет салатын ағаш ыдыс), сонымен бірге бидай, тары түйетін келі мен олардың қажетті бөлшектері келсап, піспек сияқты бұйымдарды өз жерімізде өсетін ағаш түрлерінен ұқсатып жасай білген.

Сыйымдылығы мол, 10-15 литршамасында қымыз құйылатын, оны ожаумен сапырып отыруға арналған шұңғыл ағаш ыдыс – тегене деп аталатын бұйым күмістелген темір әшекейлермен, асыл тастармен безендіріліп те жасалған. Күбінде немесе сабада әбден пісілген қымыз алдымен осындай кең де шұңғыл ыдысқа құйылып, одан әрі аяқтарға құйылып таратылатын болған. Әсіресе көпшілік болған жерде осындай жұмысты атқарушыны аяқшы деген.

Ағаштың безінен шауып жасалған сабы бар, бақыраш тәрізді шұңғыл ыдыс саптыаяқ деп аталады. Саптыаяқ жасауға ыстық-суыққа төзімді, үйілі (кейде оны «безі» деп те атайды) берік қайың, қарағаш, үйенкі сияқты ағаш түрі таңдалады. Алдымен, таңдап алған ағашты тұзды суға қайнатып, сәл дегдіген соң кептіріп, маймен ысқылайды, ысқылаған сайын ағаштың табиғи өрнегі ашылып, сәнді бола түседі. Көшпелі тұрмыста саптыаяқты ер адамдар әрдайым өзімен бірге беліне қыстырып, я болмаса аттың еріне байлап алып жүрген. Мәселен, малшылар саптыаяққа қой, ешкінің сүтін сауып, қыздырылған бірнеше малта тасты салып жіберіп, сүтті тез арада пісіріп алған. Бұл бар болғаны 10-20 минут уақытты алған. Қазақ халқында «сүт пісірім уақыт» деген өлшем осыдан туса керек [4, 48].

Саптыаяқтың шөміші мен сабы бүтін ағаштан тұтастай ойылып, сабына өрнек түсіріледі, сабының кейін қайырылған екі тұсында жіп өткізетін саңылау қалдырылады. Кейде оған қосымша сап жасап, оны шөмішпен бірге ойылған қысқа сапқа кіріктіріп, желіммен жапсырып, жігі білінбестей етіп өңдеп қояды. Саптыаяқтың шөмішінің бір шетінен ұшбұрыштап ойып, шүмек қалдырады.

Қазақ қолөнерінің белгілі бір түрімен немесе бірнеше түрімен қатар айналысқан шеберлерді ұста деп атай берген. Ұсталар, негізінде, ағашпен, темірмен, ішінара таспен жұмыс істеген. Соған байланысты ел ішінде оларды ағаш ұстасы, темір ұстасы деп атаған. Темір өңдеп, зат жасайтын шеберлерді қара ұста, ал, алтын-күміспен, асыл тастармен жұмыс істейтін шеберлерді ақ ұста деп ажыратып айту да болған.

Оқушының жас ерекшеліктері мен қабілеттерін және ауыл жағдайында техникалық мүмкіндіктерді ескере отырып, жоғарыда аталған қолөнер бұйымдарының қарапайым түрлерінің жасату арқылы, оқушыларды ұлттық өнерді сүйуге, эстетикалық талғамын қалыптастыруға және еңбекке баулуға өз үлесін қосу, әрбір көркем еңбек пәнінің мұғалімінің басты міндеті деп санаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Құдайқұлов М. Қабілеттілік, дағды, шеберлік. – А., 1986.
- 2.Аргынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. Алматы: Өнер, 1987. – 128 б.
- 3.Шойбеков Р. Қазақ зергерлік өнерінің сөздігі. Алматы: Ғылым, 1991. – 88 б.
- 4.Шоқпарұлы Д., Дәркембайұлы Д. Қазақтың қолданбалы өнері. Алматы: Алматы кітап, 2007. – 272 б.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Бейсебек Назира Жұмағазықызы

«Пенжім орта мектебі»

коммуналдық мемлекеттік мекемесі

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Резюме: В статье рассматриваются дидактические принципы и критерии оценивания учебных достижений, отличие критериального оценивания от традиционного, а также приводятся примеры инновационных средств и их критерии оценки результатов обучения.

Summary: The article discusses the didactic principles and criteria for evaluating educational achievements, the difference between criterion evaluation from the traditional, and also provides examples of innovative tools and their criteria for evaluating learning outcomes.

Оқушы жетістігін нақты бағалау мәселесі — білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелердің бірі. Оқушыны бағалау— ол білімнің нәтижесі болып есептеледі. Оқушылардың сабаққа даярлығы мен қабілеті бағамен есептеледі. Педагогикалық практикада қазіргі күні жиі қолданылып жүрген бес балдық жүйемен бағалау әдістемесі қарапайым да, үйреншікті екені сөзсіз. Бірақ ол саралауға қабілетсіз және бағалардың объективтілігін қадағалауға мүмкіндік бермейді, өйткені оның білім алушылармен өз жетістіктерін өздігінен бағалауын қолдайтын және дамытатын, сонымен қатар, білім беру үрдісінде білім алушы өзінің сәттіліктері мен сәтсіздіктері туралы ақпаратты меншікті жетістіктерін жақсарту үшін ұсыныс түрінде алып отыратындай, кері байланысты жүзеге асыратын нақты және анық критерийлері жоқ [1,65]

Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылардың жаңартылған білім беру жүйесінде оқу жетістігін бағалауды критериалды бағалау жүйесі анықтайды. Бұл бағалау рәсімдерінің сапалылығын, олардың халықаралық стандарттарға сәйкестігін және әр білім алушының оқудағы қажеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Жаңа критериалды бағалау жүйесі білім алушының дамуын, оның қызығушылығын және оқуға деген ынтасын арттыруға бағытталды.

Критерийлік бағалау жүйесінің білім беру үрдісіндегі қолданысы білім алушылардың жетістіктерін бағалау жүйесін жеке пәннің мақсатты нұсқамаларымен байланыстыруға, сонымен қатар білім алушылардың орта мектептегі құзыреттіліктерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін белгілі параметрлерді (критерийлерді) қолдану арқылы анықтап, көтеруге мүмкіндік береді. Әр оқушының дайындық деңгейін, оқудағы жеке ілгері басуын критерийлік бағалау жүйесімен анықтау, тек оқушылардың білім алуға деген мотивациясын ғана емес, мектептегі білім беру үрдісінің де сапасын көтеруге де мүмкіндік береді [2.34]

Оқыту үшін бағалау – бұл білім алушылар өздерінің оқудың қандай сатысында тұрғанын, қандай бағытта даму керек және қажетті деңгейге қалай жету керек екендігін анықтау үшін оқушылар және олардың мұғалімдері қолданатын мәліметтерді іздеу және түсіндіру үдерісі. Бағалаудың барлық түрлері төмендегілерді қамтиды:

- бақылау,
- алған мәліметтердің интерпретациясы,
- бұдан арғы іс-әрекетті анықтау үшін қолданылуы мүмкін шешімдерді қорытындылау. /«Мұғалімге арналған нұсқаулық» 2012ж III басылым, бет 57/

Бағалау – одан арғы, білім алу туралы нәтижелерін жүйелі түрде жиынтықтауға бағытталған қызметті белгілеу үшін қолданылатын термин деп нұсқаулықта көрсеткен. /«Мұғалімге арналған нұсқаулық» 2012ж

III басылым, бет 56/ Яғни, бағалау оқыту мен білім берудің ажырамас бөлігі екенін білеміз. Сондықтан біз оқытуды бағалау білім беруді жетілдіру болып табылатынын түсінуіміз қажет.

Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудағы әділ және шынайы жүйесі, білім беру мазмұнының ажырамас бөлігі болып саналады.

ДББҰ оқушылардың оқудағы жетістіктерін бағалаудың жаңа жүйесін әзірлеуде бағалаудың түрлі жүйелерін қолданудың халықаралық тәжірибесімен бірге Қазақстан Республикасының аумағындағы жеке білім беру ұйымдарының: QSI, Хейлибери, «Мирас» халықаралық мектептерінің тәжірибесі де зерделенді.

Ресейдегі Халықаралық Бакалавриат мектебіндегі бағалау бойынша жұмыс тәжірибесі де зерделенді [3, 97]

ДББҰ мамандары Халықаралық Бакалавриат мектептері қауымдастығының Самара қаласында өткен «Халықаралық Бакалавриат: 21-ғасырдың білім беру сапасы» конференциясына қатысты, онда Халықаралық Бакалавриат мектептеріндегі бастауыш (PrimaryYearsProgramme), негізгі (MiddleYearsProgramme), жоғары (DiplomaProgramme) бағдарламаларындағы оқушылардың жетістіктерін критериалды бағалау кезінде білім беру процесін ұйымдастыру ерекшеліктері зерделенді.

Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдары мен шетелдік білім беру жүйелеріндегі бағалау түрлері, оқытудың жоспарланған жетістіктерін критериалды бағалау ерекшеліктері және артықшылықтары туралы мәселелер University of Cambridge International Examinations (CIE) халықаралық сарапшыларымен кездесуде қарастырылды. Сонымен қатар Халықаралық бакалавриат бағдарламаларының өкілдерімен кеңестік кездесулер өткізілді, кездесу барысында A-level, Pre-U, IB халықаралық бағдарламаларында қолданылатын бағалау жүйесі, бағалаудың критериалды тәсілінің ерекшеліктері қарастырылды.

University of Cambridge International Examinations (CIE) сарапшыларымен жұмыс істеу біздің мамандарымыздың қалыптастырушы бағалау туралы және оны оқушылардың жеке дамуын қамтамасыз ету үшін пайдалануы, апробацияның 1-ші жылында критериалды бағалау жүйесінің жиынтық бағалауын дайындауы туралы түсінігін кеңейтеді.

Критериалды бағалау – оқушылардың оқу-танымдық құзыретін қалыптастыруға жағдай жасайтын, білім беру мақсаты мен мазмұнына сәйкес білім беру процесіне қатысушылардың (оқушылар, мектеп әкімшілігі, ата-аналар, заңды тұлғалар және т.б.) барлығына алдын ала таныс, ұжым талқысынан өткен, нақты анықталған өлшемдер арқылы оқушылардың оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген процесс.

Критерий - ұсынылған талаптарға сәйкес бір нәрсені бағалау бойынша шешім қабылдау ережесі, негіздемесі және белгісі. Әр критерийдің дискрип-



торы болады, онда оқу тапсырмасының орындалу нәтижесінің дұрыстығы туралы нақты түсінік беріледі. Дискрипторға сәйкес бағалау оқушының қойған мақсатына жетуін анықтайды.

Қалыптастырушы (ағымдағы) бағалау – сабақта күнделікті жүзеге асатын, білім мен дағдыны меңгеру деңгейін анықтайтын бағалау. Қалыптастырушы бағалау білім беру процесінде оқушы мен мұғалімнің арасындағы өзара тығыз байланысты жүзеге асырады. Сонымен қатар, оқушыларға жаңа материалды меңгеруде тапсырмаларды қаншалықты дұрыс орындағандығын білуге және оқытудағы мақсаттар мен міндеттерді орындауға мүмкіндік туғызады.

Ішкі жиынтық бағалау – оқу ақпараты блогын оқып болғаннан кейін білім және оқу дағдысының қалыптасу деңгейін анықтау. Ішкі қорытынды бағалауды педагогтар немесе мектеп әкімшілігі жүзеге асырады.

Сыртқы жиынтық бағалау – бастауыш мектепте (5-сынып), негізгі мектепте (10-сынып), жоғарғы мектепте (11-12 сынып) оқу дағдысы мен білімін қалыптастыру деңгейін анықтайды. Қорытынды жұмыстарға қойылған баға, оқытудың есеп беру кезеңінің қорытынды бағасын анықтауға негіз болып табылады.

Критериалды бағалау – оқушылардың оқу-танымдық құзыретін қалыптастыруға жағдай жасайтын, білім беру мақсаты мен мазмұнына сәйкес білім беру процесіне қатысушылардың (оқушылар, мектеп әкімшілігі, ата-аналар, заңды тұлғалар және т.б.) барлығына алдын ала таныс, ұжым талқысынан өткен, нақты анықталған өлшемдер арқылы оқушылардың оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген процесс.

Критериалды бағалау – бұл тәсіл, оның аясында бағалаудың және өзін-өзі бағалаудың түрлі тәсілдері, түрлері және әдістері қолданылады.

Критериалды бағалау кезінде:

-оқушы оқытудың негізгі субъектісіне айналады;

-оқушы бойындағы үрейленуді басады;

-мұғалімді «төрешілік» қызметінен босатып, ол кеңес беруші, маман, бағыттаушыға айналады.

Осылайша, критериалды бағалау оқушылардың да, мұғалімдердің де денсаулығын сақтау артықшылығына ие.

Критериалды бағалау мұғалімдерге арналған қағидаттық ұстанымдарды тұспалдайды:

1.баға арқылы оқушының өзі емес жасаған жұмысы ғана бағаланады;

2.оқушының жұмысы басқа оқушылардың жұмыстарымен салыстырылады;

3.нақты тапсырмалардың түрлілігі және жақсы орындалған тапсырманың анық және дұрыс сипаттамасының болуы;

4.оқушыларға өлшемдер алдын ала айтылады;

5.ушы өзінің жетістік деңгейін өзі анықтап, өзін бағалай алатындай баға коюдың нақты алгоритмі әзірленуі керек. Өзін-өзі бағалау оқушылардың өз жұмыстарын рефлексиялауды көздейді. Рефлексия оқушының тұлғалық дамуының, оқушы ретінде дамуының қажетті құраушысының міндетті шарты болып табылады;

6.өзін-өзі бағалауға ауысуға талпыну мақсатында,

бағалау процесіне оқушыларды қатыстыру;

7.нені оқытты соны ғана бағалауға болады, сондықтан бағалау критерийлері – оқу мақсатының нақты көрінісі;

8.пән бойынша жалпы оқу мақсаттары аталмыш пән бойынша оқушылардың жетістіктерін бағалаудың критерийлері болып табылады және оқушылардың жеке жұмыстары барысында анықталған нәтижелерін жалпылауға мүмкіндік туғызады.

Финляндиядағы мектеп білімінде бағалауды ұйымдастырудың негізгі факторлары – ішкі, сыртқы және олардың қатар үйлесімділігіндегі бағалау болып табылады.

Сыртқы бағалаудың мақсаты ретінде мектептердің білім туралы заңдарды іс жүзінде орындауы бойынша қызметін қадағалау, білімнің дамуына қолдау көрсету және білім шарттарын жақсарту шығады. Сыртқы бағалау тұтас білім беру жүйесі және білім беру үрдісінің жеке қырлары туралы ақпаратты білім беру мекемелерінің қызметі, олардың тиімділігі, нәтижелілігі, үнемділігі (білімдегі қажеттілік пен оған сұраныс, мектептегі білімнің түрлі деңгейлеріндегі оқушылардың оқуға түсуі мен санды құрамы; мектептегі білімнің тұтас және жеке бөліктерінің құрылымы мен қызметі; білім сапасы мен қолжетімді құралдар арасындағы байланыс; білім мен қоғам арасындағы арақатынас; оқу жоспарлары мен оқу курстары; оқу жетістіктері және т.б.) туралы түрлі деректерді жинақтау арқылы алуға бағытталған.

Ішкі бағалаудың мақсаты білім беру жүйесінің жағдайы туралы ақпаратты алу, білім беру ортасындағы жағымсыз құбылыстардың дамуына жол бермеуге және оның алдын алуға бағытталған, мектептің болжамдауға жататын өзгерістерінің жүйесін әзірлеу болып табылады. Ішкі бағалау оқу орнының қызметіндегі түрлі аспектілер бойынша өзін-өзі бағалаумен байланысты (емтихандардың нәтижелері, мұғалімдер мен оқушылардың арасындағы қатынастардың педагогикалық қырлары, оқу орнының материалдық ресурстары).

Сыртқы және ішкі бағалау қатар үйлесімділігінде жүретін бақылаудың негізгі түрлері келесідей көрініс береді: салыстырмалы бағалау (мектептің негізгі нәтижелерін, тек білімділік емес, дамуға да және белгіленген міндеттерді орындауға да мүмкіндіктерін осы аядағы ұлттық немесе халықаралық нәтижелермен салыстыру); жағдайлық бағалау (белгіленген міндеттердің қаншалықты жақсы шешіліп отырғанын анықтау үшін, мектептердің белгілі түрлерінің қызметін, белгілі бір білімділік секторды немесе тұтас білім беру жүйесін бағалау); тақырыптық бағалау (нақты білімділік пәндерді оқыту сапасын зерделеу, соның ішінде халықаралық деңгейде де); стандартталған бағалау (мектеп оқушыларының білімділік нәтижелерін тест үлгісінде іріктеп зерделеу) [5,101].

Қорыта келгенде, критериалды бағалау білім алушылардың дайындық деңгейі мен өсу динамикасын кез-келген кезеңде анықтауға, әртүрлі жұмыстардан алған бағаларды дифференциалдауға, құрылымдық бағалау мен нақтылы бағалаулар арқылы оқушының еңбегін анықтап, саралауға және әділ әрі нақты

бағалауға ықпал етері сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Интегрированная модель критериального оценивания. Методические рекомендации – Астана. АОО НИИШ.

2. Красноборова А.А. Критериальное оценивание как технология формирования учебно-познавательной компетентности учащихся тема диссертации и автореферата по ВАК 13.00.01, кандидат педагогических наук. – М.: 2013. – 35 с.

3. Информационно-методический журнал «Педа-

гогический диалог». – Астана. ЦПМ АОО «НИИШ». №2(8). 2014, -С. 6-10.

4. Жиркова З.С. Диагностика мотивационной образовательной среды сельской школы. // Вектор науки ТГУ. Серия: Педагогика, психология. 2011. – С. 150-170.

5. Бражник М.О. Оценивание учащихся основной и старшей школы в Финляндии. - Электронное научное издание (научно-педагогический интернет-журнал). - Ноябрь 2009 г.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ АЯСЫНДА ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУДІҢ МАҢЫЗЫ

Уразбекова Назира Кенжетаявна

Алматы облысы Панфилов ауданы

А. Розыбакиев атындағы ОМ КМ,

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Резюме: В статье рассматриваются проблемы работы с одаренными детьми. Рассматриваются их отличительные признаки и особенности. Обсуждается педагогический подход к работе с одаренными детьми при традиционном образовательном процессе.

Summary: The article deals with the problems of working with gifted children. Their distinctive features and features are considered. A pedagogical approach to working with gifted children during the traditional educational process is discussed.

Білім мен ақпарат үстемдік құрған қоғамда Білім беру жүйесі инновациялық экономиканың негізгі бөлігі болып табылады. Қатаң талаптары қалыптасып келе жатқан инновациялық экономика қай салада болса да, бүгінгі маманның құзыреттілігін, яғни өз саласы бойынша ой-пікірінің қалыптасуын, кәсібилігін, өмірдің өзгермелі жағдайына бейімділігін, оған сай өз білімін пайдалану ғана емес, оны қажеттілікке қарай толықтырып отыруды талап етеді. Осындай қоғамда келешек ұрпақты қалай оқытқан тиімді?

Бұл сұрақ әрбір педагогті толғандырары сөзсіз. Баланың білім алуына мұғалім маңызды роль атқарып келді. Дегенмен де білім беруде балаға не білу керектігін түсінсек те оны қолдана алуды қалай үйрету керектігін білмей қиналып жүрген шақтарымыз болды. Заман ағымына ілесіп алатын, мол ақпаратты меңгерте білетін әлеуметтік қарым қатынасқа түсе алатын оқушыларды даярлау үшін мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін дамыту – басты міндет болып табылады. Яғни, ұстаз «үйретуші мен білім көзі» емес, «үйрену процесін ұйымдастырушы», «менеджер», «үйренуге жағдай жасаушы». Бұл ұстанымнан «Шәкірт өздігімен үйрену керек», - деген түсінік қалыптасады. Бұл ұстаз еңбегінің маңызын төмендетпейді. Мұнда мәселе – ұстаз міндеттерінің түбегейлі өзгеруінде. [1, 61]

Бүгінгі таңда жаңартылған білім беру аясында дарынды балалармен жүргізілетін жұмыс білім беру жүйесінде маңызды рөл атқарады. Ұстаздарға қойылатын талаптар: бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі. Осы айтылғандарды жинақтай келіп, ұстаз — рефлексияға қабілетті, өзін-өзі жүзеге асыруға талпынған әдіснамалық,

зерттеушілік, дидактикалық-әдістемелік, әлеуметтік тұлғалы, коммуникативтілік, ақпараттық және тағы басқа құзыреттіліктердің жоғары деңгейімен сипатталатын рухани-адамгершілікті, азаматтық жауапты, белсенді, сауатты, шығармашыл тұлға болу керек деп тұжырымдауға болады. Бұл бағытта мектеп ұстаздарының біліктілігін арттыру - басты мақсат болып табылады.

Қазақ баласының бойында Абай атамыз айтқандай, «Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек болуы - өмір сүрудің басты заңдылығы болса, ол үш қасиетті шәкірттердің бойына сіңіру - ұстаздардың міндеті екені даусыз.

Дарынды адамдар туралы айтылған сөздер, ойлар ширек ғасырлардан өте айтылып келеді. Антикалық дәуірде осы дарынды адамдар туралы, яғни ІХХ ғасырда ғылыми трактаттарда «данышпан» және «дарынды» деген түсінік қалыптасты [2, 125]

Антикалық дәуірде дарындылықты кейбір философтар – «құдайдың тартуы» деп түсінген. Олардың қатарына Платон, Сенека, Демокрит жатады. Антикалық философтардың ойынша дарынды адам – ақиқат білімге ие деп түсінген.

Орта ғасырларда «дарындылық» құдайдың сыйы деп түсінген. Сондықтан дарындылық бар немесе жоқ деп түсінгендіктен оны ешкім зерттемеген.

Дарындылық құбылысына Қайта өркендеу дәуірінде (ғылым мен білімнің) қызығушылық таныта бастаған. Бұл кездейсоқтық емес. Қайта өркендеу дәуірі әлемге Леонардо да Винчи, Микеланджело Буонаротти, Мишель Монтень, Николай Коперник, Николо Макиавелли, Данте Алигьери, Вильям Шекспир және т.б. тектес ұлы ғұламалардың, ерекше дарын иелерінің тууына алып келгендіктен, көптеген философтарда сұрақ ту-



ындады: «Данышпан және дарындылық дегеніміз не?». Бірақ бұл сұраққа ортақ пікір болмады.

XIX және XX ғасырларда дарындылық тұжырымдамалары пайда бола бастады. Көрнекті ағылшын оқымыстысы Френсис Гальтон ең бірінші рет «Данышпандықтың тұқымқуалаушылығы және оның заңы мен салдары» атты кітабында дарындылық тұқым қуалаушылықтың факторын эксперименталды түрде дәлелдегісі келді. Артынан дарындылықтың адам өміріндегі тәрбиеге, білім алудың жағдайына, өмір сүру сапасына байланыстылығы анықталды [3,94]

1940 жылы «Қабілеттілік және дарындылық» атт мақаласында Борис Михайлович Тепловтың ойынша: Дарындылықты қабілеттің және ортаның факторларының үйлесімділігін, болашақта табыстарға жетудің бірден – бір жолы ретінде қарастырған.

Қазіргі кезде жекелік, дарындылық, данышпандық, таланттылық, дарынды балалар және балалар дарындылығы түсініктері кеңінен қолданылады. Осыларды тізбектеп қарастырайық: жекелік- қабілеттілік- дарындылық-талант.

«Жекелік» кейбір анықтамалардың қайталанбайтындығын көрсетеді, адам бойындағы психиканың ерекшелігі, қабілетінің қайталанбайтындығын көрсетеді. Ережеге сәйкес, «жекелік» жеке тұлға бойындағы қабілеттердің жан – жағындағыларға ұқсамауы. Әр бала ерекше, бірақ кейбір балалардың ерекшелігі өте жарық көрінеді, яғни көзге түседі, басқаларды ескеру мүмкін емес.

Жекеліктің қалыптасуына өсіп отырған орта, қауымдастық, бала кезіндегі тәрбиенің ерекшеліктер ықпал етеді. Жеке дарын иесі болу – ол өзінше ойлап білу, жаңа ойларға үлес қосу.

1.Тұқымқуалаушылық және физиологиялық ерекшеліктер. Тұқымқуалаушылық адамның сыртқы пішін ерекшелігін сақтап беріп отырады. Физиологиясы олардың мінез құлқы туралы айтады.

2.Қоршаған ортаның ықпалы адамның жеке дарындылығын қалыптастырады. [3, 96]

Адамның жекелік дарындылығына мәдениет және әлеуметтік жағдай өте қатты әсер етеді. Жекелік тәрбиеленіп отырған жанұяға байланысты. Жекелікке тәрбиелініп отырған балабақша, мектеп, және қоғамдық орынның ықпалы өте зор.

Жеке тұлғаның анықтамасында оның қабілеті маңызды роль атқарады. Қабілетті жеке – психологиялық ерекшелік деп қарастырып, әріқарай белгілі бір істің табысты аяқталуына ықпал етеді.

Дарынды балаларды жинаған білімдерін кең қолдана білетіндіктері ерекшеленеді. Педагогикада бала дарындылығы пайда болған уақытынан бастап айтылады. Баланың дарындылығын психолог, педагог, немесе ата – ана анықтаған болса, онда оны өзекті (актуальная) дарындылық деп атайды. Уақытында анықталмаған дарындылық потенциалды дарындылық деп аталады.

Педагогикада дарынды балаларды бірнеше категорияға бөледі

1.Интеллектуалдық қабілеттері ерекше жоғары оқушыларды айтады.

2.Ғылымның белгілі бір бөлімінде ерекше ойлау

қабілеттері бар, академиялық нақты қабілетімен ерекшеленген оқушы.

3.Шығармашылық қабілеті жоғары оқушы.

4.Көшбасшылығы жоғары оқушы.

5.Белгілі бір себептермен оқуда жетістігі жоқ, бірақ танымдық қабілетінің, ойлау қабілетінің жоғарылығы және психикалық жаратылысының ерекшелігі бар оқушылар [4, 104]

Дарынды балаларды анықтау – баланың дамуын талдау мен байланысты ұзақ процесс. Дарындылықты қандай да бір әдіспен анықтау мүмкін емес. Дарынды баланы тәрбие беру мен оқыту барысында біртіндеп, сатылап анықтау қажет. Дәл қазіргі уақытта баланы дарынды және дарыны жоқ деп бөле отырып, біз баланың келешек өміріне жасанды түрде қол сұғып отырмыз. Өйткені баланың бойындағы қайталанбас ерекшелігі өсе келе баланың шын мәнінде талантты болатынына кепілдік бола алмайды. Ең алдымен баланың даму ерекшелігіне көңіл бөлген жөн. Одан кейін міндетті түрде ата-анасымен тығыз байланыс жасап, ол баланың неге бейім екендігін ескеріп, үйден көбірек қадағалауын ескерткен жөн. Ол үшін сабақтарда түрлі қызықты ойындар, шығармашылық тапсырмалар, логикалық жаттығулар пайдаланудың мәні зор.

Шығармашылық – жаңа нәрсе ойлап табуға бағытталған қабілеттер деңгейі. Олай болса кез келген баланың психологиясын педагогикалық тұрғыдан жете бақылап, әр баланың жеке дара қасиеттерін, қабілеттерін ашуда түрлі жұмыстар жүргізуге болады. Бұл жағдайда ең алдымен баланың даму ерекшелігіне көңіл бөлген жөн. Сонымен бірге сабақты мұғалім қазіргі заман талабына сай баланың жеке басының ерекшеліктерін ескеріп, оларға берілетін білімді топтап, жекелеп тапсырмалар берген дұрыс және дамыта оқыту жүйесі бойынша баланың жауабына шек қоймай оның өз ойын еркін бүкпей айтуға ықпал жасау қажет. Ойын бүкпей, еркін сөйлей алатын бала жан-жақты болған оқиғаларға, құбылыстарға жіті көңіл бөліп, ой елегінен өткізіп отырады. Ондай оқушылардың ой-өрісі кең, тереңнен ойлай біледі. Сол себепті мұғалім күнделікті сабақ жоспарын жасағанда сынып оқушыларының жеке дара ерекшеліктерін ескеріп, ол оқушыларға түрлі тапсырмалар береді. Орта мектепте оқушылардың шығармашылық қабілеттерін ашу деген әдістемелік кітапшаны әр мұғалім басшылыққа алса, бұл жұмыстарды әрине жандандыруға болады. Баланың шығармашылық қабілеттерін ашу – мұғалімнің ең басты міндеті. Себебі ұлы ойшыл М. Горький: «Адамдағы дарындылық қасиет туа бітті қан арқылы берілетіні де, одан қалды жүре пайда болатыны да болады. Туа бітті болатыны – тұқымқуалаушылық. Бұл қасиет өсіп те кететін, өшіпте қалатын процесс. Сондықтан оны үнемі үздіксіз шындап отырмаса өшіп қалуы да мүмкін» - деген [5, 167]

Адамды танып білу оның бойындағы ерекше қабілеті көре білу – мұғалім үшін аса қажет. Ол үшін ерінбей еңбектеніп, баланың ерекше қабілетін байқауда күнделікті сабақта, тәрбие жұмыстарында оқушыны үзбей бақылап, бала бойындағы дарындылықты немесе жүйелі білім алуға қабілетті тұлғаны анықтауға болады. Бала бойындағы жаңа қабілетті, жаңа

қасиетті ашуына жағдай жасауды қазіргі таңда мұғалімнен талап етіп отыр. Дарынды балалармен жұмыс жүргізудің барысында мұғалім өзі бірінші болып ізденеді. Жеке тұлғаны дамытып қалыптастыру үшін олардың өзгермелі әрекеттерін айналадағы нақты құбылыстармен таныс объектілерді зерттеумен байланыстырудың маңызы зор.

Зерттеушілік, ізденушілік – бала табиғатына тән құбылыс. Мұндай баладағы белсенділік оның жеке дамуына, өзіндік көзқарасының дамуына игі ықпалын тигізеді. Абай жетінші қара сөзінде былай деген: «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: Біріншісі: ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады, екіншісі – көрсем, білсем деп барлығын білуге, көруге құштар болып туады». Олай болса «зерттеу» түсінігі «Үлкен Кеңес» энциклопедиясында жаңа білімді өңдеу және таным қызметінің бір түрі болып есептеледі деп түсіндіріледі. Оқушының өзгерту таным әрекеті зерттеу деп аталатын тәсіл арқылы жүзеге асырылады. Зерттеу – дарынды балаларды оқытудың негізі. Онсыз баланың потенциалды қабілетін ашу, дамыту мүмкін емес. Мектепте оқушыны ізденушілікке баули отырып, ғылым мен техниканың жетістігіне сәйкес армандарына жетуге, өз жолдарын дәл табуға, ғылымға жетелеу арқылы өздерінің қабілеттерін ашуға көмектесуіміз

қажет. Оған қол жеткізетін тиімді жұмыс түрінің бірі – оқушылардың ғылыми қоғамын ұйымдастыру болып табылады. Қазіргі кезеңде бастауыш сыныптардан бастап ғылыми жоба жұмысына қатысып, оқушылардың зерттеушілік қабілетін дамытудамыз. Бірақ бастауыш сынып оқушысы әрине, өз бетінше еш әрекет ізденіс жасай алмайды. Оған мұғалім бағыт-бағдар беріп, бірлесіп жұмыс жасау арқылы, баланың танымдық қабілетін, өмірге деген өзгеше көзқарасын білуге, ізденуге құштарлығын шындай түседі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. *Тәжірибедегі рефлексия. жалпы білім беретін мектептердегі педагогика кадрларының кәсіби даму бағдарламасы Тренерге арналған нұсқаулық. 2016ж*
2. *Ү.Б.Жексенбаева. Балалардың дарындылығын диагностикалау. – Алматы, 2005.*
3. *Иванова Е. А Психологические особенности одаренных детей и их психолого-педагогическое сопровождение. Москва 2006 год.*
4. *Леднева, С.А. Детская одаренность глазами педагогов. Начальная школа. - 2003.-№*
5. *Мандель Б. Р. Возрастная психология. Учебное пособие НИЦ Инфра - М, 2012.*

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА ДИАЛОГТІК ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Джакибаева Гульнар Джакановна

*Алматы облысы, Панфилов ауданы
А. Розыбакиев атындағы ОМ КМ,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*

Резюме: В статье рассматривается развития диалогового обучения. Также изучены виды беседы в диалоге обучении, особенности и преимущества предлагаемого подхода к организации учебно-познавательной и внеучебной деятельности обучающихся.

Summary: The article discusses the development of interactive learning. Also studied the types of conversation in the dialogue learning, features and advantages of the proposed approach to the organization of educational, cognitive and extracurricular activities of students.

Қазіргі кезде Қазақстандық білім беру бағдарламасының күтілетін нәтижелері білім беру үдерісінің бір бөлігі ретінде қалай оқу керектігін білетін, тәуелсіз, дербес, өзін-өзі ынталандыратын, сын тұрғысынан ойлай алатын, көптілді тұлға қалыптастыру. Қазіргі таңда жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында диалогтік оқыудың маңызы зор. Диалогтік оқыту — жоғары оқу орындарында қолдануға тиімді әдістердің бірі. Диалог дегеніміз - екі немесе бірнеше адамның кезектесіп сөйлесуі арқылы берілетін тілдесудің ерекше формасы. Мерсер (2000) айтқандай, диалог барысында студенттер бірлесіп білім алуға, «пікір алмасу» үдерісіне тартылады. [1,107]

Диалогтік оқыту - мұғалімнің оқу материалын оқушыларға түсіндіріп, оқушыларға сол оқу материалын меңгерту мақсатында әңгіме жүргізудің нақтылы реттеуші ережелерін ескере отырып құрылған оқыту мен оқу тәсілі. Диалогтік оқытуды қолданудың негізгі

мақсаты – студенттерді еркін коммуникативтік қарым-қатынасқа түсуге, пікір алмасуға, өз ойларын дәлелдей білуге үйрету. Сонымен қатар, диалогты оқыту барысында студенттер ЖАДА көмегіне (оқытушы, досының, басқа да ақпарат алу көздері) жүгіне алады. [2, 45]

Мерсердің пайымдауынша диалогтік оқыту оқушының пәнге деген қызығушылығы арттырады, оның білім деңгейінің өсуіне әсер етеді, берілген тақырыпты тереңірек түсінуге мүмкіндік береді

Ал Барнстың пікірінше сыныпта тіл қаншалықты қолданылса, оқушының білім алуына соншалықты әсер етеді.

Браун пайымдауынша, мұғалім оқушылардың жауаптары мен түсініктемелеріне қарай әрекет ету қажет. Харгривс пен Гэлтон ойларынша күту уақыты үштен жеті секундқа дейін созылса, ойлануға берілетін уақыт оқушыларға өз жауаптарын түзетуге, нақтылауға және дұрыстауға мүмкіндік береді. Мерсер диалогтік оқытуда әңгіменің үш түрін атап көрсетеді:



1. Әңгіме – дебат
2. Кумулятивтік әңгіме
3. Зерттеушілік әңгіме

Олардың бір-бірінен айырмашылығы мен ұқсастықтары бар.

•Әңгіме- дебат

-Ой-пікірлерде алшақтық болады және әрқайсысы өз шешімдерінде қалады

-Ресурстарды біріктіруге бағытталған талпыныс жасалады:

-Қарым-қатынас көбіне “иә, бұл солай”, “жоқ, олай емес” бағытта жүреді.

-Орта бірлесуден гөрі, көбіне бәсекелестікке бағытталады.

•Кумулятивтік әңгіме

-Айтылған пікірлермен тыңдаушылардың мех.түрде келісе береді

-Әңгіме білім алмасу мақсатында жүргізілгенімен, өзгелер ұсынған идеяларды төзімділікпен тыңдайды

- Идея қайталады, айқындалады, бірақ мұқият бағалана бермейді.

•Зерттеушілік әңгіме

- Әркім ақылға қонымды мәлімет ұсынады

- Әркімнің идеясы пайдалы, бағаланады

- Қатысушылар сұрақ қояды, айтқандарын дәлелдейді

- Топтағы қатысушылар келісімге жетуге тырысады (олар келісімге келуі де келмеуі мүмкін, ең бастысы – келісімге ұмтылу)

Жаңартылған білім бағдарламасы аясында диалогтің оқытуды қолдану, әсіресе, орта мектепте қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың тілдік-коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Диалогтік оқыту оқышушылардың тек тілін дамытып, сөйлеу мәнерін қалыптастырып қана қоймайды, сонымен қатар тілдік тұлға ретінде бірқатар құзыреттіліктері мен дағдыларын қалыптастырады. Оны төмендегі кестеден көруге болады:

Диалогтік оқыту барысында мұғалім әдістемелік және дидактикалық жағынан даяр болуы қажет. Диалогтік оқыту үшін бейнероликтер, әңгімеден үзінді, әр түрлі мәтіндер (ғылыми, әдеби, әлеуметтік) қолдануға болады.

Ал диалогтік оқыту әдістеріне келер болсақ, топпен, жұппен, макро ортамен жұмыс, сын тұрғысынан ойлау әдістері, дарынды балалармен жұмыс, интербелсенді әдістер т.б. қолдануға болады.

Диалогтік оқыту оқушылардың сын тұрғысынан оқыту, дарынды балалармен жұмыс, топтық жұмысты ұйымдастыру сынды басқа да оқытудың заманауи әдіс-тәсілдерімен үйлестіре қолданылатын ерекше әдіс десе де болады. Себебі, диалогтік оқыту барысында оқушылардың сыни ойлауын дамытуға, түрлі тапсырмаларды орындау кезінде дарынды балаларды тануға, топтық жұмыстарды ұтымды ұйымдастыруға ықпал етеді.

Оқушылар ақпаратты шағын бөліктерге бөліп, оның құрылысын анықтау тапсырылады. Оқушылар түрлі көзқарастарды талқылап, «неге?» деген сұраққа жа-

уап іздеп, мотивацияны, себептерді анықтап, алған фактілер бойынша қорытынды жасауға бейімделеді. Оқушылар мектепте оқып жатқан материал мен шынайы өмір арасындағы байланысты көреді, бұл дегеніңіз оқыту үрдісіне олардың көзқарасын өзгертуі мүмкін.

Әсіресе, диалогты оқытуда қолданылатын әңгіме - дебат, зерттеушілік әңгіме студенттердің ішкі потенциалын ашып, ғылыми ізденістерін арттыруға мүмкіндік береді. Диалогтік оқытуда сұрақ қою маңызды дағдылардың бірі болып табылады, себебі сұрақ дұрыс қойылған жағдайда ғана студент ауқымды, сыни ойлай алады. Сондықтан сұрақ қою кезінде оқытушы студенттің жаттанды жауап бермей, ойланып, өз ойын нақты деректер келтіре отырып жауап беруіне мүмкіндік жасауы керек.

Оқушының тақырыпты түсінуіне қол жеткізу үшін оқытушы қолданылатын сұрақтардың екі түрі: «төмен дәрежелі» және «жоғары дәрежелі» сұрақтар кең қолданылады деген пікір бар. Төменгі дәрежелі сұрақтар арқылы студенттердің материалмен таныс екенін ғана аңғарсақ, жоғары дәрежелі сұрақтар қойылғанда, студенттер ақпаратты белгілі бір жолдармен қолдануға, қайта құруға, кеңейтуге, өзіндік көзқарастарын білдіріп, бағалауға және талдауға үйренеді. Диалогты оқытуда сұрақ қою маңызды дағдылардың бірі болып саналады. Сабақ барысында сұрақ дұрыс қойылған жағдайда ғана сабақ танымның тиімді құралына айналады және де студенттің ізденуіне қолдау көрсетіп, ізденушілік, зерттеушілік қабілеттерін жақсартады, білім, ақпарат алу мүмкіндіктері кеңейте түседі. Жоғары дәрежелі сұрақтар арқылы студенттер ақпаратты белгілі дәрежеде қолдануды, қайта ұйымдастыруды, дамытуды, бағалауды, талдауды меңгеретіні белгілі [3,97]

Диалогтік оқыту кезінде көптеген ойын әдістерін қолдануға болады. Атап айтар болсақ:

тте орналастырып, арандататын сұрақты талқылауға және ойларын қағазға немесе тақтаға жазуға 10 минут беріңіз. Уақыт аяқталғанда топ басқа бекетке ауысып алдағы топтың жұмысын жалғастырады. Ауысу әр 10 минут сайын болып тұрады, әр топ барлық позицияларда болып шыққанға және барлық топтардың ойларын ойлап шыққанға дейін жалғаса береді.

«Аквариум әдісі» - балаларға мәселені «қоғам алдында» талқылауға ұсынғандағы диалог формасы. Шағын топ белгілі бір мәселе бойынша диалогті жүргізуге кімге сеніп тапсыруға болатынын таңдайды. Кейде тілек білдірушілер бірнеше болуы мүмкін. Қалған барлық оқушылар көрермен рөлін атқарады. Сондықтан да мұны «аквариум» деп атайды.

Барлық сынып алда өз пікірін білдіргені болмаса, ыстық орындық сияқты. Олар алтын балыққа арналған аквариумда, басқалары оларға сұрақ қойып түсініктемелер сұрай алады және т.б.

Ақындар мен жазушылар - топтағы оқушылар 3-4 минут аралығында өздері білетін акын-жазушыларын жазып шығады да, кезектесіп оқиды. Бір топта бірінші айтылған тұлға өздерінде қайталанса, сызып тастап отырады. Қай топтың тізімінде тұлғалар тектері көп қалса, солар жеңімпаз.

Алдын-ала берілген атаулар - мұғалім сабақ басында жаңа тақырып бойынша тақтаға бірнеше атау (терминдер) жазып қойып (3-4 атау), оқушыларға олардың мағынасы, мазмұны және өзара қатынасы мен байланысы туралы ойлануын сұрайды. Бұл жұмысты оқушылардың жеке, жұппен немесе шағын топ ішінде ауызша яки жазбаша (соңғысы тиімдірек) орындауы ықтимал. Содан кейін мұғалім бірнеше оқушының ойы мен пікірін тыңдауына болады.

Бұл тапсырманы күрлендіруге де болады. Ол үшін алдын-ала берілген атаулардың ішіне сабақ тақырыбына қатысы жоқ бейтарап сөзді қосуға болады. Мәселен, биология сабағында «Фотосинтез, жасуша, хлорофилл, терезе» сөздерін келтіруге болады. Бұл жерде соңғы сөз оқшаулау және сабақ тақырыбына тікелей қатысы жоқ, сонда да оқушылар олардың өзара қатысы мен байланысы туралы өз ойларын келтіруі керек.

Ара ұясы - мұғалім жұптағы оқушыларға не

білгендігі туралы пікір алмасуды және екі сұрақтан дайындауын тапсырады. Содан кейін әрбір жұп кезектесіп сұрақ қояды, ол сұраққа жауапты мұғалім немесе басқа оқушылар береді. Сонымен берілген осы техника негізінде мұғалімнің берген мәліметтері қорытындыланылады, өңделеді [4, 67]

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2012 ж. 7-27-б.
2. М.М. Жанпейсова «Модульная технология обучения как средство развития ученика» Алматы, 2002
3. М.М. Бахтин «Эстетика словесного творчества». М., 1986
4. А.К. Мынбаева, З.М. Садвакасова «Инновационные методы обучения, или Как интересно преподавать» Алматы, 2013

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ҚОС СӨЗДЕРДІҢ СТИЛЬДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Иминова Мунирjam Ходжахметовна

Алматы облысы, Панфилов ауданы

А. Розыбакиев атындағы ОМ КМ,

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Резюме: В статье рассматривается этимология, виды и лексико-семантические особенности парных слов в казахском языке. А также изучены эмоционально-экспрессивные окраски парных слов.

Summary: The article discusses the etymology, types and lexico-semantic features of pair words in the Kazakh language. And also studied emotional expressive coloring of paired words

Сөз тарихы қызық. Ал сөз тарихының арқауы, негізі – оның мағынасы. Қазақ тілінде қос сөздердің қолданылуы ерекше болып келеді. Ол аз сөзбен көп жайды аңғартуға, ойды әсерлі, жинақы, ұтымды жеткізуде үлкен қызмет атқарады. Сонымен қатар экспрессиялық реңк, эмоциялық мән-мағына үстейді [1, 105]

Сөз өзінің құрамына қарай дара және күрделі болып екіге бөлінеді. Жалаң сөз негізгі және туынды түбірден тұрады. Ал күрделі сөз кемінде екі түбірден құралып бір ғана зат пен құбылыстың атауы болады.

А. Ысқақов пен К. Ақанов күрделі сөз қатарына біріккен сөз, қос сөз, қысқараған сөз және сыңарлы бөлек жазылған күрделі сын, сан, зат есімдерді, етістіктерді қарастырады.

Ал, қазіргі қазақ тілі оқулығының 1954 жылғы басылымында: "Қос сөздердің өзара тұлғалық айырмашылығы да, мағыналары да ішінара бірдей емес. Мысалы: қып-қызыл, ат-мат, қора-қора, сөзбе-сөз, алды-алдына, төсек-орын, оқта-текте, сияқты қос сөздер бір-бірімен құрамдары да басқа-басқа мағыналары да түрлі-түрлі. Қос сөздердің тұлғалық түрлері қаншалықты бай болса, мағыналық ерекшеліктері де соншалықты көп". Сонымен қатар қазақ тіліндегі қос сөздердің көпшілігі мағыналас

сөздерден /жылап-еңіреп, бұзау-торпақ/ жасалатын еске алсақ, құрамында мағынасыз сыңарлары бар қос сөздер де солармен сырлас екенін аңғартуға болады. Қала берді, дәл мағынасы айқын, ашық болғанымен де, кейбір қос сөздердің тілімізде кейде жеке де ұшырасып қалып отырады, - деп тұжырымдалған.

А. Ысқақов: қос сөздерді түсіну, талдау мәселелерін жеңілдету үшін, қос сөздерді ең әуелі қайталама қос сөздер және қосарлама қос сөздер деген үлкен екі салаға бөліп алған дұрыс, - дейді [2, 101]

"Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қос сөздер және олардың қазақ әдеби тіліне қатысы жайында" деген Есенқұловтың мақаласында ескерткіштердегі сөз жасау тәсілдерін ең өнімді түрі жұрнақпен байланысты. Бұлардан басқа айқынырақ байқалатын ендігі бір сөз тудыру амалы - қос сөздер. Ал жазба ескерткіштердегі қос сөздер, жол-жөнекей айтылған ескертпелер болмаса, осы күнге дейін арнайы тексерілмеген, қаға берісте қалып келе жатқан мәселе [3, 69]

Қазақ тілінде қос сөздердің қолданылуы ерекше болып келеді. Ол аз сөзбен көп жайды аңғартуға, ойды әсерлі, жинақы, ұтымды жеткізуде үлкен қызмет атқарады. Сонымен қатар экспрессиялық реңк, эмоциялық мән-мағына үстейді [4, 87].

Ғабит Мүсірепов өз шығармаларында қимыл-әрекетті әсерлі бейнелеуде көбінесе етістікті қос



сөздерді кеңінен қолданған және мұндай сөздерді міндетті түрде өзінен кейін көмекші етістікті керек етіп тұрады. Жазушы шығармаларында қос сөздердің екеуі де (қайталама, қосарлама) көрініс тапқан.

Зиядаұлы Бақытжан: «Қазіргі қазақ тіліндегі қосарлы етістіктер» атты ғылыми зерттеуінде «Етістіктерді қайталап қолданудан жаңа мағына тумады. Сөзге тек стильдік, рендік тағы сондай мағыналар жамалады да, не қимылдың созыңқылығын, жалғаспалылығын, не дүркінділігін т.б мағыналарды білдіріп отырады.» [5, 10 б.]

Профессор А.Ысқақов: «..... сөзді қайталап қолданудан сөздің неше алуан жаға формалары жасалып, олардың мағыналары түрленгенімен де, лексикалық түсінігі өзгермейді. Демек, жаңа сөз тумады, тек грамматикаланады», - деген пікір айтады [2, 112 б.]

Тіліміздегі бірқатар қайталама қос сөздердің құрамындағы сыңарлары фонетикалық, морфологиялық ерекшеліктері бірдей болып келеді. Мысалы: Бойшаң қара жұмыскер тайғанап түсті де, отыра қалып, аяғындағы шоқайын сыпырып алып, лақтырып-лақтырып жіберіп, қашқынның соңына қайта түсті (Ғ.Мүсірепов. 205-бет) немесе ...аяғының басын қозғап-қозғап қойып еді, қожайынның алдына тырс-тырс сіркіреп көмір ұсақтары түсті. (216-бет)

Өзі Әлішерді екі иығынан қысып, ұстап сілкіп-сілкіп қойды. (379-бет)

Бұндағы лақтырып-лақтырып, қозғап-қозғап, сілкіп-сілкіп етістіктері тұтас бір түбірдің өзгеріссіз қайталануы арқылы жасалынған. Сонымен қатар басқа сөз таптарынан жасалған фонетикалық құрамы әр түрлі туынды күрделі етістіктер де бар.

Дүние түгел гу-гулеп, осы ауылды үріп әкететіндей сезіледі. (114-б). Осындағы гу-гулеп туынды етістігі еліктеуіш сөздерден жасалып, етістік тудырушы жұрнақ қос сөздің екінші сыңарына ғана жалғанған.

Қайталама қос сөздердің беретін лексика-грамматикалық ерекшеліктері әр басқа болып келеді. Ғ.Мүсірепов табиғат көрінісін суреттеуде етістігі қос сөздерді ұтымды пайдаланып, өзіндік қолданыстар жасайды. Інір де түсті, боран да лоқсып-лоқсып қалып, қиулап жүре берді. (123-бет)

Қия-қиғаш, кесе-кесе жатқан ақ иректердің үстінен ырғып түсіп, оршып-ұршып, ысқырынып келе жатқан ұзын ақ айдаһарлар көрініп кеткендей болады. (122-бет). Осындағы лоқсып-лоқсып қалып, оршып-ұшып сөздері тура мағынада емес, ауыспалы мағынада қолданып, сөз мағынасын кеңейтеді.

Жазушы шығармаларында кейіпкерлердің өзара қатынасын білдіру мақсатында етістікті қос сөздерді кеңінен пайдаланылады.

Романдағы қос сөздердің жасалуына тән заңдылықтар сыңарларының мағыналық байланысына қатысты болып келеді. Туындыда ешбір мағыналық байланысы, бір-біріне қатысы жоқ сөздер бір-бірімен қосылып, қосарланбаған. Міне, бұл романдағы қос сөздердің жасалуында қатты сақталған заңдылық. Осыған байланысты қос сөздердің сыңарлары көбіне мағыналас, синоним, антоним сөздерден болған. Мысалы төмендегі сөйлемдерге назар аударайық Қораның ішімен ас үйдің бәрі палау басқан, сарбуға

салып, балқытып ет асқан қазан-ошақтарға толды (М. Әуезов “Абай жолы”, 117-б). Тіпті ауыл маңында үрген ит те жоқ. Олар да сорпа-сүйек тимеген соң, жүдеу күздің күнінде тышқан аулап, қаңғып кеткен (3-кітап, 57-б). Терлетпей аяндап жүрген семіз сәйгүліктердің жал-құйрықтары қыраулатып, кекілдері шалбастанып тұр. Қозылары жаңа жамыраған, иттері үріп шулаған, құлын-тайы шінгірлеп кісінеген көп үнді, даңғаз болған ауылдың үстінен шықты (сонда, 151-б).

Осы сөйлемдердегі қазан-ошақ, сорпа-сүйек, жал-құйрық, құлын-тай, көрпе- жастық деген қос сөздер өмірде бір-бірімен белгілі байланысы бар заттардың атынан яғни бір-бірімен мағыналық қатысы бар сөздерден жасалған. Мағыналық байланысы бар қос сөздер романда көп қолданылған. Мысалы қарға-құзғын, тай-құлын, аяқ-қол, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, кедей-кепшік, шаң-тозаң, қатын-бала.

Ал енді мына төмендегі сөйлемдерге назар аударайық. Үнсіз жығылған жігіттің бар сырын аңғарған, әншейінде сырлас-мұңдас Қанбақ Исаны қатты мүсіркеп кетті (сонда, 84-б). Оқу тәрбие мен шаһар тіршілік тәртібі бұлардың әрбір қимыл-қозғалыстарын мүлде басқа еткен Әбіш мынау (сонда, 110-б). Алыс жолдан келген өнерлі, оқымысты қонақпен сағынысқан аға, бауыр, құрбы-құрдас, дос-жолдастар ең алғаш осылай кездесті (сонда, 112-б). Ендеше, не керек, бетің-жүзің бар демей қарсы алысу керек (сонда, 167-б). Көз шарасына, ақыл-санасына сыймастай алып, барлық адам ойын осы бір тынып барлап тұрған ұлы тыныштығының өзімен де кішірейіп, тозандай елеусіз етіп, бағындырып тұр [сонда, 181-б]. Бұл сөйлемдердегі қос сөздердің сыңарлары (сырлас-мұңдас, қимыл-қозғалыс, пішін-мүсін, құрбы-құрдас, дос-жолдас, беті-жүзі, ақыл-сана) бір мағынаны білдіреді, бірақ екі түрлі дыбысталады. Бұндай қос сөздердің сыңарлары сөйлемде бірінің орнына бірі қолданыла береді. Осы сияқты қос сөздер романда өте көп кездеседі. Оларға: қас-дұшпан, әлді-малды, өсіп-өнген, бай-бағлан, күш-қуат, ақыл-парасат, өлім-қаз, әл-қуат т.б. жатады.

Мұхтар Әуезов өзінің туындысында мағыналары бір-біріне қарама-қайшы сөздерден жасалған, яғни, антоним сөздерден болған қос сөздерді көп қолдана білген. Мысалы, Қазіргі күндерде бұлар аш-тоғын да елемейді. Сондықтан барлық еркек-әйел сол қалың қойды қоршап алып, айқай салып қамап тұр (сонда, 81-б). Солар арқылы әр кеңсенің үлкенді-кішілі чиновниктеріне де осы күнде білікті, көзтаным арызшы болып алған (сонда, 168-б). Ауыл үстіндегі аттылы-жаяулы төбелеске қарамастан артына ерген Асан мен Үсен үшеуі құстай ұшып отырып жаңағы Базаралының үйіне жеткен (сонда, 198-б). Осы сөйлемдердегі қос сөз мағыналары бір-біріне қарама-қайшы, яғни антоним сөздерден жасалған. Мұндай сөздер романда көптеп кездеседі. Мысалы: еркек-әйел, үлкен-кіші, аттылы-жаяу, ұл-қыз, аш-тоқ, азды-көпті, іші-тысы, ақ-қара т.б.

Сонымен қатар бір сыңары мағыналы, екінші бір сыңары мағынасыз сөздерден жасалған қос сөздер де көптеп кездеседі. Мысалы; Бұншалық өктем, зорлықты күтпеген момын ауылдар қазір біріне-бірі жүгірісіп, жалғыз-жәуітік, тай-тулаған мінісіп

шапқыласып әбірге түсті (М.Әуезов. 3-кітап, 65-б). Олар ағызған бойларында айқай-сүреңін үзбей отырып, кесірілі асауларды шошыта қиқулады (сонда, 72-б). Қайда қойшы, сауыншы, күзетші, жылқышы кемкетік, жоқ-жітік болса солардың ғана басына арналған апат (сонда, 121-б).

Тіл мамандары осындай қос сөздердің кейде бір сыңары, кейде екі сыңары да мағынасыз болып келуі, тілдің даму сатысына байланысты; ол жағдай қос сөздердің жасалған кезіне қатысты емес, олардың бәрі алғаш мағыналы сөздерден жасалған дейді. Кейін келе бір сыңары, кейде екі сыңары да тілдік дамудың нәтижесінде лексикалық мағынасы солғындап, не мағынасынан мүлдем айырылып, қазіргі дәрежеге жеткен. Оған сөздің дыбыстық өзгеріске ұшырауы да қосылған деп тұжырымдайды.

М.Әуезовтің «Абай жолы» романындағы қос сөздердің өзіне тән жасалу заңдылықтарымен қатар өзіне тән мағыналық ерекшеліктері де бар. Романдағы қос сөздердің мағыналары бірдей емес. Қос сөздердің тұлғалық түрлері қаншалықты бай болса, мағыналық ерекшеліктері соншалықты көп. Туындыдағы кейбір қос сөздер дара мағыналы сөздерден құралып жинақтық я жалпылық мағынаны білдіреді. Мысалы, Түнгі жүрістің сырын іріккен ыңғайлы, ықшам жігіт те өне бойымен қару-жарақ, ер-тұрманымен сондай әдемі ренге ауысқан. Осылайша өзі қыз-келіншектерге арнап істеген жүзік-сырғасын ұсынған, қазақша кіселі белдік жасап, қыны мен пышағын түгелдеген қол ісмерлері де кездеседі (М.Әуезов. «Абай жолы», 49-б). Бұдан бөлек қаланың Сейсекедей, Қасендей байлары ертіп, сахараның ақсақалы, ру басы, әдет-ғұрып жоқшысы болып Оразбайлар да өктеді (сонда, 90-б). Бірақ ол тұста Әйгерімнен өздері төмен болса да, оны қызғанышпен жек көретін абысын-ажын, келін-кепшік дегендерге басқаша мінез жасауға үйреткендей (сонда, 120-б). Әдетте, ойын-сауықта үй тола жиналған әнші болса да, бір әнге екі кісіден артық қосылып салатындар болмайтын (2-кітап, 168-б). Күндіз-түн күйеу үйлерінде той-думан бәсеңсіген жоқ (2-кітап, 17-б). Отырғандарға сәлем беріп, Асылбай ел-жұрт, ауыл-аймақ амандығын сұрап алып, қаланың хабарын айтуға көшті (2-кітап, 220-б). Қалада үлкен үйдің ерке келіні болғанмен, Мәкіш ағайын-туған, ауыл-аймағын ойлағанда өзгеше бір қимас ыстық жүрекпен,

соншалық тілеулестікпен тебіренеді (сонда, 5-б).

Осындағы бірінші сөйлемдегі қару-жарақ деген қос сөзі бастапқы қару және жарақ дейтін жеке сөздерден қосарланып, ұрысқа қолданылатын соғыс құралдарының жалпы мағынасын білдіреді. Ал, ертұрман қос сөзі де жеке-жеке мағынасының жиынтығын қамтитын жалпы бір мағынада, яғни тек атқа байланысты керекті ер, тоқым, жүген, әбзел тағы басқа жабдықтарды білдіру мақсатында ғана қолданылған. Енді, кейінгі сөйлемдердегі қос сөздердің мағынасына назар аударайық. Қыз-келіншек деген қос сөзде қыздар тобы мен келіндер тобын; жүзік-сырға – жалпы әйел затына тән түрлі тақыншақтар; әдет- ғұрып қос сөзі жалпы халқымызға тән наным, сенімі, салты, дәстүрі, ырымы деген жалпы бір мағынаны қамтиды. Абысын-ажын, келін-кепшік деген қос сөздер жалпы абысын мен келін атауын білдіреді. Ойын-сауық деген қос сөз қазақ халқының ұлттық ойындарын, яғни көкпар, қыз қуу, алтыбақан, асық, ақ сүйек ойындарының жеке-жеке мағынасының жиынтығын қамтитын жалпы бір мағынаны білдіріп тұр. Сол сияқты той-думан қос сөзі де жеке-жеке сөздерден қосарланып, жалпы қазақтың салт-дәстүріне тән (шілдехана, тұсау кесер, сүндет той, беташар, қыз ұзату) жалпы бір мағынада берілген. Сонымен қоса, ауыл- аймақ, ел-жұрт деген ұғым бүкіл ауыл, ел және оның айналасын; ағайын-туған деген ұғым әке, шеше, апа, аға, іні, қарындас, нағашы, жиен т.б. дегендердің жеке мағынасын қамтитын жалпы бір мағынада қолданып тұр.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Балақаев М. Жанпейісов Е. Қазақ тілінің стилитикасы. Алматы, Мектеп. 1974
2. Ысқақов А. «Қазіргі қазақ тілі» А. «Ана тілі» 1991 ж.
3. С.Исаев. Қос сөздердің көмескі сыңарлары туралы // Қазақ әдебиеті. -1966. -5 тамыз.
4. С. Хасанова «Қос сөздердің стилдік қисындары», «Қазақ тілі мен әдебиеті мәселелері бойынша мақалалар жинағы» Алматы, 1977 ж.
5. Б. Зиядаұлы. Қазіргі қазақ тіліндегі қосарлы етістіктер. Автореферат. 1991ж.

ОРТА МЕКТЕПТЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОЙЫН ӘДІСІ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Сарпекова М.М.

Алматы облысы, Панфилов ауданы
А. Розыбакиев атындағы ОМ КМ,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Резюме: В статье отражены актуальные проблемы внедрения, развития, использования игровых методов на уроках казахского языка. А также изучены психолого-педагогические основы игровых методов и их роль в повышении качества обучения школьников.

Summary: The article reflects the actual problems of introduction, development, use of game methods in the class of the Kazakh language. And also studied the psychological and pedagogical foundations of gaming techniques and their role in improving the quality of schoolchildren's learning.

Қазіргі алға дамып бара жатқан ХХІ ғасыр



қоғамы ұстаздарға қат-қабат міндеттер қойып отырғаны белгілі. Солардың бірі - білім саласында оқушыларға осы заманғы талаптарға сай әдістермен сабақ беру. Яғни бұл - орта мектептерде сабақ беруде қазіргі ең тиімді, нәтижелі әдістерді, солардың бірі интерактивті оқыту тәсілдерін қолдану деген сөз. Осы топқа жататын жаңа технологиялардың бірі – оқытудың ойындық формасы. Оны тарих сабақтарында қолдану оқушыларды сол өтіліп жатқан материалға тереңірек үнілуге, уақыт лебін сезінуге, белсенді әрекет етуге құлшындырады. Бұндағы оқытудың ойындық формасына қосылатын рөлдік ойындар, бәйгелер, жарыстар, тренингтер, интеллектуалдық шоулар, брейн-рингі, т.б. оқушылардың осы пәнге ынтасын арттырады сөзсіз.

Қазақ тілін оқыту барысында қажет ойынды, сұрыптап алу өте маңызды орын алып отыр. Оқытушылар қазір мектептерде әр түрлі дидактикалық ойындарды қолданып жүр. Олардың да ішінен әр сабақтың мақсатына сәйкес ойынды таңдауға тура келеді. Көпшілік жағдайда және тілдің салаларына байланысты ойындарды оқытушы өзі іздеп, таңдап табуға тиісті. Осы мәселені шешуде оқытушылар сүйенетін ғылыми негіздің болуы шарт. Ойынның түрлері, оның ішкі элементтері, тілдік элементтердің байланысы, тақырыптың ашылуы, ойындағы әрекеттер мен негізгі ой көрсеткіштері сияқты, т.б. ғалымдар анықтаған ұғымдар оқытушыларға үлкен жәрдем береді. Тілді оқыту әдістемесінде зерттеуші ғалымдар ойын мәселесіне соқпай өтпеген.

Ы.Алтынсарин жаңа үлгідегі мектептері –қазақ даласындағы жаңа үлгідегі білім ордаларының алғашқы қарлығашы. Ы.Алтынсарин: «Мектеп – қазақтарға білім берудің басты құралы, біздің барлық үмітіміз, қазақ халқының келешегі осы, тек қана осы мектептерде»[1,280],-деп, мектептегі оқыту үрдісінің ғылыми негізде ұйымдастырылуына баса көңіл аударды.

А.Байтұрсынов мұның себебін: «Бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу керек. Мұғалімнің қызметі оның білімінің, шеберлігінің керек орны, өздігінен алатын тәжірибелі білімінің ұзақ жолын қысқарту үшін, сол жолдан балалар қиналмай өту үшін, балаға жұмысты әліне шағындап беруі мен бетін белгілеген мақсатқа түзеп отыру»[7,336],- деп тұжырымдайды. Ғалым оқулықтарын құрастырған кезде де теорияның практикамен байланысы ұстанымын басшылыққа алған. А.Байтұрсынов оқушының меңгерген білімін тәжірибеде орынды қолдану дағдыларын қалыптастыру үшін тілдік материалдарды үш кезеңде ұғындыру жұмыстарын жүргізу қажеттігіне назар аударған.

А.Байтұрсыновтың оқу-ағарту жөнінде айтқан ой – пікірлері орта ғасырлық ғұлама Әбунасыр әл-Фарабидің және Әбуғали ибн Синаның пікірлерімен ұштасады. Бұл ұрпақтар жалғастығын, сабақтастығын көрсетеді. Әл-Фарабидің «Рухани негіз түзу болса, оның тілегі, қалауы дұрыс болады. Оқу, үйрету нәтижесіне шәкірттің ниеті әсер етеді. Көңіл қалауы болмақ»[8],- деп оқушылардың білімін көтеруге, жаңа материалды толық меңгеруіне оның сабаққа деген ынтасы, қызығушылығы әсер ететінін бағамдайды.

Сол сияқты Әбуғали ибн Сина да оқушының сабаққа қызығушылығы болса, оның білімінің нашар болмайтынын айқындап, пікірін былайша тұжырымдаған: «...егер бала ұжымда тәрбиеленсе, онда ол жалықпайды, сабаққа ынтасы мен қызығушылығы пайда болып, басқалардан қалып қоймауға талпынады», - деген көзқарастарымен А.Байтұрсыновтың: «Балалар оқудың басында қиналмаса, оқудан тауы шағылмай, көңілі қайтып, мұқалмайды, оқуға ықыластанып, оқыған сайын қызығады. Оқу басында қиын болса, балалар суға (ұйыққа) түскен мал сықылды малтығып, жылжи алмай қиналады, үйретуші сүйреп шығара алмай қиналады»[2,323],- деген пайымдауы орайлас келеді.

Бұл пікірден ғалымның сабақта дидактикалық ойындарды оқушыларға жаңа материалды толық меңгерту үшін ғана емес, сонымен қатар сабаққа қызығушылығын арттыру мақсатында да қолданғаны байқалады.

А.Байтұрсыновтың оқулықтары мен еңбектерінде арнайы «дидактикалық ойындар» деген термин қолданылып, аты аталмаса да, сабаққа оқушылардың ынтасын туғызатын ойындардың түрлерін кеңінен қолданған. Мысалы, «Қате оқыған жақ қайта оқиды» атты дидактикалық ойыны.

Алты бала одақтасып атбақыл атты.

Дала балалары одақ болды.

Қала балалары одақ болды.

Асандар атты. Алты асық алды.

Назарлар асықсыз қалды.

Асандар асық қарыз алды.

Қақбақылдан Назарлар қалды.

Осы 8 сөзді 8 баладан одақтасып бәске оқиды. Бәстесі қата шығармау; шығарған жақ қайта оқу, бала басынан бір сөйлемнен оқиды. Бірі қаталасса, қатасы одағының бәріне жұғады. Қаталасқан жақтан біреуі бөтен мақаланы қатасыз оқып шықса, одақтастарының қатасының бәрін жуады[2.63].

Демек А.Байтұрсынов дидактикалық ойындарды балалардың сауатын арттыруда, олардың орфоэпиялық дағдыларын қалыптастыруда толық пайдаланған. Сонымен қатар осы ойынның тәрбиелік сипатының да артықшылығы айқын көрінеді. Әр бала өзінің топ алдындағы жауапкершілігін сезінеді, қателеспеуге деген ниеті туады.

Дидактикалық ойындар арқылы қазақ тілін меңгерту барысында оқушылардың сөйлеу мәдениетін жетілдіруге, тілдік қарым-қатынасқа еркін түсуін дамытуға басты назар аударылады. Мұның себебі, оқушыларға тілдің фонетикалық, лексикалық және грамматикалық заңдылықтары мен ережелерін үйретумен қатар, олардың сөйлеу мәдениетін жетілдіру мақсатында туындап отыр. Сондықтан мектепте қазақ тілін дидактикалық ойындар арқылы меңгерту барысында мынандай негізгі талаптар ескерілуі қажет.

Оқытуда құрмалас сөйлемдер жөнінде берілетін теориялық білім негізімен қатар олардың сөздік қоры, сөйлеу мәдениеті, кезіккен құбылысқа өз көзқарасы, шешім жасауы, тұжырым жасауы секілді білім-дағдыларын жетілдіру көзделеді. Сондықтан 8-сынып-

та құрмалас сөйлемдерді оқытуда шығармашылықпен жұмыс істеу барысында негізгі талаптарды ескеру қажет болады. Олар:

- Дидактикалық ойындардың білім берудің оқу жо-спарына сай қолданылу жолдары;

Дидактикалық ойындарды қолдануда оқушыға дамытушылық әсерінің болуын ескеру;

Оқушылардың танымдық, білімдік, ізденімдік, шығармашылық қабілеттерін жетілдіру дәрежесіне сай дидактикалық ойындардың дұрыс таңдалуы;

Дидактикалық ойындар арқылы оқушылардың сабаққа қызығушылығын туғызу жолдары.

А.Байтұрсынов қолданған ойындар баланың сауатын арттыруда, олардың орфоэпиялық дағдыларын қалыптастыруда маңызды. «Балалар оқудың ба-сында қиналмаса, оқудан тауы шағылмай, көңілі қайтып, мұқалмайды, оқуға ықыластанып, оқыған сайын қызығады. Оқу басында қиын болса, суға (ұйыққа) түскен мал сықылды малтығып, жылжи алмай қиналады», [2] - деген пайымдауы ғалымның дидактикалық ойындарды жаңа материалды толық меңгерту үшін ғана емес, олардың сабаққа қызығушылығын арттыру мақсатында қолданғанын көреміз. Отандық әдіскерлердің қазіргі кезде оқыту үдерісінде және мектепке дейінгі кезеңде, соны-мен қатар, дидактикалық ойындарды сабақтас тыс уақытта қалай пайдалану қажет, қалай қолданғанда бала біліміне оң әсер етеді, оң нәтижеге жету үшін қандай ойындарды қолдану керек деген мәселелер қарастырған зерттеулері мен еңбектерінде талданып, көрсетіліп жүр. Қазақ тілі сабағында дидактикалық ойындарды қолданудың жолдары мен әдістерін ұсынуда Б. Наркұлованың ізденісін айтуға болады. Ол дидактикалық ойынның мақсатын, ережесін, ойын түрлерін нақтылап көрсетіп, сараптаулар жасайды. Мұғалім сабақта дидактикалық ойындарды өту бары-сында ескеруге тиісті жайттарды анықтайды. Олар:

1) дидактикалық ойындар оқушылардың білімін, сөйлеу тілін, тіл

мәдениетін жетілдіруін;

2) оқушылардың жеке тұлғалық, көшбасшылық қабілеттерін тәрбиелеуге арналғандығын;

3) оқушылардың білімін сағылап көтеру жолдарын;

4) ойындардың қызғылықты болуын, сол арқылы оқушылардың пәнге

деген қызығушылықтарын арттыру жолдарын ескеруі қажет [3, 13 б.].

Ғалымдар еңбектерін саралай келе, құрмалас сөйлемдерді оқытуда шығармашылықпен жұмыс жүргізу негізінде дидактикалық ойынның түрлері іріктеліп алынды. Олар:

1. Тапқырлық ойындар

2. Іскерлік ойындар

3. Рөлдік ойындар

Ойын жаттығуларының ішінде тапқырлық ойындар жеткіншектердің сабаққа қызығушылығын арттыруға бағытталады және олардың танымдық белсенділігін күшейтуде ерекше қызмет атқарады. Олардың ойлауын, іскерлік дағдысын қалыптастырып, қабілетін, дарынын дамытады. Танымдық қызығушылықты арттыруға байланысты алынған жаттығулар оқушының өз бетімен орындайтын танымдық

қызметіне негізделеді. Бұл тарапта мұғалім бағыт-бағдар беріп отыруы арқылы оқушылар іс-әрекетке енеді.

Қолданылатын ойын атауларын тізбелесек, олар: «Саяхат», «Жас тілші», «XXI Ғасыр көшбасшысы», «Проблемалық сұрақтар», «Тестік конкурс», «Әдеби сахналық қойылым-дар», т.б.

Енді әрбір сыныптағы тақырыптарда қолданылатын интерактивті ойсергектерге тоқталып өтейік. «Қар көшкіні» ойсергегі

Қатысушылар орындарынан тұрып, шеңбер құрайды. Оқытушы да оқушылар арасынан орын алады. Әрбір қатысушы өз есімін атап, оған бастапқы әріптен басталатын бір сын есімін қосады. Мәселен. «Айгүл» есімі «А» әрпінен басталады, яғни Айнаш өз есіміне «алғыр» (немесе «алғыр». «айбынды». «асқак». «айлалы». «арынды». т.б.) сияқты сын есімді қосады. Келесі оқушы да дәл осылай өз есімін атайды, оған сын есімді қосады да, алдында тұрған барлық оқушылардың есімдері мен сын есімдерін қайталап шығуы керек: «Алғыр Айнаш, думанды Дәмеш, сабырлы Сейітжан, әділ Әбілғазы, асқар Асан, ренді Рауангүл, жалынды Жомарт! Ал мен – берекелі Бақытпын!». Бұл тәсілді қолданғанда оқушылар мұқият тыңдау мен зейін қою қасиеттерін іске қосу қажет. Оқытушының танысуды өзінен бастауына болады, ал егерде ол оқушыға өзінің жады мен есте сақтау қабілетін көрсеткісі келсе, онда ең соңында жауап береді.

Есім-антоним

Әр оқушы өз есімінің бастапқы әріптерінен өзін сипаттайтын (немесе өзіне тән) сын есімдер (эпитеттер) келтіруі керек. Мысалы, Айгүлдің былай деп жазуына болады:

А - алғыр

И - инабатты

Г - гүлденген

Ү - үлбіреген

Л - лапылдаған.

Тапсырма орындалғаннан кейін, әр оқушы өз жазғандарын жариялайды.

Есім әріптерінен басталатын сөйлем

Оқушылар өз есімдерінің бастапқы әріптерінен сөйлем құрайды. Мысалы, Айгүлдің мынандай сөйлем келтіруіне болады: «Айшықтай иілген гүл үзіле лүпілдейді». Тапсырма орындалғаннан кейін, әр оқушы өз жазғандарын жариялап, басқалар олардың есімдерін атайды.

Бұл тапсырманың алдыңғы тәсілге қарағанда анағұрлым қиын екендігін ескеру керек. Сол себепті де мұнда оқушылар келтірген сөйлемдердің құрылымы мен мағынасына аса сын көзбен қараудың қисыны жоқ. Бұл жұмыстың басты мақсаты - танысу, көңіл-күйді көтеру деп түсінген абзал.

2. Ойындар

Мектептің оқу процесінде қолдануға тиімді ойындардың ішінен келесідей түрлерін қарастырып кетуді ұйғардық:

1. Рөлдік ойындар

2. Іскерлік ойындар

а) Іскерлік оқу ойындары:

- саяхат ойындары

- блиц-ойындар



ә) Өндірістік ойындар
 3. Имитациялық ойындар
 Рөлдік ойындар
 Рөлдік ойындар - тиімді интербелсенді әдістердің бірі [4, 91]
 Қазақ тілін дидактикалық ойындар арқылы меңгерудің педагогикалық негізін айқындауда көшті бастаушы А.Байтұрсынов болды. Ол – қазақ тілін оқыту әдістемесін дамыту ісінде іргелі пікірлер айтып, келелі жұмыстар атқарған, әдістемелік еңбектер жазып, оқушының алған білімді күнделікті өмірде қолдана алатындай дағдыларын қалыптастырудың негізін қалыптастырушы. Ғалым оқулықтарында, тілдік материалдарды оқушыларға меңгертуде дидактикалық ойындарды кеңінен қолданғаны байқалады. Мұны ғалымның өзі: «Бала білімді тәжірибе арқылы

өздігінен алу керек. Мұғалімнің қызметі оның білімінің, шеберлігінің керек орны өздігінен алатын тәжірибелі білімнің ұзақ жолын қысқарту үшін, сол жолдан балалар қиналмай өту үшін, балаға жұмысты әліне шағындап беруінен бетін белгілеген мақсатқа түзеп отыру», - деп тұжырымдайды. [2 , 30-80 бб.]

Пайдаланылған әдебиеттер:

Ы.Алтынсарин. Таңдамалы шығармалары. Алматы. Қаз ССР Ғылым Акад. Баспасы. 1955. 414б. Байтұрсынов. Тіл тағылымы. Алматы. Ана тілі. 1992. 448 б.
Б.Нарқұлова. Қазақ тілі сабағында дидактикалық ойындарды қолдану әдістемесі. Ғыл.кан. дисс, Алматы, 2006.
М.Жазықбаев, Ә. Назашыбаева Бастауыш кластар үшін грамматикалық ойындар. Алматы. 1988.

**БАСТАУЫШ СЫНЫПТА
 ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ НЕГІЗДЕРІ**

Оразқан Алмагүл Сембайқызы – оқытушы, п.ғ. магистрі
Сыдықан Камила Болатқызы – 2-курс студенті
Жаркент гуманитарлық-техникалық колледжі

Аннотация: В статье представлены интерактивные методы, используемые при обучении казахскому и английскому языкам в начальной школе в рамках контента обновленного контента. Рассматриваются основы использования повествовательной, визуальной, выразительной, групповой, парной работы, мозговых атак и восприятия на слух и т. д. основы действия.

Ключевые слова: начальный, человек, интерактив, метод, слушание.

Түйіндеме. Мақалада жаңартылған білім мазмұны аясында бастауыш сыныпта қазақ және ағылшын тілдерін оқытуда қолданылатын интербелсенді әдістер көрсетілген. Әңгімелеу, көрнекілік, экспрессивтік, топтық, жұптық жұмыс, миға шабуыл әдістер мен тыңдалым, т.б. әрекеттерді қолдану негіздері қарастырылған.

Тірек сөздер: бастауыш, тұлға, интербелсенді, әдіс, тыңдалым.

«Тегінді сақтаймын десең, ұлыңды тәрбиеле, ұлтыңды сақтаймын десең, қызыңды тәрбиеле», – демекші, бүгінгі бала – ертеңгі ел келешегі. Оқытушының педагогикалық шеберлігінің негізі – оқушының өзіндік танымдық жұмысын ұйымдастыру, оқушының өздігінен оқып, ой-өрісін тереңдетуге баулу, ғылыми ізденіске жетелеуді көздейді. Мұғалімнің ең басты міндеті – рухани бай, жан-жақты дамыған дарынды тұлға қалыптастыру. Мектеп қабырғасында оқушының шығармашылық қабілетін дамытуға мән берілуі тиіс. Талантты дер кезінде танып, дарынды таңдап және олардың бойындағы ерекше қасиетті бағалап, өмірден өз орындарын табуға көмектесу қажет.

Ұлтты ұлт етіп, оны әлемдік деңгеге көтеретін – дарынды да талантты ұрпақ. Ғылыми ізденіске әр мұғалім оқушыны тыңдап, ортаға тартуға ықпал етеді. Оқушы бойындағы дарынын қырағылықпен көре білу мұғалім үшін аса маңызды қасиет. Ол үшін әр мұғалім өзі ізденіп, ерінбей еңбектеніп, баланың ерекше қабілеттерін байқауда күнделікті сабақта, тәрбие, үйірме жұмысында оқушыны үзбей бақылап, бала бойындағы дарындылықты немесе жүйелі білім алуға қабілетті тұлғаны анықтайды. Сол қызығушылығын туғызып, танымдық іс-әрекетті қалыптастыру үшін мейлінше интербелсенді әдістерді пайдалану қажет.

Интербелсенді әдістер – ең алдымен оқушы мен мұғалімнің қарым-қатынасы тікелей сұхбаттасу арқылы жүзеге асатын оқыту. Ағылшын тілінен келген «Inter» - өзара, «act» - әрекет жасау деген, яғни, біреумен сұхбаттасу, әңгімелесу немесе өзара әрекет ету мағынасын білдіреді екен.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 2011 жылғы Қазақстан халқына «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты Жолдауында: «Өмір бойы білім алу - әрбір қазақстандықтың жеке кредосына айналуы тиіс», – деуі, білім мен ғылымның өркендеуіне негіз болды. «Өмір бойы үйрену» (Life long learning) тұжырымдамасының негізгі қағдалары нәтижеге және оқушыға бағытталады. Өмір бойы оқып-үйрену келесі шарттарды ұстану арқылы жүзеге асырылады:

- Үнемі жаңа білім берумен иемденуге ұмтылу;
 - Оқу/оқытуда жаңашыл және интербелсенді әдістерді қолдану;
 - Оқу/оқытуды бағалау.[1]
- Интербелсенді оқыту әдістерінің артықшылықтары:
- оқушылардың қызығушылығын оятады;
 - оқу үрдісіне белсенді қатысқандарды мадақтайды;
 - көңіл-күйге бағытталады;
 - материалдардың тиімді игерілуіне мүмкіндік береді;
 - оқушыларға көп қырлы әсер етеді;
 - кері байланысты жүзеге асырады;

-оқушыларда өзіндік пікір, қатынас қалыптастырады; -мінез-құлықтың өзгеруіне әсер етеді.

Оқытудың интербелсенді әдістері және түрлері: топтық жұмыс, ой шабуылы, рөлдік ойын, ойын, жоба жасау, сұрау, сұхбат, сахналау.

Бастауыш мектеп – оқушыны тұлға етіп қалыптастырудың алғашқы баспалдағы. Баланың кейінгі және болашақтағы білімі бастауыш буындағы білімнің сапалығына тікелей байланысты. Кіші мектеп жасындағы оқушылардың негізгі ерекшелігі – білімді қызығушылықпен алуы. Ол үшін оқу үрдісін бала талпынатындай және қызығатындай ұйымдастыру керек. Алдына қойған мақсатқа жету үшін оқыту әдістері мен құралдарын іріктеу, оқу үрдісін құру – мұғалімнің құзырындағы іс.

Бастауыш сыныптарда қолдануға тиімді/тиімсіз интербелсенді әдістер 1-сынып сауат ашу пәні бойынша қолдануға тиімді әдістердің бірі «әңгімелеу» әдісі. Әңгімелеу – оқу материалын ауызша баяндау. А.Байтұрсынов: «Сөзден әдемілеп әңгіме шығару өнері үй салу өнеріне ұқсас», – дейді.[2] Сөз өнерінің айшықты болуы сөздің дұрыстығына, тілдің анықтығына, дәлдігіне, көркемділігіне, тіл тазалығына байланысты екенін дәлелдеп, алмастыру, кейіптеу, бейнелеу, әңгірелеу әдісінің мәнін ашады. Мектепке алғашқы рет келген баланың сөздік қоры мен сөйлеу қабілетін арттыру үшін қолайлы әдіс. Ал, бұл әдіс 1-сынып ағылшын тіліне көрнекілік әдісін қолданған жөн. Әл-Фараби атамыз: «Оқытудың негізгі әдісі – көрнекілік», – деп оның мақсаттарын, тәсілдерін (түсіндіру, әсерлендіру, есте қалдыру) ұсынады.[3]. Бастауыш сыныпқа топтық жұмыстан гөрі, ең басты еңбек түрі – ойын болғандықтан, тақырыпты меңгеруде нәтижелі болмақ. Мектеп табалдырығын енді аттаған балаларға шет тілін оқытуда естігенге қарағанда көзбен көріп, есте сақтау дұрыс болады.

Ж.Аймауытов көрсеткен алғашқы жылы тіл оқытудың түрлері:

- оқи, сөйлей білуге жаттықт ыру;
- жазуға, жазу сөзіне жаттықтыру;
- қатасыз жазуға (емле) үйрету. [4]

Коммуникативтік әдістің 4 бөлімі: тыңдалым, оқылым, айтылым және жазылым. Бұл әдіс Жүсіпбек Аймауытов негізін қалаған оқыту әдісі. Жазушының: «Бала әуелі өз бетімен сөйлеуге, жазуға төселіп, сонан кейін үлгілі сөздерге еліктеуге мүмкіндік берілсін» деген қанатты сөзін бағдарлама жасаушылары басты назарға алып, бүгінгі таңда әдіс мектеп қабырғасында қолданылып отыр. Яғни «тыңдалым» мәтіннің жалпы мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпаратты, мәтіннің астарлы ойын анықтау және жобалаудан тұрады. Ал «оқылым» әдісінде оқушы әртүрлі мәтіндерді түсіну үшін талдауды, мәтіннің мақсаты мен көзделген аудиториясын анықтауды, оқылым стратегиясын меңгереді. «Айтылым» диалог және монолог сөздерді құрастыру, өз ойын еркін жеткізу, дәлелдеу, пікірталасқа, дебатқа қатысуға бейімдейді. «Жазылым» әдісі арқылы эссе, шығармашылық хат жазу, ақпаратты графика, кесте, схема түрінде ұсынуды және аудиторияның көздеген мақсатын ескере отырып, әртүрлі мәтіндер құрастыруды үйренеді.

2-сынып. Экспрессивтік әдіс (бейнелеу, шығарма) – екі пәнді оқытуда қолайлы. Себебі, осы әдіс арқылы оқушыны басқа қырынан тануға болады. Баланың бейімі, шығармашылық ойлау деңгейі дамытады. Бұл әдісті сабақта қолдау түрі: сурет салғызу арқылы не болмаса сурет бойынша әңгіме құрастыру.

3-сынып. Топтық немесе жұптық әдіс арқылы оқушылар арасында ұйымшылдық, бірлестік атмосферасын жақсартады. Үздік оқушы басқа оқушыларға өз білгенін үйрету арқылы сынып бірлестікте жұмыс істейді. Жұптық әдісте ағылшын тілі пәнінде қолдану: оқушыларға тапсырма беру арқылы сол тапсырманы жанындағы көрші оқушы тексереді немесе бір тапсырманы бірлесе отырып орындайды. Мысалы, суретке карап диалог құрау, сұрақ-жауап әдісі де қолданылады және жұптық әдіс қолданылады.

4-сынып. Миға шабуыл әдісі – логикалық сұрақтар қою арқылы оқушылардың өз ойын жеткізуге, жан-жақты ойлау дәрежесін дамытады және де сөздік қорын кеңейтуге көмек береді. Бұл жерде оқушыға баға қоймау керек, барлығын қабылдау қажет. Себебі, ол оқушының өз ойы.

4-сынып оқушыларына ойын әдісіне қарағанда, сабақта көбіне ой қозғайтын, оқушының ізденісін, қызығушылығын оятатын әдістер таңдаған абзал.

Жалпы бастауыш сынып оқушыларын ағылшын тілін үйрету барысында тыңдалым әрекетінің ықпалы зор. Әсіресе, ән тыңдату тілдік қарым-қатынас құралы ретінде жаңа сөздер мен сөз тіркестері құралып оқушының сөздік қорының молаюына ықпал етеді. Ән, өлең тыңдау кезінде таныс лексика оқушы есінде тез жатталады. Шет тілінде ән айтып үйрену барысында оқушы дыбыстарды дұрыс атап үйренеді, сөйлемге дұрыс екпін қояды. Әнмен жұмыс істеу барысында оқушының көңіл-күйі көтеріліп, тілге деген қызығушылығы арта түседі. Сабақ барысындағы әндер мұқият жас ерекшелігі ескеріліп таңдап алынуы тиіс. Бастауыш сынып барлық білімнің қалауының негізі. Бастауыш сынып оқушыларына нені үйретсең соны нағыз санасына сіңіретін нағыз қабылдау асында болғандықтан, мейлі қандай тіл болмасын тез игеріп алуға болады.[5] Бұрын оқытылып жүрген грамматика мәтіндерді талдау, талқылау арқылы үйренеді. Тілдік пәндердің ережелерін іс-әрекет, сөйлеу негізінде үйренеді.

Құзыретті мұғалім – қай кезде де ең алдымен кәсіби деңгейі жоғары, интеллектуалдық, шығармашылық әлеуметі мол тұлға. Ол оқытудың жаңа тенденцияларын мірге ендіруге дайын, оқу-тәрбие ісіне шынайы жанашырлық танытатын қоғамның ең озық бөлігінің бірі деп есептелінеді. Және солай болуы тиіс. Мұғалімдер оқушы дамуына көп мән беруді және осыған сәйкес оқу үрдісін құруды ойластырады. Менде өз сабағымның оқушыға ұтымды болуын мақсат етіп қоямын. Сабақ барысында ақпараттық, сын тұрғысынан ойлау тенденцияларының және де түрлі интербелсенді әдістерді қолданамын. Бұл әдістер оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыруда алатын орны ерекше. Оқушылардың ойы шындалып белгілі бір жетістіктерге жетеді, танымдық белсенділігі артып, өз бетінше талпынады.

Бастауышта оқу мазмұнының – баланың функционал-

ды сауаттылығын қалыптастыру, ойын еркін жеткізуге, өзін-өзі бағалауға үйретуді көздейді. Мектептегі оқушы алған білімін болашақ тұлға болғанда, пайдалана алуы қажет. Мұғалімдер қауымы тынымсыз, интербелсенді еңбек арқылы жоғары нәтиже көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Н.Назарбаев 2011 жылғы Қазақстан алқына Жолдауы

2. *bilim_all.kz сайты*

3. Тұрғанбаева Б.А. *Дамыта оқыта технологиялары. Алматы. 2000 ж, 9-10 бет*

4. «Алаштың тілдік мұрасы» Алматы, 2009 ж, 207-бет

5. «Шет тілін оқытуда бейнефильмдерді қолдану» Е. Нұрланбекова. *Шет тілін оқыту әдістемесі. 2005 ж, 17-18 бет*

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ОҚУШЫЛАРҒА ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІЗДЕНІС БАҒДАРЫН БЕРУ

Сыдыкова Инабат Лельянина

№185 жалпы білім беретін мектептің бастауыш сынып мұғалімі

Алматы қаласы

Түйіндеме. Мақалада бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық ізденістеріне жол ашатын тәсілдер қарастырылған.

Summary: The article provides an overview of ways in which creativity can be found in primary school pupils.

Бастауыш сыныпты оқыту ізденістері мұғалімнің үлкен шығармашылықпен жұмыс істеуін талап етеді. Шәкірттер талапты да талантты, ақылды. Әрбіреуінің өз ерекшелігі бар. Алайда соның әрқайсысының бейімділігі мен қызығушылығын анықтап, шығармашылық ізденісін өрістетуге мұғалім еншісінде.

Жаңа білім мазмұнына сай, мұғалімнің жұмыс жүйесі алға қойылған мақсатқа негізделіп, оқушының жан-жақты жұмыс істеу мүмкіндіктеріне жол ашатын міндеттерге сай құрылуы қажет.

Бастауыш сынып мұғалімінің, бастапқы жылда болмаса, өз сыныбындағы оқушыларды келесі жылдарында зерделеп зерттеуге толық мүмкіндігі бар. Әр баланың неге құлықсыз немесе неге қызығатыны, оның ойын өзгертуге не әсер ететіні, алдыға қойған мақсаттарын жүйелеу мен өз өмірінде білімдерін қолдана алуға баулу мұғалімге ірі міндеттер жүктейді. Бастауыш сынып – мұғалімнің мүмкіндігі мол зертханасы. Жоғарыда көрсетілген сызбадағы міндеттерді жүзеге асыруға берілген толыққанды зерттеу жылдары да жеткілікті. Тек мұғалімнің өзіндік жұмыс бағдары мен жүйесін анықтап алғаны орынды.

Оқушы қызығушылығы, оның өз мақсаттарын жүйелеуіне жол ашу

Ұзақ мерзімді жоспар негізінде қарастырылатын сабақ мақсаттарын оқушы мақсаттарымен ағастыра қарастырып, мақсат көкжиектерін тануға ұмтылдыру. Білім мазмұнын игертуде оқушылардың мүмкіндігін өрістететін білім беру мен іс-әрекет белсенділігін арттыратын әдіс-тәсілдерді ұтымды пайдаланып, өміршең мақсаттарға жету жолдарын жүйелеуге дағдыландыру. Теориялық білім тәжірибемен, нақты мысалдар арқылы қарастырылып, сабақ мақсаттары негізінде оқушы өз қажеттілігін анықтап, игерілген білімді қолдана білуге баулу

Ұлттық дүниетаным тәжірибесі және өмірмен байланысты жағдаяттарға негізделген білім көзін меңгеруіне жағдай жасау

Ұлттық тағылым, халық даналығы, тарихи-әдеби

мұралар, қазақ даласының ұлылары мен ақын-жазушыларының шығармаларына негізделген тапсырмаларды пайдалану. Тапсырмалармен жұмыс барысында жағдаяттарды талдау, зерделеу зерттеу, тұжырым жасау, өзіндік көзқарасын қалыптастыруға мүмкіндік беру

Оқушының сыни ойлау, саралап сараптау тұжырымы мен шығармашылық ізденісін ұштау

Берілген тапсырмалардағы негізгі мәселе, құнды ақпаратты танып, талдап, қажеттіні ала білу мүмкіндіктерін дамыту. Қарама-қайшылықтар болған жағдайда тығырықтан шығу, икемділік, тапқырлыққа жетелеу жұмыстарын қарастыру. Іс-әрекетті ғылыми тұрғыдан бағалау, болжам жасау, нәтижелі жұмыс жасауға жетекшілік жасау

Бұл айтылған дүниелер жыл бойы жүргізілетінін ескерсек, әр сабақта жеке немесе топтық жұмыс барысында оқушылардың осы бағытта қаншалықты жұмыс нәтижесін көрсететінін бақылау мұғалімге мол жауапкершілік жүктейді. Оқушы бойындағы өзгерістер немесе осы бағытта жүйелі жұмыс жасауға бейімделуі тек тапсырмамен жұмыс барысында ғана емес, сергіту сәтінде де, кері байланыста да анық көрінеді. Демек, баланы қанаттандыру, дамыту кеңістігі шексіз.

Әр оқушы – өзінше бір құбылыс. Оқушы мен мұғалім арасындағы байланыс қандай болуы керек?

Мектеп оқушысының мінез-құлқы, ойлануы, кенеттен сұрақ қоюы мен сізбен ой жарыстыру әрекеттері біздің көз алдымызда және күнделікті көрініс. Бұл жердегі ұстаз мақсаты – оқушы пікірімен санасу, оның ойын танып, саралау арқылы өзі айтатын мәселеге әкеп тіреу. Ұстаз бен шәкірт арасындағы сұхбат, кішігірім пікірталас шығармашылыққа бағдар беретін ойқозғау болуы керек.

Осындай игілікті мақсатта пікір алмасуға шақырып, ой тудыратын ұлы тұлғалардың пікірлері мен даналық сөздері берілген мысалды келтіре кетсек.

Тұлғалар пікірі мен даналық сөздер Тапсырма түрлері

Шешеннің тілі – шебердің бізі.
(Абай) Мағынасын қалай түсіндіріп берер едің? Теңеуді өзге сөзбен алмастыру мүмкін бе?

Ақыл, ой, білім – әр адамның сәулеті.
(Халық нақылы) Осыны түрлі символ, сызбамен құрастырып, сәулеттік ескерткіш формасында ұсын. Өз идеяңды түсіндір.

Белгісі болса, жолдан жаңылмас,
Білімі болса, сөзден жаңылмас.
(М.Қашқари) Топтарға бөлініп, әр жолына байланысты арнайы белгілері бар мекенжай картасын жасандар. Өз ойларыңды дәлел, себептермен түсіндіріңдер.

Көріп отырғандай, тапсырма сұрақтары – сұхбаттасуға жетелейтін соқпақ болумен қатар, оның өз ортасында пікір алмасуына, өз ойын тұжырымдауына бағдар.

Шәкірт пен ұстаз арасындағы ынтымақ пен үйлесім, үндестік туралы мәселе күн тәртібінен түскен емес. М.Жұмабаев «Баланың берік хәм дұрыс мінез пайда болу үшін мынау негізгі екі шартты орындау керек.

1. Баланың өз қолынан келетін іске толық ерік беру. Басқаның күшіне, көмегіне сеніп кетпей, өз қолынан келетін істе ғана тәрбиеші көмек көрсетіп жіберуге міндетті, күштен асатын іске кірісіп, тауы шағылмас үшін.

2. Баланы құбылмайтын, ұсақтықпен қажытпайтын темір тәртіпке (дисциплина) бағындыру керек. Баланы еркіне жіберу – оны ерлік, батырлыққа үйретсе, темір тәртіпке бағындыру – оны шыдамдылыққа, табандылыққа үйретеді. Осы екі жақ тең адамның мінезі күшті болмақ қой. Баланы еркіне жібермеу оны жасқаншақ, жасық, қорқақ қылады. Ал тіпті тізгінсіз қоя беру, ләм-мим демеу, оның бар еркелігін орындай беру, баланы бейбастақ, ессіз тентек қылып шығарады.

Осы екі жақтың біреуіне аударып жібермей, баланы ортада ұстай білу үшін тәрбиеші мынаны істеу керек:

1) Балаға бір нәрсені істе дегенде ақырмай-бақырмай, салмақпен хәм былай да жарайды, былай

да жарайды деген сықылды табансыздық көрсетпеу керек. Тәрбиешінің табансыздығын сезсе, бала оны сыйлаудан, тілін алудан қалады. Және тәрбиеші өзі ісіне тиянақты, табанды болуға керек. Бала адам айтар емес еліктемпаз болады. Тәрбиеші тиянақты болса, бала оның тиянағына еліктейді. Тәрбиеші тиянақсыз болса, бала оның тиянақсыздығына еліктейді.

2) Балаға бір нәрсені істе дегенде де, сол бұйрықтың себебін ұққандай қылып, балаға ұқтырып отыруға керек. Себебін ұқса, біраздан соң бала өз бетімен-ақ дұрыс іске ұмтылып, теріс істен тыйылатын болады. Ерінбей, жалықпай балаға әрбір істің себебін ұқтыра беру керек. Мән-жайын ұқтырмай құр бұйрық беруші адам тәрбиеші емес. Данышпан Абай айтқандай, ұстаздық қылған жалықпас, үйретуден балаға. Тәрбиеші баланың қаһарлы қожасы болмасын, жұмсақ жолдасы болсын» деп өзінің «Педагогикасында» атап көрсеткен.

Шығармашылық бағытта жұмыс жасауға үйретудегі игі нәтижелеріміз төмендегідей болады деп күтіледі:

1. Әр сабақ тақырыбы шәкіртке құр тақырып ретінде емес, өмірге қажетті білім көзі ретінде қызмет еткізеді;

2. Баланың сабаққа зейіні мен қызығушылығын оятады;

3. Тұлғалық болмыс пен бітімнің қалыптасуына мүмкіндік туады;

Бастауыш сыныпта оқушыларға шығармашылық ізденіс бағдарын беру – әр мұғалімді толғандыратын ізденіс. Оны үлкен ізденіспен жүзеге асырап болсақ, алынатын нәтиже де іргелі болады. Осы бағытта ой бөлісуді басты парызым ретінде қарап, өз тәжірибеммен бөлістім және өзге әріптестердің тәжірибесімен де қуана танысар едім.

ҚАЗАҚТЫҢ КИІЗ БҰЙЫМДАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ЕРЕКШЕЛІГІ

А.Құрман

№42 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Алматы облысы, Іле ауданы

Түйіндемe. Мақалада қазақтың киіз үй жабдықтары атаулары мен оның ерекшеліктері туралы айтылады. Киіз үйдің күнделікті тұрмыста атқаратын қызметі мен ерекшелігі.

Түйін сөздер: киіз үй, уық, шаңырақ, кереге, сырмақ.

Аннотация: В статье описываются названия казахских юртов и их особенности национальной названий оборудования. Их особенности и роль в повседневной жизни.

Ключевые слова: юрта, шанырақ, кереге, сырмақ.

Abstract: The article describes the names of the Kazakh yurts and their features of the national names equipment. Their features and role in everyday life.

Key words: yurt, shanyrak, kerege, syrmaq.

Киіздер мен текеметтер қай заманда да тұтынушылардың қажеттіліктерін өтеп келгендігі даусыз. Дегенмен, қоғам дамуы мен тұрмыс мәдениетінің өсіп-өркендеуіне қарай бұл бұйымдардың осы күйінде кейде тазалыққа, тұтынуға тиімсіздігі байқала бастаған.

Осыған орай адамдардың тұрмыс деңгейінің, талап-талғамының өсуінің әсерінен қолдануға ыңғайлы, жеңіл әрі көркем, көлемі шағын төсеніштер пайда болды. Сырмақтың пайда болуына о баста тұрмыста кездесетін қарапайым жағдайлар себеп болған тәрізді. Айталық, көнерген киіздерді қабаттап төсеу, одан соң



оны қобырай бермеу үшін қабаттап көктеу. Осындай жағдайдан бара-бара қабаттауды белгілі бір пішінге келтіріп, ықшамдап төсеніп, көктеуді де бірте-бірте жиі тігістерге ауыстырып, одан әрі сыруға көшкен деп санауға болатын сияқты. Алғашқы сырмақ пішіні осылай қалыптасқан. Бұдан әрі басылған кесек киіздерден қалаған мөлшерде кесіп алып, оны қабаттап сырып, шағын төсеніштер жасала бастаған.

Киіз үйдің сүйегі. Киіз үйдің негізгі қаңқасын (кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық) сүйегі деп атайды. Киіз үйдің сүйегі жасалатын «үй ағашты» алты немесе бір ай даярлайды.

Киіз үйдің ішкі баулары. Киіз үйдің сүйегін бір-бірімен ұластыру мақсатында мынадай бау-құрлар қолданылады: Таңғыш, Бас арқан, Шалма, Желбау, Басқұр, Үзік бау, Бел-бау, т.б.

Қазақтың киіз бұйымдары: Текемет, Сырмақ, Сырдақ, Тұс киіз, Сырмақ

Киіз үй ауа райының қандай жағдайында пайдалануға өте ыңғайлы. Ішіне жарық жақсы түседі, ауа алмасуы талапқа сай, жел, дауылға көп шайқалмайды. Берік, төбесі жадағай емес, күмбез болып келгендіктен жаңбыр өтпейді, жинап тігуге оңай. Киіз үйдің негізгі қаңқасын (кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық) сүйегі деп атайды. Киіз үйдің сүйегі жасалатын «үй ағашты» алты ай немесе бір даярлайды.

Кереге – киіз үйдің негізгі қаңқасын құрайды. Керегенің әр ағашын желі, ал керегелік желінің ең ұзынын – ерісін, қысқалауын – балашық, ең қағасын – сағанақ деп атайды.

Керегенің көктеліп біткен әр бөлігін қанат деп атайды. Қанат саны (3 қанаттан бастап 12 қанатқа дейін) үй көлеміне қарай көбейе береді. Керегенің бас санына қарай уық саны азайып, көбейіп отырады.

Уық – кереге басы мен шаңырақты ұстастыратын ағаш. Ол сәмбі талдан жасалады. Уықтың кереге басына байланатын жағы жалпақтау, имектеу болып келеді, мұны уықтың иіні деп атайды.

Уықтың жоғары тұзу жағын қары, шаңырақ көзіне сұғынатын төрт қырлы ұшын қаламы дейді. Уықтың кеңреге басына байланатын жағын тесіп, бау өткізеді, оны уық бау дейді.

Шаңырақ – киіз үйдің еңсесін құрап, тұтастырып тұратын күмбез. Оны көбіне тораңғыдан, сом қайыңнан иіп қиюластырады, қоспаларын жылтырауық металмен, күміспен құрсайды. Шаңырақтың дөңгелек шеңберін тоғын дейді. Оған уық сұғынатын төрт қырлы көз - қаламдықтар теседі. Түндікті көтеріп тұру үшін және киіз үйдің төбесіне жауын – шашын іркілмеуі үшін 45 градус шамасында айқастыра бекітілген ағаштарды күлдіреуіш деп атайды.

Сықырлауық (жарма есік) кереге шеңберін тұйықтап, киіз үйге кіріп – шығатын есік қызметін атқарады. Ол табалдырық пен мандайшадан, қос босағадан және жарма беттерден құралады.

Киіз үйдің ішкі баулары: Киіз үйдің сүйегін бір-бірімен ұластыру мақсатында бау-құрлар қолданылады.

Таңғыш – екі керегенің сағанағын (жігін) кіріктіріп таңатын өрнекті жіңішке құр.

Бас арқан – керегенің басын сыртынан бастыра орап таңатын қыл – арқан.

Шалма – уықтарды ығып кетпеуі үшін шалмалап байлайтын құр.

Желбау – өрнекті, төгілме шашақты құр, шаңыраққа үш жерден байланып, керегеге асылады, киіз үйге сәндік жиһаздық сипат береді. Оның негізгі міндеті – дауыл кезінде шаңырақты салмамен басып тұру.

Басқұр – киіз үйдің ішін безендіру үшін, әр туырлықтың кереге басына үйкелмеу үшін уық пен керегенің түйіскен жерін сыртынан бастырып тағатын, өрнекті жалпақ құр.

Үзік бау – үзіктің екі жиегінен екі немесе үш жерден айқастыра тартып керегеге байлайтын жалпақ терме бау.

Бел-бау – туырлықтың керегеге тығыз жатуы және жел көтеріп кетпеуі үшін сыртынан бастырып буатын қыл арқан.

Киіз үйдің шилері.

Кереге мен туырлық арасынан айналдыра тұтылатын шилер туырлықты кереге көгінің жылуынан қорғап, киіз үйдің сырт пішінін жұмырлай түседі. Қой жүнін бояп, әшекейлеп орау арқылы тоқылған шиді шым ши деп атайды. Ши кейде тамақ қоятын сол жақ босағаға да тұтылады.

Киіз үйдің сыртқы жабдықтары – күн сәулесін және тамшы өткізбеу, жылу сақтау қызметін атқарады. Оларды пісірген ақ шаңқан киізден пішіп, ою - өрнектермен безендіреді.

Туырлық – керегенің іргесінен уықтың ортасына дейінгі жерді, үзік кереге басынан шаңырақ шеңберіне дейінгі аралықты жауып тұрады.

Киіз есік – сықырлауықты жауып, шаңырақ арқылы өткізіп байланады. Киіз есіктің сыртқы киіз, ортасы ши, астары жарғақ теріден жасалады.

Түндік – шаңырақты, киіз есікті туырлық шетін бастыра жабылады. Түндіктің төрт бұрышына түндік бау байланады. Түндікті ық жақтан қайырып ашады, әйтпесе жел көтеріп, желпіп кетуі мүмкін.

Киіз үйдің жиһаздары:

Абажа – тамақ пен ыдыс-аяқ сақталатын кебеженің үлкен түрі. Ағаштан жасалып, киізбен, былғарымен қапталған.

Кебеже – сүр ет, құрт, шай салып сақтау үшін ағаштан жасап, өрнектеген үй жиһазы.

Әбдіре – зат сақтайтын үлкен сандық. Сырты қаңылтырмен әшекейленіп қапталады.

Ағаш төсек – жату үшін пайдаланатын үй жиһазы.

Асадал -тамақ пен ыдыс-аяқ сақталатын кебеже.

Жастықағаш – ерте кезде жастықтың астына салынатын ағаш тиянақ.

Адалбақан – киім ілуге арналған үй жиһазы.

Жұқаяқ – үйде жүк астына қоятын ағаш зат.

Сандық – киім-кешек т.б. зат салуға арналған үй жиһазы.

Алаша – әр түрлі түске боялған жүннен тоқылған төсеніш. Көп мәнерлі өрнектер түсіріп тоқиды.

Бөстек – малдың не аңның жұмсақ терісіне киізден астар салып жасалынады.

Сырмақ – киізден сырып, оюлап жасалған төсеніш. Ақ-қара киіздер бөлек-бөлек даярланып бір-біріне беттестіріп, қиюластырып тігеді.

Түскиіз – сәндік үшін төсектің тұсына тұтатын үй бұйымы. Киіз үстіне барқыт, шұға, жібектерден ою-

өрнектер тігіледі.

Қазақтың киіз бұйымдары

Киіз басып, одан алуан түрлі дүние-бұйымдар жасау қазақтың ең ежелден келе жатқан колөнері. Киізбен үйді жапқан, жерге төсеген, керегеге керген. Сол киізден кебеже, сандық қаптайтын әбдіреқаптар, ыдыс-аяқ салатын аяқ-қаптар жасаған. Одан кебенек, киіз қалпақтар мен киіз байпақ тіккен. Ер тұрманның терлігі мен тоқымы, тебінгісі киізден болған. Тағы басқа да тұрмысқа қажетті бұйымдарының көбіне киізді қолданған.

Киізден жасалған дүниелердің көбі негізінен киіз үйдің ішін безендіруге арналған. Қазақтың қолданбалы әсемдік колөнерінің үлгісі болатыны да осы заттар.

Олардың арасындағы неғұрлым кең тарағандары:

Киіз – ақ немесе басқа түстерден басылған, киіз үйдің жабуына қажетті туырлықтар, түндіктер және шаруашылыққа қажетті бұйымдар жасайтын жұмсақ жүн;

Текемет – киіз үйдің ішіне төселетін жайма киіз;

Сырмақ – басылған киіздің бетіне екі түрлі өрнек, бояумен жиектеліп, жұқа жүннің үстіне матамен сырлылып жасалатын төсеніш кілем;

Сырдақ – киіздің үстіне алуан түсті жүн жіптермен кестеленіп тігілген төсеніш кілем;

Жүнді бояу үшін қазақтар ХІХ ғасырдың ортасына дейін әр алуан өсімдіктердің тамырларынан қайнатылған тұнбаларды және минералды тұздарды пайдаланған. ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап Қазақстанға анилин бояулары әкеліне бастады да, ол бірге-бірте табиғи боямаларды ығыстырып шығарды. Киіз үйдің бүкіл ішін алып жататындай аса үлкен, ауыр текеметтердің бетіне ақ, қызыл немесе көкке боялған, ірі өрнектермен иректеліп басылған жұқа жүн тартылады. Оның дайындалуы, киіздің үстіне басылу техникасы сырмаққа қарағанда неғұрлым жеңілдеу болғандықтан да ою өрнектері кейде басылған киіздің түсімен астасып, графикалық кескіндері шашыраңқы келеді. Осының өзі оған ою өрнектің жалпы түспен үйлескен жеңілдігін береді. Оюдың бір желісін жүргізуші шебер неғұрлым алуан түсті етіп көрсету үшін кезек-кезегімен түрлі түсті жүндерді жиі қосып отырған. Оны қай түсті бояуының басымдылығына қарай әр түрлі атайды, мысалы сарала текемет, қарала текемет, қызылала текемет т. с. с.

Сырмақ – мозаика техникасымен жасалған киіз кілемнің бір түрі. Сырмақ жасау өнерінің терең тамыры халық шеберлерінің ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырған, ежелден қалыптасқан дәстүрінде жатыр. Мұнда бәрі біртұтас келісім тапқан. Мозаикалық техниканы пайдаланудың өзі, яғни, жүннің бір түсінің екінші түспен қабыстыра жиектеліп сырлылуы кілемнің төсеніш ретінде қолданылуына сай келеді. Мұндағы ою өрнек киіздің бетіне біркелкі сыртылып, оны мезіліс тозудан сақтайтын болғандықтан, бұл жерде жапсырудың да, кестелеудің де қажеті жоқ. Сырмақтар тозбайтын мықтылығымен ерекшеленеді. Жақсы сыртылған сырмақтар 50 жылдан астам уақытқа дейін шыдас береді. Оған қоса, сырмақ сыруға жүн өте аз мөлшерде пайдаланылады. Сімер оюшы бір түсті жүнді екіншісінің үстіне салады да, өзінің ойына алған өрнегін жасайды. Және сол өрнектің екі жақ шетін

бірдей жиектей келіп, ортасын сырады. Одан соң ақ жүнге қара, не қоңыр, я болмаса керісінше қоңыр түске ақ жүн қапсырылады. Сонда сырмақтың өрнектелген бетінде екі түрлі үйлесімді түс пайда болады. Бірінің үстіне бірі салынған жүндерді қабыстыра келіп, астындағы киіздің бетіне салады да, оны жиілеп сырады. Және ол салынған ою өрнекпен жиектеліп, бірге сыртылады. Түрлі түсті жүндердің қосылған тұсындағы тұйық желісіне бояулы жіп тігіледі. Жалпы сырмақтар ұстамды, сабырлы сұңғаттылығымен ерекшеленеді. Егер текеметтерде көбінесе жануардың болмысын ойға салатындай оюлар қолданылса, сырмақтарда өсімдік нышандарын бейнелеу басым. Сырмақтың орталық алаңы бар, ол өрнектермен бөлінеді де, көбінесе ешкі жүнімен шашақталып, әдіптеледі. Әдетте оларды шашақты сырмақ деп атайды[2,41].

Қазақтың қабырғаға ілетін кілемдері – түскиіздері, тік бұрышты жалпақ киіз бетіне қызыл және қара барқыт немесе шұғамен күрделі өрнектеліп, кестеленген әдемі өнер туындысы. Түскиізді қазақтар әдетте керегеге керіп, төсектің тұсына ілген. Оның «түскиіз» аталуы да «түс» деген түбірден шыққан. Ол киіз үйдің ішіне сән беріп, әрі суықтан қорғаған. Оны жасауға мозаика, өрнектеп жапсыру және кестелеп тігу тәсілдері қолданылған. Алғашқы екі тәсілмен жасалған түскиіздер ішкі тұзу бұрышты жиектеген П әрпі тәрізді кескінмен көмкерілген. Оның өрнектелуіне зооморфтық, яғни хайуанаттар болмысы және өсімдіктерді бейнелейтін нышандар бірдей пайдаланылған. Кестеленген түскиіздер өзіндік өрнектерімен және композициялық шешімдерімен ерекшеленеді – орталық алаң қашанда жиектелген өрнек арқылы тұйықталған және онда алуан түрлі өсімдіктер нышаны басым. Ал, кестеленген түскиіздердің ең басты ерекшелігі өрнектер алдымен матаның (барқыт, шұға, мақта-мата кездемелері) бетіне кестеленіп безендіріледі де, содан соң барып, киіздің бетіне тігіледі. Мозаикалық және өрнектеп жапсырылған түскиіздер Шығыс, Оңтүстік шығыс, Орталық және Оңтүстік Қазақстан аудандарында, сондай-ақ, Батыс Қазақстанның кейбір аймақтарында кездеседі.

Киіз қапшықтар, ыдыс-аяқ салатын аяқ қап, кебеже, сандық салатын әбдірақаптардың тұрмысқа пайдалы болғандығынан да киіз үйдің ішін әдемілеп, көркем безендіруге алатын орыны ерекше маңызды болды. Бұл жиһаздар көркемдігімен көз тартады. Жұқа ақ киіздің бетіне еркін орналасқан ою өрнек үлкен киіз кілемдердегі қатаң тәртіппен жүйелі салынған күрделі кестелеулерге қарағанда жеңілдік, әдемілік және талғампаздықты сездіреді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Ж.А. Манкеева. Қазақ тіліндегі этномадени атаулардың танымдық негіздері: оқу құралы - Алматы: Жібек жолы, 2008. – 356б.*

2. *Шаңырақ" қысқаша үй-тұрмысы энциклопедиясы, Қазақ Совет энциклопедиясының бас редакциясы, Алматы, 1989 ж.*

3. *Аймауытова Ә.Б. Қазақ тіліндегі киім атауларының этнолингвистикалық табиғаты. ф.ил. канд. дисс. Алматы. 2004ж.*

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ АЯСЫНДА САБАҚТА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІҢ ТИІМДІЛІГІ

Б. Дусипова

№42 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Алматы облысы Іле ауданы

Түйіндеме. Мақалада қазіргі жаңартылған білім беру мазмұнының орта мектепте оқытудың әдіс-тәсілдері мен ерекшеліктері туралы айтылады. Қазіргі жаһандану кезінде оқытудың парадигмасы өзгерді яғни, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты орта білім беруде пәнді жетік меңгерудің көптеген әдіс-тәсілдері қалыптасып жатыр.

Кілт сөздер: жаңартылған, білім беру, парадигма, бағалау, әдіс, тәсіл

Аннотация: В статье рассматриваются современные методы обучения и методика обучения в общеобразовательной школе. В современной глобализации изменилась парадигма преподавания, что означает, содержание образования было обновлено и появились новые подходы. В связи с этим существует множество способов изучить предмет о среднем образовании.

Ключевые слова: обновление, образование, парадигма, оценка, метод.

Abstract: The article discusses modern teaching methods and methods of teaching in a secondary school. In modern globalization, the paradigm of teaching has changed, which means that the content of education has been updated and new approaches have emerged. In this regard, there are many ways to study the subject of secondary education.

Keywords: renewal, education, paradigm, assessment, method.

Өз ұлтының бақытты болашағын, кемел келешегін ойлаған, төрт құбыласы түгел, қуатты мемлекет құруды мақсат еткен Елбасы Н.Назарбаевтың «Интеллектуалды ұлт-2020» ұлттық жобасын ұсынғандағы басты мақсаты – жан-жақты дамыған білімді, мәдениетті, отаншыл, ұлтжанды ұрпақ қалыптастыру болатын. Ұлттық жоба үш негізгі аспектіні қамтиды. Біріншісі, қазақстандық білім жүйесін дамытуда серпіліс жасау. Бұл қазіргі таңда білім беру үдерісіне айрықша назар аударуды талап етеді. Өйткені ұлттың дамуының негізі дұрыс білім ала білуде. «Интеллектуалды ұлт» жобасының екінші аспектісі – ғылым саласын дамыту мен еліміздің ғылыми потенциалын арттыру. Жобаның үшінші бағыты – қазақстандықтардың жаңа генерациясын қалыптастыруға бағытталған инновациялар жүйесін дамыту. Білім беру саласындағы бүгінгі таңдағы өзгерістер осы ұсынылып отырған үш аспекті негізінде білім алушылардың өзіндік көзқарасы қалыптасқан тұлға болып шығуына жол ашады. Білімді реформалаудың басты міндеті – мемлекеттік білім беру жүйесін үздік үлгіге сәйкес әлемдік деңгейге көтеру.

Қазіргі жаһандану кезінде оқытудың парадигмасы өзгерді яғни, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты орта білім беруде пәнді жетік меңгерудің көптеген әдіс-тәсілдері қалыптасып жатыр. Дамыған қай елді алсақ та оның өсіп-өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа сапалы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру – бүгінгі күннің басты талабы болып отыр.

Педагогикалық тәжірибе барысында, қазақ тілі пәнінен 6-сыныпта «Әлемнің жеті кереметі» бөлімі бойынша сабақта «Миға шабуыл» әдісін қолдану үшін

«АКТ»-ны пайдаланып тақырыпты ашатын суреттер көрсету өте тиімді екенін өз тәжірибемде байқадым. Оқушылар сыни ойлана отырып, тақырыпқа өздері шықты және сабақ мақсатын өздері анықтауға қадам жасады. «Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдерді» қолдану үшін «Джигсо» әдісінде топтық жұмыс тиімді жүзеге асырылып, оқушылар бір-біріне түсіндіру арқылы өздігінен жұмыс жасап, диалогке түсуге тырысты. Бұл тапсырманың тағы бір тиімділігі ол тыңдалым, айтылым дағдыларын қалыптастыруға ықпал ете отырып, оқушының сыни ойлауына жол ашады. «Ұшақтағы сұрақ» әдісі бойынша оқушылар қағаздан ұшақ үлгісін жасап, оған бірігіп жазылатын және дефис арқылы жазылатын сөздерді жазды. Ұшақты басқа топтарға ұшырып, ұшақ қонған топ ұшақта жазылған сөздердің орфографиялық қателерін тапты. Осы тапсырманы орындау барысында оқушылар бірін-бірі, өздерін -өздері бағалау арқылы сабақтағы жұмыстың нәтижесін көрсетті. Әрі сабақ дәстүрлі сабақтан өзгеше әрі қызықты. Бұл әдісті қолдану нәтижесінде «Оқу үшін бағалау және оқуды бағалау» тиімді жүзеге асты. «Семантикалық карта» әдістері арқылы оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай берілді, жеке жұмыс ретінде дұрыс және бұрыс мәліметтерді анықтады.

Екінші сабақтағы «Қазақстанның жеті кереметі» атты эссені жеке жұмыс түрінде жазып, топта талқылап, топтағы үздік эссені жариялау үшін «Ыстық орындық» әдісін қолданса сабақ өте қызық әрі тиімді өтетініне көз жеткіздім. Бұл әдіс «дарынды және талантты балаларды оқытудағы» оңтайлы әдістің бірі болды деп ойлаймын.

«Бағдаршам», «Бес саусақ», «2 жұлдыз 1 тілек» арқылы қалыптастырушы бағалау жүрді. Мұғалім мен оқушылар өздерінің қандай мақсатқа жететіндіктерінің өлшемдерін түсіну, оқушыны ынталандыру, ішкі уәжін оятып, мақтау-мадақтау арқылы

табысқа жетелеу бағытында бұл тапсырмалар тиімді болды. Бұл оқу үдерісінде оқушының сын тұрғысынан ойлау, диалогтік оқыту, өзін-өзі бағалау, ойын ашық айту, тұжырым жасау, басқаның пікірін тыңдай білу, ынтымақтастық, шешім қабылдау, есте сақтау дағдыларын қалыптастыруға жасалған қадам болары сөзсіз.

Үшінші, «Қазақстанның ғажайып мұралары» атты сабақта «Тоғысқан пікірталас» әдісі арқылы «Домбыра – қазақ халқының мұрасы» тақырыбында пікірталас жүргізілді. Бұл әдісті сабақта қолдануда оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын және көшбасшылық қабілетін бақыладым. Сабақтарда қолданылған бұл модульдер жаңартылған білім беру аясында оқушының сәтті білім алуына тиімді болғандықтан таңдап алдым.

«Әлемдік мәдени мұралар» атты тақырыпқа оқушыларға психологиялық жақсы көңіл-күй орнату үшін әр елдің амандасуын алдым. Жасыл түс көрсетілгенде, мұсылманша амандасады, қызыл түсте – Жапонша амандасады, сары түсте – Ганго тайпасындағыларша секіріп амандасады. Бұл амандасу оқушылардың көңіл-күйін көтерді. «Суреттер сөйлейді» әдісінде «АКТ»- ны пайдаланып суреттер көрсету арқылы жүргізілді. Осы тапсырма арқылы болжау, жобалау, сын тұрғысынан ойлау, диалогті оқытуды сабақта қолданылса оқушылар үшін тиімді және табысты болады. Себебі, сабақ барысында ашық сұрақтар беру арқылы сыныпта көп сөйлемейтін оқушыларды диалогке тартып, олардың сабақта белсенділіктерін арттырдым. «Жигсо» әдісі бойынша мәтін бөлшектегі топтарға берілді. Яғни, топ мүшелері келесі топқа түсіндіру арқылы алдыңғы алған білімдеріне сүйеніп, мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты ортаға салды. Тапсырманы орындауда «Дарынды және талантты балалар» көшбасшы болды. Сабақтағы қызықты кезеңнің бірі «Дұрыс - бұрыс» әдісі арқылы мәтін мазмұнына қатысты детальді ақпараттың дұрыс-бұрысын кестеге белгілеп жазғандары болды. Оқушылар өзін-өзі бағалады, тапсырманы түсінгенін-түсінбегенін айтты. «Оқу үшін бағалау және оқуды бағалау», «Сын тұрғысынан ойлауға үйрету» модульдері ықпалдасып, тиімді болды. «Семантикалық карта» әдісі арқылы бөлек, бірге, дефис арқылы жазылатын сөздерді топтастырып, дәптерлеріне орфографиялық нормаға сай жазғанда «көшбасшы» оқушылар белсенділік танытты.

«2 жұлдыз, бір тілек» арқылы оқушылар бір-біріне кері байланысты нақты ұсынды. «Ұшақтағы сөздер» әдісі арқылы өзара бағалау жүргізіп, кері байланыс алынды. Бұл оқушылардың ой қорытынды жа-

сауына ықпал етті. Сабақ мақсатын жүзеге асыру барысында модульдер сәтті жүзеге асқандықтан оқушылар сыни тұрғыдан ойлай отырып, өз жастарына, мүмкіндіктеріне сай тапсырмалар арқылы өз тәжірибесіне сүйене отырып ортақ шешімдерге келуге дағдыланды. Сабақта қолданған әдіс -тәсілдердің барлығы тиімді жүзеге асырылды, сабақтың тақырыбын аша отырып, белгілеген мақсатқа жетуге болатындығына өз тәжірибемнен көрдім.

Қорыта айтқанда, мұғалімнің алдында оқушыларға білім мен тәрбие беруде үлкен жауапкершілік тұр. Қазіргі жаһандану заманында әрбір оқушыны оқытып тәрбиелеуге байланысты мәселелерді өздігімен және шығармашылық ынтымақтастықпен шешуге қабілетті жаңашыл мұғалім қажет екені баршамызға мәлім.

Жаңартылған бағдарламаның негізгі мәні, баланың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін болашақ өмірінде пайдалана іске асыра білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Қазіргі таңда ұстаздарға да үлкен жауапкершілік міндеттелді. Оқушылардың бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты әрі білімді болу үшін, өмірде қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек болып тұр. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын күдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады. Үйренгеніміз де, үйренеріміз де көп Үнді халқының тарихи тұлғасы Махатма Гандидің «Егер сен болашақтағы өзгерісті байқағың келсе, сол өзгерісті уақытында жаса» деген ілімін негізге ала отырып, оқушы бойындағы қабілетті жетілдіріп, оқушыларды болашаққа жетелеп, жақсы істі бастағалы отырмыз. Жаңартылған білім бағдарламасы бұл болашақтың кепілі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. *Мұғалімге арналған нұсқаулық Үшінші (негізгі) деңгей. 2012ж*

2. *ҚР орта білім мазмұнын жаңарту еңбегінде қазақ тілінде оқытатын мектептердегі бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы. 2016ж*

3. *«Тәжірибедегі рефлексия» жалпы білім беретін мектептердегі педагогика кадрларының кәсіби даму бағдарламасы Тренерге арналған нұсқаулық. 2016ж*

АКТ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Тулешова Н.Ж.

*№44 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Алматы қ.*

Түйіндеме. Мақалада орыс мектебінде қазақ әдебиеті пәнін оқытудың тиімділігі мен ерекшелігі туралы ай-



тылады. Қазіргі жағдайда білім беруде ақпараттық технологияларды пайдалану мен оқушылардың ақпараттық құзреттілігін қалыптастыру жайлы жазылған.

Тірек сөздер: қазақ әдебиеті, ақпараттық технология, оқыту әдісі, білім беру.

Аннотация: В статье рассказывается об эффективности и особенностях преподавания казахской литературы в русской школе. В современных условиях использование информационных технологий в образовании и формирование информационной компетентности учеников.

Ключевые слова: казахская литература, информационные технологии, методика обучения, образование.

Abstract: The article describes the effectiveness and features of teaching Kazakh literature in the Russian school. In modern conditions, the use of information technology in education and the formation of information competence of students.

Keywords: Kazakh literature, information technology, teaching methods, education.

Қазақ әдебиеті пәні бойынша орыс сыныптарында нені оқыту керек екендігі стандарт, бағдарлама, оқулықтарда айқын берілген. Ал сол берілген білім мазмұнының негізін қалай оқыту керек? Оны оқытушы анықтайды. Яғни, оқу материалдарын сұрыптау, оларды сыныптағы оқушылардың дайындық деңгейіне қарай бейімдеу мен меңгерту технологиясын таңдау-мұғалімге жүктелетін іс. Бұл жерде іс жүзінде мұғалім де, оқушылар да тап болатын үлкен қиындықтар бар. Ол оқушылардың сөйлеу деңгейінен туындайды. Орыс мектептеріндегі қазақ тілі пәнінде оқушылар тұрмыстық ортада және қарапайым әлеуметтік-мәдени сипаттағы мәтіндер деңгейінде сөйлеуге үйренеді. Ал сол сыныптағы қазақ әдебиеті пәні бойынша оқушылар әдебиеттік стиль деңгейінде жұмыс істеуі керек болады. Оқушылардың басым көпшілігінің бұл айтылған әдебиеттік деңгейде оқуға дайындығы жетпейді. Міне, осы тұста көрнекіліктерді, соның ішінде өнер туындыларын көркем сөздің құдыретін түсіндіруге пайдаланудың маңызы ерекше.

Таңба атаулының тарихы ежелгі кезеңнен басталады. Адамның есте сақтауын жеңілдетіп, кез-келген мағлұматты жедел, әрі оңай меңгерту, қосымға ассоциациялар тудыра отырып, естің сиымдылығын кеңейту мақсатында мнемоникон/грек тілінен аударғанда есте сақтау өнері-тәсілдерін қолдану көне Греция мен Қытайда дүниеге келген. Көне Грецияда кейбір адамдардың мнемоникон тәсілдерінің көмегімен өте ауқымды мағлұматтарды есте сақтап, оны кез-келген жағдайда айтып беруге жаттығып, осы қабылеттерін өнердің бір түріне айналдырғаны белгілі.

Философиялық еңбектерде таңбаға алғаш анықтама берген ғалымдардың бірі – Гегель. Ол «Таңба дегеніміз өзіне ешқандай қатысы жоқ басқа бір мазмұнды білдіретін шартты бейне» - дейді.

Аталған мәселе бойынша жүргізілген теориялық зерттеулер «таңба» және «символ» терминдері туралы психологтардың, педагогтардың көзқарастарының әр түрлілігіне көз жеткізді.

Кейбір зерттеушілердің пайымдауынша таңба белгілі бір ойды білдіретін сілтеме, яғни олар – зат, адам, құбылыс. Оқиға ретінде бейнеленеді әрі бұл ұғымда пікір алысу, ақпарат алмасу үрдісінде заттарды, құбылыстар мен ұғымдарды материалдық бейнелермен алмастыру. Демек, таңба мен символдың ең басты қасиеті алмастыру басқа бір заттың орнына жұмсалуды, екіншілері семиотикада таңба деп басқа бір заттар мен құбылыстар туралы ақпаратты қабылдау, сақтау, өзгерту және хабарлау үшін таным мен жалпылау үрдісінде сол заттардың орнына жұмсалатын,

сезім мүшелері арқылы қабылданатын зат дейді, ал үшіншілері таңба-адамның әрекет ету барысында сол әрекеттерді ұйымдастыру және реттеу үшін туындайтын заттың материалды алмасуы деп түсіндіреді.

Ғылыми-зерттеу жұмысының барысында біз таңбалық-символдық құралдарды жіктеу мәселесі ғылыми әдебиеттер мен әдістемелік еңбектерде әр қырынан түрліше қарастырылған деген пікірге келді. Сонымен қатар, саралаған еңбектерге жүгіне келе, семиотикада таңба мен таңбалар жүйесі туралы, ғылымда таңбалық-символдық құралдарды жіктеуде олардың қызметі мен мағыналық сипаттарын ескеру қажет деген тұжырымға келуімізге тура келді. Бұдан шығатын қорытынды: таңба таным объектісінің орнына жұмсалып, жалпылау мен абстракциялаудың материалдық көзі болып табылады. Өз зерттеуіміз үшін таңба ұғымын анықтауда төмендегі пайымдауларды негізге алдық: 1) таңба – екі жақты құбылыс, бір жағынан өзіндік пішіні бар, екінші жағынан идеалды мәні бар; 2) идеалдық мәні өзінен басқа белгілейтін нәрсесі жөнінде ақпарат береді; 3) мәні жоқ таңба болмайды; 4) таңбаның мәнін субъект қабылдайды және пайдаланады; 5) оқыту үрдісінде таңбалар білімді тасымалдау формасы болып табылады.

«Таңба» мен «Символ» ұғымдары оқыту үрдісінде «көрнекілік» ұғымымен тығыз байланысты. Кез-келген мұғалім таңбаларды өз пәніне кіріктіре отырып кеңінен пайдаланса, оқушылардың оқу материалын қабылдап, меңгеруі мен ұзақ уақыт есте сақтауына ықпал етері сөзсіз.

Педагогикалық әдебиеттерде көрнекіліктің заттық, бейнелік, тілдік-бейнелік, шартты, көркем және динамикалық түрлері ең негізгілері болып саналады. Сонымен қатар, графикалық шартты бейнелер мен таңбалық модельдерге баса назар аударылады. Көрнекі құралдаршынайы іс-әрекеттерді алмастыру үрдісін бейнелеу және жасыру (кодтау) үшін дерексіз тәуелділікті модельдеу мақсатында қолданылатындықтан, таңбалар мен символдарды таңбалық-символдық көрнекіліктер (ТСК), яғни көрнекіліктің ерекше бір тобы ретінде бөліп қарастыруға тұрарлық. Сөйтіп, таңбалық-символдық көрнекілік дегеніміз алмастыру, жасыру (кодтау) үрдісінің құрылымы мен қызметін көрсететін көрнекіліктің бір түрі, ол жеке элементтер – пиктограмма мен идеограммалардан тұрады және оқушыларға оқу мазмұнын жеткізу қызметін атқарады.

Бүгінгі таңда білім беруді ақпараттандыру формалары мен құралдары өте көп. Оқу процесінде ақпараттық және телекоммуникациялық құралдар мүмкіндігін комплексті түрде қолдануды жүзеге асыру көп функционалды электрондық оқу құралдарын құру және

қолдану кезінде ғана мүмкін болады.

Білім беруді ақпараттандыру жағдайында оқушылардың ақпараттық сауаттылығын, ақпараттық мәдениетін және ақпараттық құзырлығы сияқты қабілеттіліктерді қалыптастыру мәселесі бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отыр. Оқытушы сабағында ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы оның тиімділігін жүйелі түрде көрсете біледі. Ақпараттық - коммуникациялық технологияны пайдалану оқытудың тиімді әдістерінің бірі. Соның ішінде ең көп тарағаны-компьютермен жұмыс жасау.

Компьютер арқылы оқытудың мынадай артықшылықтары бар:

-материалдың қол жетімді болуы мен қызық баяндалуын (көп жағдайда ойын түрінде) қамтамасыз етеді;

-көркем шығармаларды ұжымдық талдауға мүмкіндік береді;

-оқулық материалы қайталанбайды;

-диалектикалық сұлба, кесте, зерттеу материалдары болады;

-анықтама материалының, сөздік мақалаларының, ғалымдар туралы туралы деректердің тез арада табылуы қамтамасыз етіледі;

-өз бетімен орындалатын жұмысқа қажет материалдың мол болады;

-менгерілген материалды өздігінен тексергенде өзіне баға қоюдың ойын тәсілдерінің болуымен ерекшеленеді;

-зерделенетін материалдың білім алушылардың жұмыс карталарында міндетті белгіленуі (шолу тақырыптары) көрсетіледі;

-материалдың кіріктіріліп баяндалуы. Шектес ғылымдар (тарих, ӘКӘ (әлемдік көркем әдебиет), бейнелеу өнері, музыка...) материалын тартуға мол мүмкіншілік болады[4].

Сондай-ақ АКТ-ны қолдану барысында білім алушының психологиялық және жас ерекшелігі ескеріліп, олардың әрбірінің өзіндік қабылдауының жетекші арнасына сай (аудиал, киестет, визуал) тапсырманың қолайлы түрін таңдауға мүмкіндік беріледі. Бекіту және қайталау кезеңдерінде бақылау жүргізуге компьютерлік тесттер ыңғайлы. Өйткені қағазға басылған тестіден гөрі, мониторға шығатын тестілерді орындау білім алушыға қолайлы әрі қызығырақ. Компьютер еліміздің тұрмыс-тіршілігіне енгеннен бастап қазақ тілі мен әдебиет пәнін нәтижелі оқытуға мүмкіндік беретін жобалар көрсетілім (проект-презентация) кең қолданысқа ие болды. Сабақтың бұндай әдіс-тәсілін, яғни жобалар көрсетілімін оқушылар өздері де орындай алатын болды. Дегенмен ақпараттық мәдениетті тек компьютерде жұмыс істеу білу деп т.сіну қате пікір, ол- кез келген ақпарат көзін — анықтамаларды, сөздіктерді, энциклопедияларды, көліктердің жүру кестелерін, теледидар бағдарламаларын т.с.с дұрыс пайдалана білу деген сөз. Ақпараттық мәдениет – бұл әңгімелесе білу, теледидар, хабар (Интернетті) талғамды түрде қарау немесе қарамау, алынған мәліметті ой елегінен өткізіп, талдай білу және де өзгелердің еркіндігіне әсер ететін жағдайларда өз еркіндігін шектей білу. Жаңа ақпараттық технологияның келесі бағыттары

бар: проблемалық оқыту, апталық, пікір сайыс, дебат, дөңгелек үстел, іскер ойындар. Ақпараттық құзиреттілікті қалыптастырудың басты мақсаты – оқушыларды ақпаратты беру, түрлендіру және оны қолдану білімдерімен қаруландыру, олардың компьютерлік технологияны өз қызметтеріне еркін, тиімді пайдалана алу қабілеттерін қалыптастыру. Басқаша айтқанда, бұл кеңістікке ең алғаш еніп, оны жүйелі және кәсіби бағытта енуін қамтамасыз ететін оқытушы. Бүгінгі күні ақпараттар ағымы өте көп. Әрине, отандық білім беруде ақпараттық - коммуникациялық технологияларды жеке пәндерді оқытуда қолдануға байланысты атқарылған жұмыстар жоқ деуге болмайды. Көптеген электрондық оқулықтар, электронды оқу бағдарламалары, мультимедиялық оқу бағдарламалары жасалды және жасалып та жатыр. Ана инновациялық педагогикалық технология қағидалары басшылыққа алынып жасалған электронды оқулықтардың басты міндеттері мынадай:

- әрбір білім алушының білім алу, даму, басқа да іс-әрекеттерін мақсатты түрде ұйымдастыра білу;

- білім мен білігіне сай келетін бағдар таңдап алатындай дәрежеде тәрбиелеу;

- өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, дамыту;

- аналитикалық ойлау қабілетін дамыту[5].

Қорыта келгенде заманауи технологияларға негізделген білім берудің жаңа әдіс-тәсілдерін қазақ тіл мен әдебиет сабақтарында пайдалану оқушы-студенттердің әлемдік бәсекеге қабілетті маман, ізгілік пен адамгершілік қасиеттерді бойына жинаған өзіне сенімді тұлға ретінде қалыптастыруда зор рөл атқарады. Бұл технология өскелең ұрпақты оқыту мен дамыту сапасын арттыруға үлкен мүмкіндік береді. Адамгершілігі мол, рухани дүниесі кең азамат етіп тәрбиелеуде үлкен рөл атқарады. Қазіргі жағдайда білім беруде ақпараттық технологияларды пайдалану мен оқушылардың ақпараттық құзиреттілігін қалыптастыру жайлы жазылған ойымызды қорытындылай келе төмендегідей ұсыныстарға тоқталамыз:

-білім беретін оқу орындарын қазіргі заманға сай жаңа ақпараттық құрал – жабдықтармен жабдықтау;

-интерактивті тақталар мен мультимедиялық кабинеттермен және арнаулы пәндер бойынша электрондық оқулықтармен қамтамасыз ету;

-білім саласында оқытудың жаңа ақпараттық технологияларын пайдалану бойынша білім жетілдіру курстарын жиі ұйымдастыру қажеттілігі туындайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Мұғалімге арналған нұсқаулық Үшінші (негізгі) деңгей. 2012ж

2.ҚР БЖҒМ Білім бағдарламасы, сәуір, 2017ж.

3.Г.К. Селевко. Педагогикалық технологияларды меңгеру факторы//2009

4.Бөрібаев Б, Балапанов Е. Жаңа ақпараттық технологиялар. – Алматы, 2001.

5.Бәкірова Ш. Электронды оқулықтың маңызы зор// Қазақстан мектебі. – 2004. - №11.

С.МҰРАТБЕКОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ЖЕКЕ ҚОЛДАНЫСТАР

Қожамбердиева Гуляим Пернебаевна

№93 Абылай хан атындағы жалпы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Түркістан облысы Сайрам ауданы Ақсукеңт ауылы

Түйіндеме. Мақалада жазушы С.Мұратбеков туындыларындағы жеке қолданыстар қарастырылған.
Summary: The article provides for personal use in the works by writer S. Muratbekov.

2014 жылы «Бір ел – бір кітап» акциясы бойынша ең көп оқылған шығармалар ішінен Сайын Мұратбековтің «Жусан иісі» атты туындысы таңдалып алынды. С. Мұратбеков шығармалары тіл көркемдігімен, образдардың бейнелілігімен, оқиғалардың тартымдылығымен, суреттеудің шынайылығымен оқырмандарын баурайды. «Жусан иісі» повесі халықтың соғыстан кейінгі тұрмысы мен қазақ ауылының, замандастарының тыныс – тіршілігін шынайы сомдаған. Шығарма сюжеті Аян атты жасөспірім баланың өмірінің белгілі бір кезеңінде болған оқиғалар. Әкесі соғыста, анасы жоқ, жалғыз әжесі қайтыс болып, соғыстан ағасын күткен. Жазушы Аяның ішкі болмысынан, тайған тобығының азабынан да ауыр жан жарасынан таратып баяндайды. «Жусан иісі» повесі – қазақ әдебиетінің көркемдік көкжиегін кеңейткен шығарма.

Сайын Мұратбековтің шығармашылығы туралы сыншы Бақытжан Майтанов былай дейді: «Сайын Мұратбеков шығармашылығындағы шынайылығы, өмірсүйгіштік қуаты арқылы бұл көркемдік тенденцияның қоғам тынысын әсіресе жарқын тұстарынан барынша жан-жақты бейнелеу талаптарын жүзеге асырудағы елеулі үлесіне күмән тудырмайды. Ол роман жазған жоқ. Оның романы – әңгімелері. Ал әңгімелері мәңгілік даңқтың иелігіне шақыру алған. Қаламгер бақыты сондай-ақ болсын...».

Сайын Мұратбеков – қазақ прозасында орны айқын, көркемдік әлемімен баураған жазушының бірі. Жазушының шығармалары орыс, өзбек, татар, украин, белорус, грузин, әзірбайжан, литва, араб тілдерінде жарық көрген [1]. Жазушы Тәуелсіз «Тарлан» сыйлығының, М. Әуезов атындағы әдеби сыйлықтың және Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты. Қазақтың көрнекті қаламгері Сайын Мұратбековтың шығармалары оқырмандарға кеңінен мәлім. «Жусан иісі» повесін кезінде оқырмандар жылы қабылдап, ыстық ықыласын білдірген. Қаламгер әңгімелерінің басты тақырыбы мен көтерген өзекті мәселесі - ауыл өмірі мен әлеуметтік жағдайдың өзара байланысын суреттеу арқылы кейіпкердің азаматтық табиғи болмысын, адамгершілік позициясын, рухани тазалығын, жан сұлулығын, нәзік құбылыстарын, сан қырлы қайшылықтарын, психологиялық этюдтермен өрнектеу. Осы мақсатта, ауыл адамдарының адалдығын, аңқылдақ, кіршіксіз ақкөңіл мінездерін, бауырмалдығын, ішкі ой-сезім иірімдерін, мұңы мен мұратын көркемдейді, күйкі тірлікті мінеп, оқырмандарына ой салады. Көркем әдебиетте тілдік ерекшелікте, сөйлем құраудағы өзіндік критерийлер

айқын байқалады.

Жазушының ерекше қолданыстары. Қойшы-ей, мынау дөй ғой-ей, – деп Есікбай сілекейін Аянға тағы жақты.

Жазушы қолданысындағы дөй сөзі оқыған кезде ерекше әсер қалдырды. Дөкей сөзімен тектес болуы мүмкін. Бірақ бұл сөз де автордың шығармасына әр беріп тұрған ерекше қолданыстардың бірі деп санауға болады.

Бұдан басқа төмендегі мысалдарда кездесетін бұраңдап, солтақтап, титықтап деген бейнелеуіш сөздер кейіпкер мінезі мен портретін жасаудағы ұтымды, ойнақы, қабылдауға жеңіл қолданыстар деп ойлаймыз. Қазіргі кинолардағы секілді іші толған лиризм, драма, трагедиясы бар адамның сезім пернелерін тап басатын туынды. Сонымен қатар шығармадағы адам қайғысын ауыр еңсені басатын сөздермен бермей, бала жасына сәйкестендіріп, жеңіл ойнақылық беретін сөздерді де қолданған.

Тек бір кезде Есікбай: – Ойбай!.. – деп баж ете түсті де, бір жағына қарай бұраңдап жығыла берді. Аян оның қолын бұрап жіберген екен.

Тобығы тайған аяғын жер сыпырғандай көлденеңінен сүйретіп солтақтап басатын болды.

Ертеден кешке дейін өгіз үстінде жұлынып «цоп, цобелей» бергеннен тамағымыз жыртыла ауырып, дойыр қамшы қарымызды талдырып, біз де әбден титықтайтынбыз.

Е, жұлдыздың нуы жиі екен, ертең күн ашық болады, – деп қойды үлкен кісіше.

Енді біреу менің құлағыма сыбырлап: – «Нуы» деген не-ей? – деп сұрады. – Білмеймін, – дедім мен де. Бірақ бұл сөздің мағынасын сұрап алуға батпадық.

Осындағы автордың негізгі ойы – ну сөзінің мағынасы. Қазіргі кезде бұл сөз тек қана ну орман деген тіркесте ғана қолданылып, қолданылу аясы тарылғандығын білдіріп, автор оқырман назарын осыған аударып отырған секілді. Бұл болашақта әрбір ұлттық тіліміздің сөздік құрамын толықтырып тұрған сөздерге үлкен жауапкершілікпен қарау керектігін түсіндіріп тұрғандай.

Автордың қолданысындағы мына бір туынды сөзге тоқталайық. «Шынында да, ей, менің шарығымнан су өтіп кетті, жүріңдер, ат қораның төбесіне барайық», – десіп сетіней бастайтынбыз.

Осы мысалдағы сетінеу деген сөз бізді ерекше қызықтырды. Сетінеу сөзінің мағынасы – қазіргі тілімізде киімнің жібінің сетінеуі мағынасында қолданылады. Яғни жіптің сөгілуі, матадан (киімнен) ажырауы. Ал мұндағы жазушы тіліндегі сетінеу мағынасы да адамдардың бір-бірінен ажырауы

мағынасында қолданылып отыр. Егер сетінеу сөзі жеке-кей қолданылатын болса, біз оны түсінбей қалушы едік. Мәтін ішіндегі ой желісі негізінде түсіндік. Бұлайша мәтін ыңғайындағы сөз мағынасын түсіну арқылы көптеген сөздердің мәні ашылады. Осы жерде біздің ойымызға сетінеу сөзі мен шетінеу сөзінің мағыналары ұқсас деген ой келді. Себебі сетінеу сөзі де ажырау деген мағынаны беретін болса, шетінеу сөзі де адамзат қоғамынан ажырады деген ұғымды береді. Ендеше с ~ш дыбыстарының сәйкесуі арқылы да туынды сөз жасалып тұрғанын көреміз. Бірақ мәтінде шетінеу сөзі кездеспейді. Біз бұл сөзді Сайын Мұратбековтің «Жусан иісі» шығармасындағы сетінеу сөзінің қолданысына байланысты туған ой болатын.

Жазушы қолданысындағы үстеулер. Қазіргі қазақ тіліндегі үстеулер қимылдың, іс-әрекеттің әртүрлі белгісін, жүзеге асу амал-тәсілдерін, мекенін, себебін, мезгілін, жай-күйін білдіретін және грамматикалық тұлғалармен түрленбейтін сөздер. Үстеулердің негізгі грамматикалық белгісі – олардың түрленбеуі. Яғни көптелмейді, септелмейді, жіктелмейді. Қазақ тіліндегі үстеулер өзге сөз таптары секілді түбір үстеулер, туынд үстеулер және күрделі үстеулер деп бөлінеді. Біздің зерттеу тақырыбымызға сәйкес туынды үстеулерді қарастырамыз.

Үстеу сөздердің семантикасын Е.Б. Саурықов қазіргі қазақ, түркі, өзбек тілдері негізінде зерттеп, олардың түп негізін зерделейді. Ол адвербиалдану процесінің құрылымдық-семантикалық сипатын қарастыруда лексика-семантикалық тәсілдер ықпалымен пайда болатын сөздер тобының ерекшелігін назардан тыс қалдыруға болмайтынын жазады. Негізгі тақырып үстеу сөздерге қатысты болған соң сөздердің сөз табына ауысуындағы тек үстеулерге ғана тән белгілерді атап көрсетеді [2, 29 б.]. Себебі үстеу сөз табы – түгелдей өзге сөз таптарының негізінде ауысқан сөздер. Көне түркі және қазіргі қазақ, өзбек, түрік тілдері деректері негізінде адвербиалдану процесінің құрылымдық-семантикалық сипатын көрсеткен Е. Саурықов үстеулердің негізгі лексика-семантикалық, морфологиялық және синтаксистік белгілерін анықтап, қамтып жазады.

Септік жалғаулары арқылы жасалған туынды үстеулер. Тілімізде барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктерінің жалғаулары арқылы жасалған адвербиалданып үстеуге көшкен сөздер бар. Сайын Мұратбековтің «Жусан иісі» шығармасында барыс септігінің көнеленуі арқылы жасалған туынды үстеулер кездескен жоқ. Ал жатыс септігінің көнеленуі арқылы жасалған туынды үстеулер кездесті. Оның бірі – «баяғыда» үстеуі.

Баяғыда бір жетім бала бопты... – деп бастай жөнеледі деген мысалдағы баяғыда – деген сөз туынды үстеу. Бұдан өзге күнде – Шынында да, бұл күнде Аян қайда екен; лезде – Жел өтінде лезде лапылдап көтеріліп кетті;

Шығыс септігінің көнеленуі арқылы жасалған үстеулер мыналар: «Онан соң шалқасынан түсіп көзі бажырайып, кірпік қақпастан үйдің төбесіне тесірейе қарап ұзақ жатты».

«Күнде сабақтан кейін үйіне келісімен төр алдына етбетінен түсіп, сиялы қарындашты тілімен жалап

қойып, бет-аузын сия-сия ғып ағасына хатты үсті-үстіне жазатын да жататын».

Маған қарады да өз-өзінен жымыиып күлді.

Сонымен қатар мынадай күрделі үстеулер де кездеседі: Ендіғәрі өлсем де темекі тартпаспын, – деді.

Жұрнақ жалғану арқылы жасалған үстеулер де кездеседі. Оған мына мысалды келтіруімізге болады.

У-шу боп, біреулері төмен қарай оқша зулап шанасының табанынан от жаркылдап бара жатқанда, енді бір шұбалған топ шаналарын сүйретіп жоғарыға өрлеп бара жататын...

Жазушының шығармаларында туынды үстеулерді бәрі де, атап айтқанда: морфологиялық жолмен жұрнақ жалғану арқылы жасалған, синтаксистік тәсілмен жасалған күрделі үстеулер және семантикалық жолмен жасалған адвербиалданған үстеулер кездеседі екен.

Сөзжасамның синтетикалық (морфологиялық) тәсілі арқылы жасалған сөздер:

мысалдары туынды сөз

Көшеде сырғанақта біреу зулатып шана теуіп барады екен. Сыр+ғана+қ

Зу+ла+т+ып

Жым-жырт айлы түнде әлгі бір ғана шананың өзі гүрілдеп, жер көшіп келе жатқандай дүбір шығарады.

Ай+лы

Гүр+іл+де+п

Ай жарығында анық көрінді: жүзі жайнақ қағып, екі иінінен алқына дем алады. Жай+на+ң

– Жүр, ойнайсың ба! – деп дауыстай сөйледі.

Ойн+а+й+сың

Дауыс+та+й

Айлы түнде шанаға сиқырлы қанат бітеді... – деді де Аян жүгіре жөнелді. Сиқыр+лы

Сөзжасамның аналитикалық (синтаксистік) тәсілі арқылы жасалған сөздер:

мысалдары туынды сөз

– Аян... О, желкең қиылсын сенің. Аян дейді ғой. Аян дейді... Таста әрі!.. Желкең қиылсын!

Маған шынында да ол теуіп жүрген шанаға сиқырлы қанат біткендей көрінді. сиқырлы қанат біткендей

Дәл мен тұрған тұста кішкентай төмпешік бар болатын, зулап келген шана әлгі төмпешікке жеткенде есік пен төрдей жерге бір-ақ ырғыды да, табанынан от жарқ етіп өте шықты. есік пен төрдей жер

Бір- екі рет кейбір шатаққұмар балалар тиісіп ие көрген өзіне.

шатаққұмар

Екеуі шартпа-шұрт белдескен кезде, ол Аянды белінен қапсыра қысып, қайқайтып бойымен басты.

шартпа-шұрт

Мұғалімнің тактаға жазған әріптерін айна-қатесіз қағазға түсіріп, тез жаттап алып жүрді.

айна-қатесіз

Үш-төрт күн өткен соң, әбден үйренісіп алғаннан кейін ұрынарға қара таппай жүретін Есікбай басқа балаларға істейтін қылығын Аянға да істеді. ұрынарға қара таппай

Жүр, ал Есікбай көкеңнің жұдырығын иіскегің кеп тұрса.

жұдырығын иіскегің

Дәл біздің хаг тануымызды күтіп жүргендей-ақ екі айдан кейін Иманжанов қатты науқастанып, төсек тар-

тып жатып қалды.

төсек тартып, хат тану

Сөзжасамның семантикалық (мағыналық) тәсілі арқылы жасалған сөздер:

мысалдары туынды

Бірде, түн ортасында, дәл ұйқыға жатардың алдында далаға шыққам. Бірде- сын есім + жатыс септігінің жалғауы

Бірде – мағыналық даму арқылы жасалған үстеу

Көшеде сырғанақта біреу зулатып шана теуіп барады екен.

Біреу – қанша деген сұраққа жауап беретін жинақтық сан есім

Біреу – белгісіздік есімдігі

Қорыта келгенде, Сайын Мұратбековтің «Жусан иісі» шығармасында туынды сөздердің барлық түрі кездеседі. Бұл, әрине, жазушының өз қолымен жасаған жеке туынды сөздері емес. Бұрыннан бар, халық тілінде қолданылып жүрген туынды сөздер. Дегенмен, Сайын Мұратбековтің аталған шығармасында окказионал қолданыстары да баршылық.

Өзіне ғана тән жеке қолданыстарының көбісі кейіпкерді суреттеуде кездеседі. Жоғарыда келтірілген мысалдардан жазушының еліктеу сөздерден жасалған туынды сөздерді ойнатып, түрлендіріп қолданатындығын байқадық. Солтақтау, бұраңдап, сидаң, шоңқаң, далпылдап, шап ету, гүрс ету, сықылықтау, танауын тыржиту, кейкию, шірену, ыржақтау, шілбию деген секілді еліктеуіштерден туған етістіктерді ойнатып, Ғабит Мүсіреповше айтсақ, сөздердің сәулелерін бір-біріне түсіріп, әдемі, орынды қолдана білген.

Бұдан өзге жазушының жеке қолданысы деп тануға тұрарлық тағыбір сөзі – тұмсықтату сөзі. Жылап жіберген Қосым тырнамақ боп ызакорлана ұмтылған, Есікбай оны ұзын қолымен тұмсықтата салып жіберді.

Бұрындары қазақ тілінде тұмсығынан соғу (періп жіберу, ұру), тұмсығын қанату деген тіркестерді кездестіргенмен, тұмсықтату деген туынды сөзді алғаш рет кездестіріп отырмыз. Демек, автордың

жеке қолданысы ретінде осы сөзді, туынды сөзді айтуымызға болады.

«Жұлдыздың нуы» деген тіркес те жазушы тілінде алғаш рет қолданылып отыр. Себебі осыған дейін ну сөзін тек ну орман тіркесі арқылы ғана қолданыста бар екендігін байқаған едік. «Жусанның иісін» оқи отырып, осы жаңа қолданысты кездестірдік. Біздің ойымызша, автор ну деген сөзге салмақ сала оатарып, кейіпкеріне осы сөздің мәнісін сұратады. Қазақтың қаншама сөздерінің қолданыс аясы тарылып, мағынасы солғындап бара жатқанына автордың өзі де қынжылатын сияқты. Ұлттық тіліміздің барлық нәрін толық пайдалану – жастардың үлесінде.

Бұдан өзге сетінеу сөзінің талдамасын өз тарапымыздан қосып отырмыз. Осындай мысалдар арқылы қазақ тілінің терең де қатпарлы мәнін түсінуімізге жол ашылады.

Қорытындылай келе, Сайын Мұратбековтің «Жусан иісі» шығармасындағы туынды сөздер тақырыбындағы жұмыс алғаш рет жазылып отыр. Тек қана бір шығармасын талдау арқылы қаншама жаңа, тың қолданыстарды кездестіріп отырмыз. Болашақта өзге де шығармаларын тереңірек қарастырып, олардағы жазушының тілін, сөздік қолданысын қарастырсақ деген ойымыз бар.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/proza/45656/>
2 Саурықов Е.Б. Адвербиалдану процесінің құрылымдық-семантикалық сипаты: Филол. ғыл. канд. автореф.: 10.02.20. – Алматы: ҚазҰУ, 1998. – 30 б.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ТЫЙЫМ СӨЗДЕРДІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ ТОПТАРЫ

Саргаскаева Алма Кенесбаевна

Түйіндеме. Мақалада қазақ тіліндегі тыйым сөздердің семантикалық топтары қарастырылған.

Summary: The article contains semantic groups of prohibited words in the Kazakh language.

Қазақтіліндеырымдарментыйымсөздеререкшеорын алады. Лингвамәдениеттанымдық тұрғыдан алғанда мұндай тілдік оралымдардың шығыс халықтарының даналығы, қазақ халқының дүниетанымы деп түсінген жөн. Қазақтың қарапайым қара тілмен берілген ырым-тыйымдарының шығу негізі, олардың адам өмірі мен келешек ұрпақ тәрбиелеудегі орынды қызмет атқаруы, тыйым сөздердің қалыптасу көздерін ашып көрсету аса маңызды орын алатындықтан, тыйым сөздердің келешек ұрпақты тәрбиелеуде маңызы көп.

Халқымызбен ежелден жасасып келе жатқан тыйым заңдары бар. Ол жасқа да, кәріге де ортақ. Адамдар

арасындағы қарым-қатынастан, табиғат пен оның тылсым құпияларының сырына үнілуден туған бұл шектеу – далалықтардың ұлы мәдениетінің бір көрінісі. Бұл – әдеп, иба, тәртіп. Сол тыйым заңдарының бірсыпырасы мыналар:

жасы үлкеннің алдын кеспе, сөзін бөлме – бұл құрмет;

бас киіммен ойнама, біреуге сыйлама – өзің өшіресің;

бос бесікті тербетпе – ұрпақсыз қаласың;

малды басқа ұрма, теппе – ырысыңнан айрыласың;

кешқұрым ұйықтама – жын-пері көшетін кез;

нанды баспа – киесі ұрады;

айға қолыңды шошайтпа – қасиетті;

қолыңды төбеңе қойма – дүниеден безіну;
табаныңды тартпа – бейнет шақыру;
жерді таянба – торығу;
босағаны керме – жазаланудың белгісі;
табалдырықта тұрма – суыт хабар жеткізгеннің белгісі.

Міне осы ұғымдардың барлығы ата-бабаларымыздың бізге ұзын-сонар сөзбен емес, бір ауыз сөзбен ғана жеткізіп отырған. Себебі кей жағдайларда олардың өздерінің атын атап, түсін түстегеннің өзі адам жүрегіне қорқыныш ұялатқан. Сондықтан, олардың бәрін санамалап айтқаннан гөрі, қысқа қайырып, және оны екінші рет қайталамайтындай етіп, тыйып отырған. Қазақ халқында ырымдар мен тыйымдар, табу сөздер мен эфемиздер мен дисфемизмдер біраз зерттеліп, олар туралы еңбектер де жарық көрген. Бірақ осы аталған бірліктердің ішінде өзгелерге қарағанда қарастырыла қоймаған сала – тыйым сөздер. Бүгінгі күнге дейін тыйым сөздер толығымен қарастырылып, зерттелмегенін ғалымдар айтып жүр. Сондықтан ғылыми жоба жұмысының тақырыбы өзекті деп танылады.

Адамның іс-әрекетіне қатысты айтылатын тыйым сөздер. Қазақ халқының тәрбие құралдарының бірі – тыйым сөздер. Бұл сөздер есі кірген балаларды жаман әдет, жағ пиғыл, орынсыз қылық, теріс мінездерден сақтандырып отырған. Тізені құшақтау – жалғыз қалудың, қолды төбеге қою – ел-жұрттан безінудің, үлкеннің жолын кесу – әдепсіздіктің, асты төгу – ысыраптың белгісі деп танылған және ондай ерсі істерге қатаң тыйым салынған.

Мұндай тыйым сөздер ел ішінде өте көп. Оның бәрін қамти алмағанмен кейбір үлгілерін қағазға түсіріп ұсынып отырмыз.

Кісі мініне күлме, кемтарға күлме.

Суды сапырма, суға дәретке отырма, суға түкірме.

Көкті жұлма, шашыңды жұлма.

Үй айнала жүгірме.

Босағаны керме, тізеңді құшақтама.

Табалдырықты баспа, отырма.

Үйді сабама, Бейіт тұсынан шауып өтпе, жүгіріп өтпе.

Бейітке қолыңды шошайтпа, оған қарап түзге отырма.

Ғалым С. Ақаев «Табалдырықты баспаңыз» атты мақаласында табалдырықты не үшін баспау қажеттігін талдап қана қоймай, жалпы тыйым сөздер, олардың ұлт ұрпағы үшін маңызы мен практикалық тұрғыдағы рөлін ашып көрсеткен. Бұл мақала «Түркістан» газетінің 1999 жылғы (06.07.) №26 санында жарияланды [9], кейіннен, осы мақаланың қысқартылған нұсқасы «Парасат» журналында да жарық көрді [10].

Адамгершілік адам болмысы үшін басты көрсеткіш екені белгілі. Мұндай адами сезімдерді қалыптастыратын сөздердің қатары көп. Оларда адамды сыйлау, қайырымды болу, өтірік айтпау, еңбекті бағалау, т.б. тәрбиелік ұғымдар қамтылған. Мысалы: адамға қарап күлме, біреуді алдама, кісі ақысын жеме, үлкеннің бетінен алма, жақсыдан үйрен, жаманнан жирен, кемтарға күлме, ұрлық қылма, зорлық жасама, арынды сатпа, аманатқа қиянат жасама, әйелге күш көрсетпе, мақтанба, тэкаппар болма, өтірікке куәлік

жасама, жалқау болма.

Кейбір тыйымдар тек жалғыз адамның өзі ғана орындайтын іс-әрекеттерден тұрады. Мысалы, тырнағыңды тістеме, есікті керме, жақты таянба, тізеңді құшақтама, бетіңді баспа, табаныңды тартпа, жуған қолыңды сілкілеме т.б.

Енді кейбір тыйымдар бір адамға арналып айтылғанмен, екінші субъектінің де белгілі бір дәрежеде қатысы болады. Мысалы, адамға қарап керілмейді, әдепсіздік болып саналады; жатқан кісінің үстінен аттамайды; адамға қарай есінеуге болмайды; біреудің ала жібін аттама т.б.

Ата-аналардың үлгісі мен ықпалы арқылы оқушыларды ата-аналарын сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеуге болады.

Расында да, қазақта мынадай жақсы сөз бар: «Әке – асқар тау, ана- бауырындағы бұлақ, бала – жағасындағы құрақ» деген. Сәби үшін ең жылы ұя ата-ананың аялы алақаны, мейірімі, қайырымдылығы.

Адам баласының ажары да, бақыты да отбасынан басталады. Ал отбасы бақыты деген не?

Ол адам бойына сырттан келіп сіңетін немесе аспаннан құйылып денеңе жұғатын нәрсе емес қой. Оның да көктеп шығатын тұрағы бар. Адам баласының бақыты оның үзіліссіз тәлімі мен тәрбиесінен қалыптасатын жарқын да адал мінездеріне байланысты. Шындап келгенде, отбасы бақыты ата-аналардың өз қолында деуімізге болады.

Мал шаруашылығы және оған қатысты айтылатын тыйым сөздер. Малды басқа сабама, Атқа теріс отырма, Малды боқтама, Жәндікті жәбірлеме, Түнде мал санама, Мал қораның сыртында, болмасы ішінде ысқырмайды, Жас мал төлдегенде үйге қарыз сұрап келгендерге ештеңе бермейді, Малдың алдынан бос ыдыспен шықса, сүт азаяды, Малға дауыс көтеріп ұрсуға, ал атты ауыздықпен ұруға болмайды, Түнде мал санамайды және ешкімге бермейді

Тағам және оның қасиетіне, таза болуына байланысты қалыптасқан тыйым сөздер. Дастарханды, тамақты баспа, Малды, ыдысты, тамақты теппе, Итке ожаумен ас құйма, Тұзды, күлді баспа, Нанды жерге тастама, үстіне басқа затты қойма, Құдыққа түкірме, ыдысқа түкірме, жоғары қарай түкірме, Шелектегі суға аузыңды батырма, Ақты төкпе, Нанды бір қолыңмен үзбе, Асты үрлеме, асты жамандама, Тамақты сораптап ішпе, Түреге тұрып немесе жатып тамақ ішпе, Асты қорлама, Дастарханды, ыдысты, тамақты аттама, Таңертеңгі асты тастама.

Нан мен тұздың қатарынан орын алатын сүт тағамдары, қазақтың ақты қатты қадірлейтіні жайлы не білеміз? «Су – тіршіліктің көзі» деп жатамыз. Десе де, «суға түкірме», «қоқыс тастама» деген сияқты тыйым сөздерге мән береміз бе? «Отты аттама» деген сөз нені білдіреді? Ғылыми жұмысымыздың бір тармағы да осы болмақ.

Қазақта «Ас атасы – нан» деген сөз бар, яғни астың, дәмнің үлкені – нан. Бала ақ пен қараны ажыратып танымай тұрып-ақ оған оң қолына нан ұстауды, нанды баспауды, тастамауды үйренеді. Нан қасиетті. Адам кез келген тамақты екі күн жесе, ол қанша нәрлі болғанымен сол тамақтан жалығады. Ал бірақ адам баласы өмір бойы наннан шықпайды, наннан зерікпейді,



жалықпайды. Дастарқаныңыздың үстінде күнде нан тұрмаса, көңіліңіз де, дастарқаныңыз да – орта, берекеңіз кетіп, дүние ойсырап тұрған секілді басқа тамақ көзіңізге көрінбейді. Нанның қасиеттілігінің өзі осыдан-ақ көрінеді. Ұнның құрамындағы адамның бойына нәр беретін, қуат беретін ағзаға қажеттінің бәрі бар. Өзге халықты қайдам, қазақтың нансыз күні жоқ деуге болады. Қазақта «қатықсыз қара су ішіп, қара нан жесек те, амандық болсын» деген де сөз бар ғой... «Нанды жерге тастама», «нанның үстіне зат қойма», «нанды төңкерме», «нанды бір қолмен үзбе» деген сөздің барлығы – сол нанның қасиетіне орай айтылған тыйымдар. Тіпті адам ашыққан кезде қолы жетпейтін биікте тұрған нанды Құранның үстіне шығып алуға болады екен, бірақ нанның өзін ешқашан баспаған. Нанның қасиеті Құраннан да жоғары бағаланатынын осыдан-ақ білуге болады. «Адам ағамыз бен Хауа анамыз пейіштен қуылған кезде ит бірге ілесіп кетіп, сонда бидай иттің ұртында келген дейді. Итті «жеті қазынаның бірі» дейтін себебіміз адамзат сол иттің ырыздығын жеп жүр» деген бұрыннан келе жатқан аңыз бар. Бір таңданарлығы, жер бетінде басқа дақылдардың, жемістердің барлығының жабайы түрі бар. Айталық, алманың, жуаның, сұлының дегендей, барлығының жабайы түрі табиғатта кездеседі, бірақ бидайдың жабайы түрі жоқ. Сол себептен де, қазіргі тілмен айтсақ, бидайдың ғарыштан келгеніне иланасың. Шынымен, осы қисынға, «бұл жердің дәні емес, бізге бейнебір ғарыштан жеткен» дегенге біртүрлі сенгің келеді. Үйге келген кез келген адам асығыс болса да, өзге тамақтан емес, наннан ауыз тиіп шығады. Адамдардың арасындағы ынтымақ бірлік, бір-біріне деген жақсы қарым-қатынас, ауызбіршілік дастарқанның үстіне қойылған нан арқылы нығая түседі, яғни өзі нан ауыз тиген үйіне қазақ жамандық тілемеген. Нанын берген адамға жамандық ойламаған. Қазақтың «Бір күн дәм татқан жерге қырық күн сәлем» дейтін сөзі осыдан келіп шыққан.

«Нанды бір қолмен үзбе» дейді. «Онда тұрған не бар» деп түсінетіндер бар. Олар мұның кесірлік екенін түсінбегендіктен, солай ойлайды. Қасиетті нанды бір қолымен қалай болса солай үзген кесір болады. Нанның киелілігі туралы С. Кенжеахметов мынадай бір естелік айтады: «Айтпай кетуге болмайтын бір оқиға есіме түсіп отыр... Кеңес өкіметінің кезінде ең арзан өнім нан болды. Ауылдық жерде кездесе қоймағанмен, қалалық жерде жатқан нанды аяғымен теуіп ойнап жүрген балаларды көзіміз көрді. Бізге кішкене кезімізде үлкен кісілер, ата-анамыз «жерде жатқан нанды көтеріп биікке қойыңдар, құс шокып жесін» дегенді жиі айтатын. Біздің жасымыздағы адамдар болмаса, жастарымыз жерде жатқан нанды көргенде, мән бермей кете береді. Сауабы тисін десеңіз, біреудің жерге тастап кеткен нанын көтеріп биікке қойыңыз. Өз басым осыны немерелеріме аяғы шығып өздері жүре бастағаннан үйретіп келемін. Көшеде жетектеп келе жатқанда аяқ астында жатқан нанды алып биікке қойғанымды олар талай рет көрді. Тәрбие айтудан ғана емес, көрсетуден сінеді, сондықтан да болар, жерде жатқан нанды «құс жейді» деп көтеріп биікке қойып жатқан немерелерімді көргенде ішім жылып қалады. Бала көргенін істейді. Олай болатын

болса, мың рет айтқаннан бір рет көрсеткен әлдеқайда тиімді екенін естен шығармағанымыз жөн. 90-жылдары қиыншылықты бастан өткердік. Дүкендердегі тапшылық, қаңырап бос тұрған сөрелер, зейнетақы мен еңбекақының уақтылы төленбеуі, жарықтың болмауы, газдың жиі берілмеуі, міне, осындай қиыншылықты қаладағы кез келген отбасы басынан өткерді деуге болады. «Апырм-ай, бір кездері нанды соншалықты кесірленіп аяқасты қылып едік, мынау соның зауалы ғой...» деген ой мені сонда жиі мазалады. Көпке топырақ шашудан аулақпын. Бірақ қалай айтсақ та, нанның қадірін білмей кеткендер болды. Сол жоқшылық арқылы Жаратқан иеміз бізге бір кездегі кесірлігімізді көрсетті. Олай болатын болса, мың жерден бай болыңыз, бар болыңыз, бірақ ең алдымен, ас атасы – нанды қадірлеңіз! Біздің кішкене кезімізде нанды үзгенде уағына дейін қалдырмай жегізетін. «Нанның уағын жеп отыр» деп кейбіреуге біртүрлі көрінуі мүмкін, бірақ айналып келгенде нанның уағы да нан ғой. Бүтін нанды нан деп, нанның уағын шелекке тастау – күнә. Сондықтан да балаға жасынан нанды оң қолына ұстатып, уағын тастамауға, нанды үгітпеуге үйреткен жөн» [8]. Тыйым дегенді «мынау жаман», «ескіліктің қалдығы» деп түсінбеген жөн. Біздің ата-бабаларымыз ғасырлар бойы осы тыйым сөзбен балаларын тәрбиелеп отырған. Ол әшейін жай ғана «сөйтпе-бүйтпе» емес, оның әрқайсысының астарлы мағынасы бар.

Экологиялық және эстетикалық тәрбие туралы тыйым сөздер. Экологиялық тәрбие – қоршаған ортаға қамқорлық, залал тигізбеу, тылсым құдіретін бағалауға арналған сөздер жатады. Олар – көкті жұлма, ұяны бұзба, суға түкірме, ағын суға кір шайма, малды теппе, аққуды атпа, бұлақты бітеме, жәндікті өлтірме, суға зәр сындырма, құмырсқаның илеуін баспа, қара суды сапырма, бұлақты былғама, ағашты кеспе т.б [24].

Тазалық тәрбиесінде жас ұрпақтың дені таза, тәні сау болып өсуі үшін жеке бас тазалығын сақтауға арналған тыйым сөздердің орны ерекше. Олар: аяғыңды жоғары көтерме, сыпырғышпен ұрма, шалбарыңды жастанба, дәрет суын аяқ асты төкпе, сыпырындыны, күлді шашпа, құдыққа түкірме, саусағыңды сорма, қолға жұққан суды сілікпе, тамақтың үстінен аттама, итке ожаумен ас құйма, шелектегі суға аузыңды батырма, т.б.

Эстетикалық тәрбиеге қатысты адамның сыртқы көрінісінің жарасымдылығы мен жүріп-тұру әдебіне байланысты бір алуан сөздер бар. Олар: шашыңды жайма, тақымыңды көрсетпе, езуіңді керме, талтайып отырма, шаш-тырнағыңды өсірме, бөркінді теріс киме, кіндігіңді ашпа.

Біздің айтпағымыз ұлтымыздың асыл қазынасы – тыйым сөздерді пайдалана отырып, қазіргі ұрпақ бойындағы жамандық атаулыдан құтылудың қамын жасауды ата-аналарға ұсынғымыз келеді. Ата салтын пайдалана отырып, айтқанын ұрпағына орындатар есті ата-ананың назарын ырым-тыйым сөздерге аударғымыз келеді. Ата дәстүріне иек артпай тәрбиенің көсегесі көгермейтінін баса айтқымыз келеді.

Діни нанымнан туындаған тыйым сөздер. Әдептілік – адамдармен қарым-қатынаста көрінетін сыпайыгершілік, ізеттілік таныту арқылы өз ортасында сүйкімді, жұғымды көрсететін ерекше қасиет. Ол

адамгершілікпен, имандылықпен қанаттас жүретін ұғым. Біздің мұны ерекше бөліп көрсетуіміз бүгінгі қоғам үшін орны мен маңызы ерекше болғандығынан. Мұндай сөздерге: үлкеннің алдын кесіп өтпе, үлкенге әрқашан орын бер, үлкеннен бұрын сөйлеме, үлкеннен бұрын тамаққа қол созба, топта даурығып сөйлеме, адамды қорлама, орынсыз күлме, қолыңды білеп сөйлеме, кісінің көзінше қасынба, мұрныңды шұқыма, кісінің ұстінен аттама, тосып сөйле, кісіге қарап түкірме т.б. жатады.

Имандылық туралы баспасөз беттерінде аз айтылып жүрген жоқ. Қазіргі қоғамда орны ойсырап тұрғаны баршаға мәлім. Жоғарыда атап өткеніміздей, имандылық ұғымы өте кең. Адамгершілік, тәртіптілік, сыпайыгершілік ұғымдарының бәрін де қамтиды. Біз бұл жерде дінді қадірлеу, хадис талабын орындау, жан тазалығын сақтау деген ұғымдармен қатысты сөздерді көрсеттік. Олар: аруақ аттама, дінді сатпа, құранды баспа, тәңірге, аруаққа, құранға тіл тигізбе, өлім үстінде жаман сөз айтпа, өлген адамды жамандама, намазды бұзба, қабірді баспа, жұма күні кір жұма, т.б.

Киімге қатысты тыйымдар. Киімді оң қолдан бастап киіп, сол қолдан бастап шешеді.

Тозбаған киімді тастауға болмайды.

Киімді сілкіп киген жөн, өйткені киімге жабысқан улы жәндіктер болса, ұшып түседі.

Қыздарға ер баланың киімін киюге болмайды. Жаман ырым.

Киімнің жағасын басуға болмайды.

Ер адамның киімінің жағасын баспау керек, кесірі ұрады.

Бас киімді теріс киюге, лақтыруға болмайды. Бас киімді әрқашанда таза, ұқыпты ұстап, босағаға емес, төрге ілу керек.

Қыз бала басына ақ, қара орамал тартпайды. Ақ – жаулықтың, қара – қайғының белгісі болып саналады.

Садақаға кім берсе, оның түймесін қиып алады

Қоршаған ортаға байланысты тыйымдар. Көкті жұлса көктей соласың.

Суға түкірмейді.

Құстардың ұясын бұзуға болмайды. Қарғаса, үйішіне кесапаты тиеді.

Құмырсқаның илеуін бұзба.

Отқа қатысты тыйымдар. Отты шашуға, басуға болмайды. Отбасының берекесі кетеді.

Отқа түкірмейді.

Отты су құйып өшірмейді, өйткені қайта тұтатуға қиын болады.

Түнде күл шығармайды.

Күл төгілген жерді баспайды. Себебі барлық жаманшылық күлмен кетеді, оны басу сол жаманшылықты үйіне әкелгенмен бірдей.

Жиі айтылатын тыйым сөздеріміздің отқа қатыстысы да баршылық. Айталық, «отты аттама», «ошақты аттама» дейді. Өйткені қазақ үшін от та қасиетті. Қазақтың отты қадірлегені соншалық, «менің үйім» деп айтпайды, «от жаққан жерім», «отымның басы» дейді. Қазақтың қандай керемет сөзі десеңіші! Ал «отбасым», «отымның басы», «түтін түтеткен үйім» деген қандай әдемі сөздер! Қазақта киіз үйдің ортасына жаққан отының орнын көшкен кезде көміп тастайтын болған.

Әр халықтың өзінің сонау ғасырлардан жеткен ырым-тыйымдары, әдет-ғұрыптары үлкен күшке, энергетикалық жолға айналып кеткенін үнемі айтып келемін. Сондықтан өз дәстүр-салтымыз өзімізге ғана жұғысты. Өкінішке қарай, біз осы ата-бабамыздан қалған құндылығымызды жай айтыла салған сөз сияқты, әншейін бір жокқа сенушілік секілді қабылдаймыз. Қазіргі ғаламтордың ішіне «кіріп» кеткен жастарымыз мұны керек қыла бермейді.

Олай болса, балаларға кішкентай кезінен бастап мұның барлығын жете түсіндіріп, қадір-қасиетін ұғындырып отырса, олар барлығын қадірледуді, аялауды үйренеді. Тілімізде «шырағың сөнбесін» деген керемет сөз бар. Үлкендер: «Отың лаулап жансын! Шырағың сөнбесін!» – деп баға береді. «Шаңырақтың отын өшірмей, әрі қарай жалғастыратын ұрпағың болсын» деген тілек – бұл. Қазақта жас келін түскен кезде отқа май құйғызады. Себебі май құйғанда от лаулап жанады. Сондағы оттың жалынына қолын төсеп, сосын келінінің бетін сипайды. Мұны «шаманизмнің қалдығы» деп жүргендер баршылық. «Енді сен бір оттың иесі болдың, отың лаулап жансын! Оттай опалы бол! Жылуың оттай мол болсын! Оттай берекелі бол!» – деген келінге тілер мағынасы зор тілек жатыр мұның астарында. Осыны шаманизмге апарып тірейтін ештеңесі жоқ. «Түтіні түзу шығып жатыр» деген отпен байланысты сөзді де отбасының бірлігі мол, қазанының қаспағы кетпеген берекелі шаңыраққа қаратып айтып жатамыз. Отсыз адамның күні жоқ. От – жылу, от бар жерде өмір бар, тіршілік бар. Ендеше, отқа қатысты тыйымдарды бір сәт естен шығармайық.

Үй тұрмысына қатысты тыйымдар. Үйге кіргізілген отынның артығын шығарып тастамайды.

Үйді айналып жүруге, жүгіруге болмайды. Бұл жамандықты шақырма дегенді білдіреді.

Шәугім, аққұманның шүмегін есікке қаратып қойса, ырыс-несібе кемиді.

Сыпырғышты төрге қоймайды. Бұл үй ішіндегі жаманшылық, ауру-сырқау сыпырғышпен босағадан шықсын, төрге жоламасын деген ниетпен туған.

Сыпырғыны тұрғызып қоймайды.

Ыдыс-аяқтарды ашық тастама.

Жол жүруге қатысты тыйымдар. Сейсенбі күні алыс жолға шықпа – әрі ырым, әрі тыйым.

Жүкпен жолға шыққанда тұз алма – әрі ырым, әрі тыйым.

Жүрер жолдың уақытын кесіп айтуға болмайды. Жол жүретін адам «Алла жазса», «Құдай қаласа» деп тілегенде, жол бойындаға кедергілердің бәрі алыстатылады.

Жұма күні көшуге болмайды. Әрі ырым, әрі тыйым. Жұма – қасиетті күн. Бұл күні ата-баба аруақтары шаңыраққа келіп, дұға дәметеді.

Алыс жолға шыққан адамдар қара шаңырақтан немесе үлкен кісінің үйінен дәм татып аттанады.

Қазақ халқында да есікті, босағаны қасиетті деп таниды. Мысалы тілімізде осыған қатысты босағада тұрма, босағаға сүйенбе, есікті қатты жаппа, есікті теппе (сілкіме), табалдырықта тұрма, табалдырыққа отырма, табалдырықты теппе, табалдырыққа сүрінбе, т.б. деген сияқты табуларды мифтік таным негізінде түсіндіруге болады.



Адамдық тәрбиенің алтын арқауы да, халық педагогикасының қайнар бастауы да – әдептілік. Ұлқызына көрсетер инабатты үлгісі жоқ, әдеби жоқ халық болмайды. Әдептілікке бас имеген, әдептіліктен нәр алмаған салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты ешбір халық жасамапты.

Халықтың зердесінде, тарихында, рухани

мұрасында небір інжу-маржан жатыр. Сол асыл қазыналарымыздың қасиетін, мән-мағынасын ұрпағымыздың бойына жұғысты етіп, ертеңгі күнге жалғастыра ұқтырсақ, ұл-қыздарымыздың келешегі де жарқын болар еді.

ТІЛТАНЫМДАҒЫ ЭВФЕМИЗМ ҚҰБЫЛЫСЫ

Исабаева Алия Қуаткановна

*№95 жалпы білім беретін мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі
Алматы қаласы*

Түйіндемe. Мақалада тілтанымдағы эвфемизм құбылысы туралы жазылған.

Summary: The article describes the phenomenon of euphemism in a linguistic narrative.

Кез келген халықтардың тілінен орын алатын ауқымы кең этнографиялық лексикалардың бірі – табу мен эвфемизмдер. Бұларды этнографиялық лексикаға жатқызуымыздың себебі – негізгі түп мәнінде олармен астасып жататын халықтық наным-сенім, әдеп-ғұрып салт-дәстүрлер бар.

Бүгінде үздіксіз қолданылып келе жатқан эвфемизм терминінің екі нұсқасы (эвфемия, эвфимия) кездеседі. Аталған терминнің жалпы тіл біліміндегі орнын айырықша көрсетуге болады. Мәселен, эвфемизм терминінің риторикалық әрі стилистикалық белгіге ие екендігіне алғаш назар аударған ағылшын жазушысы Джордж Блаунтом болды. Сондай-ақ эвфемизм термині еуропа мәдениетінде де өзіндік сипатқа ие. Эвфемизм терминінің шешен сөйлеуге қатысын айта келе орыс ғалымы В.П. Москвин пікірін былайша білдіреді: «Эвфемизация служит соблюдению одного из условий так называемой «хорошей речи», определяющих ее уместность. Последняя определяется соответствием речи, во-первых, ее теме, во-вторых – коммуникативной ситуации. Первое соответствие назовем тематической уместностью, второе – уместностью ситуативной. Приемы эвфемии напрямую связаны реализацией ситуативной уместности речи» [1, с.14].

Ал бүгінде эвфемизм термині табу немесе дөрекі сөздерді алмастыру деген мағынада түрлі аспектіде қолданыс табады. Оны төменде берілген сызбадан байқауға болады:

Эвфемизм құбылысы тілдік универсалияға жатады. Сөйлеу кезіндегі эвфемизмдердің кең қолданысы этикалық, эмоциональды-психологиялық, эстетикалық, жалпы мәдени қызмет атқара отырып қарым-қатынастың сәтті аяқталуына ықпал етеді. Сондай-ақ эвфемизмдер стилистикалық қолданыстар жүйесіндегі фигуралар арасында да ерекше қолданысқа ие. Бұл жайлы жалпы тілтанымдағы бірнеше ғалымдардың төмендегідей пікірлерін келтіре кетейік:

В.М. Филипов, К.М. Романова, Б.С. Баринаова: «Эвфемизмы в системе стилистических приемов занимают достойное место наряду с другими фигурами речи», О.С. Ахманова: «Прямо называет эвфемизм тропом, состоящим в непрямом, прикрытом, вежливом, смягчающем обозначении какого-либо предмета

или явления»; М. Ковшова, В.З. Санников «В работе, посвященной исследованию языковой игры, называет эвфемизм «приемом» и указывает на его сходство фигурами, основанными на недоговоренности или умолчании» [1, с.16].

Эвфемизмдердің негізгі белгісі – белгілі бір затты жанама түрде атау. Сөйлеуші эвфемизмнің көмегімен бір жағынан өзінің тыңдаушысына сыпайық танытса, екінші жағынан сол мезеттегі қолайсыздықты білдіртпеуге тырысады. Ал эвфемизмдердің ауызекі тілдегі қолданысын интеллектуальды ойын түріне ұқсатуға болады. Мәселен, ондағы өзара қарым-қатынасқа түсуші екі адамның қарым-қатынасын мәселен, бірі – ойын жұмбақ түрінде берсе, екіншісі оны шешуге тырысады

Жалпы тілтанымдағы эвфемизмдердің теориялық негіздері Б.А. Ларин, Л.А. Булаховская, А.А. Реформатский сияқты ғалымдар еңбектерінде түрлі нысанда көрсетіліп, оның тілдік материалдардағы әмбебап дамуы мен пайда болуы, ерекшеліктері ескеріледі. Ал В.И. Жельвис, Н.А. Евсева сынды ғалымдар эвфемизмдерді диахрондық және синхрондық нысандар тұрғысынан қарастырса, В.П. Москвина, Е.И. Шейгал, Т.Л. Павленко т.б. эвфемизмдердің түрлі жасалу жолдарын көрсетеді. Эвфемизмдерді кешенді түрде (тілдік, әлеуметтік, танымдық феномен) тану Н.В. Тишина еңбектерінде кең қолданыс табады. Ол эвфемизмдердің сәтті шығуындағы негізгі белгі – сыпайы әрекет, әсер деп таниды. Эвфемизмдерді эвфемизмдер семантикасы, эвфемизмдер формасы деп бөліп көрсетеді. Ал В.П. Москвин эвфемизмдерге кең көлемде жіктеме жасап уәжділік, метафоралық, метонимиялық, перефраздану, эллипсис, антономазия сынды қасиеттерін ұсынады [1, с.18].

Эвфемизмдерді тақырыптық жағынан жіктеген ғалым Л.П. Крысин болды. Л.П. Крысин, Е.И. Шейгал, А.Д. Шмелев сынды бірнеше ғалымдар эвфемизмдердің сөз табына қатысы жайлы да сөз етеді. Қазіргі қолданыстағы эвфемизмдерді ғалым Е.П. Сеничкин былайша топтастырады:

- Тарихи эвфемизмдер
- Тілдік эвфемизмдер
- Оказионал эвфемизмдер [1, с.18].

Эвфемизм – сөйлеу әктісі. Эвфемизм – тілдік қарым-қатынастағы факт. Әлемдік лингвистикада сөйлеу әктісіне мынадай анықтамалар береді: Речевые акты

– это действия, совершаемые партнерами в процессе речевой коммуникации; Речевые акты – основная единица вербальной коммуникации [1, с.30].

Лингвистикада мәлім болғандай, антропологиялық парадигма сөйлеуші адамға бағытталады. Сол себепті сөйлеу актісі психология, мәдениеттану аясында да қарастырылады. Сөйлеу актісінде негізгі нысанға сөйлеудегі әрекет, сәтті аяқталу, пропозициональды мазмұн, шындық, интенция, коммуникативтік мақсат алынады. Эвфемизм дефиницалары: сұрақ, кеңес, өтініш.

Эвфемизмді неліктен лингвистикалық прагматика, сөйлеу актісі теориясының аумағында қарастырамыз? Эвфемизм – тілдік факт. Тілдік қарым-қатынасқа бағытталған. Сөйлеудің айналымы. Сөйлеу акті – сөйлеудің пайда болуының негізі. Т.Г. Винокур сөйлеу актісі жайлы айта келе, «мақсат», «сендіру», «әрекет, жағдай» үшеуі бірігіп «амал-тәсіл» деген категорияны құрайды дейді [1, с.32].

Сөйлеу акті тілдік жанрмен де байланысты. Екеуіндегі ұқсастық – интенция (тұспал), коммуникативтік мақсат, дискурсқа жетелеу, қарсыласының реакциясын танып-білу, тілдік және вербалды амалдардың қолданысы.

Біршама зерттеушілердің айтуынша, сөйлеу актісіне қарағанда сөйлеу жанрының ауқымы кеңірек деп таниды. Онда бірқанша иллокутивті күш бар деп көрсетеді. Ғалымдар сөйлеу актісінің мақсаты – минималды тілдік жағдайға байланысты деп көрсетеді. Сөйлеу жанрларының хабарламалы, бағалауыштық сипаттарын баса көрсетуге болады.

Ал иллокутивті сөйлеу акті сөйлеушінің тыңдаушыға бағытталған сөзінің жағымсыз және дөрекі түрде жеткізілуі. Перлокутивті сөйлеу акті сөйлеушінің тыңдаушыға бағытталған сөзінің жағымды және эмоционалды түрде көрініп, қарым-қатынастың сәтті аяқталуы.

Сонымен эвфемизм – қарым-қатынас жағдайындағы сөйлеу тактикасы.

Г.Грайс тілдік қарым-қатынас жағдайында төмендегідей қағидаларды ұсынады:

- Хабарламалық
- Түсініктілік, анықтық
- Байланыстылық
- Шындық [1, с.32].

Сондықтан эвфемизм құбылысы айырықша феномен, сөйлеу мазмұнында хабарламалылық қызметте байланысады. Эвфемизм тыңдаушыға, тыңдауға құлшыныс білдірушілерге арналған. Сөйлеуші тыңдаушыға түсінуге жеңіл болуын, ал тыңдаушы сөйлеушінің оның қолданып отырған стратегиясын ескере отырып, сөйлеуші не туралы айтпақ болған ойын түсініп отырады. Сөйлеуші мен тыңдаушының арасындағы байланыс эвфемистік түрде өткенде сөйлеуші айтар ойын жинақтап, эвфемизм түрінде жұмсақтап жеткізеді, ал тыңдаушыда ойлау мен сөйлеу қатар көрінеді. Сондай-ақ сөйлеуші тыңдаушыға түсінікті болу үшін өзіндік түйін жасайды.

Отандық тілтанымда лингвист Б.А. Ларин эвфемизмдерді төмендегідей түрлерге жіктейді: 1. Жалпыхалық қолданатын ұлттық әдеби тілдің түрі;

2. Классикалық және кәсіби эвфемизмдер; 3.

Тұрмыстық эвфемизмдер.

Эвфемизмдерді тұрақты, әрі түсінуге жеңілдігін ескеріп, әлеуметтік дәрежелеріне орай үш түрге жіктеуге болады: 1. Жалпытілдік эвфемизмдер;

2. Тілдік эвфемизмдер; 3. Оказионал эвфемизмдер [1, с.35].

Жалпытілдік эвфемизмдер тұрақты, сөйлеу кезінде түсінуге жеңіл, тілді игерушілердің көпшілігіне таныс сөздер арқылы қолданылады. Мұндай эвфемизмдер сөйлеуші үшін қиындық тудырмайды. Ойда дайын бірлік күйінде сақталады. Сондай-ақ эвфемизмдердің бұл түрін қолдану арқылы сөйлеуші қолайсыз, айтуға ыңғайсыз жайттарды сенімді, жеңіл, тыңдаушының жағдайын ескере отырып жеткізеді. Мысалы: Әжетханаға бару.

Тілдік эвфемизмдердің қарым-қатынас аясы тар, жанұялық және достық қарым-қатынас кезінде ғана қолданылады. Мысалы: Жеке жерге бару.

Тілдік эвфемизмдерге жақын қолданылатын оказионал эвфемизмдердің де қолданылу аясы тар, ол сөйлеу сәтінде ғана қолданылады. Тілдік пен оказионал эвфемизмдердің жалпытілдік эвфемизмдерден айырмашылығы – өз ортасында ғана қолданылады, қарым-қатынас кезіндегі аясы тар. Көптеген тілдік және оказионал эвфемизмдер иронияға, қалжыңға құрылады. Аталған екі эвфемизм түрінің негізгі қызметі – фатикалық, контакт тудырушы. Мұндай эвфемизмдер мағынасы шағын топтар арасында ғана түсінікті болып, қарым-қатынас өзара жақын, таныс адамдар арасында ғана өрбиді. Мысалы: Жұлдыздарды тамашалап келу.

Мәдени қызметі жағынан эвфемизмдер табуға жақын. Айтуға тиым салынған сөздер. Табу жалпы қоғам өмірінің түрлі діни, тарихи, әлеуметтік-саяси, этикалық факторларын қамтиды. А.А. Реформатский аталған екі ұғым табу мен эвфемизм жайлы былайша түйін жасайды: «Для замены табу слов нужны другие слова – эвфемизмы. Эвфемизмы – это замененные, разрешенные слова, которые употребляют вместо запрещенных (табуированных).

Тұрмыстық жағдайда қолданылатын эвфемизмдер өз бастауын айтуға тиым салынған табу сөздерден алған. Қазірде эвфемизмдерді пайдаланудың мақсаты – сөйлеу әдебін, сөйлеудің жағымсыз жағдайларын жұмсақтап жеткізу. Мұндай эвфемизмдер адам өмірінің интимді, жанұялық және күнделікті өмірін қамтиды.

Әдетте, табу мен эвфемизмдер мифологиялық дүниені қабылдау аспектісінде де қарастырылады. Сонымен қатар табу мен эвфемизмдердің кейбір разрядтары тек мифологиялық емес, өзгеше сипатқа да ие болады. Мәселен, зерттеушілер былай деп көрсетеді: «На современной стадии развития общества религиозные эвфемизмы в Европейских языках являются уже пережитком или отголоском более ранних эпох. Для современного языкового употребления значительно большую роль играет социальный и моральный эвфемизм. В силу сложившихся условий в обществе не всегда возможно или целесообразно называть вещи их действительными именами. Это невозможно либо из этических соображений, соображений вежливости, либо вследствие некрасивости и запретности вещей.



Этические эвфемизмы заключаются главным образом, в смягчении понятий или в замене родного слова словом из какого-либо иностранного языка» [2, 8 б.].

Табу мен эвфемизмдердің пайда болу себептері алуан түрлі: этикалық, саяси, мифологиялық-діни және т.б. болуы да мүмкін.

Табу мен эвфемизмдердің зерттелуі түркі тілдері материалдарында да көптеп кездеседі. Мәселен, қазақ тіл білімінде Ә. Ахметовтің [3], әзірбайжан тілінде – Х.Д. Жаппаровтың [4], өзбек тілінде – Н. Исмагуллаевтың [5], тува тілінде – Ш.Ч. Саттың [6] және т.б. еңбектері бар екендігі мәлім. Алтай түркі тілдес халықтарының материалдары бойынша Н.А. Баскаков [7], қазақ, қырғыз, өзбек тілдері бойынша И. Лауде-Циртаустас [8] мақала жазды.

Табу – (кең мағынасында) полинезиялық «тару» сөзінен шыққан – белгілі бір іс-әрекеттерді (қандай да бір заттарды, тағамдарды, сусынды қолдануға) жүзеге асыруға салынатын ерекше тыйым немесе қандай да бір сөздерді (әсіресе, жалқы есімдерді) айтуға салынатын тыйым. Этнография мен әлеуметтануда бұл ұғым ұлттық реңкі бар пайымдарды белгілеу үшін қолданылады.

Гректерде «αυος» сөзі табу ұғымын білдіреді. Гомер дәуірінің өзінде-ақ патшалар, тайпа басшылары, көсемдердің мал-мүлігі, қару-жарағы, көлігі, әскери топтағы күзетшілері киелі болып саналған. Сондай-ақ соғыс кезінде балық жеуге, кейіннен шошқадан жасайтын тағамдарды жеуге тыйым салған. Себебі Крит аралында шошқалар киелі мал – тотем ретінде саналып, тағам ретінде қолданылмаған. Оны құрбандыққа шалуға да тыйым салған. Гомер шығармаларында шошқалар киелі малға, шошқа бағушылар киелі адамдарға жатқызылған.

Табу сөздердің негізінде шындыққа деген салттық көзқарас болады. Болмыс әлемі жанды, естиді, сөйлейді, саналы, яғни мифологиялық дүние қабылдауда аңдар, табиғат, заттар және т.б. тірі, саналы нәрселер болған. Көрнекті этнограф және фольклоршы Д.К. Зеленін алғашқы сөздік тыйымдар алғашқы қауымдық аңшылардың қарапайым ғана абай болуынан (абайла ушылығынан) пайда болған деп есептейді: олар адам тілін түсінетін қырағы аңдар сөздерін естіп қойып, қақпан мен садақтан құтылып кетуі мүмкін деп ойлады [9, 110 б.].

Сөздік табулар мен қазақ табу сөздерінің көзі тек аңшылық қана емес, сондай-ақ өз кезінде Ш. Уәлиханов әскери жорықтардың ықпалы болғанын айтады. Ә. Қайдар атап көрсеткендей: “У тюркских народов была выработана целая система табуирования. Под табуирование подпадали самые различные аспекты религиозно-анимистического, мифологического, астрологического и других верований” [10, 46 б.].

Түркі тілдерінің көпшілігінде табуға айналған «қасқыр», «бөрі» дегендердің қазақ тілінде олардың орнына қолданылып жүрген «ит-құс», «ұлыма» деген сөздер этнографиялық мәнге ие болған. Өйткені, оның лексикалық мағынасынан бөлек дәстүрлі наным-сенімдерден туындайтын, атын атаса «ит-құс» малға шабады немесе адамға қастандық істейді деген сияқты түсінік қалыптасқан.

Табу терминінің ауқымы кең, себебі мұндай сөздер

тек тыйым салынған сөздермен ғана шектелмейді, адам тарапынан жасамауға тиіс кейбір іс-әрекеттерді, белгілі бір адамға, ішіп-жеуге болмайтын ас-суға қатысты сөздерді де қамтиды.

Табу сөзбен эвфемизмнің арасында қандай байланыс бар, нәліктен көбіне екеуі қатар айтылады деген мәселеге тоқтала кетсек, ең алдымен эвфемизмдерді тудыратын табу сөздер деп білсек, кейде тіпті табу сөздер эвфемизмдерді тудырып қана қоймай, оларға үнемі өз орнын беріп, өзі солардың тасасында бой жасырады. Сондықтан олар табусыз эвфемизм, эвфемизмсіз табу өмір сүре алмайды. Осындай табу мен эвфемизмдердің арасындағы себеп-салдарлы тығыз байланысты Ә.К. Ахметов былайша көрсетеді: «...табу мен эвфемизмдердің арасындағы байланысты себеп пен салдар деп қараған жөн, өйткені эвфемизмдерді тудыратын табу. Сондықтан да олар бірінсіз бірі жүре алмайды. Сосын табу эвфемизмдерді тудырып қана қоймай, оларға үнемі өз орнын беріп, өзі солардың тасасында бой жасырады» [3, 7 б.].

Сонымен тілдің лексикалық жүйесі құрылымдарын, тіл мен ойлаудың, тіл мен индивидтің байланысын, тіл мен қоғамның байланысын тереңдете зерттеуде табу мен эвфемизмдердің беретін деректері мол. Этикеттік нормамен ұштасып жататын эвфемизм құбылысы тілдің сөздік құрамын байытады, синонимдік қатарын көбейтеді, функционалды-стильдік айырымдарын тереңдетеді, тіл мәдениетін, адамның жеке мәдениетін, сөз мәдениеті нормаларын қалыптастыруға ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Ковишова М. Семантика и прагматика эвфемизмов. Краткий тематический словарь современных русских эвфемизмов. – Москва: Гнозис, 2007. – 320 с.

2 Дегтярева Т.А. Многозначность слова и синонимика: автореф. дисс... канд. филол. наук. – М., 1948. – 20 с.

3 Ахметов Ә. Қазақ тіліндегі табу мен эвфемизмдер. Филология ғылымы кандидаты дәрежесін алу үшін жазылған диссертациясы. – Алматы, 1973. –

4 Джаббаров Х.М. Табу и эвфемизмы в азербайджанском языке: автореф. дисс... канд. филол. наук. – Баку, 1972. – 19 с.

5 Исмагуллаев Н. Эвфемизмы в современном узбекском языке: автореф. дисс...канд. филол. наук. – Ташкент, 1964. – 21 с.

6 Сатт Ш.Ч. Табу и эвфемизмы в тувинском языке // Советская тюркология. – 1981. – №5. – С. 42-45.

7 Баскаков Н.А. Пережитки табу и тотемизма в языках народов Алтая // Советская тюркология. – 1976. – №2. – С. 3-77.

8 Циртаутаус И. (Сизтл, США). К вопросу о табу и эвфемизмах в казахском, киргизском и узбекском языках // Советская тюркология. – 1976. – №4. – С. 23-27.

9 Зеленін Д.К. Табу слов у народов Восточной Европы и Северной Азии // Музея антропологии и этнографии. – Л., 1929. – Т.8. – 151 с.

10 Қайдар Ә. Культ слова у тюркских народов (на материале казахского языка) // Қазақ тілінің өзекті мәселелері: Актуальные вопросы казахского языка. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 41-46 бб

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Медеубаева Кенжехан Турапбековна

п.ғ.к., қауымд. проф.м.а.

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

Еркекүл Жансая

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

«Педагогикалық өлшемдер» мамандығы

2-курс магистранты

Резюме: В статье рассмотрены различные аспекты и педагогические условия формирования и развития функциональной грамотности учащихся на основе обновленной образовательной программы. А также рассматривается актуальность роль и значение функциональной грамотности в формировании познавательной компетентности учащихся.

Abstract: The article deals with various aspects and pedagogical conditions of formation and development of functional literacy of students on the basis of the updated educational program. It also describes the relevance of the role and importance of functional literacy in the formation of cognitive competence of students.

Кілт сөздер: «өмірлік білім» парадигмасы, функционалдық сауаттылық, құзыреттілік, сын тұрғысынан ойлау, танымдық негіз, білім беру кеңістігі.

Қоғамда «өмірлік білім» парадигмасына көшу біртіндеп жүзеге асырылып келеді. Білім беруді жаңғыртудағы мемлекеттің негізгі білім беру саясаты дайын өнімді алуға емес, құзыреттілік тәсіл негізінде алған білімді қабілеттерін және білім, білік дағдыларын дамытуға бағытталған. Қазіргі қоғамға әлемде болып жатқан өзгерістерге тез бейімделе білетін адамдар қажет. Қазіргі кездегі объективтілік тарихи заңдылық пен уақыт талабына сай адамның білім деңгейіне қойылатын талаптарды арттыру болып табылады. Жаңа жағдайларда оқыту процесі «өмірлік білім» тұжырымдамасын іске асыруға ықпал ететін құзыреттілікті дамытуға бағытталуы тиіс. Құзыреттілікті дамытудың алғышарты – функционалдық сауаттылықтың белгілі бір деңгейінің болуы.

XX ғасырдың ортасынан бастап функционалдық сауаттылық мәселесіне халықаралық ұйымдар назар аударып бастады, 1990 жылды ЮНЕСКО Халықаралық сауаттылық жылы деп жариялады, БҰҰ 2003-2012 жылдарды осы ұғымды кең түсіндіруде сауаттылықтың он жылдығы деп жариялады. Функционалдық сауаттылықтың шартты деңгейі: «Қазіргі азамат білуі және істей алуы тиіс...» деп тұжырымдалады және әрбір ел үшін мәдени және өңірлік ерекшеліктерді ескере отырып анықталады. Адамның функционалдық сауаттылық компоненттерін игеруінің хронологиялық аймағының кеңеюі салдарынан функционалдық сауаттылық шегі тұрақты түрде ұлғаю үрдісінде болады. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру олардың құзыреттілігін одан әрі дамытудың негізі болып табылады. Жаңартылған білім беру мазмұнының өзектілігі функционалдық сауаттылық деңгейін көтеру қажеттілігін сезінетін оқушыларды дайындаудың объективті қажеттілігімен яғни ақпаратты пайдалану, жалпылама мақсаттар мен міндеттерді өз бетінше шешу және қалыптасқан жүйеге тез бейімделуге қарым-қатынастар негізінде анықталады.

«Қазақстан Республикасында білім беруді

дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» мен «Интеллектуалды ұлт-2020» бағдарламасы орта білім беру мазмұнына функционалдық сауаттылықты енгізудің басым бағыттарын айқындап берді. «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында»: «Құзыреттілік тәсіліне және оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға негізделген 12 жылдық білім берудің жаңа стандартын әзірлеу және енгізу жоспарлануда», – деп атап көрсете келе, типтік оқу жоспарлары мен бағдарламалардың функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға бағытталуына, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру үшін негізгі орта және жалпы орта білім берудің құзыреттілік тәсілі негізінде оқу бағдарламаларын әзірлеуге баса назар аударылған [1]. «Болашақ» бағдарламасының стипендиаттарымен болған кездесуде (Астана қаласы, 2008 жылғы 30 қаңтар) Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев өз сөзінде қазақстандықтарды жаңа формацияда тәрбиелеуге және Қазақстанды адам капиталы бәсекеге қабілетті елге айналдыруға ықпал ететін интеллектуалды ұлтты дамытудың маңызды аспектілерін атап өтті. Әсіресе, білім беру жүйесін инновациялық дамыту қажеттілігіне ерекше тоқталды: «Жаңартылған білімнің легіне ілесіп отыру үшін қазіргі заман қызметкерлері жүйелі және сын тұрғысынан ойлауды меңгеруі тиіс және үнемі өз білімін жетілдіріп отыруы керек. Бұдан басқа, біздің жастарымыз тек білімді алып қана қоймай, жаңа білім беру жүйелерін құруға да күш салысулары керек. Бүгінгі таңда ең маңызды сапа креативті ойлау, білімді қайта өңдей білу, жаңа шешімдер, технологиялар мен инновациялардың пайда болуы болып табылады. Бұл үшін жаңа әдістер, оқытудың жаңа формалары, жаңа мамандар қажет» [2].

Елбасының «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» [3]. Жолдауындағы маңызды тапсырмасы бес жылға арналған Оқушылардың функционалдық



сауаттылығын дамыту жөніндегі Ұлттық іс-қимыл жоспарын әзірлеу болып табылады. Осыған байланысты Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі ұлттық іс-қимыл жоспары әзірленді, аталған жоспар шеңберінде функционалдық сауаттылық бойынша шетелдердің адыңғы қатарлы тәжірибелерін зерделеу және Қазақстан Республикасының орта білім беру мазмұнының ерекшеліктерін ескере отырып, функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың жолдарын әзірлеу міндеттері қойылды. Аталған міндет Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіруі процесінде де маңызды болып табылады. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарында: «Еліміз үшін маңызды болып табылатын аталған стратегиялық міндетті шешу жағдайында тұлғаның ең басты функциялық сапалары белсенділік, шығармашыл тұрғыда ойлауға және шешім қабылдай алуға, кәсіби жолын таңдай алуға қабілеттілік, өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады. Бұл функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады», көрсетілген [4].

Қазіргі ұғым бойынша функционалдық сауаттылықты білімнің (бірінші кезекте, жалпы) көп жоспарлы адам әрекетімен байланысын біріктіретін жеке тұлғаның әлеуметтік бейімделу әрекеті ретінде түсінуге болады. Функционалдық сауаттылықтың ерекшелігі – жылдам өзгеріп отыратын қоғамда барлығы үшін қажетті қолданбалы білімдер негізінде әртүрлі қызмет салаларында өмірлік мәселелерді шеше алуымен сипатталуы.

Ғылыми-әдістемелік зерттеулерде оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру мәселесі отандық және алыс-жақын шетел ғалымдарының еңбектерінде атап айтқанда, Ж.Ж.Ордабаеваның, А.К.Рауандианың, С.А.Тангянның, С.Г.Вершловскийдің, М.Д.Матюшкинаның, Б.С.Гершунскийдің, В.В.Мацкевичтің, С.А.Крупниктің, А.В.Хуторскийдің, Н.Н.Сметанникованың және т.б. әртүрлі аспектілерде қарастырылған.

Мектептегі білім беру жағдайындағы функционалдық сауаттылық соңғы жылдарда зерттеулер объектісіне айналды. Мысалы, Н.Н.Сметанникова [5] функционалдық сауаттылықты оқуға үйретудің стратегиялық тәсілдері шеңберінде зерттеді. Е.П.Лебедева [6] функционалдық сауаттылықты қалыптастыру мәселелерін зерделей келе, мектептің кіші буын оқушыларын оқыту үдерісіндегі тиісті мазмұнды енгізудің перспективасын ашты. С.Г.Вершловский, М.Д.Матюшкин социологиялық зерттеулерді жүргізудің негізінде қазіргі заманғы мектепті бітірушілердің функционалдық сауаттылық деңгейін талдайды. Дегенмен, жекелеген пәндерді оқыту кезінде функционалдық сауаттылықты қалыптастыру мәселесі бойынша нәтижелері мектептегі білім берудің мазмұнына әлі жаппай енгізілмеген бары-жоғы бірнеше ғана еңбектер бар. Оларды атап өтсек, қазақстандық зерттеушілер Ж.Ж.Ордабаева [7], А.Ж.Мұрзалинова [8], А.К.Рауадина [9] оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту мәселесін қазақ тілінде оқытатын мектептерде физиканы, орыс тілін оқыту, орыс тілінде оқытатын мек-

тептерде қазақ тілін оқыту барысында қарастырады, ресейлік әдіскерлер Г.Д.Клок, В.И.Анурова функционалдық сауаттылықты қалыптастыру жолдарын химия және шет тілі сабақтарында көрсетеді. Мұндай мектеп жағдайында функционалдық сауаттылықты қалыптастыру мәселесіне қатысты аз көлемдегі жұмыстар оқушылардың функционалдық сауаттылығын жүйелі түрде қалыптастырудың өзекті мәселелерін шеше алмайды.

П.Терешкович пен С.Крупниктің «Новый порог функциональной грамотности вызов 21 века» еңбегінде функционалдық сауаттылықты қоғамның негізгі даму тенденцияларымен байланыстырады. Біріншіден, бұл өндірістік және гуманитарлық қызмет аясын ерекше технологияландыру. Гуманитарлық саладағы технологияландыру (қызмет жүйелерінің элементтерін ұйымдастыру және реттеу) интеллектуалдық және ақпараттық шиеленістердің белгіленген өрісін жасайды. Сондықтан адамның білік қызметтері жүйесінде жұмыс істеуге қажетті біліктің ең төменгі деңгейі айтарлықтай артады. Бұл өз кезегінде, ақпараттар мен ақпараттық техникаларды шығару, қолдану, қызметтің жалпыланған мақсаттары мен міндеттерін өз бетінше белгілей білу және қарым-қатынастардың қалыптасқан жүйеге жылдам бейімделуі. Екіншіден, геометриялық прогрессияда еселеніп отыратын ақпараттар ағыны. Осыған сәйкес, кез келген ақпарат мәдениетті ақпарат бола алмайтынын және оқу үдерісінде міндетті түрде меңгерілуі тиіс нормаға жатқызылуы мүмкін екенін атап өткен жөн. Ақпараттардың адамның өз қызметі үдерісінде алдына қойған міндеттеріне сәйкес түрлену қасиеттері болады. Үшіншіден, қызметтің шамадан тыс кәсібилілігі (кең ауқымда). Кеңес заманында қол жеткізген білімнің молдығы осы күнге дейін белгісіздік пен тұрақтылықтың жоқтығы, сондай-ақ, өмірлік белсенділіктің құлдырауы, жекелеген кәсіптік салалардың, негізінен өндірістік-техникалық салалардың жұмыс істеу деңгейінің тұрақты режиміне қатысты жеткілікті дәрежеде қолдау көрсету жағдайында мүмкіндік беріп отыр. Төртіншіден, өркениетті дамудың жаһандық мақсаттарының белгісіздігі (Хайек Поппер). Осының барлығы сауаттылық деңгейіне қойылатын белгіленген талаптарды және адамның қызметтер жүйесіндегі өндірістік және қоғамдық қарым-қатынастарға қатысты білімдерін де қалыптастырады. Функционалдық сауаттылық деңгейі елдегі нақты сол немесе өзге де технологиялардың даму деңгейімен бағаланады. Қазіргі таңда өркениетті дамытудың әлемдік үрдістерін есепке ала отырып, ең төменгі қажетті сауаттылық деңгейі: компьютерді пайдалана білуден, қызмет саласы үшін қажетті ақпараттар алудан және оны пысықтаудан, екі немесе одан да көп шет тілдерін меңгеруден (тілдік, бідімдік сауаттылық), көлікті басқаруды білуден, құқықтық және қаржылық қарым-қатынастарда білімді көрсетуден тұрады. Осыған сәйкес, зерттеушілер мынадай ұғымдарды айыру қажеттіліктерін атап көрсетеді: қарапайым сауаттылық (оқи, жаза, санай білу және т.б.); функционалдық сауаттылық (сауаттылық барлығы үшін немесе құқықтық және жалпы кәсіби сауаттылық қарым-қатынастарындағы білім); кәсіби сауаттылық (нақты

сол немесе өзге де кәсіптік топтардың сауаттылығы); экологиялық сауаттылық (орта сипаттамаларын білу); жағдаяттың саяси және экономикалық-азаматтық сауаттылығын бағалау және әрекетке тиісті шешімдер қабылдау қабілеті.

«Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарында» қазақстандық мектептік білім беруде оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру шеңберінде негізгі құзыреттіліктер анықталған.

Тұлғалық құзыреттілік өзін-өзі тану қабілеттерінде, заманға сай адамның тұлғалық сапаларын қажетті дамытуда; қоғамдағы өз рөлін жете түсінуде; қалыптасқан жағдайларда дұрыс шешімдер қабылдай білулерінде; өздігінен білім алуға, өзін-өзі іске асыруда және өздігінен дамуға деген талпынысында көрініс табады.

Азаматтық құзыреттілік белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыруда, жоғары елжандылық сезімдерде; Отанға қызмет етуге деген дайындықта және оны қорғау мүдделерінде; жүргізіліп жатқан әлеуметтік оқиғаларға баға бере білуде, мемлекеттің мүдделерін есепке ала отырып, әртүрлі өмірлік жағдаяттарда шешім қабылдай білуде, қазақ халқы мен Қазақстан аумағында тұрып жатқан ұлыстардың тарихына, мәдениетіне және өзге де құндылықтарына деген сыйластықта көрінеді.

Басқарушылық құзыреттілік әртүрлі өмірлік жағдаяттарда шешім қабылдай білуді, практикалық қызметте білімді пайдалануды, алынған ақпаратты шығармашылық қайта жөндеуді білдіреді.

Ақпараттық құзыреттілік ақпаратты өз бетінше іздеу, талдау, өңдеу, жіктеу, синтез жасау, қайта жөндеу, сақтау және бере білуінде, сондай-ақ оны оқу үдерісінде пайдалануда көрінеді.

Технологиялық құзыреттілік оқу және ғылыми-зерттеу қызметтерінің шеңберінде зерттеулерді жобалауда заманауи ақпараттық-қатысымдық технологияларды қолдана білуін білдіреді.

Функционалдық сауаттылық ұғымы. 1957 жылы ЮНЕСКО-ға енгізілген «сауаттылық» термині бастапқыда әлеуметтік контексте қолданылатын оқу мен жазуды қоса алғандағы біліктер жиынтығы ретінде анықталған болатын. Басқа сөзбен айтқанда, сауаттылық – оқу мен жазудың дағдыларын меңгерудің анықталған деңгейі, яғни баспа сөздерімен жұмыс істеу қабілеті (неғұрлым заманауи мағынада – бұл оқу, жазу, есептеу дағдылары және құжаттармен жұмыс).

«Сауаттылықтың төменгі деңгейі» және «функционалдық сауаттылық» ұғымдары қатар енгізілген болатын. Біріншісі қарапайым хабарламаларды оқу және жазу қабілеттерін, ал екіншісі социуммен өзара әрекет ету жағдайында оқу мен жазу дағдыларын қолдану қабілеттерін сипаттайды (банкте шотты ресімдеу, сатып алынған музыкалық орталыққа қоса берілген нұсқаулықты оқу, сотқа талап-арыз жазу және т.б.), яғни бұл индивидтің әлеуметтік қоршаған ортада толыққанды әрекетін ете алатындай сауаттылық деңгейі.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, функционалдық сауаттылықтың келесідей ерекше

белгілерін атап өтуге болады:

- 1) тұрмыстық мәселелерді шешуге бағытталған;
- 2) өзін нақты әлеуметтік жағдайларда қалады деп есептейтін жеке тұлғаның жағдайлық сипаттамасы болып табылады;
- 3) стандартты, стереотипті мәселелерді шешумен байланысы;
- 4) бұл әрқашанда оқу мен жазу дағдыларының кейбір қарапайым деңгейі;
- 5) ең алдымен ересек тұрғындарды бағалау ретінде қолданылады;
- 6) ең маңыздысы, сауатсыздықты жылдам жою тәсілдерін іздестіру контексіндегі мақсаттардың болуы.

Қазіргі қоғам өмірінің өзіндік ерекшелігі – қоршаған ортаның тез өсіп келе жатқан өзгеріштігі. Адамзат тарихында алғаш рет заттар, идеялар, технологиялар адамдарға қарағанда жылдам ауысуда. Мұндай қоғамдық өзгерістер ағымындағы қазіргі заманғы білім беру жүйесінің басты мақсаты – білім беру жүйесін дамыту, сонымен қатар білім беру жүйесін жаңғырту, жаңа өмір мен кәсіби қызметтің жаңа жағдайларына уақытылы дайындау, оларды осы ортада өз бетінше әрекет етуге, оның мүмкіндіктерін тиімді пайдалануға және жағымсыз әсерлерден қорғауға үйрету. Көптеген елдерде білім беру жағдайының ерекшеліктеріне халықтың қолда бар білім деңгейі функционалдық сауаттылықты қамтамасыз етпейтінін көрсетеді. 1987 жылы Канадада жүргізілген зерттеудің қорытындыларына сәйкес 18 жастан және одан жоғары функционалдық сауатсыз 3 миллионға жуық канадалықтар халықтың 29,5%-ын құрайды. Функционалды сауатсыздардың арасында 50%-ы тоғыз сыныпты, үштен бірі толық орта мектепті бітірген, ал 8%-ында университет дипломы бар. Ұқсас нәтижелер басқа елдерден де алынған. 1999 жылы Ұлыбританияда Клаус Мозер тобы жүргізген зерттеу 7 миллион (олардың 5-тен 1-і ересектер) функционалдық сауатсыз британдықтарды анықтады. Функционалды сауатсыздық қатарына сондай-ақ, 3 миллионға жуық немістер кіреді. Мамандардың бағалауы бойынша, Батыс Еуропа елдерінің белсенді халқының 10%-ға жуығы функционалды сауатсыз. АҚШ-та бұл санатқа ондаған миллион адам жатады.

Көп жағдайда функционалдық сауаттылық проблемасы ғылыми және мағыналық мәселе ретінде емес, В.В.Мацкевич пен С.А.Крупник атап көрсеткендей, іс-әрекет мәселесі ретінде, сауатсыздықты жедел жою тәсілдерін іздеу мәселесі ретінде қарастырылады. Функционалдық сауаттылық – бұл қатып қалған мәдениетті дамып келе жатқан мәдениетке шақыру білімі. Функционалдық сауаттылық деңгейі қоғамда қабылданған нормалар, ережелер, нұсқаулықтар бойынша әрекет ету біліктілігінің қалыптасуын көрсетеді, яғни еңбек, әлеуметтік-саяси, мәдени-бос уақыт, отбасылық-тұрмыстық, білім беру қызметінің субъектісі ретінде адамның әлеуметтік функцияларын іске асыруға байланысты стандартты өмірлік міндеттерді шешу қабілеттілігімен сипатталады. Функционалдық сауаттылық – қалыптасқан ережелер мен нормалар негізінде функционалдық проблемаларды шешу қабілеті. Функционалдық сауаттылықтың



әрбір элементі күрделі, көп қырлы білім болып табылады. Оның құрамына мыналар кіреді:

танымдық негіз – белгілі бір ережелерді, нормалар мен нұсқаулықтарды түсіну мен орындауды қамтамасыз ететін пәндік, пәнаралық, интегративті білімнің, іскерліктер мен дағдылардың органикалық бірлігі;

білім беру кеңістігі білім алушылар игеретін функционалдық проблемалардың мәні және оларды шешу тәсілдері туралы ақпарат көздерінің жиынтығын білдіреді;

іс-әрекет барысында белсенді сұранысқа ие болатын функционалдық мәселелерді шешу әдістері.

О.Е.Лебедев функционалдық сауаттылық құрылымындағы жүйе құраушы өзекше ол білім алушының өзі үшін шешетін мәселенің маңыздылығын сезінуі екенін атап өтеді. Егер бұл жүйе құраушы өзек болмаса және оқушы шешу үшін ұсынылған проблеманың жеке маңыздылығын түсінбесе, тіпті танымдық негізді, білім беру кеңістігін және проблемаларды шешу әдістерін пайдалануға қарамастан, зерттеушілер В.Г.Онушкин мен Е.И.Огарев «білімді адамның сауатсыздығы» деп атаған фрагменттік сауаттылықтың пайда болу қаупі зор.

Зерттеуші-ғалымдардың пікірлерін жинақтай келе, келесідей тұжырым жасауға болады: функционалдық сауаттылық – бұл мінездеме, ол білім берудің белгілі бір кезеңінен өткен адамға тіркеледі. Бұл ретте білім саласы сауаттылықтың белгілі бір деңгейін қамтамасыз ететін құрал ретінде қарастырылады. Дайындық, білім беру, тәрбиелеу және оқыту үдерістерінен айырмашылығы сауаттылық міндетті процесс және жаппай білім берудің сипаттамасы болып табылады. Функционалдық сауаттылық – бұл тек білім мен білім әлеміне кіру. Функционалдық сауаттылық – бұл адамдардың, бірінші кезекте, өзіне емес, басқаларға қоятын талабы. Функционалдық сауаттылық – ұлттың, елдің немесе адамдар тобының мәдени немесе гуманитарлық дамуының өлшемі, тек осы сапада сауаттылық жеке адамның даму өлшемі ретінде қолданылады.

Білім алушылардың білім сапасының көрсеткіштері ретінде қарастырылған «функционалдық сауаттылық» ұғымына берілген түсіндірмелердің негізінде мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығы туралы маңызды көзқарастарды қарастыра келе, келесідей тұжырым жасауға болады:

1) функционалдық сауаттылықты қазіргі оқушының білім деңгейінің бірі ретінде қарастыруға болады;

2) функционалдық сауаттылық – заманауи кәсіби білім берудің қажетті құрамдас бөлігі және құзыреттілік ұғымымен тікелей байланысты;

3) функционалдық сауаттылық – мектеп оқушыларының құзыреттілігін дамыту негізі;

4) құзыреттілік тәсіл – оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың әдіснамалық негізі;

5) функционалдық сауаттылық ақпаратты қабылдау, түрлендіру процесімен, көбінесе практикаға бағытталған білім негізінде тіршілік әрекетінің түрлі салаларындағы типтік міндеттерді шешуге қабілеттілігімен байланысты білім, білік, дағды, дербес қызмет тәсілдерінің жиынтығын білдіреді.

Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығы – бұл қазіргі білімнің қажетті құрамдас бөлігі, пәндік, пәнаралық, интегративті білімнің, іскерліктің, дағдылардың және функционалдық мәселелерді шешу тәсілдерінің жиынтығын білдіретін білім деңгейі, ақпаратты қабылдау, өзгерту, оқу міндеттерін шешу үдерісімен, сондай-ақ қоғаммен өзара іс-қимыл жасау міндеттеріне байланысты қызмет процесінде білім алушылар қолданатын оқу-әдістемелік құралдар.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Астана, 2010.

2. Назарбаев Н. Болашақ» бағдарламасының стипендиаттарымен болған кездесу. Астана қаласы, 2008 ж. 30 қаңтар.

3. Назарбаев Н. Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты. Астана.

4. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары. Астана, 2012.

5. Сметанникова, Н.Н. Стратегический подход к обучению чтению (междисциплинарные проблемы чтения и грамотности). Москва, 2005. – 512 с.

6. Лебедев, О.Е. Образованность учащихся как цель образования и образовательный результат. РГПУ им. А.И. Герцена, 2003. – С. 113–129.

7. Ордабаева Ж.Ж. Развитие функциональной грамотности одаренных учащихся в процессе обучения физике. // Педагогические науки. Электронный ресурс: http://www.rusnauka.com/18_EN_2009.

20. Мурзалинова А.Ж. Формирование функциональной грамотности учащихся при обучении русскому языку как неродному на старшей ступени школы обществено-гуманитарного направления: Автореферат дисс. д-ра пед. наук. – Алматы: 2003. – 47 с.

21. Рауандина А.К. Қазақ тілін оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру әдістемесі (орыс тілді мектептердің 5-6-сыныптары) п.ғ.к. дисс Авторефераты. - Алматы, 2010.







